

ҚҰРМАНБАЕВ ҚАЙРАТ

ҚҰРАН ІЛІМДЕРІНЕ КІРІСПЕ



Алматы 2014

УДК 28
ББК 86.38
Қ 77

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері
комитетінің дінтану сараптамасынан өткен**

**Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған**

**Оқу құралы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ғылыми
кеңесінде (2013 жыл, хаттама № 90) талқыланып, баспаға ұсынылды.**

Пікір жазғандар:

Әбсаттар қажы Дербісәлі

*ҚР Білім және Ғылым министрлігі Р.Б. Сүлейменов
атындағы Шығыстану институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор*

Әлмұхаметов Али Рауфұлы

*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің оқу бөлімінің
меңгерушісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент.*

Паттеев Мұхитдин Исаұлы

*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің
аға оқытушысы, PhD докторы.*

Құрманбаев Қ.

Қ77 Құран ілімдеріне кіріспе. – 2-басылым.– Алматы: «Нұр-Мұбарак»
баспасы, 2014. – 392 бет.

ISBN 978-601-06-2947-9

Оқу құралында ислам дінінің негізгі қайнар көзі болып табылатын Құран Кәрімнің түсу жолдары мен жазылып, жинақталу тарихы қарастырылады. Сондай-ақ, «Құран ілімдерінің тарихы», «Аяттардың түсу себебі», «Насих және мансұх» секілді, жекелеген Құран ілімдері турасында мол мәліметтер беріледі. Сонымен қатар, тәпсір ілімінің қалыптасу тарихы мен негіздері және кейбір тәпсір түрлері қамтылады.

Оқу құралы, магистранттар мен студенттерге, исламтанушылар мен дінтанушыларға және жалпы ислам ілімдеріне қызығушылық танытқан оқырман қауымға арналады.

ISBN 978-601-06-2947-9

© Құрманбаев Қ.

© Нұр-Мұбарак баспасы, 2014

Барлық құқықтары сақталуы

Кіріспе

Адам баласын ең кемел түрде жаратып, ардақтаған, білмегенін үйретіп, ислам дінін ұлық еткен әлемдердің Раббысы Аллаһқа мақтау, Оның сүйікті құлы әрі елшісі болған Мұхаммедке, оның әулеті мен сахабаларына салауаттар мен сәлемдер жолдаймыз.

Қараңғылық қаптаған адамзат көгіне нұр болып, білім мен ақиқат шуағын төккен Құран Кәрім – Ұлы Жаратушы тарапынан пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с.) уахи арқылы түсірілген соңғы кітап.

Құран Кәрім – адамзаттың жаратылу мақсатын айқындап, өмір сүрудің өнегесін түсіндіретін, ғайыптан сыр шертетін, ақ пен қараның ара-жігін ажыратушы, иманға келгендерге тура жолбасшы, қараңғылықтан жарыққа, надандықтан даналыққа шығарушы, оқылуының өзі ғибадат саналатын, сондай-ақ, Аллаһ тарапынан қияметке дейін өзгеріссіз сақталынуы уәде етілген Ұлы Кітап.

Құран Кәрім аяттарының мазмұны мұсылманның сенімімен байланысты теологиялық мәселелермен қатар, мұсылмандардың тұлғалық, отбасылық, қоғамдық-саяси қатынастарын реттейтін ережелер мен құқықтық нормаларды және адами құндылықтарды құрайтын көркем мінез-құлық пен ар-ождан мәселелерін де қамтиды. Яғни, Құран Кәрімді оқыған адам, оның діни әрі болмыс заңдылықтарына қатысты барлық мәселелерді толықтай қамтыған ақиқаттың ұлы кітабы екендігіне көз жеткізеді. Сондай-ақ, Құран Кәрімнің адамзат дүниетанымы мен көзқарасының қалыптасуына, рухани жан-дүниесінің кемелденуіне ықпалы

орасан зор, әрі ғылым мен өркениетті дамытуға қосқан үлесі бір төбе, әлі де қосар үлесі түгесілмек емес.

Иә, Құран – ең үлкен ғылым. Ғажайыптары таусылмайтын Құран Кәрімнің қадір-қасиетін түсіндіріп жату артық та шығар. Алайда, Адам баласы, табиғатында не нәрсенің қадірін білмесе, маңызын түсінбесе, оған мән беріп, елеп-ескере бермейтіндігі белгілі. Сондықтан, Аллах сөзінің кереметін қанша айтқанымызбен лайықты бағасын бере алмайтындығымызды ескеріп, Құран Кәрімнің қадір-қасиетін баяндаған кейбір аяттарға тоқталайық:

«Ішінде ешбір күдік жоқ осынау Кітап – тақуалар үшін тура жол көрсетуші» («Бақара» сүресі, 2);

«Шын мәнінде, ол – ардақты Құран. Кітапта (Ләуһу әл-Махфузда) сақтаулы. Оны таза болғандар ғана ұстайды. Әлемдердің Раббы жақтан түсірілген» («Уақиға» сүресі, 77-80);

«Расында, Құранды Біз түсірдік әрі оны Біз сақтаушымыз» («Хижр» сүресі, 9);

«Саған кітапты әрбір нәрсенің түсіндірмесі әрі мұсылмандар үшін жолбасшы, рахым һәм сүйінші түрінде түсірдік» («Нахыл» сүресі, 89),– деген секілді көптеген Құран аяттарын көре аламыз.

Сол секілді, Жаратушының адамзатқа түсірген қасиетті Сөзінің ұлық мәртебесі мен қасиетін баяндайтын пайғамбар хадистері де жетерлік. Мәселен, Аллах елшісі (с.а.с.): *«Сендердің жақсыларың Құранды үйреніп, оны өзгелерге үйрететіндерің»,*– деп, Аллаһтың сөзін үйреніп әрі өзгелерге үйретудің артықшылығын айтса, Құран оқу арқылы Адам баласының мәртебесі көтерілетіндігін: *«Аллаһ тағала бұл Құран себебінен оны үйренетін, үнемі оқитын және оған амал қылатын бірнеше қауымның мәртебесін биік қылады және оған мән бермейтін бірнеше қауымның дәрежесін төмендетеді»,*– деп білдірген. Және Аллах елшісінің (с.а.с.):

«Кім Аллаһ тағаланың Кітабынан бір әріп оқыса, соның себебінен оған бір жақсылық (сауап) беріледі. Ал енді ол жақсылық үшін он есе сауап беріледі. Мен «Алиф, ләм, мим» ды бір әріп деп айтпаймын, бәлкім «Алиф» өзі бір әріп, «Ләм» өзі бір әріп, «Мим» де өз алдына бір әріп»;

«Көкірегінде Құраннан бірде-бір нәрсе (аят) болмаған адам, қирап қалған үй сияқты»;

«Кімде-кім Құранды оқып, ондағымен амал қылса, қиямет күні Аллаһ оның ата-анасының басына сәулесі күннің сәулесінен де нұрлы тәж кигізеді. Ал, енді, осы істі істеген адамның өзіне берілетін сый туралы не ойлайсыңдар?» – деген хадистерінен де Құран Кәрімнің қадірін түсініп, оның қаншалықты маңызды әрі ұлық екендігін ұғамыз.

Құранды оқу сауабы мол ғибадат саналумен қатар, көңілді кірбіңнен тазартып, жүректегі иманды күшейтетін рухани азық әрі өлшеусіз қазына. Құран Аллаһтың тікелей Сөзі болғандықтан, оны тазаланғандар ғана ұстай алады әрі оны оқудың да өзіне тән ерекшеліктері мен қағидалары бар.

Мұсылман баласы қасиетті Құранды мұқият оқуы әрі аяттарының мән-мағынасына үңіліп, ондағы тағылымдарды күнделікті өмірінде жүзеге асыруы міндетті. **«Саған адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірідік»** аятына сай, Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзінің сахабаларына мүбәрак мағыналарды қамтыған мұғжизалы мәтіндерді сөзімен де, ісімен де түсіндіру міндетін қалтқысыз атқарды. Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейін, саңлақ сахабалар, Құран аяттарын келер ұрпаққа жеткізу жолында тер төгіп, мән-маңызын түсіндіру үшін қажырлы жұмыс жасады. Соның нәтижесінде, жүздеген тәпсір кітаптары жарық көріп, Құран ілімінің тәпсір саласы қалыптасты. Сонымен қатар, мұсылман ғалымдары исламның бірінші қайнар көзі болған «уахиды» зерттеу объектісіне айналдарып, зерделей зейін қойды. Ғылыми негіздерді қамтыған Құран аяттарының ұрпақтан-ұрпаққа жету жолдары мен оқылу ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар қырағат ілімінің негізін қалыптастырса,

аяттардың түсу себептері мен тарихына мән берген зерттеушілер, аталған тақырыптар төңірегінде іргелі еңбектер жазды. Насих және мансұх, аят-сүрелердің түсу себептері, Құранның тылсым сырлары мен мұғжизалығы секілді, Құран Кәрімге қатысты жекелеген тақырыптар да зерттеліп, хижраның IV-VII ғасырларында «Құран ілімдері» деген атаумен еңбектер жарық көрді.

Хижраның VIII ғасырында Бәдруддин әз-Заркашидің «әл-Бурхан фи улуми әл-Құран» атты еңбегі осы саладағы құнды туынды болып саналаса, IX ғасырда Құранға қатысты ілімдер Мұхаммед ибн Сүлеймен әл-Кәфияжи мен Жәләлуддин әл-Булкинидің шығармаларымен жаңа дамуын тапты.

Ал, IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың басында Жәләлуддин әс-Суюутидің «Әл-Итқан фи улуми әл-Құран» атты еңбегімен кемеліне жетті десек, артық айтпаған болар едік.

Кейінгі ғасырларда Құран ілімдеріне қатысты жазылған іргелі еңбектердің саны азайып, саябырси бастаса да соңғы ғасырларда өрісі қайта кеңейіп, арнасы Құран ілімдерін толыққанды қамтыған яки жекелеген тақырыптарына қатысты жазылған құнды еңбектермен қайта толысты. Олардың ішінде, өткен ғасырдың көрнекті ғалымы, әл-Әзһар университетінің ұстазы Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқанидің «Мәнәһилу әл-ирфан фи улуми әл-Құран» атты 2 томдық кітабын ерекше атап өтуіміз керек. Өйткені, ғалым Құран ілімдерінің көбін қамтып, айрықша тәртіппен ретке келтірген. Әрбір тақырыпқа жан-жақты ғылыми талдау жасай отырып, осы ғылым саласына жаңаша сипат берген болатын.


Тарихқа үңілсек, Құран Кәрімді зерттеу ісі өзге сенімдегі шығыстанушылардың да басты нысанына айналғанын көреміз. Олардың алғашқы зерттеулері Құранды латын, кейін еуропа тілдеріне аудару арқылы көрініс тапты. Уақыт өте, Т.Нольдке, И.Гольдциер секілді жекелеген ориенталистер, Құран ілімдеріне қатысты зерттеулер жасап, еңбектерін жариялады. Алайда, өзге дін өкілдерінің Құранды зерттеу жұмыстарын кейінгі ғасырдағы

мұсылман ғалымдары мен зерттеушілері ғылыми тұрғыда сын тезіне салды.

Тәуелсіздік алғалы, елімізде де осы сала бойынша, Құранды мағыналық аудару ісі бірнеше рет қолға алынып, Құран ілімдеріне қатысты, танымал теолог, ғалым М. Исаұлының «Құран кімнің сөзі?» атты жалпы жұртқа арналған кітабы, М. Меңілбековтың «Құран ілімдеріне кіріспе» атты шағын еңбегі жарық көрген болатын. Осы зерттеулердің жалғасы ретінде, Құран ілімдері саласындағы араб тілінде жарық көрген құнды дереккөздерге, түрік, орыс тілдеріндегі кейбір еңбектерге жүгіну барысында, Құран ілімдеріне қатысты қолдарыңыздағы осы оқу құралы дайындалды. Ғылым, білімнің қайнар көзі болған қасиетті Құрандағы дерлік ілімді қамту мүмкін болмағандықтан, «Құран ілімдеріне кіріспе» деген атау таңдалынды.

Халқымыздың ислам дінін зерттеуге ерекше ден қоюуы, жоғарғы оқу орындары мен медреселерде «Құран ілімдері» пәнінің оқытылуы, осы еңбектің жарыққа шығуына себеп болды. Құран ілімдеріне қатысты, оқушыға қажет болған негізгі тақырыптар мейлінше жан-жақты талқыланғандықтан, осы кітаптың білімгерлер мен оқырмандарға пайдасы тиер деген үміттеміз.

Автор



І ТАРАУ. ҚҰРАН КӘРІМ ЖӘНЕ УАХИ

Бұл тарауда келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

- 1. Құран Кәрімнің тілдік және терминдік мағыналары қандай?*
- 2. Құран Кәрімнің қандай атаулары мен сипаттары бар?*
- 3. Уахи дегеніміз не? Және оның қандай түрлері бар?*
- 4. Құран Кәрімдегі «уахи» сөзі қандай мағыналарда қолданылған?*
- 5. Пайғамбарларға келген қандай уахи түрлері бар?*
- 6. Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) келген уахи сипаттары мен жолдары қандай?*
- 7. Дін дұшпандары мен шығыстанушылардың уахи тақырыбына қатысты туындатқан күмәндарына қалай жауап беруге болады?*

§ 1. Құран Кәрімнің тілдік және терминдік мағыналары мен атаулары

1. Құран Кәрімнің тілдік және терминдік мағынасы

«Құран» сөзінің этимологиясына байланысты ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер бар. Мәселен, кейбір ғалымдар «Құран» сөзін («һәмза» әріпі «قُرْآن» («қуран») сөзінің түбірінен болып табылады», – деп) «һәмзалы» екендігін айтса, кейбірі «һәмзасыз» деп қарастырған. Әл-Фәрра¹, әл-Әшғари² сынды ғалымдар «Құран» сөзін «һәмзасыз» түбірден шыққан дейді. Ал, имам әш-Шафиғидің пікірі бойынша: «Құран» сөзі қандай да бір сөзден туындамаған, сондай-ақ «قُرْأ» – «оқу» сөзінен де алынбаған, ол Аллаһ тағала тарапынан берілген атау».

¹ Яхия ибн Зияд әд-Дәйләми. Әбу Зәкәрия деп те танылған. Куфаның танымал тіл ғалымдарының бірі. «Мағани әл-Құран» атты кітаптың авторы. Хижраның 207/822 жылы дүние салған.

² Әбу әл-Хасан Али ибн Әбу Бишр Исхақ әл-Әшғари ақида саласының танымал ғалымы. 324/936 жылы Бағдатта дүние салған.

Және: «Құран сөзі «قُرْآنًا» («қараә») сөзінен алынған болса, барлық оқылған нәрсе Құран болуы керек еді, бірақ Құран да Тәурат, Інжіл секілді өзіндік бір атау ғана»,– деген.

Әл-Фәрраның көзқарасында Құран – «дәлел, айғақ, ұқсас, байланыс» мағыналарын ұғындыратын – «قَرِيْنَةٌ» («қариинәһ») сөзінің көпше түрі – «قَرَائِنٌ» («қараин») сөзінен туындаған. Яғни, «قَرَائِنٌ» («қараин») сөзіндегі «нун» әрпі – сөздің түбірінен екендігін алға тартқан. Өйткені Құран аяттары мазмұн, ырғақ, ұйқас жағынан бір-біріне ұқсап, бірі-біріне дәлел болады.

Әл-Әшғари мен оның пікірін қолдаушылар болса: «Құран» сөзі–«бір нәрсені бір нәрсеге жақындату, жалғау» мағынасындағы «قَرَنٌ» («қаранә») етістігінен шыққан»,– деп мақұлдайды. Себебі, Құран сүрелері мен аяттары бір-бірімен жалғасып келеді. Мысалы, қажылық кезінде «Қажылық» пен «Умраны» қосып, жалғағандықтан, оған – «Қиран» деп ат қойылған.

Ал, әз-Зәжжәж³, әл-Лихяни⁴ секілді ғалымдар: «Құран» сөзі – «һәмзалы»,– деп, «һәмза» әрпі – сөздің негізгі түбірінен екендігін дәлелдеген.

Әз-Зәжжәж: «Құран» сөзі – «жинау», «жинақтау» деген мағыналарды білдіретін – «قَرُونٌ» («қарун») сөзінен шыққан»,– дей отырып, Кітаптың «Құран» аталу себебін: «Бұрын түсірілген қасиетті парақтар мен кітаптардың негізгі қағидаларын, сондай-ақ, өз ішінде күллі ғылымдардың толық қамтылғанына байланысты солай аталған»,– деп түсіндіреді.

Әл-Лихяни сынды ғалымдар, араб тілінің көне сөздіктері мен этимология заңдылықтарына сүйене отырып: «Құран» сөзі араб тілінде – «قُرْآنٌ» яғни, «оқу» деген мағынаны меңзейтін етістіктен туындаған есім сөз»,– дейді.

Бұл – ең көп оқылатын кітап болғандықтан «Құран» деп аталған. Өйткені, «Құран» – есім сөзі, «исми мафғұл» мағынасын

³ Ибраһим ибн әс-Сәри, Әбу Исхақ деп те танылған. «Мағани әл-Құран» атты еңбектің авторы. Ол 311/923 жылы дүние салған.

⁴ Әбу әл-Хасан Али ибн Хазим танымал тіл ғалымы. 215/830 жылы дүние салған.

білдіреді. Ислам ғалымдарының ең көбі қолдаған көзқарас та осы. Сонымен қатар олар өз көзқарастарын Құран Кәрімнің:

إِنَّ عَلَيْنَا جَمْعَهُ وَقُرْآنَهُ (۱۷) فَإِذَا قَرَأْنَاهُ فَاتَّبِعْ قُرْآنَهُ (۱۸)

«Шын мәнінде, оны (Құранды) жинау әрі оқыту Біздің міндетіміз. Ал, оны (Құранды) оқыған кезімізде, (оның) оқылуына мұқият ілесіп отыр» («Қиямет» сүресі, ۱۸-۱۷),– деген аяттарымен қуаттайды.

Субхи әс-Салих⁵ шығыстанушылардың зерттеулеріне жүгініп, араб тіліндегі «оқу» мағынасын беретін «قرأ» сөзінің арами тілінен енгендігін алға тартады⁶. Алайда, «оқу» мағынасындағы «قرأ» сөзі исламнан бұрынғы ерте кезден-ақ арабтардың арасында кеңінен қолданыс тауып, кейін ислам дінінің қасиетті кітабының атауына негіз болды.

Құранның анықтамасы

Құран Кәрімнің ерекшеліктерін жан-жақты зерттей келе, ғалымдар оған бірнеше анықтамалар берген. Осы анықтамаларды қорыта отырып, Құранға: «Құран Кәрім – Араб тілінде «Фатиха» сүресімен басталып, «Нәс» сүресімен аяқталатын, жадыларда жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша және жазба-

«Құран Кәрім – араб тілінде «Фатиха» сүресімен басталып, «Нәс» сүресімен аяқталатын, жадыларда жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша және жазба-түрде мұтауатир жолмен бір әріні де өзгеріске ұшырамай жалғасатын әрі оқылуы гибадат саналатын, Ұлы жаратушы Аллаһ тағаланың пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с.) түсірген қасиетті сөзі»

ша түрде мұтауатир жолмен бір әріні де өзгеріске ұшырамай жалғасатын, әрі оқылуы гибадат саналатын, Ұлы жаратушы Аллаһ тағаланың пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с.) түсірген қасиетті сөзі», – деген анықтама беруге болады.

⁵ Субхи әс-Салих 1986 жылы дүние салған Ливандық мұсылман ғалымы, әрі ойшылы. «Мабахису фи улуми әл-Құран» (Құран ілімдеріне қатысты зерттеулер) секілді бірнеше еңбектердің авторы.

⁶ Док. Субхи әс-Салих, Мәбәхису фи улуми әл-Құран, 19-б.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Құранға берген анықтамасы

Әл-Харис әл-Ағуар: «Мешітке кірсем, ондағы адамдар бос әңгімеге кірісіп кетіпті. Мен Алиге барып: «Уа, мүміндердің әміршісі! Адамдардың бос сөздерге бой алдырғандарын көрмейсің бе?» – дедім. Ол: «Шынымен солай істеп жатыр ма?» – деп сұрады. Мен: «Иә»,– деп жауап қайтардым. Али: «Мен Аллаһ елшісінің: «*Естеріңде болсын, алдағы уақытта бүлік бой көтереді*»,– дегенін естіп, одан: «Уа, Аллаһтың елшісі! Одан қандай жол арқылы құтылуға болады?» – деп сұрадым. Сонда ол (с.а.с.):

كِتَابُ اللَّهِ فِيهِ نَبَأُ مَا قَبْلَكُمْ، وَ خَبْرُ مَا بَعْدَكُمْ وَحُكْمٌ مَا بَيْنَكُمْ، وَ هُوَ الْفَضْلُ لَيْسَ بِالْهَزْلِ مَنْ تَرَكَهُ مِنْ جَبَّارٍ قَصَمَهُ اللَّهُ، وَ مَنْ ابْتَغَى الْهُدَى فِي غَيْرِهِ أَضَلَّهُ اللَّهُ، هُوَ حَبْلُ اللَّهِ الْمَتِينُ، وَهُوَ الذِّكْرُ الْحَكِيمُ، وَ هُوَ الصِّرَاطُ الْمُسْتَقِيمُ، هُوَ الَّذِي لَا تَرِيغُ بِهِ الْأَهْوَاءُ، وَ لَا تَلْتَبِسُ بِهِ الْأَلْسِنَةُ، وَ لَا يَشْبَعُ مِنْهُ الْعُلَمَاءُ، وَ لَا يَخْلُقُ عَنْ كَثْرَةِ الرَّدِّ، وَ لَا تَنْقُضِي عَجَائِبُهُ، هُوَ الَّذِي لَمْ تَنْتَهِ الْجِنَّ إِذْ سَمِعَهُ حَتَّى قَالُوا: إِنَّا سَمِعْنَا قُرْآنًا عَجَبًا يَهْدِي إِلَى الرُّشْدِ فَأَمَّا بِهِ، مَنْ قَالَ بِهِ صَدَقَ، وَ مَنْ عَمِلَ بِهِ أُجِرَ، وَ مَنْ حَكَمَ بِهِ عَدَلَ، وَ مَنْ دَعَا إِلَيْهِ هَدِيَ إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ، خُذْهَا إِلَيْكَ يَا أَعْوَزُ

«Аллаһтың кітабында сендерден бұрынғы (елдердің жағдайларына қатысты) хабарлар мен сендерден кейінгі (қияметке дейін орын алатын жайттер хақында) хабарлар баяндалған және араларыңдағы үкімдер бар. Сонымен қатар, ол – ақиқат пен жалғанды ажыратушы, ешқандай бос сөз, әзіл емес. Кімде-кім бір зальымнан қорқып, оны тастап қойса, Аллаһ оны құрдымға жібереді. Кімде-кім одан басқа тура жол іздесе, Аллаһ оны адастырады. Ол – Аллаһтың ең бекем арқаны (үкімі). Оның іші даналық пен зікірге толы. Ол – тұп-тура жол. Ол – өзіне бағынғандарды тура жолдан таюдан, өзін оқығанды (тілдерді) шатасудан сақтайды. Ғалымдар оған тоймаған. Оны көп оқушы оқыған сайын жалықпас һәм оның дәмі де жоғалмас. Ғажайыптығы да таусылмас. Оны естіген жындар да: «Біз тура жол көрсеткен ғажайып Құранды естідік, оған

иман келтірдік»,– деп, таңданысын жасыра алмаған. Құранмен сөйлеген адам дұрыс сөйлейді. Онымен амал еткен адам сыйсияпатқа бөленеді. Кімде-кім онымен үкім етсе, әділдікпен үкім етеді. Кімде-кім оған шақырса, тура жолға шақырған болады»,– деді. Кейін Али (р.а.) маған: «Иә, Әғуар, сен де осы сөздерді жадында сақта»,– деп кеңес берді»,– деген⁷.

2. Құранның атаулары мен сипаттары

Ислам дінінің қасиетті кітабы – Құран Кәрімге бірнеше атау берілген. Осылардың ішінде ең көп қолданылып, жалпы жұртқа мәлім болғаны бесеу:

«Әл-Құран» – көп оқылатын кітап

Араб тіліндегі «قرآن» – «оқу» деген мағынаны беретін етістіктен туындаған есім сөз. Аллаһ тағала Өзінің соңғы кітабына осы есімді таңдады. Бұл атау Құран Кәрімде алпыс сегіз жерде кездеседі.

فَإِذَا قَرَأْتَ الْقُرْآنَ فَاسْتَعِذْ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

«Құран оқыған кезінде қуылған шайтаннан Аллаһқа сиын!» («Нахыл» сүресі, 98-аят);

إِنَّ هَذَا الْقُرْآنَ يَهْدِي لِلَّتِي هِيَ أَقْوَمُ وَيُبَشِّرُ الْمُؤْمِنِينَ الَّذِينَ يَعْمَلُونَ الصَّالِحَاتِ أَنَّ لَهُمْ أَجْرًا كَبِيرًا

«Шүбәсіз, бұл Құран адамзатты ең тура жолға бастайды...» («Исра» сүресі, 9-10-аяттар).

«Әл-Китаб» – кітап

Аллаһ тағала Өзінің кітабын «Әл-Китаб» деп те атаған. Мысалы, «Бақара» сүресінің екінші аятында:

ذَلِكَ الْكِتَابُ لَا رَيْبَ فِيهِ هُدًى لِّلْمُتَّقِينَ

«Мұның тақуаларды тура жолға бастайтын кітап екеніне ешқандай күмән жоқ»,– делінсе, басқа бір аятта:

⁷ Өт-Термези, Өс-Сунан, 3070; Өбу Али Мұхаммед ибн Абдуррахман ибн Абдуррахим Мубаракфури, Тухфату әл-Әхуази, 218-221-б. Әлсіз хадис.

لَقَدْ أَنْزَلْنَا إِلَيْكُمْ كِتَابًا فِيهِ ذِكْرُكُمْ أَفَلَا تَعْقِلُونَ

«Шүбәсіз сендерге ішінде уағыз-насихаты бар бір кітап түсірдік» («Әнбия» сүресі, 10), – деп келеді.

Исламтанушы ғалым – Абдуллаһ Драздың⁸ айтуынша, «әл-Китаб» аталуының себебі – қаламмен жазылып, кітап халіне келтірілгендіктен. Осы себепті ислам құқығында «Құран» сөзінің орнына «әл-Китаб» сөзі қолданылады⁹. Құран Кәрімде ол екі жүз отыз жерде кездеседі.

Құранның ең танымал осы екі есімінің бірі «әл-Құран» – тілде оқылуы мен жүректерде жатталуын, ал «әл-Китәб» оның жазылуы мен кітапта жиналуын білдіреді.

«Әл-Фурқан» – ажыратушы

تَبَارَكَ الَّذِي نَزَّلَ الْفُرْقَانَ عَلَى عَبْدِهِ لِيَكُونَ لِلْعَالَمِينَ نَذِيرًا

«Бүкіл әлемге ескертуші болуы үшін құлына (Мұхаммедке) Фурқанды түсірген Аллаһ өте Ұлы» («Фурқан» сүресі, 1). Имам әз-Зэркәши¹⁰: «Құран ақ пен қараның, ақиқат пен жалғанның, мұсылман мен кәпірдің, мүмін мен екіжүздінің арасын ашық түрде айыратын кітап болғандықтан, оған «әл-Фурқан» деген атау берілді»¹¹, – деген пікір айтқан. Бұл сөз Құранда алты жерде кездеседі.

«Әт-Тәнзил» – нәзіл болған, яғни көктен түскен кітап

Әз-Зэркәши: «Құран Аллаһтан Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) Жәбірейіл періште арқылы түскендіктен, Аллаһ тағала кітабын «әт-Тәнзил» деп атады», – дейді¹².

تَنْزِيلٌ مِنْ رَبِّ الْعَالَمِينَ

⁸ Мұхаммед Абдуллаһ Драз (1894-1958) – өткен ғасырдың кеменгер ойшылы, мысырлық ғалым. Он беске жуық құнды еңбектердің авторы.

⁹ Мұхаммед Абдуллаһ Драз, Ән-Нәбәу әл-Азим, 5-б.

¹⁰ Әбу Абдуллаһ Бадруддин Мұхаммед ибн Абдуллаһ ибн Баһадур әз-Заркаши әш-Шафиғи (745/1344 - 794/1392) – фикһ, хадис секілді көптеген ғылым салаларын меңгерген танымал ғалым. Оның «Әл-Бурһан фи улум әл-Құран» атты кітабы Құран ілімдері саласындағы алғашқы теңдесіз еңбек. Тегі түркі, Мысырда дүниеге келіп, сол жақта қайтыс болған.

¹¹ Әз-Заркаши, әл-Бурһан, 1/280-б.

¹² Бұл да сонда, 1/281-б.

«Ол – Құран, әлемдердің Раббысы тарапынан түсірілген» («Хаққа» сүресі, 43). Құран Кәрімде он төрт жерде келген.

«Әз-Зикр» – еске түсіру

Араб тіліндегі «зикр» сөзі «еске түсіру, еске алу» деген мағыналарды білдіреді. Құран Кәрім дүние және акирет тіршілігін баяндап, адамзаттың есіне тозақтың азабы мен жаннаттың нығметін ескертеді, сол себепті де ол «әз-Зикр» деп аталған.

إِنَّا نَحْنُ نَزَّلْنَا الذِّكْرَ وَإِنَّا لَهُ لَحَافِظُونَ

«Расында да зікірді (Құранды) Біз түсірдік әрі оны Біз сақтаймыз» («Хижр» сі, 9). Бұл атау Құран Кәрімде оннан астам жерде келген.

Имам әз-Зәркәши өзінің еңбегінде әл-Қадый Әбу Мағалиден¹³ Құранның 55 атауын жеткізеді. Тіпті, Әбу әл-Хасан әл-Хараллидің¹⁴ де осы қасиетті кітаптың 99 атауын жинақтағандығы туралы айтылады¹⁵. Әрине, олар Құранның есімдері мен сипаттарын бөліп жармай бірге қарастырған болса керек.

Сол секілді Құранның кейбір сипаттарына тоқтала кетейік:

«Али» – жоғары, ұлық **وَأِنَّهُ فِي أُمِّ الْكِتَابِ لَدَيْنَا لَعَلِّي حَكِيمٌ**

«Күдіксіз ол – Қасымыздағы негізгі Кітапта, өте жоғары, терең сырлы» («Зухруф» сүресі, 4).

«Мәжид» – ұлық, даңқты **بَلْ هُوَ قُرْآنٌ مَّجِيدٌ**

الْقُرْآنُ – «Әл-Құран» – көп оқылатын кітап.

الْكِتَابُ – «Әл-Кітаб» – кітап.

الْفُرْقَانُ – «Әл-Фурқан» – ажыратушы.

التَنْزِيلُ – «Әт-Тәнзил» – нәзіл болған, яғни көктен түскен кітап.

الذِّكْرُ – «Әз-Зикр» – еске түсіру.

¹³ Әл-Қадый Әбу әл-Мағали Азизи ибн Абдулмалик Шайзәлә – Шафиғи мәзһабының өкілі, ирактық ділмар, уағызшы. Хижраның IV-V ғасырларында өмір сүрген.

¹⁴ Әбу әл-Хасан әл-Харалли Али ибн Ахмед ибн әл-Хасан әт-Тәжиби әл-Әндәлуси мутәкәллим, сопы. Хижраның 647 жылы дүниеден өткен.

¹⁵ Әз-Заркаши, Әл-Бурһан, 1/273-б.

«Әрине ол ұлы бір Құран» («Буруж» сүресі, 21).

«Азиз» – ардақты عَزِيزٌ وَابْنَهُ لَكَتَابٌ عَزِيزٌ

«Расында, өздеріне Құран келген кезде, қарсы болғандар бар. Шын мәнінде, ол, ардақты бір Кітап» («Фуссилат» сүресі, 41).

«Һудә» – тура жолға бастаушы

«Мауғизә» – ашық түсінік, Аллаһтың уағызы

هَذَا بَيَانٌ لِلنَّاسِ وَهُدًى وَمَوْعِظَةٌ لِّلْمُتَّقِينَ

«Бұл (Құран) адам баласы үшін ашық түсінік, тура жол және тақуалар үшін насихат» («Әли Имран» сүресі, 138).

«Бурһан» – дәлел

Құранда Аллаһтың шексіз құдіретіне барлық дәлелдер бар.

«Нұр» – Аллаһтың тура жолын көрсететін шамшырақ

يَا أَيُّهَا النَّاسُ قَدْ جَاءَكُم بُرْهَانٌ مِّن رَّبِّكُمْ وَأَنزَلْنَا إِلَيْكُمْ نُورًا مُّبِينًا

«Ей, адам баласы! Сендерге Раббыларыңнан дәлел келді. Сондай-ақ сендер үшін бір ашық нұр (Құран) түсірдік» («Ниса» сүресі, 174).

Кітап халіне келтірілген Құран Кәрім «мусхаф» деп аталады.

☑ **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

- ✓ «Құран» сөзінің этимологиясы туралы қай ғалымның пікірін қолдайсыз? Неліктен?
- ✓ Құранның бірнеше атаулары мен сипаттарының болу сыры неде деп ойлайсыз?
- ✓ Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Құран Кәрімге берген анықтамасын түсіндіріңіз.
- ✓ Діни мәтіндер аясында Құран Кәрімнің артықшылығы мен қадір қасиетін баяндаңыз.

✍ Құран оқу мен тыңдау әдебіне қатысты Құран аяттары мен пайғамбар хадистерін жазу және жаттау.

§ 2. Уахи және оның түрлері

1. «Уахи» түсінігі мен түрлері

«Уахи» – араб тілінде «сыбырлау, құпия түрде жылдам хабар беру, жасырын белгі беру, ишара ету, ымдау» деген мағыналарды береді.

Ал, шариғаттағы мағынасы – Жаратушының адамзат баласына тура жол көрсету үшін, пайғамбарларына берген нұсқаулығы.

Уахи түсінігі түрлі діндерде әрқилы сипатталған. Кейбір бұрмаланған діндердегі уахи исламдағы уахидың ақиқатынан өзгеше түсіндіріледі.

Уахи – араб тілінде сыбырлау, құпия түрде жылдам хабар беру, жасырын белгі беру, ишарет ету, ымдау деген мағыналарды береді

Уахи мәселесінде тарихқа үңілсек, дін дұшпандары мен кейбір шығыстанушылардың исламдағы уахи түсінігін теріске шығаруға тырысып, адамдар арасында жаңсақ пікірлер мен күмәнді ойлар таратқанын көреміз. Мұның астарында шынайы уахи арқылы келген хақ дінді бұрмалап, ұстанушыларын адастыруды көздеген дін дұшпандарының арам пиғылы жатқанды. Олардың бірі: «Уахи – пайғамбардың ойдан шығарғаны», – десе, кейбірі оны пайғамбардың ақыл есінен айырылып, санасыз халде айтқаны деп адамдарды ақиқаттан алыстатты. Алайда, Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) уахи арқылы түскен Құран Кәрім аяттары оның ойынан туындамағандығы, Аллаһ тағала тарапынан келгендігі анық!

Уахиге сену – әрбір мұсылманға парыз. Сенбеген адам – пайғамбарларға келген ақиқатты теріске шығарушы, әрі Құран Кәрім мен Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлығын мойындамаған болып табылады. Құран Кәрімнің пайғамбарға уахи арқылы түскендігі жөнінде төмендегі аятта:

وَكَذَلِكَ أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ قُرْآنًا عَرَبِيًّا لِتُنذِرَ أُمَّ الْقُرَى وَمَنْ حَوْلَهَا وَتُنذِرَ

يَوْمَ الْجَمْعِ لَا رَبَّ فِيهِ فَرِيقٌ فِي الْجَنَّةِ وَفَرِيقٌ فِي السَّعِيرِ

«Осылайша умму әл-қураны (Мекке халқын) әрі маңындағыларды ескертуің және де болуында шәк жоқ күні жиналуды ескертуің үшін; саған арабша бір Құран уахи еттік. Ол күні бір топ жаннатта, бір топ тозақта» («Шура» сүресі, 7),– делінген.

Құран іліміне арналған ғылыми зерттеулерде уахи мәселесіне ерекше орын беріліп, жан-жақты талданған.

Адам баласы шектеулі ақылымен Аллаһ тағала тарапынан болған уахидың сырын ұғына алмайды. Бірақ, сырын ұғынбау – уахидың растығын жоққа шығару емес. Ғылым, техника дамығанымен адамзат баласы рухани салада қалыс қалып отырғаны жасырын емес. Жалаң көзбен көре алмайтын, қолға ұстай алмайтын көптеген құбылыстардың ақиқатын еріксіз мойындаймыз.

Уахи – Жаратушының адамзат баласына тура жол көрсету үшін пайғамбарларына берген нұсқаулығы.

Уахи да рух секілді иләһи бір сыр болғандықтан, ислам мұны пікірталас тақырыбына айналдырудан тыяды. Сондай-ақ ол, заманауи ілім жолымен шешілетін де нәрсе емес. Себебі, уахи – метафизикалық мәселе. Тәжірибелік және әлеуметтік ілімдердің әдістері де оны қолға ала алмайды. Демек, уахи – Аллаһ тағала мен пайғамбары арасындағы сыр. Ал, адам баласы оның ақиқатын толық түсіну мүмкін емес.

Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) – Аллаһ тағала тарапынан уахи алған алғашқы пайғамбар емес. Оның алдында келген пайғамбарлар да Аллаһтан уахи қабылдаған. Және оларға келген уахи Мұхаммедке (с.а.с.) келген уахидан басқа бір нәрсе емес. Өйткені, барлық пайғамбарға келген уахидің бастауы мен мақсаты бір болатын. Осы тұрғыда Аллаһ тағала:

إِنَّا أَوْحَيْنَا إِلَيْكَ كَمَا أَوْحَيْنَا إِلَى نُوحٍ وَالنَّبِيِّينَ مِنْ بَعْدِهِ وَأَوْحَيْنَا إِلَى إِبْرَاهِيمَ وَإِسْمَاعِيلَ وَإِسْحَاقَ وَيَعْقُوبَ وَالْأَسْبَاطِ وَعِيسَى وَأَيُّوبَ وَيُونُسَ

وَهَارُونَ وَسُلَيْمَانَ وَآتَيْنَا دَاوُودَ زَبُورًا (١٦٣) وَرُسُلًا قَدْ قَصَصْنَاهُمْ عَلَيْكَ

مِنْ قَبْلُ وَرُسُلًا لَمْ نَقْضُضْهُمْ عَلَيْكَ وَكَلَّمَ اللَّهُ مُوسَى تَكْلِيمًا (٤١٦)

«(Мұхаммед с.а.с.) Нұх (а.с.) және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік. Сондай-ақ Ибраһим, Исмайыл, Ысхақ, Жақып (а.с.) ұрпақтарына және Иса, Әюб, Юунус, Һарүн және Сүлейменге де (а.с.) уахи еттік. Әрі Дәуітке (а.с.) Зәбурды бердік (163). Және саған бұрынғы пайғамбарларды баян қылдық, сондай-ақ, пайғамбарлардан саған баян етпегеніміз де бар. Және Аллаһ Мұсамен (а.с.) (тікелей) сөйлескен»,– дейді («Ниса» сүресі, 163-164).

Уақыт өте өзгеріс енген діндер мен хақ исламдағы уахи түсінгі салыстырылса, ең дұрысы Құран білдірген «уахи» екені айқындалады. Өйткені бұл уахи жолы Аллаһ тағаланың «Ұлы», «Пәк» сипаттарына нұқсан келтірмейді.

Иудаизмнің ұстанымы бойынша, «Көне өсиет» негізгі уахи ретінде қарастырылады. Оны Құдай патриархтар мен пайғамбарларға теофания арқылы, яғни көзге көрінетін от, су түрінде, түс көру арқылы, белгілі бір құбылысты не дауысты есіту арқылы, сонымен қатар, яһудилердің Мысырдан шығуына көмек берілуі секілді оқиғалармен білдірткен.

Иудаизмде Мұса мен өзге де пайғамбарлар «Құдайдың қалауы мен әмірлерін Израиль халқына жеткізуші елшілер» ретінде қарастырылады. Олар уахиді көру (түс көру де осыған кіреді) немесе есіту арқылы алса, кейде періштелер арқылы алып отырған. Уахидің ең жоғарғы формасын Мұса (а.с.) пайғамбар қабылдаған, өйткені ол, саналы түрде Аллаһпен тікелей тілдесе алған.

Иудейлік жазбаларды негізгі уахи ретінде қарастырған христиан діні: «Уахи – Исаның бейнесінде теңдесі жоқ шыңға жетті»,– деп біледі. Оны христиандар «Құдайдың баласы, Оның өзгертілмейтін сөзі мен Құдайдың мінсіз бейнесі» деп танып: «Тәңір өзін ұлы Иса бейнесінде адамдар ішінде көрсеткен»,– деп қабылдайды. Басқаша айтқанда, христиан дәстүрі бойын-


ша, уахи тікелей Исаның өмірімен, білімімен, өлімі немесе өлгеннен кейінгі қайта тірілуімен көрініс табатын оқиға ретінде қарастырылады. Тіпті, «уахи толығымен оның бойында тұнып тұр және ол адамдарға ешкім әрі ешқашан көрмеген Құдайдың бейнесін әкелді» деген сенім қалыптасты¹⁶.

Канондалған төрт інжілде, Құдайдың сөздері Иса Мәсіх арқылы айтылғанымен, ол тек қана нақыл сөз түрінде келеді, ал христиандық салт оларды апостолдарға келген иләһи уахи деп біледі. Яғни, Құдай рухының киелі жазушылардың рухына, олардың тұлғалық қасиеттерін жоймай, рухани, ғайыптық жағдайдан хабардар етеді. Осылайша, олардың шығармалары соқралды сипатқа иеленеді.

Материалистер болса, уахиді адамның ішкі рефлекстері ретінде қарастырды. Бұндай түсініктер кейбір адамдардың ойынан шығарылған сенімдерде де кездеседі.

2. Құран Кәрімдегі «уахи» сөзінің мағыналары мен уахи түрлері

Құран Кәрімде «уахи» сөзі бірқатар мағыналарда қолданылған. «Уахи» сөзінің Құран Кәрімдегі қолданыс аясы мынадай:



1. Иләһи емес уахи

а) Адамдар арасындағы нұсқау, ишарат ету, жылдам белгі беру секілді іс-әрекеттерге «уахи» сөзінің қолданылуы. Бұған

¹⁶ Жаңа өсиет, Жохан інжілі, 1:18.

Зәкәрия пайғамбар мен қауымының арасында болған уахиді, яғни нұсқауды келтіруге болады.

فَخَرَجَ عَلَى قَوْمِهِ مِنَ الْمِحْرَابِ فَأَوْحَى إِلَيْهِمْ أَنْ سَبِّحُوا بُكْرَةً وَعَشِيًّا

«Сонда (Зәкәрия) михрабтан шығып, қауымына: «Ертелікеш Аллаһты дәріптендер»,– деп нұсқады» («Мариям» сүресі, 10).

ә) Жын-шайтандардың адамдарды азғырып, жолдан тайдыру мақсатындағы ақырын сыбырлауының «уахи» сөзімен келуі. Мысалы:

وَكَذَلِكَ جَعَلْنَا لِكُلِّ نَبِيٍّ عَدُوًّا شَيَاطِينَ الْإِنْسِ وَالْجِنِّ يُوحِي بَعْضُهُمْ إِلَى بَعْضٍ زُخْرُفَ الْقَوْلِ غُرُورًا وَلَوْ شَاءَ رَبُّكَ مَا فَعَلُوهُ فَذَرْهُمْ وَمَا يَفْتَرُونَ

«Осылайша әр пайғамбарға адамдардың және жынның шайтандарынан дұшпан қылдық. Олар алдап, бір-біріне жалтыраған сөздерді сыбырлайды. Раббың қаласа еді, олар оны жасамас еді. Оларды жасанды сөздерімен қойып қой» («Әнғам» сүресі, 112);

وَإِنَّ الشَّيَاطِينَ لَيُوحُونَ إِلَى أَوْلِيَائِهِمْ لِيُجَادِلُوكُمْ وَإِنْ أَطَعْتُمُوهُمْ إِنَّكُمْ لَمُشْرِكُونَ

«Расында, шайтандар сендермен тартысу үшін, өз сыбайластарына сыбырлайды. Егер оларға бойсұнсаңдар, (Аллаһқа) серік қосушылардан боласындар» («Әнғам» сүресі, 121).

Бұл аяттардағы «уахи» сөзі «жасырын сөйлеу», «сыбырлау» мағынасында келген.

2. Иләһи уахи

Иләһи уахидің тілдік тұрғыдағы Құранда келген төрт түрін айтуға болады.

а) Жансыз нәрселерге қатысты келген «уахи» сөзі.

Мысалы: Жерге немесе аспанға үндеу жасап, нұсқаудың «уахи» сөзімен келуі.

يَوْمَئِذٍ تُحَدِّثُ أَخْبَارَهَا (٤) بِأَنَّ رَبَّكَ أَوْحَى لَهَا (٥)

«Ол күні жер, уақиғасын түсіндіреді (4); Раббыңның оған білдіруімен (5)» («Зилзәлә» сүресі, 4-5);

فَقَضَاهُنَّ سَبْعَ سَمَوَاتٍ فِي يَوْمَيْنِ وَأَوْحَىٰ فِي كُلِّ سَمَاءٍ أَمْرَهَا وَزَيَّنَّا
السَّمَاءَ الدُّنْيَا بِمَصَابِيحَ وَحِفْظًا ذَلِكَ تَقْدِيرُ الْعَزِيزِ الْعَلِيمِ

«Оларды жеті көк етіп, екі күнде жасады. Сондай-ақ, әр көктің міндетін өзіне білдірді. Жақын көкті жұлдыздармен әшекейледік әрі қорғауға алдық. Осы – тым үстем, толық білуші Аллаһтың тағдыры» («Фуссилат» сүресі, 12).

Бұл жерде «Аллаһтың әмірі мен білдіруі» мағынасында қолданылған.

ә) Аллаһтың тіршілік иелерінің ішінде хайуандар мен жан-жануарларға қатысты нұсқауы.

Мысалы: وَأَوْحَىٰ رَبُّكَ إِلَى النَّحْلِ أَنْ اتَّخِذِي مِنَ الْجِبَالِ بُيُوتًا وَمِنَ الشَّجَرِ وَمِمَّا يَعْرِشُونَ
«(Мұхаммед с.а.с.) «Раббың, араға: “Таулардан, ағаштардан және лапастардан ұялар жасап ал!» – деп нұсқады» («Нахл» сүресі, 68), – деген аяттан бал арасына келген нұсқауды көреміз.

Аллаһ тағала жан-жануарларға илһам арқылы түрлі нұсқаулар беріп, өздеріне қажетті қабілеттерге үйреткен. Осы аятта Аллаһтың бал арасына берген нұсқауы «уахи» сөзімен келеді.

б) Періштелерге келген хабар. Аллаһтың періштелерге хабар беруі де Құранда «уахи» сөзімен келген. Оған:

إِذْ يُوحِي رَبُّكَ إِلَى الْمَلَائِكَةِ أَنِّي مَعَكُمْ فَثَبِّتُوا الَّذِينَ آمَنُوا سَأَلْتَنِي فِي قُلُوبِ
الَّذِينَ كَفَرُوا الرُّعْبَ فَاضْرِبُوا فَوْقَ الْأَعْنَاقِ وَاضْرِبُوا مِنْهُمْ كُلَّ بَنَانٍ

«(Мұхаммед с.а.с.) Сол уақытта Раббың періштелерге: «Расында, Мен сендермен біргемін. Мүміндерге тоқтау беріндер», – деп уахи беруде еді...» («Әнфал» сүресі, 12), – деген аят дәлел.

в) Пайғамбарлық жүктелмеген, қарапайым адамға берілген илһам.

Оған Аллаһ тағала тарапынан Исаның (а.с.) хауарилері мен Мұса пайғамбардың (а.с.) анасына келген аянды айтуға болады.

وَإِذْ أُوحِيَتْ إِلَى الْحَوَارِيِّينَ أَنْ آمِنُوا بِي وَبِرَسُولِي قَالُوا آمَنَّا وَاشْهَدْ بِأَنَّا مُسْلِمُونَ

«Сол уақытта хауарилерге: «Маған әрі Елшіме сеніңдер» деп білдірген едім. Олар: «Біз сендік, біздің шынайы мұсылман болғандығымызға куә бол» деген еді» («Маида» сүресі, 111);

وَأَوْحَيْنَا إِلَىٰ أُمِّ مُوسَىٰ أَنْ أَرْضِعِيهِ فَإِذَا خَفَتْ عَلَيْهِ فَأَلْقَيْهِ فِي الْيَمِّ وَلَا تَخَافِي وَلَا تَحْزَنِي إِنَّا رَادُّوهُ إِلَيْكَ وَجَاعِلُوهُ مِنَ الْمُرْسَلِينَ

«Мұсаның анасына: «Оны еміз де, оған бір нәрсе болады деп қорықсаң, (онда оны) дарияға салып жібер. Қорықпа да, қапаланба! Расында, оны саған қайтарамыз да, оны пайғамбар қыламыз»,– деп, көкейіне қондырдық» («Қасас» сүресі, 7).

Әдетте, «уахи» сөзін естіген кезде, аталған «уахи» түрлері мақсат етілмейді. Өйткені, бұлар «уахи» сөзінің тілдік мағыналары.

Ал, әрдайым біз естіп, біліп жүрген, әрі біздің тақырыбымызға арқау болып отырған уахи – Аллаһ тағаланың адамзатқа тура жол көрсету үшін пайғамбарларына берген хабары, нұсқауы.

3. Пайғамбарларға келген уахи түрлері мен келу жолдары


Аллаһ тағала пайғамбарларына үкімдері мен нұсқауларын уахи арқылы, түрлі жолдармен жеткізіп отырған. Бұл – Аллаһтың асқан зор Хикмет Иесі екендігін көрсетеді.

Тәпсір ғалымдары:

وَمَا كَانَ لِنَبِيٍّ أَنْ يَكْلِمَهُ اللَّهُ إِلَّا وَحْيًا أَوْ مِنْ وَرَاءِ حِجَابٍ أَوْ يُرْسِلَ رَسُولًا فَيُوحِيَ بآيَاتِهِ مَا يَشَاءُ إِنَّهُ عَلِيُّ حَكِيمٍ

«Аллаһ тағала бір адам баласымен көкейіне салу түрінде немесе (көрінбей) перде артынан үн қатады, болмаса елші жіберіп, Өз бұйрығымен қалағанын уахи етеді. Күдіксіз, Ол

– өте жоғары, хикмет иесі» («Шура» сүресі, 51),– деген аятқа сүйене отырып, уахидің негізгі үш түрін баяндайды:



Бірінші: Барлық пайғамбарға түсінде берілетін ашық уахи. Оны «шынайы түс уахиы» деп атайды. Мысалы, Ибраһим (а.с.) пайғамбар түсінде өзінің сүйікті ұлы Исмаилды бауыздап жатқанын, ал Юсуф (а.с.) пайғамбар түсінде күн мен айдың және жұлдыздардың өзіне сәжде еткенін көруі, уахидің осы түріне жатады. Сол секілді пайғамбарымыз Мұхаммед те (с.а.с.) Мәдинада болған кезінде Аллаһтың үйі Кағбаға аман-есен кіріп, сахабаларымен бірге тауап етіп жүргенін түсінде көреді. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бұл түсі Худайбия келісімінен кейін, екі жылдан соң ақиқатқа шығып, мұсылмандар Меккеге аман-есен кіреді. Ол жайлы Құранда:

لَقَدْ صَدَقَ اللَّهُ رَسُولَهُ الرُّؤْيَا بِالْحَقِّ لَتَدْخُلَنَّ الْمَسْجِدَ الْحَرَامَ إِنْ شَاءَ اللَّهُ آمِنِينَ مُحَلِّقِينَ رُءُوسَكُمْ وَمُقَصِّرِينَ لَا تَخَافُونَ فَعَلِمَ مَا لَمْ تَعْلَمُوا فَجَعَلَ مِنْ دُونِ ذَلِكَ فَتْحًا قَرِيبًا

«Расында, Аллаһ пайғамбарының түсін ақиқатқа шығарды. Аллаһ қаласа, әлбетте, аман-есен Харам мешітіне шаштарыңды алдырып, не қысқартып, бейбіт кіресіңдер. Аллаһ сендердің білмеген нәрселеріңді білген еді. Сондықтан бұдан өзге бір жақын жеңіс нәсіп етті» («Фәтх» сүресі, 27),– делінген.

Пайғамбарлардың көздері ұйқыда болғанымен, жүректері ұйықтамайтын болған. Сондықтан олардың түсі уахиді бөгетсіз қабылдауымен ерекшеленетін.

Екінші: Аллаһ тағаланың пайғамбар, елшілеріне перденің артынан уахи етуі. Бұл жағадайда Аллаһ тағала мен пайғамбардың арасында ешбір періште болмайды да, пайғамбар Аллаһтан

тікелей естиді. Мұса (а.с.) пайғамбар Тұр тауында уахиді осылай қабылдаған болатын.

Үшінші: Періште арқылы жететін уахи. Аллаһ тағала пайғамбарлар мен елшілерге уахи жеткізуші періштесімен хабар беретін.

4. Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен уахи сипаттары

Пайғамбарымыздан жеткен деректерге сүйенсек, уахидің келу түрлерін төмендегіше топтастыруға болады:

<i>Тікелей келген уахи</i>	<i>Періште арқылы келген уахи</i>
<ul style="list-style-type: none"> ✓ Шынайы түс ✓ Пайғамбардың ояу кезінде, перде арқылы Аллаһ тағаламен тілдесуі 	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жәбірейілдің ер адам кейінде келуі ✓ Жәбірейілдің көрінбей, ызыңдаған дыбыс немесе сыңғырлаған қоңырау дауысына ұқсаған дауыспен келуі ✓ Пайғамбардың ояу кезінде, періштенің көрінмей уахиді білдіруі ✓ Жәбірейілдің өзінің негізгі кейінде көрінуі

1. Шынайы түс. Бұл алғаш келген уахи түрінен болып табылады. Пайғамбардың ашық таңдай, айқын көрген түстері. Бұл жайлы Айша (р.а.) анамыз:

عَنْ عَائِشَةَ رَضِيَ اللَّهُ عَنْهَا أَوَّلُ مَا بُدِيََ بِهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ الرُّؤْيَا الصَّادِقَةَ جَاءَهُ الْمَلَكُ فَقَالَ: "اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ اقْرَأْ وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ"

«Аллаһ елшісіне ең алғашқы уахи шынайы түс ретінде басталған. (Түсінде) оған (с.а.с.) періште келіп: «(Ей, Мұхаммед, әлемдерді) жаратқан Раббыңның атымен (бастап) оқы! Ол

адамды бір түйір қаннан жаратты. Оқы! (Ол) Сенің аса ардақты Раббың, (адамзатқа) қаламмен (жазуды) үйреткен» – деді», – деген¹⁷.

Көпшілік ғалымдар Құран Кәрім аяттарының барлығы пайғамбарымызға (с.а.с.) ояу халінде түскендігін айтқан. Олар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) уахидың шынайы түсте келуін: «Құран аяттары түсер алдындағы бейне бір дайындық», – деп түсіндіреді. Ал, «Кәусар» сүресінің оған түс көру халінде түскендігін білдірген хадистегі «иғфа» сөзін, ғалымдар «түс» деп емес, пайғамбардың уахи келер қарсаңындағы өзіндік жағдайы деп сипаттаған. Пайғамбарлық өте ауыр әрі жауапты міндет болғандықтан, мұндай маңызды міндетке дайындау үшін Жәбірейіл періште ең алдымен оның түсіне енген. Алқамма ибн Қайстың риуаят етуі бойынша, пайғамбарларға жіберілген хабарлар, әмірлер мен тыйымдар, алдымен олардың көңілдері орныққанға дейін түстерінде аян етілген. Кейін ғана, уахи түрінде түсірілген. Мұхаммед пайғамбар да (с.а.с.) алғашқыда уахиды алты ай бойы түсі арқылы қабылдаған. Содан кейін періште арқылы жеткізіліп тұрды. Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша, алғашқы алты айлық уақыт жиырма үш жылға жалғасқан пайғамбарлықтың қырық алтыдан біріне тең келеді. Бұған Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Шынайы түс – пайғамбарлықтың қырық алтыдан бірі»¹⁸, – деген хадисі дәлел.

2. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ояу халінде перде арқылы Аллаһ тағаланың онымен тілдесуі. Бұған миғраж түнінде намаздың парыз болуын айтуға болады.

3. Жәбірейілдің ер адам кейпінде келіп уахиді білдіруі. Бұл уахидің ең жеңіл түрінен болған. Пайғамбар онымен емін-еркін сөйлесіп, барлық хабарды дәлме-дәл жаттап алатын.

4. Жәбірейілдің көрінбей, ызындаған дыбыс немесе сыңғырлаған қоңырау дауысына ұқсаған дауыспен келуі. Бұл

¹⁷ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу Әс-Сахих, 4673.

¹⁸ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу Әс-Сахих, 6989. Бұл тұрғыда бірнеше риуаяттар бар. Ең азы жиырма алтыдан бірі десе, ең көбі алпыс үштен бірі деп те келген.

вахидің ең ауыр түрі делінеді. Ескерту және тозақтың азабын қамтитын аяттар уахидің осы түрімен жеткізілген.

Күндердің бірінде пайғамбарымыздан (с.а.с.) Харис ибн Хишам (р.а.): *«Иә, Аллаһтың елшісі, сізге уахи қалай келеді?» – деп сұрады. Сонда пайғамбарымыз (с.а.с.): «Ол кейде қоңырау сияқты сылдырлаған дыбыс шығарып келеді, бұл маған қиынға соғады. Ал айтқанын ұғып алғанымнан соң, жеңілдеп қаламын. Ал, кейде, ол періште адам бейнесінде келіп тіл қатады, мен оның келтіргенін ұғып аламын»,– деп жауап берген¹⁹.*

5. Пайғамбардың ояу кезінде періштенің көрінбей уахиді білдіруі.

6. Жәбірейілдің негізгі кейпінде көрініп, Аллаһтың әмірін жеткізуі. Бұл жағдай екі мәрте: біріншісі – Хира үңгірінде, екіншісі – Миғражда орын алған.

Уахи келген сәтте пайғамбарымызды қатты толқу билеп алатын. Сол себептен де уахи келген сәт оның денесі дірілдеп, бетінің түсі өзгертін, ең суық күнде де маңдайы терлеп, демінің өзі де өзгеше шығатын. Түйе үстінде уахи келсе, түйесі шөгіп, пайғамбарымыз түсуге мәжбүр болған. Жоғарыдағы хади-стен байқағанымыздай, қоңырау дыбысы секілді келген уахи Аллаһ елшісіне (с.а.с.) ауыр тиетін. Аллаһ сөзінің ауыр екендігі Құран Кәрімнің: *إِنَّا سَنُلْقِي عَلَيْكَ قَوْلًا ثَقِيلًا* **«Әрине, саған салмақты (маңызды) Құранды түсіреміз»** («Муззаммил» сүресі, 5),– деген аятымен баяндалған.

Сол секілді, бір күні пайғамбарымыз (с.а.с.) өзінің сахабасы Зәйд ибн Сәбитпен бірге отырғанында кезде уахи келген. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) тізесі Зәйдтің аяғына қойылып, Зәйд сонда қатты ауырлықты сезінген. Тіпті, ауыр салмақтың дәрежесінен аяғы сынатындай күйге түскен.

Уахи келген кезде пайғамбарымыздың үстін жабатын. Аллаһтың елшісін (с.а.с.) уахи қабылдауы үстінде көрген құрайыштар, оны сиқыршы, балшы немесе жынды деп білді. Кейінірек, кейбір шығыстанушылар: *«Бұл жағдайда пайғамбар уақытша есінен айырылып, саналы түрде болмаған»,– деп айтады.*

¹⁹ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу Әс-Сахих, 3215

Әрине, бұның жаңсақ пікір екендігіне пайғамбарымыздың (с.а.с.): *“Ол кейде қоңырау сияқты сылдырлаған дыбыс шығарып келеді, бұл маған қиынға соғады. Ал айтқанын ұғып алғанымнан соң, жеңілдеп қаламын. Ал, кейде, ол періште адам бейнесінде келіп тіл қатады, мен оның келтіргенін ұғып аламын”*,– деген сөзі айқын дәлел.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қоңырау дыбысы секілді келген уахиды және адам бейнесіндегі періштенің алып келген уахиын бірден ұғынып алатын болған.

5. Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен уахидің басталуы

Құран іліміне қатысты кітаптарда «Аләк» сүресінің алғашқы бес аяты ең алғаш түскен аяттар екендігі айтылады. Кейбір хадистерде ең алғашқы болып «Мудассир» сүресі, басқа деректерде «Фатиха» сүресі нәзіл болғандығы келген. Ғұламалардың басым бөлігі алдыңғы пікірді құптаған. Бұл жөнінде алдағы тақырыптардың бірінде қарастыратын боламыз.

Адамзат тарихындағы аса маңызды бұл оқиға милади жыл есебі бойынша, 610 жылы «Хира» үңгірінде орын алды. Ол кезде пайғамбарымыз (с.а.с.) қырық жаста болатын. Бұл дәуір – ілгеріде өткен пайғамбарлардың шарифаттары ұмытылған, кейбірі бұрмаланып, өз асыл болмысын жоғалтқан, соның салдарынан бүкіл әлемді надандық пен азғындық жайлап, адамгершілік құндылықтарының орнын зұлымдық пен әділетсіздік басқан кез. Әлемге «Мейірім елшісі» етіп жіберілгенге дейін Мұхаммед (с.а.с.), азғындыққа белшесінен батып, зұлымдық пен әділетсіздікті өздеріне дәстүр етіп алған қауымының сенімін жек көрді. Қауымынан бөлектеніп, оңашалануды ұнатты. Көбінесе ол, Мекке маңайындағы таудың «Хира» аталатын үңгіріне барып, жеке өзі бірнеше күн Аллахқа құлшылық жасайтын болған. Бұл жайлы Айша анамыз (р.а.):

حَدَّثَنَا يَحْيَى بْنُ بُكَيْرٍ قَالَ حَدَّثَنَا اللَّيْثُ عَنْ عُقَيْلٍ عَنِ ابْنِ شَهَابٍ عَنْ غُرْوَةَ بِنِ الرَّبِيعِ
عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أَنَّهَا قَالَتْ أَوَّلُ مَا بُدِئَ بِهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ

الْوَحْيِ الرُّؤْيَا الصَّالِحَةَ فِي النَّوْمِ فَكَانَ لَا يَرَى رُؤْيَا إِلَّا جَاءَتْ مِثْلَ فَلَقِ الصُّبْحِ ثُمَّ حُبَّبَ إِلَيْهِ الْخَلَاءَ وَكَانَ يَحُلُو بِغَارِ حِرَاءٍ فَيَتَحَنَّنُ فِيهِ وَهُوَ التَّعْبُدُ اللَّيَالِي ذَوَاتِ الْعَدَدِ قَبْلَ أَنْ يَنْزِعَ إِلَى أَهْلِهِ وَيَتَرَوَّدُ لِذَلِكَ ثُمَّ يَرْجِعُ إِلَى خَدِيجَةَ فَيَتَرَوَّدُ لِمِثْلِهَا حَتَّى جَاءَهُ الْحَقُّ وَهُوَ فِي غَارِ حِرَاءٍ فَجَاءَهُ الْمَلَكُ فَقَالَ اقْرَأْ قَالَ مَا أَنَا بِقَارِئٍ قَالَ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي حَتَّى بَلَغَ مِنِّي الْجَهْدَ ثُمَّ أَرْسَلَنِي فَقَالَ اقْرَأْ قُلْتُ مَا أَنَا بِقَارِئٍ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي الثَّانِيَةَ حَتَّى بَلَغَ مِنِّي الْجَهْدَ ثُمَّ أَرْسَلَنِي فَقَالَ اقْرَأْ فَقُلْتُ مَا أَنَا بِقَارِئٍ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي الثَّلَاثَةَ ثُمَّ أَرْسَلَنِي فَقَالَ (اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ اقْرَأْ وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ)

«Аллаһ елшісіне ең алғашқы уахи шын түс ретінде басталған.

Ол ұйқысында қандай түс көрсе, сол нәрсе оның өңінде таң нұрындай (анық) қайталанар еді. Содан кейін, ол оңашалануды ұнататын болды. Сөйтіп «Хира» үңгіріне барып, жеке өзі бірнеше күн (Аллаһқа) таханнус жасайтын, яғни құлшылық ететін. Кейде азық үшін жанұясына түсіп, содан соң қайтатын еді. Қашан хақ (уахи) келгенінше осылай жалғасты. Ол сонда Хира үңгірінде еді. Оның алдына періште келіп: «Оқы!»— деді. (Сонда Аллаһ елшісі): «Мен оқуды білмеймін»,— деді. (Сол кезде болып өткен оқиға жайлы пайғамбарымыз (с.а.с.) әңгімелеп былай) деді: «Ол (періште) мені ұстап қатты қысты, сосын жіберіп: «Оқы!»— деді. Мен: «Мен оқуды білмеймін»,— дедім. «Ол мені екінші рет ұстап қатты қысты, сосын жіберді де: «Оқы!»— деді. (Мен тағы): «Мен оқуды білмеймін»,— дедім. «Ол мені үшінші рет ұстап қатты қысты, сосын жіберді де: «Оқы!» (Ей, Мұхаммед, күллі әлемді) жаратқан Раббыңның атымен (бастап оқы)! Ол адамды бір түйір қаннан жаратты. Оқы! (Ол) Раббың аса ардақты»,— деді...»²⁰,— деген.

Міне, сол күннен бастап, адамзат тарихының жаңа парағы ашылды. Сол күннен бастап, Құран аяттары адамдарды күпір мен надандық батпағынан шығарып, тура жолға жетектей түсті.

²⁰ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 3.

6. Уахи тақырыбына қатысты туындаған күмәндарға жауап

Уахи – Аллаһ тағала тарапынан келген сенім мен шарифат негіздерінің бірінші қайнар көзі. Оны теріске шығару діннің негіздерін мойындамауға алып келеді. Қасиетті Құранның – Аллаһтың кітабы екендігін қабылдай алмайтын ориенталистер: «Уахи ойланып толғанудың арқасында пайғамбар көкейінен туындаған нәрсе»,– деп, көңілге қонымсыз көзқарастар айтқан. Олардың мұндай пайымдаулары, сөзсіз, көңілдеріндегі ғапылдықтан, түсініктерінің таяздығы мен дұшпандықтарынан туындаған. Өйткені адамдарды түзу жолдан тайдыру үшін, дінді бұрмалаудың ең тиімді жолы – уахи түсінігінде күмән туындату еді.

Құран Кәрім – пайғамбар (с.а.с.) ойының жемісі деген дін дұшпандары мен дүмбілез шығыстанушыларға келесідей жауап беруге болады:

1. Пайғамбардың уахи алуы – оның ішкі жан дүниесіне қатысты емес, керісінше, сырттан келген ақиқатты қабылдауы. Имам әл-Бұхари жеткізген хадисте келгендей, Жәбірейілдің Аллаһ елшісін (с.а.с.) үш рет қысып, әрбірінде «оқы» деп айтуы – уахидің ішкі дүниеден емес, сырттан, яғни Аллаһ тағаладан келгендігін айғақтайды.

2. Уахи алғаш түскенде бойын билеген үрей мен қорқыныш әрі уахидің тосыннан келуі – Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлықты аңсап, ойламағандығын білдіреді. Бұған қоса Мұхаммед (с.а.с.) өзіне уахи келетінін білмейтін де. Аятта бұл жайында: **«Сен, бұл кітап саған уахи етіледі деп ойламаған едің. Бұл тек Раббыңнан (келген) рақмет. Олай болса, кәпірлерге әсте сүйеу болма»** («Қасас» сүресі, 86),– деп баяндалады.

3. Алғашқы уахи келген кезде, пайғамбарымыздың періштені көріп қорқуы, ориенталистердің айтқанындай уахи – галлюцинация емес. Өйткені қорқу, дене дірілі мен қызуы секілді адамның күй-жайы оның өз қалауынсыз орын алады. Ешкім өз еркімен, жасанды түрде ондай жағдайға енбейтіндігі белгілі. Әрі Аллаһ елшісінің (с.а.с.) пайғамбарлыққа дейінгі кезеңдегі

асқақ абыройы мен «Сенімді Мұхаммед» атанған ерекше адал болмысына жасанды қылық мүлдем жат болғаны әмбеге аян.

4. Уахидің біраз уақыт келмей, тоқтап қалуы да пайғамбардың (с.а.с.) терең ойланып-толғануының нәтижесінде, көкейінде туындаған сөз екендігін толығымен жоққа шығарады. Кейде пайғамбарымыз (с.а.с.) жауап беруге тиіс болған жағдайларда уахи келмей, кешіккен. Мысалы, «Ифк (жала жабу)» оқиғасы мен яһудилердің кейбір сауалдар қойған кезінде осылай болған. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мұндай сауалдарға жауап беру үшін Аллаһтан уахи күтетін. Егер олардың айтқанындай, пайғамбар өз ойынан сөйлеуші болса, бұлай шарасыздыққа түспей-ақ, сұрақтарға дереу жауап берер еді.

Сондықтан, кей жағдайларда уахидің кешігуі, оның – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қалауынсыз сырттан келгендігін көрсетеді.

5. Қасиетті аяттар мен хадистердің арасындағы ерекшеліктер де Құран Кәрімнің уахи арқылы келетіндігінің бұлжымас дәлелдеріне жатады.

6. Құран Кәрімнің және пайғамбарымыздың (с.а.с.) мәртебесіне нұқсан келтіруді қалаған ориенталистер Аллаһ елшісінің (с.а.с.) уахи келген кездегі ерекше халін эпилепсия (қояншық) ауруына теңеп, бұған әртүрлі негізсіз дәлелдерді айтқан. Осы негізсіз дәлелдерін «Франция Ұлттық Медицина Академиясына» растату үшін ғылыми мәселе ретінде көтерген. Ол жерде ең атақты докторлар бас қосып, 1842 жылы бұл мәселені егжей-тегжейлі зерттейді де, медициналық негіздерге сүйене отырып, мұның әсте мүмкін емес екендігін дәлелдеп шыққан.

Медицина дәлелдегендей, қояншық кеселі ұстаған адам ойлау, түсіну қабілетінен айырылады. Айналасында болып жатқан жайдың бәрі жайына қалып, есін жоғалтады. Пайғамбар (с.а.с.) мұндай кеселден пәк. Өзіне келген уахи арқылы адамзатқа құқық, ахлақ, ғибадат, қисса, насихат секілді кемел даналықтың

ең керемет үлгісін қамтыған, бәрінен жоғары Құран аяттарын жеткізген.

Уахи келген кезде орын алатын халдер әрбір уахи келген сайын көріне бермеген. Кейде уахи келген кезде пайғамбардың (с.а.с.) халі қалыпты жағдайда көрінген. Бұған қоса алты мыңнан астам аят түсетіндей ұзақ уақыт бойы ешкім ондай ауруға төзе алмайтыны да дәлелденген. Бұл әдейілеп қастандықпен айтылған пайымдаулар дін дұшпандары мен пайғамбарды (с.а.с.) толық түсіне алмағандардың қисынсыз сөздері ғана.

7. XIV ғасыр бұрын түскен аяттардың енді ғана ашылып жатқан ғылыми жаңалықтарға бұлтартпас дәлел болуы – Құран Кәрімнің қияметке дейін мұғжиза күйінде қалатындығына дәлел.

8. Құран Кәрімнің тарихи оқиғалар мен болашақта орын алатын жайттардан нақты, дөп басып хабар беруі, оның оқу-жазу білмеген пайғамбар ойынан туындамағандығына айқын дәлел бола алады.

9. Кейде уахи Аллаһ елшісі (с.а.с.) қаламаған тәрізде келген. Келген уахи кей уақытта оның пікірінің қате екенін білдіріп, ал кейде оның қаламаған нәрсесін әмір еткен.

Құран Кәрімнің кейбір аяттары, пайғамбарымыздың базбір жағдайда өз ыждағаттылығымен шығарған шешімдерін қадағалап, қабылдаған кейбір шешімдерін дұрыстап отырған. Өйткені ол (с.а.с.) Аллаһтың құлы және елшісі ғана еді. Құран мәтіндерінде келген бұл түзетулер кейде қатаң ескертпелермен де жүзеге асқан.

Мысалы: Аллаһтың қазылық мәселесінде пайғамбарын түзетуі

Имам әт-Табари Тағма ибн Убайриқке қатысты түскен «Ниса» сүресінің 105-аятының тәпсірінде, пайғамбар (с.а.с.) Тағма ибн Убайриқтің кінәсіздігін айтады²¹. Аллаһ тағала оның жағдайын баяндай отырып, пайғамбарына қаралаушыларға болыспауын ескертеді. Тағма ибн Убайриқ ансарлардың бірі болатын. Ол ағасының сауытын ұрлап алып, Зәйд ибн әс-Сәмин деген

²¹ Ибн Жарир әт-Табари, Жамиғу әл-баян ан тәуил әи әл-Құран, 9/182-184-б.

бір яхудиге жаба салады. Яһуди пайғамбарға келіп дауыс көтереді. Ұрлықшы ретінде танылған әлгі яхудидің Бәну Зафар қауымы пайғамбарға өз бауырларын ақтап келген кезде, пайғамбар ансарды жақтайды. Өйткені Тағманың жақтастары түнде пайғамбарға келіп: «Уа, Аллаһтың пайғамбары, біздің досымыз кінәсіз, сауытты ұрлаған яһуди, оған біздің күмәніміз жоқ, адамдардың алдында досымызды ақта»,— дескен болатын. Пайғамбар да адамдардың алдында ансардың кінәлі емес екендігін айтып ақтайды. Сол кезде Аллаһ тағала «Ниса» сүресінің: **«Шын мәнінде, саған Кітапты; Аллаһтың өзіне көрсетуі бойынша, адамдардың арасына үкім қылуың үшін шындықпен түсірдік. Сондықтан қаралаушыларға болысушы болма (105). Аллаһтан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ аса жарылқаушы, ерекше мейірімді (106).**

Құран Кәрімнің пайғамбарды түзетіп, ескертуінің мысалдары:

- Пайғамбардың қазылық мәселесінде түзетіліп, ескертілуі («Ниса» сүресі, 103-105).
- Исламға шақыру барысындағы кейбір әрекеттері үшін ескерту алуы («Абасә» сүресі, 1-11).
- Құрайыш ақсүйектерінің талабын орындап, оларға пақыр мұсылмандардан бөлек отырыс арнауына қатысты ескертілуі («Әнғам» сүресі, 52).
- Бәдір тұтқындарына қатысты іс-әрекетінің түзетілуі («Әнфәл» сүресі, 67-68).
- Зиһарға қатысты үкім шығаруындағы қадағалануы («Мужадәлә» сүресі, 1-3).
- Кейбір мүшіріктерге дұға қылуында қадағалануы («Тәубе» сүресі, 113).
- Кейбір екіжүзділердің Тәбук жорығына бармауына рұқсат етудегі қадағалануы («Тәубе» сүресі, 43).
- Пайғамбардың (с.а.с.) кейбір жұбайларының ризашылығын қалауына байланысты қадағалануы («Тахрим» сүресі, 1-2).
- Асыранды баласының талақ қылған жұбайына үйленуіне қатысты келген уахи («Ахзаб» сүресі, 37-38).

Өздеріне кесір істегендер үшін сөз таластырма. Өйткені Аллаһ, қаралаушы күнәкарды жақсы көрмейді (107). Олар адамнан жасырса да Аллаһтан жасыра алмайды. Аллаһ, олар түнделетіп, разы болмайтын сөз қылғанда олармен бірге еді. Аллаһ олардың не істегендерін бұлжытпай біледі (108). Ал, міне, сендер дүние тіршілігінде олар тарапынан дауластыңдар, сонда қиямет күні олар тарапынан Аллаһпен кім дауласа алады? Немесе оларға кім уәкіл бола алады? (109) Біреу бір жамандық істесе немесе өзіне зұлымдық қылса, сонсоң Аллаһтан жарылқау тілесе, Аллаһты аса жарылқаушы, ерекше мейірімді табар еді (110). Ал және біреу күнә істесе, сонда негізінен ол өзіне істеген болады. Аллаһ толық білуші, аса дана (111). Тағы да біреу, бір қателік немесе күнә істесе, оны ақ біреуге жапса, расында ол жала қойып, ашық күнә жүктеп алған болады (112). Егер саған Аллаһтың ілтипаты, мархаматы болмаса еді, әрине, олардың бір тобы сені адастыруы ойлаған еді. Олар өздерін ғана адастырады да саған ешбір зиян келтіре алмайды. Өйткені Аллаһ саған Құранды және хикметті түсірді әрі саған білмегендеріңді үйретті. Сондай-ақ, Аллаһтың саған деген ілтипаты өте ұлық (113)», – деген 105-113-аяттарын түсіреді.

Негізінде ұрланған зат ұрлықшының айналымымен яһудидің үйінен табылған болатын. Уахи келіп жалғанға шығармайынша, сырт көзге шыншыл көрінген адамдар оған куәгер болып, ағынан жарылған еді. Сол себепті де Аллаһ елшісі (с.а.с.) сырт көзге мұсылман болып көрінген екіжүзді ансарды ақтайды.

Пайғамбар уахи келгенге дейін, екі тараптың уәждерін салыстырады да, негізгі ұрыны ақтап, ұрланған нәрсенің үйінен табылуы мен куәлардың куәліктерін ескерген ол яһудиді айыпты қыла жаздайды. Бірақ уахи келіп, қиянатшы ұрының беті ашылады да, пайғамбарға тоқтау салады. Ұрының куәгер отбасы да жалған куәліктері үшін айыпталып, біреудің басқа біреу үшін жауапты болмайтындығы бекітілді. Егер Аллаһ тағаланың ескертуі болмағанда, Бану Ұбайриқ пайғамбарды қате үкіммен шатастыратын еді. Алайда, пайғамбарына кітап беріп, оған ша-

масы келмеген нәрсесін үйреткен Аллаһ тағала, оны әрдайым Өз мейіріміне бөлеп отырды.

Исламға шақырудың кейбір алғышарттарына қатысты пайғамбар көзқарасын Аллаһ тағаланың түзетуі

Пақыр, зағип Абдуллаһ ибн Умму Мактум нәзіл болған аяттарды білуге асығып, дінге қатысты сұрақтарына жауап алу мақсатында Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келген кезде, пайғамбар (с.а.с.) Меккенің кейбір дінсіз, атақты бай-шонжарларына насихат айтып жатқан болатын. Пайғамбар (с.а.с.), дінге келуімен исламға зор пайдасы тиетін, әрі алдына келе бермейтін меккелік беделді байларға ерекше көңіл бөліп, көзі көр мұсылманды елеусіз қалдырып, жақтыртпаған сыңай танытқан-ды. Бірақ пайғамбардың бұл әрекетін түзеу мақсатында Аллаһ тағала: **«Қабақ шытып, бет бұрды (1); Оған соқырдың келуімен (2). Қайдан білесің, мүмкін ол тазарар? (3) Не үгіт алар, оған үгіт пайда берер (4). Ал, енді, байсынған (Құрайш бастықтары) келсе (5), Оған көңіл бөлесің. (6) Ол тазармаса саған не? (7) Ал, енді, саған жүгіріп келген біреу (8); Ол, (Аллаһтан) қорқады (9). Сонда да оған селқос қарайсың (10). Жоқ, олай емес. Әлбетте Құран бір насихат (11)»**,– деген аяттарын түсірген болатын («Абаса» сүресі, 1-11). Айша анамыз Аллаһ тағаланың пайғамбарына ескертуіне себеп болған Абдуллаһ ибн Умму Мактумнан: «Пайғамбарға келген кезімде оның (с.а.с.) жанында Атаба мен Шәйба отырды. Пайғамбар ол екеуіне бұрылғанда: **«Қабақ шытып, бет бұрды (1). Оған соқырдың келуімен (2)»**,– деген аяттар түсті»,– дегенін жеткізеді²².

Мұхаммтд Абдуллаһ Драз: «Егер осы қатаң ескертулер өзінің істеген ісінің, қателігінің ақиқаты ашылған кезде, ұяты мен өкінішін білдіретін ар-ұжданынан туындаған болса, ол өз жағдайын осындай жағымсыз кейіпте көрсетер ме еді? Егер, Құран пайғамбардың ойынан шыққан болса, оның кейбір тұстарын жасырар еді. Аталған аяттар секілді сөздерді айтпаған болар еді. Бірақ уахидің оны жасыруы мүмкін емес. Оған: **«Мұхаммед**

²² Мустадраку әл-Хаким, 3/753, 6671. Әл-Бұхари мен Муслимнің шартына сай дұрыс хадис.

ғайыптан келген уахи туралы кемшілік істемеді» («Тәкуир» сүресі, 24) аяты да айқын дәлел»,– дейді. Расында мұндай түзетулер уахидің тек Жаратушыдан келгендігіне анық дәлел болады. Бұны неміс шығыстанушыларының бірі Теодор Нольдеке мадақтап: «Аллаһ тағала «Абаса» сүресінде, пайғамбарын бай адамдарға исламды түсіндіріп жатқан сәтінде иманын арттыру үшін келген көзі көр пақыр адамға құлақ аспағандығын ескертеді. Мұхаммед өз-өзін кінәлап, айналасындағыларға тиесілі ақыларынан артығын берді. Бұл керемет нәрсе, сонымен қатар Құрандағы бұл сөздер, уахи арқылы адамзатқа келген діндерідегі ерекшелік болып табылады»,– дейді²³.

Пайғамбардың іс-әрекеті меккеліктерді тура жолға шақырумен ғана шектелген еді. Көзі көрмейтін кісіге жауап беруін кейінге қалдыруында да исламның игілігін көздеген болатын²⁴.

Пайғамбардың (с.а.с.) Абдуллаһ ибн Умму Мактумді көрген сайын: «Раббымның маған ескерту жасауына себепкер болған, кош келдің»,– деп айтуынан, ескерту пайғамбардан бастау алмағандығын түсінеміз.

Уахидің пайғамбардың құрайыш ақсүйектерінің талабын орындап, олар мен мұсылман пақырларына бөлек-бөлек отырыс арнауына тыйым салуы

Хубаб ибн әл-Әрт Аллаһ тағаланың: «Сондай күндіз-түні Раббыларына жалбарынып, Оның дидарын тілегендерді кума. Олардың есебінен саған ешнәрсе жоқ. Және сенің есебіңнен оларға да ешнәрсе жоқ (бір-біріңе жауапкершілік

²³ Теодор Нельдеке, Тариху әл-Құран, 1/95-96-б.

²⁴ Аллаһтың елшісі (с.а.с.) өзінің жеке басының пайдасы үшін емес, Ислам үшін исламның игілігі үшін бір топ адамдарға насихат айтумен шұғылданып жатқан кезде Ибн Умму Мактум атты көзі көрмейтін пақыр келген болатын. Егер пайғамбар алдындағы Меккенің бір топ байлары иманға келетін болса, мұсылмандарға төніп тұрған қарсылықтың қара бұлты сейіліп, өзге меккеліктер мен Мекке айналасындағы халықтарға ислам дінін таратуға жол ашылар еді. Өйткені олар Меккенің беделді тұлғалары болатын. Әрине, пайғамбардың беделді тұлғаларға көңіл бөлуі мен көзі көрмейтін пақыр адамға құлақ аспауы да өзінің жеке басының пайдасын ойламай, исламға шақыруды көздегендігі еді.

жоқ). **Сондықтан оларды қусан, зұлымдық қылғандардан боласың**» («Әнғам» сүресі, 52) аятының түсу себебі жайлы: «Пайғамбар (с.а.с.) Суһайб, Биләл, Аммар және Хубаб секілді пақыр мұсылмандардың арасында тұрғанда, оған кұрайыш басшылары әл-Әкрағ ибн Хабис әт-Тәмими мен Ұяйнә ибн Хисн әл-Фәзәри келеді. Олар пайғамбар (с.а.с.) жанындағы пақырларды көріп, жақтыртпай, пайғамбарды оңаша алып шығып: «Жанындағы пақыр адамдармен бірге отырудан арланамыз. Саған өзге араб тайпалары келеді, олардың бізді мына пақырлардың жанынан көргенін қаламаймыз. Біз саған келіп отырғандықтан оларды жібер. Бізден кейін олармен қалағаныңша отырасың», – деген. Пайғамбар (с.а.с.) олардың дегеніне келісті. Олар бұны қағаз жүзінде бекітуін сұрады. Пайғамбар парақ алдырып, Алиге жаздырды, біз жанында отырған едік. Осы кезде Жәбірейл періште келіп, жоғарыда келген аятты түсірді. Кейін, көп ұзамай: **«Таңертең, кешке Раббыларына, Оның дида-рын іздеп, жалбарынғандармен бірге өзің де сабыр ет. Дүние тіршілігінің сәнін қалап көзіңді басқаға аударма. Сондай-ақ, Біз жүрегін, Бізді еске алудан қаперсізденген, әуесіне ерген және ісі шектен асқан біреулерге бағынба**» («Кәһф» сүресі, 28) аяты түскен болатын», – деген.

Пайғамбар (с.а.с.) кұрайыш басшыларына бөлек, пақыр мұсылмандарға бөлек отырыс жасамақшы болды. Әрине, пайғамбардың бар ойы оларды дінге шақыру еді. Алайда, уахи мен пайғамбар ойы бір жерден шықпады. Тіпті «Раббыларына шақырушыларды кума!» – деп, қатаң ескерткен-ді. Уахи арқылы Аллаһ тағала Өз елшісіне байлар мен пақырлардың арасын бөлмеуді ғана айтып қоймай, оның пақырлармен бірге отыруда сабырлық танытуын бұйырып, такәппар ақсүйектердің ығына жығылмауын тағы баса айтады. Өйткені, олар иман келтіретін болса, пақырлардан бөлінбей-ақ иман келтірер еді.

Пайғамбардың Бәдір тұтқындарына қатысты іс-әрекетінің қадағалануы

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Бәдір соғысында қолға түскен мүшіріктерге қатысты Омардың (р.а.) пікірін қолдамай, бодау алынып, босату жайлы айтылған пікірді қолдаған кезде, пайғамбарға

ескерту ретінде Құран Кәрімнің: «Ешбір пайғамбарға жер жүзінде жауға өктем болғанға дейін тұтқын ұстау тиісті емес. Сендер дүниенің пайдасын ойлайсындар. Аллаһ (сендерге) ақиретті қалайды. Аллаһ өте үстем, даналық иесі (67). Егер Аллаһтан бір жазу (үкім) болмаған болса еді, (бодауға) алғандарыңның салдарынан зор азап ұстар еді (68)» («Әнфәл» сүресі, 67-68),– деген аяттары түседі. Омар (р.а.): «Таңертең Аллаһ елшісінің қасына барғанымда, Әбу Бәкір екеуі жылап отыр екен. Мен оларға: «Уа, Аллаһтың елшісі! Досың екеуіңді жылатқан не нәрсе? Жылауға тұрарлық болса, мен де жылайын. Жылауға тұрмайтын нәрсе болса, сізбен қосылып жылауға тырысайын»,– дедім. Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Мына достарыңның тұтқындардан алған фидияларының себебінен қайғы-мұңға баттым. Маған олардың ұшырайтын азабының мына жанымдағы ағаштан да жақын екендігі көрсетілді»,– деді»²⁵,– деп баяндайды. Бір риуаятта пайғамбарымыз (с.а.с.) Омарды (р.а.) жолықтырып, оған: «Саған қайшы келумен ескертуге ұшырадық»,– деген.²⁶

Мұхаммад Драз: «Аят Бәдір тұтқындары босатылып, бодау алынғаннан кейін түсті, онда бірінші болған істің қателігі мен ұнамсыз екендігі айтылғанымен, соңында көңілді жұбатып келеді. Егер ескерту адамның жан дүниесінен туындаған болса, бұлай болуы мүмкін бе?» – деген²⁷.

Зиһарға қатысты үкім шығаруындағы қадағалануы

Бір әйел Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп, ерінің зиһар бергенін айтады²⁸. Айша анамыз (р.а.) пайғамбардың басындағы жаракатын таңып жатқан еді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: «Сен оған харам болдың»,– дейді. Әлгі әйел: «Уа, Аллаһтың елшісі, жолдасым екеуіміз ұзақ ғұмыр кештік, балалы шағалы болдық, бұл қалай болады?» – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Сен оған харам болдың»,– деп қайталайды. Сонда әйел адам: «Жағдайымды

²⁵ Муслим, Әс-Сахих, 1763.

²⁶ Әл-Хаким, Әл-Мустадрак, 2/359-б.

²⁷ Мұхаммад Абдуллаһ Дараз, Ән-Нәбәу әл-Азим, 26-б.

²⁸ Зиһар арабтардың исламға дейінгі кезеңдеріндегі әдет-ғұрпы болатын, онда ері әйеліне: «Сенің арқаң менің анамның арқасы секілді екен»,– деп айтса, ажырасатын болған.

айтып, Аллаһқа шағымданамын»,– дейді. Осы кезде уахи нәзіл болады. Пайғамбардың жарақатын жуып жатқан Айша (р.а.) орнынан тұрып, әлгі әйелге үндемеуін білдіріп: «Аллаһ елшісі уахи түскен кезде қалғығандай сыңай танытады»,– дейді. Уахи келіп болғаннан кейін әйелге күйеуін шақыртып, Аллаһ тағаланың: «**Расында Аллаһ, ері жайында Аллаһқа шағым айтып, сенімен тартысқан әйелдің сөзін естіді. Аллаһ екеуіңнің сөйлескендеріңді де естиді. Шүбәсіз Аллаһ, толық естуші, тым қырағы (1). Сондай сендерден жұбайларын зиһар еткендердің әйелдері аналары емес. Олардың аналары өздерін тапқандар ғана. Сөзсіз олар теріс әрі өтірік сөз сөйлейді. Шынында, Аллаһ тым кешірімді, ерекше жарылқаушы (2). Сондай жұбайларын зиһар еткендер, сосын айтқан сөздерінен қайтса, сонда екеуі қосылудан бұрын бір құл азат етуге тиіс. Міне, сендерге осы нұсқау беріледі. Аллаһ не істегендеріңді толық біледі**» («Мужадәлә» сүресі, 1-3),– деген аяттарын оқиды. Осы риуаяттан:

Пайғамбардың шағым жасап келген әйелге бірнеше мәрте «Сен оған харам болдың, яғни ажырасасың» дегенін;

Аллаһ елшісі (с.а.с.) зиһарға қатысты уахи келгенге дейін оның үкімін білмегенін, егер білсе, ерлі-зайыптыларды ажырастырмайтынын;

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тағы бір мәрте уахи арқылы түзетілуі, уахидің пайғамбардың өзінен туындамағандығын көрсетеді.

Кейбір мүшіріктерге дұға қылуында қадағалануы

Аллаһ елшісі (с.а.с.) таң намазының соңғы ракағатында рукуғтан басын көтеріп: «Иә, Аллаһ пәленшені, пәленшені, пәленшені лағынетте»,– деп, «самиа Аллаһу лимән хамидах Раббанә ләкә әл-хамд» дұғасын айтқаннан кейін, Аллаһ тағала: «**Ешбір іс сенің еркінде емес. (Аллаһ) я олардың тәубесін қабыл етеді немесе оларды азаптайды. Өйткені, олар залымдар**»,– аятын түсіреді («Әли Имран» сүресі, 128). Имам әт-Табари тәпсірінде бұл аятты: «Уа, Мұхаммед, Менің бұйрығымды орындап, оларды Маған бойсұнуға шақырғаның болмаса, жаратқандарымның ісі сенің қолыңда емес. Олардың

ісі мен жағдайы Менің ғана қолымда, Маған күпірлік қылып, бас көтергендерден қалағанымның тәубесін қабыл алып, үстемдік етемін немесе өлім және ауыртпашылық секілді дүниедегі азаптармен яки кәпірлерге дайындалған ақирет азаптарымен жазалаймын»,– деп түсіндіреді²⁹.

Сол секілді Әбу Талибке жарылқау тілеп, Аллаһ тағала тарапынан ескерту алуы да уахидің Мұхаммедтің өзінен келмегендігін дәлелдейді. Бұл тұрғыда әл-Бұхари риуаят еткен хадисте: «Пайғамбар (с.а.с.) көкесі Әбу Талиб өлім аузында жатқанында қасына келді. Оның жанында Әбу Жәһл мен Абдуллаһ ибн Әбу Умәйя бар болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Уа, көке! Аллаһтан басқа тәңір жоқ»,– деп айт. Ұлы да Аса Мәртебелі Аллаһтың алдында, бұл сөзбен сен үшін куәлік етемін»,–* деді. Осы кезде Әбу Жәһл мен Абдуллаһ ибн Әбу Умәйя: *«Ей, Әбу Талиб! Абдулмутталибтің дінінен бас тартасың ба?»–* деп тұрып алды. Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Екеуі әлгі сөзді қайталай берді де, ақырында Әбу Талибтің оларға айтқан ақырғы сөзі Абдулмутталибтің дінінде қалатындығы болды»,–* деді»,– делінген³⁰.

Пайғамбарымыз (с.а.с.): *«Маған тыйым салынғанша, сен үшін әлбетте кешірім өтінемін»,–* дегенде: **«Пайғамбарға және мүміндерге тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін, егер жақындары болса да мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды»** («Тәубе» сүресі, 113),– аяты мен Әбу Талибке қатысты: **«Расында, жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Алла кімді қаласа, оны тура жолға салады. Сондай-ақ, Ол тура жол табатындарды жақсы біледі»** («Қасас» сүресі, 56),– делінген аят түскен болатын.

Бұл жерде Аллаһ елшісі (с.а.с.) жанына жақын адамының ақиреттегі жағдайына жаны ашып, әрдайым Аллаһтан жарылқау тілеген еді. Алайда, Аллаһ тағала уахи арқылы Аллаһқа ортақ қосып, дүниеден өткен адамға кешірім тілеуге тыйым салып,

²⁹ Ибн Жарир әт-Табари, Жамиғу әл-баян ан тәуил әәи әл-Құран, 7/194-б.

³⁰ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 3884; Муслим, Әс-Сахих, 141.

Мұхаммедтің (с.а.с.) уахиді қабылдаушы ғана екендігін нақтылауда.

Кейбір екіжүзділердің Табук жорығына бармауларын рұқсат етудегі қадағалануы

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) кейбір екіжүзділерге Табук жорығына бармауды рұқсат еткендігіне қатысты, Аллаһ тағала ескертіп: **«Аллаһ сені кешірсін. Саған шын айтқандар анықталып, өтірікшілерді білмейінше оларға неге рұқсат бердің?»** («Тәубе» сүресі, 43) аятын түсірді. Эт-Табари тәпсірінде: «Бұл – Аллаһ тағаланың пайғамбарына кейбір екіжүзділердің римдіктерге қарсы, Табук жорығына бармауларын рұқсат еткені үшін ескертуі»,– дейді.

Пайғамбардың (с.а.с.) кейбір жұбайларының ризашылығын қалауына байланысты қадағалануы

Мұхаммед (с.а.с.) жұбайларының бірі Зейнептің үйінен бал шәрбетін ішкенін қызғанған Айша мен Хафса ақылдасып, пайғамбарға (с.а.с.): «Аузыңыздан жағымсыз иіс шығып тұр»,– дейді. Осыдан соң пайғамбар (с.а.с.) өзіне балды арам етіп, ант ішеді. Осыған орай Аллаһ тағала: **«Ей, пайғамбар! Жұбайларыңның ризалығын қалап, Аллаһтың өзіне адал еткен нәрсесін неге арам етесің? Аллаһ тым жарылқаушы, ерекше мейрімді (1). Расында, Аллаһ анттарыңды шешуді парыз қылды. Аллаһ – Иелерің. Ол толық білуші, аса дана (2)»** («Тахрим» сүресі, 1-2) аятын түсірген. Бұл аятпен Аллаһ тағала пайғамбарына адал нәрсені арам еткені үшін ескерткен.

Аллаһ тағаланың осылайша пайғамбарын қадағалауы, уахиді Мұхаммедтің ішкі жан дүниесінен туындаған деп айтушылардың негізсіз ойларын түбегейлі жоққа шығарады.

Пайғамбардың (с.а.с.) асырап алған баласы талақ қылған әйелге үйленуіне қатысты келген уахи

Пайғамбар (с.а.с.) құлдықтан азат етіп, асырап алған ұлы – Зәйд ибн Харисаны өзінің әкесімен туысқан әпкесінің қызы – Жяхыш қызы Зейнепке үйлендіреді. Алайда, бұл некені Зейнеп те, жақындары да қаламаған еді. Аралары жараспай, Зәйд пайғамбарға (с.а.с.) ажырасатындығын айтып келгенде, пайғамбар (с.а.с.) оны сабырлыққа, тақуалыққа шақыратын.

Кейін Аллаһ тағала уахи арқылы Зейнепті пайғамбардың өзіне некелейтіндігін хабарлаған еді. Пайғамбар (с.а.с.) адамдардың: «өзінің баласының әйеліне үйленді»,– деп айтуынан қорқып, жасырған еді. Ал, Аллаһ тағала бұнымен жаһилдік дәуірден қалыптасқан асырап алған баласына өз тегін беру салтының тамырына балта шапқан болатын. Бұл тұрғыда Аллаһ тағала: **«Сол уақытта өзіне Аллаһ та бақ берген, сен де бақ берген Зәйдке: «Жұбайыңды ажыратпа, Аллаһтан қорық!»–** деуде едің. Аллаһтың жариялайтын нәрсесін көңілінде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде қорқуға Аллаһ лайық. Сонда одан Зәйдтің жұмысы біткен (ажыраған) кезде, оны саған некелендірдік; мүміндерге асырандыларынан босаған әйелдерді алуда бір кінә болмауы үшін. Аллаһтың әмірі орындалады (37). Пайғамбарға Аллаһтың парыз еткен нәрсесінде оған айып жоқ. Бұрынғы өткендерге де Аллаһтың жолы осы еді. Аллаһтың әмірі тұжырымды бір үкім (38)»,– дейді («Ахзаб» сүресі, 37-38).

Бұл жерде, пайғамбардың жасырған нәрсесін Аллаһ тағаланың: **«Аллаһтың жариялайтын нәрсесін көңілінде жасыруда едің»**,– деп әшкерелеуі – пайғамбарды асыранды баласының әйеліне үйлендіру арқылы, баланы асырап алып, оны өз балам деп санайтын салтты жою еді.

Егер уахи пайғамбардың өзінен болса, пайғамбардың қалауына қарсы келмес еді. Сонымен қатар: **«Адамдардан қорқасың. Негізінде қорқуға Аллаһ лайық»**,– деген аятымен пайғамбардың адамдар сөзінен қорыққандығын да білдіруде.

Айша мен Әнәстан (р.а.) жеткен деректе: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) уахидан бір нәрсе жасыратын болса, осы аятты жасырар еді»,– деп келеді.


Сөзімізді қорытатын болсақ, Аллаһ тағаланың Өз елшісін қадағалап, ескертуі – уахидің Аллаһ елшісінің өзінен туындамағандығына нақты дәлел болады. Сонымен қатар, пайғамбардың өз пікірімен шешім қабылдауы күнә болып табылмайды әрі оның пайғамбарлығына да нұқсан келтірмейді. Өйткені, Аллаһ тағала адамзатқа өздерінен болған адамды елші етіп таңдаған болатын. Пайғамбар (с.а.с.): *«Мен де сендер секілді*

адаммын, ой-пікірім қате де, дұрыс та болуы мүмкін. Ал, Аллаһ тағала айтты десем, ешуақытта жалған сөйлемеймін», – деген. Аллаһ тағала пайғамбарының қателікке бой алдыруына мүмкіншілік бергенімен, сол сәтте түзетіп отырған. Пайғамбар (с.а.с.) Аллаһ тағаланың түзетулері мен әміріне бұлжытпай бойсұнып, уахиді жасырып қалмаған.

Сол себепті, Құран – Мұхаммедтің (с.а.с.) жан дүниесінен туындамаған, Аллаһ тағаланың сөзі.

☑ Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ *Иләһи уахи мен иләһи емес уахиді қалай түсінесіз? Айырмашылығы қандай?*
 - ✓ *Ислам діні мен өзге діндердегі уахи түсініктерінің қандай ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар?*
 - ✓ *Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) келген уахидің басқа пайғамбарларға келген уахиден қандай ерекшеліктері бар?*
 - ✓ *Уахи мен Құран Кәрім аяттарының түс арқылы нәзіл болғандығына қатысты көзқарасыңыз қандай?*
 - ✓ *Шығыстанушылар жайлы не білесіз? Олардың ислам өркениетіндегі орнын баяндаңыз.*
 - ✓ *Құран ілімдерін зерттеген қандай танымал ориенталистерді білесіз?*
- ✍ Құран Кәрім Аллаһ тағаланың сөзі екендігін дәлелдеп, дін дұшпандары мен шығыстанушылардың «Құран – Мұхаммедтің ойынан туындаған», – деген жаңсақ пікірлеріне қарсы эссе жазу арқылы жауап беріңіз.*



II ТАРАУ. ҚҰРАН ТАРИХЫ

§ 3. Құранның түсу тарихы мен ерекшеліктері

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

- 1. Пайғамбарымызға (с.а.с.) дейін Құранның сақталуы мен түсуі қандай кезеңдерден өтті?*
- 2. Құран аяттарының бөлек-бөлек түсуінің сыры қандай?*
- 3. Қандай аяттар алғаш және соңғы түскен?*
- 4. Алғашқы және соңғы түскен аяттарды білудің пайдалары қандай?*

1. Құранның сақталуы мен түсуі

Құран Кәрімнің түсуіне қатысты бірнеше көзқарастар бар. Олар келесідей қарастырылады:

а) Көптеген ғалымдардың бір ауыздан келіскен пікірі бойынша, Аллаһ Тағала Құран Кәрімді әуелі «әл-Ләуху әл-Махфузда»³¹ бекітіп, сосын оны аспан дүниесіндегі «Бәйту әл-Иззаға»³² бір-ақ мәрте түсірді де, берекелі рамазан айының мүбәрак қадір түнінде елшісі – Мұхаммед

пайғамбарға (с.а.с.) Жәбірейіл періштені жіберіп, адамзатқа тура жол көрсету үшін бөлек-бөлек аяттар түрінде жиырма үш жылға жуық уақыт бойы түсірді;

³¹ Әл-Ләуху әл-Махфуз (әл-Ләуху: тақта; әл-Махфуз: сақталған) Аллаһтың құзырында болмыс атаулының жаратылмай тұрып, өткені мен болашағы сақталған жер.

³² Әл-Бәйту әл-Изза (Бәйту: үй, мекен; әл-Изза: ұлық, абыройлы) Дүние аспанындағы мекен.

Ибн Жарир әт-Табари сәләфу әссалихтан жеткізіп: «Жеті қат көктің әрбірінің Кағба тұсында арнайы мекен бар. Жетінші қат көктегі мекен «Әл-Бәйту әл-Мағмур» (періштелер тауап жасап құлдық ұратын орын) деп аталады. Ал, дүние аспанындағы мекен «Әл-Бәйту әл-Изза» деп айтылады», – деген.

ә) Құран «Бәйту әл-Иззаға» бір-ақ мәрте түсірілген, сосын Мұхаммедке (с.а.с.) пайғамбарлық келгеннен бастап дүниеден озғанға дейінгі жиырма үш³³ жыл көлемінде түрлі оқиғалар мен жайттарға байланысты бөлек-бөлек түскен³⁴.

Аталған екі пікірдің айтарлықтай айырмашылығы жоқ деуге де болады.

б) Құран Кәрім дүние аспанына жиырма немесе жиырма үш, яки жиырма бес қадір түндерінде түсті. Әрбір түні Аллаһ тағаланың белгілеуімен пайғамбарымызға бір жылда түсетін аяттар нәзіл болған. Сосын Аллаһ елшісіне (с.а.с.) бөлек-бөлек жиырма немесе жиырма үш, яки жиырма бес жыл бойы түсірілген³⁵. Бұл көзқарасты Фахруддин әр-Рази³⁶: «Әл-Ләуху әл-Махфуздан аспан дүниесіне әрбір қадір түнінде адамдардың қажеттілігіне сай түсіп отырған»,— деп түсіндірген³⁷.

³³ Кейбір ғалымдар Құран Кәрімнің жиырма жыл, ал кейбірі жиырма бес жыл бойы түскендігін айтады. Бұл көзқарастар Аллаһ елшісіне (с.а.с.) пайғамбарлық келгеннен кейін, оның (с.а.с.) Меккеде он жыл, не он үш немесе он бес жыл қалғандығымен байланысты. Яғни, пайғамбарымыздың Меккеде қанша жыл қалғандығы жайлы әртүрлі пікірлер бар. Дұрысы он үш жыл қалған. Оған әл-Бұхаридің сахих хадистер жинағындағы Ибн Аббастан жеткен: «Аллаһ елшісі қырық жасында пайғамбар болды, Меккеде он үш жыл уахи келіп тұрды, сосын (Мәдинаға) көшуге бұйырылып (ол жақта) он жыл қалды, сөйтіп ол алпыс үш жасында дүниеден өтті»,— деген хадис дәлел бола алады (Әл-Бұхари, 3902, Муслим, 2351). Ал, Мәдинада он жыл тұрақтағандығын ғалымдар бір ауыздан айтқан.

³⁴ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 96-б.

³⁵ Әз-Зәркәши, Әл-Бурһан, 1/228-б; Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 98-б.

³⁶ Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Омар ибн әл-Хасан ибн әл-Хусейн ибн Али әт-Тәйми әл-Бәкри әт-Табаристани 543/1148 жылы Рей (Тегеран) қаласында дүниеге келген. Ол Фахруддин әр-Рази деген атпен танымал шафиғи мәзһабының тапсірші әрі энциклопедист ғалымы. Оның «Мафатиху әл-ғайыб» тәпсір, «Әл-Махсул» усул әл-фикһ, «Әл-Маталибу әл-Алия» кәләм саласында және физика, математика, медицина секілді көптеген салаларда құнды еңбектері бар. Ол хижраның 606 жылы Гератта дүние салған.

³⁷ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 95-б.

в) Әл-Мәуардидің³⁸ Ибн Аббастан жеткізген дерегі бойынша, Құран Кәрім рамазан айында, мүбәрак қадір түнінде Аллаһ тағала тарапынан бірақ түсірілді, сосын әл-Ләуху әл-Махфуздан аспан дүниесіндегі жазушы періштелерге бөлек-бөлек нәзіл болды, Жазушы періштелер Жәбірейілге бөлек-бөлек жиырма жылда түсірді, сосын Жәбірейіл періште пайғамбарымызға (с.а.с.) бөлек-бөлек жиырма жыл бойы түсірген³⁹. Ибн әл-Араби⁴⁰: «Бұл дұрыс емес, Жәбірейіл мен Аллаһ тағаланың арасында, Жәбірейіл мен Мұхаммедтің (с.а.с.) арасында дәнекер жоқ», – деген⁴¹.

г) Әш-Шағбиден⁴² жеткен дерек бойынша, Құран Кәрім алғаш рет рамазан айында, мүбарак қадір түнінде түсе бастап, кейін әртүрлі оқиғаларға байланысты бөлек-бөлек аяттар түрінде

Әл-Ләуху әл-Махфуз

(اللوح المحفوظ) – «әл-Ләуху»: тақта, «әл-Махфуз»: сақталған) Аллаһтың құзырында болмыс атаулының жаратылмай тұрып, өткені мен болашағы жазылған жер. Сонымен қатар барша қасиетті жазбалардың алғаш сақталған орны. Бұл – Аллаһтың салтанаты мен шексіз құдіретін және барлығын қамтитын ілім мен ерік-қалау Иесі екендігінің көрінісі.

³⁸ Әбу әл-Хасан Али ибн Мұхаммед әл-Басри әл-Мәуарди (364/974-450/1058) – танымал мұсылман ойшылы, шафиғи мәзһабының белді фикһ ғалымы, Аббасилер халифалығының соңғы кезеңдеріндегі атақты қазы. Бірқатар құнды еңбектердің авторы.

³⁹ Ибн Хажар әл-Аскалани, Фатху әл-Бари, 11/155-б, 4983 хадистің түсіндірмесі.

⁴⁰ Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Абдуллаһ әл-Мағафири ибн әл-Араби (468/1076-543/1148) – ортағасырлық Испанияның Севилья қаласында дүниеге келген хафиз хадистанушы, тәпсір және мәлики мәзһабының фикһ ғалымы. Ол Марокконың Фес қаласында дүниеден өткен. Имам әл-Ғазалиден білім алған (Бұл үлкен мұсылман философ ойшылы, сопылық ілімінің әйгілі ұстазы – Мухиддин ибн Араби (558/1164-638/1240) емес).

⁴¹ Әл-Қуртуби, Әл-Жамиғу лиахками әл-Құран, 20/120-б.

⁴² Әл-Хафиз Амир ибн Шурахил әл-Һамдани, танымал ғалым табиғин, Имам Әбу Ханифаның үлкен ұстаздарының бірі, хадис және фикһ ғалымы. Ол өзінің бес жүз сахабамен жуздескенін айтқан. Омар ибн әл-Хаттабтың

пайғамбарға (с.а.с.) түсірілген. Бұл көзқарасты ұстанушылар Құран Кәрімнің Бәйту әл-Изаға түсіріліп сақталуын құптамайды⁴³.

Кейін келген ғалымдардың ішінде Мұхаммед Абдуһтың⁴⁴, Құранның соңғы парасына жазған тәпсірінде осы пікірді қолдауы және Субхи әс-Салихтың: «Құран Кәрімнің әл-Ләуху әл-Махфузда сақталып, одан Бәйту әл-Изаға, кейін пайғамбарымызға бөлек-бөлек түскендігіне қатысты келген деректердің барлығы сахих болғанымен, мутауатир⁴⁵ дәрежесіне жетпеген. Құранның бұл түсулері ғайып тақырыбы болғандықтан, тек мутауатир деректерге ғана жүгініледі, сондықтан бұл пікірді қолдай алмаймыз»⁴⁶, – деуі, олардың имам әш-Шағбидің ұстанымын құптайтынын білдірсе керек.

Осы көзқарастардың біріншісін көпшілік ғалымдар төмендегі дәлелдерге жүгіне отырып бір ауыздан қолдаған.

Құранның «әл-Ләуху әл-Махфузда» сақталғанына:

«بَلْ هُوَ قُرْآنٌ مَّجِيدٌ (۲۱) فِي لَوْحٍ مَّحْفُوظٍ (۲۲)»

«Әрине, ол – ұлы бір Құран. Әл-Ләуху әл-Махфузда сақтаулы» («Буруж» сүресі, 21-22)

إِنَّهُ لَقُرْآنٌ كَرِيمٌ (۷۷) فِي كِتَابٍ مَّكْنُونٍ (۷۸) لَا يَمَسُّهُ إِلَّا
الْمُطَهَّرُونَ (۷۹) تَنْزِيلٌ مِنْ رَبِّ الْعَالَمِينَ (۸۰)

«Шын мәнінде, ол – ардақты Құран (77). Кітапта (Әл-Ләуху әл-Махфузда) сақтаулы (78). Оны тап-таза болғандар

халифалығы тұсында дүниеге келіп, хижраның 109-110 жылдары дүниеден өткен.

⁴³ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 1/71-б.

⁴⁴ Мұхаммед Абдуһ (1849-1905) – мысырлық ғалым, қоғам қайраткері және либералды реформатор. Исламды қоғамның өркениетті даму жағдайларына қарай бейімдеу бағытындағы діни-қоғамдық ағымның негізін салушылардың бірі.

⁴⁵ Мутауатир хабар барлық діни істерде, сенімде, фикһта және т.б. ілімдерде бұлтаргпас, күмәнсіз дәлел болып табылады.

⁴⁶ Док. Субхи әс-Салих, Мәбәхису фи улуми әл-Құран, 51-б.

ғана ұстайды (79). Әлемдердің Раббы жақтан түсірілген (80)» («Уақиға» сүресі, 77-80),– деген аяттар дәлел болады.

Құран Кәрімнің әл-Ләуху әл-Махфузда қашан және қалай сақталғандығына қатысты осы аяттардан артық бір нәрсе айта алмаймыз. Әл-Ләуху әл-Махфуздың бар екендігі және онда Құранның сақталғандығы – хақ нәрсе, оған иман келтіріп, Аллаһтың ұлылығы мен құдіретін еш күмәнсіз мойындауымыз керек. Сонымен қатар Аллаһ тағала тағдырда белгілеген барлық нәрсе сонда жазылған. Оған: **وَكُلُّ صَغِيرٍ وَكَبِيرٍ مُّسْتَطَرٌّ «Барлық кіші-үлкен (нәрселер) жазылған»** («Қамар» сүресі, 53) аяты дәлел. Сол секілді **مَا أَصَابَ مِنْ مُصِيبَةٍ فِي الْأَرْضِ وَلَا فِي أَنْفُسِكُمْ إِلَّا فِي كِتَابٍ مِنْ قَبْلِ أَنْ يَبْرَأَهَا إِنَّ ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ «Жер жүзіне, сондай-ақ сендерге мүбада бір бейнет келетін болса, ол жаратуымыздан бұрын кітапта жазулы. Шәксіз осы, Аллаһқа жеңіл»** («Хадид» сүресі, 22) аятындағы «кітапты» имам әл-Қуртуби «әл-Ләуху әл-махфуз» деп түсіндірсе⁴⁷, **أَلَمْ تَعْلَمَ أَنَّ اللَّهَ يَعْلَمُ مَا فِي السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ إِنَّ ذَلِكَ فِي كِتَابٍ إِنَّ، ذَلِكَ عَلَى اللَّهِ يَسِيرٌ «Аллаһтың жер, көктегі нәрселерді білетінін білмейсің бе? Шәксіз бұлар, Кітапта жазулы. Күдіксіз бұл, Аллаһқа оңай»** («Хаж» сүресі, 70),– деген аяттағы «Кітапты» да Ибн Атия «әл-Ләуху әл-махфуз» деп тәпсірлеген⁴⁸.

Бұл – Аллаһтың салтанаты мен шексіз құдіретін және барлығын қамтитын ілім мен ерік-қалау Иесі екендігін көрсетіп, иманға келген мүміннің иманын арттыраы сөзсіз.

Құранның аспан дүниесіндегі «Бәйту әл-Иззаға» түсірілгеніне:

«شَهْرُ رَمَضَانَ الَّذِي أُنزِلَ فِيهِ الْقُرْآنُ هُدًى لِّلنَّاسِ وَبَيِّنَاتٍ مِّنَ الْهُدَىٰ وَالْفُرْقَانِ»

«Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және ақ пен қараны айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді» («Бақара» сүресі, 185);

«إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ فِي لَيْلَةِ الْقَدْرِ»

⁴⁷ Әл-Қуртуби, Әл-Жамиғу лияхками әл-Құран, 17/220-б.

⁴⁸ Әл-Қадый Әбу Мұхаммед Абдулхаққ ибн Ғалиб ибн Атия Әл-Әндалуси, Әл-Мухарриру әл-уәжиз фи тафсири әл-Китаби әл-азиз, 4/133-б.

«Расында, Біз Құранды Қадір түнінде түсірдік» («Қадір» сүресі, 1);

﴿إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ فِي لَيْلَةِ مُبَارَكَةٍ﴾

«Шын мәнінде, Біз оны мұбарәк бір түнде түсірдік» («Духан» сүресі, 3), – делінген үш аят айғақ болады.

Осы аяттар Құран Кәрімнің бір түнде бірақ түскенін нақты білдіреді. Ал, Құран Кәрімнің пайғамбарымызға (с.а.с.) бір түнде ғана түспей, бөлек-бөлек бірнеше жылдар бойы түскендігін көрсететін дәлелдер баршылық. Сондықтан, аталған үш аятта келген Құран Кәрімнің түсуі Құран аяттарының пайғамбарға түсуін білдірмейді. Бұны қуаттайтын бірнеше дұрыс хадистер де бар.

Имам әл-Бәйһақи мен әл-Хақимнің еңбектерінде Ибн Аббастан: «...Құран аспан дүниесіндегі Бәйт әл-Издада болды, сосын Жәбірейіл періште оны пайғамбарға алып түсті»⁴⁹ және «Құран Қадір түні аспан дүниесіне бір-ақ мәрте түсті, содан кейінгі түсуі жиырма жылдай уақытқа созылды»⁵⁰, – деген хадистер жеткен.

Әт-Табаранидің хадис жинағында да: «Құран рамазан айының қадір түнінде дүние аспанына бір-ақ мәрте түсті, сосын бірте-бірте түсірілді», – деген хадис келген. Осы мағынада айтылған

хадистердің барлығы Ибн Аббастан жеткен және имам әс-Суютидің пікірінше, олардың бірнешеуі сахих хадистерге жата-

Бәйту әл-Изда (بيت العزة) – (Бәйту – үй, мекен, әл-Изда – ұлық, абыройлы) дүние аспанындағы мекен. Ибн Жарир әт-Табари сәләфу әс-салихтың: «Жеті қат көктің әрбірінің Қағба тұсында арнайы мекен бар. Жетінші қат көктегі мекен «Әл-Бәйту әл-Мағмур» (періштелер құлшылық жасайтын орын) деп аталады. Ал, дүние аспанындағы мекен «Бәйту әл-Изда» деп айтылады», – дегенін жеткізген.

⁴⁹ Әл-Бәйһақи, Әс-Сунан, 2/310; Әл-Хақим, Әл-Мустадрәк, 2/222; Ибн Хәжәр әл-Асқалани, Фатху әл-Бари, 11/155, 4983 хадистің түсіндірмесі.

⁵⁰ Әл-Бәйһақи, Әс-Сунан, 1/368; Әл-Хақим, Әл-Мустадрәк, 2/242.

ды. Бұл хадистер Ибн Аббастан жеткендіктен «маукуф» хадис⁵¹ болып табылады. Алайда, сахабаның сөзі мәселенің ғайыппен байланысты болуы және оның жеке пікірінің араласпауы мен исраилияттардан жетпегендігі себепті марфуғ хадис⁵², яғни пайғамбардан жеткен хадис үкімін алады.

Бұған араб тілінде бірақ мәрте түсірілген жағдайда «инзал» сөзінің, ал бөлек-бөлек түсірілгенге «танзил» сөздерінің қолданылуы да айғақ болады. Жоғарыда Құран Кәрімнің дүние аспанына бір-ақ мәрте түсуіне қатысты келген аяттарда да Құранның түсуі «инзал» сөзімен берілгенін аңғарамыз. Ал, Құран Кәрімнің пайғамбарға (с.а.с.) бөлек-бөлек аяттар түрінде түсірілгендігіне:

وَقَالَ الَّذِينَ كَفَرُوا لَوْلَا نُزِّلَ عَلَيْهِ الْقُرْآنُ جُمْلَةً وَّاحِدَةً كَذَلِكَ لِنُثَبِّتَ بِهِ فُؤَادَكَ
وَرَتَّلْنَاهُ تَرْتِيلًا (32) وَلَا يَأْتُونَكَ بِمَثَلٍ إِلَّا جِئْنَاكَ بِالْحَقِّ وَأَحْسَنَ تَفْسِيرًا (33)

«Тағы кәпірлер: «Оған Құран бірақ неге түсірілмеді?»— деді. Осылайша, көкейіңе қондыру үшін оны анықтап оқыдық (32). Олар саған бір мысал келтірсе әрине саған шындықты және көркем түсінікті әкелеміз (33)» («Фурқан» сүресі, 32-33) және **«Біз Құранды адамдарға тоқырап оқуы үшін бөлімдерге айырып, аз-аздап түсірдік»** («Исра» сүресі, 106),— деген аяттар дәлел. Әрі бұл аяттар «тәнзил» сөзімен келген.

Сол секілді Құран аяттарының белгілі бір себептер мен оқиғаларға байланысты түсіп отырғандығын білдіретін хадистер де жеткілікті.

Айтып өткеніміздей пайғамбарымызға (с.а.с.) алғаш Құран аяттары Хира үңгірінде түсе бастады. Пайғамбар (с.а.с.) түскен Құран аяттарын сахабаларына жеткізуге асыққан, оларды оны жаттауға, түсінуге және оқуға қызықтырған. Жазушы сахабаларға түскен аяттарды дереу жазуға бұйырған. Пайғамбарымыз

⁵¹ Маукуф хадис дегеніміз – тізбегі сахабадан аяқталған хадис. Яғни, сахабаның сөзі, ісі және құптағандары.

⁵² Марфуғ хадис дегеніміз – тізбегі пайғамбарға жеткен хадис. Яғни, әдеттегі пайғамбардан жеткен қандай да бір хадис.

(с.а.с.) уахимен түскен Құран аяттарын оларға өзі оқып тұрып жаздыртқан. Осылайша оның көзі тірісінде Құран түгелімен хатқа түседі. Әр жылы Жәбірейіл періште Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге Құранды толығымен жатқа оқып, қайталаған. Бұл жөнінде Ибн Аббастан жеткен хадисте:

عَنْ ابْنِ عَبَّاسٍ قَالَ كَانَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحْوَدَ النَّاسِ وَكَانَ أَحْوَدَ مَا يَكُونُ فِي رَمَضَانَ حِينَ يَلْقَاهُ جِبْرِيْلُ وَكَانَ يَلْقَاهُ فِي كُلِّ لَيْلَةٍ مِنْ رَمَضَانَ فَيُدَارِسُهُ الْقُرْآنَ فَلَرَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ أَحْوَدُ بِالْخَيْرِ مِنَ الرِّيحِ الْمُرْسَلَةِ

«Аллаһ елшісі (с.а.с.) барша адамдардың ішіндегі ең жомарты еді. Рамазанда Жәбірейіл періштемен жолыққанда жомарттығы одан сайын арта түсетін. Жәбірейіл (а.с.) пайғамбарымызбен (с.а.с.) Рамазан айының әр кешінде жолығып, Құранды қайталайтын. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Жәбірейілмен жолыққан кезде, жақсылықта, ерекше жомарттық танытуда самал желден де жылдам болатын»⁵³,– деп баяндалады.

2. Құран аяттарының бөлек-бөлек түсуінің сырлары

Айтып өткеніміздей Құран Кәрім аяттары пайғамбарымызға (с.а.с.) белгілі бір жайттар мен оқиғаларға байланысты бөлек-бөлек түсті. Ғалымдар Құран Кәрім аяттары мен пайғамбар хадистеріне сүйене отырып, аяттардың бөлек-бөлек түсу сырларын келесідей түсіндіреді:

1. Пайғамбарымыздың (с.а.с) жүрегіне тоқтау салып, оның жан дүниесін бекіту, көңіліне қуаныш ұялату үшін. Оған жоғарыда келген Құран Кәрімнің: **«Тағы кәпірлер: «Оған Құран бірақ неге түсірілмеді?»– деді. Осылайша, көкейіңе қондыру үшін оны анықтап оқыдық (32). Олар саған бір мысал келтірсе, әрине, саған шындықты және көркем түсінікті әкелеміз (33) («Фурқан» сүресі, 32-33),–** деген аяты дәлел.

2. Құран сүрелері мен аяттар сахабалардың көкейлеріне тез қонып, жеңіл жатталуы үшін. Себебі көптеген сахабалар ол кезде жазу-сызуды, оқуды білмейтін еді. Құран Кәрім – ерекше дүние,

⁵³ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 3220.

- ✓ *Пайғамбар (с.а.с) жүрегіне тоқтау салып, көңіліне қуаныш ұялату үшін.*
- ✓ *Көкейге тез қонып, жеңіл жатталуы үшін.*
- ✓ *Ғасырлар бойы әдетке айналған жаман мінез-құлықтардан бірте-бірте арылту.*
- ✓ *Әртүрлі жағдайлар мен оқиғаларға байланысты түсуі.*
- ✓ *Мүшріктер мен кәпірлердің сұрақтары мен келтірген шектеріне қарсы жауап ретінде.*
- ✓ *Құран Кәрімнің таңғажайып баяндау үлгісін көрсетуі.*

ол ежелгі арабтардың өлең шумақтары немесе адамдардың жай әңгімелеріне ұқсас көркем қара сөз емес. Ол – мағынасы тым терең, көркемдігі ерекше иләһи сөз. Осындай кең мазмұнды, айрықша мәнерлі сөздің қиындықсыз түсініліп, оңай жатталуы үшін бөлек-бөлек түсірілгендігін, Құран Кәрімнің: **«Біз Құранды адамдарға тоқырап оқуы үшін бөлімдерге айырып, аз-аздан түсірдік»** («Исра» сүресі, 106),– деген аятынан аңғаруға болады.

3. Ғасырлар бойы сүйекке сіңіп, әдетке айналған жаман мінез-құлықтардан арылып, оның орнына көркем

мінездерді бойға жинақтау үшін мұсылман үмбетіне біршама уақыт керек еді. Оған қоса, аяттарда белгіленген нақты шариғат үкімдеріне амал қылу үшін де белгілі мерзім қажет болды. Егер шариғаттағы барлық парыздар мен уәжіптер бір уақытта қабылданып, күллі күнәлар мен жаман істерге бір мезетте тыйым салынғанда мұсылмандарға үлкен машақат туып, олардың барлығын орындау мүмкін болмас еді. Бұның мысалын арасына уақыт салып, бөлек-бөлек түскен, ішімдікке тыйым салған аяттардан аңғарамыз.

4. Аяттар мен сүрелер әртүрлі жағдайларға, түрлі құбылыстарға байланысты түсіп тұрды, сол себепті де бұрын-соңды болмаған оқиғаға орай шариғаттың жаңа үкімдері пайда болды.

5. Мүшріктер мен кәпірлердің айтқан күмәндары мен келтірген шектеріне қарсы жауап ретінде аяттар мен сүрелер кезек-кезек түсіп тұрды және олардың келтірген уәждері ақылға қонымсыз, өте таяз екендігін дәлелдеп отырды. Сол арқылы тура жолдағы мұсылмандарға адасуда жүрген көпқұдайшылдардың ахуалдарын баяндап берді.

Кез келген пенденің жүрегі күмәндардан, нәпсінің сыбырлауынан, шайтанның азғыруынан әрдайым тазаланып тұруы керек. Сондықтан бөлек-бөлек түсіп жатқан аяттар ақ жаңбырдың тамшысындай, жүректерді кезегімен жуып-шайып нұрландырады. Бұл ақиқатты Құран Кәрімнің: *وَنَزَّلُ مِنَ الْقُرْآنِ مَا هُوَ شِفَاءٌ وَرَحْمَةٌ لِّلْمُؤْمِنِينَ وَلَا يَزِيدُ الظَّالِمِينَ إِلَّا خَسَارًا* «Құранның мүміндерге шипа және рақым түсіреміз. Ол залымдардың қасіретін арттыра түседі» («Исра» сүресі, 82), – деген аятынан түсінуге болады.

6. Құран Кәрімнің таңғажайып баяндау үлгісін көрсету.

Құран Кәрімдегі аяттар мен сүрелер әртүрлі оқиғаларға қатысты болса да алуан түрлі үкімдерді қамтиды. Жиырма үш жыл бойы кезек-кезек түсіп тұрса да барлық аяттар бір-бірімен іштей ғажайып байланысады. Мағыналық бірлік пен ерекше тәртіпке негізделгені, мазмұндық ұштасуы мен үйлесімділігі де анық байқалады. Аллаһтың сөзінен ешкім қандай да болсын бір кемшілік яки нұқсан таба алмайды.

Құран – барлық мүшелері өзара тығыз байланысқан тұтас бір дене секілді. Оны басынан аяғына дейін таза ниет, ашық көңіл, терең оймен оқыған пенде ғана толық үйлесімдегі кітап екендігін мойындайды, тамырын тереңге жіберген, берері мол жеміс ағашы сияқты елестетеді⁵⁴.

3. Алғашқы және соңғы түскен аяттар

Алғаш түскен аяттар

Алғашқы түскен аяттар турасында бірнеше көзқарастар бар. Дегенмен, осы тақырыпқа қатысты деректерде келген пікірлердің дұрысырағы «Алғашқы сүресінің алғашқы бес аяты екендігі мәлім. Оған төмендегі дәлелдер айғақ болады.

⁵⁴ Меңілбеков М, Құран ілімдеріне кіріспе, 14-15-б.

Әл-Бұхаридің жинағында келген хадисте Айша анамыз (р.а.):

عَنْ عَائِشَةَ أُمِّ الْمُؤْمِنِينَ أَنَّهَا قَالَتْ أَوَّلُ مَا بُدِيَ بِهِ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ مِنْ الْوَحْيِ الرُّؤْيَا الصَّالِحَةُ فِي النَّوْمِ فَكَانَ لَا يَرَى رُؤْيَا إِلَّا جَاءَتْ مِثْلَ فَلَقِ الصُّبْحِ ثُمَّ حَبَبَ إِلَيْهِ الْحَلَاءُ وَكَانَ يَحْلُو بِعَارِ حِرَاءٍ فَيَتَحَنَّنُ فِيهِ وَهُوَ التَّعَبُّدُ اللَّيَالِي ذَوَاتِ الْعَدَدِ قَبْلَ أَنْ يَنْزِعَ إِلَى أَهْلِهِ وَيَتَرَوَّدُ لِذَلِكَ ثُمَّ يَرْجِعُ إِلَى خَدِيجَةَ فَيَتَرَوَّدُ لِمِثْلِهَا حَتَّى جَاءَهُ الْحَقُّ وَهُوَ فِي عَارِ حِرَاءٍ فَجَاءَهُ الْمَلَكُ فَقَالَ اقْرَأْ قَالَ مَا أَنَا بِقَارِئٍ قَالَ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي حَتَّى بَلَغَ مِنِّي الْجَهْدُ ثُمَّ أَرْسَلَنِي فَقَالَ اقْرَأْ قُلْتُ مَا أَنَا بِقَارِئٍ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي الثَّانِيَةَ حَتَّى بَلَغَ مِنِّي الْجَهْدُ ثُمَّ أَرْسَلَنِي فَقَالَ اقْرَأْ فَقُلْتُ مَا أَنَا بِقَارِئٍ فَأَخَذَنِي فَعَطَّنِي الثَّلَاثَةَ ثُمَّ أَرْسَلَنِي فَقَالَ (اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ اقْرَأْ وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ)

«Аллаһ елшісіне ең алғашқы уахи шын түс ретінде басталған. Ол ұйқысында қандай түс көрсе, сол нәрсе оның өңінде таң нұрындай (анық) қайталанар еді. Содан кейін, ол оңашалануды ұнататын болды. Сөйтіп «Хира» үңгіріне барып, жеке өзі таханнус жасап, бірнеше күн (Аллаһқа) құлшылық етер еді. Кейде азық үшін жанұясына түсіп, содан соң қайтар еді. Қашан хақ (уахи) келгенінше осылай жалғасты. Ол сонда Хира үңгірінде еді. Оның алдына періште келіп: «Оқы!» – деді. (Сонда Аллаһ елшісі): «Мен оқуды білмеймін»,– деді. (Сол кезде болып өткен оқиға жайлы пайғамбарымыз (с.а.с.) әңгімелеп былай) деді: «Ол (періште) мені ұстап қатты қысты, сосын жіберіп: «Оқы!» – деді. Мен: «Мен оқуды білмеймін» дедім. «Ол мені екінші рет ұстап қатты қысты, сосын жіберді де: «Оқы!» – деді. (Мен тағы) «Мен оқуды білмеймін»,– дедім. «Ол мені үшінші рет ұстап қатты қысты, сосын жіберді де: «Оқы!» (Ей, Мұхаммед, бүкіл барлықты) жаратқан Раббыңның атымен (бастап оқы)! Ол адамды бір түйіршік қаннан жаратты. Оқы! (Ол) Сенің Раббың аса ардақты» – деді»,– деген.

Әл-Хақим, әл-Бәйһақи Айша анамыздың (р.а.): «Құранның алғашқы түскен сүресі *أَفْرَأُ بِأَسْمِ رَبِّكَ* «**Раббыңның атымен оқы**»⁵⁵, – дегенін жеткізген.

Әт-Табарани жеткізген тағы бір хадисте Әбу Ража әл-Атариди⁵⁶: «Әбу Мұса бізге оқытқызып, бізді алқа құрып отырғызатын, үстінде екі ақ киімі болатын. Егер *أَفْرَأُ بِأَسْمِ رَبِّكَ*

الَّذِي خَلَقَ «**Жаратқан Раббыңның атымен оқы**» сүресін оқыса, бұл – Мұхаммедке (с.а.с.) алғаш

түскен сүре дейтін»⁵⁷, – деп айтқан.

Сонымен қатар кейбір зерттеушілер алғаш «*Муддәссир*» сүресі түскендігін алға тартады. Олар көзқарастарын әл-Бұхари мен Муслимде келген Жәбир ибн Абдуллаһтың (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.а.с.): «*Мен жолда кетіп бара жатқан едім, кенеттен аспаннан бір дауыс естідім. Жоғары қарап едім, Хира үңгірінде маған келген періште аспан мен жердің ортасында қалықтаған тақтың үстінде отыр екен. Мен одан қорқып үйге қайтып келдім де: «Мені бүркеңдер, бүркеңдер!» – дедім. Сол кезде Аллаһ тағала: *يَأْتِيهَا الْمَدَدُ (۱) فَمُ قَائِدٌ (۲) وَرَبَّكَ فَكَبَّرُ (۳) وَتَبَانَكَ فَطَهَّرُ (۴) وَالرُّجُزَ فَاهْجُرُ (۵)* «**Ей, жамылушы! (1) Тұр! (Адамдарға) ескерт! (2) Раббыңды ұлықта! (3) Киіміңді тазала! (4) Әртүрлі лас***

Пайғамбарға (с.а.с.) ең алғаш түскен аят - әл-Аләқ сүресінің алғашқы бес аяты. Осы аяттар арқылы пайғамбарлық мерзім басталса, «әл-Муддәссир» сүресінің аяттары елшілік міндетті жүктеген болып саналады. Ал «Фатиха» сүресі Құран сүрелерінің ішінде ең алғаш түскені болып саналады.

⁵⁵ Әл-Хақим, Әл-Мустадрәк, 2/529; Әл-Бәйһақи, Дәләйлу ән-Нубуаһ, 2/155. Сахих хадис.

⁵⁶ Иман ибн Малхан әт-Тәмими әл-Басри – Мекке алынғаннан кейін иман келтірген үлкен мухадрам имамы (Мухадрам дегеніміз – жаһилдік дәуірде өмір сүріп, кейін ислам дінін қабылдаған, бірақ пайғамбармен (с.а.с.) жүздесу нәсіп болмаған тұлғалар).

⁵⁷ Әт-Табарани, Әл-Муғжаму әл-Кәбир; Әз-Зуркани, Мәнәһилу әл-ирфан, 1/127-б. Сахих хадис.

істерден аулақ бол! (5)»,– деген аяттарды түсірді»,– деген хадисін дәлел қылады⁵⁸.

Бұл дерек «Мүддәссир» сүресінің алғаш түскендігіне нақты айғақ емес. Өйткені риуаяттың мәнісінен: оның алғаш уахи келгеннен кейінгі кезеңде түскендігі байқалады. Өйткені бұл аяттар Хира үңгірінде алғаш аяттар түскеннен кейін пайғамбарымыз (с.а.с.) Хадиша анамыздың үйіне барған кезінде нәзіл болған.

Кейбір деректерде Құранның алғаш түскен аяты «*Фатиха*» сүресі екендігі айтылады. Алайда, бұл пікірді қуаттайтын деректер де қанағаттанарлық емес.

Демек, аталған көзқарастарды назарға алатын болсақ, Құран Кәрімнің ең алғаш түскен «Аләқ» сүресінің алғашқы бес аяты арқылы пайғамбарлық мерзім басталса, «Муддасир» сүресінің аяттары – елшілік міндетті жүктеген болып саналады. Ал, «*Фатиха*» сүресі Құран сүрелерінің ішіндегі ең алғаш түскені болып табылады.

Ең соңғы түскен аяттар

Құрандағы ең соңғы түскен аят турасында ғалымдар ортақ пікірге келмеген, өйткені ол жөнінде пайғамбарымыздың (с.а.с.) өзінен немесе саңлақ сахабаларынан жеткен нақты хадис немесе үзілді-кесілді хабар жоқ. Бұл мәселе жөнінде Құран ілімдеріне арналған кітаптарда он шақты пікір бар, алайда, біз олардың кейбіріне ғана тоқталып кетейік:

Бірінші, «Бақара» сүресінің 281-аяты.

وَأَتَقُوا يَوْمًا تُرْجَعُونَ فِيهِ إِلَى اللَّهِ ثُمَّ تُوَفَّى كُلُّ نَفْسٍ مَا كَسَبَتْ وَهُمْ لَا يُظْلَمُونَ
«Аллаһқа қайтатын күннен қорқындар, сосын әрбір жан істегенін толық алып, олар зұлымдық көрмейді». Абдуллаһ ибн Аббастан жеткен дерек бойынша, пайғамбарымыз (с.а.с.) осы аят түскеннен кейін тоғыз күн ғана өмір сүрген.

Осы аяттың Құран Кәрімнің ең ақырғы түскен аяты екендігіне имам ән-Нәсәи, Ибн Жарир әт-Табари Икриманың Ибн Аббастан, басқа тізбекте Ибн Мардауайһ Сағид ибн Жубәйрдің Ибн

⁵⁸ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу Әс-Сахих, 3066; «Муддассир» сүресінің тәпсірі, Муслим, Әс-Сахих, 161.

Аббастан жеткізген: «Құранның ең соңғы түскен аяты «**Аллаһқа қайтатын күннен қорқындар ...**» аяты»,– деген хадис дәлел.

Екінші, «Бақара» сүресінің 278-аяты.

«Ya, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқындар! Егер иман еткен болсаңдар, қалған өсімқорлықты тастаңдар!» Абдуллаһ ибн Аббастан жеткен тағы бір хадис бойынша, ақырғы болып, осы аят түскендігі айтылады. Алайда кейбір ғалымдар бұл деректерді зерделей отырып, аяттың «өсімге қатысты келген аяттардың ақырғысы»,– деген пікір білдірген.

Үшінші, «Бақара» сүресінің 282-аяты.

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا تَدَايَيْتُمْ بِدِينٍ إِلَىٰ أَجَلٍ مُّسَمًّى فَاكْتُبُوهُ وَلْيَكْتُب بَيْنَكُمْ كَاتِبٌ بِالْعَدْلِ وَلَا يَأْب كَاتِبٌ أَنْ يَكْتُبَ كَمَا عَلَّمَهُ اللَّهُ فَلْيَكْتُبْ وَلْيُمْلِلِ الَّذِي عَلَيْهِ الْحَقُّ وَلْيَتَّقِ اللَّهَ رَبَّهُ وَلَا يَبْخَسْ مِنْهُ شَيْئًا فَإِنْ كَانَ الَّذِي عَلَيْهِ الْحَقُّ سَفِيهًا أَوْ ضَعِيفًا أَوْ لَا يَسْتَطِيعُ أَنْ يُمِلَّ هُوَ فَلْيُمْلِلْ وَلِيُّهُ بِالْعَدْلِ وَاسْتَشْهِدُوا شَهِيدَيْنِ مِنْ رِجَالِكُمْ فَإِنْ لَمْ يَكُونَا رَجُلَيْنِ فَرَجُلٌ وَامْرَأَتَانِ مِمَّنْ تَرْضَوْنَ مِنَ الشُّهَدَاءِ أَنْ تَضِلَّ إِحْدَاهُمَا فَتُذَكِّرَ إِحْدَاهُمَا الْأُخْرَى وَلَا يَأْب الشُّهَدَاءُ إِذَا مَا دُعُوا وَلَا تَسْأَمُوا أَنْ تَكْتُبُوهُ صَغِيرًا أَوْ كَبِيرًا إِلَىٰ أَجَلِهِ ذَلِكُمْ أَقْسَطُ عِنْدَ اللَّهِ وَأَقْوَمُ لِلشَّهَادَةِ وَأَدْنَىٰ أَلَّا تَرْتَابُوا إِلَّا أَنْ تَكُونَ تِجَارَةً حَاضِرَةً تُدِيرُونَهَا بَيْنَكُمْ فَلَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَلَّا تَكْتُبُوهَا وَأَشْهِدُوا إِذَا تَبَايَعْتُمْ وَلَا يُضَارَّ كَاتِبٌ وَلَا شَهِيدٌ وَإِنْ تَفَعَّلُوا فَإِنَّهُ فَسُوقٌ بِكُمْ وَاتَّقُوا اللَّهَ وَاعْلَمِكُمُ اللَّهُ وَاللَّهُ بِكُلِّ شَيْءٍ عَلِيمٌ

«Ей, мүміндер! Егер белгілі бір мерзімге дейін бір-біріне борыштансаңдар, сонда оны жазындар. Араларыңда бір хатшы дұрыс жазсын. Сондай-ақ, хатшы Аллаһтың оған үйретуі бойынша жазудан бас тартпасын. Борышты кісі жаздырсын. Раббы болған Аллаһтан қорықсын әрі одан ешнәрсе кемітпесін. Сонда егер борышты есалаң не нашар (жас бала не кәрі) немесе жаздыра алмайтын (сақау, т.б.) болса, оның иесі тура жаздырсын. Еркектеріңнен екі айғақ қойындар. Егер еркек болмаса, онда өздерің ұнатқан айғақтардан бір еркек, екі әйел болады. Егер екеуінің бірі жаңылса, екіншісі

оның есіне салады. Куәлер шақырылған сәтте бас тартпасын. Аз, көп болса да белгілі мерзімге дейін жазудан ерінбедер. Осыларың Аллаһтың қасында туралық; куәлік үшін мықтырақ және күдіктенбеуге де жақынырақ. Бірақ та өзара қолма-қол алып, беретін әзір сауда болса, жазбауларыңның оқасы жоқ. Саудаласқан кезде айғақ қойындар. Хатшы да, айғақ та зиянға ұшыратылмасын. Егер оны істесендер, рас күнәлі боласындар. Аллаһтан қорқындар. Әрі Аллаһ сендерге үйретеді. Сондай-ақ, Аллаһ әр нәрсені толық білуші».

Құрандағы «ең ұзын аят» саналатын қарызға қатысты келген осы аяттың соңғы түскен аят екендігін алға тартқандар – Ибн Шиһаб әз-Зухри мен Сағид ибн әл-Мусайябтан жеткен мурсал хадиске жүгінген. Алайда, бұл аят – Құран Кәрімнің соңғы түскен аяты емес, аяттың қамтып отырған сауда-саттық тақырыбына қатысты соңғы түскен аят деп айтуға болады. Себебі ғалымдар Құран Кәрімнің ең соңғы түскен аятын зерттегені секілді, әрбір тақырып пен мәселеге қатысты соңғы түскен аяттарды да анықтаған.

Төртінші, «Тәубе» сүресінің соңғы аяттары

لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ مِنْ أَنْفُسِكُمْ عَزِيزٌ عَلَيْهِ مَا عَنِتُّمْ حَرِيصٌ عَلَيْكُمْ
بِالْمُؤْمِنِينَ رَءُوفٌ رَحِيمٌ (۱۲۸) فَإِنْ تَوَلَّوْا فَقُلْ حَسْبِيَ اللَّهُ لَا إِلَهَ
إِلَّا هُوَ عَلَيْهِ تَوَكَّلْتُ وَهُوَ رَبُّ الْعَرْشِ الْعَظِيمِ (۱۲۹)

«Расында сендерге іштеріңнен ардақты бір пайғамбар келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мүміндерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді (128). Сонда егер олар сенен бет бұрса: «Маған Аллаһ жетіп асады, Одан басқа ешбір тәңір жоқ, Оған тәуекел еттім. Сондай-ақ Ол – ұлы аршының Раббы», – де (129)».

Бұл аяттардың ең соңғы түскен аяттар екендігін әл-Хақимнің «Мустадрак» атты хадис жинағында Убай ибн Кағыбтан (р.а.) жеткізген риуаятынан көре аламыз. Әсілінде, деректер бұл аяттардың «Тәубе» сүресінің соңғы аяттары ғана екендігін ұғындырады.

Бесінші, «Насыр» сүресі.

إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ (۱) وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ
أَقْوَامًا (۲) فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَعِذْ بِهِ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا (۳)

**«Аллаһтың жәрдемі және жеңіс келген кезде (1);
Адамдардың Аллаһтың дініне топ-тобымен кіргенін көресің
(2). Енді Раббыңды мадақтап дәріпте, Одан жарылқау тіле.
Негізінен Аллаһ, тәубені аса қабыл етуші (3)».**

«Насыр» сүресі ең соңында түскен»,– деген пікірге имам Муслимнің, ән-Нәсәидің хадис жинақтарындағы Абдуллаһ ибн Аббастан жеткен деректер дәлел болады. Бұл пікірді алға тартқандар сүренің пайғамбар қазасының жақындағанына ишарат еткендігіне қатысты деректерге де жүгінген болса керек. Оған имам әл-Бұхаридің осы сүренің тәпсіріне қатысты жеткізген деректерін айтуға болады⁵⁹.

Имам әс-Суюти жоғарыда келтірілген әртүрлі пікірлерді жинақтай келіп: «Шамасы «Бақара» сүресіндегі жоғарыда аталған аяттардың барлығы бір уақытта түскен болса керек, себебі олардың Құрандағы орналасу тәртіптері де соған дәлел болады»,– деген ой түйеді⁶⁰.

Әз-Зурқани өзінің еңбегінде жоғарыда келтірілген барлық пікірлерді тізіп шығып, сөз соңында ең ақырғы түскен аят деп «Бақара» сүресінің 281-аятына тоқтайды және оған:

- бұл аятта уахидің тоқтайтынына ашық ишарат-белгі бар;
- бұл аят барша адамдарды қиямет күніне дайындалуға шақырады;

– Ән-Нәсәидің хадис кітабында келген хадисте айтылғандай, «пайғамбар осы аят түскеннен кейін тоғыз күн ғана өмір сүрген»,– деген дәлелдер мен дәйектер келтіреді⁶¹.

Ең әуелі және ең ақырғы түскен аяттар турасындағы зерттеу жұмыстарының барлығы да «нақли» (Құран мен сүннеттен алынған) дәлелдерге сүйенеді, оны жай ғана ақылдың көмегімен

⁵⁹ Әл-Бұхари, әл-Жамиғу әс-Сахих, 4970.

⁶⁰ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 68-б.

⁶¹ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-Ирфан, 1/138-б.

шешу мүмкін емес, өйткені ондай тәсіл қанағаттанарлық нәтиже бермесі анық.

Алғашқы және соңғы түскен аяттарды білудің пайдалары:

– Насих және мансұх аяттарды ажырата білу, яғни белгілі бір шариғат үкіміне байланысты екі немесе бірнеше аяттарды өзара ажырату үшін олардың түскен уақыттарын нақты білу керек;

– Ислам шариғатының тарихы мен даму кезеңдерімен танысу, яғни шариғаттағы барлық үкімдер қашан және қандай жағдайда пайда болып, қалай дамыды деген мәселелерді, сондай-ақ үкімдердің пайдасын, хикметтерін дұрыс ұғыну қажет. Мысалы, арақ-шараптың, ішімдіктердің шариғаттағы үкімі үш түрлі кезеңнен өткен болатын. Бірінші кезеңде – олардың пайдасынан гөрі зияны артық екендігі айтылса, екінші кезеңде – мас күйде намаз оқуға қатаң тыйым салынды. Ал, үшінші кезеңде – ішімдіктердің шариғаттағы үкімі «харам» деп нақты белгіленді;

– Құранға деген қызығушылық пен қамқорлықтың қандай дәрежеде болғандығын көрсету, нақты айтқанда, ең әуелі түскен аят пен ақырғы аят мәселесінің өзі көптеген ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нысаны болған;

– Құран Кәрімдегі ішкі мазмұндық, тақырыптық үйлесім мен мағыналық бірлікті айқын көрсету, аяттар мен сүрелердің өзара тығыз байланысын баяндау.

Тәпсір ілімін зерттеген кейбір ғалымдар аяттардың қай жерде түскендігін де зерттеумен айналысып, Мекке, Мәдина, Бәйтул Макдис, Тәбук, Тайф, Жухфа, Худайбия секілді қалалар мен Мина, Арафат, Бәдір, Ухуд секілді жерлерде түскен аяттарды жеке-жеке топтап, оларды дәлме-дәл анықтаған.

Пайғамбардан (с.а.с.) мол рухани тәлім-тәрбие алған саңлақ сахабалардың ілім-білімдерін мирас етіп алған ғалымдар, Құранға қатысы бар алуан мәселелерге қалам тартып, арттарына бай мұра қалдырды. Сол мәдени мұра адамзаттың талай ұрпағының рухани азығына айналды⁶².

⁶² Меңілбеков М, Құран ілімдеріне кіріспе, 21-24-б; Мұхаммед Абдулазим әз-Зуркани, Мәнәһил әл-ирфан, 1/125-б.

☑ Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ Құран Кәрімнің түсу тарихын баяндап, оған қатысты көзқарастарды салыстыр! Сіз қай көзқарасты таңдайсыз? Неліктен?
 - ✓ Құран аяттарының бөлек-бөлек түсуінің қандай сырлары бар?
 - ✓ Құранның бөлек бөлек түсуі пайғамбарымыздың дағуаты мен мұсылман шаригатының қалыптасуына қалай әсер етті?
 - ✓ Қай аят алғашқы және соңғы түскен деп есептейсіз? Неліктен?
 - ✓ Алғашқы және соңғы түскен аяттарды білудің қандай пайдалары бар?
- ✍ «Құран Кәрім – мәңгілік мұғжиза» атты тақырыпқа эссе жазыңыз (2 беттен кем болмауы керек).

§ 4. Құранның жазылуы мен жинақталу тарихы

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Құранның пайғамбар (с.а.с.) кезінде сақталуы және жазылу тарихы қандай?
2. Құранның Әбу Бәкір (р.а.) кезінде жинақталу тарихы мен ерекшеліктері қандай?
3. Құранның Осман (р.а.) кезеңінде жинақталуы мен көбейтілуі жайлы не білеміз?
4. Құран Кәрімнің нүктеленуі мен харекелену тарихы қандай?

1. Құранның жазылуы мен жинақталу тарихы

Құран Кәрімнің жазылуы мен жинақталу тарихына қатысты кейбір ғалымдар жекелеген еңбектер арнаған. Мысалы: Ибн Әбу Дәуіттің «Әл-Масахиф», Ибн әл-Әштәнің «Әл-Масахиф», Әбу Бәкір ибн Таииб әл-Бақилланидің «Әл-Интисар линақли әл-Құран» атты еңбектерін айтуға болады. Осы және өзге де дереккөздерге сүйене отырып, Құранның жазылуы мен жинақталу тарихын мына кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

Бірінші кезең: Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірісінде жаңадан түскен аяттар сахабалар тарапынан дер кезінде жазылып, есте сақталған.

Екінші кезең: Әбу Бәкірдің (р.а.) (11/632-13/634) тұсында жадыларда жатталып, әртүрлі заттарға жазылған Құран аяттары жинақталған.

Үшінші кезең: Жадылар мен әртүрлі жерде сақталған Құран аяттары Османның (р.а.) (23/644-35/656) заманында сахабалардың келісімімен бір мұқабаға жинақталып, кітап (мұсахаф) түрінде көбейтілген.

Төртінші кезең: Құранның харакелері мен нүктелерінің қойылуы. Бұл кезеңнің өзі келесі үш дәуірде жүзеге асырылған:

- а) Муғауия ибн Әбу Суфиянның (41/661 – 60/680) тұсында, Әбу әл-Әсуад әд-Дуалидің⁶³ (69/689 жылы дүние салған) бастамасымен Құран оқу барысында орын алған қателіктерді болдырмау үшін, кейіннен пайда болған харекелердің орнына нүктелер қойылған.
- ә) Абдулмәлик ибн Маруанның⁶⁴ (65/685 – 86/705) халифалығы кезінде Ирак өлкесінің әміршісі әл-Хажжаж ибн Юусуфтың⁶⁵ бастамасымен (95/713 ж.д.с.) Құрандағы кейбір әріптерді бір-бірінен ажырату үшін нүктелер қойылған.
- б) Грамматикалық мән-мағынаны білдіретін: фатха, кәсра, дamma және сукун харекелердің қойылуы. Алғаш рет Халил ибн Ахмед әл-Фараһидидің⁶⁶ (100/718 – 170/786) қолымен жүзеге асырылған.

⁶³ Әбу әл-Әсуад Залим ибн Амр ибн Суфиян әд-Дуали әл-Кинани (Хижраға дейін 16 жылы дүниеге келіп, 69/689 жылы дүние салған). Алғашқы табиғиндер қатарынан саналған, араб тілінің грамматикасының негізін қалаушы, атақты лингвист ғалым. Али ибн Әбу Талибтің халифалығы кезінде Басраның әміршісі болған. Сол кезеңде орын алған шайқастарға қатысқан. Атақты сахабалардан хадис естіген.

⁶⁴ Абдулмәлик ибн Маруан (26/647-86/705) – Умәуи әулетінің 5-халифі. Ол Ислам мемлекеті түрлі саяси оқиғалар салдарынан екі халифалыққа бөлініп тұрған тұста, әкесі Маруан ибн әл-Хакам дүниеден өткеннен кейін 65/685 жылы Мысыр, Шам өлкелерін ғана билеп тұрған Умәуи әулетінің халифасы болып тағайындалған.

Ирак өлкесінің әміршісі әл-Хажжаж ибн Юусуфпен бірге Умәуи әулеті билігіне қарсы қозғалыстарды тұншықтырып, мұсылман әлемін қайта біріктіру үшін ұзақ күрескен. Нәтижеде 73/692 жылдан бастап Ислам әлеміне толықтай билігін жүргізген.

⁶⁵ Әл-Хажжаж ибн Юусуф әс-Сәқафи – Ирақ, Машриқта жиырма жыл әмірші болған. Тарихта асқан зұлымдығымен танылғанымен, Құран Кәрімге айрықша көңіл бөлген. Ол хижраның 95 жылы дүние салған.

⁶⁶ Әбу Абдуррахман әл-Халил ибн Ахмед ибн Амр ибн Тамим әл-Фараһиди әл-Әзди әл-Басри (100/718-170/786) – араб тілінің майталман маманы, энциклопедист ғалым. Дәстүрлі араб тіл білімінің әдіснамасын жасаған, просодия ілімінің негізін салған атақты лингвист. Басра тіл білімі мектебінің өкілі.

2. Құранның пайғамбар (с.а.с.) кезінде сақталуы және жазылуы

Пайғамбарымыз (с.а.с.) көзі тірісінде Құранды кітап халіне келтіріп жинақтауға аса мән беріп, Құранның келешектегі тағдыры туралы қам шекпеген. Бұның басты сырларының бірі – Құран аяттары түсуінің пайғамбар (с.а.с.) өмірінің соңына дейін жалғасуы мен сол кездегі Құран жазбаларын бір мұқабаға жинақтау қажеттілігінің туындамауы еді. Сонымен қатар Аллаһ тағаланың: «Әлбетте, Біз зікірді (Құранды) түсірдік және оны Біз (қияметке дейін) сақтаушымыз (сақтаймыз)», – деген аятымен Құран Кәрімді Өзі қорғап сақтайтындығына кәміл сенген тұғын. Құран Кәрімнің сол кезеңде жинақталмағандығын білдіретін тарихи деректер де жеткілікті⁶⁷.

Дегенмен, Мұхаммед (с.а.с.) Құран аяттарының сахабалар тарапынан жатталуын ғана қаламай, кейбір сахабаларына жаздырып та отырған. Оған сахабалар арасында Али ибн Әбу Талиб, Мұғауия ибн Әбу Суфиян, Убәй ибн Кағыб, Зәйд ибн Сәбит сынды (Аллаһ олардан разы болсын) арнайы уахи жазған хатшылардың болғандығы дәлел.

Пайғамбардың (с.а.с.) оқу-жазу білмегендігін және уахиді арнайы жазушыларына жаздырғандығын көрсететін бірнеше дәлелдер бар.

1. Құран Кәрімде пайғамбардың (с.а.с.) оқу-жазу білмегендігіне қатысты аяттар келеді. Мысалы:

قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنِّي رَسُولُ اللَّهِ إِلَيْكُمْ جَمِيعًا الَّذِي لَهُ مُلْكُ السَّمَاوَاتِ
وَالْأَرْضِ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ يُحْيِي وَيُمِيتُ فَأَمِنُوا بِاللَّهِ وَرَسُولِهِ النَّبِيِّ
الْأُمِّيِّ الَّذِي يُؤْمِنُ بِاللَّهِ وَكَلِمَاتِهِ وَاتَّبِعُوهُ لَعَلَّكُمْ تَهْتَدُونَ

«(Мұхаммед (с.а.с.): Ей, адам баласы! Мен барлығыңа Аллаһтың елшісімін; Ол сондай Аллаһ, жер мен көктің иелігі Оған тән. Одан басқа тәңір жоқ. Ол тірілтеді де өлтіреді. Аллаһқа және Аллаһтың сөздеріне сенген, жіберілген оқу-жазу білмейтін пайғамбарға иман келтіріңдер. Және

⁶⁷ Әс-Суюти, әл-Итқан, 129-б.

оған еріндер, әрине тура жол табасындар»,– де» («Ағраф» сүресі, 158) аяты.

2. Құран Кәрімнің لَا يَمْسُهَا إِلَّا الْمُطَهَّرُونَ «Құранды тек таза болғандар ғана ұстайды» («Уақиға» сүресі, 79),– деген аяты да Құранның жазылғандығын білдіреді.

3. رَسُولٌ مِّنَ اللَّهِ يَتْلُو صُحُفًا مُّطَهَّرَةً «Тап-таза парақтарды оқитын Аллаһ тарапынан жіберілген бір пайғамбар (еді)» аяты да пайғамбардың жазылған Құран парақтарына қарап оқығандығын білдіреді.



4. Әбу Сағид әл-Худриден жеткен хадисте пайғамбарымыз (с.а.с.): «Менен бір нәрсе жазбаңдар. Кім менен Құраннан басқа бір нәрсе жазған болса, жойсын»⁶⁸,– деп, Құраннан басқа нәрселердің жазылуына тыйым салған.

5. Әл-Хақимнің Мустадракінде Зәйд ибн Сәбиттің: «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жанында Құранды рикаққа (парақшаға немесе теріге) жазатын едік ...»⁶⁹,– деген хадисі келген.

6. Омар ибн әл-Хаттаб исламды қабылдар алдында қарындасының қолынан «Таха» сүресінің жазылған нұсқасын көрген болатын.

7. Пайғамбар хадистері мен тарих кітаптарында Құран аяттарын жазу үшін қолданылған заттар мен құралдар туралы айтылады.

Алғашқы кезде сахабалар Құран Кәрімді жазумен қатар, жаттап отырған. Сахих әл-Бұхариге жүгінер болсақ, пайғамбар (с.а.с.) заманында Құран жаттаған сахабалар саны жетеуден аспаған. Олардың аттары, кейбірі қайталана отырып, мына үш хадисте келеді:

⁶⁸ Муслим, әс-Сахих, 7510.

⁶⁹ Әл-Хақим, әл-Мустадрак, 2/299.

Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Астан жеткен хадисте, ол: «Мен пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Құранды мына төрт кісіден алыңдар: Абдуллаһ ибн Мәсғуд, Сәлим, Муғаз және Убәй ибн Кағыб»,– дегенін естідім»,– дейді.

Қатәдә⁷⁰ Әнәс ибн Мәликтен, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) заманында Құранды кім жинақтағанын сұраған. Ол: «Төрт адам, барлығы ансарлардан, (олар): Убәй ибн Кағыб, Муғаз ибн Жәбәл, Зәйд ибн Сәбит және Әбу Зәйд»,– деп жауап берген.

Сәбит ибн Әнәс: «Пайғамбар (с.а.с.) дүние салған кезде, Құранды төрт кісіден басқа ешкім жинаған емес. (Олар): Әбу Дәрдә, Муғаз ибн Жәбәл, Зәйд ибн Сәбит, Әбу Зәйд»,– деген.

Бұл хадистер әл-Бұхаридің сахихтер жинағы, «Ансарлар қадір-қасиеті» кітабының он жетінші тарауында келген.

Яғни, хадистерде келген Құран жаттаған сахабалар: Убәй ибн Кааб, Муғаз ибн Жәбәл, Зәйд ибн Сәбит, Әбу Зәйд ибн әс-Сәкән, Сәлим ибн Мағқал, Әбу Дәрдә, Абдуллаһ ибн Масғуд.

Имам әс-Суюути «әл-Итқан» атты еңбегінде Әбу Убәйд әл-Қасым ибн Сәлләмның⁷¹ «әл-Қирағат» кітабында келген, бірнеше Құран жаттаған муһажир және ансар сахабаларды атап өтеді. Бірақ, бұл сахабалардың бір бөлігі Құранды пайғамбардың көзі тірісінде жаттаған болса, бір бөлігі дүние салғаннан кейін жаттауды аяқтаған⁷².

Әл-Хафиз әз-Зәһәби «Табақат әл-Қурра» атты еңбегінде, атап өтілген сахабалар пайғамбардың (с.а.с.) көзі тірісінде оған оқып бергендігін, ал олардан өзге Құран жаттаған сахабалардың саны өте көп екендігін айтады.

⁷⁰ Қатәдә ибн Дифама әс-Садуси (61/680-118/736) – лингвист әрі хадис, тәпсір ғалымы, арабтардың тарихы мен шежіресінің білгірі. Ерекше жаттау қабілетіне ие болған. Имам Ахмед: «Қатәдә естіген нарсесін жаттап алатын Басраның үлкен хафизы. Жәбірдің сахифасын (хадис жазбасы) бір мәрте естіп жаттап алған»,– деген.

⁷¹ Әбу Убәйд әл-Қасым ибн Сәлләм әл-Хорасани (154/770-224/838) – лингвист ғалым. Куфа, Басра, Шам ғалымдарынан фикһ, тәпсір ілімдерін үйренген.

⁷² Әс-Суюти, Әл-Итқан, 158-б.

Сахабалардың Құран Кәрімге ерекеше мән беріп, сол сәтте жеңіл жаттап алуларының бірқатар себептері бар. Осы себептердің кейбіріне тоқталар болсақ:

а) Жаттау қабілеттерінің жоғары деңгейде болуы. Себебі исламға дейінгі жазу-сызу кенжелеп, ауыз әдебиеті ерекше дамыған ортада өлең жолдары мен жыр дастандарды жаттау әдетке айналған еді;

ә) Құран Кәрімнің бірақ мәрте түспей, ұзақ мерзім бойы бірте-бірте түсуі;

б) Құран Кәрімнің намаздарда міндетті түрде оқылуы;

в) Құран Кәрім қағидаларының күнделікті өмірде басшылыққа алынуы;

г) Пайғамбардың (с.а.с.) Құран оқудың сауапты іс екендігін білдіріп, оны жаттауға ынталандыруы. Бұл тұрғыда Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.): «Аллаһ елшісінің (с.а.с.): *«Кімде-кім Аллаһтың кітабынан бір әріп оқыса, оған сол үшін жақсылық жазылады, әрбір жақсылыққа он есе (сауап) беріледі. Мен: ««Әлиф», «ләм», «мим» – бір әріп», – деп айтып тұрған жоқпын, «әлиф» – бір әріп, «ләм» – бір әріп және «мим» – бір әріп», – дегенін естідім*⁷³, – дейді.

Демек, бұл кезеңде жазылған Құран толығымен сахабалар тарапынан жатқа білінген. Сахабалар арасында Құранды жатқа білетіндер «Құрра» деп танылған.

Уахи жазған сахабалар

Кейбір деректер бойынша «уахи жазушы хатшылар» деген атаққа ие болған саңлақ сахабалардың саны қырыққа жуық болған. Кейбірі меккелік кезеңде жазса, кейбірі мәдиналық кезеңде жазған. Кітаптарда аты аталған хатшылардың кейбірін атайтын болсақ, олар: Әбу Бәкір әс-Сыддиқ, Омар ибн әл-Хаттаб, Осман ибн Аффән, Али ибн Әбу Талиб, Зубәйр ибн Аууам, Амр ибн әл-Ас, Сәбит ибн Қайс, Абдуллаһ ибн Раууаха, Халид ибн Уалид, Хузәйфа ибн әл-Йәман, Муғауия ибн Әбу Суфиян, Убәй ибн Кағыб, Зәйд ибн Сәбит, Шархабил ибн Хасана, Халид ибн

⁷³ Әл-Бұхари, Әт-Тариху әл-Кабир, 1/216; Әт-Термези, Әс-Сунан, 2910; Әл-Бәйһақи, Шуғабу әл-иман, 2/342.

Сағид әл-Ас ибн Умәйя, Ханзала ибн әр-Рәбиғ, т.б.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) келген уахиді тек уахиді жазушы хатшыларға ғана жаздырумен шектелмеген. Нәзіл болған аяттарды жаттап, әр жылы рамазанда Жәбірейілге тексертіп отырған. Рамазанның соңында болса, бұл жаттау немесе тексерту екі рет қайталанған.


Уахи жазылған кейбір заттар

Уахи келгенде пайғамбар әдетте, аяттарды бірнеше заттарға жаздырған. Сол кезде жазуға қолданылған заттарға келсек, олар:

1. Құрма бұтақтары;
2. Жұқа ақ тастар;
3. Сүйектер;
4. Тері;
5. Жазу түсетін ағаш, тақта немесе соған ұқсаған нәрселер;

6. Жүгері масақтарынан жасалған «қыртас» деп аталатын қағаз болған⁷⁴.

Құран Кәрім Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) дәуірінде ардақты сахабалар тарапынан жатталып, жазылғанымен, барлығы бірдей жинақталып, мұсхаф (кітап) халіне келтірілмеген еді. Мұның өзіндік түрлі себептері бар. Уахи періштесі Жәбірейіл (а.с.) уахи алып келгенде: «Мына сүрені пәленше сүреден кейін немесе мына аятты пәлен сүренің пәленше аятынан кейін қой», – дегендей орнын көрсететін. Жинақталған күнде де жаңа уахи келген сайын, сүрелер мен аяттардың орнын жиі-жиі ауыстырып, тәртібін өзгертіп отыру керек еді. Өйткені уахи әлі аяқталмаған болатын. Сонымен қатар пайғамбар (с.а.с.) тарапынан бұл турасында бір қаулы, бұйрық немесе тапсырма берілмеген-ді. Осын-



⁷⁴ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 132-б.

дай себептерге байланысты пайғамбардың (с.а.с.) көзі тірісінде Құран Кәрім сүрелері мұсхаф болып жинақталмады.

Десе де сахабалардың ішінде Құран сүрелерін пайғамбардың белгілеуі бойынша өз беттерімен жинақтап, сақтағандар да бар-тын. Мысалы, Али ибн Әбу Талиб, Абдуллаһ ибн Масғуд, Убәй ибн Кағыб, Зәйд ибн Сәбит сияқты сахабалардың жинақтары болған⁷⁵. Сонымен қатар Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) әр жылы рамазан айында түскен сүрелерді Жәбірейіл періштеге оқып отырған, әсіресе, дүние салар жылы рамазан айында Құранды бастан-аяқ екі рет оқыған. Әлбетте, колдарында түпнұсқалары бар және Құранды жатқа білетін сахабалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Құран оқығанын есітіп, түпнұсқалары мен жаттағандарын тексеріп отырған. Бірақ осы кезеңдегі жекелеген сахабалардың жинақтары, кейін жүзеге асырылған Құран жинақтарындай, мұқият әрі жүйелі түрде ретке келтірілмеген.



3. Құранның Әбу Бәкір (р.а.) кезінде жинақталуы

Пайғамбар (с.а.с.) дүние салғаннан кейін мұсылмандардың әміршісі болып Әбу Бәкір (р.а.) тағайындалды. Бұл кезде уахи тәмамдалып, түрлі заттарға жазылған сүрелер мен аяттар әр жерде бытыраңқы күйде және сахабалардың жадыларында сақталған еді.

Халифа Әбу Бәкірдің дәуірінде, жалған пайғамбар Мусайлама әл-Кәззәптың соңына ергендерге қарсы бой көтерген Йәмәма шайқасында (хижраның 11 жылы) көптеген Құран жаттаған сахабалар, кейбір деректер бойынша жеті жүзге жуық сахаба шейіт болған⁷⁶. Осыншама тірі Құраннан айырылу көкірегі ояу, көзі ашық Омарды (р.а.) қатты толғандырса керек. Ол дереу халифаға барып, Убәй ибн Кағыб, Ибн Масғуд,

⁷⁵ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 119-б.

⁷⁶ Ибн әл-Әсир, Әл-Кәмил фи әт-тарих, 2/170; Әл-Қуртуби, Әл-Жамиғу лиахками әл-Құран, 1/85-б.

Зәйд ибн Сәбит секілді Құран жаттаған саңлақ сахабалардан да көз жазып қалмай тұрғанда, Құран Кәрімді жинақтау турасында бір бұйрық шығаруын ұсынады. Әуелде «Пайғамбар (с.а.с.) істемеген нәрсені мен қалай істеймін?!» – деп, құп көрмеген халифа Әбу Бәкір кейінірек мұның орынды мәселе екендігіне көз жеткізіп, бұл ұсынысты қабыл алады. Сөйтіп бұл істі атқару үшін пайғамбардың (с.а.с.) уахи жазатын хатшысы Зәйд ибн Сәбитті⁷⁷ шақыртады. Осы жайттың куәсі болған Зәйд (р.а.): «Йәмәма шайқасынан кейін Әбу Бәкір (р.а.) мені жанына шақыртты. Барғанымда хазіреті Омар оның қасында екен. Сонда халифа Әбу Бәкір маған: «Омар маған келіп: «Йәмәма шайқасында бірнеше қаридан көз жаздық. Бұдан басқа соғыстарда да осылай қарилардан айырыла берсек, бұл жағдай Құранның жойылуына апарып соғатынынан қорқамын» – деп, Құранды жинақтауды ұсынды»,– деді. Мен оған: «Аллаһтың елшісі (с.а.с.) жасамаған нәрсені мен қалай жасаймын?!» – дедім. Омар ант етіп, мұның қайырлы іс екенін айтып, алған бетінен қайтпады. Соңында Аллаһ тағала көкірегімді ашып, мен де Омардың пікірін мақұлдадым. Ол: «Сен жассың әрі ақылдысың. Сенен күмәнданбаймыз да. Оның үстіне сен пайғамбарымыздың (с.а.с.) хатшысы болдың, әр аятқа мұқият болып, Құранды жинақта»,– деді. Маған тауды тасуымды бұйырса, ол, Құранды жинақтаудан әлде қайда жеңіл болар еді. Мен екеуіне: «Аллаһтың елшісі (с.а.с.) жасамаған нәрсені сендер қалай жасайсындар?!» – дедім. Халифа Әбу Бәкір: «Аллаһтың атымен ант етемін, бұл бір қайырлы іс»,– деді. Кейін, Аллаһ тағала Әбу Бәкір мен Омардың көкейлеріне қондырған нәрсені менің де көкейіме салды. Сөйтіп екеуінің пікірлерін құп көріп, адамдардың жадындағы және құрма тақтайларына, терілерге, тастарға жазылған Құран аяттарын іздеп, жинақтай

⁷⁷ Зәйд ибн Сәбит ибн әд-Даххак ибн Зәйд әл-Хазражи ән-Нажжари әл-Ансари хижра жыл санауы бойынша 45 жылы дүниесін салған. Пайғамбар Мәдина қаласына көшіп келген кезде Зәйдтің жасы он бірде ғана еді, ол сол кезде исламды қабылдаған. Ол – Аллаһ елшісінің тапсыруымен яһудилердің тілін меңгеріп, пайғамбарға иврит тілінде жазылған хаттарды оқып беретін болған.

бастадым. «Тәубе» сүресінің екі аятын Хузайма әл-Ансаридан басқа ешкімнен таппадым»⁷⁸, – деген.

Бұл өте қиын әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін тапсырма еді. Зәйд халифадан Омардың (р.а.) өзіне қол ұшын беруін сұрады. Ибн Әбу Дәуіттен⁷⁹ келген бір хадисте Әбу Бәкір (р.а.) Омар мен Зәйдке: «Мешіттің есігінің алдына отырыңдар. Кімдекім Аллаһтың кітабынан екі куәнің куәгерлігімен не әкелген болса, соны жазыңдар!»⁸⁰ – деп әмір еткендігі айтылады. Содан кейін Омар (р.а.) халық арасында: «Пайғамбардан (с.а.с.) кім не жазып алған болса, соны бізге тапсырсын», – деп жариялаған.

Зәйд Құранды бастан-аяқ жатқа білген. Соған қарамастан халифаның қойған талаптары бойынша алып келінген сүре және аяттардың қабыл етілуі үшін төмендегідей шарттар болуы керектігі қадағаланады:

1. Алып келінген аяттардың жатқа білінуі керек;
2. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) құзырында жазылған болуы керек;
3. Пайғамбар (с.а.с.) құзырында жазылғандығына екі куәгер куәлік етуі керек.

Зәйд (р.а.): «Тәубе» сүресінің ақырғы аятын ешкімнен таппадым, тек Әбу Хузаймадан ғана таптым», – деп, аталған аяттың жазулы нұсқасы туралы айтқан. Алайда, ол аятты жатқа білетін бірнеше сахаба болған.

Берілген тапсырмаға аса мұқияттылық танытып, бытыраңқы күйдегі сүрелер мен аяттарды ендігі жерде белгілі бір тәртіппен, кітап түрінде жинақтаған уахи хатшысы – Зәйд ибн Сәбит (р.а.) мұсхафты Әбу Бәкірге (р.а.) тапсырды. Бұл жинақты «Әбу Бәкірдің (р.а.) мұсхафы» деп те айтуға толық негіз бар. Кейбір

⁷⁸ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4679, 4986.

⁷⁹ Әбу Бәкір Абдуллаһ ибн Сүлеймен ибн әл-Әшғас әс-Сижистани – хафиз, хадис риуаятымен танылған ирақтық ғалым. Белгілі хадистанушы Әбу Дәуіттің баласы. «Әл-Масахиф», «Әл-Бағс», «Қырағат» секілді еңбектердің авторы. Ол 230/844 жылы Сижистанда дүниеге келіп, 316/929 жылы Бағдатта көз жұмған.

⁸⁰ Ибн Әбу Дәуіт, Әл-Масахиф, 16-б. Ибн Хажар әл-Асқалани, Фатху әл-Бари, 11/171-б.

ғалымдардың айтуы бойынша «мұсхаф» сөзі алғаш рет осы кезеңде қолданыла бастаған. Жинау жұмысы бір жыл көлемінде аяқталады. Әбу Бәкір (р.а.) дүниеден озған соң, мұсхаф Омардың (р.а.) қолына өтті. Ол да дүниеден өткеннен кейін, қызы Хафсада қалды. Алғашқы Құран жинағының Хафса анамыздың қолында қалу сыры, ол – пайғамбарымыздың жұбайы тұғын. Әрі әйел адам болғандықтан жорықтарға қатыспай, көбіне үйде отырып, мұсхафты көзінің қарашығындай сақтайтын-ды.

4. Құранның Осман (р.а.) кезеңінде жинақталуы мен көбейтілуі

Әбу Бәкір (р.а.) дәуіріндегі Құранды жинақтау ісінен кейін, Омардың (р.а.) халифалығында және Османның (р.а.) халифалығының алғашқы кезеңдерінде, Құранға қатысты айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Алайда, аз уақыттан кейін Әбу Бәкір (р.а.) кезінде жинақталған мұсхафтың бірнеше нұсқаларын көшіріп, көбейту қажеттілігі туындады. Османның (р.а.) дәуірінде ислам мемлекетінің шекарасы кеңейіп, өзге өлкелерге қанат жайды. Сахабалар ислам мемлекетінің өркендеп дамыған орталықтарына бет алды. Олар барған жерлерінде Құранды өздері естіп үйренген қырағаттары бойынша оқытып, ислам шариғатын уағыздай бастады. Солайша әрбір аймақ тұрғындары араларындағы танымал сахабадан Құран үйрене бастады. Шамдықтар Убәй ибн Кағыбтың (р.а.) қырағатымен, куфалықтар Абдуллаһ ибн Масғудтың (р.а.) қырағатымен, ал басқалары Әбу Мұса әл-Әшғаридің (р.а.) қырағатымен оқыды. Құранның жеті қаріпте түскенінен бейхабар әрі қолдарында белгілі бір мұсхафы жоқ Құран үйренуші жергілікті тұрғындар өзара кикілжіңге түсті. Тіпті, мұндай түсініспеушілік Мәдина тұрғындарының арасында да көрініс беріп жатты. Осы мәселеге қатысты Әбу Қаләбадан жеткен риуаятта: «Осман (р.а.) кезеңінде Құранды үйретушілер, оны өздері білетін қырағаттары бойынша үйрететін. Ал, бұл жағдай шәкірттер арасында келіспеушілік, талас-тартыс тудырып, тіпті, кейбіреулері басқасының қырағатын жоққа шығаратындай деңгейде ушықты. Бұл мәселе Османның да құлағына жеткен-ді. Ол (р.а.) хұтбаға шығып: «Сендер менің жанымда жүріп мұнша

таласып-тартысасындар, ал ұзақтағылар әлбетте, сендерден де көп тартысқа түседі»,– деп үндеу тастаған еді»,– делінген⁸¹. Сондай-ақ, Әзербайжан және Армения жорықтарында Сирия мен Ирак әскерлері бір сапта шайқасты. Бұл екі мұсылман әскердің арасындағы Құранның әркілы оқылуы түсініспеушілікке, одан әрі тартысқа апарып соқты. Мұның жақсылыққа апармасынан, соны үлкен дауға айналып кетуінен сескенген қолбасшы – Хузайфа ибн әл-Йәман Мәдинадағы халифа Османға келіп, кітап иелерінің кешкен күйіне түспей тұрған кезде, мәселені тез арада шешуін өтінді. Бір деректерде Хузайфа адамдардың وَأَتَمُوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلَّهِ («Бақара» сүресі, 196) аятын وَأَتَمُوا الْحَجَّ وَالْعُمْرَةَ لِلْبَيْتِ деп оқығанын көріп, қатты ашуға мінгені айтылады⁸².

Бұхаридің сахихында, Әнәс ибн Мәлик риуаят еткен хадисте: *«Хузайфа ибн әл-Йәман (р.а.) Османға (р.а.) келді. Ол Армения мен Әзербайжан жорығында Сирия және Ирак әскерлерімен бірге соғысып жүрген болатын. Осы екі әскердің арасындағы түрлі қырағаттан туындаған таластан қауіптенген ол, Османға (р.а.): «Уа, мүміндердің әміршісі! Мына үмбет яһудилер мен христиандар сияқты Құран жайында талас-тартысқа түспей тұрып, мәселені шеш!»*– деді. Осман (р.а.) *«Мұсхафтарға көшіріп болған соң қайтарып береміз»*,– деп Хафсадан парақтарды алдыру үшін дереу адам жіберді. Хафса парақтарды беріп жіберді. Халифа Осман Зәйд ибн Сәбит, Абдуллаһ ибн Зубайр, Саид ибн әл-Ас және Абдуррахман ибн Харис ибн Ғишамға парақтарда жазылған Құранды мұсхафтарға көшірулерін бұйырды. Осман (р.а.) құрайыштық үш кісілік топқа: *«Егер Зәйд ибн Сәбит пен сендердің араларыңда Құран жайында бір мәселе туындаса, құрайыш диалектісімен жазыңдар. Өйткені Құран солардың тілінде түсті»*,– деді. Құранды мұсхафтарға көшіріп болған соң парақтарды Хафсаға қайтарды. Кейін көбейтілген мұсхафтарды шалғайдағы орталықтарға біреуден жіберіп,

⁸¹ Ибн Әбу Дәуіт, Әл-Масахиф, 28, Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 1/313-б.

⁸² Ибн Хажар әл-Әсқаләни, Фатху әл-Бари би шархи сахих әл-Бұхари, 11/177-б.

аталмыш мұсхафтардан басқа бұрын жазылған парақтар мен мұсхафтардың отқа жағылуын әмір етті»⁸³, – делінген.

Араб түбегіндегі кейбір араб тайпаларының тілі араб тілі болғанымен, араларында өздеріне тән диалектілік айырмашылықтары бар еді. Сондықтан, Құран Кәрім пайғамбарымызға (с.а.с.) сол тілдік ерекшеліктерді қамтыған жеті қаріпте түсті. Бұл алғашқы мұсылмандар үшін жасалған бір жеңілдік болып табылатын. Кейіннен мұсылман болғандар және араб емес ұлттар бұл жайттан бейхабар еді. Олар ұстаздарынан қалай үйренсе, солай оқитын және соны ғана дұрыс деп түсінетін. Міне, осындай себептермен мұсылмандар арасында түсініспеушіліктер пайда болды. Бұл мәселенің неден туындап жатқанын жақсы түсінген Халифа Осман мен сахаба Хузайфа ибн әл-Йәман (р.а.) асыл диалектіні, яғни құрайыш диалектісін негізге алу арқылы барлық мұсылмандарға ортақ мұсхафтың жазылуы мен көбейтілуі сол кездегі ең өзекті мәселе екенін аңғарды. Көп уақыт өтпей-ақ Осман (р.а.) ерекше сенімді, Құран жаттаған төрт сахабадан тұратын алқа құрды. Олар хадсите келгендей Зәйд ибн Сәбит, Абдуллаһ ибн Зубәйр, Сағид ибн әл-Ас, Абдуррахман ибн әл-Харис ибн Хишам (Аллаһ олардан разы болсын) еді. Соңғы үшеуі құрайыш тайпасынан болатын. Сосын Хафса бинт Омардан Әбу Бәкірдің (р.а.) кезінде жинақталған мұсхафты алдыртып, алқа мүшелеріне соны негізге ала отырып, мұсхафтарға көшірулерін тапсырды. Кейбір деректерде кеңестің он екі кісіден құралғандығы да айтылады. Сонымен қатар көшіру барысында төменде көрсетілген:

1. Әбу Бәкірдің (р.а.) кезінде жазылған мұсхафты негізге алу;

2. Пайғамбарымыз (с.а.с.) тарапынан Жәбірейілге соңғы оқылған бір қаріпті негізге алу;

3. Өзара түсініспеушілік туындаған жағдайда құрайыш диалектісін негізге алу, қалған диалектілерді қабылдамау;

⁸³ Әл-Бұхари, әл-Жамиғу әс-Сахих. 4987, Ибн Хажар әл-Әсқаләни, Фатху әл-Бәри би шархи сахих әл-Бұхари, 11/165-б.

4. Тәпсір және түсіндірме мақсатымен жазылған анықтама, ескертпе сөздерді алып тастау сияқты талаптар бойынша жазуды бұйырған.

Сонымен алқа мүшелері мұсхафтың бірқатар нұсқаларын жазып шықты. Ғалымдар олардың санына байланысты әртүрлі көзқарастар айтқан. Мәселен:

1. Кейбір ғалымдар Османның (р.а.) көбейтіп, аймақтарға жіберген мұсхафтардың саны жетеу болғандығын айтқан. Олар Меккеге, Шамға, Басраға, Куфаға, Иеменге, Бахрейнге, Мәдинаға жіберілген. Оған Ибн Әбу Дәуіттің: «Әбу Хатим әс-Сижистанидің «Жеті мұсхаф жазылып Меккеге, Шамға, Иеменге, Бахрейнге, Басра мен Куфаға жіберілді де біреуі Мәдинада қалды»,– дегенін естідім»⁸⁴,– деген сөзі дәлел болады.

2. Басқа ғалымдар төрт мұсхаф болғандығын алға тартады. Олардың үшеуі Иракқа, Шамға, Мысырға жіберілсе, біреуі Мәдинада қалған. Бұл тұрғыда Әбу Амр әд-Дәни⁸⁵: «Көпшілік ғалымдар Осман (р.а.) мұсхафтарды көбейткен кезде төрт нұсқасын жазғандығын және оларды Куфаға, Басраға, Шамға жіберіп, біреуін өзіне қалдырғандығын айтады»,– деген. Сол секілді Ибн Әбу Дәуіттің Хамза әз-Зайяттан жеткізген риуаятында да төрт мұсхафтың жазылғандығы жайлы келген⁸⁶.

3. Кейбірі бес нұсқа екендігін дәлел етеді. Имам әс-Суюти осы көзқарастың мәшһүр екендігін айтқан⁸⁷.

Ал, Хафсадан алған Құран жинақтары болса, өзіне қайтарылып, оның қолында өмірінің соңына дейін сақталған. Кейін суға жуылып жойылған⁸⁸. Кейбір деректерде оны Маруан ибн әл-Хакам алып, өртеп жібергендігі жайлы келеді.

⁸⁴ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 134-б.

⁸⁵ Осман ибн Сағид – Қырағат имамдарының бірі, «Әт-Тәйсир фи әл-кирағати әс-сабға», «Әл-Мукниғ фи расми әл-Құран», «Әл-Мухкам фи нуқати әл-масахиф» атты кітаптардың авторы. Ол хижраның 444 жылы дүние салған.

⁸⁶ Ғаним Қаддури әл-Хакам, Расму әл-Мусхаф, 124-б.

⁸⁷ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 134-б.

⁸⁸ Ибн Жарир әт-Табари, Жамиғу әл-баян ан тәуил әәи әл-Құран, 1/61.

Осы уақытқа дейін Осман (р.а.) жазған мұсхафтардың біреуі ғана жеткен болса керек. Өйткені Ибн Касир «Фадаилу әл-Құран» атты кітабында, түйенің терісіне жазылған Шам мұсхафын Дамаск мешітінен көргендігін жеткізеді. Бұл мұсхаф бір кезеңдері Ресейде Ленинград (Санкт-Петербург) қаласындағы кітапханада сақталып, кейін Англияға жеткізілген. Кейбір деректер бойынша, ол 1893 жылы Дамаск мешітінде өртке оранып жойылған⁸⁹.

Танымал саяхаттаушы Ибн Баттута әт-Танжи (1369 ж.д.с.) Осман мұсхафының кейбір парақтарын Гренададан, Марокко мен Басрадан көргендігін айтқан⁹⁰.

Әбу Бәкір мен Османның (Аллаһ олардан разы болсын) Құран жинақтауларының арасындағы айырмашылықтар

Әбу Бәкірдің (р.а.) тұсында жүзеге асырылған Құран Кәрім жинағы мен Осман (р.а.) мұсхафының арасындағы, жинақталу себептері мен жүзеге асырылу сапасына қатысты айырмашылықтар:

<i>Әбу Бәкірдің (р.а.) Құран жинағы</i>	<i>Османның (р.а.) Құран жинағы</i>
<p>Әбу Бәкірдің (р.а.) кезінде Құран Кәрімнің жинақталуына сол кездегі соғыстарда Құран жаттаған сахабалардың шейіт болуы себеп болды.</p> <p>Әбу Бәкір (р.а.) терілер, сүйектер мен тақтайшаларға жазылған Құран сүрелері мен аяттарының жеті қаріппен түсу ерекшелігін сақтай отырып, пайғамбар (с.а.с.) белгілеген реттілікпен жинақтады.</p>	<p>Османның (р.а.) тұсындағы Құран Кәрімнің жинақталуына сол кезеңдегі әртүрлі қырағаттар (бір аяттың әрқилы оқылу жолдары) салдарынан Құран оқушылардың арасындағы қарама-қайшылықтардың орын алуы себеп болған еді.</p> <p>Осман (р.а.) мұсылмандар Құран Кәрімді әртүрлі қырағаттармен оқып, бірін-бірі қателікке шығарып</p>

⁸⁹ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 129-б.

⁹⁰ Кулиев Э. Р., Муртазин М. Ф., Коранистика, 43-б.

Бірақ, бұл жинақ бір кітап халіне келтіріліп көбейтілмеген еді.

жатқан тұста, оларды бір мұсхафтың төңірегіне жинау мақсатында, Құран Кәрімді құрайыш тілінің негізінде пайғамбар (с.а.с.) белгілеген реттілікпен қайта жинақтап, көбейтіп, орталықтарға жіберген болатын. Бұл әрекет хижраның 25 жылы жүзеге асырылған.⁹¹

5. Құран Кәрімнің нүктеленуі мен харекеленуі

Ислам діні келместен бұрын арабтарда жазу-сызу айтарлықтай деңгейде дамымаған болатын. Ислам дінінің келуі араб жазуының дамуына едәуір үлес қосып, өрісін кеңейте түсті. Мұны айтып отырған себебіміз, ислам діні өзімен бірге жазуды талап ететін және оның аясын кеңейте түсетін негізгі ережелерді ала келді. Бірақ, мұсылмандар Мәдина қаласына көшкеннен кейін жазу-сызу мен оқу-ағарту істеріне белсене атсалысқандарымен, жазу-сызу өзінің кемелдік дәрежесіне жетпеген еді. Араб тілінде әртүрлі әріптер бірдей пішінде жазылды және бұларды бір-

✓ *Муғауия ибн Әбу Суфиянның (41/661 – 60/680) тұсында, Әбу әл-Әсуад әд-Дуалидің бастамасымен кейін пайда болған харекелердің орнына нүктелер қойылған.*

✓ *Абдулмәлик ибн Маруанның (65/685 – 86/705) кезінде Ирак әміршісі әл-Хажжаж ибн Юсуфтың бастамасымен (95/713 ж.д.с.) Құрандағы кейбір әріптерді бір-бірінен ажырату үшін нүктелер қойылған.*

✓ *Грамматикалық мән-мағынаны білдіретін харекелер (фатха, кәсра, дамма және сукун) алғаш рет Халил ибн Ахмед әл-Фарахидидің (100/718 – 170/786) қолымен жүзеге асырылған.*

⁹¹ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 128-129-б.

бірінен ажырататын белгілер, яғни қазіргі араб әріптерінің үстіндегі нүктелер ол кезде әлі қойылмаған-ды. Әрі сол дәуірдегі сахабалар араб тілі өздерінің ана тілдері болғандықтан нүктесіз, харекесіз жазылған жазуды оқи алатын. Алайда, хижраның I ғасырының екінші жартысында өзге ұлттар мен ұлыстардың исламды қабылдауы және олардың араб тілін жетік білмегендігі себепті Құранның мағынасынан ауытқып, қате оқулары белең ала бастады. Мұның басты себебі ретінде Құранның нүктесіз және харекесіз жазылғандығын атап көрсетуге болады. Ал, мұндай қауіпті жағдайда, діннің қайнар көзі болып табылатын Құран Кәрімді мағынасын өзгертетін қателіктерге ұшырауынан, әлбетте, қорғап-сақтау керек болды. Бұл үшін

Құранның оқылуын жеңілдететін әрі дұрыс оқуға көмектесетін нүктелер мен харекелер секілді белгілердің қойылуы қажет еді. Міне, кейбір деректер бойынша осы мәселені алғаш рет көтерген Муғауия ибн Әбу Суфиян (р.а.) дәуіріндегі Басра шаһарының әміршісі – Зияд ибн Әбиһ (53/673 ж.д.с.) болды. Деректерге үңілсек, Зияд ибн Әбиһ осы мәселенің алдын алу үшін сол кезеңнің атақты тіл маманы, ғалым Әбу әл-Әсуәд әд-Дуалиді шақыртып, осы іспен айналысуын ұсынады. Алайда, әд-Дуали бұл ұсынысты қабылдамаған. Өйткені, ол Құран Кәрімге қандай да бір жаңалық (өзгеріс) енгізу сахабалардың әрекетіне қайшы келеді деп түсінді. Дегенмен, ол бір кісінің «Тәубе» сүресінің إِنَّ اللَّهَ اَبْرِيءٌ مِّنَ الْمُشْرِكِينَ وَرَسُولُهُ аятындағы «وَرَسُولُهُ» «уа расулуһу» деген сөзді «وَرَسُولُهُ» «уа расулиһи» деп оқығанына куә болып, дереу райынан қайтады. Сөйтіп, Зиядтың ұсынысын қабыл алғандығын айтады. Жоғарыдағы аяттың негізгі мағынасы: «Аллаһ және Оның елшісі мүшріктерден (серік қосушылардан) аулақ»,– делінген еді. Алайда, қате оқудың салдарынан, аяттың негізгі мағынасынан өзгеріп: «Аллаһ мүшріктерден және елшісінен аулақ»,– деген мағынаны берді. Бұл жағдай Әбу әл-Әсуәд әд-Дуалиді қатты толғандырған болса керек, әуелгі пікірінен лезде бас тартады да, Басра әміршісі Зиядқа келіп: «Сіздің сұрағаныңызға жауап бердім»⁹²,– дейді.

⁹² Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-Ирфан, 1/482-б.

Сөйтіп, Құран Кәрім аяттарын дұрыс оқуға септігін тигізетін оның маңызды ұсынысын жүзеге асырғандығын білдіреді. Көп ұзамай, Әбу әл-Әсуад әд-Дуали көмекшілерімен бірге іске шұғыл кірісіп кетеді. Көмекшінің міндеті – әд-Дуали Құран аяттарын оқыған мезетте алдындағы Құран нұсқасына иғрабты (сөздердің харекелерін) көрсететін белгілерді қою болды. Яғни, көмекші, әд-Дуалидің нұсқауымен Мұсхафта (Құранда) қолданылған сияның түсінен бөлек, басқа түсті сияны қолданып, әріптің үстіне бір нүкте, әріптің астына бір нүкте, әріптің алдына бір нүкте қоятын. Әд-Дуали әрбір бет біткен сайын тағы бір мәрте жете тексеріп отырды. Осылайша, Құран Кәрім бастан аяқ нүктеленіп шықты. Бірақ, аталмыш нүктелер – әріптердің үстіндегі нүктелер емес, қазіргі кездегі өзіміз білетін харекелердің (фатха, кәсра, дамма) орнына қойылған нүктелер болатын. Бұл игі шара Құранды қатесіз, дұрыс оқу үшін жасалған алғашқы қадамдардың бірі тұғын.

Имам әс-Суюти, Әбу әл-Әсуад әд-Дуали аталған шараны Зиядтың ұсынысы бойынша емес, тікелей Абдулмалик ибн Маруанның бұйрығымен жүзеге асырғандығын айтады⁹³.

Харекелердің орнына қойылған нүктелеу ісі Құранның қате оқылуына біршама уақыт тосқауыл болып, тиісті дәрежеде өз жемісін берген-ді. Алайда, арабтардан өзге ұлттардың «бә», «тә», «сә» және «жим», «ха», «хо» сияқты, бірдей пішінде жазылған әріптерді бір-бірінен ажыратулары қиынға соқты. Сондықтан ұқсас әріптерге әрқайсысын басқасынан ерекшелендіріп тұратын, өздеріне тән белгілердің қойылуы қажет етілді. Олай болмаған жағдайда Құранның қате оқылуы тағы жалғасатыны анық-ты.

Бұл мәселені қолға алған кісі – Ирактың әміршісі әл-Хажжаж ибн Юусуф⁹⁴ (95/713 ж.д.с.) болды. Құран Кәрімге харекелердің қойылғанына қарамастан, қате оқитындардың азаймағанын байқаған әмірші, бұл мәселені шешуге өзі бел буады. Сөйтіп, бұл мәселеге қатысты сол уақыттың атақты ғалымы Насыр ибн

⁹³ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-Ирфан, 1/481-б.

⁹⁴ Әл-Хажжаж ибн Юусуф әс-Сәқафи – Ирақ, Машриқта жиырма жыл әмірші болған. Тарихта асқан зұлымдығымен танылғанымен, Құран Кәрімге айрықша көңіл бөлген. Ол хижраның 95 жылы дүние салған.

Асымға⁹⁵ (89/708 ж.д.с.), басқа бір риуаят бойынша, Яхия ибн Яғмарға⁹⁶ (129/748 ж.д.с.) тапсырма береді. Насыр немесе Йәхия тапсырманы орындап, Құран әріптерінің үстіне бір-бірінен ажырататын нүктелер қойып шықты. Мысалы, «бә» әрпінің астына бір нүкте, «тә» әрпінің үстіне екі нүкте және «сә» әрпінің үстіне үш нүкте қояды. Осылайша, Құранға қатысты екінші рет маңызды шаруа атқарылды.

Харекелердің орнына қойылған нүктелер мен бір пішінде жазылған әріптерге қойылған нүктелердің шатасып кетпеуі үшін тағы тиісті шаралар қолдану керек болды. Сондықтан әрқайсысы үшін әртүрлі сиялар қолданылды. Мысалы, жазылуы бірдей әріптерді бір-бірінен ажырату үшін қойылған нүктелер, мұсхаф мәтінінде қолданылған қара сиямен белгіленді. Ал, харекенің орнына қойылған нүктелер болса, басқа сиямен белгіленді. Деректерде көне мұсхафтарда қызыл, содан кейін, уақыт өте келе сары, жасыл және көк сиялардың қолданылғаны туралы кездеседі. Осылайша, Құран Кәрім бір ғасырға жуық уақыт аталмыш жүйе бойынша оқылып келді. Кейін мәшһүр тіл маманы, ғалым Халил ибн Ахмед (175/791 ж.д.с.) бұл игі шараға өз үлесін қосып, қазіргі қолданыста жүрген жүйені қалыптастырады. Сөйтіп ол, Құранның харекеленуі мен нүктеленуі мәселесін бір жолата шешіп берді.

Құран Кәрімге хареке мен нүкте қойылғаннан кейін, Құранға қатысты басқа да іс-шаралар атқарылды. Атап айтсақ, мысалы, Әл-Хажжж ибн Юусуф Құранды бастан-аяқ бір аптада оқығысы келетіндігін айтқан кезде ғұламалар жиналып, Құран Кәрімдегі әріптерді санайды да, Құранды теңдей жеті бөлікке бөледі. Осылай Құранды әр аптада толық оқуды қалаған адам, әр күні Құранның жетіден бірін оқи алды.

⁹⁵ Насир ибн Асым әл-Ләйси – тақуалығымен танылған, табиғин дәуіріндегі фикһ, тіл білімі ғалымы. Ол хижраның 89 жылы дүние салған.

⁹⁶ Яхия ибн Яғмар әл-Уашқи әл-Адуани – табиғиндер дәуірінің танымал хадис, фикһ және тіл білімі ғалымдарының бірі. Ол хижраның 129 жылы дүние салған.

Одан кейін келген ғалымдардың бірі имам Әбу Бәкір ибн Аяш⁹⁷, хижраның екінші ғасырында: «Хажжаж секілді адамдар Құранды жеті күнде хатым қыла алғанымен, бұл жалпы мұсылмандарға қиындық тудырары сөзсіз», – деп, Құран Кәрімді қазіргі күнімізде белгілі отыз параға (жүзге) бөлген. Бұл – пайғамбардың (с.а.с.) Абдуллаһ ибн Амрға: «Құранды (бастан аяқ) бір айда оқы...»⁹⁸, – деген секілді хадистеріне сай, Құранды әр айда оқып шығуды жеңілдету мақсатында жолға қойылған болса керек. Бұл бөлу де Құран әріптерін отыз параға теңдей бөлу арқылы жүзеге асырылған болатын. Яғни әрбір жүздегі әріптер саны шамамен бірдей. Сондай-ақ, таңда және кеште оқылатын дұғалардың болғаны секілді, Құран Кәрім паралары да таңда және кешке оқылатындай етіліп, әрбір пара екі хизбқа бөлінді. Уақыт өте «Фатихадан» кейін Құран аяттары оқылатын күндізгі намаз, яғни бесін мен екінті намаздарының алғашқы ракағаттары мен кешкілік оқылатын ақшам мен құптан намаздарының алғашқы ракағаттарында оқылуы үшін, ракағаттар санына қарай әрбір хизб төрт бөлікке (рубғқа) бөлінді. Яғни, әрбір ракағатта бір хизбтың төрттен бірі оқылатындай етіліп бөлінген болатын. Бұл бөлуде де әрбір рубғтағы Құран әріптерінің саны бірдей болуы ескерілген. Солайша Құран Кәрім отыз параға, алпыс хизбке, екі жүз қырық рубғқа бөлінді. Ал, таң намазы ұзақтау оқылатындықтан, онда бір хизбтың толық оқылуы мүмкін еді. Құранды бұлай бөлу – жүйелі түрде намазда немесе аптасына, яки айына оқуды жеңілдетуімен қатар, оны жаттауда да жеңілдік тудырды⁹⁹.

Сол секілді, Құран Кәрімге қатысты кейіннен жүзеге асырылған іс-әрекеттердің бірі – аяттардың соңын көрсететін белгілер. Бұл белгілер әуел баста сопақ шеңбер түрінде, кейінірек домалақ шеңбер түрінде жазылды. Уақыт өте келе гүл тәріздес болып өзгертіліп, ортасына аяттың саны жазылды. Сонымен

⁹⁷ Әбу Бәкір ибн Аяш әл-Әсәди – танымал қари, факих, шейху әл-Ислам. Хижраның 193 жылы дүние салған.

⁹⁸ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 5054

⁹⁹ Нуруддин Али Жұма, Ән-Нибрас фи тафсири әл-Құран әл-Карим, 197-198-б.

қатар, хижраның алтыншы ғасырынан бастап, әрбір сүренің басына сүре атаулары және әрбір параның басына жазбаша сандары жазылды. Бұған қоса, хизбтар мен сәжде аяттарын білдіретін кейбір ишараттар да қойылды. Сондай-ақ, әрбір бесінші аяттың соңына «خمسة» және әрбір оныншы аяттың соңына «عشر» сөзі жазылды. Кейбір мұсхафтарда бұл сөздердің орнына бас әріптері ғана, яғни «خ» және «ع» әріптері жазылды.


Уақыт өте аяттардағы тоқтау керек болған жерлерге (م), тоқтауға болмайтын жерлерге (ل) белгілері қойылса, тоқтауға да, тоқтамауға да рұқсат етілетін жерлерге (ج), тоқтауға рұқсат етілетін, бірақ жалғастыру абзал болған жерлерге (صلى), жалғастыруға рұқсат етілетін, бірақ тоқтау абзал болған жерлерге (قلى) және егер біреуіне тоқаталса, екіншісіне тоқтамау керек жерлерге (... ..) деген белгілер қойылды.

Алғашқыда ғалымдар Ибн Масғудтың (р.а.): «Құранды арылтыңдар, оған бір нәрселерді араластырмандар»,– деген сөзіне сүйене отырып, Құран аяттарына қойылған нүкте мен характертер секілді белгілерге қарсылық білдірген. Кейбірі нүктелер мен характертерді дұрыс санап, қалған белгілерді ұнамсыз деп тапқан. Алайда, Ибн Әбу Дәуіт, Әл-Хасан әл-Басри мен Ибн Сириннің: «Мұсхафтарға нүктелердің қойылуының оқасы жоқ»,– дегенін жеткізсе, имам ән-Науауи: «Мұсхафтарға нүктелер мен белгілерді қою ұнамды іс, өйткені олар қателік пен бұрмалаудан сақтайды»,– деп айтқан¹⁰⁰.

Қорыта айтқанда, мұсылман үмбетінің қамын ойлаған ғалымдарымыздың атқарған игі істерінің арқасында, Құранның жазылуы жүйелі тәртіпке қойылып, оқылуы жеңілдетілді. Құран оқуды үйренгісі келетін кез келген адамға даңғыл жол ашылды.

¹⁰⁰ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 755-б.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ Құранның пайғамбар (с.а.с.) кезінде сақталуы мен жазылуы ерекшеліктері қандай?
 - ✓ Құранның Әбу Бәкір (р.а.) кезінде жинақталуы және Осман (р.а.) кезеңінде жинақталуы мен көбейтілуінің айырмашылықтарын баяндаңыз.
 - ✓ Османның (р.а.) кезеңінде жинақталып, көбейтілген мұсхаф нұсқалары қазіргі күнімізге дейін жеткен бе?
 - ✓ Құран Кәрімнің нүктеленуі мен харекелену тарихы жайлы не білесіз?
-  Құран Кәрімді оқу мен оны жаттаудың артығышылығы және Құран Кәрімді жаттаудың тиімді жолдарын жаз!

III ТАРАУ. ҚҰРАН ІЛІМДЕРІ

Бұл тарауда келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Құран ілімдері қалай қалыптасты?
2. Аят, сүрелердің түсу себептері жайлы не білеміз?
3. Меккелік және мәдиналық аяттар дегеніміз не?
4. Құран Кәрім аяттары мен сүрелері жайлы не білеміз?
5. Құранның жеті қаріппен түсуін қалай түсінеміз?
6. Қырағат ілімі нені зерттейді?
7. Насих және мансұх дегеніміз не? Құрандағы насих мансұхты қалай түсінеміз?
8. Мухкам және муташабиһ дегеніміз не? Құрандағы мухкам және муташабиһ аяттарды қалай түсінеміз?
9. Құран Кәрімнің игжазы дегеніміз не?

§ 5. Құран ілімдерінің тарихы

Құран ілімдері – Аллаһ тағала кітабының қырларын жан-жақты ашатын ілімдер жиынтығы.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) өзіне келген уахиді «وَأَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الذِّكْرَ لِتُبَيِّنَ لِلنَّاسِ مَا نُزِّلَ إِلَيْهِمْ وَلَعَلَّهُمْ يَتَفَكَّرُونَ» «Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірдік. Әрине олар түсінер» («Нахыл» сүресі, 44) аятына сай сахабаларына жеткізіп қана қоймай, түсінбеген аяттарды сүннетімен баяндап беріп отырған.

Сахих әл-Бұхари мен Муслимде және өзге де хадис жинақтарымен Ибн Масғудтан (р.а.) жеткен деректе:

«الَّذِينَ آمَنُوا وَلَمْ يَلْبِسُوا إِيمَانَهُمْ بِظُلْمٍ أُولَئِكَ لَهُمُ الْأَمْنُ وَهُمْ مُهْتَدُونَ» «Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне, соларда сенімділік бар және олар

тура жолға түсірілгендер» («Әнғам» сүресі, 82),– деп келетін аят түскенде адамдарға ауыр келіп, олар: «Уа, Аллаһтың елшісі,

кім өз-өзіне зұлымдық жасамайды дейсіз?» – деп сұрайды. Аллаһ елшісі (р.а.): «Бұл сендердің ойлағандарындай емес, салиқалы пенденің: «إِنَّ الشِّرْكَ لَظُلْمٌ عَظِيمٌ», «**Жүдіксіз ортақ қосу зор зұлымдық**» («Лұқман» сүресі, 13),– деп оқығанын естімедіңдер ме?» – дейді».

Пайғамбарымыз (с.а.с.) аяттағы «зұлымдық» сөзін, Аллаһқа серік қосудың үлкен зұлымдық екендігін түсіндіретін басқа бір аятпен баяндаған.

Әл-Бұхаридің хадис жинағында келген Ади ибн Хатим (р.а.) жеткізген хадисте, ол: «...كُلُوا وَاشْرَبُوا حَتَّى يَبَيِّنَ لَكُمْ الْخَيْطُ الْأَبْيَضُ مِنْ...» «**...ақ жіп қара жіптен ажыратылғанға дейін жеп ішіндер...**» («Бақара» сүресі, 187),– деген аят түскенде, мен қара тұсау мен ақ тұсау¹⁰¹ алдым да, жастығымның астына қойдым. Сөйтіп түні бойы қарап шығып, ажырата алмаған соң, оны танертең Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келіп айттым. Сонда ол: «*Шын мәнінде, ол – түннің қараңғылығы мен күндіздің жарығы*»,– деді¹⁰²,– деген.

Муслимнің сахихындағы Ұқба ибн Амир риуаятында, ол: «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мінбеде тұрып: «وَأَعِدُّوا لَهُمْ مَا اسْتَطَعْتُمْ مِنْ...» «**Сендер де шамаларың келгенше қандай да бір күшпен дайын болыңдар**» («Әнфәл» сүресі, 60), әрине ол, найза күші»,– дегенін естідім»,– дейді.

Саңлақ сахабалар Құран Кәрім аяттарын пайғамбардан (с.а.с.) тікелей жаттап, түсініп, ондағы үкімдерді жүзеге асыруға асыққан.

Әбу Абдуррахман әс-Сәләми: «Бізге Құран үйреткен Осман ибн Аффан (р.а.), Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.) секілді тұлғалар пайғамбарымыздан (с.а.с.) Құранның он аятын үйренсе, соның ішіндегі ілім мен тағылымдарды көңілдеріне түймей, әрі қарай жалғастырмайтындығын жеткізді. Әрі олар: «Құранды және ондағы ілім мен амалдың барлығын үйрендік»,– дейтін»,– деп айтқан. Пайғамбар (с.а.с.) заманында Құран ілімдері секілді

¹⁰¹ Бұл жерде түйелердің аяқтарын тұсайтын жіп туралы айтылған.

¹⁰² Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 1916.

басқа ілімдер жадыларда жатталып, хатқа түсірілмеген-ді. Себебі, Аллаһ елшісі (с.а.с.) олардың Құран аяттарымен бірге араласып кетуінен сақтандырып, сахабаларға Құран аяттарынан басқа нәрселерді жазуға уақытша тыйым салған. Оған Әбу Сағид әл-Худриден жеткен Аллаһ елшісінің (с.а.с.): *«Менен (бір нәрсе) жазбаңдар. Кімде-кім менен Құраннан басқа нәрсе жазған болса, жойсын, кімде-кім менің атымнан жалған сөйлесе тозақтан өзіне орын дайындасын»*,— деген сөзі дәлел. Дегенмен, көп уақыт өтпей-ақ, кейбір сахабалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) рұқсатымен хадистерін хатқа түсірген.

Алғашқы кезде ілімдер хатқа түсе бастағанымен, жүйелі түрде жинақталмағандықтан, басқа ілімдер секілді Құран ілімдері де жеке ілім ретінде қалыптаспады.

Әбу Бәкір (Аллаһ оған разы болсын) тұсында әртүрлі нәрселерге жазылған Құран аяттары жинақтала бастап, Османның (Аллаһ оған разы болсын) халифалығы кезінде Ислам мемлекетінің шекарасы кеңейіп, түрлі ұлттар мен ұлыстар ислам дінін қабылдай бастағанда, Құран аяттарын бір кітап етіп жинақтау қажеттілігі туды. Халифа Османның бастамасымен жинақталған Құран Кәрім кітабы жан-жақтағы орталықтарға жіберілді. Осы жинақта қолданған жазу түрі «Осман жазуы» деп аталып, «Құран жазуы» ілімі негізінің қалануына бастама болды.

Басра шаһарының әміршісі Зияд ибн Әбиһтің бұйрығымен Әбу әл-Әсуад әд-Дуали Құран Кәрім аяттарын оқығанда, қателіктерге бой алдырмау үшін араб тілінің қағидаларын бекітіп, «Құран аяттарын грамматикалық талдау (иғраб)» ілімінің қалыптасуына жол ашты.

Сахабалар Құран Кәрім мағыналарын өзара және кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырды. Дегенмен, сахабалардың бәрі Құран аяттарын түсінуде бірдей деңгейде болмады. Өйткені кейбір сахабаларға пайғамбармен (с.а.с.) әрдайым бірге болу нәсіп болса, енді біреулері ерекше қабілеттерімен ерекшеленді. Ал кейбірі тәпсір саласына терең бойлады. Мысалы, төрт халифа, Ибн Масғуд, Ибн Аббас, Убәй ибн Кағыб, Әбу Мұса әл-Ашғари сынды тәпсірші сахабаларды ерекше атап өтуге болады. Олардың қолында Сағид ибн Жубәйр, Ата ибн Әбу Рабах, Зәйд ибн Әсләм,

Алқама, әл-Хасан әл-Басри секілді атақты табиғин тәпсіршілері жетілді.

Хижраның **екінші ғасырында** хадистер жинақталып, тақырыптарға сай тарауларға бөлінді де, бір жүйеге келтіріле бастады. Ғалымдар Құран Кәрім аяттарының тәпсіріне қатысты айтылған пайғамбар (с.а.с.) сөздерін және сахабалар мен табиғиндердің айтқандарын да жазбаша түрде реттеп, жинақтауға кірісті. Нәтижесінде Құран ілімдерінің негізі саналған *Құран тәпсірі* жазылды. Олардың ішінен Язид ибн Һарун әс-Сәләми (хижраның 117 ж.д.с.), Шуғба ибн әл-Хажжак (хижраның 160 ж.д.с.), Уақиғ ибн әл-Жаррах (хижраның 197 ж.д.с.), Суфиян ибн Ұяйнә (хижраның 198 ж.д.с.), Абдурраззақ ибн Һәммам (хижраның 211 ж.д.с.) секілді алғашқы тәпсірші, хадис ғалымдарын атап өтуге болады.

Абдурраззақ ибн Һәммамның қолжазба күйіндегі тәпсірінен басқа, аталған тәпсір жинақтары бізге жетпеген.¹⁰³ Бұдан тәпсір ілімінің Құран ілімдерінің ішіндегі ең алғаш жазылған саласы екендігін түсінеміз.

Одан кейінгі кезеңдерде көптеген ғалымдар тәпсір саласында ерен еңбек етіп, Құран Кәрімді бастан-аяқ тәпсірледі. Олардың алғашқыларының бірі – Ибн Жарир әт-Табари (хижраның 310 ж.д.с.) еді.

Тәпсір алғашқыда ауызша риуаят жолымен жеткен хадис тарауларының бірі болатын. Уақыт өте өз дамуын тауып, жеке ілім ретінде қалыптасты.

Хижраның **үшінші ғасырында** әл-Бұхаридің ұстазы Али ибн әл-Мәдини (хижраның 234 ж.д.с.) *аяттардың түсу себептеріне*, Әбу Ұбайд әл-Қасым ибн Сәлләм (хижраның 224 ж.д.с.) *насых пен мансұх аяттар және қырағатқа*, Ибн Қутайба (хижраның 276 ж.д.с.) *Құран тылсымдарына* қатысты еңбектер жазып, Құран ілімдері салаларының негізін қалап, басты қағидаларын орнықтырды.

Төртінші ғасырда Мұхаммед ибн Халаф ибн әл-Марзибан (хижраның 309 ж.д.с.) «Әл-Хауи фи улуми әл-Құран», Әбу

¹⁰³ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 8-б.

Бәкір Мұхаммед ибн әл-Қасым әл-Әнбари (хижраның 328 ж.д.с.) «Улуму әл-Құран», Әбу Бәкір әс-Сижистани (хижраның 330 ж.д.с.) «Ғарибу әл-Құран», Мұхаммед ибн Али әл-Әдфауи (хижраның 388 ж.д.с.) «Әл-Истиғна фи улуми әл-Құран» атты Құран ілімдеріне қатысты еңбектер жазса, **бесінші ғасырда** Әбу Бәкір әл-Бақиллани (хижраның 403 ж.д.с.) «Иғжази әл-Құран», Али ибн Ибраһим ибн Сағид әл-Хуфи (хижраның 430 ж.д.с.) «Иғрабу әл-Құран», әл-Мауриди (хижраның 450 ж.д.с.) «Әмсәлу әл-Құран» атты еңбектерін жарыққа шығарған.

Бұл кітаптар Құран ілімдеріне немесе Құран ілімдерінің кейбір тақырыптарына қатысты өз салаларындағы алғашқы туындылардың бірі саналады. Осындай еңбектердің нәтижесінде Құран Кәрімге қатысты көптеген ілімдер қалыптасты.

Алтыншы, жетінші ғасырларда Ибн әл-Жәузи (хижраның 597 ж.д.с.) «Фунуну әл-әфнән фи уюуни улуми әл-Құран», «Мужтәбә фи улуми тәтағаллақу би әл-Құран», Әл-Иззу ибн Абдуссәләм (хижраның 660 ж.д.с.) «Мәжәзу әл-Құран», Аләмуддин әс-Сахауи (хижраның 643 ж.д.с.) «Илму әл-Қирағат» атты еңбектер жазды.

Сегізінші ғасырда Бәдруддин әз-Заркаши (хижраның 794 ж.д.с.) «әл-Бурһан фи улуми әл-Құран» атты құнды туынды қалдырды.

Тоғызыншы ғасырда Құран ілімдері Мұхаммед ибн Сүлеймен әл-Кәфияжи (хижраның 873 ж.д.с.) мен Жәләлуддин әл-Булқинидің (хижраның 824 ж.д.с.) шығармаларымен жаңа дамуын тапса, IX ғасырдың аяғы мен **X ғасырдың басында** Жәләлуддин әс-Суюутидің (хижраның 911 ж.д.с.) «Әт-Тахбир», «Әл-Итқан фи улуми әл-Құран» еңбектерімен кемеліне жетті десек артық айтпаған болар едік.

Кейінгі ғасырларда Құран ілімдеріне қатысты жазылған іргелі еңбектердің саны азайып, саябырси бастаса да соңғы ғасырларда өрісі қайта кеңейіп, арнасы Құран ілімдерін толыққанды қамтыған немесе жекелеген тақырыптарына қатысты құнды еңбектерменен толысты. Олардың ішінде өткен ғасырдың көрнекті ғалымы әл-Әзһар университетінің ұстазы Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқанидің (1948 ж.д.с.) «Мәнәһилу әл-ирфан фи

улуми әл-Құран» атты 2 томдық кітабын ерекше атап өтуіміз керек. Өйткені ғалым көптеген Құран ілімдерін қамтып, айрықша тәртіппен ретке келтірген. Сонымен қатар әрбір тақырыпқа жан-жақты ғылыми талдау жасай отырып, осы ғылым саласына жаңаша сипат берді.

Деректерде осы ғылым саласында «Құран ілімдері» деген термин жетінші ғасырдан бастап қолданылғандығы айтылады. Алайда, өткен ғасырдың танымал ғалымы әз-Зурқани өзінің еңбегінде: «Мысырдағы «Дәру әл-кутуб» кітапханасынан «әл-Хуфи» деп танылған Али ибн Ибраһим ибн Сағидтың (хижраның 430 ж.д.с.) «Әл-Бурһан фи улуми әл-Құран» атты қолжазба еңбегін таптым. Қазіргі таңда ретке келтірілмеген бұл отыз томдық қолжазбаның он бес томы бар»,– дей отырып, «Құран ілімдері» деген терминнің қолданылу тарихы бесінші ғасырдан бастау алатындығын келтіреді. Бірақ біз жоғарыда Мұхаммед ибн Халаф ибн әл-Марзибанның (хижраның 309 ж.д.с.) «Әл-Хауи фи улуми әл-Құран», Әбу Бәкір Мұхаммед ибн әл-Қасым әл-Әнбаридің (хижраның 328 ж.д.с.) «Улуму әл-Құран» деп атаған еңбектерінен бұл терминнің төртінші ғасырдың өзінде-ақ қолданыс тапқанына көз жеткіземіз.

Бұл ғылым саласы Құран Кәрімге қатысты барлық ілімдерді қарастырғандықтан, оны ғалымдар «Құран ілімі» деп атаудың орнына «Құран ілімдері» деп көпше түрде айтқан. Осы салада еңбек жазған ғалымдар Құран Кәрім діни және дүниелік ғылым атаулының барлығының негізін қамтығандықтан, әрі өз еңбектерінде сол ғылым салаларын дерліктей қамту мүмкін болмағандықтан, «Құран ілімдеріне кіріспе» деп те атаған. Ғалымдар әр ғасырларда Құран Кәрімге қатысты «тәпсір ілімі», «қырағат ілімі», «Құранның мұғжизалығы», «насых және мансұх», «мухамм және муташабиһ», «Құран метафорасы» секілді көптеген ілімдерді зерттеп, кейбір тақырыптарды өз алдына жеке ілім ретінде де қарастырған.

Соңғы онжылдықтарда Құран ілімдерін зерттеуде түрік мектебі айтарлықтай жетістіктерге жетті. Осман мемлекеті билік құрған кездегі ғұламалар еңбектерін араб тілінде жазғандықтан, Құран ілімдері саласындағы зерттеулер Түрік республика-

сы құрылғаннан кейін ғана түрік тілінде жарық көре бастады. Құран ілімдеріне қатысты түрік дереккөздері жүйелілігімен, сондай-ақ, Құран Кәрім құрылымы мен қалыптасу тарихын зерттеуде дәстүрлік және батыстық көзқарастарды сабақтастыра отырып, тереңнен пайымдауымен ерекшеленеді. Осы саладағы іргелі зерттеулердің қатарына Омер Насухи Бильменнің «Büyük Tefsir Tarihi» («Тәпсірдің үлкен тарихы». – Анкара, 1960), Исмаил Джеррахоглының «Tefsir usulü» («Тәпсір негіздері». – Анкара, 1991) және Мухсин Демирчиннің «Tefsir usulü» («Тәпсір негіздері». – Анкара, 2003) секілді еңбектерін жатқызуға болады.

Құран Кәрімді және оның мазмұндық әрі стилистикалық ерекшеліктерін зерттеумен тек мұсылман ғалымдары ғана айналысқан жоқ. Иоанн Дамаскиннің (749 ж.д.с.), Никита Византийскийдің (886-912 жылдар аралығында дүние салған), Дионисий бар Салибидің (1170 ж.д.с.), Маймонидтің (1204 ж.д.с.) діни трактаттары, яһуди және христиан пікір таластырушыларының Құранмен және оның ертеректегі аудармаларымен таныс екендігін көрсетеді. Кордова халифаты құлап, христиандар Толедоны жаулап алғаннан кейін, Батыс Еуропада «Құранды зерттеу» миссионерлік қызметтің тәжірибелік міндеттерінен саналды. XII-XIII ғасырлардың өзінде Құранның латын тілінде аудармалары жасалғанымен, еуропалықтардың ислам мен оның қасиетті кітабы туралы мәліметтері жұтаңдау болды.

XVI-XVIII ғасырларда ұлы Осман мемлекетімен тайталасу және мұсылмандық Шығыспен дипломатиялық және сауда қатынастарын дамыту қажеттілігі туындауына байланысты, мұсылман мәдениеті мен дініне деген қызығушылық пайда болды. Лейденде (1593), Римде (1627) және Оксфордта (1638), ал содан кейін басқа да Еуропа университеттерінде шығыс тілдері факультеттері ашылды. Сонымен қатар Құран Кәрімді француз тіліне Андре дю Риенің (1647), латын тіліне Людовик Мараккустың (1698) және ағылшын тіліне Джордж Сэйл (1734) жасаған аудармаларының жарық көруі, еуропалық интеллектуалдарға ислам дінімен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді. Ал, Осман мемлекетінің әлсіреуімен түріктерден қорқу

сезімі Шығысқа деген романтикалық қызығушылық сезіміне ауысты. Ағарту дәуірінде кең тараған сананың әмбебаптылығы мен адам табиғатының біртұтастығы туралы ойлар Монтеस्कьені, Вольтер мен Гетені шығыстың сюжеттері мен образдарына жүгінулеріне жетеледі. Бірақ та, соған қарамастан, еуропалық авторлардың Құран туралы беделді еңбектері полемикалық сипатқа ие болды.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында, еуропалық университеттерде ғылыми исламтанудың негіздері қалыптаса бастады. Академикалық ғалымдардың еңбектерінде «Құран – яһудилік христиандық мәтіндердің және Араб түбегінің исламға дейінгі мәдениетінің әсеріне ұшыраған араб тілінің ескерткіші және исламның көне тарихының сенімді бастауы» ретінде көрініс тапты. Алмандық інжілшілдер жасап шығарған «мәтіндік сын» мен «інжілдік герменевтика» тәсілдері Құранды зерттеу сипатын бірнеше ондаған жыл алға анықтап қойды.

Ресейде Құран мен мұсылман дінін зерттеу дәстүрі петрлік кезеңде туындайды. Сол кезде Құран Кәрім алғаш рет орыс тіліне аударылды. Исламтанудың ресейлік мектебінің белсенді түрде дамуы 1807 жылы Қазан университетінде шығыс тілдері кафедрасының ашылуымен тығыз байланысты. XIX ғасырдың 50-жылдарының басында, император Николай I аталмыш университетте «шығыс тілдерін оқытуды тоқтату» туралы жарлыққа қол қойды да шығыстану орталығы Санкт Петербург университетіне ауыстырылып, ол жерде Шығыстану факультеті ашылды. Бұл факультеттің алғашқы деканы Мирза Мұхаммед Казем бек (1870 ж.д.с.) Ресейде Құранның зерттелуіне үлкен үлес қосты. Ол 1859 жылы «Құранның толық конкордансы немесе аталмыш кітаптың діни, заң және әдеби бастауларын зерттеу үшін басшылыққа алынатын, оның мәтіндеріндегі барлық сөздер мен сөз тіркестерінің кілті» деген еңбек жазып шықты¹⁰⁴.

¹⁰⁴ Кулиев Э. Р., Муртазин М. Ф., Коранистика, 8-10-б. Батыс және орыс ориенталистерінің Құран Кәрім аудармаларына алдағы тақырыптардың бірінде кеңірек тоқталамыз.

Демек, Құран ілімдерінің зерттеу нысаны – Құран Кәрім. Өйткені, тәпсір ілімінің тақырыбы – Құран Кәрімді түсіндіру мен мағыналарын баяндау, қырағат ілімінің тақырыбы – Құран Кәрімнің оқылу ерекшеліктерін қарастыру, ал Құран жазуы – Құран Кәрімнің жазылу жолдарын зерттеу. Және де басқа Құран ілімдеріне қатысты әрбір тақырып Құран Кәрімді басқа да қырынан зерттейді.

Жалпы бұрын да, кейінгі ғасырларда да Құран ілімдеріне қатысты көптеген еңбектердің жазылуы, Эт-Табари, Әл-Қуртуби секілді танымал тәпсіршілердің тәпсірлерінің басында Құран ілімдеріне ерекше орын берілуі бұл ғылым саласының маңыздылығын көрсетеді.

«Құран ілімдері» пәнінің мақсаты:

Құран Кәрімді зертеуге, оны дұрыс түсініп, одан үкімдер алуға және Құран әдебімен сусындауға жол ашады;

Бұл ілім, оқушыға – Құран Кәрімге қатысты жалған жалалар мен жаңсақ пікірлер таратып жүрген дін дұшпандарына қарсы тұшымды жауап беруге көмектеседі;

Оқушы Құран Кәрімге қатысты білімі мен танымын арттырып, жоғары мәдениеттілікке қол жеткізеді. Өйткені білім, ғылымның бастауы болған Құран Кәрімге қатысты ілімдерден нәр алу – адамның ақылын нұрландырып, мінез-құлқын кемелдендіреді, жүрегін тыныштандырып, рухын асқақтатады.

☑ *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:*

- ✓ *Мұсылман ғалымдары тарапынан Құран ілімдеріне қатысты жазылған қандай құнды еңбектерді білесіз? Осы пәнге байланысты қазақ тілінде жарық көрген қандай әдебиеттер бар?*
- ✓ *«Құран ілімдері» деген термин алғаш қай ғасырда, қай ғалым тарапынан қолданыла бастады?*
- ✓ *«Құран ілімдері» немесе «Құран ілімдеріне кіріспе» деген атауларының қайсысы дұрысырақ деп ойлайсыз? Неліктен?*

- ✓ *Имам әс-Суютидің «әл-Итқан фи улуми әл-Құран» атты еңбегіне көз жүгіртіп, ғалымның өмірі және шығармашылығымен танысыңыз.*
- ✎ *Құран ілімдері пәнін оқудың қандай пайдалары бар? (Эссе жазу).*

§ 6. Аят, сүрелердің түсу себептері

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Аяттардың түсу себептерінің қандай түрлері бар?
2. Құран аяттары мен сүрелерінің түсу себептерін білудің қандай пайдалары бар?
3. Аят, сүрелердің түсу себептерін анықтау жолдары қандай?
4. Аят немесе сүренің бірнеше түсу себептерінің болуын қалай түсінеміз?
5. Бір себепке байланысты бірнеше аяттардың түсуі мүмкін бе?
6. Бір адамға қатысты бірнеше аяттың түсуі мүмкін бе?
7. Аяттардың белгілі бір себепке байланысты түскенімен, мағынасы жалпыға қатысты болуы мүмкін бе?
8. Аяттардың түсу себептеріне қатысты жазылған қандай маңызды еңбектер бар?

1. Аяттардың түсу себептерінің түрлері

Құран Кәрім аяттарының түсуін негізгі екі түрге бөлуге болады. Бірінші – ешқандай бір себепсіз түскен аяттар, екіншісі – белгілі бір себептерге байланысты нәзіл болған аяттар.

1. Ешқандай бір себепсіз түскен аяттар

Құран Кәрім аяттарының көп бөлігі қандай да бір себептерсіз адамзат баласын тура жолға бастау, иман негіздері мен шарифат талаптарын үйрету мақсатында түсірілген. Бұндай аяттардың мағыналарын түсіну терең зерттеулерді қажет етпейді.

Мысалы: **وَمِنْهُمْ مَّنْ عَاهَدَ اللَّهَ لَئِن آتَانَا مِنْ فَضْلِهِ لَنَصَّدَّقَنَّ وَلَنَكُونَنَّ مِنَ الصَّالِحِينَ** «Тағы олардан біреулер: «Егер Аллаһ, бізге өз кеңшілігінен мал берсе, әрине, садақа беріп, игілерден болар едік»,– деп Аллаһқа серт берді» («Тәубе» сүресі, 75) аяты және одан кейінгі бірқатар аяттар ешқандай себепсіз, жалпы мұнафықтардың жағдайын білдіріп түскен. Кейбір тәпсір

кітаптарында бұл аяттардың Сағләбә ибн Хатиб әл-Ансаридің оқиғасына қатысты түсірілгендігі сөз етіледі¹⁰⁵. Бірақ ғалымдар бұл деректің өте әлсіз жолмен жеткендігін айтқан. Сол себепті осы аяттар ешқандай бір себепсіз түскен аяттар болып табылады.

2. Белгілі бір себепке қатысты түскен аяттар

Кейбір аяттар белгілі бір себептерге байланысты түсіп отырған. Аяттардың түсу себептері Құран ілімдерінде араб тіліндегі «Әсбәбу ән-нузул» деген атпен белгілі. Нақтырақ айтсақ, пайғамбарымызға (с.а.с.) бағытталған сұрақтарға жауап ретінде немесе өмірде болған нақты оқиғаларға қатысты түскен аяттар – түсу себептері бар аяттар болып табылады, қойылған сұрақ пен болған оқиғаны «аталған аяттың түсу себебі» дейміз. Яғни оларды келесідей баяндауға болады:

а) Нақты орын алған қандай да бір оқиғаға байланысты.

Мысалы:

– Пайғамбарымыз (с.а.с.), وَأَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الْأَقْرَبِينَ **«Жақын ағайындарыңа ескерт!»** аяты түскен кезде Сафа төбесіне шығып, құрайыш тайпасына дауыстайды. Олар бұл дауысты естіп, Сафа төбесіне жиналады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оларға: *«Мына таудың етегінде жаудың атты әскерлері бар десем, маған сенер ме едіңдер?»* – деп тіл қатады. Олар: *«Иә, сенеміз! Өйткені, сені осы күнге дейін шыншыл деп білеміз, сенің өтірік айтқаныңды ешқашан көрмедік»*,– деп жауап береді. Пайғамбар (с.а.с.): *«Олай болса, мен сендерді алда қатты азап күтіп тұрғанымен ескертемін»*,– дейді. Бұны естіген Әбу Ләһәб: *«Құрып кет! Бізді мұнда сол үшін шақырдың ба?»* – деп қарсы сұрақ қойған кезде:

¹⁰⁵ Сағләбә ибн Хатибтің оқиғасы мәшһүр хадис. Қысқаша мазмұны мынадай: бұл сахаба пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп Аллаһ тағаладан оған байлық тілеп дұға қылуын сұрайды. Қайта-қайта сұраған сахабаның талабына пайғамбар жауап береді. Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дұғасымен байлыққа қол жеткізген сахаба кейіннен дүниеге алданып, шариғат талаптарын орындаудан бас тартады. Бұл хадис – өте әлсіз хадис. Тізбегінде Али ибн Язид әл-Әлһәни бар. Оның хадисі мәтрүк. Өт-Табарани, 7873; Ибн Хажар, Тахрижу әл-Кәшшәф, 2/292; Әл-Қуртуби, Әл-Жамиғу лиәхками әл-Құран, 8/191.

«...وَتَبَّ...» «Әбу Ләһәбтің екі қолы құрысын! Құрыды да ...»,– деген аят түседі. Яғни, бұл оқиға «Мәсәд» сүресінің түсуіне себеп болған.

– Пайғамбар (с.а.с.) заманының алғашқы кезінде, бір кісі мас күйінде жамағаттың алдына шығып, намазда оларға имам болады. Ол намазда «Фатиха» сүресінен кейін «Кафирун» сүресін оқыған кезде:

«قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ (۱) لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ» («Мұхаммед с.а.с.): «Ей, кәпірлер! (1) Сендердің табынғандарыңа табынбаймын»,–де»,– деген аятты

«قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ (۱) لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ» «Ей, кәпірлер! (1) Сендердің табынғандарыңа табынамын,–де»,– деп қате оқығандығы себепті Аллаһ тағала: «يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا تَقْرَبُوا الصَّلَاةَ وَأَنْتُمْ سُكَارَى حَتَّى تَعْلَمُوا مَا تَقُولُونَ» «Ей мүміндер! Сендер мас болып, не айтқандарыңды білгенге дейін намазға жақындамаңдар...» («Ниса» сүресі, 43),– деген аятты түсірді.

– Аллаһтың жаулары – яһудилер Аус пен Хазраж тайпаларының арасына от салып, араздастырмақшы болады. Олардың қара ниеттерін түсінбеген екі тайпа өкілдері бір-біріне қарсы шығып, қолдарына қару ала бастайды, осы оқиғаға байланысты Құран Кәрімнің:

«يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِنْ تَطِيعُوا فَرِيقًا مِنَ الَّذِينَ آوَتْهُوا الْكِتَابَ يَزِدُّوْكُمْ بَعْدَ إِيمَانِكُمْ كَافِرِينَ» «Ей, мүміндер! Кітап берілгендердің бір тобына бойсұнсаңдар, сендерді иман келтіргеннен кейін қарсылыққа қайтарады» («Әли Имран» сүресі, 100),– деген аяты түседі.

ә) Пайғамбарға (с.а.с.) қойылған сұрақтарға жауап ретінде

– Бұрын өткен тарихи оқиғаға байланысты қойылған сұрақтарға жауап ретінде.

Мысалы: Яһудилер пайғамбардан (с.а.с.) Зұлқарнайын жайлы сұраған кезде «وَيَسْأَلُونَكَ عَنِ الَّذِينَ قَتَلْتُمْ...» («Мұхаммед (с.а.с.)) олар сенен Зұлқарнайын жайлы сұрайды...» («Кәһф» сүресі, 83) аяты түскен.

– Сол уақытқа қатысты сұрақтарға жауап ретінде. Мысалы:

«وَيَسْأَلُونَكَ عَنِ الرُّوحِ قُلِ الرُّوحُ مِنْ أَمْرِ رَبِّي وَمَا أُوتِيتُمْ مِنَ الْعِلْمِ إِلَّا قَلِيلًا»
«(Мұхаммед (с.а.с.)) Олар сенен рух туралы сұрайды, «Рух – Раббымның әмірінен, сендерге білімнен аз ғана берілді»,– деп айт» («Исра» сүресі, 85) аятының түсуі.

– Болашаққа байланысты қойылған сұрақтарға жауап ретінде.

Мысалы: «يَسْأَلُونَكَ عَنِ السَّاعَةِ أَيَّانَ مُرْسَاهَا» «(Мұхаммед (с.а.с.)) олар сенен «Қиямет қашан болады?» – деп сұрайды» («Назифат» сүресі, 42),– деген аяттың түсуі.

б) Сахабаның ойы мен қалауын растап, сөзіне сай түскен аяттар

Мысалы: Омар ибн әл-Хаттабтың қалауы мен сөзіне сай түскен Құран Кәрім аяттары. Омар (р.а.): «Менің (пікірім) үш нәрседе Раббымның (қалауына) сәйкес келді (немесе үш нәрседе Раббым (қалауын) менің ойыма сәйкес келтірді): «Уа, Аллаһтың елшісі! Ибраһимның мақамын намаз оқу орны етіп алсаң қайтеді?» – дегенімде, «Ибраһимнің мақамын намаз орны қылып алындар!» («Бақара» сүресі, 125) – деген аят нәзіл болды. «Уа, Аллаһтың елшісі, әйелдеріңізге жамылып жүруді (хижабты) бұйырсаңыз, өйткені олармен жақсы адам да, жаман адам да сөйлеседі»,– дегенімде, «Хижаб» аяты¹⁰⁶ нәзіл болды. Бір күні пайғамбарымыздың (с.а.с.) әйелдерінде ол кісіге деген қызғаныш пайда болды. Сонда мен оларға: «Егер де пайғамбарымыз (с.а.с.) сендерді қоя берсе, Аллаһ тағала орындарыңа сендерден гөрі жақсырақ әйелді нәсіп қылуы мүмкін»,– дегенімде, шынында, осы мазмұндас аят¹⁰⁷ нәзіл болды»,– дейді¹⁰⁸.

2. Құран аяттары мен сүрелерінің түсу себептерін білудің пайдалары

Құран аяттарының түсу себептерін білудің кейбір пайдалары:

¹⁰⁶ «Әхзаб» сүресі, 53.

¹⁰⁷ «Тахрим» сүресі, 5.

¹⁰⁸ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 402; 4483.

1. Құран Кәрімнің Аллаһ тағала тарапынан түсірілгендігін білдіреді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қандай да бір қойылған сұраққа бірден жауап бермей, уахидің келуін күтетін еді. Сол секілді басы-қасында болмаған қандай да бір жайттың анық-қанығы уахи арқылы білдірілетін. Мысалы: Имам әл-Бұхариде келген хадисте Абдуллаһ ибн Масғуд: «...Олардың (яһудилердің) бірі орнынан тұрып: «Ей, Әбу әл-Қасым! Рух деген не?» – деп сұрады. (Пайғамбар (с.а.с.)) үнсіз тұрып қалды. Мен өз-өзіме: «Оған уахи келіп жатыр»,– дедім де (араларында) тұрдым. Уахи аяқталған соң, ол (с.а.с.): **«Олар сенен рух туралы сұрайды, «Рух – Раббымның әмірінен, сендерге білімнен аз ғана берілді» деп айт»** («Исра» сүресі, 85),– деді»¹⁰⁹,– деп айтқан.

Сол секілді «Мұнафиқун» сүресінің алғашқы аяттарының түсу себебінен де осы ақиқатты көруге болады. Пайғамбарымыздан жеткен дұрыс деректердің бірінде Зәйд ибн Өрқам (р.а.): «Бір жорықта болғанымда, Абдуллаһ ибн Убәйдің: «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қасындағыларға қаражат жұмсамаңдар, олар оның маңынан безіп кетсін. Мәдинаға қайтып барғанымызда күштілер бейшараларды міндетті түрде қуып шығады»,– деп айттып жатқанын естіп, оны көкеме (яғни Омарға) айттым. Ол бұл хабарды пайғамбарға (с.а.с.) жеткізді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені өзіне шақырған уақытта, мен оған болған жайтты айтып бердім. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Абдуллаһ ибн Убәй мен оның жолдастарын (шақырып келуге кісі) жіберді. Олар бұлай деп айтпағандарына ант-су ішті. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.) маған сенбей, оған сенді. (Бұған) мен қатты қайғырдым, ешқашан ондай қайғыны бастан өткерген емеспін. Сары уайымға салынып, үйімде отырдым. Көкем болса маған: «Сен пайғамбар (с.а.с.) өзіңді өтірікші санап, жек көруін ғана қаладың»,– деді. Сол арада Аллаһ тағала: **«Мұнафиқтар саған келген кезде...»**,– деген аятты түсірді. Сонан соң пайғамбар мені шақырып алып, аятты оқыды да: «*Уа,*

¹⁰⁹ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 125; Муслим, Әс-Сахих, 2794.

Зәйд! Расында, Аллаһ сенің айтқаныңды растады»,– деді»¹¹⁰,– деген.

2. Аяттардың белгілі бір себептерге байланысты түсуі Аллаһ тағаланың даналығын паш етеді. Одан мұсылмандармен қатар мұсылман еместер де пайда алады. Мұсылманның алар пайдасы сол, Аллаһ тағаланың кітабын басшылыққа алуға және ондағы үкімдерді орындауға ынталанып, иманын тағы қуаттайды. Ислам шариғатының жалпы адамзат мүддесі үшін, қоғамның да санасының деңгейіне қарай, аяттардың бірте-бірте түсуі – санасында саңылауы бар мұсылман еместің де көкірегін оятып, ойландыраы, тура жолға бастары сөзсіз.

3. Аяттардың мағыналарын түсінуде аяттардың түсу себептерін білудің маңызы зор. Кез келген тәпсірші аяттың мағынасын дұрыс әрі толық түсіну үшін оның түсу себебін міндетті түрде білуі қажет. Әл-Уахиди¹¹¹: «Түсу себебін білмей, аяттың тәпсірін білу мүмкін емес»,– деген. Бұл ақиқатты мына мысалдардан көруге болады:

а) «Бақара» сүресіндегі: **وَلِلَّهِ الْمَشْرِقُ وَالْمَغْرِبُ فَأَيْنَمَا تُوَلُّوا فَثَمَّ وَجْهَ اللَّهِ إِنَّ اللَّهَ وَاسِعٌ عَلِيمٌ** «Шығыс, батыс, әр тарап Аллаһқа тән. Сондықтан қай жаққа бағытталсаңдар да Аллаһтың жүзі (ризалығы) сол жақта. Расында, Аллаһ өте кең, толық білуші» («Бақара» сүресі, 115),– делінген аяттың сыртқы мағынасы – адам сапарда яки тұрғылықты болса да намазды құбылаға қарамай, қай жаққа қарап оқыса болатындығын білдіреді. Бірақ бұл аят сапардағы нәпіл намазына немесе құбыланы анықтау мүмкін болмаған жағдайға байланысты түсірілген. Бұған қатысты Омардан (р.а.): «Бұл аят сапардағы қай жаққа болсын бағытталған көлік үстінде намаз оқуға байланысты нәзіл болған» деген дерек жеткен¹¹². Сол секілді кейбір риуаяттарда бұл аяттың, бірде жамағаттың

¹¹⁰ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4900, 4901, 4902, 4907

¹¹¹ Әбу әл-Хасан Али ибн Ахмед ибн Мұхаммед ибн Али әл-Уахиди ән-Нисабури әш-Шафиғи – танымал тәпсірші, фақиһ, лингвист ғалым. Ол 468/1076 жылы дүние салған.

¹¹² Муслим, Әс-Сахих, 700; Әл-Хаким, Мустадрак, 2/266.

құбыланы анықтай алмай, қалаған жақтарына қарап намаз оқып, қателескен кездерінде түскендігі айтылады¹¹³.

- ә) لَا تَحْسَبَنَّ الَّذِينَ يَفْرُحُونَ بِمَا آتَوْا وَيُحِبُّونَ أَنْ يُحْمَدُوا بِمَا لَمْ يَفْعَلُوا فَلَا تَحْسَبَنَّهُمْ بِمَفَازَةٍ مِنَ الْعَذَابِ وَلَهُمْ عَذَابٌ أَلِيمٌ

«Істегендеріне мәз болып, істемеген нәрселері үшін мақтануды сүйгендерді есепке алма, сондай-ақ оларды азаптан құтылады деп ойлама, өйткені олар үшін жан түршігерлік азап бар» («Әли Имран» сүресі, 188).

Мәруан ибн әл-Хакам осы аяттың мағынасын дұрыс түсіне алмай, Абдуллаһ ибн Аббасқа кісі жібереді. Ибн Аббас оның мағынасын анықтап түсіндіру үшін, аяттың түсу себебін баяндап береді. Бұл жайт имам әл-Бұхаридің сахих жинағында былай өрбиді: «Бір күні Маруан, Рафиг деген қызметшісіне: «Сен Ибн Аббасқа бар да: «Расында істегеніне қуанған және істемегені үшін мақтау естуді қалаған әрбір адам азапқа ұшырайтын болса, онда бәріміз міндетті түрде азапқа ұшыраймыз»,– деп айт»,– деген. Сол сөзді естіген Ибн Аббас: «Сендердің бұған қандай қатыстарың бар?! (Бірде) Пайғамбар (с.а.с.) яһудилерді шақырып алып, олардан бір нәрсе жайлы сұрады, ал олар (Аллаһ елшісі сұраған нәрсені) жасырып, басқа жауап айтты және оның сұрағанына жауап қайтарғандары үшін мақтау күткен сыңай танытып, жасырып қалғандарына мәз болысты»,– деп жоғарыдағы аятты оқыған¹¹⁴.

- б) وَلَيْسَ الْبِرُّ بِأَنْ تَأْتُوا الْبُيُوتَ مِنْ ظُهُورِهَا وَلَكِنَّ الْبِرَّ مَنِ اتَّقَى وَأْتُوا الْبُيُوتَ مِنْ أَبْوَابِهَا وَاتَّقُوا اللَّهَ لَعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ

«Үйлеріңе артынан кірулерің жақсы бір іс емес, бірақ кімде-кім сақтанса, міне, сол – жақсылық. Ендеше, үйлеріңе

¹¹³ Әт-Термези, Әс-Сунан, 345; Ибн Мәжә, Әс-Сунан, 1/165; Әд-Даракутни, Әс-Сунан, 101; Имам әт-Термези әлсіз хадис екендігін айтқан.

¹¹⁴ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4568; Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 1/148-б.

есіктеріңнен кіріңдер және Аллаһтан қорқыңдар, әрине, құтыласыңдар» («Бақара» сүресі, 189).

Бұл аяттың түсу себебін білмей, оның мағынасын дұрыс түсіне алмаймыз, Имам әл-Бұхари келтірген хадисте, Әбу Исхак әл-Бәраның (р.а.): «Осы аят бізге қатысты түскен еді. Ансарлар қажылыққа барып келгеннен кейін үйлеріне есіктерінен кірмей, артқы жағынан кіретін. Бірде араларындағы бір кісі үйіне есігінен кіріп, сол қылығы үшін басқалары оны айыптайды, сол кезде жоғарыдағы аят түсті», – дегенін естідім, – дейді¹¹⁵.

4. Аллаһ тағаланың пайғамбарымызды (с.а.с.) қорғауы оған көрсеткен айрықша қамқорлығын да білдіреді. Мысалы, Айша анамызға жабылған жалаға қатысты түскен аяттар пайғамбарымыздың (с.а.с.) абыройы мен ар-намысын қорғап, жалғаншылардың жаласынан сақтау мақсатында да нәзіл болған.

5. Аллаһ тағала қиыншылықтар мен ауыртпашылықтарды жою арқылы, құлдарына деген ерекше мейірімділігін ұғындырады. Оған «таяммум» аятының түсу себебін айтуға болады.

6. Аят, сүрелердің түсу себептерін білу – оларды тез түсініп, жеңіл жаттауға, ұмытқан жағдайда жылдам еске түсіруге септігін тигізері анық¹¹⁶.

3. Аят, сүрелердің түсу себептерін анықтау жолдары

Әл-Уахиди тізбегі Ибн Аббастан (с.а.с.) жеткен хадисте, Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «*Білмеген хадистеріңнен сақ болыңдар, кімде-кім менің атымнан әдейі жалған сөйлейтін болса, өз орнын оттан дайындай берсін. Кімде-кім білімсіз Құранға қатысты жалған сөйлейтін болса, өз орнын оттан дайындай берсін*»¹¹⁷, – дегенін жеткізеді. Осы және өзге де деректерге жүгінсек, аят пен сүрелердің түсу себептерін ақыл жүгірту және ижтиһад жасау арқылы білу мүмкін емес. Ол белгілі бір жайтқа байланысты түскен уахидің басы-қасында болған сахабаның жеткізуімен білінеді. Аят, сүрелердің түсу себебі ақылмен пайымдау мүмкін

¹¹⁵ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 1803, 4512.

¹¹⁶ Өз-Зәркаши, Әл-Бурһан, 1/22-27-б.

¹¹⁷ Өт-Термези, Әс-Сунан, 2953; Ахмед, Әл-Муснад, 2976. Хасан хадис.

болмай, тек есту және көру арқылы болатындықтан, сахабадан жеткен риуаят «марфуғ хадис», яғни пайғамбардан жеткен дерек үкімінде саналады. Ал, мурсал немесе «мақтуғ хадис», яғни тізбегінде сахаба түсіп қалған немесе тізбегі табиғинмен аяқталған хадис дәлел бола алмайды. Бірақ, «мурсал хадис» танымал тәпсірші табиғиндердің бірімен басталып, тізбегі сенімді жеткізушілермен жалғасса, және екінші бір мурсал хадиспен қуатталған болса, айғақ болуға жарамды¹¹⁸.

4. Аят немесе сүренің бірнеше түсу себептерінің болуы

Аят немесе сүренің түсуіне қатысты әртүрлі екі риуаят келуі мүмкін. Яғни бір аяттың әрбір деректе екі түрлі себебі айтылған болса, келесідей әрекет жасалады:

– бір риуаят дұрыс болып, екіншісі әлсіз болса, дұрыс жолмен жеткен дерекке жүгініледі;

– екеуі де дұрыстығы жағынан дәрежесі тең болса, бірін екіншісінен артық қоятын дәлелдерге жүгіне отырып, қуаттырағы таңдалады;

– екеуі де дұрыстығы жағынан дәрежелері тең әрі бірін екіншісінен артық қоятын дәлелдер болмаса, бірақ, екі риуаятты біріктіру мүмкін болған жағдайда, екеуі де алынады;

– екеуі де дұрыстығы жағынан дәрежелері тең, бірін екіншісінен артық қоятын дәлелдер жоқ болып, екі риуаятты біріктіру де мүмкін болмаған жағдайда, бір аят не сүренің бірнеше түсу себептері бар деп қабылданады.

Бірінші жағдай: Белгілі бір аят не сүренің түсу себебіне қатысты келген екі риуаяттың бірі дұрыс келіп, екіншісі әлсіз болса, дұрыс жолмен жеткен деректі алып, әлсізін тастау. Оған мынадай мысал келтіруге болады:

Имам әл-Бұхариде келген хадисте, Әл-Әсуад ибн Қайыс Жундубтың (р.а.): «Пайғамбар наукастанып қалғанда бір не екі түн (таһажжудқа) тұрмады, бір әйел адам келіп: «Ей, Мұхаммед! Сені шайтаның тастап кеткен екен ғой»,– деді. Сол кезде Аллаһ тағала:

«**Сәске** وَالضُّحَى (۱) وَاللَّيْلِ إِذَا سَجَى (۲) مَا وَدَّعَكَ رَبُّكَ وَمَا قَلَى (۳)

¹¹⁸ Мұхаммед Абдулазим эз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 153-б.

уақытына (1). Тым-тырыс түнге ант (2). Раббың сені тастамады да кейімеді» аяттарын түсірді»,– дегенін естідім»,– дейді¹¹⁹.

Әт-Табарани, Ибн Әбу Шәйба пайғамбарымыздың (с.а.с.) қызметшісінен жеткізген риуаятта: «Бір күшік пайғамбарымыздың үйіне кіріп, керуеттің астында өліп қалған еді. Пайғамбар (с.а.с.) төрт күн бойы уахи келмеген соң: «Уа, Хаулә, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) үйінде не болды, маған Жәбірейіл келмеді»,– деді, мен (с.а.с.) ішімнен: «үйді тазалап, сыпырғанымда ғой»,– дедім де сыпырғышпен керуеттің астын тазартқанымда күшікті алып шықтым. Пайғамбар (с.а.с.) көргенде, сақалынан діріл байқалды. Уахи келген кезде де осындай діріл болатын. Осы кезде Аллаһ тағала «Дұха» сүресінің алғашқы бес аятын түсірді»,– деп келеді¹²⁰.

«Дұха» сүресінің алғашқы аяттарының түсу себебіне қатысты келген осы екі риуаяттың біріншісі дұрыс болуы себепті алынады. Ал, екінші дерек тізбегінде белгісіз жеткізушілердің болуы себепті әлсіз болғандықтан, оған жүгінілмейді. Ибн Абдулбарр: «Бұл хадис дәлел бола алмайды»,– десе, Ибн Хажар әл-Асқалани: «Керуеттің астындағы итке байланысты Жәбірейілдің кешігу оқиғасы мәшһүр, бірақ аяттың түсу себебі ретінде қабылданбайды...»,– деген¹²¹.

Екінші жағдай: Екі риуаяттың дұрыстығы жағынан дәрежесі тең болса, бірін екіншісінен артық қоятын дәлелдерге жүгіне отырып, қуаттырағын таңдау.

Мысалы: Әл-Бұхаридің хадисінде Абдуллаһ ибн Масғуд (с.а.с.): «Бірде пайғамбар (с.а.с.) екеуіміз Мәдинаның қираған жерлерімен келе жатыр едік, ол құрманың жалаңаш бұтағын тіреуіш етіп алған-ды. Бір топ яһудилердің қасынан өтіп бара жатқанымызда, олар бір-біріне: «Одан рух туралы сұраңдар»,– десті. Олардың кейбірі: «Сұрамаңдар, өздеріңе ұнамайтын бір нәрсе айтып қалар»,– деді. Ал кейбіреулері: «Міндетті түрде

¹¹⁹ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4983, 1124, 1125, 4950

¹²⁰ Әт-Табарани, 24/249; Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 1/156-б.

¹²¹ Ибн Хажар әл-Асқалани, Фәтху әл-Бәри, 11/95-б.

сұраймыз»,– деді. Олардың біреуі орнынан тұрып: «Ей, Әбу әл-Қасым! Рух деген не?» – деп сұрады. (Пайғамбар (с.а.с.)) үнсіз тұрып қалды. Мен өз-өзіме: «Оған уахи келіп жатыр»,– дедім де (араларында) тұрдым. Уахи аяқталған соң, ол: «**Олар сенен рух туралы сұрайды. «Рух – Раббымның әмірінен, сендерге білімнен аз ғана берілді»,– деп айт**» («Исра» сүресі, 85),– деді»¹²²,– делінген.

Имам әт-Термезиден жеткен сахих хадисте Ибн Аббас: «Құрайыштар яһудилерге: «бізге бір нәрсе беріндер, мына кісіден сұрайық»,– деді, олар: «Одан рух жайлы сұраңдар»,– деді. Олар сол жайлы сұраған кезде, Аллаһ тағала: «**Олар сенен рух туралы сұрайды**» («Исра» сүресі, 85) аятын түсірді»,– дейді.

Екінші дерек аталған аяттың Меккеде, құрайыштардың сұрағына орай түскендігіне дәлел болса, әл-Бұхариде келген деректен, оның Мәдинада яһудилердің сұрағына жауап ретінде нәзіл болғандығын анық көреміз.

Бірінші хадис екінші риуаятқа қарағанда, екі жақтан қуаттырақ болып есептеледі.

а) Бірінші хадисті жеткізген Ибн Масғуд (р.а.) аяттың түсуіне себеп болған оқиғаның басы-қасында болған. Оны риуаят барысынан аңғаруға болады. Ал, екінші, Ибн Аббастың (р.а.) риуаятында, оның оқиғаның басы-қасында болмағандығын түсінеміз. Сондықтан, Ибн Масғудтан (р.а.) жеткен хадистің дәрежесі жоғары тұрады. Яғни, аят не сүренің түсу себебін білдіретін әртүрлі екі сахих хадис келген жағдайда, қуаттырағы алынып, екіншісі тәрк етіледі.

ә) Бірінші хадис имам әл-Бұхариде келсе, екінші хадисті имам әт-Термези жеткізген. Әл-Бұхари риуаят еткен хадистердің басқа хадистанушылардың жеткізген хадистерінен дұрысырақ екендігі белгілі.

Үшінші жағдай: Екі риуаят дұрыстығы жағынан дәрежелері тең әрі бірін екіншісінен артық қоятын дәлелдер болмаса, бірақ екі риуаятты біріктіру мүмкін болған жағдайда, екеуіне

¹²² Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 125; Муслим, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 2794.

де жүгініледі. Аят не сүренің түсуіне себеп болған оқиғалар бірінен соң бірі орын алып, араларында көп уақыт өтпеуі себепті біріктіріліп, бір аят не сүренің бірнеше себепке байланысты түсуі деп қабылданады. Бұл тұрғыда Ибн Хажар: «Аят, сүрелердің түсуіне бірнеше себептердің болуына ешбір кедергі жоқ»,– дейді.

Мысалы: Әл-Бұхариде келген хадисте Ибн Аббас (Аллаһ ол екеуіне разы болсын): «Бірде пайғамбардың (с.а.с.) қасында Һиләл ибн Умәйя өзінің әйелін Шәрик ибн Сахмамен зина жасады деп айыптаған. Сонда пайғамбар (с.а.с.): *«Дәлел (келтір), болмаса арқаңа дүре (соғылады)»*,– дейді. Һиләл: «О, Аллаһтың елшісі (с.а.с.)! Біреуіміз әйелінің бір еркекпен (әуейі боп жатқанын) көрсе, барып дәлел іздей ме?» – дейді. Пайғамбар (с.а.с.): *«Дәлел (келтір), болмаса арқаңа дүре (соғылады)»*,– деп тұрып алады. Сонда Һиләл: «Сені ақиқатпен жіберген Аллаһпен ант етейін, шын мәнінде, мен рас айтып тұрмын, ендеше Аллаһ менің арқамды дүреден құтқаратын нәрсені міндетті түрде түсіреді!» – дейді. Сол кезде Жәбірәйіл түсіп, пайғамбарға (с.а.с.): **«Әйелдерін (көзіме шөп салды деп) айыптаған, бірақ өздерінен басқа ешбір куәлары болмағандардың әрбірі куәлік ретінде өзінің рас айтқанына төрт рет Аллаһпен ант етеді (6). Бесінші ретте (ер кісі), егер өтірікшілерден болса, өзіне Аллаһтың лағынеті болуын (айтады) (7). (Ерінің) өтірікшілерден екенін (айтып) әйел де төрт рет Аллаһпен ант ішіп, өзінен жазаны кетіре алады (8). Бесінші ретте (әйел), егер (күйеуі) рас сөйлеушілерден болса, өзіне Аллаһтың ашуы түсуін (айтады) (9)»** («Нұр» сүресі, 6-9),– деген аяттарды түсірді»¹²³,– деп айтқан.

Әл-Бұхариде Сәһл ибн Сағдтан жеткен басқа бір хадисте: «Бірде Ғуаймир Бәну Ажлан тайпасының көсемі Асым ибн Адиға келіп: «Әйелінің басқа еркекпен (жатқанының) үстінен түскен кісі жөнінде не айтасыңдар? Ол оны өлтіре ме, онда сендер оны өлтіресіңдер ме? Әлде не істейді? Маған Аллаһ елшісінен (с.а.с.) осыны сұрап берші?» – дейді. Сөйтіп Асым пайғамбарға (с.а.с.) барып: «О, Аллаһтың елшісі!» – деп, (мәселенің мәнін баяндайды). Аллаһ елшісі (с.а.с.) болса, бұл мәселелерді жақтырмай, ай-

¹²³ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4747.

ыптайды. Ғуаймир (бұл туралы Асымнен) сұрағанда, ол: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) (бұл) мәселелерді жақтырмай, айыптады»,– дейді. Ғуаймир: «Аллаһпен ант етейін, бұл жайлы Аллаһ елшісінен (с.а.с.) өзім сұрамайынша, тынышталмаймын»,– деп, пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «О, Аллаһтың елшісі (с.а.с.)! Әйелінің басқа еркекпен (жатқанының) үстінен түскен кісі ол (еректі) өлтіре ме, онда сендер оның өзін өлтіресіңдер?! Әлде не істейді?» – дейді. Сонда Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Сен және сенің әйелің жөнінде Аллаһ Құран аяттарын түсірді*»,– дейді»,–деп келеді¹²⁴.

Аталған екі хадис те сахих, бірін екіншісінен жоғары қоятын өзге деректер де жоқ, бірақ аяттың түсуіне себеп болған екі оқиғаның арасында көп уақыт өтпей, бірінен соң бірі орын алғандықтан екеуіне де жүгінеміз. Өйткені аят түспей тұрып, мәселенің мән жайын пайғамбарымыздан (с.а.с.) Хиләл ибн Умәйя сұрағаннан кейін, артынша Ғуаймир сұрайды. Сосын екеуіне де жауап ретінде Құран аяттары түскен.

Төртінші жағдай: Екі хадис дұрыстығы жағынан дәрежелері тең әрі бірін екіншісінен артық қоятын дәлелдер жоқ болып, екі риуаятты ондағы оқиғалардың арасындағы уақыт алшақтығына қарай біріктіру де мүмкін болмаған жағдайда, бір аят не сүренің бірнеше түсу себептері бар деп қабылданып, әрбір риуаятқа жеке-жеке жүгінуге де болады. Имам әз-Заркаши «әл-Бурһан» атты кітабында: «Бір нәрсе (аят) мәртебесінің ұлықтығына сай, ұмытылмас үшін, орын алу себебін еске түсіру мақсатында екі мәрте түсуі мүмкін»,– дейді¹²⁵. Мысалы: Әл-Бәйһақи мен әл-Бәззәр Әбу Һурайраның (р.а.): «Пайғамбар (с.а.с.) кескіленіп шейіт болған Хамзаның (р.а.) қасына келіп: «Сенің орныңа олардың жетпісін міндетті түрде қорлаймын»,– деді, пайғамбар тұрып тұрғанда Жәбірейіл (а.с.) «Нахыл» сүресінің: **«Егер дұшпанға жаза берсеңдер, өздеріңе істелген тәрізді ғана**

¹²⁴ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4745.

¹²⁵ Әз-Заркаши, Әл-Бурһан, 1/29-б.

істеңдер» («Нахыл» сүресі, 126) аятынан бастап, соңғы үш аятын түсірді»,– дегенін жеткізеді¹²⁶.

Имам әт-Термези, әл-Хақимнің Убәй ибн Кағыбтан жеткізген хадисінде, ол: «Ұхұд соғысында ансарлардың алпыс төрті, мұхажирлердің алтауы, олардың арасында Хамза қорланып өлтірілді. Сол кезде ансарлар: «Егер бір күні оларды осындай халге душар ететін болсақ, оларға бұдан да бетер жаза тарттырамыз»,– деген еді. Кейін Меккенің алынуы күні Аллаһ тағала: **«Егер дұшпанға жаза берсеңдер, өздеріңе істелген тәрізді ғана істеңдер»** аятын түсірді»,– дейді¹²⁷.

Аталған екі деректің алғашқысы аяттың Ұхұд соғысында түскендігін білдірсе, екіншісі Меккенің алынуы күні нәзіл болғандығын көрсетеді. Ұхұд соғысы мен Меккенің алынуы арасында бірнеше жылдар бар. Сондықтан, аяттың бірнеше түсу себебі бар деп қабылдаймыз¹²⁸.

Сол секілді, **«Пайғамбарға және мүміндерге тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін, егер жақындары болса да мүшріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды»** («Тәубе» сүресі, 113) аятының түсу себептерін де айтуға болады. Мысалы:

Мусайяб ибн Хазыннан, ол: «Әбу Талиб өлім аузында жатқанында келген Аллаһ елшісі (с.а.с.) оның жанынан Әбу Жәһл ибн Һишам мен Абдуллаһ ибн Әбу Умәйя ибн Муғираны кездестіреді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Уа, көке! «Лә иләһә иллә Аллаһ» – деген сөзді айтшы, онымен Аллаһтың алдында сен үшін куәлік етемін»*,– деді. Сол кезде Әбу Жәһл мен Абдуллаһ ибн Әбу Умәйя: «Ей, Әбу Талиб! Абдулмутталибтің дінінен бас тартасың ба?»– деп қарсы сұрақ қойды. Сөйтіп Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған (осы сөзді айтуды) ұсынған сайын, екеуі әлгі сөзді қайталай берді де ақырында Әбу Талиб «Лә иләһә иллә Аллаһ» кәлимасын айтудан бас тартып, оларға айтқан ақырғы сөзі Абдулмутталибтің дінінде қалатындығы болды. Аллаһ елшісі

¹²⁶ Ибн Сағьд, әт-Табақат, 3/13-14; Әл-Хақим, Мустадрак, 3/197; Әл-Бәйһақи, әд-Дәләйл, 2/592.

¹²⁷ Ахмед, Муснад, 5/112; Әт-Термези, Әс-Сунан, 3128; Әл-Хақим, Мустадрак, 2/359, 446.

¹²⁸ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 1/160-б.

(с.а.с.): *«Аллаһпен ант етейін, маған тыйым салынғанша, сен үшін әлбетте, кешірім өтінемін»*,– дегенде, Аллаһ тағала: *«Пайғамбарға болмайды...»*,– делінген аятты түсірді»,– деген¹²⁹. Яғни, жоғарыдағы аят түскен болатын.

Әт-Термези жеткізген деректе, Али (р.а.): «Бір кісінің мүшірік ата-анасына Аллаһтан кешірім сұрап отырғанын естіп, оған: «Мүшірік болған ата-анаңа жарылқау тілейсің бе?» – дегенімде, ол: «Ибраһим пайғамбар да мүшірік ата-анасына кешірім тілеген-ді»,– деді. Бұны Аллаһ елшісіне (с.а.с.) айтқанымда (жоғарыдағы) аяттар нәзіл болды»,– дейді.

Әл-Хақим және басқа да хадистанушылардың Ибн Масғудтан (р.а.) жеткізген хадисінде, ол: «Бір күні пайғамбар (с.а.с.) зират басына барып, қабірлердің бірінің жанына отырды да ұзақ дұға қылып, көзіне жас алды. Сосын ол (с.а.с.): «Бұл – менің анамның қабірі, оған дұға қылуға Раббымнан рұқсат сұраған едім, рұқсат бермеді. Сол кезде маған: **«Пайғамбарға және мүміндерге тозақтық екендігі өздеріне білінгеннен кейін, егер жақындары болса да мүшіріктер үшін жарылқау тілеулеріне болмайды аяты түсті»**,– деп айтты»,– дейді¹³⁰.

Аталған аяттың түсу себебіне қатысты үш түрлі дерек келген, яғни бір аят үш түрлі жағдайда түскен. Кейбір ғалымдардың айтуы бойынша, риуаяттардың дәрежелері тең әрі бірін екіншісінен артық қоятын дәлелдер жоқ, үш риуаятты ондағы оқиғалардың арасындағы уақыт алшақтығына қарай біріктіру де мүмкін болмағандықтан, аяттың бірнеше түсу себептері бар,– деп те қабылданады.

Дегенмен, бірінші келген деректі имам әл-Бұхаридің хадис жинағында келгендігін ескерсек, аталған хадистерді дәрежесі жағынан бірін-бірінен артық қойып қарастыруға болады.

5. Бір себепке байланысты бірнеше аяттардың түсуі

Белгілі бір жайт екі немесе бірнеше аяттардың түсуіне себеп болуы мүмкін. Бұндай жағдай Құран Кәрім аяттарының адам-

¹²⁹ Сахих әл-Бұхари, 1360, 3884, 4675.

¹³⁰ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 85-86-б.

дарды тура жолға шақыруы мен даналығына қайшы келмейді. Бәлкім, бұл ақиқатты адамдардың көңіліне қонымды етіп жеткізуде керемет тәсіл болып та табылады. Мысалы:

Умму Сәләмәдан жеткен деректе, ол: «Уа, Аллаһтың елшісі! Аллаһ тағаланың хижра жасаған әйелдер жайлы айтқанын естімедім»,– деген кезде, Аллаһ Тағала: **«Сонда Раббылары олардың тілектерін қабыл етіп, шын мәнінде, Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. Бір- біріңненсіңдер (бәрің бірдейсіңдер) және хижра жасағандардың, жұрттарынан шығарылғандардың және Менің жолымда жапа шеккендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жамандықтарын жоямын. Сондай-ақ оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземін. Сыйлық Аллаһтың қасынан. Әрине сыйлықтың жақсысы Аллаһтың қасында»** («Әли Имран» сүресі, 195) аятын түсірді»,– дейді¹³¹.

Әл-Хақимнің Умму Сәләмәдан жеткізген тағы бір хадисінде, ол: Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Еркектер айтылып, әйел адамдар қалыс қалады»,– дегенімде **«Сөз жоқ, Мұсылман ерлер және мұсылман әйелдер...»** («Ахзаб» сүресі, 35) және **«Сонда Раббылары олардың тілектерін қабыл етіп, шын мәнінде, Мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын...»** («Әли Имран» сүресі, 195) аяттары нәзіл болды»,– дейді¹³².

Әл-Хақимнің тағы бір Умму Сәләмәдан жеткізген риуаятында, ол: «Еркектер соғысады, ал әйел адамдар соғыспайды, бізге мирастың жартысы тиесілі»,– деген уақытта, Аллаһ тағала: **«Аллаһтың бір-біріңнен артық еткен нәрсесін көксемендер. Еркектердің еңбектерінің үлесі өзіне және әйелдердің еңбектерінің үлесі өзіне тән. Аллаһтан оның кеңшілігін сұраңдар. Шәксіз Аллаһ әр нәрсені толық білуші»** («Ниса»

¹³¹ Әл-Хақим, Мустадрок, 2/300, Әл-Бұхари мен Муслимнің шартына сай сахих хадис; Өт-Термези, Әс-Сунан, 3026.

¹³² Әл-Хақим, Мустадрок, 2/416, Әл-Бұхари мен Муслимнің шартына сай сахих хадис.

сүресі, 32) және «Сөз жоқ, мұсылман ерлер және мұсылман әйелдер...» («Ахзаб» сүресі, 35) аяттарын түсірді»,– деген¹³³.

6. Бір адамға қатысты бірнеше аяттың түсуі

Кейбір аяттар жекелеген сахабаға, оның бірнеше жағдайына қатысты түскен. Мысалы, имам әл-Бұхари «Жеке тұлғаның әдептері» атты кітабында, «ата-анаға құрмет көрсету» тақырыбында Сағид ибн Әбу Уаққастың (р.а.): «Аллаһ Тағаланың кітабынан маған қатысты төрт аят түсті, мен Мұхаммедтен (с.а.с.) айырылмайынша, анам тамақ және су ішіп-жемеуге ант еткен кезде, Аллаһ тағала: **«Егер екеуі білмеген нәрсеңді Маған ортақ қосуға зорласа, оларға бағынба! Олармен дүниеде дұрыс жолдас бол да Маған құштар адамдардың жолына түс. Сосын барар орындарың Мен жақ, сонда істеген істеріңді баян етемін»** («Лұқман» сүресі, 15) аятын түсірді;

Екінші: «Мен қылышты қолыма алғанымда, ол маған ұнады, сосын мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мына қылышты маған берші»,– дедім. Сол кезде: **«Олар сенен соғыс олжасы жайлы сұрайды...»** («Әнфәл» сүресі, 1) аяты нәзіл болды»;

Үшінші: «Науқастанып қалған кезімде, маған Аллаһтың елшісі (с.а.с.) келді. Мен: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мен мал-мүлкімді бөліп таратқым келеді, жартысын өсиет етейін бе?» – дедім, ол (с.а.с.): «Жоқ»,– деді, мен: «Үштен бірін»,– дедім, ол үндемеді, кейін, солайша үштен бірі рұқсат етілді»¹³⁴;

Төртінші: «Бір топ ансарлармен бірге ішімдік ішкен едім, олардың бірі мені түйенің бас сүйегімен ұрып, мұрнымды бұзды. Мен дереу Аллаһ елшісіне (с.а.с.) келдім. Аллаһ тағала ішімдікті арам еткен аят түсірді»,– деген деректері берілген¹³⁵.

¹³³ Әл-Хақим, Мустадрак, 2/305-306, Әл-Бұхари мен Муслимнің шартына сай сахих хадис; Әт-Термези, Әс-Сунан, 3025.

¹³⁴ Бұл оқиғаға байланысты «Біреулеріне өлім келген шақта, артына мал қалдырса, әке- шешесіне, жақындарына дұрыстықпен өсиет парыз етілді. Өсиет тақуаларға бір міндет» («Бақара» сүресі, 180) аяты нәзіл болған. Бірақ бұл хадис мазмұнында анық келмеген.

¹³⁵ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 89-90-б.

Сонымен қатар, осы тақырыпқа негіз етіп, жоғарыда айтылып өткен Әммә Сәләмәға қатысты түскен және Омар ибн Хаттабтың (р.а.) ойы мен қалауын растап келген аяттарды да келтіруге болады.

7. Аяттардың белгілі бір себепке байланысты түскенімен мағынасы жалпыға қатысты болуы

Көпшілік ғалымдар әдетте: «Аят, сүре жекелеген себепке байланысты түскенімен, мағынасы жалпыға қатысты»,– деген пікірді ұстанады. Мысалы: «Әйелін зина жасады деп айыптау» мәселесіне қатысты түскен «лағынет шақыру (лиған)» аяты¹³⁶ – Һиләл ибн Умәйяға, «Зиһар» аяты¹³⁷ Әус ибн әс-Самитке, кейбір риуаяттар бойынша, Сәләмә ибн Сахрға, «артында мұрасы да, мұрагері де қалмаған адамға қатысты» келген аят («кәләлә» аяты)¹³⁸ Жәбир ибн Абдуллаһқа, «**Олардың арасында Аллаһтың түсіргенімен үкім ет**» («Мәйда» сүресі, 49) аяты Бәну Құрайза мен Бәну ән-Надир атты яһуди тайпаларына қатысты түскенімен бұл аяттардың үкімі – сол жекелеген тұлға немесе қауымдарға ғана емес, жалпыға да бірдей қатысты екендігіне ғалымдар бір ауыздан келіскен.

Бірақ кейбір аяттар белгілі бір себепке нақты түсіп, сол мағынамен де шектелуі мүмкін. Мысалы: **«Ең тақуа болған одан ұзақтатылады (17). Сондай, тазалана (Аллаһ жолында) мал мүлкін берген (18). Ол ешкімге жақсылық қайтаруға міндетті емес (19). Бірақ, ол Аса Жоғары Раббысының ризалығын ғана іздейді (20) Сондай-ақ ол, сөзсіз таяуда разы болады. (21)»** («Ләйіл» сүресі, 17-21),– делінген аяттың Әбу Бәкірге (р.а.) қатысты түскендігіне ғалымдар бір ауыздан келіседі. Ғалымдар аяттағы **«ең тақуа»** сөзін араб тілінің ерекшеліктеріне сай зерттеулер арқылы, Әбу Бәкірге (р.а.) қатысты айтылғандығын алға тартады. Әл-Уахиди: «Барлық тәпсіршілердің айтуы бойынша, ең тақуа – Әбу Бәкір әс-Сыддиқ (р.а.). Ұруадан жеткен деректе: Әбу Бәкір әс-Сыддиқ (р.а.) Аллаһ жолында азапталған жеті адам-

¹³⁶ «Нұр» сүресі, 6-9.

¹³⁷ «Мужәдәлә» сүресі, 1-4.

¹³⁸ «Ниса» сүресі, 176.

ды азат етті, олар: Біләл, Амир ибн Фуһайра және оның қызы Өн-Нәһдия, Умму Иса..., сол себепті де: **«Ең тақуа болған одан ұзақтатылады...»** аяттары нәзіл болды»,– дейді¹³⁹.

Жәләлуддин әл-Махалли¹⁴⁰: **«Ең тақуа болған одан ұзақтатылады (17). Сондай, тазалана (Аллаһ жолында) мал мүлкін берген»** аяттары иман келтіргені үшін азапталып жатқан Біләлды сатып алып, оны азат еткен Әбу Бәкірге (р.а.) қатысты түскен. Сол кезде кәпірлер: **«Ол оны өзіне қызметші қылу үшін азат етті»**,– деген еді. Аллаһ тағала: **«Ол ешкімге жақсылық қайтаруға міндетті емес (19). Бірақ, ол Аса Жоғары Раббысының ризалығын ғана іздейді (20). Сондай-ақ ол, сөзсіз таяуда разы болады»**,– деген аяттарын түсірді»¹⁴¹,– дейді.

Аят, сүре жекелеген себепке байланысты түскенімен, мағынасы жалпыға қатысты

Сол секілді, кейде аяттың түсу себебі жалпылама болып, мағынасын да жалпылама түсінеміз. Мысалы: **«Олар сенен етеккір жайынан сұрайды. Оларға ол – жиіркенішті нәрсе, етеккір кезінде әйелдерден аулақ болындар. Оларға тазарғанға дейін жақындаспаңдар. Егер олар тазарса, оларға Аллаһтың өздеріңе бұйырғаны бойынша жақындасындар»**,– де. **Шәксіз, Аллаһ тәубе етушілерді жақсы көреді әрі таза болушыларды да жақсы көреді»** («Бақара» сүресі, 222) аятының түсу себебіне қатысты келген деректе, Әнәс ибн Мәлик: **«Яһудилер әйелдерінің етеккірі келген кезде үйлерінен шығарып, олармен бірге отырып тамақ ішіп-жемеген, үйлерінде бірге болмаған. Бұл жайында Аллаһтың елшісі (с.а.с.) сұралған кезде, Аллаһ тағала: «Олар сенен етеккір жайынан сұрайды...»** аятын түсірді. Бұл

¹³⁹ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 79-б.

¹⁴⁰ Әбу Абдуллаһ Жәләлуддин Мұхаммед ибн Ахмед ибн Мұхаммед ибн Ибраһим әл-Махалли (791/1389-864/1459) – заманының теңдесіз ғалымы, шафиғи мәзһабының өкілі. Ол фикһ және фикһ негіздері, кәләм, лингвистика, логика секілді бірқатар ғылым салаларының білгірі. Көптеген еңбектердің авторы.

¹⁴¹ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 1/164-б.

аятты Аллаһ елшісі (с.а.с.) түсіндіріп: «Олармен бірге бір жерде болып, төсек қатынасынан басқа нәрсенің барлығын істей беріндер»,– деді»,– дейді. Бұл жерде аят та, аяттың түсу себебі де жалпылама келген¹⁴².

8. Аяттардың түсу себептеріне қатысты жазылған маңызды еңбектер

Тәпсір ғалымдары кітаптарында ерекше көңіл бөлгені секілді, Имам әл-Бұхаридің ұстазы Али ибн әл-Мәдини¹⁴³, әл-Уахиди сынды ғалымдар Құран аяттары мен сүрелердің түсу себептеріне қатысты мұқият зерттеулер жүргізіп, осы тақырыпқа арналған еңбектер жазған¹⁴⁴. Олардың кейбірі мыналар:

1. Али ибн әл-Мәдини – хижраның 234 жылы дүниеден өткен үлкен хадистанушы ғалым. Имам әз-Зәркаши, әс-Суюти оның аяттар мен сүрелердің түсу себептеріне арнап жазған кітабын жоғары бағалап, оларды осы ілімдегі негізгі дереккөзге жатқызған болатын. Өкінішке орай, ол еңбек қазіргі заманға жетпеген.

2. Әбу әл-Хасан Али ибн Ахмед ибн Мухаммед әл-Уахиди ән-Нисабури. Ол хижра жыл санауы бойынша 468 жылы дүниеден озған. Әл-Уахидидің жазған «Әсбәб ән-нузул» атты еңбегі аят-сүрелердің түсу себептеріне қатысты маңызды мәселелерді жан-жақты қамтиды. Бұл кейін жазылған еңбектерге негізгі қайнар көз болған құнды кітаптардың бірі.

3. Имам Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Ахмед ибн Фарх әл-Қуртуби. Ол хижраның 671 жылы дүние салған. Ғалымның «Әл-Жамиғу лиәхками әл-Құран» атты танымал фикһи тәпсірінде аяттардың түсу себептеріне қатысты көп деректер келтірілген.

4. Имам, хафиз Әбу Фида Имадуддин Исмайыл ибн Кәсир. Ол хижраның 774 жылы дүние салған. Оның «Тәфсир әл-

¹⁴² Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 78-б.

¹⁴³ Әбу әл-Хасан Али ибн Абдуллаһ ибн Жағфар әс-Сағди әл-Мәдини әл-Басри (161/778-234/849) – хақим дәрежесіне жеткен хадис ғалымы әрі тарихшы, имам әл-Бұхаридің үлкен ұстаздарының бірі.

¹⁴⁴ Әз-Заркаши, Әл-Бурһан, 1/22-б.

Құран әл-Азим» атты еңбегінде де аяттар мен сүрелердің түсу себептеріне арналған құнды мағлұматтар бар.

5. Имам Бәдруддин Мұхаммед ибн Абдуллаһ әз-Зәркәши. Ғұлама хижраның 794 жылы қайтыс болған. Ол өзінің «Әл-Бурхан фи улум әл-Құран» атты еңбегінің алғашқы тарауын сүрелердің түсу себебіне арнаған.


6. Шейх әл-Ислам Әбу әл-Фадл Ахмед ибн Хажар ибн Али әл-Асқалани. Мәшһүр ғалым хижраның 852 жылы өмірден озып, артына аяттардың түсу себептеріне арналған «Әл-Ұжабу фи баяни әл-әсбаб» атты құнды кітап қалдырған. Ол имам әл-Уахидидің еңбегіне толықтырулар енгізе отырып жазылған туынды.

7. Жәләлуддин әс-Суюти. Ол хижраның 911 жылы дүние салған. Оның «Лубәбу ән-нукул фи әсбәби ән-нузул» атты шағын еңбегінің осы салада өзіндік маңызды орыны бар.

Кейінгі ғасырларда аталған кітаптарды жинақтап, жүйелеп жазған ғалымдардың еңбектері жарыққа шыққан.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ Құран аяттары мен сүрелерінің түсу себептерін білудің қандай пайдалары бар?
- ✓ Аят, сүрелердің түсу себептері қалай анықталады?
- ✓ Аят немесе сүренің бірнеше түсу себептерінің болуы мүмкін бе? Бір аяттың деректерде екі түрлі себебі айтылған болса, қалай қабылдаймыз?
- ✓ Бір себепке бірнеше аят, бір аят бірнеше себепке қатысты түсуі мүмкін бе? Мысалмен түсіндір.
- ✓ Аяттардың түсу себептеріне қатысты қандай маңызды еңбектерді білесің?

 Тақырыпта қамтылмаған қандай да бір аяттың түсу себебін имам әл-Уахидидің «Әсбәб ән-нузул» атты кітабының негізінде жазыңыз.

§ 7. Меккелік және мәдиналық аяттар

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Меккелік және мәдиналық аяттар дегеніміз не?
2. Меккелік және мәдиналық аяттарды ажыратудың қандай жолдары бар?
3. Меккелік және мәдиналық сүрелердің қандай ерекшеліктері бар?
4. Меккелік және мәдиналық аяттарды білудің қандай пайдалары бар?

1. Меккелік және мәдиналық аяттар түсінігі

Қандайда бір үмбет өзінің мәдени-тарихи мұраларына ерекше көңіл бөлетіндігі секілді, мұсылман үмбеті де пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) барша адамзатқа жеткізген құнды мұрасы – Құран Кәрімге айрықша мән беріп, көзінің қарашығындай сақтап келеді. Әсілінде, ол – жай ғана мәдени тарихи мұра емес, ол – адамзатты тура жолға бастайтын тұңғыық ақиқат. Сондықтан жекелеген сахабалар, табиғиндер

мен кейінгі келген ғалымдар Құран Кәрімді жан-жақты зерттей отырып, аяттар мен сүрелердің қашан, қай жерде, қалай түскендігіне баса мән беріп, анықтаған. Оны Абдуллаһ ибн Масғудтың (р.а.): *«Одан басқа тәңір болмаған Аллаһпен ант етемін! Аллаһтың кітабынан қандай бір аят түскен болса, мен оның қай жерде түскенін білетінмін. Аллаһтың кітабынан қандай да бір аят түскен болса, мен оның не себепті түскендігін білетінмін. Егер біреу Аллаһтың кітабын менен артық білетін болғанда оған түйемен бару мүмкін болса, мен оған барар едім»*¹⁴⁵, – деген сөзінен байқауға да болады. Аяттардың қайда, қалай түскендігін білудің маңыздылығы – өзгелерге дінді жеткізу, шарифат үкімдерін бекіту секілді мәселелерде айқын көрініс табады.

¹⁴⁵ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 5002; Сахих Муслим, 2463; 6333.

Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарлық міндеті жүктелгенге дейін және Құран Кәрім аяттары түсе бастағаннан он екі жылдан астам уақыт Меккеде өмір сүрген болатын. Мұсылмандар Мәдина қаласына көшкен соң, кейін пайғамбарымыз (с.а.с.) ол жерде он жылға жуық уақыт өмір сүрді¹⁴⁶. Құран ілімдерін зерттеуші ғалымдар, Құран Кәрім сүрелерінің басым бөлігі Мекке мен Мәдинада түсуіне байланысты «меккелік және мәдиналық кезеңде түскен сүрелер» деп, бөліп қарастырады. Бірақ, меккелік не мәдиналық сүренің нақты анықтамасына қатысты ғалымдардың мынадай көзқарастары бар:

1. Меккелік сүрелерге – хижрадан кейін болса да Меккеде немесе оның төңірегіндегі: Минә, Арафат, Худайбия секілді аймақтарда түскен, ал мәдиналық сүрелерге – Мәдинада және оның сыртындағы: Бәдір, Ұхұд секілді жерлерде нәзіл болған сүрелер жатады.

Бұл анықтамада сүрелер түскен мекеніне байланысты қарастырылғанымен, онда, Мекке мен Мәдина және төңірегіндегі жерлерден басқа аймақтарда түскен аяттар қамтылмайды. Мысалы: **«(Мұхаммед с.а.с.) егер жақындығы бір пайда, қолайлы сапар болса еді, әрине саған олар ілесер еді»** («Тәубе» сүресі, 42), – делінген аят Тәбукте нәзіл болса, **«سَأَلَ مَنْ أَرْسَلْنَا مِنْ قَبْلِكَ مِنْ رُسُلِنَا أَجَعَلْنَا مِنْ دُونِ الرَّحْمَنِ آلِهَةً يُعْبُدُونَ»** «Сенен бұрын жіберген елшілерімізден сұра: Аллаһтан өзге құлшылық қылатын тәңірлер жасадық па?» («Зухруф» сүресі, 45) – аяты Исра түні Бәйту әл-Мақдисте түскен болатын. Сондықтан бұл көзқарасты нақты деп айта алмаймыз.

2. Меккелік сүрелер – Мекке тұрғындарына ғана арналған аяттарды, ал мәдиналық сүрелер – мәдиналықтарға ғана қарасты айтылған аяттарды қамтиды. Яғни **«يَا أَيُّهَا النَّاسُ»** «Ей, адамдар!» – деп келген аяттар – меккелік, **«يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا»** «Ей, иман келтіргендер!»

¹⁴⁶ Өш-Шейх Мұхаммед Хударибектің айтуы бойынша, Аллаһ елшісі (с.а.с.) пайғамбарлық міндеті жүктелгеннен Мәдина қаласына көшкенге дейін Меккеде 12 жыл 5 ай 13 күн тұрақтаса, Мәдина қаласында 9 жыл 9 ай 9 күн өмір сүрген (Мұхаммед Хударибек, Тариху әт-ташриғ әл-ислами, 7-бет.)

деп келген аяттар мәдиналық болып есептеледі. Өйткені, Құран аяттарының түсуі барысында меккеліктерде күпірлік басым болғандықтан, оларға: «Ей, адамдар!» деп айтылған. Ал, мәдиналықтарда иман келтіргендер көп болғандықтан, оларға: «Ей, иман келтіргендер!» – деп бағытталған.

Бұл пікірде аяттардың бағытталған тарапы ғана негізге алынған. Сондықтан айтылған ой барлық сүрелерге тура келе бермейді. Бұл пікірдің кемшілік тұстарын екі жақтан көрсетуге болады.

а) Құран аяттары аталған тараптан басқаларға да бағытталады. Мысалы, «Ахзаб» сүресінің басындағы: يَا أَيُّهَا النَّبِيُّ اتَّقِ اللَّهَ وَلَا تُطِعِ الْكَافِرِينَ وَالْمُنَافِقِينَ «Ей, пайғамбар! Аллаһтан қорықта кәпірлер мен мұнафиқтарға бағынба» («Ахзаб» сүресі, 1) аяты пайғамбарға қатысты айтылған.

ә) Құрандағы барлық: «Ей, адамдар!» – деген қаратпа сөзбен басталған аяттар меккелік және әрбір: «Ей, иман келтіргендер!» – деп келген аяттар мәдиналық болып табыла бермейді. Мысалы: يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ «Ей, адамдар! Раббыларыңа құлшылық қылыңдар...», – деген «Ниса» сүресінің алғашқы аяты мен «Бақара» сүресінің: يَا أَيُّهَا النَّاسُ اعْبُدُوا رَبَّكُمُ «Ей, адамдар! Раббыларыңа құлшылық қылыңдар...» («Бақара» сүресі, 21) аяты мәдиналық болып табылады. Ал, «Хаж» сүресі меккелік болғанымен, сүренің соңындағы يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اذْكُرُوا مَا كَفَرْتُمْ وَأَسْجُدُوا وَعَبُدُوا «Ей, иман келтіргендер! Руқуғ, сәжде қылып, Раббыларыңа құлшылық қылыңдар. Және қайыр жасаңдар. Мүмкін құтыласыңдар» («Хаж» сүресі, 77), – деген аяты иман келтіргендерге қаратып айтылған.

3. Меккелік дегеніміз – пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға көшпей тұрғанға дейінгі, Меккеде немесе басқа жерлерде нәзіл болған аят-сүрелер. Ал, мәдиналық дегеніміз – көштен кейін, Меккеде түскен болса да нәзіл болған аят-сүрелер. Көпшілік ғалымдардың осы көзқарасты дұрыс деп санап, соның негізінде барлық сүрелерді меккелік және мәдиналық етіп топтайды.

Мәдинаға көшкеннен кейін, бірақ Меккеде түскен аяттарға болсақ, «Мәида» сүресінің: *النُّيُومَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتْمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي* «Бүгін діндеріңді толық етіп, сендерге нығметімді тәмам қылдым және сендерге ислам дінін қоштадым» («Мәида» сүресі, 3),– деген аяты мысал болады. Өйткені, бұл аят пайғамбарымыздың (с.а.с.) Арафатта қоштасу қажылығы кезінде түскенмен, мәдиналық болып есептеледі.

Сол секілді, *إِنَّ اللَّهَ يَأْمُرُكُمْ أَنْ تُؤَدُّوا الْأَمَانَاتِ إِلَىٰ أَهْلِهَا* «Негізінен Аллаһ сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды әмір етеді...» («Ниса» сүресі, 58) аяты да Мекке алынған күні Кағбаның ішінде түскенімен, мәдиналық болып саналады.

Ғалымдар меккелік және мәдиналық сүрелерді түсуіне қарай реттей отырып, «жазда және қыста түскен», «түнде немесе күндіз түскен», «тұрғылықты кезде не сапарда түскен» деген секілді, бірнеше жағдайларда түскен аяттар,– деп те қарастырған. Бұны нақтырақ, төмендегідей түрлерге бөліп:

1. Меккеде түскен;
2. Мәдинада түскен;
3. Меккелік не мәдиналық екендігі бір ауыздан келісілмеген сүрелер;
4. Мәдиналық сүрелердегі меккелік аяттар;
5. Меккелік сүрелердегі мәдиналық аяттар;
6. Меккеде түскен, бірақ үкімі мәдиналық аяттар;
7. Мәдинада түскен, бірақ үкімі меккелік аяттар;
8. Мәдиналық аяттың Меккеде түскен аятқа ұқсауы;
9. Меккелік аяттың Мәдинада түскен аятқа ұқсауы;
10. Меккеде түсіп, Мәдинада жеткізілген;
11. Мәдинада түсіп, Меккеде жеткізілген деп қарастыруға болады.

Сол секілді меккелік және мәдиналық аят, сүрелерге қосымша Құран аяттарының:

12. Түнде және күндіз түскен аяттар;
13. Жазда және қыста түскен аяттар;

14. Тұрғылықты кезде және сапарда түскен аяттар деген сияқты түсу жолдарын келтіруге болады.

Әрқайсысына мысал келтіре кетейік:

1. Мәдиналық сүрелер (жиырма сүре)	«Бақара», «Имран», «Ниса», «Мәида», «Әнфәл», «Тәубе», «Нұр», «Ахзаб», «Мұхаммед», «Фәтх», «Хұжұрат», «Хадид», «Мужәдәлә», «Хашыр», «Мумтахина», «Жұма», «Мунафиқун», «Талақ», «Тахрим», «Насыр» сүрелері
2. Меккелік не мәдиналық екендігі анық емес сүрелер (он екі сүре)	«Фатиха», «Рағыд», «Рахман», «Саф», «Тағабун», «Татфиф», «Қадыр», «Бәйина», «Зилзәлә», «Ихлас», «Фәлақ», «Нас» сүрелері.
3. Меккелік сүрелер (сексен екі сүре)	Қалған сүрелер

Бұл Имам әс-Суютидің «әл-Итқан» атты еңбегінде келтірілген Ибн әл-Хисардың бөлуі. Алайда, Әбу Шәһба «Құран ілімдеріне кіріспе» атты еңбегінде Ибн әл-Хисар реттеулерінің кейбір тұстарына келіспей, «Хаж» сүресінің бір ауыздан келісілген меккелік емес екендігін алға тартады. Өйткені ол Ибн Аббас пен Қатәдәдан және де басқа ғалымдардың жеткізуі бойынша, мәдиналық сүре болып табылады¹⁴⁷.

4. Мәдиналық сүрелердегі меккелік аяттар

Меккелік немесе мәдиналық сүрелердің барлық аяттары бірдей меккелік не мәдиналық болмауы мүмкін. Сүренің «меккелік» немесе «мәдиналық» деп сипатталуы оның басым бөлік аяттарына байланысты. Өйткені, меккелік сүрелердің кейбір аяттары мәдиналық болып келсе, кейбір мәдиналық сүрелерде меккелік аяттар кездеседі. Сол себепті кітаптардан: «Мына сүренің кейбір аяттары ғана мәдиналық болғанымен өзі меккелік болып есептеледі»,– деген сөздерді кездестіруге бола-

¹⁴⁷ Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мәдхалу лидирасати әл-Құран әл-Карим, 225-б.

ды. Мысалы: Меккелік аяттардың мәдиналық сүрелерде орын алуын, мәдиналық «Әнфәл» сүресінің:

وَإِذْ يَمْكُرُ بِكَ الَّذِينَ الَّذِينَ كَفَرُوا لِيُثْبِتُوكَ أَوْ يَقْتُلُوكَ أَوْ يُخْرِجُوكَ
وَيَمْكُرُونَ وَيَمْكُرُ اللَّهُ وَاللَّهُ خَيْرُ الْمَاكِرِينَ

«Бір заманда олар сені қамауға, не сені өлтіруге, немесе шығаруға шара қолдануда еді. Олар шара қолданғанда, Аллаһ шараларын бұзар еді. Аллаһ шара қолданушылардың ең жақсысы» («Әнфәл» сүресі, 30) аятынан көруге болады. Осы аятқа қатысты Муқатил: «Бұл аят Меккеде түскен, өйткені аятта мұсылмандар Мәдинаға көшпей тұрған кезде, оларға қарсы мүшіріктердің ойластырған арам пиғылдары қамтылған»,— дейді. Сол секілді көптеген ғалымдар аталған сүренің

«Ей, пайғамбар! Аллаһ тағала саған және мүміндерден саған ергендерге жетіп асады» («Әнфәл» сүресі, 64) аятының да меккелік екендігін айтады. Өйткені, Әл-Бәззәр Ибн Аббастан (р.а.) бұл аяттың Омар ибн Хаттаб (р.а.) иман келтірген кезде түскендігін жеткізеді.

5. Меккелік сүрелердегі мәдиналық аяттар

Меккелік сүрелердегі мәдиналық аяттарға мысал ретінде, «Әнғам» сүресін келтіруге болады. Оған Ибн Аббастың (р.а.) былай дегені дәлел болады: «Бұл сүре Мәдинада түскен үш аятын айтпағанда, Меккеде бірақ түскен. Сондықтан «меккелік сүре» деп аталады. Ал, Мәдинада нәзіл болған үш аят мыналар:

(Оларға): «Келіндер, сендерге Раббыларыңның арам еткендерін оқиын: «Оған еш нәрсені шерік қатпандар, әке-шешеге жақсылық істесеңдер, жарлылықтан балаларыңды өлтірмендер»,— де. Сендерді де, оларды да Біз ризықтандырамыз. «Тағы арсыздықтардың көрнеуіне де, көмесіне де жақындамандар. Және де Аллаһ арам еткен кісіні өлтірмендер, жазықты болса ғана болады. Сендерге осыларды Аллаһ әмір етті. Әрине түсінерсіңдер» Өлтірілуге тиісті болғандар: Жорта кісі өлтіргендер, мүртәд болып діннен шыққандар және үйлі бола тұрып, зина қылғандар» (151). Жетімнің малына жақындамандар; бірақ ол есей-

генге дейін жақсы басқаруға болады. Өлшеуді, тартуды туралықпен орындандар. Біреуге шамасы келетінді ғана жүктейміз. Жақындарың болса да әділдікті айтындар. Және Аллаһтың уәдесін орындандар. Осыларды Аллаһ нұсқады. Түсінерсіңдер (152). Күдіксіз Менің тура жолым – осы. Енді соған еріндер. Басқа жолдарға түспендер, сонда сендерді Аллаһтың жолынан айырады. Сендерге осыларды Аллаһ нұсқады. Сақтанарсыңдар (153)»

Сол секілді меккелік «Хаж» сүресінің: هَذَانِ حَضَمَانَ اخْتَصَمُوا فِي رَبِّهِمْ... «Осы, Раббылары жайында таласқан екі әріптес...» («Хаж» сүресі, 19) аятымен басталған үш аяты – мәдиналық болып есептеледі.

6. Меккеде түскен бірақ үкімі мәдиналық аяттар

Мысалы:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ إِنَّا خَلَقْنَاكُمْ مِنْ ذَكَرٍ وَأُنْثَىٰ وَجَعَلْنَاكُمْ شُعُوبًا وَقَبَائِلَ لِتَعَارَفُوا إِنَّ أَكْرَمَكُمْ عِنْدَ اللَّهِ أَتْقَاكُمْ إِنَّ اللَّهَ عَلِيمٌ خَبِيرٌ

«Ей, адамдар! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-бірінді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында, Аллаһтың қасында ең ардақтыларың – тақуаларың. Шәксіз Аллаһ толық білуші, әр нәрседен хабар алушы» (Хұжырат сүресі, 13) аяты Меккенің алынуы күні түскен, яғни Меккеде нәзіл болған. Бірақ, бұл – мәдиналық аят. Өйткені, хижрадан кейін түскен. Әрі жалпы адамдарға үндеу тастаған. Бұндай аяттарды ғалымдар «меккелік» деп атамаған. Сондықтан «Меккеде түскен, бірақ үкімі мәдиналық аяттар» деп таныған.

7. Мәдинада түскен бірақ үкімі меккелік аяттар

Мысалы: «Мумтахина» сүресі Мәдинада түскендіктен, мәдиналық болып табылады. Бірақ, сүренің аяттары Мекке мүшіріктеріне бағытталған. Сол секілді «Тәубе» сүресінің аяттары да Мекке мүшіріктеріне қатысты келгенімен, Мәдинада нәзіл болған.

8. Мәдиналық аяттың Меккеде түскен аятқа ұқсауы

Мәдиналық аяттың Меккеде түскен аятқа ұқсауы дегеніміз – мәдиналық сүрелерде меккелік сүрелердің ерекшеліктері мен сипаттарының қамтылуы. Мысалы: «Әнфәл» сүресіндегі: وَإِذْ قَالُوا اللَّهُمَّ إِن كَانَ هَذَا هُوَ الْحَقُّ مِنْ عِنْدِكَ فَأَمْطِرْ عَلَيْنَا حِجَابًا مِنَ السَّمَاءِ أَوْ ائْتِنَا بِعَذَابٍ أَلِيمٍ «Тағы олар, сол уақытта: «Иә, Аллах! Егер осы Құран шынайы түрде Сенің қасыңнан болса, онда бізге көктен тас жаудыр немесе бізге күйзелтуші азап бер» деді» аяты мәдиналық, бірақ мүшіріктердің өздеріне азапты асықтыруы Меккеде болатын.

9. Меккелік аяттың Мәдинада түскен аятқа ұқсауы

Бұл меккелік сүрелерде мәдиналық сүрелердің ерекшеліктері мен сипаттарының қамтылуы. Мысалы: «Нәжім» сүресінің:

«Сондай күнәлардың үлкенінен және арсыздықтан сақтанғандардың аздаған кінәлары болса да шәксіз Раббыңның жарылқауы кең» аяты. Имам әс-Суюти: «Аяттағы «арсыздық» – шарифатта жазасы тағайындалған күнә істер болса, «үлкен күнәлар» – нәтижесі тозақ азабы болған амалдар. Ал, «аздаған кінәлар» – жазасы белгіленбеген кішігірім күнәлар. Меккеде күнә мен қылмыстың жазасы шарифатта бекітілмеген болатын»,– дейді¹⁴⁸.

10. Меккеде түсіп, Мәдинада жеткізілген аят

Мысалы: «Ұлы Раббыңның атын дәріште» («Әғла» сүресі, 1) аяты. Имам әл-Бұхари әл-Бара ибн Азибтің: «Бізге пайғамбар сахабаларының арасынан алғаш келгендері: Мусғаб ибн Ұмайыр, Ибн Умму Мактум еді. Екеуі бізге Құран үйреткен болатын. Содан кейін Аммар, Біләл, Сағид, сосын жиырма сахабамен бірге Омар ибн әл-Хаттаб келді. Кейін пайғамбар (с.а.с.) келді, осы кезде мәдиналықтардың бұндай қуанғанын бұрын-соңды көрмедім. Мен «Ұлы Раббыңның атын дәріште» аятын және осы секілді сүрелерді оқыдым»,– дегенін жеткізген. Бұл хадистен мухажирлердің Мәдинаға келіп,

¹⁴⁸ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 1/18

Меккеде түскен аят, сүрелерді алғаш ансарларға үйреткендігін түсінеміз.

11. Мәдинада түсіп, Меккеде жеткізілген аят

Мысалы: «Тәубе» сүресінің алғашқы аяты. Аллаһ елшісі (с.а.с.) хижраның тоғызыншы жылы Әбу Бәкірді (р.а.) басшы етіп, қажылыққа жібереді. «Тәубе» сүресінің аяттары түскен кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Али ибн Әбу Талибке (р.а.) Әбу Бәкірге (р.а.) қосылуын тапсырады да мүшіріктердің келесі жылы қажылық жасай алмайтындығын осы аяттармен ескертіп, жеткізуін бұйырады¹⁴⁹. Сол секілді Бақара сүресінің өсімге қатысты түскен: يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللَّهَ وَذَرُوا مَا بَقِيَ مِنَ الرِّبَا إِن كُنتُمْ مُؤْمِنِينَ «Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқындар, егер мүмін болсаңдар, өсімнің қалғанын алмаңдар» («Бақара» сүресі, 278) аяты да Мәдинада түсіп, Меккеде жеткізілген¹⁵⁰.

12. Түнде және күндіз түскен аяттар

Құранның көп бөлігі күндіз нәзіл болған. Түнде түскен аяттарды зерттеген әл-Қасым әл-Хасан ибн Мұхаммед ән-Нисабуридің жинақтаған аяттарынан мысал ретінде «Әли Имран» сүресінің соңғы аяттарын келтіруге болады. Ибн Хиббан сахих хадистер жинағында және Ибн әл-Мунзир, Ибн Мардауайһ, Ибн Әбу Дуния Айша анамыздан: «Бірде Біләл таң намазына азан шақыру үшін пайғамбарымызға (с.а.с.) келгенде оның (с.а.с.) жылап отырғанын көріп: «Уа, Аллаһтың елшісі! Неге жылап отырсыз?» – дейді. Пайғамбар (с.а.с.): «Қалай жыламайын, осы түнде маған: إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ لَآيَاتٍ لِأُولِي الْأَبْصَارِ» «Шәксіз көктердің және жердің жаратылуында, түннің және күндіздің өзгеруінде әлбетте, ақыл иелері үшін дәлелдер бар» («Әли Имран» сүресі, 190) аяты түсті», – деді», – деген деректі жеткізеді.

Сол секілді, «Фәтх» сүресінің алғашқы аяты да түнде түскен. Имам әл-Бұхариде келген хадисте Омар (р.а.) пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Түнде маған күн шыққан нәрседен артық болған (яғни барлық дүниеден артық) сүре түсті», – деп: إِنَّا فَتَحْنَا لَكَ فَتْحًا مُّبِينًا

¹⁴⁹ Маннағу әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 53-б.

¹⁵⁰ Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мәдхалу лидирасати әл-Құран әл-Карим, 257-б.

«(Мұхаммед с.а.с.) сөзсіз сені ашық жеңіске ие қылдық» аятын оқығандығын жеткізеді.

13. Жазда және қыста түскен аяттар

Ғалымдар жазда түскен аят ретінде, артында мұрасы да, мұрагері де қалмаған адамға қатысты келген «Ниса» сүресінің соңғы аятын келтіреді¹⁵¹. Муслимнің сахих хадистер жинағында Омардың (р.а.): «Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Кәләла¹⁵² аятын қайталағаным секілді басқа нәрсені қайталамадым, осы кездегі қаталдық танытқанындай маған қаталдық танытпаған еді, тіпті, саусағымен кеудемді нұқып жіберіп: «Ей, Омар, саған «Ниса» сүресінің соңындағы *жазда* түскен аят жетпей ме?» – деп айтты», – дегені келген¹⁵³.

Сол секілді Тәбук жорығында түскен аяттардың да жазда нәзіл болғанын, аяттың мазмұнынан байқауға болады.

Онда: **«Олар: «Бұл ыстықта соғысқа шықпандар», – деді. Егер түсінетін болса: «Тозақ оты әлдеқайда қатты ыстық», – де»** («Тәубе» сүресі, 81), – деп келеді.

Қыста түскен аяттарға «Нұр» сүресіндегі Айша анамыздың пәктігіне қатысты түскен: **«Шынында өсек айттып келгендер...»** («Нұр» сүресі, 11) аятынан **«...олар үшін жарылқау әрі көркем несібе бар»** («Нұр» сүресі, 26) аятына дейінгі аяттар жатады. Оны сахих хадистердің бірінде келген Айша анамыздың (р.а.): «Бұл аяттар қыстың күні түскен еді», – деген сөзінен аңғарамыз.

Кейбір деректерден «Ахзаб» сүресінің кейбір аяттары Хандәк жорығы кезінде, қыстың қатты суығында түскендігі белгілі¹⁵⁴.

¹⁵¹ «Ниса» сүресі, 176.

¹⁵² Артында мұрасы да, мұрагері де қалмаған адамға қатысты аят.

¹⁵³ Муслим, Әс-Сахих, 567, 1617.

¹⁵⁴ «Ахзаб» сүресінің, аяты түскендігі айтылады. Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 54-б.

14. Тұрғылықты кезде және сапарда түскен аяттар

Құран Кәрім аяттарының көбі пайғамбарымыз (с.а.с.) тұрғылықты болған, яғни сапарда болмаған кезінде түскен. Бірақ, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хақ дінді жаю мақсатында өмірі жорықтар мен сапарларға толы болды. Кейбір аяттар сол сапарлардың үстінде де түсіп отырған. Имам әс-Суюти сапар кезінде нәзіл болған бірнеше аяттарды тілге тиек етеді¹⁵⁵. Солардың бірі «Әнфәл» сүресінің алғашқы аяты Бәдір шайқасының соңында түскен. Сол секілді Имам әт-Термези, әл-Хаким Имран ибн Хусайнның «Пайғамбарымызға (с.а.с.): يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمُ إِنَّ زَلْزَلَةَ السَّاعَةِ شَيْءٌ عَظِيمٌ» **«Ей, Адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар. Расында қияметтің сілкінісі үлкен нәрсе»** («Хаж» сүресі, 1) аятынан **«... Бірақ Аллаһтың азабы қатты»** («Хаж» сүресі, 2) аятына дейінгі аяттар түскен уақытта ол (с.а.с.) сапарда болатын...», – дегенін жеткізеді¹⁵⁶. Сонымен қатар «Фәтх» сүресі де сапарлардың бірінде, бір риуаяттарда толықтай Мекке мен Мәдинаның арасындағы Худайбия келісімінде түскендігі айтылады. Яғни, пайғамбарымыз (с.а.с.) сапарда болған уақытында түскен болатын.

2. Меккелік және мәдиналық аяттарды ажырату жолдары

Ғалымдар меккелік және мәдиналық аяттарды ажырату үшін негізгі екі жолды ұстанған. Бірі – бізге жеткен деректер арқылы болса, екіншісі – салыстыру тәсілімен ижтиһад жасау арқылы жүзеге асады.

Бізге жеткен деректер дегеніміз – уахидің түсуі барысында Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қасында болған сахабалар тарапынан жеткен дұрыс риуаяттар. Бұған қатысты кейбір мысалдарды жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Сонымен қатар, осы тұрғыдағы деректерді риуаят жолымен жүзеге асқан тәпсір кітаптары мен аят, сүрелердің түсу себептеріне қатысты жазылған еңбектерден көптеп көруге болады. Бұл тақырыпқа қатысты Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзінен ешқандай деректер жоқ. Өйткені,

¹⁵⁵ Әс-Суюти, әл-Итқан, 50-57-б.

¹⁵⁶ Әт-Термези, Әс-Сунан, 3168; Әл-Хаким, Мустадрак, 2/385.

меккелік және мәдиналық аят, сүрелерді білу – аяттардың насих не мансұх екендігін анықтау мақсатында болмаса, ислам дінінде үйрену міндетті болған ілімдерден емес. Бұны әл-Қадый Әбу Бәкір Мұхаммед әл-Бақилләнидің: «Меккелік және мәдиналық аят, сүрелерді білуде сахабалар мен табиғиндерге жүгініледі. Бұл тұрғыда бізге Аллаһ елшісінен (с.а.с.) деректер жетпеген. Сондықтан ғалымдарға кейбір насих және мансұх аяттарды анықтау үшін болмаса, жалпы мұсылман үмбетіне оны білу міндетті болып табылмайды. Насих және мансұх аяттардың тарихы пайғамбардан (с.а.с.) жеткен деректерсіз-ақ білінеді»,– деген сөзінен аңғаруға болады.

Ижтиһад арқылы анықтау – меккелік және мәдиналық аяттардың ерекшеліктеріне сәйкес ажыратылуына негізделеді.

3. Меккелік және мәдиналық сүрелердің ерекшеліктері

Ғалымдар меккелік және мәдиналық сүрелерді зерттеу нәтижесінде, оларды қамтыған тақырыптары мен мағыналарына немесе айтылу мәнеріне қарай бір-бірінен ажырататын ережелер мен ерекшеліктер бекіткен.

Меккелік аят, сүрелерді ажырататын ережелер мен ерекшеліктер:	Мәдиналық аят, сүрелерді ажырататын ережелер мен ерекшеліктер:
<ul style="list-style-type: none"> • Меккелік аят, сүрелерді ажырататын ережелер: 1. Сәжде аяты бар кез келген сүре. 2. Ішінде «кәллә» деген жекуді білдіретін сөз бар кез келген сүре. Бұл сөз Құранда отыз үш мәрте, он бес сүреде кездеседі. 3. «Хаж» сүресінің соңындағы: يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا ارْكَعُوا وَاسْجُدُوا «Ей, иман келтіргендер! Рукуғ, сәжде қылыңдар...» аятынан басқа يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا «Ей, иман келтіргендер!» – деген аяттарды қамтымай, يَا أَيُّهَا النَّاسُ 	<ul style="list-style-type: none"> • Мәдиналық сүрелерді ажырататын ережелер: 1. Шариғат бекіткен парыздар мен жаза түрлерін қамтыған сүрелер. 2. «Анкабут» сүресінен басқа, екіжүзділер жайлы айтылған кез келген сүрелер. 3. Кітап иелерімен пікірталасқа шақырған кез келген сүре.

«Ей, адамдар!» – деп келген аяттары бар сүрелер – меккелік. *يَا أَيُّهَا* басқа *يَا أَيُّهَا* «Ей, иман келтіргендер!» – деген аяттарды қамтымай, *يَا أَيُّهَا النَّاسُ* «Ей, адамдар!» – деп келген аяттары бар сүрелер – меккелік.

4. Бақара сүресінен басқа, ішінде ежелде өткен қауымдар мен әуелгі пайғамбарлардың қиссалары бар сүрелер.
5. «Бақара» сүресінен басқа, ішінде Адам (а.с.) мен Ібілістің қиссасы айтылған сүрелер.
6. «Әлиф Ләм Мим» «Йә син», «Қаф» секілді бөлек әріптермен басталған сүрелер меккелік болып саналады. Алайда, осы ережеге бағынбайтын екі сүре бар. Олар: «Бақара» мен «Әли Имран» сүрелері. «Рағыз» сүресіне қатысты ғалымдардың өз көзқарастары бар*.

• *Меккелік сүрелердің ерекшеліктері:*

1. Адамдарды Аллаһ тағаланың барлығы мен бірлігіне, ақирет күніне иман келтіруге шақырады. Жалған наным сенімдердің тамырына балта шауып, пұтқа табынушылардың барлық қате нанымдарын жокқа шығарады. Сол секілді жаннат пен жаһаннам бейнеленеді.
2. Сәби қыздарды тірідей жерге көму, жетімнің ақысын жеу, таразыдан пайда көру, кісінің қанын нақақ төгу секілді, жаһилдік (надандық)

«Ей, адамдар!» – деп келген аяттары бар сүрелер – меккелік. *يَا أَيُّهَا* басқа *يَا أَيُّهَا* «Ей, иман келтіргендер!» – деген аяттарды қамтымай, *يَا أَيُّهَا النَّاسُ* «Ей, адамдар!» – деп келген аяттары бар сүрелер – меккелік.

4. Бақара сүресінен басқа, ішінде ежелде өткен қауымдар мен әуелгі пайғамбарлардың қиссалары бар сүрелер.
5. «Бақара» сүресінен басқа, ішінде Адам (а.с.) мен Ібілістің қиссасы айтылған сүрелер.
6. «Әлиф Ләм Мим» «Йә син», «Қаф» секілді бөлек әріптермен басталған сүрелер меккелік болып саналады. Алайда, осы ережеге бағынбайтын екі сүре бар. Олар: «Бақара» мен «Әли Имран» сүрелері. «Рағыз» сүресіне қатысты ғалымдардың өз көзқарастары бар*.

• *Мәдиналық сүрелердің ерекшеліктері:*

1. Жаза түрлері, отбасы мәселелері, мұрагерлік, жиһад, жамағат намазы, мемлекеттік істер секілді шариятқа, ислам құқығына қатысты үкімдер мен қағидалар қамтылған сүрелер.
2. Кітап иелерін дінге шақырып, олардың кітаптарын бұрмалауы мен тура жолдан

* Өз-Заркаши, Әл-Бурхан, 1/188-б.

дәуірінде кеңінен таралған жиіркенішті әдет ғұрыптар мен жаман мінез-құлықтардың барлығын қатты айыптап, ауыр күнә екендігін көрсетеді.

3. Әуелгі пайғамбарлардың қиссаларын және ежелде өткен қауымдардың хабарлары мен оларға қатысты ескертулерді баяндайды.
4. Аяттардың көбісі қысқа, баяны жинақы болып келеді.
5. Хужрат сүресінен басталатын қысқа сүрелердің басым көпшілігі меккелік сүрелер болып табылады.

ауытқуларын баяндаған аяттарды қамтыған сүрелер.

3. Мұнафықтардың іс-әрекет-терін әшкерелеп, олардың дінге тигізер зиянын баяндаған сүрелер.
4. Мәдиналық аяттар көлемі жағынан ұзын, шариғи үкімдерді егжей-тегжейлі түсіндіріп береді.

4. Меккелік және мәдиналық аяттарды білудің пайдалары

1. Құран Кәрім аяттарын дұрыс түсінуге септігін тигізеді. Сүре, аяттардың меккелік немесе мәдиналық екендігін анықтау – тәпсіршінің бірден-бір білуі керек ілім. Сол арқылы тәпсірші кейбір мағынасы қарама-қайшы келген аяттардың насих не мансұх екендігін айқындап, дұрыс түсінікке қол жеткізе алады.


2. Адамдарды тура жолға шақырудағы Құран Кәрімнің тендессіз тәсілдерін түйсіну. Меккелік аяттардың алғашқы мұсылмандардың түсінігі мен сол кезеңнің жағдайына, мәдиналық аяттардың сол қоғамның санасына сай түсуі Құран Кәрімнің дінге шақырудағы ерекше тәсілдерін ұғындырады.

3. Құран Кәрімнің әдеби мәнері мен риторикалық ерекшеліктерін түсіну. Әрбір қоғамның жағдайы мен түсінік деңгейлерін ескере отырып, аяттардың бірте-бірте, асқан даналықпен түсіп, жұмсақтықпен бағытталуы.

4. Ұлы мақсаттарды мұрат еткен шариғат заңдылықтарының тарихы мен даму барысымен танысу. Шариғат талаптарының адамдардың қабілеттері мен шама-шарықтарына қарай міндеттелу сырын түсіну.

5. Құран Кәрім аяттарына зер салу барысында Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) өмір жолдарына ой жүгірту. Иләһи пәрменнің алғаш түсе бастауы мен соңғы аяттың нәзіл болуына дейінгі аралықта уахидің Аллаһ елшісінің (с.а.с.) меккелік һәм мәдиналық кезеңдердегі өмірімен тығыз байланысты екендігі белгілі. Өйткені, Құран Кәрім – пайғамбар өміріне қатысты жеткен дұрыс деректердің ақиқатын айқындап, күмәндардан арылтатын негізгі қайнар көз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ *Меккелік және мәдиналық сүрелерге қандай анықтама бересіз?*
 - ✓ *Меккелік не мәдиналық екендігі анық болмаған сүрелер бар ма?*
 - ✓ *Мәдиналық сүрелердегі меккелік аяттарды, меккелік сүрелердегі мәдиналық аяттарды қалай түсінеміз?*
 - ✓ *Меккелік және мәдиналық аяттарды анықтау жолдары қандай?*
 - ✓ *Меккелік және мәдиналық аяттардың мазмұндық, стилистикалық ерекшеліктеріне қарай қалай ажыратамыз?*
 - ✓ *Меккелік және мәдиналық немесе күндіз және түнде, қыста және жазда түскен аяттарды анықтаудың қандай пайдасы бар?*
-  *«Меккелік және мәдиналық аят, сүрелерді ажыратудың Құран Кәрімді түсінудегі маңыздылығы» атты тақырыпқа реферат жазу.*

§ 8. Құран Кәрім аяттары мен сүрелері

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Аят сөзінің қандай мағыналары бар?
2. Аяттарды қалай анықтаймыз?
3. Құран Кәрімде қанша аят бар?
4. Аяттардың орналасу тәртібі қандай?
5. Құран Кәрімдегі сөздер мен әріптердің саны қанша?
6. Құран Кәрімде араб тілінен басқа тілдердегі сөздер қолданылған ба?
7. Құран Кәрім сүрелері жайлы не білесіз?
8. Сүрелердің орналасу тәртібі қандай?

1. Аят сөзінің мағыналары

«Аят» сөзі араб тілінде – «муғжиза», «ишарат», «анық белгі», «дәлел», «ғибрат» деген бірнеше мағыналарды білдіреді. Бұл сөз Құран Кәрімде аталмыш мағыналарда жекеше және көпше түрде 382 жерде қолданылған. Осы сөздің Құран Кәрімде келген мағыналарына тоқтала кетейік:

«Мұғжиза» мағынасында Құран Кәрімнің: **«Исрайыл ұрпақтарынан сұра! Оларға қаншама анық аяттар (мұғжиза) бердік»** («Бақара» сүресі, 211) аятында;

«Дәлел», «айғақ» мағынасында: **«Көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күннің алмасуында сөзсіз көкірек көзі ояу жандар үшін**

аяттар (дәлелдер) бар» («Әли Имран» сүресі, 190) аятында;

«Ғибрат» мағынасында **«Сенен кейінгілерге аят (ғибрат) болуы үшін бүгін дененді құтқарамыз»** (Юунус сүресі, 92), **«Расында, мұнда бір аят (ғибрат) бар. Бірақ сонда да басым көпшілігі сенбейді»** («Шұғара» сүресі, 174) аяттарында;

«Белгі» мағынасында **«Оның патшалығының аяты (белгісі); Раббыларың тарапынан, көңілге тоқтау болатын сандықтың келуі»** («Бақара» сүресі, 248) аятында;

«Таңғажайып іс» мағынасында «**Мәриямның ұлын да және оның анасын да аят** (таңғажайып іс) **қылдық**» («Муминун» сүресі, 50) аятында келген.

Құран аяттарының барлығы – мұғжиза. Ол – Аллаһтың бар екендігіне және Пайғамбарымыздың (с.а.с.) пайғамбарлығына дәлел. Сонымен қатар көкірек көзі ашық адамдар үшін ғибрат аларлық, құлақ салып тыңдағандарға таңданарлық нәрсе, әрі онда тура жолдың белгілері бар.

Тәпсірші ғұламалар «аят» сөзінің терминдік мағынасын: «Аят, сүрелердің ішінде орын алған және басы мен соңы белгіленген әріп, сөз, сөйлем немесе бірнеше сөйлем»,– деп түсіндіреді. Аяттардың көбісі бір немесе бірнеше сөйлемнен яки жеке дара сөйлем құрамайтын аяттардан құралады. Сондай-ақ сүрелердің басында келген кейбір әріптер де аят ретінде саналған.

2. Аяттарды анықтау жолдары

Құран аяттарын анықтауда адамның ой-пікірі мен әдіс-тәсілдері қолданылмайды. Тек қана шарият тарапынан бекітілуі шарт. Өйткені «**آلْمَصِّ**» («Ағраф» сүресі, 1) әріптерін аят деп білсек, оған ұқсас «**آلْمَرِّ**» («Рағыз» сүресі, 1) әріптері аят саналмаған. Сол секілді «**يَسِّ**» («Ясин» сүресі, 1) аят болса, «**طَسِّ**» («Нәміл» сүресі, 1) аят емес. Ал «Шура» сүресінің басында келген **حَم (١) عَسَق (٢)** әріптері екі аят болып саналады. Егер аяттарды нақтылап анықтау ғалымдардың ой-пікірі арқылы, салыстырмалы тәсілдермен жүзеге асқан болса, аталған сүре басындағы әріптердің барлығы бірдей үкімде болуы керек еді.

«Хуруфу муқаттаға» деп танылған кейбір сүрелердің басында келген әріптер мен әріптер жиынтығының аят не аят емес екендігіне қатысты ғалымдар арасында түрлі көзқарастар бар. Куфалықтар «Нәміл» сүресінің басында келген «**طَسِّ**» мен «**ر**» әрпі қамтылған ¹⁵⁷«**آلْمَرِّ**» ¹⁵⁸«**آلْرِ**» «әріптер жиынтығын және кейбір

¹⁵⁷ «Рағыз» сүресі, 1.

¹⁵⁸ «Юунус», «Һуд», «Юусуф», «Ибраһим», «Хижр» сүрелерінің басында келген әріптер.

сүрелердің басында жеке дара келген «ن», «ص», «ق» әріптерінен басқа кейбір сүрелердің басында келген әріптер жиынтығын жеке-дара аят деп есептеген¹⁵⁹.

Ал, куфалықтардан басқа ғалымдар, сүре басында келген барлық әріптер мен әріп жиынтықтарын аят деп санамаған. Бұл келіспеушіліктер аяттардың тауқифи, яғни шариғат тарапынан бекітілгендігіне қайшы келмейді, өйткені әрбір мектеп өкілдері мен ғалымдар өздеріне жеткен деректерге жүгініп көзқарастарын айтқан. Өйткені пайғамбарымыздың (с.а.с.) «Фатиха» сүресінің жеті аят екендігін, «Мүлік» сүресінің отыз аят екендігін нақтылап айтып кеткен сөздері белгілі. Сол секілді Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім түнде «Бақара» сүресінің ең соңғы екі аятын оқыса, ол оған жеткілікті», – деген сөздерінен аяттарды анықтаудың тауқифи екендігін, яғни пайғамбар тарапынан бекітілгендігін көреміз.

Құрандағы ұзын аяттар ұзын сүрелерде келсе, қысқа аяттар көбіне қысқа сүрелерде келеді. Құрандағы ең ұзын аят – «Мудаяна, яғни қарыз алу және беру аяты» деп аталатын «Бақара» сүресінің 282-аяты. Бұл аятта қарыз беру мәселесі жайында жан-жақты баяндалған. Ал, ең қысқа аят – «Ясин» сүресінің басындағы «يس», «ясин» аяты, Сол секілді басқа да аят деп есептелген кейбір сүрелердің басындағы әріптермен қатар: «Әр-Рахман», «Мудхамматан», «уә әл-Фәжр», «уә әд-Духа», «уә әл-Аср» деген аяттарды да қысқа аяттар қатарына жатқызуға болады. Сонымен қатар, Ибн Аббастың: «Ең көп үміт ұялататын аят», – деп: «وَإِنَّ رَبَّكَ لَذُو مَغْفِرَةٍ لِلنَّاسِ عَلَى ظُلْمِهِمْ» **«...Шәксіз Раббың адам баласының зұлымдықтарына қарсы жарылқау күшіне ие...»**, – делінген «Рағьд» сүресінің алтыншы аятының бір бөлігін ғана айтқанын ескерсек, аяттың бір бөлігі не басым бөлігі «аят» деп айтылады¹⁶⁰.

¹⁵⁹ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһил әл-ирфан, 1/404-б.

¹⁶⁰ Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мадхал ли дирасати әл-Құран әл-Карим, 310-б; Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһил әл-ирфан, 1/407-б.

3. Аяттардың саны

Ал, аяттардың саны жайында ислам ғалымдары арасында ортақ бір пікір жоқ.

Алайда, 6200 аяттың бар екендігіне бір ауыздан келіскенімен, басралық, куфалық, шамдық, меккелік және мәдиналық қарилардың арасында 6204, 6214, 6219, 6225 және 6236 аят деп, әртүрлі тоқтамға келген қарилар бар¹⁶¹. Ибн әл-Жәузи «Фунуну әл-әфнән» атты еңбегінде, Құран аяттарының санына қатысты мәдиналықтардың: 6217, 6210, меккеліктердің: 6220, куфалықтардың: 6236, басралықтардың: 6219, шамдықтардың: 6226 дегенін келтірген¹⁶².

Имам әс-Суюти Ибн Аббастан (р.а.): «Құрандағы барлық аяттардың саны 6616»,– деген риуаят келтірген¹⁶³.

Ибн Атия: «Ибн Масғудтан (р.а.) жеткен дерек бойынша, аяттар саны – 6218, әріптер саны – 300690»,– деген¹⁶⁴.

Мұндай қайшылықтың туындауына не себеп болғандығын төменде баяндаймыз:

а) Сүрелердің басында келетін «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим» сөзін кейбір ғалымдар аят деп есептесе, енді біреулері аят деп есептемеген. Негізінде «Нәміл» сүресіндегі «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим» сөзі аяттың жалғасы екендігін ғалымдар бірауыздан құптайды. Бірақ, кейбір ғалымдар: «бұл сүре ішінде бар және әрбір сүремен бірге қайталанып, уахи арқылы түскен. Өйткені сол кездегі ғалымдар Құранға жатпайтын нәрсені жазудан өте сақ болды. Олар бұл мәселеде тым қатал болатын»,– дей отырып, оны аят деп есептеген. Ал, енді бір ғалымдар: «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим» өз басына жеке

*Али ибн Әбу Талиб (р.а.)
негізін салған Куфа
мектебі қариларының
ұстанымы негізінде
басып жатқан қазіргі
таңдағы мұсхафтар
6236 аяттан тұрады*

¹⁶¹ Әз-Заркаши, Әл-Бурһан фи улуми әл-Құран, 1/249-б.

¹⁶² Ибн әл-Жәузи, «Фунуну әл-әфнән», 241-244-б.

¹⁶³ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 2/434-б. Өте әлсіз хадис.

¹⁶⁴ Ибн Атия, Муқаддиматан фи улуми әл-Құран уа һума муқаддимату китабу әл-мабани, уа муқаддимату Ибн Атия, 246-б.

бір аят. Жүз он үш сүренің басына сүрелерді бір-бірінен ажырату үшін қойылған. Бірақ әрбір сүренің басында келетін сол сүренің аяты емес», – дейді. Сондай-ақ, кейбіреулер оны мүлдем аят деп те есептемеген.

ә) Кейбір ғалымдар бір аяттың соңын «соңғы нүктесі» деп қабылдаса, кейбірі олай деп санамаған. Яғни кейбірі бір сөйлемді бір аят деп есептесе, енді біреулер бірнеше сөйлемді бір аят деп есептеген. Өйткені пайғамбарымыз (с.а.с.) аяттың басын білдіру үшін әр аяттың соңында тоқтаған. Ал, бұған үйренушілер қанық болғанда, аяттардың мағыналық байланысын жалғастыру үшін, кейде келесі келген аятқа өтіп кетіп отырған. Сондықтан алғаш естіген адам бүкіл аятты бір аят екен деп ойлап қалатын.

б) Жоғарыда айтып өткеніміздей, Құрандағы 29 сүренің басында кездесетін «Мукаттаға әріптердің» бірнешеуін куфалық ғалымдар жеке аят деп есептесе, басралық ғалымдар оларды сол әріптерден кейін келген аяттың бір бөлігі ретінде қарастырады.

Аяттарды және олардың санын нақтылаудың қандай пайдасы бар? – деген сұраққа жауап ретінде оның үш пайдасын айта кетейік:

а) Үш қысқа аят немесе бір ұзын аятта қайталанбас мұғжизалық бар. Құран Кәрімнің: *وَإِنْ كُنْتُمْ فِي رَيْبٍ مِّمَّا نَزَّلْنَا عَلَىٰ عَبْدِنَا* «Егер құлымызға түсіргенімізге (Мұхаммедке түсірілген Құранға) күмәндансаңдар, қанеки, бір сүресіне ұқсас сүре жазып әкеліңдер» («Бақара» сүресі, 23) аяты ұзын сүремен қатар, қысқа сүрені де қамтиды. Ал, Құрандағы ең қысқа сүре – үш аяттан тұратын «Кәусар» сүресі. Яғни әрбір қысқа үш аят – мұғжиза. Сонымен қатар, қысқа үш аятқа тең келетін ұзын бір аят та осындай дәрежеде болып табылады.

ә) Әбу Дәуіттің Умму Саламадан (р.а.) жеткізген: «Пайғамбар (с.а.с.) (Құран) оқыса, аят аятқа бөліп оқитын. *بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ* оқығаннан кейін тоқтап, *الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ* деген соң кідіріп, *الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ* деп тоқтайтын», – деген хадиске сай, әрбір аяттың басында тоқтау – сүннет. Ал, бұл сүннетті аяттардың аражігін ажыратпай, орындау мүмкін емес.

б) Намаздың дұрыс әрі толық орындалуының кепілі. Өйткені, Құранның үш қысқа аяты немесе ұзын бір аятының оқылуы – намаздың дұрыс болу шарттарының бірі болса, қысқа сүренің орнына қысқа үш аят немес ұзын бір аяттың оқылуы – уәжіп. Кейбір ғалымдар: «Фатиха» сүресін білмеген адамның намазда басқа жеті аят оқуы міндетті»,– деген. Намазда оқылатын аят сандары мен «Пайғамбар таң намазында алпыс аяттан жүз аятқа дейін оқитын»¹⁶⁵, «Кімде-кім түнде елу аят оқитын болса, бейқам адамдар қатарынан саналмайды»¹⁶⁶,– делінген секілді хадистерден аяттардың басы мен соңын нақтылаудың маңыздылығын түсінеміз.

Дегенмен, Али ибн Әбу Талиб (р.а.) негізін салған Куфа мектебі қариларының ұстанымы негізінде, Сауд Арабиясы, Мысыр, Иран секілді елдерде, қазіргі таңда басылып жатқан мұсхафтар 6236 аяттан тұрады.

4. Аяттардың орналасу тәртібі

Ислам ғалымдары Құрандағы барлық аяттардың күнделікті біз көріп жүрген реттілікпен орналасуының «тәуқифи» екендігіне бір ауыздан келіседі. «Тәуқифи» дегеніміз – аяттарды белгілі бір жүйеге немесе көзқарасқа жүгіне отырып орналастыру емес, керісінше, Аллаһ тағала тарапынан белгіленуі. Мысалы, Жәбірейіл (а.с.) Мәдинада түсірілген бір аятты Аллаһ елшісіне әкелгенде: «Мұны Меккеде түскен сүренің ортасындағы пәлен аяттан кейін қой»,– деген. Оған имам Ахмед жеткізген хадистегі Осман ибн Әбу әл-Астың: «Аллаһ елшісінің жанында отырған едім, ол (с.а.с.) көзін жоғары көтерді де бір жүгіртіп: «Маған Жәбірейіл келіп, мына аятты мына сүренің ... وَالْإِحْسَانِ»¹⁶⁷,– дегені дәлел.

Имам әл-Бұхари Ибн Зубәйдің: «Мен Осман ибн Аффанға: **«Қайтыс** وَالَّذِينَ يَتُوفَّوْنَ مِنْكُمْ وَيَذُرُونَ أَزْوَاجًا وَصِيَّةً لِأَزْوَاجِهِمْ مَتَاعًا إِلَى الْحَوْلِ غَيْرِ إِخْرَاجِ

¹⁶⁵ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 516; Муслим, Әс-Сахих, 461.

¹⁶⁶ Әд-Дарими, Әс-Сунан, 3311.

¹⁶⁷ Ахмет ибн Ханбал, Муснад, 2922, 7948.

болып, артында әйелдерін қалдырғандар; әйелдерің бір жылға дейін (үйлерінен) шығарылмауға өсиет етсін» («Бақара» сүресі, 240),– деген аят басқа аятпен¹⁶⁸ мансұхталды, неге оны жазып, сол жерге қойып жатсың, яғни мансұх болған аятты неге қалдырып, жазып жатсың?» – дедім¹⁶⁹. Ол: «Уа, бауырымның баласы, мен өз орнынан ешнәрсені өзгерте алмаймын»,– деді¹⁷⁰,– деген хадисін жеткізген. Осман (р.а.) үкімі жойылған аят болса да оның орналасуы тауқифи екендігін, оны өзінің көзқарасымен өзгерте алмайтындығын білдірген.

Муслимнің сахих хадистер жинағында Омардың (р.а.): «Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Кәләла¹⁷¹ аятын қайталағаным секілді басқа нәрсені қайталамадым, осы кезде маған қаталдық танытқаны секілді қаталдық танытпаған еді, тіпті, саусағымен кеудемді нұқып қалып: «Ей, Омар саған «Ниса» сүресінің соңындағы жазда түскен аят жетпей ме?» – деді»,– дегені келген¹⁷². Пайғамбардың (с.а.с.) бұл сөзінен «Ниса» сүресіндегі **اَللّٰهُ يَسْتَفْتُونَكَ قُلِ اللّٰهُ يُفْتِيكُمْ فِي الْكَلَالَةِ** «Олар сенен пәтуа сұрайды. Оларға айт: «Аллаһ сендерге «Кәләла» жайында пәтуа береді»,– деген аяттың орнын белгілегендігін аңғарамыз.

Сонымен қатар, келесі деректер де аяттардың пайғамбар (с.а.с.) тарапынан орналастырылғандығын көрсетеді. Аллаһтың елшісі (с.а.с.): «Кімде-кім түнде «Бақара» сүресінің соңғы екі аятын оқыса, жеткілікті болады»,– дейді. Сондай-ақ, пайғамбардың (с.а.с.) Дәжжал пайда болған кезде, одан сақтану үшін «Кәһф» сүресінің алғашқы он аятын немесе соңғы он аятын оқуды өсиет етуі де аяттардың орналасу тәртібінің «тауқифи» екендігінің дәлелі. Егер бұлай болмаған жағдайда Аллаһтың елшісі (с.а.с.) «Бақара» сүресінің соңғы екі аяты мен «Кәһф» сүресінің алғашқы не соңғы он аяты жайында сөз қозғамас еді. Өйткені аяттардың орналасу тәртібінде айырмашылық

¹⁶⁸ «Бақара» сүресі, 234.

¹⁶⁹ Бұл жерде Ибн Зубейр үкімі жойылған аятты толықтай мансұхталған деп ойлаған болса керек.

¹⁷⁰ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4530.

¹⁷¹ Артында мұрасы да мұрагеріде қалмаған адамға қатысты аят.

¹⁷² Муслим, Әс-Сахих, 567, 1617.

болатындықтан, бұл сөздердің ешқандай мәні болмас еді. Бұл – қазіргі таңда қолымызда бар Құранның пайғамбар (с.а.с.) кезеңінде жазылғанын, кейіннен жинақталып, хатқа түсірілгенін әрі олардың орналасу тәртібінің де бірдей екендігін көрсетеді.

Осыған байланысты Мекки ибн Әбу Талиб¹⁷³ сынды ғалымдар: «Аяттардың белгілі бір тәртіппен орналасуы пайғамбар бұйрығымен жүзеге асырылған. Оған, сүрелердің басында келетін «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим» аятының «Тәубе» сүресінде Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әмір етпегендігі себепті қойылмағандығы да дәлел»,– деген.

Осы дәлелдерге жүгіне отырып, ислам ғұламалары Аллаһ елшісі (с.а.с.) дәуіріндегі тәртіпте жазылған аяттар мен одан кейін жинақталып, хатқа түсірілген Құран аяттарының орналасу тәртібінде ешқандай айырмашылық жоқ деген бірдей пікірді ұстанады. Өйткені, Жәбірейіл (а.с.) уахи әкелген кезде, әрбір аяттың орналасатын жері туралы пайғамбарымызға білдіріп отырған. Аллаһтың елшісі (с.а.с.) аяттардың орналасу тәртібін Жәбірейілдің (а.с.) көрсеткеніндей, осы иләһи тәртіп бойынша уахи жазатын хатшыларға жаздырған. Сонымен қатар, пайғамбар (с.а.с.) Құранды жаздырған тәртібі бойынша сахабаларына оқып берген және әр жылдың соңында Жәбірейілге (а.с.) сол тәртіп бойынша тапсырған. Сахабалар да Құранды Аллаһтың елшісінен (с.а.с.) естіген күйде үйренген және қаз-қалпында жазып, жаттаған. Олар ешқандай кемшілікке жол берместен, иләһи жүйені сақтаған. Халифа Әбу Бәкір (р.а.) заманында жинақталған Құранда дәл сондай жүйе сақталса, кейіннен Османның (р.а.) нұсқауымен көбейтілген нұсқада да сондай тәртіп орын алды. Осылайша, жоғарыда айтылған тәртіп-жүйе ешқандай өзгеріске ұшырамастан, күні бүгінге өзгеріссіз жетіп отыр.

¹⁷³ Әбу Мұхаммед Мекки ибн Әбу Талиб Хаммуш ибн Мұхаммед әл-Қайси әл-Андәлуси әл-Қуртуби – танымал қырағат, әрі тіл білімі ғалымы. 355/966 жылы Қайрауанда (Солтүстік Африкада) дүниеге келген. «Мушкил лииғраби әл-Құран», «Әл-Ибәнә ан мағани әл-қирағат» секілді бірқатар еңбектердің авторы. Ол 437/1045 жылы дүние салған.

5. Құран Кәрімдегі сөздер мен әріптердің саны

Тәпсіршілер мен Құран экзегетикасы мамандары Құран Кәрімдегі аяттардың санын зерттегені секілді, Құран сөздерінің саны туралы да ізденген.

Құран Кәрімдегі келген барлық сөздердің саны Абдуллаһ ибн Масғудтан (р.а.)¹⁷⁴ жеткен дерек бойынша – 77934, Мужаһид¹⁷⁵ және Сағид ибн Жубәйрден¹⁷⁶ келген риуаятта – 77437, Ата ибн Ясардан¹⁷⁷ – 79277¹⁷⁸ деген сандар жеткен¹⁷⁹. Сол секілді басқа да көзқарастарды кездестіруге болады. Сандардың мұндай әртүрлі келу себебі, кейбір сөздер базбір ғалымдардың көзқарасында сөз ретінде танылса, оны кейбірі сөз деп санамаған. Сонымен қатар, араб тілінде сөздердің айтылуы мен жазылуы және қырағат ерекшеліктерінің болуы да Құрандағы сөздер мен әріптердің нақты санын анықтауда қиындық тудырады.

Жәләлуддин әс-Суюти: «Құрандағы сөздер мен әріптердің санын білу және оған қатысты пікірталастырудың астарында ешқандай пайда жоқ», – десе, имам әс-Сахауи: «Мен Құранның әріптері мен сөздерін санаудың еш қажеті жоқ деп ойлаймын. Егер де артықшылықтар мен кемшіліктер, қателер мен бұрмалаушылықтар орын алған кітап туралы сөз қозғалатын болса, бұл тақырыпқа ден қойып, пікірталастар жүргізудің нәтижесі болар еді. Ал, Құранға келер болсақ, онда бұлардың ешқайсысы болуы мүмкін емес», – деген¹⁸⁰.

Дегенмен, имам әс-Суюти мен өзге ғалымдардың Құран аяттары мен сүрелеріне қатысты ауқымды зерттеулер жүргізгеніне

¹⁷⁴ Танымал сахаба.

¹⁷⁵ Мужаһид ибн Жәбир – танымал табиғин.

¹⁷⁶ Сағид ибн Жубейр әл-Әсади әл-Куфи – танымал сенімді табиғин ғалымы. Абдуллаһ ибн Аббастан Құран үйренген.

¹⁷⁷ Ата ибн Ясар – танымал табиғин. Пайғамбар (с.а.с.) жұбайы, мүміндердің анасы Мәймуна бинт әл-Харистің мәуләсі. Уағыз насихат айтуда ерекшеленген. Мүміндердің анасы Мәймуна мен Айшадан (р.а.) және Зәйд ибн Сәбит, Әбу Һурайра мен Ибн Аббастан хадис жеткізген. Ол хижраның 103 жылы 84 жасында Хажжаж тарапынан өлтірілген.

¹⁷⁸ Имам әз-Заркаши «Бурһанда» Ата ибн Ясардан 77437 санын келтірген.

¹⁷⁹ Ибн әл-Жәузи, Фунуну әл-әфһән, 245-б.

¹⁸⁰ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 2/455-б; Әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 2/414-б.

қарағанда, Құранға және оның мазмұнына қатысты қандай да бір ізденістердің пайдасыз емес екендігін көреміз. Өйткені Құранға қатысты кез келген тақырып, тіпті әрбір сөзі мен әрбір мәселесі зерттеушінің назарында болып, талқылануы адамның санасын байыта түседі. Әрі оны жан-жақты және өте мұқият зерттеуге мүмкіндік туындайды.

Ал, Құран Кәрімдегі әріптер санына келер болсақ, Құран әріптерінің санын қарастырған еңбектерде бірнеше көзқарастар келтірілген. Соның ішінде Ибн әл-Жәузидің «Фунуну әл-әфнән» атты еңбегінде: «Құран Кәрім аяттарының барлық әріптерінің саны жайында Ибн Масғудтан – 304740, Хамза ибн Хабибтен – 373250, Асым әл-Жухдариден – 363300, Әбу Мұхаммед Рашид әл-Хамани әл-Басриден – 360023; 340700 деген деректер жеткен. Ал, мәдиналықтар мен кейбір қуфалықтар Құран әріптерінің саны – 325250»¹⁸¹, – деген. Одан да басқа түрлі сандар келтірілген деректер бар. Мысалы, имам әт-Табарани еңбектерінің бірінде, Омар ибн әл-Хаттабан (р.а.) «Құран миллион жиырма жеті мың әріптен тұрады. Кімде-кім сабырлықпен және сауабынан үміттеніп отырып оқыса, оған әрбір әріп үшін хор қыздары беріледі»¹⁸², – деген деректі жеткізген. Кейбір ғалымдар: «Бұл Құранның кейбір аяттары мансұхталмай тұрғанға дейінгі әріптер саны», – десе, көпшілік ғалымдар бұл риуаяттың дұрыс емес екендігін алға тартқан.

Ибн әл-Жәузи Құрандағы әрбір қайталанып келген әріптердің санына қатысты Әл-Қадый Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Халафтың: «Әлиф – 48940, бә – 11420, тә – 1404, сә – 10480, жим – 3322, ха – 4138, ха – 2503, дәл – 5998, зәл – 4934, ра – 1680, зәй – 12606, син – 5999, шин – 2115, сад – 2780, дад – 1682, та – 842, за – 1204, айн – 9409, ғайн – 1229, фа – 9813, қаф – 8099, кәф – 10522, ләм – 33502, мим – 26922, нун – 26955, уау – 25506, һа – 17007, ләм

¹⁸¹ Ибн әл-Жәузи, Фунуну әл-әфнән, 246-б.

¹⁸² Әт-Табарани, 6612. Имам әз-Зәһәби бұл хадистің дұрыс емес екендігін айтқан (Әз-Зәһәби, Мизан, 3/639), Әс-Суюти, әл-Итқан, 2/456-б; Әз-Зуркани, Мәнәһилу әл-Ирфан, 1/415-б.

әлиф – 4709, йай – 25717. Ал, әріптерге қойылған нокаттар саны – 1 025 030», – деген дерегін келтірген¹⁸³.

Сол секілді Ибн Атия өзінің еңбегінде: «Кейбір зерттеушілердің айтуы бойынша, Құран сөздерінің саны – 77436, әріптер саны – 320211», – дей келе, Құран әріптерінің келесі статистикасын келтірген: «Әлиф – 48800, бә – 11201, тә – 10199, сә – 1276, джим – 3273, ха – 3993, ха – 2416, дәл – 5642, зәл – 4699, ра – 11793, зәй – 1570, син – 5891, шин – 2253, сад – 2081, дад – 2607, та- 1274, за – 842, айн – 9020, ғайн – 7499¹⁸⁴, фа – 8497, каф – 6823, кәф – 10354, ләм – 33522, мим – 26135, уау – 25536, һа – 19090, йа – 25919»¹⁸⁵.

Осы статистика негізінде, аталмыш автордың жүргізген есебіне сәйкес Құран әріптері қолданылу жиілігіне қарай: Әлиф, ләм, мим, йа, уау, һа, ра, бә, кәф, тә, айн, фа, ғайн, каф, син, дәл, зәл, ха, джим, дад, ха, шин, сад, зәй, сә, та, за тәртібінде тұрады.

Бұл жерде келтірілген екі еңбектен «зәй», «сә», «ра», «тә» әріптерінің сандары арасындағы үлкен айырмашылықтарды көруге болады. Ибн әл-Жәузидің еңбегінде келген Әл-Қадый Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Халафтың статистикасында аталған төрт әріптің санында қателік орын алған болуы мүмкін. Өйткені, қолымыздағы мұсхафтардан санау барысында анықталғандай, ақиқатқа жақынырағы – Ибн Атияның еңбегінде келгені. Ал, өзге әріптер санындағы айырмашылықтар араб әліппесіндегі орын алған өзгерістер мен Құран жазуының өзіндік ережелеріне байланысты болса керек.

Деректердің бірінде әл-Хажжәж ибн Юсуф әс-Сақафи Құранды хатқа түсірушілер мен қариларды жинап алып, оларға

¹⁸³ Ибн әл-Жәузи, Фунуну әл-әнан, 250-252-б.

¹⁸⁴ Ибн Атияның Муқаддимасында «ғайын» және «нун» әріптерінің саны келмеген. Бірақ кітаптың төменгі жағында Әл-Амилидің «Әл-Кашкул» атты еңбегіне сілтеме жасалып, «ғайын» әрпінің саны 7499 деп көрсетілген. Бұл санда қателік орын алған болуы мүмкін. Өйткені бүгінде кең тараған мұсхафтан 1210 «ғайын» әрпін санадық. Сонымен қатар, оны Әл-Қадый Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Халафтың статистикасы да растауда.

¹⁸⁵ Ибн Атия, Муқаддиматан фи улуми әл-Құран уа һума муқаддимату китабу әл-мабани, уа муқаддимату Ибн Атия, 247-250-б.

Құранның аяттарын, сөздерін және әріптерін санап шығуға бұйрық береді. Олардың есебі бойынша жалпы Құран 6220 немесе 6204 аяттан, 77434 сөзден және 325072 әріптен тұрады¹⁸⁶.

Айта кететін тағы бір жайт, Құран Кәрімнің «Әли Имран» сүресінің 154 және «Фатх» сүресінің 29-аяттарының әрқайсысында араб әліпбиіндегі барлық әріптер қамтылған. Олар:

ثُمَّ أَنْزَلَ عَلَيْكُم مِّن بَعْدِ الْغَمِّ أَمَنَةً نُّعَاسًا يَغْشَى طَائِفَةً مِّنْكُمْ وَطَائِفَةٌ قَدْ أَهَمَّتْهُمْ أَنفُسُهُمْ يَظُنُّونَ بِاللَّهِ غَيْرَ الْحَقِّ ظَنَّ الْجَاهِلِيَّةِ يَقُولُونَ هَل لَّنَا مِنَ الْأَمْرِ مِن شَيْءٍ قُلْ إِنَّ الْأَمْرَ كُلَّهُ لِلَّهِ يُخْفُونَ فِي أَنفُسِهِمْ مَا لَا يُبْدُونَ لَكَ يَقُولُونَ لَوْ كَانَ لَنَا مِنَ الْأَمْرِ شَيْءٌ مَا قُتِلْنَا هَاهُنَا قُلْ لَوْ كُنْتُمْ فِي بُيُوتِكُمْ لَبَرَزَ الَّذِينَ كُتِبَ عَلَيْهِمُ الْقَتْلُ إِلَى مَضَاجِعِهِمْ وَلِيَبْتَلِيَ اللَّهُ مَا فِي صُدُورِكُمْ وَلِيُمَحَّصَ مَا فِي قُلُوبِكُمْ وَاللَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ
(«Әли Имран» сүресі, 154)

مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ أَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ تَرَاهُمْ رُكَّعًا سُجَّدًا يَبْتَغُونَ فَضْلًا مِنَ اللَّهِ وَرِضْوَانًا سِيمَاهُمْ فِي وُجُوهِهِمْ مِنْ أَثَرِ السُّجُودِ ذَلِكَ مَثَلُهُمْ فِي التَّوْرَةِ وَمَثَلُهُمْ فِي الْإِنْجِيلِ كَزَرْعٍ أَخْرَجَ شَطْأَهُ فَآزَرَهُ فَاسْتَغْلَظَ فَاسْتَوَى عَلَى سُوقِهِ يُعْجِبُ الزُّرَّاعَ لِيُغَيِّظَ بِهِمُ الْكُفَّارَ وَعَدَّ اللَّهُ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ مِنْهُمْ مَغْفِرَةً وَأَجْرًا عَظِيمًا
(«Фатх» сүресі, 29)

Ал, Құран Кәрімде араб тілінен басқа тілдердегі сөздердің қолданылуына тоқталар болсақ, Құранда араб тілінен басқа тілдердегі сөздердің қолданылғандығына қатысты Имам Әбу Мансур Мәуһуб ибн Ахмед әл-Жауалиқи¹⁸⁷ «Әл-Муарраб мин әл-кәләми әл-ағжами», Имам әс-Суюти «Әл-Муһаззаб фимә уақаға фи әл-Құрани мин әл-муарраб» атты еңбектерін арнаған.

¹⁸⁶ Бұл да сонда.

¹⁸⁷ Әбу Мансур Мәуһуб ибн Ахмед әл-Жауалиқи – Бағдаттық көрнекті араб әдебиеті мен тіл ғалымдарының бірі. Халифа Әл-Муктафи Лиәмрилланың жанына жақын тұлғалардан болған. Ол 540/1144 жылы дүние салған.

Осы еңбектердің негізінде қорыта айтсақ, бұл мәселеге қатысты ғалымдардың арасында көзқарастар бар. Алайда, Имам әш-Шафиғи, Ибн Жарир әт-Табари, Әбу Ұбайда¹⁸⁸, әл-Қадый Әбу Бәкір секілді көпшілік ғалымдар Құран Кәрімде өзге тілден енген сөздердің қамтылмағандығын айтқан. Олар пікірлерін Құранның **إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ قُرْآنًا عَرَبِيًّا «Расында, Біз мұны арабша Құран түрінде түсірдік»** («Юсуф» сүресі, 2) секілді аяттарымен қуаттайды. Ибн Жарир әт-Табари секілді өзге де ғалымдардың айтуы бойынша Құранның кейбір сөздерінің парсы, не хабаша, яки набатей¹⁸⁹ тілдерінде келуі – бұл сөздердің басқа қауымдардың тілінде болғаны секілді, араб лексиконында болып, бір сөз бірнеше тілдерде орын алған. Басқа ғалымдар бұл сөздердің барлығы таза араб тілінде, себебі араб тілі өте бай тіл деген пікірді алға тартса, кейбірі бұл сөздердің араб тілінде өзге қауымдардың тілінен бұрын қолданыста болған болуы мүмкін екендігін айтады.

6. Құран Кәрім сүрелері

«Сүре» сөздікте – «жоғары мәртебе», «абырой», «белгі», «ғимараттың қабаттары», «қамал» деген мағыналарды білдіреді.

Терминдік мағынасы – «Аяттардан құралған, басы және соңы бар Құран бөлімдері».

Тілдік мағынасымен байланыстырар болсақ, Құран сүрелері қаланған кірпіштей орналасқан сөздер мен аяттардан құрылған қамал іспетті әрі оны оқыған әрбір адамның дәрежесі биіктеп, мәртебесі жоғарылайтындығы хақ.

Сүрелердің де бас-аяғы аяттар секілді Аллаһ тағала тарапынан белгіленген. Сүрелердің басы «Бисмиллахир-рахманир-рахим» аяты түскеннен кейін анықталды. Оған Әбу Дәуіт, Ибн Хиббан мен әл-Хақим жеткізген деректегі Ибн Аббастың (р.а.):

¹⁸⁸ Әбу Ұбайда Мағмар ибн Мусанна әл-Басри танымал лингвист. Ол хижраның 208 жылы шамамен жүз жасқа келіп дүние салған.

¹⁸⁹ Набатей тілі – семит тілдер тобына жататын өлі тіл. Бұл б.з.д. бірінші мыңжылдықта Таяу Шығыста өмір сүрген ежелгі Набатей қауымының тілі болған.

«Пайғамбар (с.а.с.) «Бисмиллахи рахмани рахим» түскенге дейін сүрелердің соңын білмейтін»,– деген сөзі дәлел.

Құран Кәрімде жүз он төрт сүре бар¹⁹⁰. Олардың ішіндегі ең қысқасы – үш аяттан тұратын «Кәусәр» сүресі. Ал, ең ұзын сүре – екі жүз сексен алты аяттан тұратын «Бақара» сүресі.

Кейбір сүре атаулары қиссаларда аталып өткен тұлғалардың, қауымдардың атымен немесе сүренің алғашқы сөзімен аталған. Арабтар атау қойғанда, сол атаудың сипаты мен ерекшелігіне мән беріп, сол есімнің көп қолданылуын да ескеретін болған. Құран атаулары да осы үрдіске сай қойылған. Мысалы, «Бақара» сүресінің атауы, ондағы қамтылған сиырға қатысты ғибратты қиссамен байланысты болса, «Ниса» сүресінің атауы, ондағы әйел адамдарға қатысты мәселелердің егжей-тегжейлі келуімен, «Әнғам» сүресінің атауы, сүре мазмұнының мал-мүлікке қатысты келгендігімен байланысты. Әйелдер мәселесі басқа сүрелерде де келгенімен, «Ниса» сүресіндегідей кеңірек айтылмаған. Сол секілді жануарлар жайлы да басқа сүрелерде айтылғанымен, «Әнғам» сүресіндегідей баяндалмаған. Ал, «Һуд» сүресінде Һуд пайғамбармен қатар Нұх, Салих, Ибраһим, Лұт, Шуғайып, Мұса пайғамбарлар да айтылған. «Сүренің атауы неліктен Һуд пайғамбардың есімімен аталған, онда Нұх пайғамбардың

¹⁹⁰ Мужаһид «Тәубе» сүресі мен «Әнфәл» сүресінің арасында «Бәсмәлә» болмағандықтан, екі сүрені бір деп біліп, барлық сүрелердің саны 113 десе, Ибн Масғудтың мұсхафы жүз он екі сүрені қамтыған. Онда «Фалак» пен «Нас» сүрелері қамтылмаған. Ибн Масғуд аталған екі сүрені әрдайым қайталанып жатталып қалғандықтан, дұға (рукия) ретінде адамдар арасында кең танылғандықтан жазбаған болуы мүмкін. Алайда, кейін қайта жазғандығы айтылады. Сол секілді, деректерде Убәй ибн Кағыбтың мұсхафында барлық сүрелерден кейін сүре секілді, ... *وَنَسْتَغْفِرُكَ*, *اللَّهُمَّ إِنَّا نَسْتَعِينُكَ*, және ... *وَنَسْجِدُ* ... деп басталатын екі дұға, яғни әдеттегі құнұт дұғасы жазылғандықтан, «жүз он алты сүре» деп риуаят етілген. Алайда бұлар мұсхафтың соңында дұға ретінде ғана жазылған болатын (Әз-Заркаши, Әл-Бурһан фи улуми әл-Құран, 1/151-б; Ибн әл-Жәузи, Фунуну әл-әфһән, 235-236-б). Имам әс-Суюти: «Көпшілік ғалымдар Убәй ибн Кағыбтың мұсхафы он алты сүрені қамтиды деп жеткізген, ал, дұрысы онда он бес сүре қамтылған. Өйткені онда «Піл» және «Құрайыш» сүрелері бір сүре болып келген» деген. Бұның Имам әс-Сахауидің «Жәмәлу әл-Құрра» атты еңбегінде де келтіргендігін айтады (Әс-Суюти, Әл-Итқан, 2/427-б).

қиссасы өте көп баяндалған емес пе?»—деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұған жауап аталған есімдер «Һуд» сүресінен басқа «Ағраф», «Шуғара» секілді сүрелерде де қайталанып келген. Ал, «Һуд» пайғамбардың есімі бұл сүрелерде «Һуд» сүресінде келгендей қайталанбаған.

Бұл арада, Құран сүрелеріне берілген атаулардың «тәуқифи» әрі «ижтиһади» екендігін білдіретін деректер кездесетінін айта кеткен жөн. Алайда, тәуқифи екендігін айту шындыққа жанасымды. Сол себепті де «Таһа», «Қасас», «Ағраф» секілді сүрелерде Мұса пайғамбардың, «Сад» сүресінде Дәуіт пайғамбардың, сол секілді кейбір сүрелерде Адам пайғамбардың оқиғасы жан-жақты келгенімен, сол пайғамбарлардың есімімен аталмаған¹⁹¹. Сонымен қатар, ижтиһади екендігін мойындайтын болсақ, бұл жағдай әлі де жалғасын тауып, әрбір тәпсірші сүрелерге өздігінше атакюға кірісер еді.

«Ниса», «Әғраф», «Әнғам», «Мәриям», «Таһа» секілді, көптеген сүрелердің бір ғана атауы болса, кейбір сүрелердің бірнеше атауы бар. Мәселен, «Фатиха» сүресі – «уммул-китаб», «әл-кәнзу», «әш-шифа», «әс-сабғу әл-мәсәни»; «Тәубе» сүресі – «бараат»; «Ясин» сүресі – «қалбу әл-Құран»; «Инсан» сүресі – «дәһр» т.б. деп те аталады. Бір сүре бірнеше атаулармен белгілі болғаны секілді, бірнеше сүрелер бір атаумен де аталған. Мысалы: сүрелердің басында келген әріптерге сай, бірқатар сүрелер: «Әлиф Ләм Мим», «Әлиф Ләм Ра», «Ха мим» деп аталған.

Ғалымдар Құран сүрелерін қамтыған аяттар саны жағынан төрт бөлімге бөлген.

а) Тиуал (Ұзын). Оған аяттар саны жүзден асатын, мына жеті: «Бақара», «Әли Имран», «Ниса», «Мәида», «Әнғам», «Ағраф» сүрелері жатады. Ал, жетінші сүреге қатысты кейбір ғалымдар бәсмәләмен¹⁹² бөлінбеуі себепті «Әнфал» мен «Тәубе» сүрелерін айтса, кейбірі «Юунус» сүресін енгізген.

¹⁹¹ Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мадхал лидирасати әл-Құран әл-Карим, 322-323-б.

¹⁹² Бисмиллаһир-рахманир-рахим.

ә) Мииун (Жүздік). Оған аят саны жүз шақты, әлде жүзден сәл асатын сүрелер кіреді.

б) Мәсәни (Қайталанған). Оған аят саны көп, бірақ жүзге жетпеген сүрелер жатады.

в) Муфассал (Бөлінген, баяндалған). Аяттар саны мәсәни сүрелердегі аят санына жетпеген, Құранның соңғы жақтарында келген қысқа сүрелер. Муфассал сүрелерді нақтылауда ғалымдар әртүрлі көзқарастар айтқан. Имам әз-Заркаши «әл-Бурхан» атты кітабында осы мәселеде он екі көзқарасты келтіре отырып: «Ғалымдардың ұстанымында дұрысы – «Қаф» сүресінен кейінгі сүрелер»,– десе¹⁹³, имам ән-Нәуәуи «Хұжырат» сүресінен кейінгі сүрелердің муфассал тобына жататындығын дұрыс деп санаған. «Муфассал» сөзінің бір мағынасы – «бөлінген». Қысқа сүрелер араларының бәсмәләмен көп бөлінуі себепті муфассал деп аталған.

Муфассал сүрелер:

а) Тиуал (Ұзын). Ол – «Хұжырат» сүресінен «Буруж» сүресіне дейінгі сүрелер;

ә) Әусат (Ортаңғы). «Тарик» сүресі мен «Бәйна» сүресі аралығындағы сүрелер;

б) Қисар (Қысқа). «Зілзәлә» сүресінен Құранның соңына дейінгі сүрелер болып үш топқа бөлінеді.

Имам әс-Суюти Ибн Мағинның¹⁹⁴: «Тиуал – «Нәбә» сүресіне дейін, «Әусат» – содан «Дұха» сүресіне дейін, Қисар – содан Құранның соңына дейін»,– деген сөзін дұрысырақ деп бағалаған¹⁹⁵.

7. Сүрелердің орналасу тәртібі

Сүрелердің орналасуы жайында ислам ғалымдары арасында ортақ пікір жоқ. Негізінде, осы мәселе турасында айтылған көзқарастарды үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Сүрелердің *ижтиһади* орналасуы

¹⁹³ Әз-Заркаши, Әл-Бурхан фи улуми әл-Құран, 1/245-246-б.

¹⁹⁴ Мұхаммед ибн Мағин ибн Мұхаммед Әбу Яхия әт-Тужиб ибн Әндалуси хижраның 484 жылы дүние салған.

¹⁹⁵ Әс-Суюти, әл-Итқан, 2/417-б.

Көпшілік ғалымдардың ұстанымы бойынша, сүрелердің қазіргі таңдағы біз көріп жүрген реттілікпен орналасуы пайғамбар тарапынан нақты бекітілмеген. Олардың айтуынша, сахабалар сүрелерді әбден зерттеп-зерделегеннен кейін ғана өз тұжырымдарына сүйене отырып, орналастырған. Бұл пікірді имам Мәлик, әл-Қадый Әбу Бәкір әл-Бақиллани, Ибн Фарис секілді ғалымдар да құптаған.

Олар осы көзқарастарына Османның (р.а.) Құранды көшіртіп, көбейттіруі барысында, жаңадан басқа бір тәртіппен орналастыртқанын, сондай-ақ, Али ибн Әбу Талиб, Абдуллаһ ибн Мәсғуд және Убәй ибн Кағыб (Аллаһ олардан разы болсын), сияқты жеке мусхаф жазған сахабалардың мусхафтарындағы сүрелердің орналасу тәртібі әртүрлі болғанын негізге ала отырып, осындай тұжырымға келген.

Өйткені бізге, Османның (р.а.) кезінде Құранның жиақталуына дейін, сахабалардың қолындағы мұсхафтарда сүрелердің орналасу тәртібі әрқилы болғандығын білдіретін деректер жеткен. Егер пайғамбар тарапынан белгіленіп, сүрелердің орналасуы тауфиқи болғада бұндай әрқилылық болмас еді. Мысалы, деректерде Убәй ибн Кағыбтың мұсхафы «Фатиха» сүресімен басталып, кейін «Бақара» сүресі, сосын «Ниса» сүресі, сосын «Әли Имран», сосын «Әнғам» сүресі келген.

Ибн Масғудтың мұсхафы «Бақара» сүресімен басталып, одан кейін «Ниса», сосын «Әли Имран», сосын «Әғраф», сосын «Әнғам», сосын «Мәида», сосын «Юунус» сүресі және т.б. сүрелер, біздің білген реттіліктен мүлдем өзгеше тәртіппен келген.

Алидің (р.а.) мұсхафы сүрелердің түсуіне қарай реттелген болатын. Мысалы: Бірінші «Алақ» сүресі, сосын «Муддәссир», сосын «Нун», сосын «Муззәммил», сосын «Мәсәд», сосын «Тәкуир» т.с.с.¹⁹⁶ Бұл деректер, сүрелердің орналасу реттілігінің тауқифи емес екендігін көрсетеді. Айта кететін жайт, аталған мұсхафтар жалпыға арналмаған, тек жекелеген сахабалардың қолындағы, олардың өздері үшін жинақтағандары ғана еді.

¹⁹⁶ Әс-Суюти, әл-Иткан, 2/406-б.

Тіпті, бұларды «толық Құран мұсхафы» демей, «Құран аяттарын қамтыған кітап» десек те болады. Өйткені, Османның (р.а.) кезіндегі Құранның жинақталуында бұл мұсхафтар негізге алынбаған-ды. Кейін Османның мұсхафы көбейтілген кезде, олар өз қолдарындағы сүрелердің орналасу тәртібіне жүгінбей, Османның мұсхафындағы реттілікті ұстанған болатын.

2. Сүрелердің тәуқифи орналасуы

Әбу Жағфар ән-Наххас¹⁹⁷, Әбу әл-Қасым әл-Кармани¹⁹⁸, Ибн әл-Әнбари¹⁹⁹, Фахруддин әр-Рази²⁰⁰ секілді бірқатар ғалымдар: «Сүрелер Аллаһ тағаланың білдіруі арқылы, пайғамбардың бұйрығымен орналасқан»,– деген пікірді ұстанған. Ибн әл-Әнбари бұл турасында: «Жалпы алғанда сүрелер бір оқиғаға байланысты, ал аяттар болса, бір мәселе жайында қойылған сұрақтың жауабы ретінде түсетін. Жәбірейіл періште уахи алып келгенде, пайғамбарға (с.а.с.) әрбір сүренің орнын білдіріп отыратын. Сүрелердің тәртібі бейне бір аят немесе әріптердің тәртібі секілді. Бұлардың барлығы дерлік Аллаһтың елшісі (с.а.с.) тарапынан жасалатын. Сол себепті кімде-кім бір сүренің

¹⁹⁷ Әбу Жағфар ән-Наххас Ахмед ибн Мұхаммед ибн Исмағил ибн Юунус әл-Муради «Иғрабу әл-Құран», «Насиху әл-Құран уә мансухуһу», «Мағани әл-Құран» секілді Құран ілімдері мен лингвистика саласында еңбектерімен танылған тәпсірші, лингвист ғалым. Ол 338/950 жылы дүние салған.

¹⁹⁸ Бурһануддин Әбу әл-Қасым Махмуд ибн Хамза ибн Насыр әл-Қармани. «Қарилардың тәжі» деген лақап атпен танылған қырағат ғалымы. Шамамен 505/1110 жылы дүние салған. Имам әс-Суюти сынды кейбір ғалымдар әл-Қарманидің еңбектерін оқудан сақтандырған.

¹⁹⁹ Мұхаммед ибн әл-Қасым ибн Мұхаммед ибн Башшар Әбу Бәкір әл-Әнбари заманының танымал қары, лингвист ғалымы. Ол хижраның 304 жылы дүние салған.

²⁰⁰ Фахруддин әр-Рази, Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Омар ибн әл-Хусейн ибн Али әт-Тәйми әл-Бәкри әт-Табаристани 543/1148 жылы Рей (Тегеран) қаласында дүниеге келген. Ол Фахруддин әр-Рази деген атпен танымал шафиғи мазһабының тапсірші әрі энциклопедист ғалымы. Ол «Әл-Махсул» усул әл-фиқһ, «Әл-Маталибу әл-Алия» кәләм саласында және логика, лингвистика, физика, математика, медицина секілді көптеген салаларда еңбектердің авторы. Ол хижраның 606 жылы Гератта дүние салған.

орнын өзгертетін болса, Құран Кәрімнің тәртібін бұзған болып есептеледі»,– деп айтқан. Сондай-ақ, Фахруддин әр-Рази меккелік және мәдиналық сүрелердің топқа бөлінбей, араласып орналасуы сүрелердің «тәуқифи» екендігінен дейді. Мысалы, «Кәфирун» сүресі Меккеде алғаш түскен сүре болса да, кейінірек Мәдинада түскен «Насыр» сүресімен қатар орналасқан. Міне, осы жағдай сүрелердің орналасу тәртібі Аллаһтың әмірімен болғандығына айғақ. Сонымен қатар ғалым Субхи әс-Салих сүрелердің бүгінгі мусхафтардағы секілді орналасуы уахи арқылы болғанын айтып, сахабалардың қолындағы басқа тәртіп бойынша жасалған мусхафтарына қатысты: «Сахабалардың жеке мусхафтарындағы тәртіп, олардың өзіндік тәсілдеріне тән қойылған. Олар ешкімді өздерінде орналасқан тәртіп бойынша орналастыруға мәжбүрлемеген. Өйткені, қолдарындағы тәртіпті басқалары үшін емес, өздері үшін жазған. Кейіннен мұсылмандар, Османның (р.а.) заманында орналастырылған сүрелердің тәртібін дұрыс деп санап, соған қарай сүрелерді орналастырған соң, бұрынғы жүйелерінен олар да бас тартқан»,– деген көзқарасын білдіреді²⁰¹.

Имам әс-Суюти: «Әл-Бәйһақидың: «Құранда «Бараат» пен «Әнфал» сүрелерінен басқа барлық сүрелердің орналасуы – тауқифи»,– дегені көңілге қонымды»,– деген²⁰².

3. Сүрелердің бір бөлімі тәуқифи, бір бөлімі ижтиһади

Кейбір ислам ғалымдары: «Құрандағы сүрелердің бір бөлімі пайғамбар тарапынан орналастырылған, ал бір бөлімі болса, үмбетке қалдырылған»,– деген пікірді ұстанады. Мысалы, тәпсірші ғалым Әл-Қады Әбу Мұхаммед ибн Атия²⁰³ бұл мәселе жайында: «Әс-сәбғу әт-тиуәл» (жеті ұзын сүре), «хауамим» («ха мим» деп басталатын жеті сүре) және «әл-муфассал» (қысқа сүрелер) сияқты бірнеше сүрелер пайғамбар зама-

²⁰¹ Док. Субхи әс-Салих, Мәбахису фи улуми әл-Құран, 71-б.

²⁰² Әс-Суюти, әл-Итқан, 139-б.

²⁰³ Әбу Мұхаммед Абдулхаққ ибн Әбу Бәкір Ғалиб ибн Абдуррахман ибн Атия әл-Мухариби. Танымал тәпсір, фикһ, хадис ғалымы. Хижраның 541/542 жылдары дүниеден өткен.

нында орналастырылған, бұлардан өзге сүрелер кейінгілерге қалдырылған²⁰⁴», – дейді.

Қорыта айтқанда, сүрелердің орналасу тәртібінің тәуқифи екендігі шындыққа жанасымды болса керек. Өйткені, бұл мәселеде басым көзқарас айтылған. Сонымен қатар, Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) әр жылы Рамазан айында сол жылға дейін түскен сүрелерді Жәбірейіл періштеге оқып отырған, әсіресе, дүние салар жылы Рамазан айында Құранды бастан-аяқ екі рет оқыған. Әлбетте, қолдарында түпнұсқалары бар және Құранды жатқа білетін сахабалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Құран оқығанын естіп, түпнұсқалары мен жаттағандарын тексеріп отырған. Ендеше, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оқыған Құранын бастан-аяқ естіген сахабалар, кейіннен өз ойларымен сүрелерді орналастыруы мүмкін емес. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ақырғы рет Жәбірейілге Құранды белгілі бір тәртіппен оқыған болса, онда сахабалар неге өзгертсін?!

☑ *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:*

- ✓ *«Аят» сөзінің тілдік және шарихи мағыналары мен Құран Кәрімдегі қолданыс аясы жайлы не білесіз?*
- ✓ *Аяттарды анықтау жолдары қандай? Аяттардың мұсхафтардағы орналасу тәртібі неге негізделеді?*
- ✓ *Құран Кәрімдегі аяттар мен әріптердің санын білудің қандай пайдасы бар?*
- ✓ *Құран Кәрімде араб тілінен басқа тілдердегі сөздер қолданылған ба?*
- ✓ *Сүрелердің атаулары мен орналасу тәртібі неге негізделеді? Сүрелердің орналасу тәртібіне қатысты көзқарастарды дәлелдермен баянда.*
- ✓ *Ғалымдар сүрелерді қамтыған аяттарына қарай қандай түрлерге бөлген?*
- ✎ *Құран Кәрімді параларға (жүздерге), хизбтарға, рубғтарға неліктен және қалай бөлген?*

²⁰⁴ Өз-Заркаши, Әл-Бурхан фи улуми әл-Құран, 1/257-б, Өз-Зуркани, Мәнһилу әл-Ирфан, 1/424-б. Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мадхал лидирасати әл-Құран әл-Карим, 329-б.

§ 9. Құранның жеті қаріппен түсу мәселесі

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Жеті қаріп дегеніміз не?
2. Құранның жеті қаріппен түсуінің дәлелдері қандай?
3. Құран Кәрімнің бірнеше қаріпте түсудің қандай сыры мен пайдалары бар?
4. Жеті қаріпке қатысты ғалымдардың қандай көзқарастары бар?
5. Жеті қаріп Османның (р.а.) кезінде жинақталған мұсхафтарда қамтылған ба?

1. Жеті қаріп түсінігі мен мәнісі

Харф сөзі араб тілінде: «әріп, кез келген нәрсенің шегі, белгілі бір тарап, судың арнасы, тіл (диалект)» секілді бірнеше мағыналарда қолданылады. Осы тақырыпты талқылау барысында араб тіліндегі «*харф*» сөзінің орнына, қазақ тіліндегі «*қаріп*» сөзін қолданамыз.

Құран Кәрімнің жеті қаріпте түсу мәселесі – мұсылман ғалымдары көп талқылаған тақырыптардың бірі. Бұл тақырыптың өзіндік ерекшеліктерімен қатар, қиындықтары да бар. Ерекшелігі – Аллаһ Тағаланың

пенделеріне, оның ішінде әртүрлі ұлттар мен ұлыстардан тұратын мұсылман үмбетіне берген жеңілдігі мен мейірімділігінің көрініс табуымен білінсе, тақырып төңірегінде әртүрлі көзқарастардың өрбуі, әрі оны дін дұшпандарының Құран Кәрімге мін тағу құралына айналдыруы және бұл тақырыпқа қатысты арнайы еңбектердің жазылмауы мен ауқымды зерттеулердің аздығы тақырыптың өзіндік қиындықтарын көрсетеді.

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеті қаріп мәселесіне байланысты бірнеше хадистер жеткен. Құран ілімдеріне қатысты жазылған еңбектерде осы хадистерге сүйене отырып, аталған тақырыпқа орын берілген.

Кейбір адамдар жеті қаріп мәселесін қырағат ілімімен шатастырып та жатады. Әсілінде, екеуі екі бөлек нәрсе. Оны осы

тақырып пен қырағат мәселесін талқылау барысынан аңғаруға болады.

2. Құранның жеті қаріппен түсуінің дәлелдері

Құранның жеті қаріппен түскендігін білдіретін бірнеше хадистер бар. Бірқатарын Ибн Жарир әт-Табари тәпсірінің кіріспесінде келтірсе, имам әс-Суюти бұл тұрғыдағы хадистердің жиырма бір сахабадан жеткендігін айтқан. Сол себепті Әбу Ұбайд әл-Қасым ибн Сәлләм сынды кейбір ғалымдар, бұл деректерді мутауатир дәрежесінде деп бағалаған²⁰⁵. Дегенмен бұл хадистер сахабалар сатысында ғана көпшілік арқылы жеткенімен, кейінгі кезеңдерде жеткізушілердің саны мутауатир деңгейінде болып табылмайды²⁰⁶. Осы деректерден байқағанымыздай Құран жеті қаріп бойынша түскен. Бұны мына риуаяттардан көруге болады:

1. Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) былай дейді: «(Бірде) Аллаһ елшісінің көзі тірісінде Хишам ибн Хакимнің «Фұрқан» сүресін оқып жатқанын естіп, қырағатына құлақ түрдім. Сөйтсем ол Аллаһ елшісі маған үйретпеген бірнеше қырағатта оқып жатыр екен. Сонда намазда тұрған оның жағасынан алуға шақ қалдым, бірақ намазды аяқтауын күттім. Намаздан соң оның шапанын шеңгелдеп: «Мен оқып жатқаныңды естіген сүрені саған кім үйретті?» – дедім. Ол: «Мұны маған Аллаһтың елшісі үйретті»,–деді. Мен: «Өтірік айтасың, Аллаһ елшісі маған оны сен оқығаннан басқаша үйретті»,– дедім де, оны жетелеп отырып, Аллаһ елшісіне апарып: «Мен мынаның «Фұрқан» сүресін сен маған үйретпеген қырағатта оқығанын естідім»,– деп шағымдандым. Аллаһ елшісі: «Жібер оны! Оқы, ей, Хишам!» – деді. Ол (Пайғамбарға да) мен оқып жатқанын естіген қырағатта оқып берді. Аллаһ елшісі: «(Бұл сүре) осылай түсірілген»,– деді. Сонан соң (маған): «(Енді) сен оқы, ей, Омар!» – деді. Мен оны өзі үйреткен қырағатта оқып бердім. Сонда Аллаһ елшісі: «(Бұл сүре) осылай түсірілген. Расында, бұл Құран Кәрім жеті

²⁰⁵ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 1/41-б.

²⁰⁶ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 1/183-б.

қаріпте түсірілді, одан өздеріңе жеңіл келгенін оқыңдар»,– деп айтты»²⁰⁷,– дейді.

2. Ибн Аббастан (р.а.) жеткен деректе, Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Жәбірейіл маған Құранды (бір) қаріпте оқуды үйретті, (бірақ) мен көбірек талап ете бердім де, ақыры жеті қаріпке жетті»,–* деген²⁰⁸.

3. Убәй ибн Кағыбтан жеткен хадисте, ол былай дейді: *«Мешітте болғанымда бір кісі келіп намаз оқыды, (намазда) маған таңсық бір қырағат оқыды. Сосын тағы бірі мешітке кіріп, алдыңғы келген досының қырағаты секілді оқыды. Намазды оқып болғаннан кейін барлығымыз Аллаһ елшісіне келдік. Мен: «Мына кісі мен білмеген қырағатты оқыды, сосын басқасы келіп оның оқығаны секілді оқыды»,– дедім. Аллаһ елшісі (с.а.с.) екеуіне оқуды бұйырып, екеуі де оқыды. Пайғамбар (с.а.с.) екеуін де құптады. Сол кезде көңіліме жалғандық ұялап, өзімді жаһілдікте болғандай сезіндім²⁰⁹. Аллаһ елшісі (с.а.с.) мені сезім билеп (абыржығанымды) көріп, көкірегіме қолын қойды, мені қатты тер басып, бейне бір Ұлы Аллаһты қорқынышпен көріп тұрғандай сезіндім. Сонда пайғамбар (с.а.с.): «Уа, Убәй! Маған Құранды бір қаріппен оқуым үшін (періште) жіберілді. Мен оған: «Үмбетіме жеңілдет»,– деп жауап бердім. Маған екінші мәрте келіп: «Оны екі қаріппен оқы»,– деді. Мен оған: «Үмбетіме жеңілдет»,– деп жауап қайырдым, үшінші рет келіп: «Оны жеті қаріппен оқы және менің саған жауап бергенімнің әрқайсысы үшін тілек сұрауға ақың бар»,– деді. Мен: «Иә, Аллаһ, үмбетімді кешіре гәр! Иә, Аллаһ, үмбетімді кешіре гәр!»– дедім де, үшіншісін барлық жаратылыстың (адамдардың), тіпті Ибраһимнің де*

²⁰⁷ Сахих әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4991. Муслим, Әс-Сахих, 818.

²⁰⁸ Сахих әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 3219. Муслим, Әс-Сахих, 819.

²⁰⁹ Убәй ибн Кағыбтың жүрегіне шайтан күмән салып, оны шатастырғысы келген еді. Яғни, сол кезде оны «Аяттардың екі түрлі жолмен оқылуы Аллаһтан келгенге қайшы емес пе?»– деген секілді негізсіз ойлар мазалаған тұғын. Бұның әрдайым тура жолды нұсқап отырған пайғамбарымыздан тәлім-тәрбие алған саңлақ сахабаның қадір-қасиетіне ешқандай әсерін тигізбесі хақ. Сол жерде де пайғамбар жанында дереу бағыт-бағдар алғанды. Сонымен қатар, Аллаһ Тағала пенделерін қалауынан тыс келіп-кеткен сыбыраулар мен жаман ойлар үшін есепке тартпайды.

(а.с.) маған мұқтаждығы туатын күнге қалдырдым», – дедім», – деген»²¹⁰.

4. Убәй ибн Кағыбтан жеткен тағы бір хадисте: «Аллаһ елшісі (с.а.с) Маруа тастарының жанында Жәбірейілді кездестірді. Пайғамбар (с.а.с.) Жәбірейілге: *«Мен оқу жазу білмейтін үмбетке жіберілдім, олардың арасында жасы келген қарт кісілер мен әжейдер және жастар бар»*, – деген. Ол (Жәбірейіл): *«Оларға Құранды жеті қаріппен оқуды бұйыр»*, – деп айтқан»²¹¹, – деп келеді. Осыған мағыналас басқа бір хадис имам Ахмедтің хадис жинағында да келген.

5. Амр ибн әл-Астан жеткен хадисте, бір кісі Құранның бір аятын оқиды, сонда Амр оған: «Ол олай емес, былай, былай», – деп, оны пайғамбарымызға (с.а.с.) айтқан уақытта, ол (с.а.с.): *«Расында бұл Құран жеті әріппен түсірілді, оның қайсысымен оқысаңдар да дұрыс, таласып тартыспаңдар»*, – деген²¹².

6. Имам әл-Бұхариден жеткен хадисте, Абдуллаһ ибн Масғуд (р.а.) бір кісінің бір аят оқығанын, ал оны пайғамбарымыздың (с.а.с.) одан өзгеше оқығандығын естиді де, былай дейді: «Оның қолынан ұстап, пайғамбарымызға алып келгенімде, ол (с.а.с.): *«Сендердің екеуіңдікі де дұрыс, оқы!»* – деді». Бұл хадисті жеткізушілердің бірі Шағба пайғамбардың (с.а.с.) *«Сендерден бұрыңғылар бөлініп, бір келісімге келмей, құрдымға кеткен»*, – дегенін де жеткізеді²¹³.

Осы секілді Құран Кәрімнің жеті қаріпте түскендігін білдіретін басқа да хадистер жетерлік.

3. Құран Кәрімнің бірнеше қаріптерде түсу сыры мен пайдалары

Құран Кәрімнің бірнеше қаріптерде түсуінің бірден бір сыры – мұсылман үмбетіне, оның ішінде тілдерінде өзіндік дыбыстық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері бар араб тайпаларына берілген жеңілдік. Араб тайпалары жалпы араб тілінде

²¹⁰ Муслим, Әс-Сахих, 820.

²¹¹ Әт-Термези, Әс-Сунан, 2944; Хасан сахих хадис.

²¹² Ахмед ибн Ханбал, Муснад, 4/205, Жеткізушілері сенімді, мурсал хадис.

²¹³ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4775

сөйлегенімен, әрқайсысының өзіндік диалектілері болатын. Құран Кәрімді бір ғана қаріппен оқу оларға қиындық тудыратын еді. Бұны жоғарыда келген пайғамбарымыздың: «*Үмбетіме жеңілдет*»,– деген сөздерінен анық аңғаруға болады. Аллаһ Тағаланың пенделеріне деген мейірімділігімен Құран Кәрім жеті қаріпте түскен. Өйткені Мұхаммед (с.а.с.) барлық адамзатқа келген ақырғы пайғамбар. Ал басқа пайғамбарлар белгілі бір қауымға ғана жіберілген-ді.

Сонымен қатар, Құран Кәрімнің бірнеше қаріптерде түсуінің бірқатар пайдалары бар. Олардың кейбірі мыналар:

а) Мұсылман үмбетін бір тілдің төңірегіне жинап, бірлігін сақтау. Ол – Құран Кәрім түскен құрайыш тілі болатын. Құрайыш тілі қажылық пен сауда-саттық мақсатында бас қосқан араб ру-тайпаларының тілдерін біріктірген еді. Себебі құрайыштар сырттан келген араб тайпаларының сөздерінен қалағандарын алып өз тілдеріне енгізіп отырған. Әрі құрайыш тайпасы араб ру-тайпалары арасында ерекше беделге ие болуы себепті, барлық арабтар құрайыштарды өздеріне басшы ретінде де санаған еді. Сол себепті Құран Кәрім, бірнеше ру-тайпа тілдерін қамтыған құрайыш тілінде нәзіл болды.

ә) Құран Кәрім үкімдерін баяндау.

Мысалы: «**Аллаһ анттарындағы бос сөзді есепке алмайды. Алайда, біле тұра істеген анттарыңнан жауапкер етер** (ант бұзсандар). **Оның төлеуі: орта есеппен үй-іштеріңе жететін он міскінді тамақтандыру, не оларды киіндіру, немесе бір құл азат ету**» («Мәида» сүресі, 89) аятындағы «**немесе бір құл азат ету**» сөздері басқа қырағаттарда «**немесе бір мүмін құл азат ету**» деп келіп, азат етілетін құлдың мүмін болу керек екендігін баяндайды. Осы секілді бірнеше мысалдарды келтіруге болады.

б) Әртүрлі екі үкімді біріктіру.

Мысалы: «**...ол жиренішті нәрсе, етеккір кезінде әйелдерден аулақ болындар. Оларға тазарғанға дейін жақындаспаңдар**»,– аятындағы – («тазару») «**يَطْهَرُونَ**» сөзінің: «**يَطْهَرُونَ**»,– деп шәддәмен, яғни «Та» әрпі қосарланып оқылатын қырағаты да бар. Бірінші қырағат бойынша тазару – етеккірдің

аяқталуымен орын алса, «та» әріпі қосарланып оқылатын қырағат бойынша, етеккір аяқталғаннан кейін ғұсыл құйынумен жүзеге асады. Аят әрқилы оқылғанымен, екі түрлі үкімді біріктіреді.

в) Әртүрлі жағдайлардағы екі шарифат үкімін баяндайды.

Мысалы: Бізге намазға дәрет алудың парыздығын көрсеткен:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا قُمْتُمْ إِلَى الصَّلَاةِ فَاغْسِلُوا وُجُوهَكُمْ وَأَيْدِيَكُمْ
إِلَى الْمَرَافِقِ وَامْسَحُوا بِرُءُوسِكُمْ وَأَرْجُلَكُمْ إِلَى الْكَعْبَيْنِ

«Әй мүміндер! Егер намазға тұрсандар, жүздерінді және шынтақтармен бірге қолдарынды жуындар. Бастарыңа мәсіх тартындар және екі тобықтарыңмен бірге аяқтарыңды (жуындар)» («Мәида» сүресі, 6), – аятындағы «أَرْجُلَكُمْ» («аяқтарыңды») сөзінің «أَرْجُلِكُمْ», – деп кәсрамен де оқылатын қырағаты жеткен. Егер «أَرْجُلِكُمْ» («аяқтарыңды») сөзін фатхамен оқитын болсақ, аяқтарды жуудың парыздығы ұғынылады. Ал, екінші қырағат бойынша, осы сөзді «أَرْجُلِكُمْ», – деп, кәсрамен оқитын болсақ, араб тілінің заңдылықтарына сай басқа мәсіх тартумен байланыстырылып, аяққа да мәсіх жасау бұйырылады. Яғни, бір қырағат бойынша аяқтың жуылуы міндеттелсе, екінші қырағат бойынша аяққа мәсіх жасау бұйырылады. Алайда, аяққа мәсіх тарту – мәсі киген адамға қатысты екендігі, мәсі ки-меген әрбір адамның аяғын жууы міндетті екендігі пайғамбар сүннетімен баяндалған.

г) Аяттағы мағынасы көмескі сөздердің баяндалуы. Мысалы:

«Таулар түтілген жүндей болады» وَتَكُونُ الْجِبَالُ كَالْعِهْنِ الْمَنْفُوشِ
«Қариға» сүресі, 5) аяты басқа қырағатта: كَالضُّوفِ الْمَنْفُوشِ «түтілген жүндей», – деп келіп: «عِهْنِ» сөзінің мағынасын баяндайды.

4. Жеті қаріпке қатысты көзқарастар

Ғалымдар Құран Кәрімнің жеті қаріппен түсу мәселесін әртүрлі түсіндірген. Ибн Хиббан: «Ғалымдар жеті қаріп мағынасын түсіндіруде отыз бес түрлі пікір айтқан», – десе, имам әс-Суюти бұл тұрғыда қырыққа жуық көзқарастың бар екендігін

алға тартқан²¹⁴. Бұл пікірлердің көпшілігі бір-біріне кірігіп, ұқсас келген. Дегенмен біз олардың кейбіріне тоқталып кетейік:

1. Жеті қаріп – түсінігі өзіндік көмескі мағыналарды қамтыған термин. «Қаріп» сөзі араб тілінде көптеген мағыналарда қолданылғандықтан, негізгі қолданыстағы мән-мағынасын анықтау қиындық тудырады. Бұл – Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Сағдан ән-Нахуи²¹⁵ сынды ғалымдардың пікірі. Имам әл-Хафиз әс-Суюти өзінің ән-Нәсәидің сунанына жазған түсіндірмесінде хадисті келтіргеннен кейін: «Бұған қатысты отыздан астам көзқарастар бар, оларды әл-Итқанда келтірдім. Ал, менің таңдауым бойынша, ол – жорамал мағынасын түсіну мүмкін болмаған көмескі (муташабиһ) мәселе»,– деген²¹⁶.

2. Әл-Қадый Гияд секілді кейбір ғалымдар: «Араб тілінде жетпіс – ондаған, жеті жүз – жүздеген көптікті білдіргені секілді, жеті санынан да мақсат – оның қаншалықтығы емес, көптікті де білдіруі ықтимал»,– деген.

Алайда, Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «... (бірақ) мен көбірек талап ете бердім де, ақыры жеті қаріпке жетті»,– деген²¹⁷ сөзінен қаріптің жеті санымен шектелгендігін аңғарсақ, бұл пікірдің қателігін түсінеміз.

3. Бірқатар ғалымдардың пікірі бойынша «жеті қаріп» – Құран аяттарының жеті түрлі араб диалектісіндегі сөздермен келуі. Олар: Құрайыш, Һузайыл, Сәқиғ, Һауазин, Кинана, Тамим, Йәмән тілдері. Өйткені, бұлар араб тілдерінің ішіндегі ең таза тілдер болып саналған. Алайда, осы көзқарасты ұстанған ғалымдар, аталған жеті тайпаға қатысты бірдей пікірде емес. Өйткені, кейбір тайпалардың орнына басқа тайпаларды айтқан ғалымдар да бар. Мысалы, Әбу Хатим әс-Сижистанидің: «Құран:

²¹⁴ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 105-б; Ибн Хажар әл-Аскалани, Фатху әл-Бари бишархи сахих әл-Бұхари, 11/185-б.

²¹⁵ Танымал лингвист, қарилардың бірі. Хижраның 231 жылы дүние салған.

²¹⁶ Имам әс-Суюти өзінің «әл-Итқан» атты еңбегінде жеті қаріпке қатысты көзқарастарды келтіргенімен, қайсысын таңдап, дұрысырақ санайтындығын айтпаған. Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мадхал лидирасати әл-Құран әл-Карим, 174-б

²¹⁷ Сахих әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 3219. Муслим, Әс-Сахих, 819.

Құрайыш, Һузайыл, Тамим, әл-Әзд, Рабиға, Һауазин, Сағыд ибн Бәкір тайпаларының тілдерінде нәзіл болған»,– дегені секілді.

Әбу Ұбәйд: «Бір сөздің жеті тілде оқылуы міндетті емес, кейбір сөздер құрайыш тілінде, кейбір сөздер һузәйл, кейбірі һауазин және басқа да тілдерде келген»,– дейді. Бұл көзқарас өкілдері: Әбу Ұбайд әл-Қасым ибн Саллам, Сағлаб, Әбу әл-Хатим әс-Сижистани, Ибн Атия.

Алайда, көпшілік ғалымдардың дұрыс деп тапқан көзқарастарын Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани бұрыстығын алға тартып: «Құран Кәрімде, аталған жеті тілден басқа өзге араб тайпаларының тілдерінде де сөздер қамтылған»,– деп, сөзін бірқатар мысалдармен қуаттаған. Әл-Уасити өзінің он қырағатқа қатысты жазған еңбегінде: «Құранда қырық араб тайпаларының тілі бар»,– дей отырып, қырық тайпа атауларын тізіп келтірген²¹⁸.

4. Құран Кәрім сөздерінің жеті түрлі оқылу жолдары. Олар: Идғам (ассимиляция) мен изхар (анық), тафхим (жуан) мен тарқиқ (жіңішке), имәлә (фатхалы әріпті фатха мен касраның ортасындағы дыбыспен оқу жолы) мен ишбағ (созу), мәдд (созу) пен қасыр (қысқа), тәшдид (қосарлану), тахфиф (жеңіл), тәлиин (жұмсақ). Әсілінде, Құран аяттарын оқу ережелерін бұнымен шектей алмаймыз.

Осыған ұқсас, яғни Құран қырағатында кездесетін өзгешеліктерді жеті қаріпке балаған бірқатар ғалымдар бар. Солардың бірі – Ибн Қутайба, өзінің «Мушкилу әл-Құран» атты еңбегінде: «Құранның оқылуындағы әрқилылықты зерттей келе, мынадай жеті оқылу жолдарын таптым»,– деген. Олар:

Бірінші: Әріп hareketі өзгеріп, сөз формасы мен мағынасының сақталуы.

«وَلَا يُضَارُّ كَاتِبٌ وَلَا شَهِيدٌ» аятындағы «ра» әріпінің фатхамен де, даммамен де оқылуы.

Екінші: Етістіктің өзгеріске ұшырауы. Мысалы: «بَعِدٌ» сөзінің – «بَاعِدٌ» деп те оқылуы.

²¹⁸ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһил әл-ирфан, 1/226-227-б.

Үшінші: Әріп ноқаттарының өзгеруімен, әріптердің өзгеріске ұшырауы. Мысалы: Аяттағы: «نُنشِرُهَا» сөзі – «نُنشِرُهَا» деп оқылғандығы секілді.

Төртінші: Бір әріптің, өзіне дыбысталуы жағынан ұқсас әріппен ауыстырылуы. Мысалы: «وَطَلَحٍ مُّضُودٍ» аятының – «وَطَلَعٍ مُّضُودٍ» деп те оқылуы.

Бесінші: Сөздердің бұрын не кейін келуі. Мысалы: «وَجَاءَتْ» (وَجَاءَتْ سَكْرَةٌ بِالْحَقِّ بِالْمُوتِ) аятының – «وَجَاءَتْ سَكْرَةٌ بِالْحَقِّ بِالْمُوتِ» деп оқылуы.

Алтыншы: Артық және кем келуі. Мысалы: «وَمَا خَلَقَ الذَّكَرَ» аяты – «وَمَا خَلَقَ» сөздерінсіз, тек: «الذَّكَرَ وَالْأُنثَى» деп те оқылуы.

Жетінші: Бір сөздің екінші бір сөзбен ауыстырылуы.

Мысалы: «كَالضُّوفِ الْمُنْفُوشِ» аятының «كَالْعِهْنِ الْمُنْفُوشِ» деп оқылуы.

5. Бір мағынаның әртүрлі сөздер арқылы баламаларының колданылуы. Бұны да: «Бір сөздің жеті түрлі танымал араб диалектілеріне сай оқылуы»,– деп айтуға болады. Мысалы: «Әқбил, һәлумма, таалә, әжжил, әсриғ, қасди, нахуи» сөздерінің «кел» деген мағынаны, яғни біреудің келуін талап етуді білдіретіні сияқты. Құран Кәрімнен мысал келтіретін болсақ, إِنْ كَانَتْ إِلَّا صَيْحَةً аятын Ибн Масғуд: إِنْ كَانَتْ إِلَّا زَفِيَّةً وَاحِدَةً аятын Омар ибн әл-Хаттаб: فَأَمَضُوا إِلَى ذِكْرِ اللَّهِ деп оқыған.

Осы пікірді ұстанатындардың көзқарасында, Құран Кәрім Османның (р.а.) кезеңінде бір қаріппен ғана жинақталып көбейтілген. Ал, қалған алты қаріпті кейбірі мансұхталған десе, кейбірі, үкімі жойыла отырып сақталғандығын айтқан.

Бұл көзқарасты Суфиян әс-Сәури, Ибн Уәһб, Ибн Жарир әт-Табари, Имам әт-Тахауи, әл-Қуртуби секілді, көпшілік құқықтанушылар мен хадистанушылар ұстанған. Мұхаммед Әбу Шәһба секілді кейінгі келген ғалымдардың да бірқатары осы пікірді қолдаған²¹⁹.

²¹⁹ Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мадхал лидирасати әл-Құран әл-Карим, 178-б.

6. Жеті қаріптен мақсат – жеті қырағат деген көзқарастар да бар. Алайда, бұл пікірге көпшілік ғалымдар «өте әлсіз» деп баға берген.

Жеті қаріп пен жеті қырағат бір нарсе емес. Өйткені, жеті қаріп жеті қырағатқа қарағанда ауқымдырақ. Яғни, қырағаттардың барлығы жеті қаріптен саналады. Жеті қаріптің әрқайсысы жеті қырағатпен қатар, басқа да дұрыс, әлсіз қырағаттарды, тіпті ешбір қырағат имамдарына жетпеген, мансұхталған Құран аяттарын да қамтиды.

Сонымен қатар, пайғамбар (с.а.с.) жеті қаріпке қатысты хадисті айтқан кезде, жеті қырағат қалыптаспаған еді. Пайғамбар Құран Кәрімді өзіне де, сахабаларына да жеті қырағат имамы таңдағаннан кейін қалыптасқан жеті қырағатпен оқуды міндеттеуі әсте мүмкін емес²²⁰.

7. Жекелеген ғалымдар: «Жеті қаріп дегеніміз – әмір, тыйым, халал, харам, мухкам, муташабих және әмсал сияқты жеті түрлі сөздер»,– десе, кейбірі олардың мухкам, муташабих, насих, мансұх, хусус, умум, қисас екендігін айтқан. Сол секілді, осы жеті түрлі сөздерге қатысты бірнеше көзқарастар бар.

8. Әбу Фадыл әр-Разидің²²¹ пікірі бойынша, барлық қырағаттарды қамтыған жеті қаріп – сөздердің келесі жеті түрін қамтиды. Олар:

Бірінші: Жекеше, екілік, көпше түрлер мен ер не әйел тегінде келген есім сөздер әркелкілігі. Мысалы: «وَالَّذِينَ هُمْ لِأَمَانَاتِهِمْ وَعَهْدِهِمْ» «Олар сондай аманаттарын, уәделерін сақтаушылар» («Мағариж» сүресі, 32) аятындағы көпше түрде келген «لِأَمَانَاتِهِمْ» «аманаттарына» сөзі «لِأَمَانَتِهِمْ»²²² «аманатына» деп жекеше түрде де оқылған. Бірақ жекеше түрде келген сөз – араб тілінің

²²⁰ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһил әл-ирфан, 1/239-б.

²²¹ Әбу әл-Фадыл Абдурахман ибн Ахмед ибн әл-Хасан ибн Бундар әл-Гижли әр-Рази – сенімді хадистанушы, қырағат, тіл ғалымдарының бірі. Хижраның 371 жылы Меккеде дүниеге келген. Қырағатқа қатысты «әл-Ләуамих» секілді көптеген еңбектердің авторы. Хижраның 454 жылы Нисабур қаласында дүние салған.

²²² Құранда «لِأَمَانَتِهِمْ» деп жазылған.

ерекшеліктеріне сай көптік мағынаны беретіндіктен, екі сөздің мағыналары бір саналады.

Екінші: Морфологиялық әрқилылық. Мысалы: فَقَالُوا رَبَّنَا بَاعِدْ «Сонда олар: «Раббымыз! Сапарларымыздың араларын ұзақтастыр!»— деді»,— деген аятындағы «رَبَّنَا» сөзі: «رَبَّنَا» деп, «بَاعِدْ» сөзі: «بَاعِدْ» және «بَعَدَ» деп те оқылады. Сол секілді «يَعْمَلُونَ» етістігі «الصِّرَاطِ», «يَعْمَلُونَ» сөзі «الصِّرَاطِ» деп оқылып, сөздердің морфологиялық құрылымдары өзгере отырып та оқылуы.

Үшінші: Грамматикалық әрқилылық. Мысалы: Көпшілік ғалымдар хижаздықтардың тілінде «Юусуф» сүресінің: مَا هَذَا «مَا» деп оқыған аятын, Ибн Масғуд Бану Тамимнің тілімен: «مَا هَذَا بَشَرًا» деп оқыған.

Төртінші: Әріптер мен сөздердің бұрын не кейін келуі. Мысалы, әріпке қатысты: «أَفَلَمْ يَأْتِسَّ» аятының «أَفَلَمْ يَأْتِسَّ» деп оқылуы, сөзге қатысты «فَيَقْتُلُونَ وَيُقْتَلُونَ» аятының «فَيَقْتُلُونَ وَيُقْتَلُونَ» деп оқылуы және қырағатқа қатысты «وَجَاءَتْ سَكْرَةُ الْمَوْتِ بِالْحَقِّ» аятының мутауатир дәрежесіне жетпеген «ахад» немесе «шәз» қырағаттардың бірінде «وَجَاءَتْ سَكْرَةُ الْحَقِّ بِالْمَوْتِ» деп оқылуы.

Бесінші: Аяттағы әріптердің немесе сөздердің ауысып келуі (ибдәл). Мысалы, әріптің басқа әріппен ауысып келуі. Оған «وَأَنْظُرْ» аятындағы «نُنْشِرُهَا» сөзі «نُنْشِرُهَا» деп оқылғандығы және «وَوَطَّلِعُ مَنُضُودٍ» аятының «وَوَطَّلِعُ مَنُضُودٍ» деп те оқылуы дәлел болады.

Алтыншы: Артық және кем келуі. Мысалы: «وَمَا خَلَقَ الذَّكَرَ» аятының «وَمَا خَلَقَ» сөздерінсіз тек «الذَّكَرِ وَالْأُنثَى» деген де оқылу жолдарының болуы.

Жетінші: Диалектілердің әртүрлілігі. Оған сөздердегі: «фатха» және «имәлә» (фатхалы әріпті фатха мен касраның ортасындағы дыбыспен оқу жолы), «тарқик» (жуан) және «таф-хим» (жіңішке), «изхар» (ашық) мен «идғам» (жасырын) және т.б. оқылу жолдары жатады. Мысалы: «وَهَلْ أَتَاكَ حَدِيثُ مُوسَى» аятындағы

«أَتَى» және «مُوسَى» сөздерінің фатха және имәләмен де оқылғаны секілді.

Осы көзқарасты Мұхаммед Абдулазиз әз-Зурқани қолдап, өзінің «Мәнәһилу әл-ирфан» атты кітабында жан-жақты дәлелдеген²²³.

Бұл ұстаным жоғарыда келген Ибн Құтайбаның²²⁴ және Ибн әл-Жазари²²⁵ секілді бір топ ғалымдардың: «Жеті қаріп қырағат өзгешеліктеріне байланысты оқылу жолдары»,– деген пікірлеріне сәйкес келеді. Ибн Хажар бұл пікірді Әбу әл-Фадыл әр-Разидің Ибн Құтайбадан алып, ретке келтіргендігін айтқан²²⁶. Осыған ұқсас Әл-Қадый Әбу Бәкір Мұхаммед ибн әт-Тайиб әл-Бақилланидің²²⁷ көқарасын айтуға болады. Сонымен қатар, бұл пікірді соңғы ғасырларда келген Шейх әл-Хадари әл-Димяти, Мұхаммед Бахит әл-Мутиғи сынды ғалымдар да таңдаған.

5. Жеті қаріп Османның (р.а.) кезінде жинақталған мұсхафтарда қамтылған ба?

Ғалымдар арасында Құран Кәрім түскен жеті қаріптің барлығы Осман (р.а.) жинақтап, көбейткен мұсхафтарда сақталып не сақталмағандығы жайлы ортақ көзқарас жоқ. Алайда, көпшілік құқықтанушылар мен қарилар және кәләм ғалымдары, жеті қаріптің Осман мұсхафтарында сақталғандығын алға тартқан.

²²³ Мұхаммед Абдулазиз әз-Зурқани, Мәнәһил әл-ирфан, 1/199-212-б.

²²⁴ Имам Әбу Мұхаммед Абдуллаһ ибн Муслим ибн Құтайба әл-Куфи әл-Мәруәзи әд-Динәуәри (828/213-276/889) – тәпсір, хадис, фикһ, тарих, әдебиет, лингвистика салаларын меңгерген көрнекті мұсылман ғұламасы. «Мушкилу әл-Құран», «Мағариф» атты құнды еңбектерімен танымал.

²²⁵ Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Али ибн Юсуф әл-Жазари, әд-Димашқи, әш-Ширази (751/1350-833/1429) – танымал қырағат ғалымы. Сонымен қатар тәпсір, фикһ, хадис, тіл білімі, әдебиет салаларының білгірі.

²²⁶ Ибн Хажар әл-Асқалани, Фатху әл-Бари бишархи сахих әл-Бұхари, 11/194-б.

²²⁷ Әл-Қадый Әбу Бәкір Мұхаммед ибн әт-Тайиб әл-Бақиллани. Ашғари мәзһабының көрнекті өкілі. «Иғжазу әл-Құран», «Тамһид» секілді еңбектердің авторы. Басрада дүниеге келіп хижраның 403 жылы дүниеден озған.

Өйткені, Осман ибн Аффан (р.а.) Құран Кәрімді жинақтау барысында, Әбу Бәкір (р.а.) заманында жинақталған Құранды басшылыққа алған. Ал бұл мұсхафтың жеті қаріпті қамтығандығы белгілі. Сол секілді пайғамбардың (с.а.с.) Жәбірейл періштеге соңғы мәрте оқып берген Құран нұсқасы да негізге алынған болатын. Ол да жеті қаріпті қамтығандығы белгілі.

Имам Ибн Жарир әт-Табари секілді ғалымдар, Осман (р.а.) мұсхафының бір қаріппен ғана жинақталғанын айтқан. Алайда, осы көзқарастағы ғалымдар, қалған алты қаріптің қайда кеткендігі жайлы нақты дерек көрсетпеген.

Егер, Османның кезінде бір қаріпте жинақтаудың негізгі себебі – сол кездегі мұсылмандар арасында Құран Кәрімнің әртүрлі қырағаттарда оқылуы салдарынан болған бүлікті жою дейтін болсақ, бұндай әрқилылық пайғамбар заманында да орын алған болатын. Бірақ, пайғамбар (с.а.с.) алты қаріпті мансұхтамай-ақ мәселені оңтайлы шешкен еді. Яғни, жеті қаріпті бекітіп, Құран Кәрімнің осыншама жолдармен түсуінде мұсылман үмбеті үшін мейірімділік пен жеңілдік бар екендігін білдірді. Хадистерден байқағанымыздай, пайғамбарымыз (с.а.с.) бір қаріптің үмбетіне ауыр келетіндігін айтып, Раббысынан қайта-қайта сұрап, жеті қаріпке жеткізген. Біз мұсылман үмбетінің қияметке дейін жалғасатын үмбет екендігін естен шығармауымыз керек. Қазіргі таңда да кейбір халықтардың кейбір әріптерге тілдері келмей, дыбыстауда қиналатындығын ескерсек, қайырлы кезеңде өмір сүрген сахабаларға берілген жеңілдікке одан кейінгілер тіпті мұқтаждық танытатындығы сөзсіз. Өйткені Құран Кәрімнің жеті қаріпте түсуінің бірден-бір себебі мұсылман үмбетіне берілген жеңілдік еді.

Имам әз-Зурқани: «Осман (р.а.) мұсхафында жеті қаріпті қамту мақсатында, әріптердің нүктелері қойылмаған. Мысалы: «إِنْ جَاءَكُمْ فَاسِقٌ بَنِيًا فَجَبِّنُوهُ» деген Хұжұрат сүресі аятындағы «فَجَبِّنُوهُ» сөзі, әріптердегі нүктелерсіз басқа қырағатқа сай «فَجَبِّنُوهُ» деп те оқылуы үшін. Сол секілді «وَأَنْظُرْ إِلَى الْعِظَامِ كَيْفَ نُشِئُهَا» аятындағы «نُشِئُهَا» сөзін басқа бір қырағат бойынша «نُشِئُهَا» деп оқылуы секілді», – деген²²⁸.

²²⁸ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһил әл-ирфан, 1/316-б.

Османның (р.а.) жинақтап, көбейткен мұсхафтары жеті қаріпті қамтығандығын, соңғы көзқарас негізіндегі келесі мысалдардан көруге болады.

Османның (р.а.) кезіндегі мұсхафтарда әріптердің ноқаттары мен созу белгісі ретінде қойылған қысқа таяқша белгілер болмағандығын ескерсек, «لَأَمَانَاتِهِمْ» сөзінің көпше де, жекеше де түрде келген формасы мұсхафтарда қамтылған болып табылады.

Морфологиялық және грамматикалық ерекшеліктерге қатысты қаріп өзгешеліктерінің сақталуы. Құран аятындағы «يَعْكُفُونَ» сөзі «кәф» әріпінің касрамен де, даммамен де келуімен оқылады. Яғни, екі оқылу жолы да Осман (р.а.) мұсхафында орын алған. Сол секілді «وَلَا يُضَارُّ كَاتِبٌ» аятындағы «ر» әріпі фатхамен де, даммамен де оқылады. Айтып өткеніміздей, Османның (р.а.) кезіндегі мұсхафтарда харакелердің қойылмауын ескерсек, екі оқылу жолының қамтылуына кедергі жоқ.

Артық және кем келу жағын алып қарайтын болсақ та сол кездегі мұсхафтарда келгендігін көре аламыз. Мысалы: «وَأَعَدَّ لَهُمْ»²²⁹ аяты «وَأَعَدَّ لَهُمْ جَنَّاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ» деп те, яғни «مِنْ» әріпімен оқылған. Бұл мутауатир жолмен жеткен екі қырағат Осман мұсхафында қамтылған. Нақтырақ айтсақ, «مِنْ» әріпімен келген аят Меккелік мұсхафта келсе, «مِنْ» әріпінсіз келген оқылу жолы басқа мұсхафтарда келген. Сонымен қатар жеті қаріптің бірінен саналған осы оқылу жолының Осман (р.а.) мұсхафында қамтылмаған қырағаттары да бар. Мысалы: «وَكَانَ يَأْخُذُ»²³⁰ аятының Ибн Аббас қырағатында «وَرَاءَهُمْ مَلِكٌ يَأْخُذُ كُلَّ سَفِييَةٍ عَضْبًا» деп келуі, яғни «صَالِحَةٍ» сөзінің қосылып келуі. Бұл Османның мұсхафтарының ешбірінде келмеген. Өйткені, бұл қырағат пайғамбарымыз (с.а.с.) Жәбірейіл періштеге соңғы мәрте оқып берген нұсқамен мансұхталған болатын.

Бұрын және кейін келу жағы да жоғарыда аталған секілді.

²²⁹ «Тәубе» сүресі, 100.

²³⁰ «Кәһф» сүресі, 79.

Мысалы: «فَيَقْتُلُونَ وَيُقْتَلُونَ» аятының «فَيَقْتُلُونَ وَيُقْتَلُونَ» деп оқылу жолы. Бұл екі қырағат та мутауатир жолмен жетіп, Османның мұсхафтарында орын алған. Жеті қаріптің осы жағында да Османның мұсхафтарының ешбірінде қамтылмаған қырағаттарды көруге болады. Оған «وَجَاءَتْ سَكْرَةُ الْمَوْتِ بِالْحَقِّ» аятының «وَجَاءَتْ سَكْرَةُ الْمَوْتِ بِالْحَقِّ» деп оқылуын айтуға болады. Бұл қырағат Әбу Бәкір, Талха ибн Матраф (Мутраф), Зейнулабидиндерден (Аллаһ олардан разы болсын) жеткенімен, мутауатир болып табылмайды. Әрі пайғамбарымыздың (с.а.с.) соңғы оқыған Құран нұсқасымен мансұхталған.

Осы секілді «إِذَا جَاءَ فَتُحِ اللَّهُ وَالنَّضْرُ» аятының «إِذَا جَاءَ فَتُحِ اللَّهُ وَالنَّضْرُ» деп те оқылуын келтіруге болады.

Мутауатир жолмен жетпеген, Османның мұсхафының біріне қайшы келген қырағаттарды оқып, оларға жүгіну тыйым салынды.

Жеті қаріптің бірі деп саналған аяттағы әріптердің немесе сөздердің ауысып келуі. Бұл өзгерістердің кейбірі Осман мұсхафына сай келсе, кейбірі қайшы келген. Мысалы: «إِنْ جَاءَكُمْ»²³¹ аяты «إِنْ جَاءَكُمْ فَاسِقٌ بِنَبَأٍ فَسَبِّهُوا» аяты деп оқылған. Екі қырағат та Осман мұсхафтарында келген.

Ал «فَأَمْضُوا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ» аятының «فَأَمْضُوا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ» және «كَالْعِهْنِ» аятының «كَالْضُوفِ الْمَنْشُوشِ» аятының «كَالْضُوفِ الْمَنْشُوشِ» аятының (р.а.) мұсхафына қайшы келеді. Яғни, пайғамбардың Жәбірейілге (а.с.) оқып берген соңғы нұсқасымен мансұхталған.

Әріптердің жуан не жіңішке, анық не жасырын немесе имәләмен оқылуы секілді, диалектілік ерекшеліктердің барлығы да Османның мұсхафында қамтылған. Бұл өзгешеліктер көп жағдайда сөздің формасын өзгертпейді, сол секілді сөз мағынасына да ешқандай әсері жоқ.

Шиттер осы мәселеге қатысты өз ұстанымында, Құран Кәрімнің жеті қаріппен түсуіне байланысты екі түрлі көзқарас білдірген. Бір тобы осы тақырыпқа қатысты келген дұрыс

²³¹ «Хұжұрат» сүресі, 6.

хадистерді қабылдап, өздерінің ойларын айтқан. Олардың ішінде әш-Шейх Әбу Абдуллаһ ибн әл-Мизар Насруллаһ әз-Зинжани өзінің «Құран тарихы» атты еңбегінде жеті қаріпке қатысты имам әл-Бұхариде және басқа да хадис жинақтарында келген хадистерді негізге ала отырып, бұл мәселеде имам Ибн Жарир әт-Табари секілді ғалымдардың көзқарасын қолдайды.

Ал көпшілік шиттерді құрайтын екінші топ, Құран Кәрімнің жеті қаріпте түскендігі жайлы келген бірнеше сахих хадистерді ешқандай бір негізсіз, әлсіз деп тауып, мойындамайды. Оны Әбу әл-Қасым әл-Мусауидің «Әл-Баян фи тафсири әл-Құран» атты кітабынан көруге болады²³².

☑ *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:*

- ✓ *Жеті қаріп дегеніміз не және оның мәнісі неде?*
 - ✓ *Құран Кәрімнің бірнеше қаріптерде түсу сыры неде және оның қандай пайдалары бар?*
 - ✓ *Жеті қаріпке қатысты ғұламалардың көзқарастары қандай? Әртүрлі көзқарастардың туындау себебі неде? Сіз қандай көзқарасты қолдайсыз? Неліктен?*
 - ✓ *Жеті қаріп пен қырағаттың айырмашылығы мен ұқсастығы неде?*
 - ✓ *Жеті қаріп Османның (р.а.) кезінде жинақталған мұсхафтарда қамтылған ба?*
- ✍ Құран Кәрімнің жеті қаріппен түсуіне дәлел болатын хадистерді талдап түсіндіріңіз.*

²³² Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мадхал лидирасати әл-Құран әл-Карим, 211-212-б.

§ 10. Қырағат ілімі

**Бұл тақырыпта келесі
сұрақтарға жауап
таба аласыздар:**

1. *Қырағат дегеніміз не?*
2. *Қырағат ілімінің қалыптасу тарихы қандай?*
3. *Қырағаттың қанша түрі бар?*
4. *Қырағаттардың шарттары қандай?*
5. *Танымал қарилар кімдер?*

1. Қырағат түсінігі

«Қырағат» сөзі араб тілінде «قرأ» (қа-ра-ә) етістігінен туындаған есім сөз. Бұл сөздің түп-төркіні жайлы кітаптың басында сөз қылған болатынбыз. «Қырағат» сөзі Құран Кәрімде «оқу» мағынасындағы етістік және масдар түрінде бірнеше жерде келгенімен²³³, нақты (قراءات) кейіпінде келмеген. Бұл сөз пайғамбар (с.а.с.) заманы-

нан кейін, өз алдына қалыптасқан бір ілімге қолданыла бастады. Ғалымдар тарапынан бұл ілімге түрлі анықтамалар берілгенімен, барлығы бір мағынаға келіп саяды. Осы анықтамалардың кейбіріне тоқтала кетейік:

Әбу әл-Бақа²³⁴: «Қырағат дегеніміз – Құран оқу барысында сөз бен әріптердің бірін екіншісіне жалғау»²³⁵, – десе, әр-Рағиб әл-Исфәһани²³⁶: «Құран оқуда әріп пен сөздерді бір-біріне қосу»²³⁷, – дейді.

²³³ «Ағраф» сүресі, 204; «Нахыл» сүресі, 98; «Исра» сүресі, 14, 45, 106, 182; «Қияма» сүресі, 17, 18; «Иншиқак» сүресі, 21; «Алақ» сүресі, 1, 3.

²³⁴ Әбу әл-Бақа Аюб ибн Мұса әл-Хусейни әл-Кәфауи әл-Ханафи – ханафи мәзһабы бойынша қазылық міндетті атқарған ғалым. 1094|1683 жылы Стамбулда дүние салған.

²³⁵ Әбу әл-Бақа Аюб ибн Мұса әл-Хусейни әл-Кәфауи, Әл-Куллият, 703-б.

²³⁶ Әбу әл-Қасым Хусейн ибн Мұхаммед ибн Муфаддал Рағиб әл-Исфәһани (502|1108 жылы дүние салған) – әдебиетші ғалым. Тәпсір, әдебиет, риторика салаларында бірқатар еңбектердің авторы.

²³⁷ Әбу әл-Қасым Хусейн ибн Мұхаммед ибн Муфаддал Рағиб әл-Исфәһани, Муфрадат фи ғариби әл-Құран,

Абдулфаттах әл-Қады: «Құран сөздерінің айтылуы мен оқылу жолдарын әртүрлі немесе бірауыздан келісілген тәсілдердің бірімен және әрбір тәсілді жеткізушісімен бірге білу», – деп ой түйсе, танымал қырағат ғалымы Ибн әл-Жазари: «Құран сөздерінің оқылуын және олардың жеткізушілері мен сөздердің әрқилы айтылуын зерттейтін ілім»²³⁸, – дейді, ал Ташкөпірзада²³⁹: «Аллаһтың сөзі болған Құран Кәрім аяттарының мутауатир жолдармен жеткен әрқилы оқылу ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы»²⁴⁰, – деген.

2. Қырағат ілімінің тарихы

Қырағат – Құран Кәріммен байланысты ілім саналғандықтан, Құран Кәрім түскеннен кейін пайда болған. Дегенмен, Құран араб тілінде түскендіктен, осы тілдің кейбір өзіндік оқылу мәнерінің арабтар тарапынан, Құран нәзіл болмай тұрғанға дейін қолданылуы – бұл ілімнің тамыры тереңде жатқандығын да көрсетеді. Сондықтан, алғашқы кезде тіл ғалымдарының көпшілігі қырағат ілімімен, қырағат ғалымдарының бір бөлігі тіл білімімен шұғылданған. Қырағат ілімінің араб тілімен байланыстылығы өз алдына зерттеулерді қажет ететін тақырып болғандықтан, оны тіл мамандарының еншісіне қалдырып, қырағат ілімінің (Құран ілімдері тұрғысынан) пайғамбар мен сахабалар дәуіріндегі қалыптасу тарихына және кейінгі кезеңдердегі жағдайына қысқаша шолу жасау осы ілім саласын дұрыс түсінуге жол ашары сөзсіз.

Ислам ілімдері арасында алғаш жарық көрген «қырағат ілімі» Құран Кәрімнің түсуімен бірге басталған. Өйткені, Аллаһ елшісі (с.а.с.) нәзіл болған аяттарды түскен күйінде оқып беріп, сахаба-

²³⁸ Әбу әл-Хайыр Шамсуддин Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн әл-Жазари, Мунтиду әл-муқриин уа муршиду әт-талибиин, 3-б.

²³⁹ Әбулхайыр Исамуддин Ахмет ибн Мустафа ибн Халил Ташкөпірзада (1495/901-1561/968) түрік тарихшысы. Хадис, фикһ ғылымдарын меңгерген Константинопольдың (Стамбул) қазысы болған. Өмірінің соңына қарай көз жанарынан айырылған. «Әш-Шақайық ән-нұғмания фи уламаи әд-дәулати әл-османия», «Мифтаху әс-сағада», «Нәуадиру әл-әхбар фи манакиби әл-әхияр» секілді еңбектердің авторы.

²⁴⁰ Әбулхайыр Исамуддин Ташкөпірзада, Мифтаху әс-сағада, 2/6-б.

ларына үйреткен. Сахбалар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) оқығандарын мұқият сақтап, келер ұрпаққа жеткізді. Бұл мұқияттылықтың Құран Кәрімнен бастау алатындығы белгілі. Өйткені аяттарда келген «Құран Кәрімді мұқият оқу» және меккелік сүрелерде келген «тартил» мағынасындағы сөздер²⁴¹ осының айғағы. Осы аяттардан қырағат ілімінің ғылым саласы ретінде Құранға негізделетінін түсінеміз.

Құранда келген аяттардың бірінде: **«Раббымыз! Ұрпағымыздың ішіне өздерінен, оларға аяттарыңды оқитын, Кітапты әрі үкімдерін үйретіп, оларды тазартатын бір елші жібергейсің!»**,– деп жалбарынған Ибраһимның (а.с.) дұғасы бойынша, тілегі қабыл етіліп, Мұхаммед (с.а.с.) – Исмайыл ұрпағынан, Құран оқып, үйрету сүйіншіленген соңғы елші болып келді.

Осы секілді аяттардан, Құранды оқу және оны үйрету мен мағыналарын түсіндіру міндеті Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жүктелгендігін аңғарамыз.

Имам әл-Бұхаридің сахих хадистер жинағында, Құран Кәрімді мәнерлеп оқуға қатысты айтылған хадистерге арнайы тарау берілген. Осы хадистердің бірінде Қатәдә Әнәс ибн Маликтен пайғамбардың Құран оқуы жайлы сұрағанда, ол: «(Кейбір дыбыстарды) созатын еді»²⁴²,– десе, Абдуллаһ ибн Муғаффал: «Пайғамбардың (с.а.с.) түйесінің үстінде «Фатх» сүресін немесе «Фатх» сүресінің кейбір аяттарын әуендетіп жұмсақ оқып бара жатқанын көрдім»,– деген²⁴³. Сонымен қатар, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Әбу Мұса әл-Ашғаридің (р.а.) Құран оқығандағы әсем дауысына тамсанып, оған: (р.а.) *«Уа, Әбу Мұса! Ақиқатында саған Дәуіт әулеті сырнайларының бірі нәсіп болған екен»*²⁴⁴,– деуі және Айша анамыздан келген риуаятта: *«Құранды мәнерлеп оқыған адам сафара (қадірлі) періштелермен бірге болады. Құранды жаңа үйреніп, қиналып оқыған адамға екі сауап*

²⁴¹ «Фурқан» сүресі, 32; «Муззаммил» сүресі, 4; «Исра» сүресі, 106.

²⁴² Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 5045.

²⁴³ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 5047.

²⁴⁴ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 5048.

бар»²⁴⁵,– деген сөздерінен де оның (с.а.с.) Құранды дұрыс әрі мәнерлеп оқуға әрдайым ынталандырып отырғандығын көреміз. Сол секілді Абдуллаһ ибн Амр (р.а): «Аллаһ елшісінің (с.а.с.): «Құран оқуды (мына) төртеуден: Абдуллаһ ибн Масғудтан – (пайғамбар (с.а.с.) Ибн Масғудтан) бастады, Әбу Хузайфаның азат еткен құлы Салимнен, Убәй ибн Кағыбтан және Муаз ибн Жәбәлдан үйреніңдер»,– деп айтқанын естідім»²⁴⁶,– деген. Осылайша пайғамбарымыз Құранды жаттаған әрі оны нәшіне келтіріп оқығандарды ерекше атап өтіп, оларға Құран оқытып, өзі де тыңдаған-ды. Әл-Бұхариде келген бір риуаятта, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Абдуллаһ ибн Масғудқа (р.а.) Құран оқытып, «Ниса» сүресінің 41-аятына келген кезде көзіне жас алуы²⁴⁷ – пайғамбарымыздың (с.а.с.) Құранды нақышына келтіріп, әдемі оқуды артық санағандығын және Құран оқылған кезде, тыңдау керек екендігін ұғындырады.

Құран Кәрімнің дұрыс әрі көркем оқылып, үйретілуіне «Қиямет» сүресінің «(Ей, Мұхаммед!) **Құран түскенде оған асығып тіліңді қозғалтпа (16). Шын мәнінде оны жинау, оқу Бізге міндет (17). Ал оны Біз оқығанда, оның оқылуына ілес (18)**» аяттары да дәлел болады. Сол секілді әр жылы Жәбірейіл періште Аллаһ елшісімен (с.а.с.) бірге Құранды толық жатқа оқып қайталайтын. Бұл жөнінде Ибн Аббастан жеткен хадисте: «*Жәбірейіл (а.с.) пайғамбарымызбен (с.а.с.) Рамазанның әр кешінде жолығып, Құранды қайталаған*»,– деп келеді. Демек, пайғамбарымыз (с.а.с.) сол уақытқа дейін түскен аяттар мен сүрелерді рет-ретімен Жәбірейілге (а.с.) оқып, оны Жәбірейілден тыңдайтын. Бұл – Құранды жаттау, тәртібі мен оқылу ерекшеліктерін сақтау тұрғысынан өте маңызды болатын. Осы көрініске сахабалар да куә болған. Бұл құбылыс Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүние салар жылы, рамазан айында екі мәрте жүзеге асырылған еді. Имам әл-Бұхаридің хадистер жинағында осы жайтқа қатысты үш риуаят келген.

²⁴⁵ Әт-Термези, Әс-Сунан, 13; Әбу Дәуіт, Әс-Сунан, 349; Ибн Мәжә, Әс-Сунан, 52.

²⁴⁶ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 3758.

²⁴⁷ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 5049, 5050.

Айша анамыз (р.а.) пайғамбардың қызы Фатиманың (р.а.): «(Әкем) Пайғамбар (с.а.с.) маған сыбырлап: «*Жәбірейіл маған әр жылы Құранды (барлық түскен аяттарды бір мәрте) ұсынатын (оқып беретін), ал осы жылы екі мәрте ұсынды (оқып берді). Осыған қарағанда, менің ажалым таяды-ау деймін*», – дегенін жеткізген»²⁴⁸.

Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте де Жәбірейілдің (а.с.) Құранды әр жылы пайғамбарға ұсынғаны, ал дүниеден өтер жылы екі мәрте оқып бергендігі айтылған²⁴⁹.

Ибн Аббас та (р.а.) осы айтылғандарды қуаттап: «Пайғамбар (с.а.с.) жақсылықта барша адамның ішіндегі ең жомарты еді. Рамазан айында жомарттығы одан сайын арта түсетін. Өйткені Жәбірейіл (а.с.) пайғамбарымызбен (с.а.с.) рамазан айының әр кешінде жолығып, Аллаһ елшісі (с.а.с.) Оған (Жәбірейілге (а.с.)) Құранды оқып беретін. Пайғамбар (с.а.с.) Жәбірейілмен жолыққан кезде жақсылықта ерекше жомарттық танытуда самал желден де жылдам болатын», – дейді²⁵⁰.

Осы үш риуаяттан түсінетініміз, Фатима (р.а.) мен Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен хадисте Құранды оқу – Жәбірейіл тарапынан болса, Ибн Аббас (р.а.) риуаятында Құран оқу – Аллаһ елшісі (с.а.с.) тарапынан жүзеге асқан. Яғни, бірінші Жәбірейіл (а.с.) Аллаһ елшісіне оқып (ард), пайғамбар оны тыңдаған (самағ) болса, ал екіншіде Аллаһ елшісі (с.а.с.) Жәбірейілге (а.с.) оқып береді де Жәбірейіл (а.с.) тыңдаған. Осы үрдіс, Құран жаттау жолдарының қазірге дейін қолданылып келе жатқан ең тиімдісі болып табылады.

Қиындықтарға толы меккелік кезеңде, Құран қырағатының айтарлықтай қалыптаспағандығы белгілі. Жоғарыда келген хадистердегі «әр жылы» деген сөзден басқа Құранның Жәбірейіл тарапынан пайғамбарға ұсынылуының Меккеде жүзеге асқандығы туралы нақты дерек көрсете алмаймыз. Сол себепті, қырағат ілімінің Мәдинада қалыптаса бастағандығын айтуға

²⁴⁸ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, Құранның қадір қасиеті туралы кітап, 7-тарау.

²⁴⁹ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4998.

²⁵⁰ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4997.

толық негіз бар. Өйткені, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабаларымен, сахабалардың бір-бірімен ешбір кедергісіз кездесіп сұхбаттасуы, мешіт пен мешіт жанындағы суффа²⁵¹ тұрғындарының болуы секілді жайттар осыған жол ашты.

Сонымен қатар, Құранды жақсы меңгеріп жаттаған сахабалардың саны хижрадан кейінгі уақыттарда артқандығын көрсететін хадистер де келген. Хадис және сира кітаптарында Құран жаттаған әрі оны керемет оқи білген сахабалардың жан-жаққа тарағандығын көрсететін деректер де жеткілікті. Оның ішінде Бәну Амир тайпасына Құран үйретуге жіберілген жетпіс қари сахабаның Биру мағуна құдығы жанында өлтірілуі, болған жайтқа Аллаһ елшісінің (с.а.с.) қатты қайғырғандығы жайлы келген хадистерден де хижрадан кейінгі кезеңдерде Құран жаттаған сахабалардың көп болғандығын аңғарамыз²⁵².

Пайғамбар (с.а.с.) дәуіріндегі қырағат іліміне қатысты маңызды тақырыптардың бірі – Құран сөздерінің сол кезеңдегі қажеттіліктер мен жағдайларға байланысты құрайыш диалектісінен басқа диалектілерде оқылуына мүмкіндік берген жеті қаріп мәселесі. Бұл пайғамбардың көзі тірісінде жүзеге асқан Құран оқуды жеңілдету мен жағдайға байланысты берілген рұқсат, кейін қырағат айырмашылықтарының туындауына себеп болды. Яғни, жеті қаріп Құранның басқа да халықтар тарапынан үйреніліп, оқылуына жеңілдік беру үшін жолға қойылған болатын. Осы жеңілдіктерді пайдаланған сахабалардың Құран оқу мәнері кейінгі ғасырлардағы қырағат ілімінің қалыптасуына негіз болды. Пайғамбарымыздан (с.а.с.) жеткен деректерге жүгінер болсақ, жекелеген сахабалардың Құран Кәрімді нәшіне келтіріп оқумен ерекшеленгендерін де көреміз. Сондықтан имам әз-Зәһәби «Табақату әл-қурра» атты кітабында: «Құран қырағатымен танымал болған сахабалар саны жетеу, олар: Осман, Али, Убәй, Зәйд ибн Сәбит, Әбу әд-Дардә, Ибн Масғуд, Әбу Мұса әл-Ашғари», – деген. Әбу Һурайра, Ибн Аббас, Абдуллаһ ибн әс-Сәйб секілді

²⁵¹ Суффа – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) заманында Мәдина шаһарындағы пайғамбар мешітінің жанында баспанасы жоқ мұсылмандар тұрған үй.

²⁵² Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4483.

сахабалар Убәйға Құран оқып берген (тапсырған). Өйткені Убәй ибн Кағыб сахабалардың арасындағы ең жақсы қари болған²⁵³.

Ал, кейін Құран қырағатын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өз аузынан естіп, жаттаған, тіпті, кейбірі жазып алған осы саңлақ сахабалардан, **Мәдинада:** Ибн әл-Мусайяб, Ұруа, Салим, Омар ибн Абдулазиз, Сүлеймен ибн Ясар мен бауыры Ата ибн Ясар, Зәйд ибн Әсләм, Қари Муаз деп танылған Муаз ибн әл-Харис, Ибн Шиһаб әз-Зухри, Абдуррахман ибн Һурмуз;

Меккеде: Абид ибн Ұмайр, Ата ибн Әбу Рабах, Тауыс, Мужаһид, Икрима, Ибн Әбу Муләйка;

Куфада: Алқама, әл-Әсуад, Масрук, Ұбайда, әр-Рәбиғ ибн Хайсам, Омар ибн Шурахабил, әл-Харис ибн Қайыс, Амр ибн Мәймун, Әбу Абдуррахман әс-Сәлми, Зирру ибн Хабиш, Абид ибн Нудайла, Әбу Зурға ибн Амру, Сағид ибн Жубәйр, ән-Нахғи, әш-Шағби;

Басрада: Әбу Алия, Әбу Ражә, Насыр ибн Асым, Яхия ибн Яғмар, Жәбир ибн Зәйд, әл-Хасан, Ибн Сирин, Қатәдә;

Шамда: әл-Муғира ибн Шиһаб әл-Махзуми, Хулайд ибн Сағид секілді алғашқы кездегі танымал табиғин ғалымдары үйренген болатын.

Табиғиндер дәуірінде, нақтырақ айтсақ, хижраның екінші ғасырының басында, сол кезеңдегі қажеттіліктерге сай ғалымдар қырағатқа ерекше көңіл бөліп, шариғат ілімдерінің бірі ретінде қалыптастырды. Әсіресе, **Мәдинада:** Әбу Жағфар Язид ибн әл-Қағқағ, Шәйба ибн Нисах және Нафиғ ибн Абдуррахман;

Меккеде: Абдуллаһ ибн Касир, Хамид ибн Қайыс әл-Ағраж, Мұхаммед ибн Мухайсин;

Куфада Асым ибн Әбу ән-Нәжуд, Сүлеймен әл-Ағмаш, Хамза, әл-Кисаи;

Басрада Абдуллаһ ибн Әбу Исхақ, Иса ибн Амр, Әбу Амр ибн әл-Алә, Асым әл-Жахдари, Яғқуб әл-Хадрами;


Шамда Абдуллаһ ибн Амир, Атия ибн Қайыс әл-Киләби, Исмайыл ибн Абдуллаһ ибн әл-Муһажир, Яхия ибн әл-Харис әз-Зимәри, Шурайх ибн Язид әл-Хадрами секілді ғалымдар, кейін

²⁵³ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4481.

келген буын өкілдеріне көрнекті имам әрі жолбасшы ретінде танылды.

Олардың ішінде: Әбу Амр, Нафиғ, Асым, Хамза, әл-Касаи, Ибн Амир, Ибн Касир сынды қазіргі таңда кең тараған қырағаттар тиесілі болған танымал **жеті қырағат** имамдарын ерекше атап өтуіміз керек.

3. Қырағат түрлері



Ғалымдар қырағаттарды келесідей бөліп қарастырған:

а) *Мутауатир қырағат.* «Мутауатир» дегеніміз – жалғандыққа келісіп алулары мүмкін болмаған жамағаттың өзі секілді көпшіліктен жеткізген хабары. Осылайша тізбек соңына дейін жалғасуы керек.

Танымал болған жеті немесе он қырағат осы түрге жатады.

ә) *Мәшһүр қырағат.* Тізбегі қайшылық (шәз) пен олқылықтарсыз жалғасқан, бірақ мутауатир дәрежесіне жетпеген және қарилар арасында кеңінен танылған қырағат.

б) *Ахад қырағат.* Тізбегі дұрыс, бірақ араб тілінің ережелері мен жазылу ерекшеліктеріне қайшы немесе кең тарамаған қырағат. Бұл қырағаттарды оқуға және оларға жүгінуге тыйым салынады.

Мысалы: Әбу Бәқрадан²⁵⁴ жеткен риуаятта, пайғамбарымыздың (с.а.с.) «مُنَكِّبِينَ عَلَى رَفَارِفِ خُضْرٍ وَعَبَاقِرِي حِسَانٍ»²⁵⁵,– деп оқығандығы айтылса, Ибн Аббастан, оның (с.а.с.) «لَقَدْ جَاءَكُمْ رَسُولٌ»

²⁵⁴ Нуфайғ ибн әл-Харис есімді, пайғамбардың қолымен азат етілген сахаба. Ол 51/671 жылы Басрада дүниесін салған.

²⁵⁵ Бұл: «مُنَكِّبِينَ عَلَى رَفَارِفِ خُضْرٍ وَعَبَاقِرِي حِسَانٍ»,– деген «Рахман» сүресінің 76-аяты.

«مِنْ أَنْفُسِكُمْ»²⁵⁶ аятындағы «أَنْفُسِكُمْ» сөзін «أَنْفُسِكُمْ» деп оқығандығы жеткен²⁵⁷.

в) *Шаз қырағат*. Келер ұрпаққа жету тізбегі дұрыс емес қырағат. Мысалы: Ибн әс-Самайфақтың: «فَالْيَوْمَ نُنَجِّيكَ بِبَدَنِكَ لِتَكُونَ لِمَنْ خَلَقَكَ»²⁵⁸ аятын «فَالْيَوْمَ نُنَجِّيكَ بِبَدَنِكَ لِتَكُونَ لِمَنْ خَلَقَكَ»,– деп оқығандығы секілді. Шаз қырағат Осман мұсхафының жазылуына сай келгенімен, тізбегіндегі олқылығы себебінен қабылданбайды. Мысалы: «مَلَكٌ يَوْمَ الدِّينِ» деп оқылған қырағаттағы «مَلَكٌ» сөзінің етістік мағынасында келуі²⁵⁹.

г) *Жалған (маудуэ) қырағат*. Мысалы: Мұхаммед ибн Жағфар әл-Хузағидың Әбу Ханифаның атынан жеткізген жалған қырағатында: «إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ» «Шын мәнінде, Аллаһтан Оның ғалым пенделері қорқады» («Фатыр» сүресі, 28) аятының «إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ» «Шын мәнінде, Аллаһ ғалым пенделерінен қорқады»,– деп оқылуы. Әсілінде, Әбу Ханифадан бұндай қырағаттар жетпегендігі белгілі. Тіпті, кейбір тәпсіршілердің осы негізі жоқ қырағатқа сүйенгендері де бар.

д) *Мудраж қырағат*. «Мудраж» сөзі – *енгізу, қосу* деген мағыналарды береді. Ал қырағат түрлеріне қатысты айтар болсақ, Құран Кәрім аяттарынан болмаған сөздердің аяттарға жалғанып, аят ретінде жеткізілуін кейінгі ғалымдар *мудраж қырағат* деп атаған. Бұл алғашқы кезде Құран аяттары жазылған парақтардағы кейбір түсіндірмелер мен тәпсірлердің аяттарға қосылып қырағат ретінде риуаят етілуі себепті орын алған. Мысалы: Сағид ибн Әбу Уакқастың қырағатынд «وَلَهُ أَرْحٌ أَوْ أُخْتٌ»²⁶⁰ аяты: «وَلَهُ أَرْحٌ أَوْ أُخْتٌ مِنْ أُمَّ» деп оқылып, аятқа аяттан болмаған «مِنْ أُمَّ» деген сөздер жалғанған. Сол секілді: «لَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ تَبْتَغُوا»

²⁵⁶ «Тәубе» сүресі, 128.

²⁵⁷ Әл-Хаким, Мустадрак, 2/240.

²⁵⁸ «Юсуф» сүресі, 92.

²⁵⁹ Док. Нуруддин Итр, Улуми әл-Құрани әл-Карим, 148-б.

²⁶⁰ «Ниса» сүресі, 12.

في مَوَاسِمِ الْحَجِّ لَيْسَ عَلَيْكُمْ جُنَاحٌ أَنْ تَبْتَغُوا فَضْلًا»²⁶¹ аятының: «فَضْلًا مِنْ رَبِّكُمْ» – деп, аятқа «في مَوَاسِمِ الْحَجِّ» сөздерінің қосылып оқылуы сияқты.

Осы тұста ескерте кететін жайт, сахабалар дәуірінде жазу-сызу құралдарының тапшылығы және Құран тәпсірлерінің кейінгі кездердегі секілді ауқымды болмай қысқа-нұсқа берілуі себепті, жекелеген сахабалар тарапынан хатқа түскен Құран парақтарының жанына кейбір түсіндірмелер жазылған болатын. Бұлардың кейбір Құран аяттарының бірер сөздермен ғана берілген тәпсірі екендігін саңлақ сахабалар жақсы білгенді. Түсіндірмелердің Құран аяттарынан саналып, қырағат ретінде жеткізілуі кейін келген кейбір қарилар тарапынан жүзеге асырылғанымен, көпшілік қырағат имамдары бұл түсіндірмелердің Құран аяттары емес екендігін білген. Яғни, түсіндірме сөздерді қырағатқа да аят тәпсірі ретінде енгізген болуы мүмкін.

Қырағат тақырыбы сөз етілген кезде, жеті қырағат пен он қырағатты немесе мутауатир, ахад және шәз қырағаттарын жиі естиміз. Ендеше, осы қырағат түрлеріне қысқаша тоқтала кетейік.

Танымал жеті қырағатқа қатысты ғалымдардың көзқарастары:

– Кейбір ғалымдар жеті қырағатты артық санауда әсірелеушілік танытқан. Олардың ішінде Эндалусиялық ғалым – Әбу Сағид Фараж ибн Луб «жеті қырағат мутауатир дәрежесінде емес» деген адамдарды күпірлікке шығарған. Өйткені ол: «Бұл қырағаттарды «мутауатир емес» дейтін болсақ, Құранның осылайша жеткендігін жоққа шығарған болып табыламыз», – деп айтқан.

– Бір топ ғалымдар жеті қырағатқа қатысты немқұрайлық танытып, бұларды басқа қырағаттар қатарына қойып, барлығын ахад дәрежесінде деп білген.

²⁶¹ «Бакара» сүресі, 198.

– Әз-Зурқани Ибн әс-Субкидің:²⁶² «Жеті қырағат – толық мутауатир, яғни пайғамбарымыздан (с.а.с.) әдетте, жалғандыққа келісіп алулары мүмкін болмаған жамағаттың өзі секілді жамғаттан жеткізгені...», – дегенін келтірген²⁶³.

– Әбу Шәмә²⁶⁴ жеті қырағат имамдарының бір ауыздан келіскен тұстары – мутауатир дәрежесінде болса, әртүрлі көзқарас ұстанған жақтары – мутауатир дәрежесінде емес екендігін алға тартқан. Бұл пікірді имам әз-Зурқани де қолдаған.

Осы көзқарастардан көпшілік ғалымдардың жеті қырағат ұрпақтан-ұрпаққа мутауатир жолдармен жеткендігіне бір ауыздан келіскендерін байқауға болады.

Ғалымдар жеті қырағат имамдарының қатарына қырағаттары дұрыс, тіпті, мутауатир жолмен жеткен үш имамның қырағаттарын қосады. Олар: **Әбу Жағфар Язид ибн әл-Қағқағ әл-Мәдәни** (хижраның 130 ж.д.с.), **Яғқуб ибн Исхақ әл-Хадрами** (хижраның 205 ж.д.с.), **Әбу Мұхаммед Халф ибн Ыишам** (хижраның 229 ж.д.с.). Осы қырағаттар қазіргі таңда «**он қырғат**» деп танылған. Ал, қалған қырағаттар «шәз қырағаттар» деп танылады. Яғни, ұрпақтан-ұрпаққа жету жолдарында мутауатир дәрежесінде емес. Мысалы, оған: әл-Язиди, әл-Хасан, әл-Әғмаш, Ибн Жубәйр секілді ғалымдардың қырағаттарын айтуға болады.

Алайда, «он қырағат» деп танылған қырағаттардың ішіндегі жеті қырағаттан басқа үшеуіне қатысты кейбір ғалымдардың көзқарастары келесідей:

Ибн әс-Субки, Ибн әл-Жазари секілді ғалымдар бұл үш қырағаттың мутауатир дәрежесінде екендігін айтқан. Ал, Жәләлуддин әл-Махалли сынды ғалымдар: «сахих, яғни дұрыс

²⁶² Әбу Насыр Тәжуддин Абдулуаһһаб ибн Али ибн Абдулкафи әс-Субки (727/1327-771/1370) – Шафиғи мәзһабының танымал фикһ ғалымы, Дамаскінің бас қазысы қызметін атқарған. Мәщһүр ғалым Тақиуддин әс-Субкидің баласы.

²⁶³ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһил әл-ирфан, 1/515-б.

²⁶⁴ Әбу Шәмә Шиһабуддин әл-Мақдиси (599/1203-665/1267) Дамаск қаласында дүниеге келген танымал тарих, тіл білімі, фикһ және қырағат ғалымы.

қырағат»,– десе, бірқатар фикһ ғалымдары жеті қырағаттан басқа қырағаттардың барлығын «шәз» деп бағалаған.

Қорыта айтқанда, көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша, аталған үш қырағат та танымал жеті имамның қырағаттарымен қатар мутауатир дәрежесінде деп саналған.

Табиғиндердің заманы өткеннен кейін ғана «жеті қырағат» немесе «он қырағат» деген терминдер пайда бола бастады. Яғни, аталған жеті қырағат имамдарын ғалымдар хижраның үшінші ғасырында белгілеген. Осы ғасырдың басында, Басрада – Әбу Амр мен Яғқубтың қырағаты кеңінен тараса, Куфада – Хамза мен Асымнің, Шамда – Ибн Амирдің, Меккеде – Ибн Касирдің, Мәдинада – Нафиғтің қырағаттары мәшһүр болған. Алайда, осы кезеңде «жеті қырағат» термині толық қалыптасса да, жазбаша күйде әрбір қырағаттың өзіндік заңдылықтары мен ерекшеліктері әлі көрініс таппаған еді. Хижраның IV ғасырының басында Бағдад қаласынан шыққан ғұлама имам, қари Әбу Бәкір ибн Мужәһид Ахмед ибн Мұса ибн Аббас (хижраның 324 ж.д.с.) жеті қырағатқа арналған жеке трактат жазып шықты. Ол аталған жеті имамның арасындағы Яғқубидің орнына әл-Касаиді енгізді. Уақыт өте осы жеті қаридің қырағаттары негізгі сенімді жолдармен жеткен жеті қырағат болып тарихта қалды. Әрине сол кезеңдерде осы имамдардан басқа да өте сенімді, үлкен қырағат имамдары болған. Аталған жеті қари қырағаттарының мәшһүр болуының бірден-бір себебі – олардың сол кезеңде кең таралып, көпшіліктің оларды бір ауыздан қолдауы еді.

Кейбір ғалымдар жеті қырағаттың ерекше танылуын Османның (р.а.) кезінде жинақталған мұсхаф көбейтіліп, жеті нұсқасының орталықтарға жіберілуімен немесе Құран Кәрімнің жеті қаріппен түсуімен байланыстырған. Бірақ жеті қаридан басқа танымал сенімді қырағат ғалымдарының бар екендігі белгілі.

Сонымен қатар, қырағат ілімінде «он төрт қырағат» деп те айтылады. Яғни, жоғарыда аталған он қырағатқа: **Әл-Хасан әл-Басри, Ибн Мухайсин, Яхия әл-Язиди, әш-Шунбузилердің** қырағаттары қосылады.

Имам әс-Суюти: «Қырағаттар тақырыбында алғаш еңбек жазған – Әбу Ұбайд әл-Қасым ибн Сәлләм, сосын Ахмед ибн Жубәйр әл-Куфи, сосын Исмайыл ибн Исхақ әл-Мәлики, сосын Әбу Жағфар ибн Жарир әт-Табари, кейін Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Ахмед ибн Омар әд-Дажуни мен Әбу Бәкір ибн Мужәһид. Осы ғасырларда, одан кейінгі кезеңдерде де көптеген қырағат имамдары осы салада ірілі-ұсақты құнды еңбектер жазды. Ал, әрбір кезеңдердегі қырағат имамдарының өмірбаяндарын (табақат) Хафиз Әбу Абдуллаһ әз-Зәһәби, сосын Әбу әл-Хайыр ибн әл-Жазари жинақтап жазған болатын»,– деген²⁶⁵.

Маннағ әл-Қаттан имам әл-Жазаридің «Ән-Нәшір» атты кітабында: «Ең алғаш қырағаттарды бір кітапқа жинақтаған – Әбу Ұбайд әл-Қасым ибн Сәлләм. Менің білуімше, ол танымал жеті қаримен бірге жиырма бес қариді қамтыған. Ол хижраның 224 жылы дүние салған. Одан кейін танымал жеті имамды ғана алғаш рет қарастырған Әбу Бәкір Ахмед ибн Мұса ибн әл-Аббас ибн Мужәһид (хижраның 324 ж.д.с.)»,– дегенін келтіреді²⁶⁶. Ибн Мужәһидтің алдында Ибн Жубәйр әл-Мукри қырағатқа қатысты еңбегінде бес қаримен ғана шектелсе, кейбірі жеті имамның қатарына Яғқуб әл-Хадрамиді қосып, сегіз қырағатқа тоқтаған²⁶⁷.

4. Қырағат шарттары

Құран Кәрім ұрпақтан-ұрпаққа өзіндік оқылу ерекшеліктерімен жетіп отырған. Осындай оқылу ерекшеліктерін негізінде бірқатар қырағаттар пайда болып, уақыт өте қатаң шарттармен бекітілген белгілі қырағаттар қалыптасты.

Құран Кәрімге ерекше мән берген мұсылман үмбеті оның келер ұрпаққа жетуіне және оқылуына айрықша көңіл бөлген. Қырағат ғалымдары жету жолдары мен жеткізуші тұлғаларды мұқият зерттей отырып, тарихта кеңінен танылған бірнеше Құран қырағаттарын анықтап берді.

Мутауатир қырағаттар белгілі болған жеті қырағат болса, кейбір ғалымдар осы қырағаттарды онға толықтыратын үш

²⁶⁵ Әс-Суюти, әл-Итқан, 73-б.

²⁶⁶ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуму әл-Құран, 165-б.

²⁶⁷ Әз-Заркаши, Әл-Бурһан, 1/329.

қырағатты «ахад» деп бағалаған. Ал, қалған қырағаттар «шәз» деп танылған. Кейбір ғалымдар аталған он қырағаттың барлығы мутауатир жолмен жеткендігін алға тартса, басқа ғалымдар жеті, он не басқа да қырағаттардың дәрежелерін анықтауда, белгілі бір өлшемдерге жүгіну керек екендігін айтқан. Олар қырағаттардың сахих, яғни дұрыс болуы үшін келесі талаптарды бекіткен:

а) *Халифа Османның (р.а.) жинақтап, көбейткен мұсхафтарының біріне болса да сәйкес келу.* Мысалы, Ибн Амирдің «وَقَالُوا اتَّخَذَ اللَّهُ وَلَدًا» аятын «уау» әріпінсіз – «قَالُوا اتَّخَذَ اللَّهُ وَلَدًا»», – деп оқуы Шам мұсхафында келгеніндей, Ибн Касирдің де «Тәубе» сүресінің: «جَنَاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا» аятын: «جَنَاتٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا»», – деп, Мекке мұсхафына сәйкес оқығандығы секілді. Сол секілді «تَعْلَمُونَ» аятының – «يَعْلَمُونَ», «نَعْفِرْ لَكُمْ» деп келуін де айтуға болады.

ә) *Араб тілінің заңдылықтарына сәйкес келу.* Әсілінде, дұрыс жолдармен жеткен қырағаттар араб тілінің заңдылықтарына қайшы келмегендігі белгілі. Тілдің кейбір ережелеріне қайшы келген, бірақ сенімді жолдармен жеткен танымал қырағаттарды теріске шығару дұрыс емес. Өйткені Құран Кәрімнің ұрпақтан-ұрпаққа мутауатир жолмен жетуі, қырағат имамдарының риу-аяттарына да негізделеді. Сонымен қатар, қырағат имамдары Құран қырағаттарында араб тілінің заңдылықтарына жүгінбей, керісінше, араб тілі мамандары тілдік қағидаларды реттеуде Құран Кәрімге сүйенгендігі белгілі.

б) *Дұрыс тізбекпен жету.* Яғни, белгілі бір қырағаттың пайғамбарымыз заманынан бері сенімді жеткізушілер тарапынан қарама-қайшылықтар мен бүркеме олқылықтарсыз, ұрпақтан-ұрпаққа жетуі. Сонымен қатар, ғалымдар сол қырағаттың ортада кең таралуын да шарт деп тапқан.

Осы аталған шарттардың барлығы қамтылған қырағаттар танымал жеті имамнан басқа ғалымдардан жеткен болса да қабылданып, дұрыс деп саналады. Ал егер, аталған шарттардың бірі жойылған болса, әлсіз, не шәз, яки батыл қырағат деп танылып, қабылданбайды.

5. Танымал қарилар

Жеті қари

1. Ибн Амир. Атақты табиғин қаридың толық есімі – Абдуллаһ әл-Яхсуби. Ол Әл-Уалид ибн Абдулмаликтің халифалығы тұсында Дамаскінің қазысы болған. Құран қырағатын Мұғира ибн Әбу Шиһаб әл-Махзумиден алса, Мұғира халифа Османнан (р.а.) естіген болатын. Ибн Амирдің өзі де хазіреті Османнан қырағатты естігені жайлы дерек бар. Ол хижраның 118 жылы Дамаск қаласында қайтыс болған.

Кейінгі ғасырларда Ибн Амирдің қырағатын сенімді қырағат имамдары арқылы *Һишам* мен *Ибн Закуан* риуаят еткен.

Һишам. Танымал қазы, сенімді хадистанушы әрі фақих Һишам ибн Аммар ибн Насир әл-Қадый әд-Димашқи хижраның 235 жылы Дамаскіде дүние салған.

Ибн Закуан. Әбу Мұхаммед Абдуллаһ ибн Ахмед ибн Башир ибн Закуан әл-Қураши әд-Димашқи хижраның 232 жылы Дамаскіде дүниеден озған.

2. Ибн Кәсир. Толық аты-жөні: Әбу Мұхаммед Абдуллаһ ибн Кәсир әд-Дәри әл-Мәкки. Ол сахабалардан Абдуллаһ ибн әз-Зубәйрді, Әбу Әюб әл-Ансариді және Әнәс ибн Мәликті көрген болатын. Қырағатты Мужәһидтен алған, ал ол болса, Ибн Аббастан, ол Убәй ибн Кағыбтан естіген еді. Сол секілді Құранды Абдуллаһ ибн әс-Сәйб әл-Махзумиге оқып берген, ал ол Убәй ибн Кағыб пен Омар ибн әл-Хаттабқа оқыған, ал ол екеуі Аллаһ елшісіне (с.а.с.) оқып берген. Ибн Кәсир хижраның 120 жылы Меккеде қайтыс болған.

Кейінгі ғасырларда одан сенімді қырағат имамдары арқылы, қырағат риуаяттарымен *Әл-Бәззи* мен *Қунбул* ерекше танылған.

Әл-Бәззи. Әбу әл-Хасан Ахмед ибн Мұхаммед ибн Абдуллаһ ибн әл-Қасым ибн Нафиғ ибн Әбу Бәззә. Ол – сенімді меккелік қырағат ғалымдарының көшбасшысы әрі Харам мешітінің имамы және азаншысы ретінде танылған. Ол хижраның 250 жылы дүние салған.

Қунбул. Әбу Омар Мұхаммед ибн Абдуррахман ибн Халид ибн Мұхаммед әл-Махзуми әл-Мәкки. Лақап аты – Қунбул.

Меккенің сенімді қырағат имамдарының бірі болған. Хижраның 291 жылы дүниеден озған.

3. Асым. Толық аты-жөні: Әбу Бәкір Асым ибн Әбу ән-Нәжуд әл-Әсәди. Өте сенімді табиғин, атақты қари, Құран оқуда ерекше әсем дауыс иесі болған. Ол қырағатты Зирр ибн Хубайштен алған, ал Зирр – Абдуллаһ ибн Масғудтан естіген. Сол сияқты, Асым пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүйікті немерелері – Хасан мен Хусейннің ұстазы Абдуллаһ ибн Хабиб әс-Сәләмиден де дәріс алған. Ол хижраның 127 жылы Куфа қаласында дүниеден озған.

Асымнан Құран қырағатын тікелей **Шуғба** мен **Хафс** риуаят еткен.

Шуғба. Белгілі ғалым – Әбу Бәкір ибн Айяш ибн Салим ибн әл-Әсәди. Ол Куфада 193 жылы қайтыс болған.

Хафс. Әбу Амр Хафс ибн Сүлеймен ибн әл-Муғира әл-Бәззәз әл-Куфи. Ол жастайынан Асымның қолында тәлім-тәрбие алған. Ибн Мағин оның Шуғбадан білімдірек екендігін айтқан. Әбу Амр хижраның 180 жылы дүние салған.

4. Әбу Амр. Әбу Амр Зәббән ибн әл-Алә Аммар әл-Басри. Қырағат ілімінің үлкен имамы, тақуа, сенімді ғұлама. Ол Мужәһидтен және Сағид ибн Жубәйрден Құран қырағатын алса, олар өз кезегінде Ибн Аббастан, ол Убәй ибн Кағыбтан, ол Аллаһ елшісінен (с.а.с.) алған. Сонымен қатар Әбу Жағфар Язид ибн әл-Қағқағ, Әл-Хасан әл-Басри секілді имамдарға Құран тапсырған. Әл-Хасан әл-Басри Әбу Алияға тапсырса, ол Омар ибн әл-Хаттабқа оқып берген. Әбу Амр хижраның 154 жылы Куфада қайтыс болған.

Әбу Амрдан Әбу Мұхаммед Яхия ибн Мубарак әл-Адауи Әл-Язиди арқылы **әд-Дури** мен **әс-Суси** риуаят еткен.

әд-Дури. Әбу Омар Хафс ибн Омар ибн Абдулазиз әд-Дури, Бағдад қаласының жанындағы «Дур» деген елді мекенге байланысты «әд-Дури» деп аталған. Сенімді қырағат имамдарының бірі әрі алғаш қырағаттарды жинақтаған ғалым ретінде танылған. Ол хижраның 246 жылы дүние салған.

әс-Суси. Әбу Шуғайып Салих ибн Зияд хижраның 261 жылы қайтыс болған.

5. Хамза. Әбу Аммара Хамза ибн Хабиб әз-Зайят әл-Куфи ерекше тақуа, Құран білгірі әрі хадис ғалымы еді. Ол Убәй Мұхаммед Сүлеймен ибн Миһран әл-Ағмаштан, ол Яхия ибн Уәссабтан, ол Зурр ибн Хубайштан, ол Али, Осман, Ибн Масғудтан (Аллаһ олардан разы болсын), олар Аллаһ елшісінен (с.а.с.) Құран үйренген. Хамза хижраның 156 жылы Халуан қаласында бақилық болған.

Хамзадан Әбу Иса Суләйм ибн Иса әл-Ханафи арқылы **Халаф** пен **Халлад** риуаят еткен.

Халаф. Әбу Мұхаммед Халаф ибн Ыишам ибн Талиб ибн Баззар ерекше тақуа, қырағат ғалымы. Ол хижраның 229 жылы Бағдатта дүние салған.

Халлад. Әбу Иса Халлад ибн Халид әл-Әхуалә әс-Сайрафи әл-Куфи Суләймнің көрнекті шәкірттерінің бірі. Ол хижраның 220 жылы өмірден озған.

6. Нәфиғ. Әбу Рауайым Нәфиғ ибн Абдуррахман ибн Әби Нағим әл-Мәдәни. Тегі Исфәһандық. Ол жетпіске жуық қари табиғиндерден қырағат алған, олар Ибн Аббастан, Әбу Ыурайрадан және Убәй ибн Кағыбтан үйренген. Ұзақ ғұмыр сүрген Нафиғ жетпіс жылдай Мәдинада «қырағат имамы» атанып, бас қари қызметін атқарған. Ибн Хажар Әндалусиялық қырағат және тіл ғалымы Мәкки ибн Әбу Талиб әл-Қайсидің²⁶⁸: «Нафиғ пен Асымның қырағаттары – қырағаттардың арасындағы ең абзалы, тізбек жағынан да ең дұрысы әрі араб тілі тұрғысынан да ең тазасы (фасих) саналады және тазалығы жағынан олардан кейін Әбу Амр мен Кисайдің қырағаттары келеді»,– дегенін келтіреді²⁶⁹. Нәфиғ хижраның 169 жылы дүниеден өткен.

Одан **Қалун** мен **Уарш** риуаят еткен.

Қалун. Әбу Мұса Иса ибн Мина ән-Нахуи. Құран Кәрімді әдемі оқығандығы үшін «Қалун» деп аталып кеткен. Өйткені «қалун» римдіктердің тілінде – көркем, әсем деген мағынаны

²⁶⁸ Әбу Мұхаммед Мәкки ибн Әбу Талиб ибн Хаммуш ибн Мұхаммед ибн Мұхтар әл-Қайси әл-Қайрауани (355/966-437/1045) – атақты қырағат ғалымы.

²⁶⁹ Ибн Хажар әл-Асқалани, Фатху әл-Бари бишархи сахих әл-Бұхари, 11/198-199-б.

білдіреді. Деректерде Қалун, Арабстанға құлдықпен келген римдік отбасынан шыққандығы айтылады. Араб тілінің білгірі, көрнекті ғалым Құран қырағатын тек Нафигтен алған, оған бірнеше мәрте оқып та берген. Ол хижраның 220 жылы Мәдина қаласында дүние салған. Қалун – қазіргі таңда солтүстік Африкадағы араб елдерінде кең тараған қырағаттың түрі.

Уарш. Әбу Сағид Осман ибн Сағид әл-Мысри. Өте аққұба болғандықтан «Уарш» деп аталып кеткен. Өйткені араб тілінде «*уарш*» сөзі – сүттен жасалған ақ тағамдарға қолданылған. Ол Мәдинада Нафигтен Құран қырағатын үйреніп, оған оқып берген. Кейін Мысырда қырағат ғалымдарының имамы ретінде танылған. Ол хижраның 197 жылы Мысырда дүние салған.

7. Әл-Кисаи. Әбу әл-Хасан Али ибн Хамза әл-Кисаи ән-Нахуи, араб тілі мен қырағаттың білгірі әрі куфалық тіл мамандарының имамы ретінде танылған. Ол Құран оқығанда барлық жамағат ұйып тыңдаған. Ғұлама хижра жыл санауы бойынша 189 жылы Хорасан өңірінде өмірден озған.

Одан риуаят еткен танымал қарилар – *Әбу әл-Харис* пен *әд-Дури*.

Әбу әл-Харис. Әл-Ләйіс ибн Халид әл-Маруази әл-Бағдади. Ол имам әл-Кисаидің көрнекті әрі ең сенімді шәкірттерінің бірі атанған. Ғұлама хижраның 240 жылы көз жұмған.

Әд-Дури. Әбу Омар Хафс ибн Омар әд-Дуриге жоғарыда Әбу Амр қырағатын жеткізген имам ретінде тоқталып өттік.

Он қырағат

Қырағат ілімінде аттары аталған жеті қариден басқа, тағы да үш қаридің бар екендігі мәлім, енді солар туралы қысқаша айтайық:

1. Әбу Жағфар Язид ибн әл-Қағқағ әл-Мәдәни. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ол Абдуллаһ ибн Аббас пен Әбу Нурайрадан, ол екеуі Убәй ибн Кағыбтан, ол Аллаһ елшісінен (с.а.с.) Құран алған. Әбу Жағфар көрнекті табиғин ғалымдарының бірі болған. Ол хижраның 130 жылы дүниеден озған.

Одан Әбу Мұса Иса ибн Уардан әл-Мәдәни (хижраның 160 жылы дүние салған) мен Әбу әр-Рабиғ Сүлеймен ибн Муслим ибн

Жаммаз (хижраның 170 жылы дүние салған) Құран қырағатын жеткізген.

2. Яғқуб ибн Исхақ әл-Хадрами. Ол Әбу әл-Мунзир Сәлләм ибн Сүлеймен әт-Тауилге, ол Асым мен Әбу Амрге Құран оқып берген. Яғқуб хижраның 205 жылы дүниеден қайтқан.

Одан танымал, сенімді имам *Рауху* ибн Абдулмумин (хижраның 234 жылы дүние салған) мен *Руайс* деп танылған Мұхаммед ибн әл-Мутауаккил (хижраның 238 жылы дүние салған) секілді қарилар риуаят еткен.

3. Әбу Мұхаммед Халф ибн Ышам. Ол Құран қырағатын Суләймнен, ал Суләйм атақты қари Хамзадан алған. Сол секілді Асымнан Құран қырағатын жеткізген қарилардан да ілім тоқыған. Оған жоғарыда атақты қари Хамзаның қырағатын риуаят еткен қари ретінде тоқталып өттік. Ол хижраның 229 жылы Бағдатта дүние салған.

Халфтан риуаят еткен танымал қарилар – Әбу Яғқуб Исхақ ибн Ибраһим әл-Мируази әл-Бағдади (хижраның 286 жылы дүние салған), Әбу әл-Хасан Идрис ибн Абдулкарим әл-Хаддад әл-Бағдади (хижраның 292 жылы дүние салған).

Аталған он қырағат имамдарын келесі кестеден көре аласыздар:

	<i>Танымал қарилар</i>	<i>Жеткізушілер</i>
1	Абдаллаһ ибн Амир (118/736 ж.д.с.)	1. Ышам ибн Аммар (235/859 ж.д.с.) 2. Ибн Закуан әл-Қураши (232 /857 ж.д.с.)
2	Абдуллаһ ибн Кәсир (120/ 738 ж.д.с.)	1. Әбу әл-Хасан әл-Баззи (250/ 857 ж.д.с.) 2. Кунбул әл-Макки (291/904 ж.д.с.)
3	Асым ибн Әбу ән-Нәжуд (127/745 ж.д.с.)	1. Шуғба ибн әл-Айяш (193/809 ж.д.с.) 2. Хафс ибн Сүлеймен (180/ 796 ж.д.с.)

4	Әбу Амр ибн әл-Алә (154 /771 ж.д.с.)	1. Әбу Омар әд-Дури (246 /860 ж.д.с.) 2. Әбу Шуғайб әс-Суеи (261/874 ж.д.с.)
5	Хамза әз-Зайят (156 /773 ж.д.с.)	1. Халаф ибн Хишам (229/904 ж.д.с.) 2. Халлад ибн Халид (220/835 ж.д.с.)
6	Нафиғ ибн Абдурахман (169/785 ж.д.с.)	1. Қалун әл-Мәдәни (220/835 ж.д.с.) 2. Уарш әл-Мысри (197/812 ж.д.с.)
7	Али ибн Хамза әл-Кисаи (189/805 ж.д.с.)	1. Әбу Омар әд-Дури (246/860 ж.д.с.) 2. Әбу әл-Харис әл-Бағдади (240/854 ж.д.с.)
8	Әбу Жағфар әл-Мәдани (130/746 ж.д.с.)	1. Иса ибн Уардан (160 /776 ж.д.с.) 2. Ибн Жаммаз әл-Мәдани (170/786 ж.д.с.)
9	Яғқуб ибн Исхак (205/821 ж.д.с.)	1. Мұхаммед Руайс (238/852 ж.д.с.) 2. Рауху ибн Абдулмумин (234/848 ж.д.с.)
	Халаф ибн Хишам (229/904 ж.д.с.)	1. Исхак ибн Ибрахим (286/899 ж.д.с.) 2. Идрис ибн Абд әл-Кәрим (292/904 ж.д.с.)

Он төрт қырағат

Ғалымдар жоғарыда аталған он қырағатқа төрт имамның қырағатын қосып, он төрт қырағаттың бар екендігін алға тартады. Олар:

1. Әл-Хасан әл-Басри, Әл-Хасан ибн Әбу әл-Хасан Ясар Әбу Сағид әл-Басри. Машһүр табиғин ғалымы. Ол хижраның 110 жылы дүние салған.

2. Ибн Мухайсин, Мұхаммед ибн Абдуррахман әс-Сәһми әл-Мәкки. Ибн Кәсирмен бірге, Меккенің атақты қариларының бірі. Танымал жеті қырағат имамдарының бірі – Әбу Амрдың ұстазы болған. Ол хижраның 123 жылы дүние салған.

3. Яхия әл-Язиди, Әбу Мұхаммед Яхия ибн әл-Мубарак ибн әл-Муғира әл-Адауи әл-Басри. Мәшһүр жеті қырағат имамдары Әбу Амр мен Хамзадан Құран қырағатын алған. Әд-Дури мен әс-Сусидің ұстазы болған. Ол хижраның 202 жылы дүниеден озған.

4. Әш-Шунбузи, Әбу әл-Фараж Мұхаммед ибн Ахмед ибн Ибраһим әш-Шунбузи әл-Бағдади. Ол хижраның 388 жылы дүние салған.

Қырағаттардың қазіргі таңдағы жағдайы

Аталған қырағаттардың үшеуі ғана бүгінгі таңда мұсылмандар арасында практикада қолданыста болса, қалған қырағаттар арнайы мамандар мен Құранды бірнеше қырағаттарымен жаттаған жекелеген тұлғалардың тілінде оқылуда. Қазіргі қолданыстағы қырағаттар:

а) Асымның қырағаты

Қазіргі таңдағы ислам әлемінің басым бөлігі Құран Кәрімді осы қырағатпен оқиды. Оның ішінде Асымнан жеткізген танымал екі рауидің бірі – Хафстың риуаяты кең танылған. Әрі жарық көріп жатқан Мұсхафтардың басым бөлігі де осы қырағат негізінде басылуда.

ә) Нафиғтың қырағаты

Нафиғ қырағатының Уарш риуаяты бүгінгі таңда, Мысырдан басқа солтүстік Африкадағы мұсылман елдерінде кеңінен қолданыс тапқан. Ал, мысырлықтар Уарш қырағатымен қатар, көбіне Хафс қырағатын негізге алады.

б) Әбу Амир қырағаты

Қазіргі таңда ең аз оқылатын қырағат түрі. Құран қырағатының бұл түрі судандықтар тарапынан ғана қолданыс тауып отыр.

☑ Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ Қырағат ілім қалай туындады? Оның қалыптасуындағы Ибн Мүжәһид трактатының рөлі қандай?
 - ✓ Қырағаттар арасындағы айырмашылықты сипаттап беріңіз және өз жауабыңызды мысалдармен түсіндіріңіз.
 - ✓ Жеті қырағат түрлерін атап шығып, олардың арасындағы айырмашылықтарды түсіндіріңіз.
 - ✓ Қырағат шарттары туралы не білесіз? Сенімді қырағатқа қандай талаптар қойылады?
 - ✓ Тарихта танымал болған қарилар жайлы айтыңыз.
 - ✓ Жеті, он және он төрт қырағат деп бөліну себебі неде?
- ✍ Қырағаттардың қазіргі таңдағы жағдайы қандай? (Жаз-баша түрде орындау)

§ 11. Насих және мансұх

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. *Насих дегеніміз не және оны білудің маңыздылығы қандай?*
2. *Насихтың қандай шарттары мен анықтау жолдары бар?*
3. *Насихқа қатысты қандай көзқарастар бар?*
4. *Насихтың ақылға қонымды екендігі және бұрынғы шариғаттарда орын алуы жайлы не білеміз?*
5. *Насихтың қандай түрлері бар?*
6. *Құран Кәрімге қатысты насихтың қандай түрлері бар?*

1. Насих түсінігі мен оны білудің маңыздылығы

Аллаһ тағала тарапынан келген шариғаттардың асыл мақсаттарының бірі – адамзат баласын Жаратушысымен байланыстырып, адамдардың өзара қарым-қатынастарын реттеу. Бір Аллаһқа сенім – барлық пайғамбар бір ауыздан шақырған, заман мен қоғамның ауысуымен өзгермейтін негіз. Ал, құлшылық пен адамдардың арасындағы өзара қарым-қатынас нормалары, әр кезеңде келген шариғат пен қоғамның талаптарына сай өзгеріп отырды. Діннің негізі қаланып жатқан орта мен діни танымы кемелденген қоғамға дінді жеткізу жолдары мен шариғат заңдылықтарын бекіту

тәсілдері бірдей болмайтындығы белгілі. Аллаһ тағала асқан даналығы және шексіз ілімімен барлық нәрсені қамтығандықтан, пенделерінің пайдасын көздей отырып, алғашқыда бекітілген шариғат үкімін кейін келген шариғат үкімімен жоюы мүмкін. Бұл құбылыс шариғатта «насих» және «мансұх» терминдерімен танылады. Ендеше, осы сөздердің мән-мағыналарына тоқталайық. *Насих* – (النَّاسِخُ) сөзінен туындаған. *Насих* (النَّاسِخُ) сөзі, тілдік тұрғыда – «күшін жоюшы», «көшіруші» деген мағыналарда қолданылса, *мансұх* (الْمَنْسُوخُ) сөзі – «күші жойылған», «көшірілген» деген

мағыналарды береді. Ал, терминдік мағынада, «насых» дегеніміз – шариғат үкімінің кейін келген екінші бір шариғат үкімімен жойылуы. Алғаш келіп, үкімі жойылған мәтін «мансұх» деп аталса, кейін келіп, алдыңғы үкімді жойған мәтін «насых» деп аталады.

Әсілінде, насых шариғатта осылай танылғанымен, тарихта оны кейбір сахабалар мен кейін келген, жекелеген ғалымдар басқа мағыналарда қолданған. Мысалы, Ибн Масғуд (р.а.) муташабиһ²⁷⁰ аяттарға – мансұх, мухамм²⁷¹ аяттарға – насих сөзін қолданған. Бұл көзқарасты Айша (р.а.) мен Абдуллаһ ибн Зубәйр (р.а.) де ұстанған. «Құранның тәржімашысы» деп танылған Ибн Аббас та (р.а.) мухамм және муташабиһ аяттарды насых дегені секілді, кейбір деректерде истиснаны²⁷² да насых деп түсіндірген. Яғни, кейбір сахабалар мен алғашқы кездегі ғалымдар насыхты бір аяттың басқа бір аятпен мансұхталуы не үкімінің жойылуы деп түсінбеген. Олар бір аяттың өзінен бұрын келген аятты түсіндіру жолын, яки Құранның Құранды тәпсірлеу тәсілі болған – истисна, тахсис²⁷³, мухамм аяттарды насых деп білген. Имам әш-Шатиби «Муафақат» атты кітабында олардың әрқайсысына бөлім арнап, кейбір сахабалар мен табиғиндердің «насых» сөзін, кейін келген ғалымдардың қолданысынан басқа мағынада қолданғандығын баяндайды.

Осындай қарама-қайшылық насых теориясының пайда болуына себеп болды. Шах Уәлиуллаһ әд-Дәһләуи²⁷⁴ насых терминінің алғашқы кезде жалпылама мағынада қолданылуы мансұх аяттардың санын шамадан тыс арттырып, бес жүзге дейін жетуіне себеп болғандығын айтады²⁷⁵.

²⁷⁰ Бірнеше ықтимал мағыналары бар, түсінігі қиын келген.

²⁷¹ Мағынасы анық, айқын.

²⁷² Кейбір аят үкімдерінің «иллә» секілді әріптермен жойылуы.

²⁷³ Жалпылама келген мәтіндерді жалқылау.

²⁷⁴ Ахмед ибн Абдуррахим ибн әш-Шаһид Уажихуддин (1703-1762), Шах Уәлиуллаһ әд-Дәһләуи деген атпен мәшһүр үндістандық танымал хадистанушы ғалым, теолог.

²⁷⁵ Шах Уәлиуллаһ әд-Дәһләуи, Әл-Фәузу әл-кабир фи усули әт-тафсир, 84-б.

Бұл тақырыпта сахабалардың бір ауыздан келіспеуі – олардың осы тақырыпқа қатысты пайғамбардан нақты дерек естімегендігін аңғартады.

Имам эз-Заркаши Құран Кәрімнің Ләуху әл-Махфуздан нәзіл болуын «насых» деп түсіндірсе, Ибн Хазым баян және истиснаның насых екендігін алға тартқан. Демек, алғашқы кезде насых тақырыбына қатысты ғалымдардың көзқарастары бір жерден шыға бермеген.

Құран Кәрімде «насых» сөзі төрт аятта келген. Олар: «Бақара» сүресі, 106; «Ағраф» сүресі, 154; «Хажж» сүресі, 52 және «Жасия» сүресі, 29-аяттар. «Нахыл» сүресінің 101-аятында «насых» сөзі келмесе де, ол насых тақырыбына қатысты келген аят деп қабылданған. Бірақ, Құран Кәрімнің ешбір жерінде: «мына аяттың не аяттардың үкімі жойылды»,– деген сөздер жоқ.

Фикһ және фикһ негіздері ғалымдары мен тәпсіршілер үшін насих пен мансұх аяттарын анықтау, ажырата білу – өте маңызды. Оның маңыздылығын көптеген деректерден көруге болады. Мысалы: Алиден (р.а.) жеткен деректе, ол бір қазының жанынан өтіп бара жатып, одан: «Насих пен мансұхты білесің бе?»– деп сұрайды. Ол: «Жоқ»,– деп жауап береді. Сонда Али (р.а.): «Құрыдың және өзгені де құрттың»,– деген. Ибн Аббас (р.а.): **«Кімге (хикмет) білім берілсе, оған көптеген игілік берілген болады»,**– деген аяттағы *«білімді»* – «Құрандағы насих және мансұх, мухкам және муташабиһ, бұрын және кейін келген, харам және халал»,– деп түсіндірген.

Имам эз-Зухри: «Фикһ ғалымдарына насих пен мансұхты анықтау оңайға соқпағаны белгілі»,– дейді.

Құран Кәрімде насих және мансұх аяттар Аллаһ тағаланың әмірі мен тыйымдарында орын алады. Ал иман, әдеп, көркем мінез-құлық құндылықтары қамтылған аяттарда үкімі жүрмейді.

2. Насыхтың шарттары мен анықтау жолдары

Насыхтың шарттары:

а) Күші жойылған (мансұх) үкім – шарифат үкімі болуы керек. Әрі бұл күші жойылмайтын үкім болмауы қажет. Мысалы:

Дін жолында күресу, ата-анаға құрмет секілді мәтіндердің үкімі жойылуы мүмкін емес.

ә) Күшін жоюшы (насих) үкім күші жойылған (мансұх) үкімнен бөлек шариғат үкімі болып, әрі екі үкімнің арасында белгілі бір уақыт болуы тиіс.

б) Екі мәтін арасында насихты қажет ететіндей, мағына қайшылығы болуы керек.

в) Күші жойылатын (мансұх) үкім белгілі бір уақытпен шектелмеуі керек. Егер үкім белгілі бір мерзіммен шектелетін болса, насих болып есептелмейді. Мысалы: **«Аллаһ бір әмірін келтіргенге дейін, оларды кешіріндер, елемендер»** аяты Аллаһтан бұйрық келгенге дейін деп, белгілі бір уақытпен шектегендіктен, мансұх емес.

Насих пен мансұхты анықтаудың жолдары:

Насих – қарама-қайшы мағыналарын біріктіру не жорамалдау мүмкін болмаған екі мәтінде орын алады. Шариғат бекітушінің сөздерінде кереғарлық болмау үшін бірі – насих, екіншісі – мансұх болады. Ал, қайсысы – насих, қайсысы – мансұх екендігі, екі мәтіннің кейін келгенін білдіретін нақты дәлелдерге жүгіну арқылы айқындалады. Солайша, бұрын келгені – мансұх, ал одан кейін келген мәтін – насих болып есептеледі. Бұны келесі жолдар арқылы түсінеміз:

1. Екі мәтіннің бірінде бірі екіншісінен кейін келгендігін білдіретін дәлелдің болуы. Мысалы, Құран Кәрімнің: **«Пайғамбармен оңаша сөйлесуден бұрын садақа беруден тартындыңдар ма? Оны істемесендер де Аллаһ сендерді кешірді. Ал енді намазды толық орындандар, зекет беріндер. Сондай-ақ Аллаһқа, елшісіне бағынындар. Аллаһ істегендеріңнен толық хабар алушы»** («Мужәдәлә» сүресі, 13) және: **«Қазір Аллаһ, сендерден (жүкті) жеңілдетті. Расында, сендерде әлсіздік барын білетін еді. Сондықтан, егер сендерден сабырлы жүз кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал, егер сендерден мың болса, Аллаһтың рұқсатымен екі мыңды жеңеді. Өйткені Аллаһ, сабырлылармен бірге»** («Әнфәл» сүресі, 66), – аяттары мен Аллаһ елшісінің (с.а.с) Муслимнен жеткен: **كُنْتُ**

«نَهَيْتُكُمْ عَنْ زِيَارَةِ الْقُبُورِ، فَزُورُهَا فَإِنَّهَا تُذَكِّرُ الْآخِرَةَ» «Мен сендерді қабірлерге барудан тыйған едім, енді бара беріңдер, себебі ол ақиретті еске түсіреді»²⁷⁶ хадисінің мағыналарынан бұрын не кейін келген мәтінді аңғаруға болады.

2. Сахабалардың бірінен мағыналары қарама-қайшы келген екі мәтіннің бірінің екіншісінен кейін не бұрын келгендігін білдіретін дұрыс хадистің жетуі. Мысалы: Алидің (р.а.): «Аллаһ елшісі бізге жаназада тұруды әмір етті, кейін отырып, бізге де отыруды бұйырды»,– деген сөзі. Сол секілді, сахабаның: «мына аят мына аяттан кейін түсті», «мына аят мына аяттан бұрын түскен» немесе «мына жылы мына оқиғаға байланысты түсті»,– деуі. Ал, сахабаның жекелеген өз көзқарасына сүйене отырып, «мына аят – насих, мына аят – мансұх»,– деп айтуы, аяттың насих не мансұх екендігіне дәлел бола алмайды. Өйткені, бұл тұрғыда сахабаның жеке ижтиһады мен көзқарасы негізге алынбайды.

3. Пайғамбар (с.а.с.) дүние салғаннан кейінгі ғасырларда мұсылман үмбетінің екі мәтіннің қайсысы бұрын не кейін келгендігін бір ауыздан келісіп, анықтауы.

Демек, діни мәтіндердегі насих пен мансұхты анықтауда аяттардың түсу себептері мен меккелік және мәдиналық аяттарды білу, хадистердің айтылу орайы мен тарихын білу маңызды.

Ескерте кететін нәрсе, мағыналары бір-біріне қарама-қайшы екі мәтіннің бірі – нақты (қатғи), екіншісі – болжамды (занни) болған жағдайда, нақты келген мәтін негізге алынып, насых үкімі жүрмейді. Ал, екеуі де нақты, анық болған жағдайда, аталған үш жолмен кейін және бұрын келген мәтінді айқындап, бірі насих, екіншісі мансұх екендігі анықталады.

Егер, қайсысы бұрын не кейін келгендігін анықтау мүмкін болмаса, бірақ мағыналарын біріктіру мүмкін болса, біріктіріледі немесе бірін екіншісінен артық көрсететін себептерге жүгіне отырып, бірі негізге алынады.

Насих және мансұхты анықтауда мына жолдар:

а) ғалымдардың жеке көзқарастары мен ой-пікірлері, яғни ижтиһады;

²⁷⁶ Муслим, Әс-Сахих, 37.

ә) тәпсіршінің ешбір дәлелсіз: «Мына аят – насих немесе мансұх»,– деп айтуы;

б) аяттарды Құран Кәрімдегі орналасу тәртібіне қарай анықтау. Өйткені, Құрандағы аяттар түсу тәртібі бойынша орналаспаған;

в) екі мәтінді жеткізген сахабалардың жас еркешеліктері исламды алғаш не кейін қабылдағандығы мәтіннің бірі насих, екіншісі мансұх екендігін анықтауда көп жағдайда негізге алынбайды²⁷⁷.

3. Насыхқа қатысты көзқарастар

Насых тақырыбындағы көзқарастар :

1. Насых, яғни бір мәтіннің, екінші бір мәтінмен үкімінің жойылуы ақылға қонымды ма?
2. Насыхтың орын алуы мүмкін болса, қалайша орын алады?
3. Құран аяттары арасында насых бар ма?– деген тәрізді негізгі үш мәселе төңірегінде орын алады.

Алғашқы екі мәселе төңірегінде мұсылман ғалымдары арасында айтарлықтай келіспеушілік болмаған. Негізгі көзқарастар Құрандағы шариғат үкімдеріне қатысты кейбір аяттардың басқа аят немесе хадиспен мансұхталуы мәселесіне қатысты өрбиді.

Көпшілік мұсылман ғалымдары насыхтың ислам дінінде де, оның алдындағы діндерде де орын алғандығын қабылдаған.

Яһудилер насыхты түбегейлі жоққа шығарады. Өйткені, олар насыхты қабылдайтын болса, шариғаттарының үкімі жойылатындығын жақсы түсінді. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) ислам діні – бұрынғы шариғаттардың үкімін жойғандығын жариялаған кезде, яһудилер діндерінің қияметке дейін қалатындығын және Мұхаммедтің (с.а.с.) алып келген діні олардың діндерінің үкімін жоя алмайтындығын алға тартып, насыхқа қарсы шықты²⁷⁸.

²⁷⁷ Мұхаммед Абдулазим эз-Зурқани, Мәнәһил әл-ирфан, 2/230-231-б.

²⁷⁸ Эз-Зурқани яһудилердің қасиетті деп санаған, бұрмаланған Тәурат жазбаларында насих пен мансұхтың орын алғандығын айтып, кітаптарынан бірқатар дәлелдер келтірген. Мәнәһилу әл-ирфан, 2/212-б.

Исламның алғашқы кезінде мүшріктер насыхты ислам дінінің кемшілігі ретінде біліп, «Көрмейсіндер ме?! Мұхаммед сахабаларына кеше бұйырғанын бүгін өзгертті, бүгін әмір еткен нәрсесін ертең жояды»,– деп, Исламды қаралауға тырысып бақты.

Сахабалар мен табиғиндер дәуірінде насых тақырыбында көп сөз қозғалмаған. Айтып өткеніміздей, олардың кейбірі Құрандағы истисна, тахсис пен муташабиһ аяттарды насых ретінде танып, бұл тақырыптағы түсініктері кейін келген ғалымдардың көзқарастарынан өзгеше болған.

Муғтазила ғалымдарынан Әбу Муслим әл-Исфাহани²⁷⁹ және кейінгі ғасырларда келген бірқатар ғалымдар «Фуссилат» сүресінің: **«Оның алдынан да, артынан да бұрыстық келмейді. Аса дана, өте мақтаулы Аллаһ тарапынан түсірілген»** («Фуссилат» сүресі, 42),– деген аятына және де басқа дәлелдерге жүгіне отырып, Құран Кәрімде насыхтың орын алмағандығын айтқан. Кейбір ғалымдар Фахруддин әр-Разидің Құрандағы насыхқа қатысты айтқан сөздерінен, оның насыхты қабылдамағандығын түсіндіреді. Осы көзқарасты соңғы ғасырлардағы Құран ілімдерін зерттеуші ғалымдар мен тәпсіршілердің бірқатары да ұстанған. Мысырлық танымал ғалым, доктор Мұхаммед Тауфик Сызқи да осы пікірді қатаң ұстанғандардың бірі. Ол 1906 жылы «әл-Манар» журналына жарияланған «Ән-Насих уә әл-мансұх» атты көлемді мақаласында, өз көзқарасын дәлелдермен баяндаған болатын. Сол секілді Мұстафа Зәйд, Абдулкарим әл-Хатиб, Мұхаммед Әбу Зәһра, Мұхаммед Әсад, Мұхаммед Драз, Мұхаммед әл-Ғазали, Сейд Ахмет Хан, Мұхаммед әл-Худари, Әсләм Жайрапури, Мұхаммед Рашид Рида, Мұстафа Исламоглу, М. Сайд Шимшек, Сүлеймен Атеш, Нәжмуддин Шаһин, Омар Риза Догрул, Хусейн Атай секілді насых тақырыбында зерттеулер жүргізіп, еңбектер жазған тұлғалар бұрыңғы келген ғалымдардың насыхқа қатысты көзқарастарын құптамай, кейбірі Құран Кәрімде үкімі жойылған

²⁷⁹ Әбу Муслим Мұхаммед ибн Бахр әл-Исфাহани 322/934 жылы дүние салған. Муғтазила ұстанымындағы тәпсір, кәләм ғалымы. «Жамиғу әт-тәуил» атты үлкен тәпсір кітабының авторы. Насих және мансұх тақырыбына қатысты да кітабы бар.

аяттардың жоқ екендігін алға тартқан. Кейбір зерттеушілер үндістандық белгілі ғалым Шах Уәлиуллаһ әд-Дәһләуидің де Құран Кәрімде насыхтың орын алуын қабылдамағандығын айтады. Алайда, әд-Дәһләуидің «Әл-Фәузу әл-кабир фи усули әт-тафсир» атты еңбегінде имам әс-Суюти мен Ибн әл-Арабидің мансұх деп тапқан аяттарын зерделей келе, Құранда бар жоғы бес аяттың ғана үкімі жойылғандығын айтқан²⁸⁰.

Бірақ аталған ғалымдар бұрынғы шариғаттардың үкімі жойылғандығын, насыхтың сүннетпен бекітілген шариғат үкімдерінде орын алатындығын теріске шығармаған. Олар көпшілік ғалымдардың насих және мансұх ретінде қабылдаған Құран мәтіндерін – аяттардың бірін-бірі жалқылауы (тахсис) немесе түсіндіруі деп біліп, әртүрлі түсіндірмелер берген.

Мұхаммед әл-Ғазали²⁸¹: «Жүздескен, тыңдаған немесе кітаптарын оқыған барлық замандас ғалымдардың насих тақырыбындағы көзқарастары Құранда кейбір аяттардың үкімі жойылғандығын алға тартқан кейін келген тәпсіршілердің пікірінен өзгеше»,– деген²⁸².

Кейінгі ғасырларда «Құран Кәрімде насих пен мансұх аяттар орын алмаған» деген пікірдің кең таралуына 1970 жылдардағы коммунистер билеген Сомали үкіметінің: «Құран Кәрім жарамсыз, себебі ондағы аяттардың көпшілігі бір-біріне қарама-қайшы, үкімдері жойылған»,– деп жариялауы, тіпті, көзқарастарына қарсы келген ғалымдарды жазалауы түрткі болған. Осы жағдайдан кейін, Мысырдағы әл-Әзһар университетіне қарасты Ислам ілімдерін зерттеу орталығы 1975 жылы ақпан айында жиын өткізіп, аталған пікірді теріске шығарған. Нәтижесінде әл-Әзһар ғалымдарының бірі, доктор Ахмед Хижazi әс-Сақа «Құранда насых жоқ» деген кітап жазған болатын²⁸³.

²⁸⁰ Шах Уәлиуллаһ әд-Дәһләуи, Әл-Фәузу әл-кабир фи усули әт-тафсир, 96-б.

²⁸¹ Мұхаммед әл-Ғазали Ахмед әс-Сақа (1335/1917–1416/1996) – өткен ғасырдың танымал мысырлық мұсылман ойшыл ғалымы. 40-тан астам құнды еңбектердің авторы.

²⁸² Мұхаммед әл-Ғазали, Кайфа натағаамал маға әл-Құран, 107-б.

²⁸³ Әл-Әзһар журналы, 48/3; Мысыр, 1975; Док. Әс-Сайық Али Хусейн, Мадхал әд-дирасати әл-Құрания, 223-б.

Құран аяттарының насых, мансұхына келген кезде, насыхты қабылдамаған ғалымдармен қатар, Құран Кәрімде жүздеген аяттардың мансұх болғандығын алға тартқандар, тіпті, «Тәубе» сүресінің бесінші аятымен үш жүзге тарта аяттар насых қылынған дегендер де бар. Әрине, бұның әсірелеушілік екендігі анық. Әз-Зурқани Құран Кәрімдегі насих және мансұх аяттар турасында әсірелеушілік танытқан ғалымдардың қателіктерінің бес себебін көрсеткен. Олар:

а) Олардың белгілі бір себепке орай бекітілген үкімді себебі жойылуына байланысты мансұх деп ойлауы. Мысалы: Олар, мұсылмандар санының аздығы себепті әлсіздік танытқан шақта, кәпірлердің зорлық-зомбылықтарына қарсы сабырлыққа шақырған аят үкімдері оларға қарсы тұруға бұйырған аяттармен жойылған деп санайды. Әсілінде ол аяттардың үкімі жойылмаған. Керісінше, белгілі жағдайларға қатысты келген болатын. Яғни, Аллаһ тағала мұсылмандардың қатары аз, күш-қуаты әлсіз болған уақытта, оларды аздығы мен әлсіздігі себепті соғыспауға, сабырлыққа шақырған еді. Ал, қатары көбейіп, күш-қуаты артқан кезде, оларға күштілігі мен көптігі себепті кәпірлерге қарсы тұруға бұйырған тұғын. Демек, үкім – себебіне байланысты өзгеруі ықтимал. Себептің аяқталуымен үкім жойылмайды. Әлсіздік пен аздық немесе қуаттылық пен көптік кейін де орын алуы мүмкін.

ә) Исламның жаһілдік дәуірде орын алған істерді жоюын насых деп есептеуі. Мысалы, талақтың үш талақпен, некелесудің төрт әйелмен шектелуі секілді үкімдер. Әсілінде, бұл насых болып есептелмейді. Өйткені, насых шарттарында күші жойылған үкімнің шариғат үкімі болуы керек екендігін айтып кеткенбіз. Аталған және өзге де жаһілдік кезеңдегі исламға жат істердің тамырына балта шабылғаны белгілі. Бірақ, бұл жалпылама үкімі жойылған деп танылғанымен, шариғаттағы мансұх үкімінен емес.

б) Құранда жалпылама мағынадағы аяттарды жалқылап келген аяттар насых деп түсінілуі. Мысалы: **«Ақындарға азғындар ереді (224). Рас, олардың ойпаттарда қаңғып жүргенін көрмедің бе? (225) Рас, олар істемеген істерін айтады (226).**

Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Аллаһты көп зікір еткендер, зұлымдық көргеннен кейін кек алғандар басқа... (227)» («Шұғара» сүресі) аяттарын келтіруге болады.

в) Бірін-бірі түсіндіріп келген кейбір аяттарды насых деп білуі.

Мысалы, олар: **«Ал біреу бай болса, онда тартынсын да біреу жарлы болса, орнымен жесін» («Ниса» сүресі, 6),– аяты: «Негізінен сондай жетімдердің малдарын зұлымдықпен жегендер, олар қарындарын отпен толтырған болады. Сондай-ақ жалындаған тозаққа кіреді» («Ниса» сүресі, 10),– деген аяттың үкімін жойғандығын айтқан. Негізінде, бірінші аят – насих емес, керісінше, екінші аятты баяндап, түсіндіріп келген.**

г) Шын мәнісінде, қарама-қайшылығы жоқ аяттарды – мағыналары бір-біріне қайшы деп табуы. Мысалы, кейбірі: **«Өздеріне берген несібемізден береді» («Бақара» сүресі, 3), «Өздеріне берген несібемізден тиісті орынға жұмсандар» («Мұнафиқун» сүресі, 10),– деген аяттардың мағыналары зекетті бекітіп келген аятқа қарама-қайшы келеді деген оймен, үкімдерінің жойылғандығын алға тартады. Негізінде, аталған екі аяттың да зекетті бұйырып келген аяттарға ешбір қайшылығы жоқ. Онда зекет те, әркімнің өз қалауындағы садақалар мен жақын туыстарына беретін көмек, жәрдемдер де қамтылады.**

Танымал тәпсіршілер мен көпшілік ғалымдар Құран Кәрімде насихтың орын алғандығын қабылдаған. Олар өз көзқарастарын Құран Кәрімнің:

1) **«Бір аятты ауыстырсақ немесе ұмыттырсақ, одан жақсысын, не сол сияқты келтіреміз. Әрине, Аллаһтың әр нәрсеге күші жетуші екенін білмедің бе?» («Бақара» сүресі, 106);**

2) **«Біз бір аяттың орнына басқа аятты ауыстырған кезде, Аллаһ нені түсіргенін жақсы біледі. Алайда, олар пайғамбарға: “Сен анық жалақорсың” дейді. Олай емес. Олардың көбі түсінбейді» («Нахыл» сүресі, 101);**

3) **«Сонда яһудилердің зұлымдықтарының және көптеген адамдарды Аллаһтың жолынан тосуларының салдарынан, оларға халал етілген көптеген жақсы нәрселерді**

оларға арам қылдық. Және де оларға тыйым салынған бола тұра, өсім алулары әрі адамдардың малдарын орынсыз жеулері, сондай-ақ олардан қарсы келгендер үшін күйзелтуші азап әзірледік» («Ниса» сүресі, 160-161);

4) «Сондай-ақ, оларға аяттарымыз ашық дәлел түрінде оқылған кезде, сондай, Бізге кездесуді үміт етпегендер: «Бұдан басқа бір Құран келтір немесе мұны ауыстыр!» – деді. «Оны өз тарапымнан өзгертуіме болмайды. Мен өзіме уахи етілгенге ғана еремін. Расында мен, Раббыма қарсы келсем, ұлы күннің азабынан қорқамын», – де» («Юнус» сүресі, 15);

5) «Саған Құран оқытамыз; сонда оны ұмытпайсың (6). Бірақ Аллаһтың қалағаны басқа. Негізінде Ол көрнеу, көместі біледі» («Ағла» сүресі, 6-7);

6) «Аллаһ қалағанын өшіреді, (қалағанын) қалдырады. Негізгі Кітап, Оның қасында» («Рағыд» сүресі, 39), – деген аяттарымен дәлелдейді.

Олардың пікірі бойынша Құран Кәрім бұрынғы келген сәмәуи кітаптарды насых еткені секілді, жаңа негізі қаланып, уақыт өте дамуын тапқан Ислам қоғамында бұрын келген бұйрықтар мен тыйымдардың, кейінгі келген шариғат үкімдерімен күшінің жойылуы – табиғи құбылыс. Бірақ, насых – сенімге қатысты мәтіндерде орын алмай, шариғаттың бұйрық және тыйымдарында ғана болады. Бұны дініміздің адамдарға берген жеңілдігі деп қабылдауымыз керек. Яғни, Құран Кәрімдегі белгілі бір шариғат үкімінің, кейін келген шариғат үкімімен күшінің жойылуы адамдардың жағдайына орай орын алған. Қандай да бір үкімнің уақытша бұйырылып, кейін адамдардың болмысына, өмір сүрген орталарына сай басқа бір үкімнің бекітілуі Аллаһ тағаланың құлдарына деген мейірімділігін паш етеді.

Насых – сенімге қатысты мәтіндерде орын алмай шариғаттың бұйрық және тыйымдарында ғана болады.

Насыхтың Құран Кәрімде орын алмағандығын алға тартқан ғалымдар, аталған аяттарда келген насыхтың Құранда орын алғандығына емес, жалпы насыхтың ақылға қонымды дүние

екендігін немесе үкімі жойылған бұрынғы шариғаттарға қатысты келгендігін айтады.

4. Насыхтың ақылға қонымды екендігі және бұрынғы шариғаттарда орын алуы

Насыхтың ақылға қайшы келмейтіндігіне күнделікті өмірімізден мысал келтіруге болады. Мысалы, кейде қабылданған шешім, кейін белгілі бір себептерге сай өзгеріп жатады. Бұны дәрігердің науқас адамдарға ем қолдану барысынан, ананың баласын бағып-қағуы мен оқытушының оқушыларына тәлім-тәрбие беру кезінде жеңілден – ауырға, қарапайымнан – күрделіге бірте-бірте көшу тәсілдерінен аңғаруға болады.

Алғашқы пайғамбар – Адам (а.с.) мен ақырғы елші Мұхаммедке (с.а.с.) дейін келген барлық пайғамбарлардың шақырған иман негіздері бір-тұғын. Оған: **«Расында әр үмбетке; “Аллаһқа құлшылық қылыңдар, бұзықтардан аулақ болыңдар” дейтін елші жібердік...»** («Нахыл» сүресі, 36), **«Сенен бұрын бір пайғамбар жіберсек, оған: “Күдіксіз Менен басқа ешбір тәңір жоқ. Онда Маған ғана құлшылық қылыңдар” деп қана уахи етіп, жібердік»** («Әнбия» сүресі, 25),– деген Құран аяттары дәлел. Иман негіздеріне қатысты келген мәтіндерде насых орын алмайды. Ал, әрбір пайғамбарға келген шариғат үкімдерінде бірқатар айырмашылықтар бар. Мысалы, Тәуратта Адам (а.с.) балаларының бір-біріне үйленуге рұқсат етілгендігі, бірақ кейін оның үкімі жойылғандығы айтылады. Сол секілді яһудилердің шариғатында сенбі күндері жұмыс істеуге тыйым салынса, Інжілде бұндай тыйым жоқ. Осы секілді мысалдар, насыхтың шариғаттар арасында орын алғандығына айқын дәлел. Соңғы түскен кітап – Құран Кәрім, бұрын келген кітаптар мен шариғаттарды мансұхтаған.

Ал: **«Жандарыңдағы Тәуратты растаушы Мен түсірген Құранға сеніңдер. Сондай-ақ оған алғаш қарсы келушілерден болмандар»** («Бақара» сүресі, 41), **«Олардың қасындағы**

Тәуратты растаушы Құран – хак» («Бақара» сүресі, 91) секілді²⁸⁴ Құран Кәрімнің кітап иелерінің қолдарындағы кітаптарын растап келгендігін білдіретін бірқатар аяттар барлық пайғамбарлардың алып келген иман негіздеріне қатысты. Өйткені, барлық пайғамбарлар бір иман негіздерін үндеген болатын. Бұл тұрғыда насых орын алмайды. Насых практикалық үкімдерде жүзеге асады. Әрбір елшінің жаңа бір шариғатпен келгендігі белгілі. Құран Кәрім де жалпылама және негіз тұрғысынан бұрынғы шариғаттарды растап келгенімен шариғат үкімдері тұрғысынан оларды мансұхтаған.

Құран Кәрімнің келуімен бұрынғы иләһи кітап үкімдерінің жойылуы заңдылық. Өйткені, Аллаһ тағала: **«Мұхаммед – Аллаһтың елшісі және пайғамбарлардың ақыры»** («Ахзаб» сүресі, 40),– деген. Құранның бұрынғы кітаптардың үкімін жойғандығына мұсылмандар бір ауыздан келіскен. Ал, бұны қабыл етпегендердің басында яһудилер тұрады.

Егер насыхты ақылға сыйымсыз деп қабылдайтын болсақ, бұрын келген шариғаттардың өміршеңдігін қабылдап, Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлығын белгілі бір қауымға ғана шектеген боламыз. Бұл – ислам дінінің негіздеріне қайшы. Өйткені Құран Кәрімде **«Аллаһтың қасында шынайы дін – Ислам»** («Әли Имран» сүресі, 19), **«Біз сені бүкіл әлемге мейірім етіп қана жібердік»** («Әнбия» сүресі, 107) деп айтылған.

5. Насыхтың түрлері

Насыхтың орын алатындығына бір ауыздан келіскен ғалымдар насыхты бірнеше түрлерге бөліп қарастырған. Олар:

1) Құранның Құранмен насых болуы.

Насыхтың бұл түріне, яғни Құран аяттарының Құран аяттарымен насых қылынатындығына ғалымдар бір ауыздан келіскен. Мысалы, әйел адамның бір жыл күту мерзімін (ғидда) көрсеткен аят үкімінің төрт ай он күн күту мерзімін білдірген аят үкімімен жойылуы мысал болады.

²⁸⁴ Сол секілді «Бақара» сүресі, 97; «Ниса» сүресі, 47; «Мәида» сүресі, 48-аяттары.

2) Құранның сүннетпен насых қылынуы.

Құран аяттарының пайғамбар сүннетімен насых қылынуына ғалымдар бір ауыздан келіспеген. Насыхтың бұл түрін кейбірі құптама, басқа ғалымдар «Нәжім» сүресінің: **«Ол өз ойынан сөйлемейді (3). Сөйлегені – көкейіне салынған уахи ғана (4)»** аяттарын негізге ала отырып, пайғамбар сөздері уахиға сүйенгендіктен, яғни мағынасы Аллаһ Тағала тарапынан келген хадистердің болуы себепті пайғамбардың сөздері Құран аяттарын насых қыла алады деген. Бірақ, бұл жерде олар Құранның үкімін жоятын хадистің пайғамбардың жеке көзқарасынан туындамаған болуы керек екендігін ескертеді. Яғни Аллаһ елшісінің (с.а.с.) өзінің көзқарасын білдірген сөзі мен сүннеті Құран аятын насых қыла алмайды²⁸⁵.

Бұл көзқарастарды былайша көрсетуге болады:

а) Құранның ахад хабармен насых болуы. Көпшілік ғалымдар ахад хадистің Құран аяттарының үкімін жоя алмайтындығын айтады. Өйткені Құран мутауатир, күмәнсіз жолдармен жеткен, ал ахад хадистер күмәнді хабар болып есептеледі. Сондықтан, күмәнді хабар күмәнсіз ақиқатты жоя алмайды.

ә) Құранның мутауатир хадиспен насых болуы.

Бұл имам Мәлик, Әбу Ханифа және Ахмед ибн Ханбалдан жеткен бір дерек бойынша және көпшілік мутакаллимдердің көзқарасында рұқсат етіледі. Ал насыхтың бұл түрін имам әш-Шафиғи мен көпшілік Ханбали мазһабын ұстанушылар және Заһирлер²⁸⁶ қабылдамайды.

Сүннеттің кейбір Құран аяттарының үкімін мансұх ете алатындығын құптаған топ «Бақара» сүресінің: **«Біреулеріңе өлім келген шақта, артына мал қалдырса, әке-шешесіне, жақындарына дұрыстықпен өсиет парыз етілді. Өсиет тақуаларға бір міндет»** («Бақара» сүресі, 180) аяты, «Мұрагерге өсиет жоқ»²⁸⁷, – деген хадиспен үкімі жойылғандығын айтады.

²⁸⁵ Әс-Суюути, әл-Итқан, 463-б.

²⁸⁶ Заһирлер діни мәтіндердің сыртқы мағыналарына ғана жүгініп үкім шығаратын топ.

²⁸⁷ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, Өсиеттер кітабы, 6; Әбу Дәуіт, Әс-Сунән, 88; Термези, Әс-Сунән, 5.

Бірақ, бұл хадисті ахад хабар деп білген ғалымдар, оның аталған насых түріне дәлел болуға жарамсыз екендігін алға тартқан. Имам әз-Зурқани – осы көзқарасты ұстанғанымен, насыхтың бұл түрін теріске шығармаған ғалымдардың бірі.

Сол секілді олар «Әнғам» сүресінің: «(Мұхаммед с.а.с.): **«Маған уахи етілгенде, жейтін кісіге жеуге арам болған нәрсені таппадым. Бірақ жемтік немесе ағызылған қан, доңыз еті немесе күнәлі болып, Аллаһтан басқаның атымен бауыздалған мал арам...»**», – де» («Әнғам» сүресі, 145) аятының үкімі – пайғамбарымыздың (с.а.с.) жыртқыштардың азу тістілері мен құстардың тырнақтыларынан тыйғандығы жайлы келген хадисімен мансұхталғандығын жеткізеді²⁸⁸.

Насыхтың осы түріне «Нұр» сүресінде келген зина жасаушының жазасын қамтыған аяттың, пайғамбардың хадис және сүннетімен үкімі жойылғандығын дәлел қылғандар да бар.

Сонымен қатар «Тәубе» сүресіндегі зекет алуға құжылы топтың бірі – муәлләфату әл-қулубқа жататындар; иман келтіруі көзделген, ислам дінін қабылдауды қалаған кәпірлер мен дінді жаңа мойындаған иманы әлсіз мұсылмандар еді. Пайғамбардың көзі тірісінде бұл топтар зекеттен үлесін алатын тұғын. Алайда, Әбу Бәкірдің (р.с.) уақытында Бәйту әл-малға (мұсылмандардың ортақ қазынасы) жауапты болған Омар (р.а.) Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Муғаз ибн Жәбәлді (р.а.) Йеменге қазылыққа жіберген кезде, зекетке қатысты: «Олардың (мұсылмандардың) байларынан алып, кедейлеріне қайтарсын», – деген хадисімен, мұсылман емес адамдардың зекеттен үлес алуы мансұхталғанын айтқан. Оны сахабалардың барлығы қолдаған болатын.

3) Сүннеттің Құранмен насых қылынуы.

Алғашқы кезде мұсылмандар, пайғамбардың бекітуімен намазды Бәйту әл-Мақдиске қарап оқыған болатын, кейін құбыла «Бақара» сүресінің, 144-аятымен Кағбаға өзгерді. Яғни, пайғамбар сүннетінің үкімі – Құран Кәрім аятымен мансұхталған. Насыхтың бұл түріне қатысты ғалымдар арасында келіспеушілік жоқ.

²⁸⁸ Муслим, Әс-Сахих, 1690, Ахмед, Муснад, 5/313, 317.

4) Сүннеттің сүннетпен насых болуы.

Бұл, хадистердің дәрежелеріне қарай орын алады. Яғни, мутауатир хадис – мутауатир және ахад хадистердің үкімін жоя алса, ахад хадис – екінші ахад хадисті насых қыла алады. Ал, оның мутауатир хадис үкімін жоятындығын көпшілік ғалымдар қабылдамайды.

Сүннеттің сүннетпен насых болуына пайғамбарымыздың (с.а.с.) мына хадисін мысал етуге болады. Муслим жеткізген хадистердің бірінде, пайғамбарымыз (с.а.с.): *كُنْتُ نَهَيْتُكُمْ عَنْ زِيَارَةِ الْقُبُورِ، فَرَّوْهَا فَإِنَّهَا تُذَكِّرُ الْآخِرَةَ* «*Мен сендерді қабірлерге барудан тыйған едім, енді бара беріңдер, себебі ол – ақиретті еске түсіреді*», – деген²⁸⁹. Пайғамбардың (с.а.с.) бұл сөзі, бұрын қабірге барудан тыйған хадисінің үкімін жойып отыр²⁹⁰.

6. Құран Кәрімдегі насых түрлері

Құран Кәрімдегі насыхтың төрт түрі бар. Олар:

1) *Аяттың оқылуының да, үкімінің де бірге жойылуы.*

Насыхтың бұл түрін кейбір ғалымдар ғана рұқсат еткен. Олар Айша анамыздан жеткен сүт туыстығын бекітуге он емудің жеткілікті екендігін баяндаған аяттың, бес рет емумен туыстық бекітілетінін білдірген кейінгі аятпен жойылғандығын дәлел қылады. Имам Муслим жеткізген хадисте Айша анамыз: *«Уахи етілген Құран аяттарында белгілі болған он ему харамдықты тудырды (сүт туыстығын бекіткен аят бар болатын). Кейіннен ол, белгілі бес емумен ауыстырылды (үкімі жойылды). Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүние салғанда бұл аяттар Құран аяттарынан болып оқылды»*²⁹¹, – дейді.

«Белгілі болған он ему харамдықты тудырды» деген сөздер Құранда жоқ әрі бұл сөздерден туындаған үкім де қалмаған. Яғни, жоғарыдағы хадистен оның оқылуы да, үкімі де жойылғандығын түсінеміз.

²⁸⁹ Муслим, Әс-Сахих 37.

²⁹⁰ Муслим, Әс-Сахих, 106; Ән-Нәсәи, Әс-Суанн, 100.

²⁹¹ Муслим, Әс-Сахих, 1452.

Хадистің дәрежесі сахих. Айша анамыздың сөзі маукуф хадис болғанымен үкімі марфуғ хадис²⁹² дәрежесінде. Өйткені бұндай сөздерді Айша анамыздың өз ойынан айтуы мүмкін емес. Кейбір ғалымдар бұл деректің ахад хабар екендігін айта отырып, насыхтың бұл түрін құптамаған. Оларға қарсы жауап берген ғалымдар болса, Құран аяттарының түсуін бекіту және насыхтың орын алуы екі бөлек нәрсе дейді. Әрі ахад хабарға аяттардың түсуіне қатысты емес насыхтың орын алуына байланысты жүгініп отырғандықтарын айтады²⁹³.

Сонымен қатар насыхтың бұл түріне бұрынғы шарифаттардың насых қылынуын да жатқызуға болады. Өйткені олардың кітаптары мен ондағы үкімдері де мансұхталды.

2) *Аят үкімінің ғана жойылуы.* Яғни, аяттың үкімі жойылып, оқылуының сақталуы. Мысалы, «Мужәдәлә» сүресінің: **«Ей, иман келтіргендер! Пайғамбармен оңаша сөйлескен кезде, оңаша кездесудің алдында садақа беріңдер»** («Мужәдәлә» сүресі, 12) аяты осы сүренің: **«Пайғамбармен оңаша сөйлесуден бұрын садақа беруден тартындындар ма? Оны істемесеңдер де Аллаһ сендерді кешірді. Ал, енді намазды толық орындаңдар, зекет беріңдер. Сондай-ақ Аллаһқа, елшісіне бағыныңдар. Аллаһ істегендеріңнен толық хабар алушы»** («Мужәдәлә» сүресі, 13), – деген аятымен мансұхталған. Бұл жерде бірінші аяттың үкімі екінші аятпен жойылған. Бірақ аяттың оқылуы сақталған. Осы секілді бірқатар мысалдарды келтіруге болады.

3) *Аяттың оқылуы жойылып, үкімінің сақталуы.* Бұған қарт әрі отбасылы зинақорлардың жазасына қатысты келген аяттың мансұхталуы мысал болады. Яғни Омар ибн әл-Хаттаб пен Убәй ибн Кағыбтан жеткен хадисте: *«Түсірілген Құран (аяттарының) ішінде: «Егер қарт ер мен әйел зина жасайтын болса, ол екеуіне*

²⁹² Марфуғ хадис дегеніміз – тізбегі пайғамбарымызға (с.а.с.) жеткен хадис. Яғни пайғамбарымыздың (с.а.с.) сөзі, ісі және құптағандары.

²⁹³ Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран, 230 б.

міндетті түрде тасборан (жазасын) орындаңдар»,– деген (аят болған)²⁹⁴,– деп келеді.

Бұндай аяттың қолымыздағы Құранда, қарилардың жадында жоқ екендігі белгілі. Бірақ, оның үкімі сақталған.

Сол секілді бұған Убәй ибн Кағыбтың: «Ахзәб» сүресі «Бақара» сүресіне тең келетін немесе ұзақ та болатын»²⁹⁵,– деген сөзі мен жоғарыда сүт туыстығына қатысты айтылған аятты да мысал ретінде келтіруге болады.

Құран Кәрімде насих және мансұх аяттардың орын алғандығын кұптаған ғалымдардың әлсіз тұстары – олардың, Құран Кәрімдегі мансұх аяттардың санына бір ауыздан келіспеуі. Олардың арасында мансұх аяттардың бес жүзге жуық екендігін айтқандармен қатар, оны төрт қана аятпен шектегендер де бар. Мысалы, Абдуррахман ибн әл-Жәузи²⁹⁶ мансұх аяттардың санын –247 десе, Мұхаммед ибн Хазым²⁹⁷–214, Һибатуллаһ ибн Сәләмә²⁹⁸ – 213, Әбу Жағфар ән-Наххас²⁹⁹ – 134 үкімі жойылған аят басын айтқан³⁰⁰. Кейінгі келген бірқатар ғалымдар Жәләлуддин әс-Суютидің көзқарасын қолдай отырып, 22 аят мансұхталғанын айтса, әд-Дәһләуи зерттей келе, үкімі жойылған аяттардың санын бесеуге түсіргенін айттық.

²⁹⁴ Әл-Бәйһақи, Әс-Сунән әс-суғра, 3203; Ән-Нәсәи, әс-Сунән, 7150; Әз-Зәрқаши, Әл-Бурһан, 2/35-37-б. Әз-Зәрқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 2/237-б.

²⁹⁵ Ахмед, Муснәд, 5/132; Ән-Нәсәи, Әс-Сунан, 7150; Әл-Хаким, Мустадрак, 4/359.

²⁹⁶ Жамалуддин Әбу әл-Фәраж Абдуррахман ибн Али ибн Мұхаммед әл-Жаузи (508/1116 - 597/1201) – Ирактық ханбали мазһабының танымал фикһ, хадис ғалымы.

²⁹⁷ Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Хазым (320/1064) жылы дүние салған. Әндалусиялық хадис ғалымы. «Насих және мансұх» атты кітаптың авторы. Бұл танымал фикһ ғалымы, заһири мазһабының өкілі Ибн Хазым емес.

²⁹⁸ Әбу әл-Қасым Һибатуллаһ ибн Сәләмә (410/1019) жылы дүние салған. Тәпсір ғалымы. «Құрандағы насих және мансұх», «Хадистегі насих және мансұх» атты еңбектері бар.

²⁹⁹ Ахмед ибн Мұхаммед әл-Муради әл-Мысри (338/949) жылы дүние салған. Құран ілімдеріне оның ішінде насих және мансұх тақырыбына қатысты бірнеше еңбектері бар.

³⁰⁰ Док. Әс-Сайх Али Хусейн. Мәдхал әд-дирасати әл-Құрания, 230-б

Насых мәселесі Құран ілімдері мен тәпсір негіздеріне қатысты жазылған кітаптарда қарастырылғанымен кейбір ғалымдар бұл тақырыпқа арнайы еңбектер жазған. Оған Қатәдә ибн Диғама, Әбу Ұбайд әл-Қасым ибн Сәлләм, Әбу Жағфар ән-Наххас, Һибәтуллаһ ибн Сәләмә, Ибн әл-Жәузи, Мәкки ибн Әбу Талиб және Жәләлуддин әс-Суюути секілді ғалымдардың еңбектерін айтуға болады.

7. Құран Кәрімдегі мансұхталған аяттардың мысалдары

Имам әс-Суютидің пікірі бойынша: «Бақара» сүресі, 115, 180,183,184, 217, 240, 482; «Әли Имран» сүресі, 102; «Ниса сүресі», 8, 15-16, 53; Мәида сүресі, 2, 42, 106; «Әнфәл» сүресі, 65; «Нұр сүресі», 3, 58; «Тәубе» сүресі, 41; «Ахзаб» сүресі, 52; «Мужәдәлә» сүресі, 12; «Мумтахина» сүресі, 1 және «Муззам-мил» сүресінің 2-4-аяттарынан тұратын 22 аят мансұх болып есептеледі. Осы аяттарға тоқталайық.

«Бақара» сүресіндегі аяттар:

1. «Шығыс, батыс, әр тарап Аллаһқа тән. Сондықтан, қай жаққа бет қаратсаңдар да Аллаһтың жүзі (ризалығы) сол жақта» («Бақара» сүресі, 115) аятының үкімі: «Енді жүзінді Харам мешіті тарапына бұр. Қай жерде болсаңдар да жүздерінді сол жаққа бұрындар» («Бақара» сүресі, 144) аятымен жойылған. Өйткені, алғашқы аятта, намазды құбыладан басқа бағытқа қарап оқуға рұқсат етілсе, кейінгі келген аятта, намазды Харам мешітіне қарай ғана бағыттап оқу қажет екендігін бекітеді. Бірақ, бұл екі аяттың бірі – насих, екіншісі – мансұх екендігіне қатысты әртүрлі пікірлер айтылады. Мәселен:

а) Имам әс-Суюти бірінші аяттың, Ибн Аббастың (р.а.) пікірі бойынша үкімі жойылғандығын айтқан³⁰¹. Қатәдә және басқа да ғалымдар осы пікірді ұстанған.

ә) Ибн Омардың пікірі бойынша, аят – көлік үстінде оқылған нәпіл намазға қатысты келген, үкімі жойылмаған.

б) Мужаһид аятты, дұғаның құбыласына қатысты келгендігін айтқан.

³⁰¹ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 467-б.

в) Кейбір деректерде бұл аяттар насих та, мансұх та емес. Мухкам аяттар болып есептеледі.

2. «Біреулеріне өлім келген шақта, артына мал қалдырса, әке-шешесіне, жақындарына дұрыстықпен өсиет парыз етілді. Өсиет – тақуаларға бір міндет» («Бақара» сүресі, 180) аяты.

а) Көпшілік ғалымдар, бұл аят үкімінің мирас аяттарымен жойылғандығын айтады. Осы пікірді имам әд-Дәһләуи, әз-Зурқани да құптайды³⁰².

ә) Жоғарыда келгендей, ғалымдардың пікірі бойынша, бұл аяттың үкімі пайғамбарымыздың хадисімен жойылған.

б) Кейбір көзқарастар аят үкімінің жойылмағандығын алға тартқан.

3. «Ей, мүміндер! Сендерге бұрынғыларға парыз қылғандай ораза парыз қылынды» («Бақара» сүресі, 183) аятының үкімі, осы сүренің: «Сендерге оразаның кешінде әйелдеріне жақындасу халал етілді» аятымен мансұхталған. Өйткені, бірінші аятта айтылған ораза, бұрынғы шарифаттарда келген оразаға ұқсатылған. Ал, олардың шарифаты ораза түнінде әйелге жақындауға тыйым салған болатын. Екінші аят осы үкімді жойған.

4. «Ораза ұстау қиындық тудыратындар бір міскіннің тамағын төлесін. Сонда кім ынтығып артық жақсылық қылса, ол өзіне жақсы. Білсеңдер сендер үшін ораза ұстауларың тағы жақсы» («Бақара» сүресі, 184),– деген аят үкімі «Сендерден кім рамазан айында болса, ораза ұстасын» аятымен күші жойылған.

Алдыңғы аят оразаға шамасы жете тұра, қиындық туған кезде фидия төлеуді ұғындырса, келесі аят ораза ұстауға шамасы жеткен, тұрғылықты адамдарға ауыз бекітудің міндетті екендігін білдіреді. Ибн Аббастың пікірі бойынша, бұл аяттың үкімі жойылмаған.

5. «Олар сенен құрметті айда соғысу жайлы сұрайды. Оларға: «Ол айда соғысу – зор күнә»,– де» («Бақара» сүресі,

³⁰² Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 2/286-б.

217) аятының үкімі: **«Сондай-ақ мүшіріктер сендермен түгел соғысқандай сендер де олармен түгелдей соғысындар»** («Тәубе» сүресі, 36) аятымен күші жойылған.

Әбу Жағфар ән-Наххастың айтуы бойынша бұл аят үкімінің жойылғандығына Ата ибн Әбу Рабахтан басқа ғалымдардың барлығы келіскен. Дегенмен, көпшілік ғалымдар кейінгі аяттың құрметті айлардан басқа уақыттарға қатысты келгендігін алға тартып, аяттың үкімі жойылмаған деп біледі. Сонымен қатар, құрметті айларда соғысудың тыйым салынуы жалғасын тауып отыр³⁰³.

Басқа көзқарастарда бұл аяттың **«Ал, қашан құрметті айлар шықса, сонда мүшіріктерді қайдан тапсаңдар да өлтіріндер»** («Тәубе» сүресі, 5) аятымен үкімі жойылғандығы айтылады.

6. **«Сендерден қайтыс болып, артында әйелдерін қалдырса, әйелдерің бір жылға дейін (үйлерінен) шықпауына өсиет етсін. Егер өздері шығып, олардың өздеріне байланысты дұрыс істеулерінде сендерге бір жауапкершілік жоқ. Аллаһ аса үстем, хикмет иесі»** («Бақара» сүресі, 240) аятының үкімі, осы сүредегі **«Сендерден қайтыс болып (артында) қалдырған әйелдердің өздері; төрт ай он күн (идда) күтеді. Әрқашан олардың белгілі иддасы бітсе, олардың өздеріне игілікпен істегендері үшін (үйлену үшін киініп, басқаға тұрмыс құруы) сендерге күнә жоқ. Аллаһ не істегендеріңнен толық хабар алушы»** («Бақара» сүресі, 234),– деген аятпен мансұхталған.

Бірінші аятта ері қайтыс болған әйелге бір жыл бойы үйінен шықпауы және сол мерзімде нәпақасының берілуі өсиет етілсе, екінші аятта оның төрт ай он күн мерзім ғана күтетіндігі, осы уақыт аралығында басқа адамға тұрмысқа шығуы тыйым салынатындығы білдірілген. Көпшілік ғалымдардың пікірі бойынша, аталған аяттар насих және мансұх болып табылады. Кейбір зерттеушілер, күйеуі қайтқан жүкті әйелдің бір жыл мерзім күтетіндігін айтып, алғашқы аяттың үкімі жойылмай, тек екінші аятпен тахис (жалқылау) қылынғандығын алға тартқан.

³⁰³ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-Ирфан, 2/290-б.

7. **«Іштеріңдегілерді жарияласаңдар да, жасырсандар да Аллаһ сендерден оның есебін алады» («Бақара» сүресі, 284),– деген аяттың үкімін, келесі келген: «Аллаһ кісіге шамасы келетін міндетті ғана жүктейді» («Бақара» сүресі, 286) аяты мансұхтаған.**

Кейбір ғалымдар Ибн Аббастан жеткен деректерге сүйене отырып, аталған аят үкімінің жойылмағандығын айтқан. Имам әз-Зурқани де бірінші аяттың екінші аятпен мансұхталмай тахсис қылынғандығын (жалқыланғандығын) айтқан ғалымдардың пікірін қолдаған³⁰⁴.

«Әли Имран» сүресіндегі аяттар:

8. Кейбір ғалымдардың айтуынша: **«Ей, мүміндер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да мұсылман болған күйде ғана өліңдер» («Әли Имран» сүресі, 102) аятының үкімі: «Сондықтан, шамаларың келгенінше Аллаһтан қорқыңдар» (Тағабун сүресі, 16) атымен мансұхталған. Имам әс-Суюти: «Әли Имран» сүресінде, осы аяттан басқасы мансұхталған деп айта алмаймыз»,– деген³⁰⁵.**

Имам әз-Зурқани аталған аяттың мансұхталмағанын алға тартқан³⁰⁶.

«Ниса» сүресіндегі аяттар:

9. Кейбір ғалымдар: **«Бөліс кезінде ағайындар, жетімдер және міскіндер келсе, онда оларды құр тастамай бір нәрсе беріңдер де өздеріне сыпайы сөз сөйлендер» («Ниса» сүресі, 8) аятының, мирас аяттарымен үкімі жойылғандығын айтқан. Имам әз-Зурқани сынды ғалымдар бұл аяттың мухкам екендігін, яғни үкімінің жойылмағандығын білдірген³⁰⁷.**

10. «Сондай әйелдеріңнен зина қылғандар, оларға өздеріңнен төрт айғақ келтіріңдер, егер олар айғақ болса. Онда оларды өлгенге дейін, не Аллаһ бір жол қойғанға дейін үйлерде қамандар... (15). Сендерден арсыздық істеген екеуіне де жапа беріңдер. Егер екеуі де тәубе етіп, түзелсе, олардан

³⁰⁴ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 2/292-б.

³⁰⁵ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 466-б.

³⁰⁶ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 2/ 293-б.

³⁰⁷ Бұл да сонда, 2/294-б.

бет бұрындар (тиіспендер). Негізінен Аллаһ тәубені қабыл етуші, ерекше мейірімді («Ниса» сүресі, 15-16) аяттарының, «Нұр» сүресінің: «Зинақор әйел мен ердің әрбіріне жүз дүре соғындар. Егер Аллаһқа, ақирет күніне сенсеңдер; оларға жұмсақтықтарың ұстамасын. Әрі екеуінің жазасын мүміндерден бір тобы көріп тұрсын» («Нұр» сүресі, 2),– деген аятымен күші жойылған. Алайда, бұл аятта көрсетілген жаза, бойдақ зинақор ер мен әйелге қатысты айтылған.

11. «Әке-шеше және жақындарыңның қалдырған нәрселерінің әрқайсысына мұрагер қылдық. Сондай-ақ, сендермен серт байлағандарға да сыбағасын беріндер. Аллаһ әр нәрсені бақылаушы» («Ниса» сүресі, 33) аяты, «Әнфәл» сүресінің: «...және туысқандар Аллаһтың Кітабында бір-біріне тағы жақын» («Әнфәл» сүресі, 75),– деген соңғы аятымен күші жойылған. Ирак фиқһ ғалымдары, аталған аяттың үкімі жойылмағандығын айтады.

«Мәида» сүресіндегі аяттар:

12. «Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың белгілеріне (қажылық амалдарына) құрметті айға құрметсіздік етпеңдер» («Мәида» сүресі, 2) деген аяттың: «Сондай-ақ, мүшріктер сендермен түгел соғысқандай сендер де олармен түгелдей соғысындар» («Тәубе» сүресі, 36),– деген секілді мағынадағы аяттармен үкімі жойылған. Имам әз-Зурқани: «Дұрысырағы аталған аяттың үкімі жойылмаған»,– деген³⁰⁸.

13. «Егер олар саған келсе, араларына үкім бер немесе олардан теріс айнал» («Мәида» сүресі, 42) аятының үкімі, осы сүренің: «Олардың араларына Аллаһтың түсіргенімен үкім ет» («Мәида» сүресі, 49) аятымен мансұхталған. Имам әд-Дәһләуи, әз-Зурқани секілді ғалымдар, екінші аятты бірінші келген аяттың жалғасы ретінде қабылдап аталған аяттың үкімі жойылмағандығын құптаған. Олар: «Бірінші аятта, үкім шығару не олардан теріс айналу – пайғамбардың қалауына қалдырылған болса, екінші аят – пайғамбар үкім шығаруды қалаған кезде, Аллаһтың түсіргенімен үкім етуі талап етілген»,– деп айтқан.

³⁰⁸ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 2/296-б.

14. «Өздеріңнен басқа екі айғақ болсын» («Мәида» сүресі, 106) аяты «Сондай-ақ өздеріңнен екі әділ кісіні айғақ қойыңдар» («Талақ» сүресі, 2) аятымен мансұх етілген. Кейбір ғалымдар Абдуллаһ ибн Аббастан жеткен дерекке жүгіне отырып, бұл аяттың да үкімінің жойылмағандығын айтқан.

«Әнфәл» сүресіндегі аяттар:

15. «Ей, пайғамбар! Мүміндерді соғысқа қызықтыр. Егер сендерден сабырлы жиырма кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал, егер сендерден жүз кісі болса, кәпірлерден мыңды жеңеді. Өйткені, олар түсінбейтін халық» («Әнфәл» сүресі, 65) аятының үкімі: «Әзір Аллаһ, сендерден (жүкті) жеңілдетті. Расында сендерде осалдық барлығын білетін еді. Сондықтан егер сендерден сабырлы жүз кісі болса, екі жүзді жеңеді. Ал, егер сендерден мың болса, Аллаһтың рұқсатымен екі мыңды жеңеді. Өйткені Аллаһ, сабырлылармен бірге» («Әнфәл» сүресі, 66) аятымен мансұхталған. Өйткені, бірінші аятта – бір адамның он адамнан, екінші аятта – бір адамның екі адамнан басым түсуі, бір-біріне қарама-қайшы мағынадағы аяттар болып табылады. Сондықтан ғалымдар, бірінші аяттың үкімінің жойылғандығына келіскен.

«Тәубе» сүресіндегі аяттар:

16. «(Ей, мүміндер!) Жеңіл әрі ауыр түрде соғысқа шығыңдар» («Тәубе» сүресі, 41) аяты, «үзір аяттары» деп саналған: «(Соғысқа қатынаспауда) соқырға бір оқасы жоқ» («Фатх» сүресі, 17), «Қашанда Аллаһқа, Елшісіне ықыласты болған әлсіз жандарға, науқастарға және қаражат таба алмағандарға кінә жоқ» (Тәубе сүресі, 92) және «Онымен қатар мүміндердің біртұтас жауға аттанулары тиісті емес. Сонда әр топтан дін ғылымын үйреніп, олар қайтып келгенде; олардың сақсынулары үшін ескертулері керек емес пе?» («Тәубе» сүресі, 122),– делінген аяттарымен күші жойылған.

«Нұр» сүресіндегі аяттар:

17. «Зинақор ер, зинақор немесе мүшірік әйелмен үйленуге лайық. Зинақор әйел де зинақор немесе мүшірік ермен ғана некелеседі» («Нұр» сүресі, 3),– деген аят үкімі, осы сүредегі: «Іштеріңдегі бойдақтарды, сондай-ақ қолдарыңдағы құл,

күндердің ізгілеріне үйлендіріңдер» («Нұр» сүресі, 32),– деген аятпен мансұхталған.

18. «Нұр» сүресінің: «Ей, мүміндер! Меншіктеріндегі құл-күндер, әлі ержетпеген балаларың, осы үш мезгілде (жандарыңа) рұқсат сұрап кірсін: Таң намазының алдында, түсте киімдеріңді шешкен уақытта және құптан намазынан кейін» («Нұр» сүресі, 58) аятының да мансұхталғандығы айтылады. Имам әз-Зурқани: «Бұл аят үкімінің жойылғандығына дәлел жоқ. Әсілі, бұл аят – мұхам, яғни үкімі жойылмаған»,– дейді³⁰⁹.

19. «Саған бұдан кейін әйелдер (осы әйелдеріңнің үстіне әйел алу) адал болмайды, сұлулықтары қызықтырса да жұбайларыңды ауыстыруға (бірінен ажырасып, орнына басқа әйел алуыңа) болмайды» («Ахзаб» сүресі, 52) аятын, осы сүренің: «Ей, пайғамбар! Расында саған мәһірлерін берген жұбайларыңды, Аллаһ саған нәсіп етіп, иелігінде болған күндерді, сенімен бірге көшіп келген әкеңмен туысқан ерлердің, әкеңмен туысқан әйелдердің, шешеңмен туысқан ерлердің әрі шешеңмен туысқан әйелдердің қыздарын халал қылдық. Сондай-ақ, егер мүмін бір әйел өзін пайғамбарға бағыштаса, пайғамбар онымен некелескісі келсе, бұны өзге мүміндерден ерекше саған халал еттік» («Ахзаб» сүресі, 50),– деген аяты мансұхтаған.

«Мужәдәлә» сүресіндегі аяттар:

20. Көпшілік ғалымдардың көзқарасы бойынша: «Ей, иман келтіргендер! Пайғамбармен (с.а.с.) оңаша сөйлескен кезде, оңаша кеңесудің алдында садақа беріңдер...» («Мужәдәлә» сүресі, 12) аятының үкімі, осы аяттан кейін келген «(Пайғамбармен) оңаша сөйлесуден бұрын садақа беруден тартындындар ма? Оны істемесендер де Аллаһ, сендерді кешірім етті. Ал, енді намазды толық орындандар, зекет беріңдер. Сондай-ақ Аллаһқа және Оның елшісіне бағыныңдар. Аллаһ істегендеріңнен толық хабар алушы» («Мужәдәлә» сүресі, 13),– деген аятпен жойылған.

³⁰⁹ Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқани, Мәнәһилу әл-ирфан, 2/299-б.

21. «Егер жұбайларыңның біреуі кәпірлер жаққа өтіп кетсе де, кейін сендер өш алсаңдар, онда жұбайлары кеткендерге олар сарып еткен мәһірдің мөлшерінен беріндер және өздерің иман келтірген Аллаһтан қорқыңдар» («Мумтахина» сүресі, 11) аяты, кейбір ғалымдардың көзқарасында: «Сондай-ақ Пайғамбарға, жақындарына, жетімдерге, міскіндерге және жолда қалғандарға тиісті екендігін біліңдер. Аллаһтың әр нәрсеге толық күші жетеді» («Әнфәл» сүресі, 41),– деген «олжа аятымен» үкімі жойылған. Үкімі жойылмағандығын айтқан да ғалымдар бар.

«Муззаммил» сүресінің аяттары:

22. «Ей, бүркеніп жатушы! (1) Түнде тұр. Бірақ аз ұйықта (2). Түннің жарымын немесе одан да аздап кеміт (3). Не оған біраз қос. Сондай-ақ, Құранды өте анықтап оқы (4)» («Муззаммил» сүресі, 1-4) аяттарының үкімі, осы сүренің соңында келген: «Сөз жоқ, Раббың, сенің әрі сенімен бірге болғандардан бір топтың, түннің үштен екісіне жақынырақ, жартысында, үштен бір шамасында намазға тұрғаныңды біледі. Сондай-ақ Аллаһ, түнімен күндізді шамалайды. Оған сендердің есептей алмайтындықтарың мәлім. Сондықтан сендерге рақым қылды. Ал, енді, Құраннан жеңіл келгенін оқыңдар» («Муззаммил» сүресі, 20) аят үкімімен жойылған.

Имам әс-Суюти аталған жиырма екі аяттың кейбірінде көзқарастар болғанымен барлығының үкімі жойылғандығын келтірген. Алайда, ол: «Ниса» сүресінің 8-аяты мен «Нұр» сүресінің 58-аяттары мухкам, яғни мансұх қылынбағандығы шындыққа жақын»,– дей отырып, қалған жиырма аяттың нақты мансұхталғанын білдірген³¹⁰.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ *Насых дегеніміз не? Насыхты білудің шаригаттағы маңыздылығы қандай?*
- ✓ *Насыхтың шарттары мен анықтау жолдарын түсіндіріп беріңіз.*

³¹⁰ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 467-б.

- ✓ Насыхқа қатысты ислам ғалымдарының көзқарастары қандай? Бұған өз көзқарасыңызды білдіріңіз.
 - ✓ Құран аятының үкімі жойылып, аяттың сақталуының қандай сыры бар деп ойлайсыз?
 - ✓ Жеңіл үкімнің ауыр үкіммен ауыстырылуы мүмкін бе?
 - ✓ Насых Құран және хадистерден басқа діни мәтіндерде, яғни хабарлар мен әсарларда орын алуы мүмкін бе?
 - ✓ Насыхтың ақылға қонымды екендігі және бұрынғы шариғаттарда орын алуы жайлы не білесіз?
 - ✓ Құран Кәрімдегі насыхтың түрлерін баяндап беріңіз.
-
- ✎ Құранның сүннетпен насых қылынуын қалай түсінесіз? Жауабыңызды мысал келтіре отырып жазыңыз.
 - ✎ Насых мәселесін қолдаған ғалымдардың жүзінген «Бақара» сүресінің 106-108 аяттарының түсу себебін баяндап жазыңыз.

§ 12. Мухкам және муташабиһ аяттар

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Құрандағы мухкам муташабиһ дегеніміз не?
2. Мухкам мен муташабиһке қатысты ғалымдардың қандай көзқарастары бар?
3. Діни мәтіндердегі муташабиһ хабарлардың келу сыры неде?
4. Аллаһ тағаланың сипаттарына қатысты муташабиһ аяттардың түсінігі

1. Құрандағы «мухкам» және «муташабиһ» сөздерінің түсінігі

Араб тілінде «мухкам» сөзі – «тыю», «бекем», «айқын» деген мағыналарды беретін «ихкам» деген түбір сөзден шыққан. Ал, «муташабиһ» сөзі – «ұқсау», «шатасу» деген мағыналарды білдіретін, «ташабух» сөзінен туындаған. Құран Кәрімде осы мағынада: وَأَتُوا بِهِ مَثَابِهَا «**Тағы оның ұқсасы келтіріледі**» («Бақара» сүресі, 25), إِنَّ الْبَقَرَ تَشَابَهَ عَلَيْنَا «**Өйткені бізге (басқа)**

снырға ұқсас келді» («Бақара» сүресі, 70),– деп келген аяттар бар.

Құран Кәрімнің: كِتَابٌ أُحْكِمَتْ آيَاتُهُ «**Бұл –аяттары айқын бір Кітап**» («Һұд» сүресі, 1),– деген аятына зер салсақ, Құран аяттарының барлығы – мухкам, اللَّهُ نَزَلَ أَحْسَنَ الْحَدِيثِ كِتَابًا مَثَابِهَا «**Аллаһ аяттары бір-біріне ұқсас қайталанып отыратын, сөздің ең көркемін Кітап түрінде түсірді**» («Зүмәр» сүресі, 23) аятына көңіл аударсақ, барлығы – муташабиһ, ал: هُوَ الَّذِي أَنْزَلَ عَلَيْكَ «**Ол Аллаһ саған Құран түсірді. Оның ашық мағыналы аяттары бар. Солар Құранның ірге тасы. Екінші ұқсас ұғымда аяттар бар**»,– деген аятты оқысақ, кейбірі – мухкам, кейбірі – муташабиһ екендігін түсінуге болады. Алайда, бұл аяттардың мағыналары бір-біріне қарама-қайшы келмейді. Аяттардың асқан реттілік

пен бекем байланыстары себепті оған тілдік те, мағыналық та тұрғыдан ешқандай кемшілік араласа алмайтындығын түсінсек, бұл тұрғыда барлығы – мұхам. Ал, аяттардың бір-біріне көркемдік, тілдік және мағыналық иғжазы жағынан ұқсас келуі себепті, барлығын муташабиһ деп айтуға болады. Кейбір Құран аяттарының мақсаты айқын келуі себепті мұндай аяттар мұхам деп аталса, кейбірінің мағынасы көмескі, астарлы болуы салдарынан, муташабиһ аяттар деп танылған.

2. Мұхам мен муташабиһ түсінігіне қатысты ғалымдардың көзқарастары

Мұхам мен муташабиһ ұғымына қатысты ғалымдар бірнеше көзқарастар білдірген. Мысалы, имам әл-Алуси Ханафи ғалымдарының көзқарасын: «*Мұхам* – үкімі жойылмаған, мағынасы айқын, *муташабиһ* – қиямет қайым, кейбір сүрелердің басында келген әріптер секілді, мағынасы Аллаһқа ғана мәлім, түсінігі көмескі, ақылмен де, діни мәтіндермен де анықталмайтын мәтін», – деп келтірген. Көпшілік ғалымдар: «Мұхам – мағынасы ашық немесе жорамал арқылы ұғынықты болған, ал муташабиһ – қиямет, дажжал және кейбір сүрелердің басында келген әріптер секілді, Аллаһтың ілімімен нақты мағыналары жасырылған мәтіндер», – деген.

Сол секілді Ибн Аббас және көптеген кәләм ғалымдары: «Мұхам – бір ғана нақты түсінігі бар мәтін болса, муташабиһ – бірнеше ықтимал мағыналарды ұғындырған мәтін», – деп анықтама берген.

Имам Ахмед ибн Ханбал: «Мұхам – баяндауды қажет етпейтін, өздігінен ұғынықты, ал муташабиһ – баяндауды қажет ететін, кейде бір мағынаны, басқа уақытта екінші бір мағынаны беріп, түсінігінде әртүрлі көзқарастар туындатқан мәтін», – деген.

Осы секілді ғалымдардың мұхам мен муташабиһ мәтіндерге берген анықтамалары аталған мағыналардың төңірегінде өрбиді.

Жоғарыдағы анықтамалардан байқағанымыздай, муташабиһ мәтін негізгі ой мен мақсаттың жасырын қалуымен ерекшеленеді. Кейбір мәтіндердің сөзінде көмескілік болса, кейбір мәтіндердің

мағынасында, ал кейбірінің сөзінде де, мағынасында да түсініксіздік орын алуы мүмкін.

– *Мағынасы мәлім, бірақ сөздің түсініксіздігі салдарынан орын алған муташабиһ.* Ол сирек қолданылатын немесе таңсық болған жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінде көрініс табады. Мысалы: **«Жемістер және әббә»** («Абаса» сүресі, 31) аятындағы **«أَبًا»** «**әббә**» сөзінің жалпы мағынасы өсімдік түрі екендігін келесі келген: **«Сендер әрі малдарың пайдалану үшін»** («Абаса» сүресі, 32), – деген аяттан түсінеміз. Ал, сөздің өзі жиі қолданылмауы себепті түсініксіз. Сол секілді бір сөздің бірнеше мағыналарды ұғындыруы салдарынан да сөз муташабиһ деп танылады. Мысалы: **«Сонда аңдып барып, оң қолымен ұрды»** («Саффат» сүресі, 93) аятындағы **«الْيَمِينِ»** сөзі, Ибраһим пайғамбардың пұттарға оң қолмен соққы жасағандығын білдіргені секілді, «өте күшті соққы жасау» немесе «берген антын жүзеге асыру» деген мағыналарды да қамтиды. Бұл мағыналардың қайсыбірі қолданылса да рұқсат етіледі. Бұндай жайт сөз тіркестерінде орын алады.

– *Сөз белгілі болып, мағына көмескілігі себепті орын алатын муташабиһ.*

Оған Құран Кәрімде келген Аллаһ тағаланың сипаттары, қиямет қайым, жаннат пен тозаққа қатысты адам санасына сыймайтын эсхатологиялық мәселелерді қамтыған аяттарды жатқызамыз.

– *Сөз бен мағына көмескілігі себепті орын алған муташабиһ.* Оған Құран Кәрімнен бірнеше мысалдар келтіруге болады. Мысалы, Құрандағы:

«Үйлеріңе артынан кірулерің бір жақсылық емес» («Бақара» сүресі, 189), – деген аяттың мағынасын арабтардың исламға дейінгі әдет ғұрыптарын білмеген адам түсіне алмасы хақ. Ал, аят сөздері қысқа-нұсқа келуі себепті сөздері де муташабиһ болып келген.

Аталған муташабиһ түрлерін Әр-Рағиб әл-Исфәһани өзінің «Муфрадату әл-Құран» атты танымал еңбегінде: «Муташабиһ

сөйлемде үш жақтан орын алады: сөзде, не мағынада, немесе екеуінде де»,– деп қуаттайды. Ол басқа бір сөзінде жалпылама муташабиһ мәтіндерді:

а) «Қиямет қайым, ақырзаманда шығатын хайуан секілді, ешбір адамның мән-мағынасын түсіндіруге шамасы келмейтін муташабиһ;

ә) Барлық адамдардың кейбір таңсық сөздер мен анық келмеген үкімдердің мәнін іздену арқылы біле алатындай дәрежедегі муташабиһ хабарлар;

б) Пайғамбардың (с.а.с.) Ибн Аббасқа (р.а.) «Уа, Аллах! Оған дінде терең түсінік беріп, тәуилді (Құран тәпсірін) үйрет»,– деген дұғасында келгендей, терең түсінікке қол жеткізген жеке-леген ғалымдардың зерттеулер нәтижесінде ғана түсіне алатын муташабиһ хабарлар»,– деп үшке бөліп қарастырған.

3. Діни мәтіндердегі муташабиһ хабарлардың келу сыры

• Кейбір мағыналардың Аллаһ тағаланың ілімімен жасырылуы Жаратқанның пенделеріне деген жарылқауын білдіреді. Мысалы: Қиямет қайымның қай уақытта болатындығын, адамның қашан, қай жерде дәм-тұзы таусылатындығын білмеуі – пенденің қысқа ғұмырын қауіп, қорқынышсыз, жайбырақат өткізуінің кепілі емес пе?! Ал, бұл – Аллаһ тағаланың әлсіз, көп нәрсенің ақиқатын біле бермейтін пендесіне деген мейірімінің көрінісінің бірі.

• Аллаһтың сынағын білдіреді. Дүние сынақ алаңы болғандықтан, кейбір метафизикалық мағыналарды қамтыған муташабиһ мәтіндерге иман келтіріп, не келтірмеу арқылы адам сыналады. Тура жолды ұстанғандар: «Біз бұған иман келтіріп, сендік»,– десе, жүректерінде қыңырлық болғандар, ұқсас мағыналы аяттардың ұғымын іздеп, күпірлікке түседі.

• Адамның әлсіздігі мен ілімінің шектеулі екендігін және Жаратқанның үйреткенінен басқа еш нәрсе біле алмайтындығын көрсетіп, Аллаһ тағаланың ілімі барлық нәрсені қамтитындығын білдіреді. Осыны түсінген адам періштелер секілді: *سُبْحَانَكَ*

لَا عِلْمَ لَنَا إِلَّا مَا عَلَّمْتَنَا إِنَّكَ أَنْتَ الْعَلِيمُ الْحَكِيمُ «Сен пәксің! Біздің, Сенің үйреткеніңнен басқа білеріміз жоқ. Әрине, Сен толық білуші, өте данасың» («Бақара» сүресі, 32),– деп Жаратқанның дәрегейінде басын иеді.

- Кейбір Құран аяттарының көмескі мағыналармен келуінің тағы бір сыры – адамның ақыл-ойы мен қабілетін жетілдіру. Өйткені, кейбір аяттарды түсінуде түрлі көзқарастың туындауы оның астарында ой-пікірді қозғаудың жатқандығы белгілі.

- Құранның тілдік, риторикалық тұрғыдағы мұғжизалығын көрсетеді.

- Құран Кәрімді жеңіл жаттауға септігін тигізеді. Өйткені: «Егер Раббымның сөздері (жазылу) үшін теңіз сия болса, тағы бір сондайды көмекке әкелсек те, әлбетте Раббымның сөздері таусылудан бұрын теңіз таусылар еді»,– де» («Кәһф» сүресі, 109),– деген аятта келгеніндей, Құрандағы терең мағынаны аз сөзбен түсіндіруі себепті, кейбір аяттар муташабиһ деп саналады. Егер, сол мағыналар ұзын сөйлемдермен баяндалған болса, Құран том-том кітаптарға айналған болар еді. Ал, ол өз кезегінде жаттауға қиындық тудыраы сөзсіз.

- Муташабиһ мәтіндер негізгі мән-мағынаға қол жеткізуде қиындық туындатады. Ал, қиындық болған жерде сауаптың артатыны сөзсіз.

- Муташабиһ және мухкам аяттарды зерттеген адам тіл білімі, фикһ негіздері секілді ілімдерден хабардар болуы керек. Сол үшін де мухкам, муташабиһ зерттеушіге бірқатар ілімдерді үйренуге септігін тигізеді.

4. Муташабиһ сипаттар

Аллаһ тағаланың сипаттарына қатысты келген муташабиһ аяттар сипат аяттары немесе муташабиһ сипаттар деп айтылады. Муташабиһтың осы түріне байланысты көптеген ғалымдар қалам тартып, зерттеулер жүргізген.

Муташабиһ сипаттарға қатысты үш мәселеде барлық ғалымдар бір ауыздан келіскен:

а) Аллаһ тағаланың кемелдік сипаттарына лайық болмаған сөздердің сыртқы мағынасын алмау. Олар анық әрі нақты (мухкам) мәтіндерге қайшы келгендіктен, бұндай мәтіндердің сыртқы мағынасы мүлдем мұрат етілмейді деп сенген. Бұл жайлы Ханафи мәзһабының белді ғалымы Али ибн Сұлтан Мұхаммед Мулла әл-Қари: «Алғашқы кездегі салиқалы сәләф ғалымдары да, кейінгі келген (халаф) ғалымдар да мәтіндердің жорамал мағыналарына (тәуил) жүгінген. Себебі олар кейбір мәтіндердің тура мағынасын білудің міндеттелмегенін түсінген. Бірақ бұрынғы өткен ғалымдардың (сәләфтар) жорамалы қысқа тәуилге, ал кейінгі келген ғалымдардың (халафтар) жорамалдары кең тәуилге жатады. Себебі, уақыт өте бидғатшылардың көбеюі, халаф ғалымдарын мәтіндерді кеңірек түсіндіруге итермелеген»³¹¹, – деген.

ә) Ислам дінін түрлі күмәндар мен бұрмалаушылардан қорғау мақсатында муташабиһ аяттардың жорамал мағыналарына жүгіну.

б) Егер муташабиһ мәтіннің түсінігіне жақын бір ғана жорамал мағынасы болса, сол мағынаны алу міндеттеледі. Мысалы: **«Сондай-ақ, Ол қайда болсаңдар да сендермен бірге»** («Хадид» сүресі, 4), – деген аяттағы мағынаны Жаратқан затының пендемен бірге болуы деп түсіну – бұрыс әрі мүмкін емес. Ал, оның бір ғана жорамал мағынасы бар. Ол – Аллаһ Тағаланың барлық жаратылысты қамтыған ілімі, құдіреті, қалауы, естуі мен көруі пендемен бірге екендігі. Ибн Кәсир аятты былай деп тәпсірлеген: «Ол сендерді бақылаушы әрі істеген істеріңді толық көреді. Жерде яки теңізде болсаңдар да, күндіз болсын, түнде болсын немесе үйде яки түзде болсын мұның бәрі оның ілімінде бірдей деңгейде. Мұның бәрі оның көруі мен естуінің шеңберінде. Сондықтан Ол сендердің сөздеріңді толық естіп, орындарыңды толық көреді. Жасырын, құпияларыңды да біледі»³¹², – деп тәпсірлеген.

³¹¹ Сайф ибн Али әл-Асри, әл-Қаулу әт-тәмаму би исбати әт-тафуид мәзһабан ли әс-сәлафи әл-кирам, 213-б.

³¹² Ибн Кәсир, Тафсиру әл-Құрани әл-Азим, 4-том, 280-б.

Алайда, бұдан бөлек ғалымдардың муташабиһ сипаттарға байланысты ұстанымдары үш бағытта өрбиді:

Біріншісі, көпшілік сәләф ғалымдарының көзқарастары. Сәләф – «бұрынғылар» дегенді білдіреді. Оларға – пайғамбарымызды (с.а.с.) көзі көрген сахабалар, сахабалармен жүздескен табиғиндер және табиғиндерді көрген әтбағу әт-табиғиндер жатады.

Сәләф ғалымдары муташабиһ сипатта қолданылған сөздердің ағза мағынасындағы әрі жаратылғандарға тән ерекшеліктерді білдіретін тура мәнін қабылдамаған. Сондай-ақ Аллаһ тағаланы жаратылғандарға ұқсатпастан және мұндай сөздердің Аллаһқа ғана мәлім мағынасының бар екенін қабылдап, жалпылай иман келтірген.

Олардың ұстанымдарының дәлелі ретінде мына деректерді келтіруге болады:

Умму Сәлама анамыздан (р.а.): «Аллаһ сосын аршқа³¹³ истиуа³¹⁴ етті»,– деген аяттың мағынасы сұралғанда: «Қалай болатындығы ақылға сыймайды, ал истиуа, бұл беймәлім емес, бұған сену – иманнан, ал қарсы шығу – күшірлік»³¹⁵, – деп жауап берген.

Имам әд-Дәримиді Сүлеймен ибн Ясардан: «Бірде Ибн Субайғ деген кісі Мәдина қаласына келіп, Құранның муташабиһ аяттары жайлы сөз қозғайды. Омарға (р.а.) келген кезде, Омар (р.а.): «Сен кімсің?» – деп сұрайды, ол: «Мен – Абдуллаһ ибн Субайғпын»,– деп жауап береді. Сонда Омар оны кепкен құрма бұтағымен басынан қан аққанша сабайды»,– деген дерек жеткізген. Басқа бір риуаятта, Омар (р.а.) оның арқасынан бірнеше мәрте ұрып, Әбу Мұса әл-Әшғариге: «Онымен (Ибн Субайғ) ешбір мұсылманды араластырма»,– деп, хат жолдаған. Алайда, кейін Әбу Мұса әл-Әшғари (р.а.) Омарға (р.а.) оның тәубеге келгендігін айтқан

³¹³ Арштың сөздіктегі тура мағынасы – «так» дегенді білдіреді. Сондай-ақ, хадистерде арштың ең үлкен жаратылыс екендігі де білдірілген.

³¹⁴ Истиуа сөзінің тура мағынасы – «отырды, орнықты, жайғасты» дегенге саяды.

³¹⁵ Абдулкарим Татан, Мұхаммед Әдиб әл-Кәйлани, Ауну әл-мурид ли шархи жәуһари әт-таухид, 1/469-б.

сон, Омар (р.а.) адамдардың онымен араласуына рұқсат еткен. Бұл деректен байқағанымыздай, Ибн Субайғ адамдар арасында бүлік шығару үшін Құрандағы муташабиһ аяттарды ұстанып, мағынасы анық келмеген аяттар турасында көп сөз қозғаған еді. Омар ибн әл-Хаттабтың (р.а.) қаталдық танытуы, бүліктің алдын алу үшін болатын. Сол секілді, имам Мәликтің мәжілісіне бір кісі келіп: «Уа, Абдуллаһтың әкесі, «Әр-Рахман аршқа истиуа етті» делінген аят бар. Сонда Ол қалай истиуа етті?» – дейді. Имам: «Истиуа мәлім, ал оның қандай екендігі ақылмен ұғатын дүние емес. Белгілі бір кейіп Аллаһқа жүрмейді. Бұған иман келтіру – уәжіп, ал, бұл туралы сұрау – бидғат»³¹⁶, – деген.

Ахмед ибн Ханбалдан хабари сипатқа қатысты хадистер жайлы сұралған кезде, ол: «Оған (ондай сипаттарға) ешбір мағына берместен әрі белгілі бір кейіпте болады деместен иман келтіреміз әрі растаймыз», – деп жауап қатқан.

Жоғарыдағы Сәләф ғұламаларының муташабиһ сипаттарға қатысты жауабынан олардың:

1. Белгілі бір ағзаны немесе жаратылғандарға тән іс-әрекетті білдіретін сөздердің тура мағынасын Ұлы Жаратушыға телу мүмкін емес. Аллаһ тағала одан пәк;

2. Аллаһ тағалаға ешбір нәрсе ұқсамайтыны секілді, Аллаһ тағала да ешбір нәрсеге ұқсамайды;

3. Сондай-ақ, Аллаһ тағаланы кемшіліктерден пәктеймін деген ниетпен, аяттағы Аллаһ мұрат еткен мағынасын түгелдей жоққа шығармау (таътил);

4. Мұндай сөздердің нақты мұрат етілген мағынасын Аллаһтың шексіз іліміне қалдырып, айтылғанға жалпылай иман келтіру (тафуид) деген секілді негіздерді ұстанғанын байқаймыз.

Ал, хабари сипаттарды түсінудегі екінші бағыт – Аллаһ тағаламен байланыстырыла айтылған, тура мағынасы белгілі бір ағзаны немесе жаратылғандарға тән іс-әрекеттерді білдіретін сөздердің араб тіліндегі Ұлы Жаратушыға лайық келетін басқа ауыспалы мағынасын іздеп, астарлы мәніне жорамал жасау

³¹⁶ Мұхаммед Нағим Мұхамед, Әл-Қанун фи ақайди әл-фирақи уә әл-мэзаһиби әл-исламия, 417-б.

бағыты. Бұл бағыт сәләфу әс-салихиндердің кезінде аз да болса кездесетін. Бірақ, кейіннен ислам жағрафиясының кеңеюі нәтижесінде, мұсылмандар арасында түрлі ағымдар пайда бола бастаған шақта, оларға қарсы тұру үшін бұл бағыттың кеңінен өріс алғанын байқаймыз. Себебі, кейбір топтар хабари сипаттағы сөздердің тура мағынасын негізге алып, «Аллаһтың көзі, жүзі, екі қолы, саусақтары, жаны, аяғы бар, тағына отырады»,– деп, Ұлы Жаратушыға антропоморфтық сипаттар таңа бастаған еді. Бұл жайлы Әбу Ханифа: «Батыс пен шығыстан екі жаман пікір келді. Олар – муғаттила (пәктеу мақсатында Аллаһтың сипаттарын жоққа шығарушылар) мен мүшаббиһа (сөздің тура мағынасын негізге алып, Аллаһқа антропоморфтық сипаттар берген топ). Осындай «мүшаббиһа» сияқты топтардың философиялық негізде жая бастаған түрлі қате пікірлеріне қарсы салиқалы сәләфтар ұстанған: «Аллаһ тағала мұндай сөздер арқылы нендей мағынаны мұрат етіп, қандай сипатты қаласа, соған жалпылай иман келтіреміз»,– деген шынайы мойынсынушылықты білдіретін тәсілі жеткіліксіз еді. Міне, осындай қым-қиғаш кезеңде қарапайым мұсылмандардың санасына сызат, көңілдеріне күдік түсірмеу үшін философиялық пікірлерге ислами қисын жолымен жауап беру қажеттілігі туындады. Осындай қажеттіліктің нәтижесінде, әлгіндей тура мағынасы – Аллаһ тағаланы басқа жаратылғандарға ұқсататын сөздердің ауыспалы мағынасын таңдап, басқа астарлы мәндеріне жорамал жасау тәсілі көптеп қолданыла бастады. Бұл жайлы Абдуллаһ Драз өзінің «әл-Мұхтар мин кунузи әс-сунна» атты еңбегінде: «Халафты тәуил жасауға итермелеген себептердің бірі – мүшаббиһа, мүжәссима және сол сияқтылардың бидғаттарының шығуы еді»,– дейді»³¹⁷,– деген.

Тәуил жасау ұстанымын кейінгі ғасырларда (хижраның III ғасырының соңы) өмір сүрген ғалымдардың көпшілігі ұстанғандықтан – «халафтардың (кейінгілердің) ұстанымы» делінетін болды. Олар хабари сипаттағы сөздердің ауыспалы мағынасы мен астарлы мәнін кездейсоқ емес, араб тілі қағидаларының шеңберінде таңдады. Сондай-ақ, таңдалған

³¹⁷ Абдуллаһ Драз, әл-Мұхтар мин кунузу әс-сунна, 104-б.

мағынаның Құранның мухкам аяттарында анық білдірілген, Ұлы Жаратушының кемел сипаттарына сай келуін басты назарда ұстады. Яғни, мүтәшабиһ аяттарды мухкам аяттардың аясында түсінуге тырысты.

Хабари сипаттарда қолданылған шынайы мәнін айқындау күрделі келетін, Аллаһ тағалаға қатысты сөздердің ауыспалы мағынасы мен астарлы мәніне үніліп, тәуил жасаудың ғұламалар белгілеген бірқатар өзіндік ережелері мен шарттары бар. Олар:

1. Аллаһтың кемелдігі мен ұлықтығына лайық болуы;
2. «Аллаһ тағалаға ешнәрсе ұқсамайды» деген секілді, мағынасы айқын мухкам аяттарға және діндегі жалпы қағидаларға қайшы келмеуі;
3. Араб тілінің ережелері мен тәсілдері шеңберінде жүзеге асуы;
4. Нұрлы ақылға, дұрыс қисынға қайшы келмеуі.

Имам ән-Нәуәуи мүтәшабиһ хадистерді Аллаһ тағаланың ұлылығына лайық мағынада жорамалдауға болатындығын араб тілі тәсілдерінен мысалдар бере отырып айшықтаған.

Атақты хадис ғылымының майталман шебері, мәшһүр ғалым Ибн Хажар әл-Асқалани да өзінің Имам Бұхаридың «Сахихына» жазған «Фатху әл-Бари» атты кең түсіндірмесінің бірқатар жерінде, мүтәшабиһ хадистер мен аяттарға тәуил жасағандығын байқаймыз. Мысалы, пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Құлым Маған бір қарыс жақындаса, Мен оған шынтақтай жақындаймын, ал ол Маған шынтақтай жақындаса, Мен оған бір құшақ жақындаймын. Ал ол маған жүріп келсе, Мен оған жүгіріп барамын»*,– деген, Ұлы Жаратушыдан риуаят еткен кудси хадисі әмбеге аян. Осы хадистегі: *«Құлдың Аллаһ тағалаға қарыс, құшақ мөлшерінде жақындауы және Аллаһқа қарай жүріп келуі»* құлдың Аллаһқа ғибадат, құлшылық арқылы рухани жақындауын білдірсе, *«Аллаһтың шынтақ, құшақ мөлшерінде жақындауы және Аллаһтың құлына қарай жүгіруі»* – Аллаһтың құлына деген рақымдылығының тездігін әрі сауабын еселейтіндігі әдеби тәсілмен, ауыспалы мағынада айтылғандығын білдірген³¹⁸.

³¹⁸ Ибн Хажар әл-Асқалани, Фатху әл-Бари би шархи сахих әл-Бұхари, 15/490-493-б.

Сондай-ақ, Ибн Хажар әл-Асқалани Аллаһ елшісінен (с.а.с.) жеткен хадисте «құлдарының жасаған тәубесіне Аллаһтың қуануын» ауыспалы мағынада «Аллаһтың разылығы» деп түсіндірген. Сонымен қатар, әл-Хаттабидың³¹⁹ және Ибн Әбу Жамраның³²⁰: «Адамдар үшін қолданылатын «қуануды» Аллаһ тағала үшін қолдануға болмайды, бұл жерде ауыспалы мағынада «Аллаһтың разылығын» білдіріп тұр», – деген мәндегі сөздерін де келтіреді³²¹.

Ал, үшінші топ ғалымдар мүтәшабиһ аят-хадистердегі Ұлы Жаратушы сипаттарына қатысты айтылған жорамал, егер араб тілі қолданыстарына жақын келсе, жорамал жасаудан тартынбаған. Араб тілі қолданысынан алыс көрінген тұстарда олар, аят пен хадистерде айтылғанға жалпылай иман келтіріп, мағынасын Аллаһқа тапсыру арқылы, орта жолды ұстануға тырысқан. Бұл жайлы Имам әс-Суюти: «Ибн Дақиқи әл-Ғыйд орта жолды ұстанып: «Егер жорамал (тәуил) араб тілінің талаптарына сай болса, онда оған қарсы шықпаймыз. Ал, егер, араб тілі қолданысынан алыс болса, онда Аллаһ тағаланы жаратылғандарға ұқсату мен кемшіліктерден пәктеп, мұндай сипаттарға жалпылай иман келтіреміз де, мұрат болған мағынасын Аллаһқа тапсырамыз деген», – дейді.

Атақты ғалым Ибн Кәсирді осы бағытты ұстанатындардың қатарына жатқызуға болады. Себебі, ол өзінің «Тафсиру әл-Құрани әл-азим» атты тәпсірінің бірқатар жерінде, мүтәшабиһ аяттардағы сипатқа қатысты сөздердің ауыспалы мағынасын тандап, астарлы мәндерін келтірген. Мысалы, «**Аспанды өз қолымызбен көтердік**» («Зәрият» сүресі, 47), – деген аяттағы

³¹⁹ Әбу Сүлеймен Хамд ибн Мұхаммед ибн Ибраһим ибн әл-Хаттаби (319/931-388/988) – танымал фикһ, хадис ғалымы. Хадистану саласында бірқатар еңбектердің авторы, оның ішінде имам Әбу Дәуідтің «Әс-Сунанына» жазған түсіндірмесі мәшһүр.

³²⁰ Әбу Мұхаммед Абдуллаһ ибн Әбу Жамра әл-Әндалуси – саңылақ сахаба Сағид ибн Ұбаданың ұрпағынан келген хадистанушы ғалым. Ол хижраның 675 жылы дүние салған.

³²¹ Ибн Хажар әл-Асқалани, Фатху әл-Бари би шархи сахих әл-Бұхари, 12/385-б.

«қолымызбен» деген сөзді – «күдіретімізбен» деп, ауыспалы мағынада тәпсірлеп, Ибн Аббастың, Мүжаһид, Қатәдәның, Сәуридің және тағы басқалардың да солай айтқандығын білдірген³²².

Сол секілді, Аллаһ тағаланың Нұх пайғамбарға қарата айтқан: **«Кемені Біздің көз алдымызда және уахиымызбен жаса»** («Һуд» сүресі, 37),– деген аятындағы «көз алдымызда» дегенді көру мүшесі ретіндегі көз емес, ауыспалы мағынада: «Кемені қадағалауымызбен әрі уахи арқылы үйретуіміз бойынша жаса»,– деп тәпсірлеген³²³. Ал, кейбір ауыспалы мағынасын таңдау күрделі келетін тұстарда Ибн Касир тәуилге барып жорамал жасамаған. Аллаһ тағала нені қалаған болса, соған жалпылай иман келтіріп, сөздің адам санасына бірден оралатын тура мағынасының Аллаһқа телінуі мүмкін еместігін білдірген. Ол «Аллаһ сосын аршқа истиуа етті» деген аятқа қатысты: «Бұл жерде Сәләфу әс-салихтардың: Малики, әл-Аузағи, әс-Сәури, Ләйс ибн Сағид және Шафиғи, Ахмед, Исхақ ибн Раһауия һәм басқа да бұрынғы әрі қазіргі мұсылман имамдарының жолын ұстанамыз. Ол жол – мутәшабиһ аяттарда келген Аллаһ тағаланың сипаттарын бұрмалаудан, Жаратушыны жаратылғандарға ұқсатудан (تشبيه) бек сақтанып, аятта айтылған сөздердің Аллаһ мұрат еткен мағынасын жоққа шығармай (تعطيل), үстірт оқып қана өту. Аятта қолданылған сөздердің мүшаббихалар санасына сап ете түсетін тура мағынасы (орнығу, отыру, жайғасу) Жаратушыға лайық емес. Өйткені, Аллаһ тағалаға жаратылыстың ешбірі ұқсамайды. **«Аллаһ Тағалаға ешнәрсе ұқсамайды. Ол толық естиді әрі көреді»** («Шура» сүресі, 11)»,– дейді.

Сонымен қатар, имам әш-Шәукани да кей аяттарда сәләфтардың жолын ұстанып, тәуил жасаудан бас тартса, кей жерінде сөздің ауыспалы мағынасы мен астарлы мәніне үңіліп, жорамалға барған. Мысалы, имам әш-Шәукани **«Барлық билік пен басқару қолында болған Аллаһ тағала өте ұлы әрі бере-**

³²² Ибн Кәсир, Тафсиру әл-Құрани әл-Азим, 13/221-б.

³²³ Ибн Кәсир, Тафсиру әл-Құрани әл-Азим, 7/434-б.

кет иесі» («Мүлк» сүресі, 1),– деген аяттағы «қолында» деген сөзді тура мағынада түсінуден, елестетуден қайтарып, ауыспалы «иесі, құдірет» мағынасын білдірген³²⁴.

Қорыта айтқанда, сәләф ғалымдары болсын, халаф білгірлері болсын, барлығының мақсаты – Аллаһ тағаланы жаратылыстарға тән кемшіліктерден пәктеп, ұлылығына бас ию. Олардың тәсілдері түрлі болғанымен, мақсаты біреу. Сәләфтар: «Мұндай сөздердің тура мағынасы Аллаһқа телу мүмкін емес. Бұл сөздердің Аллаһ Тағаланың Өзіне ғана мәлім мағынасы бар, бірақ, бізге оны білу мүмкін болмағандықтан, ауыспалы мағынасын таңдап, тәуил жасамаймыз»,– деп, ақылға салудан сақтанып, тек мойынсұнған. Ал кейінгі ғалымдар болса: «Құран араб тілінде түскендіктен, онда арабтардың өз араларындағы қолданатын ауыспалы мағынаны білдіретін тәсілдері мен астарлы мәнді меңзейтін әдістері де қолданылған. Белгілі бір ағзаны яки жаратылыстарға тән іс-әрекеттерді білдіретін сөздердің тура мағынасын Аллаһ тағалаға қолдануға болмайтындықтан, олардың ауыспалы мағынасы мен астарлы мәніне қарай жорамалдау қажет»,– деген. Сондай-ақ, олар жасалған жорамал, таңдалған мағына Құранның анық аяттарында білдірілген Аллаһ тағаланың ұлылығына лайық, сипаттарына сай жүргізілгендіктен, тәуил жасауды қате санамаған³²⁵.

☑ Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ *«Мухкам» және «муташабиһ» сөздерінің түсінігін беріп, Құрандағы мухкам және муташабиһ аяттардан мысал келтіріңіз.*
- ✓ *Мухкам мен муташабиһ мәтіндерге қатысты ғалымдардың көзқарастарын баяндаңыз.*
- ✓ *Діни мәтіндердегі муташабиһ хабарлардың келу сыры неде?*

³²⁴ Мұхаммед ибн Али ибн Мұхаммед әш-Шаукани, Фатху әл-қадир, 5/258-б.

³²⁵ Қайрат Жолдыбайұлы, Дін мен діл, 134-172-б.

- ✓ Құран Кәрімде Аллаһ тағаланың сипаттарына қатысты мәтіндердің муташабиһ емес деген көзқарасқа қалай жауап бересіз?

- ✎ Сәләфу әс-салих ғалымдар мен кейін келген (халаф) ғалымдардың Құран Кәрімдегі муташабиһ сипаттарға қатысты түсініктерінің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын нақты дәлелдермен түсіндіріңіз.

§ 13. Құран Кәрімнің мұғжизалығы

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Мұғжиза дегеніміз не және Құран мұғжизалығын қалай түсінеміз?
2. Иғжаз теориясы дегеніміз не?
3. Құран мұғжизалығының қандай түрлері бар?
4. Құранның қияметке дейін сақталуының дәлелдері қандай?

1. Мұғжиза түсінігі мен Құран мұғжизалығы

«Мұғжиза» сөзі араб тілінде – «әлсіздік таныту, шарасыз қалдыру» деген мағынаны беретін «ағжаза» етістігінен туындаған сөз.

Мұғжиза – Аллаһ тағала тарапынан пайғамбарларының қолындағы пайғамбарлығына дәлел ретінде көрініс тапқан, әдеттен тыс әрі адамдар ұқсасын келтіруде дәрменсіз, таңғажайып істер.

Осы сөзден «иғжазу әл-Құран» яғни, «Құран мұғжизалығы» деген сөз тіркесі шыққан. Бұл термин Құранда да, сүннетте де кездеспейді. Алайда, хижраның IX ғасырының бірінші жартысынан бастап, Құранның кереметтілігі мен қайталанбастығын білдіру үшін осы сөз тіркесі қолданыла бастады.

«Пайғамбарлар мұғжизасы» түсінігі, исламдағы секілді басқа да монотеистік діндерде бар. Өйткені, Аллаһ тағаланың пайғамбарларын мұғжизалармен қолдап отырғандығы ақиқат. Әрі мұны Құран аяттарынан да анық көруге болады. Мысалы, Мұса (а.с.) сиқыршылық дамыған қоғамда, сиқыршылардың өздерін таңғалдырған мұғжизамен келсе, Иса пайғамбар (а.с.) өлген адамды тірілтіп, қарсылық пен күпірлік қараңғылығында қалған қауымына өзінің пайғамбарлығын дәлелдеген еді. Көп жағдайда Аллаһтың сүйікті құлдары – пайғамбарлардың мұғжизалары өз кезеңіндегі қоғамға сай ерекше дамып, кең тараған іс-әрекет не өнер түрінен келген. Ақындық пен шешендік өнер шарықтау шегіне жетіп тұрған, ежелгі араб қоғамына Мұхаммед пайғамбар

(с.а.с.) бірінші кезекте тілдік әрі әдеби тұрғыдан теңдессіз мұғжиза – Құран Кәрімді алып келді.

Ақырғы пайғамбар Мұхаммедке (с.а.с.) берілген мәңгілік мұғжиза – Құран Кәрім, сол кездің алдына жан салмаған ақыны мен шешенін Құран Кәрімге ұқсас сөз келтіруге шақырды, алайда олар толық Құран түгілі, қысқа бір сүренің теңін жазуда дәрменсіз қалды әрі қала да бермек.

Құран Кәрім өзінің мұғжизалығын паш етіп:

قُلْ لَئِنِ اجْتَمَعَتِ الْإِنْسُ وَالْجِنُّ عَلَىٰ أَنْ يَأْتُوا بِمِثْلِ هَذَا الْقُرْآنِ
لَا يَأْتُونَ بِمِثْلِهِ وَلَوْ كَانَ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ ظَهِيرًا

«Оларға былай деп айт: Ант етейін, егер адамдар мен жындар мына Құранның ұқсасын жасау үшін жиналып, тіпті бір-бірін қолдап, күштерін жинаса да оған ұқсас бір кітап жаза алмайды» («Исра» сүресі, 88),– деген аятымен, олардан Құранға ұқсас бір кітап жазуларын талап етеді. Алайда, арабтың ақын-шешендері дәрменсіз, үнсіз қала берді. Аллаһ тағала басқа бір аятта:

أَمْ يَقُولُونَ افْتَرَاهُ قُلْ فَأْتُوا بِعَشْرِ سُوْرٍ مِثْلِهِ مُفْتَرِيَاتٍ وَادْعُوا
مَنْ اسْتَطَعْتُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ

«Жоқ, әлде олар (кәпірлер) Құранды өзі құрастырып алды деп жатыр ма? Оларға айт: Егер шыншыл болсаңдар, Аллаһтан басқа шақыра алатындарыңды (жәрдемге) шақырыңдар, (бәрің бірігіп) сендер де сол сияқты құрастырылған он сүре жазыңдар!» – деп («Һуд» сүресі, 13), әншейінде намысшыл келетін шайырлардың намысына тиіп олардан барлығы бірге он сүре жазуларын талап етеді. Бірақ шайырлардың шамасыз халі Аллаһтың бұл талабын да жауапсыз қалдырды. Он сүре жазуға шамалары келмеген шайырларды Аллаһ тағала тағы бір аятта:

وَإِنْ كُنْتُمْ فِي رَيْبٍ مِمَّا نَزَّلْنَا عَلَىٰ عَبْدِنَا فَأْتُوا بِسُوْرَةٍ مِثْلِهِ وَادْعُوا
شُهَدَاءَكُمْ مِنْ دُونِ اللَّهِ إِنْ كُنْتُمْ صَادِقِينَ (۲۳) فَإِنْ لَمْ تَفْعَلُوا وَلَنْ تَفْعَلُوا

فَاتَّقُوا النَّارَ الَّتِي وَقُودُهَا النَّاسُ وَالْحِجَارَةُ أُعِدَّتْ لِلْكَافِرِينَ (۲۴)

«Егер құлымызға түсіргенімізге (Мұхаммедке түсірілген Құранға) күмәндансаңдар, қанеки, бір сүресіне ұқсас сүре жазып әкеліңдер және Аллаһтан басқа сенетіндеріңнің барлығын шақырыңдар, егер шыншыл болсаңдар. Мұны жасай алмасаңдар, ешқашан жасай алмайсыңдар да. Ендеше отыны адамдар мен тастардан тұратын кәпірлерге әзірленген тозақ отынан сақтаныңдар» («Бақара» сүресі, 23-24),– деп, күмәншіл топқа он емес, енді бір ғана ұқсас сүре жазуды бұйырды. Алайда, олардың асқан шешендігі де, тасыған шабыты да Құран сүресіне ұқсас бір ғана сүре жазуға жетпей, оларға өздерінің дәрменсіздігін тағы мойындатады.

Иә, күмән келтіріп, қарсы келуші мүшіріктер үшін олардан талап етілгендей, Құран сүрелеріне ұқсас бір сүре жаза алу – Мұхаммедтің (с.а.с.) дініне тосқауыл қоюдың ең оңай жолы болар еді. Олардың мал-жандарын қатерге тігіп, соғыс жолын таңдауының астарында да міне, осы – Құран сүресінің ұқсасын жаза алмаулары бар болатын. Өйткені, Құран мағынасының тереңдігі мен тәсіліндегі ерекшелігі жағынан арабтардың қара сөздеріне де, өлең шумақтарына да ұқсамайтын.

Тіпті, Мусәйлима атты жалған пайғамбар өзі құрастырған жолдарының Құранға еш келмейтінін білгендіктен: «Мұхаммед маңызды мәселелермен, ал мен болсам кішігірім мәселелермен жіберілгенмін»,– деп ақталған.

Он төрт ғасырдан бері Құран сүрелеріне ұқсас бір сүрені күллі адам баласының жаза алмауы – Құранның Аллаһ тағала тарапынан түскен хақ әрі мұғжиза кітап екендігінің айқын дәлелі.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дәуірінде арабтардың ауыз әдебиеті, сөз өнері, әсіресе, ақындықтың дамуы шыңына жеткені соншалық – ақындар бір шумақ өлеңімен бейбіт жатқан екі елді соғыстыратындай яки қылыштарын қындарынан шығарып, соғысуға дайын тұрған екі елді татуластыратындай дәрежеде болған. Жыл сайын сөз өнерінде жарыстар ұйымдастырылып, алғашқы жеті орынды иеленген шайырлардың есімі мен өлеңдері Қағбаға алтынмен әшекейленіп жазылып, ілініп қойылатын.

Тіпті, сол кездің қара халқының өзі бір-бірімен өлеңдесіп сөйлескен. Міне, сөз өнерінің осындай шыңына жеткен шағында пайғамбарымызға (с.а.с.) Құран түснді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) дәуіріндегі адамдар Құран аяттарын ести салысымен-ақ оның иләһи бастауын бірден сезінген. Мысалы, әл-Уалид ибн әл-Муғира бірде пайғамбарымыздың (с.а.с.) Құран оқып отырғандығын естіп қалады да, қатты толқиды. Беймаза күй кешіп, өзінің тайпаластарына қайта оралады. Ал, олар, оның мына түрін көріп, не болғандығын сұрайды. Сонда әл-Уалид: *«Аллаһпен ант етейін, мен сапасы жағынан адамдардың да, жындардың да айтқанына сай келмейтін сөзді естідім. Ол құлаққа жағымды, құрылымы керемет және шыңырауы жеміске толы, діңгегі қалың, көк майсаға көмілген ағашпен тең. Бұл сөздер басқалардың барлығынан биік және одан ешбірі асып түсе алмайды. Ол адамның қарапайым сөзіне еш ұқсамайды»*, – деп жауап берген екен. Міне, бұл – шешендік өнермен де, ол тектес ғылымдармен де айналыспаған адамның жай-күйі болатын. Ол бар болғаны өзінің ішкі түйсігіне сүйеніп, «не адамның, не жындардың сөзіне ұқсамаған», – деген пікірге келеді. Адамдар Құран сөздерінің теңдессіздік мәні –оның қайталанбастығында, яғни мұғжизалығында екенін түсінген кезде, ғылымның аллегория, метафора, метонимия, стиль деген секілді тағы басқа салаларын зерттеуді дамыта бастады. Одан кейін бұл қызығушылық Құранның риторикалық тұрғыдағы қайталанбастығы туралы ойдың белсенді түрде дамуына ұласты.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) әрбір айтқан сөзінің уахи арқылы келетіндігіне, олардың ойдан шығарылмағандығына сендіргенімен, пұтқа табынушылар оның пайғамбар екендігіне сенбеді. Оны «балшы»³²⁶, «жалған сиқыршы»³²⁷, «есінен адасқан ақын»³²⁸ деп атады. Осы тұрғыда: «Құрайыштар қырық жыл өздерімен бірге тұрып, асқан адалдығымен танымал болған

³²⁶ «Тұр» сүресі, 29.

³²⁷ «Сад» сүресі, 4.

³²⁸ «Саффат» сүресі, 36.

Мұхаммедтің (с.а.с.) шындықты айтып тұрғандығына расында да күмәнданғаны ма?» – деген сұрақ туындайды.

Қалыптасқан дәстүрге сәйкес, арабтар Құран аяттары мен көріпкелдердің және ақындардың сөздері арасындағы айырмашылықты анық білген. Тіпті, олар Құран мен Мұхаммедтің (с.а.с.) үндеулері арасындағы айырмашылықты да сезіп отырған. Уахи етілген қасиетті жазбаның ұйқасы, бәдәуи поэзия майталмандарының өздерін таңдандырған. Мұхаммедке (с.а.с.) қарсы тұру мақсатында белін бекем буған олар, естілген аяттарға қалай қарсы тұрарын білмегендіктен, адамдарды Құраннан алыстату үшін пайғамбарға жолыққан мезетте құлақтарын жауып, әр нәрсені айтып айқайлап, Құранның оқылуын естіртпей, оның айтқанын мүлдем тыңдамауға тырысып баққан³²⁹.

2. Иғجاز теориясы

Құран Кәрімнің стилистикалық және композициялық ерекшеліктері теологтар ғана емес, скептиктер тарапынан да өте мұқият зерттелген. Кейбір авторлар тіпті, иғجاز теориясын жоққа шығарып, құрандық стильден кемшіліктер табуға тырысқан еді. Атап өтетін болсақ, мысалы, Бағдат ойшылы – Ибн әр-Рауанди (IX ғ.) бастапқыда муғтазилілердің көзқарастарын қолдап, кейіннен Құранды сынауға көшкендіктен, діннен шыққан адам деп жарияланған. Өзінің көзқарастарын білдіру барысында ол «кез келген философиялық баяндама өздігінен қайталанбас еңбек болып табылады» деген тезиске сүйенді. Сонымен қатар Әбу әт-Тайиб әл-Мутанабби (965 ж.д.с.), Әбу әл-Ала әл-Мағарри, (1057 ж.д.с.) Әбу әл-Хасан Шамим (1205 ж.д.с.) секілді дарынды ақындар Құранның ұқсасын жазуға тырысып бақты. Мүмкін, бұл қадамға оларды итермелеген нәрсе – Құранмен шешендік тұрғыдан тайталасудың мүмкін еместігіне тағы бір рет көз жеткізуге деген құлшыныс болар. Өйткені, олар басқаларға қарағанда Құранның артықшылықтарын өте жақсы білген. Қалай болғанда да барлығын жақсы түсінген олар, ақыр

³²⁹ «Фұссилат» сүресі, 26.

соңында өздерінің ұқсатуға тырысқан еңбектерін тарихтың таразысына салмастан жойып жіберген.

Көріп отырғанымыздай, Құранның иғжазын мойындау – діни догманы үнсіз мойындаудың нәтижесі болмады. IX ғ. басында Құранның әдеби және көркемдік артықшылықтары туралы ілім жан-жақты дамып, соның нәтижесінде иғжаз туралы түсініктер бай фактологиялық материалдарға сүйенді. Айталық, «ақындар философы» атанып кеткен әл-Мағарри Құранның қайталанбастығын мойындай отырып, «Рисала әл-ғуфран» (Кешірім туралы жолдау) атты трактатында Құранның араб мақалдарынан, өлеңдерінен және ділуар шешендердің ритмдік прозасынан (сажғ) айырмашылығын ерекше атап: «Кез келген аят немесе оның белгілі бір бөлігі жаратылған пенденің сөзімен салыстырғанда, қараңғы түнде жарқырап тұрған жұлдыз не құмды шөл даланың ортасында өсіп тұрған гүл секілді көрінеді», – деп жазады.

Ислам діні мен Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлығының шынайы дәлелі әрі ұлы мұғжиза ретінде Құранның танылуы, ортағасырлық ғалымдарды иғжаз теориясын толыққанды жасап шығаруға итермеледі. Ол ислам теологиясында діннің кез келген догмаларын талқылаған кезде, ақылға жүгінуді талап еткен рационалды көзқарастар пайда бола бастауымен, өзекті мәселеге айналды. Осыған байланысты дінтанушылар: «Құранды басқа пайғамбарлардың мұғжизаларына қарағанда дәлелдірек ететін не? Және де осындай ғажайып нәрсе неге Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) жіберілген?» – деген сұрақтарға жауап іздеді. Бұл тұрғыда мұндай сұрақтар пайғамбарымыздың көзі тірісінде туындаған болса керек деген ой келеді. Өйткені сахих әл-Бұхариде, пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Пайғамбарлардан адамдар сенетіндей нәрсе (мұғжиза) берілмеген бірде бір пайғамбар жоқ. Ал, маған берілген нәрсе – Аллаһ өзіме түсірген уахи. Қиямет күні мен олардың арасында ілесушілері ең көп (пайғамбар) болуды үміт етемін»*³³⁰, – деген сөздері

³³⁰ Әл-Бұхари, әл-Жамиғу әс-Сахих, Құранның қадір қасиеті туралы кітап, 4981.

жеткізіледі. Бұл хадисте мұғжизаларды теологиялық тұрғыдан түсіндіру ғана емес, Құранның ұзақ уақыт бойы Мұхаммедтің (с.а.с.) шынайылығын куәландырып тұратындығын, соның себебінен басқа пайғамбарларға қарағанда оның ізбасарлары көп болатындығына ишарат қамтылған. Басқаша айтқанда, пайғамбарымыздың замандастары ғана емес, олардан кейінгі бірнеше ұрпақ куә болатындығының өзі Құранның мұғжизалығын басқа мұғжизалардан артық етеді. Осы тақырыпты жалғастыра келе зерттеушілер Құранның басқа мұғжизалардан тағы бір ерекшелігін келтіреді; пайғамбарлардың кереметтерін қарапайым көзбен көруге болатын болса, Құранның кереметін тек қана рухани көзбен көре аламыз. Алайда, бұл ерекшелік Құранға дейінгі киелі жазбаларға төмендегі екі себеппен қатысты болмайды. Бірінші, иудаизмде де, христиандықта да киелі кітаптардың қайталанбастығы туралы доктрина жоқ. Екіншіден, ислам дініне сәйкес, Құранға дейінгі жазбалар бастапқы қалпында сақталып қалмаған, кейбіреулерінің тіпті, басқа тілдегі аудармасы ғана сақталған.

Хижраның бастапқы екі ғасырында, мұсылман ғалымдары бір ауыздан иғжазды жазбаның формасы мен мазмұнының кемелділігі деп түсіндірді. Оған уахи етілген тілдің анықтығы мен онда ешбір қарама-қайшылықтың жоқтығын сипаттайтын аяттар негіз болды. Алайда, ғұламалар арасында Құранның кем дегенде қанша бөлігін теңдессіз деп санауға болатындығы туралы бір пікір болмады. Біреулері Құранды толығымен таңғажайып десе, екіншілері Құран деп атауға болатын кез келген сөзді керемет деп есептеді. Басым көпшілігі ең қысқа Құран сүресіне тең келетін кез келген үзіндіні теңдессіз деп санаған болатын. Бұл пікір, ең болмаса Құранға ұқсас бір сүре жазу туралы айтылатын екі аятпен дәлелденеді.

Хижраның III ғасырының бірінші жартысында, Құранның иғжазы туралы пікірталастар традиционалистер мен муғтазилилер арасындағы «Құранның жаратылғандығы» туралы тартыстарға жалғасып кетті. Дәл осы муғтазилілік ортада: «Құран өздігінен кәміл, теңдесі жоқ болып табылмайды, тек тәңірлік тараптан араласу болғандықтан адамдар оған тең келетін нәрсе жаза ал-

май отыр»,– деген ой туындады. Ол «сарфа» (араб тілінен «кері бұру», «қайтару» мағынасында) деген атауға ие болды. Аталмыш концепцияны ғылыми қолданысқа басралық дінтанушы ән-Наззам³³¹ енгізген. Кейіннен онымен шииттік дінтанушылар келіскен еді. Өйткені ол, имамдардың «бейкүнә» екендігі туралы доктринаға сәйкес келетін-ді. Сарфаны қолдағандардың ішінде сүнниттік ғұламалар да болды. Мысалы, Әбу Исхақ әл-Исфираиниді³³² айтуға болады. Олар иғжазды ғайып дүние туралы, өткен күндердегі оқиғалар туралы және адамзаттың болашағы туралы хабарлармен байланыстырды. Олардың пікірінше: «Құранның стилі мен құрылымын қайталанбас дегуге болмайды және адамдар Құраннан да артық жазбалар келтіре алады, бірақ Аллаһ тағала оларға ондай жазбаны жазуға мүмкіндік бермейтіндіктен, олар оны жасамайды»,– деді. Алайда, сарфа тұжырымдамасы ғалымдардың басым көпшілігі тарапынан қолдау таппады. Өйткені, ол Құранға анық қайшы келеді. Сондықтан муғтазилілік көзқарасты ұстанушылардың өзі де, соның ішінде әл-Қадый Абдулжаббар³³³ да оны қатты сынаған.

Бүгінгі таңдағы зерттеушілер сарфа тұжырымдамасын сынай отырып, «Құран иғжазы» сөзінің лексикалық мағынасына баса назар аударады. Ол – Құранның өзі оған ұқсағысы келетін кез келген мүмкіндікті жоққа шығаратындықты білдіреді. Егер де Аллаһ шынымен де адамдарды Құранға ұқсас нәрсені жасаудан қайтаратын болса, бұрынырақтағы арабтар оны «иғжазу Аллаһ би әл-Құран» деп атаған болар еді, яғни әрекет киелі кітапқа емес, Аллаһтың Өзіне таңылған болар еді. Біздің ойымызша бұл айғақ сарфа тұжырымдамасының әлсіздігін білдірмейді,

³³¹ Әбу Исхақ Ибраһим ибн Сайяр ибн Іәни ән-Наззам (185/777-221/836) – Басралық танымал муғтазили ғалымы. Өзінің Наззамия бағытын қалыптастырған муғталили мәзһабының ең көрнекті ойшылы.

³³² Әбу Исхақ Ибраһим ибн Мұхаммед ибн Ибраһим ибн Мәһран әл-Исфираиниді (418/1027 жылы дүние салған) Бағдаттық шафиғи мәзһабының танымал усул және кәләм ғалымы. «Рукнуddин» деген лақап атпен белгілі болған. Бірқатар құнды еңбектердің авторы.

³³³ Әбу әл-Хасан Абдулжаббар ибн Ахмед әл-Асадабади (359/935 – 415/1025) – Муғтазили мәзһабының танымал фикһ және кәләм ғалымы. Бірнеше еңбектердің авторы. Бас қазы ретінде танылған.

өйткені «Құран иғжазы» терминін ғалымдар ойлап тапқан және ол қасиетті жазбаларда кездеспейді. Алайда, ол бұрынғы кездегі мұсылмандардың Құранның мұғжизалығы деп, оның болмысы мен мазмұнының қайталанбастығын түсінгендігіне тағы бір ишарат етеді.

Араб филологиясының дамуымен, иғжаз теориясы да араб риторикасымен қатар дамыды. Осы салада ашғари мектебінің өкілдері елеулі жетістіктерге жетті. Мысал ретінде танымал лингвист ғалым Абдулқаһир әл-Журжанидің «Дәләилу әл-иғжаз», «Әсрару әл-балаға» атты трактаттарын атауға болады. Бұл еңбектер жүйелілігімен ерекшеленген. Кейіннен ғалымның көптеген пікірлері әз-Замахшаридің тәпсірінде кең қолданыс тапты.

Одан кейінгі ғасырларда Құран иғжазы мәселесімен көптеген ғалымдар айналысты. Оларға: мағрибтік Қазы Ияд³³⁴ (544/1149 ж.д.с.), хорезм филологы әс-Саккаки³³⁵ (626/1229 ж.д.с.), мысырлық ғалым Ибн Сурака (662/1264 ж.д.с.) жатады. Олар негізінен өздеріне дейінгі зерттеушілердің айтқан пікірлерін келтірумен шектелді. Сонымен қатар, Құран ілімдерінің іргелі еңбектерін құрастырушы әз-Заркаши мен әс-Суюти де аталмыш теорияға айтарлықтай жаңалық әкелген жоқ. Құран иғжазы тақырыбында жан-жақты материал Мұхаммед Абдулазим әз-Зурқанидің (1948 ж.д.с.) «Манәһил әл-ирфан фи улум әл-Құран» («Құран ілімдеріндегі таным бастаулары») кітабының Құранның мұғжизалығына арналған тарауында келтірілген.

Бүгінгі таңдағы көптеген зерттеушілер Құрандағы ғылыми белгілерге және оның әдеби ерекшеліктеріне баса назар ауда-

³³⁴ Әбу Фадыл Ияд ибн Мұса ибн Ияд әс-Сеути әл-Яхсуби (476/1083-544/1149) – Мағрибтің (Марокко) солтүстігінде орналасқан Сеута қалашығында туып өсіп, кейін сол жердің қазысы болған танымал фикһ, хадис, тарих ғалымы.

³³⁵ Сиражуддин Әбу Яғқуб Юусуф ибн Әбу Бәкір ибн Мұхаммед Али әс-Саккаки әл-Ханафи (555/1160-626/1229) – Хорезмдік ғалым, араб тілі мен әдебиетінің қас маманы.

руда. Айша Абдурахман³³⁶ (1998 ж.д.с.) «Әл-Иғжаз әл-баяни лил-Құран» атты еңбегінде, жекелеген лексикалық бірліктерге мәтіннің (контекст) әсерін анықтап, Құрандағы сөз саптау мәнері мен стилистикалық тәсілдердің кемелділігін атап көрсеткен.

Ал, батыстық исламтанушылардың еңбектерінде иғжаз теориясы әдетте, ретроспективтілік жағынан қарастырылады. Иудейлік, христиандық дәстүрлерде киелі кітаптардың мұғжизалығы туралы түсінік орын алмаған. Батыс зерттеушілері христиан полемисттерінің, иудей ойшылдары мен философ-материалистердің өз еңбектерін араб тілінде жазып жатқандарына қарамастан, он төрт ғасыр бойы ешбірінің Құранның өзіне ұқсас нәрсені жазуға шақыруына жауап бере алмауларының себебін іздеді. Құранды ағылшын тіліне аударған Э.Г.Палмер (1882 ж.д.с.) Құран аяттарының қайталанбастығын Құранның ұқсасын келтірудің еш мүмкін еместігіне арабтардың әу бастан-ақ көнгендігімен түсіндіреді. Сонымен қатар, қазандық миссионер шығыстанушы Г.Саблуков та (1880 ж.д.с.) иғжаз теориясын жоққа шығаруға тырысып: «Құран стилінің ғажайыптылығы – тек қана араб тілінің ерекшеліктерімен, оның лексикасының байлығымен және құлаққа жағымды фонетикасымен байланысты»,– деген пікір айтқан.

3. Құран мұғжизалығының түрлері

1. Құран тәсілі (стили) мен тілі

Құранның тәсілі – сөйлемдердің құралуында лайықты сөздердің таңдалуымен өзіне тән ерекше түсіндіру әдісі. Құран Кәрімнің өзіндік ерекше тәсілінің болуы таңғаларлық жайт емес. Өйткені, Жаратушы мен жаратылған сөзінің арасында айырмашылықтың болуы заңдылық.

Әрбір сөз иесінің сөзін жеткізудегі тәсілі мен мәнері әртүрлі болғаны секілді, бір адамның таңдалған тақырыпқа сай өз сөзін әртүрлі тәсілдермен жеткізуі мүмкін.

³³⁶ Айша Мұхаммед Али Абдуррахман (1330/1913-1419/1998) – Бинт әш-Шати деген атпен танымал. Мысырлық ойшыл исламтанушы, әдебиетші, жазушы.

Біз айтып отырған тәсіл – әдеттегі сөйлем құрайтын кез келген сөздер мен сөз тіркестері емес, ол сөз иесінің белгілі сөздер мен сөз тіркестерін таңдау жолы. Сол себепті де әр адам, сөзін жеткізуі барысында сол тілдің заңдылықтарын қолданғанымен, әрбірінің сөйлеу мәнері мен тәсілдері әрқилы болып келеді.

Құран Кәрім де сол кезеңдегі арабтардың күнделікті қолданысындағы араб тілінде, яғни белгілі әріптерден құралған сөздерді, сол сөздерден құралған сөз тіркестері мен сөйлемдерді қамтып, тілдің қалыптасқан заңдылықтарына сай түскен еді. Демек, Құран сөзі сол кездегі арабтарға бейтаныс болған жоқ-тын. Әйтсе де Құран – ғажайып, өзіндік теңдессіз сөз саптау тәсілімен ерекшеленіп, шешендіктің шарықтау шегіне шыққан шайырларды еріксіз мойындатқан-ды.

Егер Құран арабтарға таныс болмаған бөгде бір тілде түссе немесе сол ортаға белгісіз болған сөздер мен сөз тіркестерін қолданған болса, олар Құранның ұқсасын келтіре алмаудағы себептерін айтып, ақталып: **«Аяттары неге ашық баян етілмеген? Арабқа бөгде тілде айтыла ма?»- дер еді** («Фус-силат» сүресі, 44). Сондықтан Аллаһ тағала Құран Кәрімнің бірнеше жерінде: **«Расында түсінулерің үшін оны арабша Құран қылдық»** («Зухруф» сүресі, 3),– деп, арабтардың Құранға қарсы уәж айту мүмкіндігін жойды.

Бұл айырмашылықты өз ісін өте жетік меңгерген шебер тігінші мен қарапайым тігіншінің туындылары арасындағы парықтан байқауға болады. Мұндағы айырмашылық – киім тігу барысында қолданылған материалдарға, құрал-сайманға, жалпы тігу ісіне байланысты емес. Негізгі ерекшелік – шебер тігіншінің материалды дұрыс таңдап, үйлестіре білуі мен өзіндік ережелерді ескере отырып, туындыны әсем кейіпке келтірудегі қайталанбас тәсілінде еді.

Құранның тілдіктұрғыдан мұғжизалығының көпқырларының бірі де оның ерекше баяндау тәсілінде. Көпшілік ғалымдар Құран тәсілін (стили) жеке тақырып ретінде де қарастырып, оған Құран Кәрім сүрелерінің арасындағы тығыз байланыс, сондай-ақ аяттардың, тіпті, әріптердің арасындағы іліктестік, дыбыс және лексикалық үйлесімділік, барлық әдеби жанрлардан бөлек

болуы және баяндауындағы кереметтілік пен бір сәтте әрқандай деңгейлерге үндеу тастауы секілді ерекшеліктерді жатқызған.

Құраннан қысқа бір бөлім оқыған адам, аяттардың кезек-кезек келуіндегі сәйкестіктің әсері өзін баурап алғандығын сезеді. Құран сөздеріндегі, әріптер мен характертеріндегі, созулар мен тоқтаулар жүйесіндегі құлаққа жағымды, рухқа әсерлі ырғақты көреміз. Араб тілін білмейтін біреудің өзі Құранның оқылуына құлақ түрсе, әсерлі әрі өзгеше бір теңдессіз дыбыс үйлесімділігін, әріптің орналасуы мен сөздердің реттелуіндегі керемет лексикалық әдемілікті сезінеді.

Арабтар білетін әдеби жанрлар: өлең мен қара сөз болатын. Ақынның белгілі қалыптағы ұйқасты өлеңі болуы шарт болса, қара сөз иесі белгілі бір ойдың төңірегінде өрбіген шығармасымен танылды. Ал, Құран бұлардың ешқайсысына жатпайды. Өйткені ол – өлең де, қара сөз де емес еді. Тыңдаушының ешбірі Құран үндеуінен мақұрым қалмай, әркім өзінің түсінігі мен қабілетінің деңгейіне және саласына қарай аят мазмұнынан түсінік алады.

Құран тәсілі мен адамдардың сөз саптау тәсілі арасында да жер мен көктей айырмашылықтар бар. Оны Құран Кәрім мен даналыққа толы пайғамбар сөздері арасындағы парықтан-ақ көруге болады. Ерекшелігі сондай кез келген араб тілін білетін адам, мағыналары бір болып келетін Құран аяттары мен хадистерді, «мынау – аят», «мынау – хадис» деп оп-оңай ажырата алады. Арабтар пайғамбарымыздың хадистерін сөздеріне ұқсас деп біліп, ал Құранды сөйлеу тәсілдерінің ешқайсысына ұқсата алмай, қайран қалған. Себебі Құранда арабтардың қара сөзіне де, өлеңіне де ұқсамайтын, жалпы адами сөйлеу тәсілдерден мүлдем өзгеше өзіне ғана тән иләһи тәсіл бар.

Құранды оқығанда Аллаһтың ұлылығы мен жаппарлығының үні байқалып, сөздің жұмыр басты адамнан емес, әлемдердің Ұлы Жаратушысынан екендігі сезіледі. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бір-бірінен тым бөлек екі тәсілді әр жерде ажыратып қолдануы, Құранның иләһи екендігінің ашық дәлелі болса керек.

2. Иғжаздың стилистикалық аспектілері

Жоғарыда байқағанымыздай, ислам теологиясында Құранның қайталанбас аспектісіне қатысты әртүрлі көзқарастар бар. Жалпы оларды: стилистикалық және мазмұнды деп, екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Кейбір зерттеушілер Құран лексикасының кереметтілігіне баса назар аударады. Біріншіден, Құрандағы сөздер өздігінен кемшілік атаулыдан ада және өзара керемет үйлеседі. Алты мыңнан астам Құран аяттарын қарап зерделесек, олардың ішінен морфология ережелеріне сәйкес келмейтін, иә құлаққа жағымсыз келетұғын не бұрыс ассоциация туындататын ешбір тұс таба алмайсыз. Екіншіден, Құран лексикасы қандай да бір араб тайпасының лексикасымен шектелмейді. Керісінше, Құранда әртүрлі тайпаларға (құрайыш, һузайыл, тамим, һауазин және т.б.) тән сөздер мен синтаксистік құрылымдар кездеседі. Сонымен бірге, ислам дәуірінде де, ертеректе де барлық тайпаға тән диалектіні жетік меңгеру, әрі оны шеберлікпен бір жазбада қолдана білу – арабтардың ешбірінің қолынан келмеген іс. Бір сөзбен айтқанда, Құранның ғажайыптылығы – оның лексикасының байлығы мен іріктеп алынған сөздерінің мәнерлілігінде.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, бұл аспект Құранның мұғжизалығын тек толықтырып қана қояды. Олар: «Мұғжизалық деп – назмды, яғни сөздердің, олардың мағыналарының және олардың арасындағы байланыстың үйлесімділігін айтамыз», – деген пікір келтіреді. Басқаша айтқанда, тек Құранда ғана сөздер мен олардың мағынасын қолдана білу өнері шыңырау шегіне жеткен. Ондағы әрбір сөз тек қана өзіне тиесілі, ең дұрыс орнында тұр және соның себебінен, оның астарында жатқан мағына толығымен ашылады да барлық мәтін толық үйлесімділікке жетеді. Бұл пікір көптеген бұрынғы ғалымдар, олардың ішінде әл-Хаттаби тарапынан айтылған. Алайда, аяттардың формасы мен мазмұны арасындағы өзара байланыстылықты ең бірінші болып, анық көрсеткен Абдулқаһир әл-Журжани болды.

Құран Кәрім жиырма үш жыл бойы біртіндеп түскендігіне қарамастан, оның 114 сүресінің әрқайсысы біртұтастығымен

және мағынасының аяқталғанымен сипатталады. Тіпті, бөлек-бөлек түскен сүрелер мен бірден түскен сүрелердің арасында айырмашылық білінбейді. Мысалы, сексеннен астам мәрте бөлек-бөлек түскен «Бақара» сүресі көркемдік және мағыналық құрылымы жағынан, басым бөлігі бірден түскен «Әнғам» сүресінен ешбір кем түспейді.

Құранның мұғжизалығы туралы айта отырып, дінтанушылар оның тыңдарманға ерекше әсер ететіндігін де сөз етеді. Француз исламтанушысы – Р.Блашер³³⁷, Құран аяттарының араб тілін білмейтіндерге де рухани тұрғыдан жағымды әсер ететіндігін мойындаған. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, Құранның әуені адамдардың жан дүниесіне ғана емес, жануарлардың мінез-құлқына да әсер етеді.

Сонда Құран сөзін соншалық мінсіз және әсерлі қылатын не нәрсе?

Біріншіден, Құрандағы сүрелер, жекелегендерін қоспағанда, аяттарды бір тақырыпқа біріктірмейді. Соның себебінен иләһи насихат тақуалыққа шақырудан – күнәлардан бас тартуға, Аллаһтың нығметтерін еске түсіруден – қатаң ескертулерге, иман келтіргендерге айтылған аяттар – мұнафиқтар мен мүшіріктерге арналған аяттарға ұласып жатады. Өртүрлі тақырыптағы үзінділерді осындай тәсілмен алмастыра отырып, оқырманға әкелу – араб тілін түсінетін аудиторияның қызығушылығын тудыратыны сөзсіз. Өйткені адамдар мінез-құлқы, ақыл-санасының деңгейі мен дінге деген көзқарасына қарай әртүрлі келеді.

Екіншіден, Құран сөзі әуенді және құлаққа жағымды естілетіндіктен, адамдардың жүректерін бірден жаулап алады. Адам табиғатында ырғақты әуендерге жаны құмар келеді. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Құранды әуендете оқуды жөн санағандығының себебі де содан болар. Тіпті, Құранның әуенді-риторикалық кемелдігіне тәнті болған кейбір ақындардың дастандар мен өлеңдер жазудан бас тартқандықтары да кездескен.

³³⁷ Регис Блашер (1900-1973) – танымал француз шығыстанушысы, Құран Кәрімді француз тіліне аударған араб тілі маманы әрі әдебиетші.

Олардың бірі, пайғамбарымыздың (с.а.с.) замандасы – Лабид ибн Рабиға.

Сонымен қатар, Құран аяттарының керемет ұйқастылығын да көреміз. Құранда ритм мен ұйқас үнемі ауысып отырады да ол, Құранның оқылуына интонациялық әралуандылық береді. Ислам діні туралы танымал кітаптың авторы – христиан А. Гильом (1965 ж.д.с.) Құран рецитациясының тыңдарманға гипноз секілді әсер ететіндігін мойындаған. Ол: «Құран, оның қайталанбастығы туралы догманың туындауына негіз болған тілінің балдай әуенімен өзіне тағылған сынды басып тастайды. Шынында да поэзия мен жоғарғы деңгейдегі прозаға бай араб әдебиетінде, оған тең келер ештеңе жоқ»,– деп жазған.

Көріп отырғанымыздай, Құранның мұғжизалығының негізгі аспектілері, оның лексикасымен және фразеологиясымен, оның композициялық біртұтастылығымен қатар, оның әуезділігі, ритмикалығына да байланысты. Біздің ойымызша, иғжазды қандай да бір аспектімен шектеп қою дұрыс емес, өйткені олар өзара байланысты және бірін-бірі толықтырып тұрады. Мұсылман авторлары бұл сұрақты зерттеуге көптеген еңбектер жазды. Олар, Құран стиліне ерекшелік беріп, оны өзге де стильдерден ажыратып тұратын көптеген элементтерді сипаттап берді. Соған қарамастан, иғжаздың құпиясын толыққанды ашу мүмкін емес деп есептеу қажет. Риторика, стилистика және өзге де филологиялық пәндерді зерттей келе, адамдар бұл құпияның тек қана сыртқы формаларын ашады.

3. Иғжаздың мазмұндық аспектілері

Егер де ортағасырлық ғұламалар: «Құранның мұғжизалығы – ең алдымен, оның стилінің ерекшелігіне байланысты»,– деген пікірді алға тартқан болса, кейінгі кезең иғжаздың мазмұндық аспектілерін зерттеуде басымдық танытып отыр. Құран мазмұнының кәмілдігі – оның мәтіні бірнеше жыл бойы түсірілгеніне қарамастан, бір-біріне деген қарама-қайшылықтың жоқтығымен түсіндіріледі. XIX ғ. аяқ кезінен бастап, геология, эмбриология және өзге де ғылыми жаңалықтардың ашылуы, Құран Кәрімде айтылған ғылыми фактілерді дәлелдей түсті.

Осыдан келіп «Құранның ғылыми иғжазы» теориясы туындады. Ал, өткен ғасырдың орта шенінде, мұсылман әлеміндегі саяси-қоғамдық ойдың дамуы, «құрандық заңдылықтың мұғжизалығы» теориясын дүниеге әкелді. Сонымен, бүгінде зерттеушілер иғжаздың үш мазмұндық: астарлы мағына, ғылыми белгілер және мінсіз заң сияқты аспектісін бөліп қарастырады.

а) Астарлы мағына деп – Адам баласы тек қана иләһи хабар арқылы білуі мүмкін болған ақиқат хабарларды айтамыз. Құранда араб халқына беймәлім, тарихи жазбаларда сипатталмаған кейбір өткен пайғамбарлар мен көне қауымдар туралы қиссаларды кездестіреміз. Бұл тарихи хабарлар тұрғысында Құран Кәрімнің:

تِلْكَ مِنْ أَنْبَاءِ الْغَيْبِ نُوحِيهَا إِلَيْكَ مَا كُنْتَ تَعْلَمُهَا أَنْتَ وَلَا
قَوْمَكَ مِنْ قَبْلِ هَذَا فَاصْبِرْ إِنَّ الْعَاقِبَةَ لِلْمُتَّقِينَ

«Міне, бұлар (сендерге) беймәлім әңгімелерден. Оны саған уахи етеміз. Бұдан бұрын оны сен де, қауымың да білмейтін еді. Онда сабыр ет. Расында соңғы табыс тақуалар үшін» (Һуд сүресі, 49),– деген аятында келген.

Құранда сонымен бірге, ислам эсхатологиясын құрайтын болашақ туралы хабарлар да келтіріледі. Зерттеушілер онда: жеке, яғни адамның өлгеннен кейінгі жағдайына қатысты және жалпыға ортақ, яғни ақырзаман мен ақирет туралы екі аспектіні қарастырады. Сондай-ақ, Құранда көз көрмейтін періштелер мен жындар әлемі туралы да баяндалады. Мысырлық ғалым Мұхаммед әш-Шағрауидің айтуынша, Құран әлемге үш нәрсенің: өткен шақтың, болашақ пен осы шақтың есігін ашады. Соңғысына ол, рух пен жүріс тұрыстың құпияларын ашатын адам психологиясына қатысты аяттарды жатқызады.

Құранның бұрын болып кеткен оқиғалар мен келешекте болатын жайттардан хабар беруіне атүсті қарап, оны «адам баласының жазған туындысы» деу ақылға сыймайды.

Құран; болашақта, және сол кезеңде орын алатын, әрі ерте тарихта болған ғайып хабарлардан сыр шертеді.

Келер шақтағы болатын жайттарға қатысты Құранның «Қамар» сүресі, 44-45-аятында келгені секілді, бірнеше жерде

Меккенің мұсылмандар қолына өтіп, олардың жеңіске жететіндігі жайлы хабар берілген.

Сол секілді пайғамбарымыздың (с.а.с.) дәуірінде румдықтар мен сасанилер үнемі бір-бірімен шайқаста болатын. Румдықтар сасанилерден соңғы соғыста қайта бас көтерместей ойсырай жеңіліске ұшырады. Осы жеңілістен кейін румдықтардың бірнеше жылдың ішінде жеңіс тұғырына қайта көтерілетіндігіне ешбір кемеңгер, данышпанның болжам жасауы мүмкін емес еді. Міне, осындай, ешбір болжамның ұшы да көрінбеген кезеңде, Құран Кәрім румдықтардың сол жеңілістерінен кейін, сасанилерді бірнеше жыл ішінде қайта жеңетіндігі туралы дөп басып:

الم (۱) غَلَبَتِ الرُّومُ (۲) فِي أَدْنَى الْأَرْضِ وَهُمْ مِنْ بَعْدِ غَلَبِهِمْ سَيَغْلِبُونَ (۳)
فِي بَضْعِ سِنِينَ لِلَّهِ الْأَمْرُ مِنْ قَبْلُ وَمِنْ بَعْدُ وَيَوْمَئِذٍ يَفْرَحُ الْمُؤْمِنُونَ (۴)

«Рум жеңілді, сендерге ең жақын жерде. Олар бұл жеңілістерінен кейін бірнеше жылдың ішінде қайта жеңіске жетеді...» («Рум» сүресі, 1-4), – деген. Айтылғандай ақ, Румдықтар сасанилерді бірнеше жылдан соң қайта жеңіп, Құранның баянын растайды. Мұсылмандар кітап иелерінен болған румдықтардың пұтқа табынушы мажуси парсыларды жеңгеніне қуанған да болатын.

Сол шақтағы, яғни Құран түсіп жатқан тұстағы ғайып хабарларға келсек, Құран, Аллаһ елшісіне қарсы дін дұшпандары мен мұнафиқтардың астыртын ұйымдастырған қастандықтарын әшкерелеп отырған еді.

Сондай оқиғаның бірі, пайғамбарымызға (с.а.с.) үнемі қарсы келуші Әбу Амир есімді дін дұшпанының нұсқауымен, мұнафиқтардың мешіт салуы. Олар мұсылмандар арасына жік салып, бүлік шығарумен қарсылықты күшейту мақсатында, Құба мешітінің жанынан мешіт салып, пайғамбарды (с.а.с.) сол жерде намаз оқып беруге шақырады. Пайғамбар (с.а.с.) Тәбук жорығына жиналып жатқандығын айтып, арам пиғылдарын іштеріне бүккен оларға, жорықтан келген соң оқып беретіндігін жеткізеді. Алайда, пайғамбарымыз (с.а.с.) жорықтан қайтып келе жатқанында,

оған: «Зиян тигізу, қарсы келу, Мұсылмандардың арасына жік салу және бұрыннан Аллаһ және Елшісіне қарсы соғысқан біреуді күту үшін мешіт жасап алғандар: «Игілікті ғана қалап едік» деп әлбетте ант ішеді. Сондай-ақ Аллаһ олардың барып тұрған жалғаншы екендігіне куәлік етеді (107)», – деген «Тәубе» сүресінің аятымен хабар келеді³³⁸.

Өткен шаққа қатысты хабарлар. Құран: Салих, Лұт, Мұса сияқты пайғамбарлар мен қауымдарының ежелгі дәуірде ғұмыр кешкен мекендерін, өмір сүру ахуалдарын баяндайды. Құранның баяндағанын енді ғана зерттеп тапқан қазіргі археология ғылымы Құранға еріксіз таңғалуда.

ә) Құрандағы ғылыми белгілерге деген қызығушылық салыстырмалы түрде кейінгі ғасырларда пайда болды. Ғалымдар Құранда айтылған көптеген фактілерге ғылыми дәлелдер таба бастады. Мысалы, Құран Кәрімде: әлемнің жаратылуы, адамның эмбрионнан дамуы, таулар мен теңіздердің кейбір ерекшеліктері, атмосфераның қорғаушы қабаты туралы, өзге де ғылыми жаңалықтарға негіз болған аяттар көптеп кездеседі. Алайда, айта кететіні, Құран ғылыми трактат болып табылмайды және онда арнаулы терминдер жоқ. Ал, онда сипатталған ғылыми фактілер Аллаһ тағаланың құдіреттілігі мен Оның пайғамбарының шынайылығын сипаттайтын белгілер ретінде берілгенін естен шығармау керек. Тағы бір мысал ретінде айта кетелік, ертеректе Құранның: «Түсінулерің үшін әр нәрсені жұп-жұп жараттық» («Зәрият» сүресі, 49) аяты, табиғаттағы көптеген қарама-қайшылықтар, яғни күн мен түн, аспан мен жер, су мен от, өлім мен өмір, ер мен әйел және т.с.с. ретінде түсінілді. Ал, кванттық механиканың ашылуымен және дихотомия «зат-антизат» туралы көзқарастардың пайда болуымен, аталмыш аят одан да терең мағынаға ие болды. Мұсылман әлемінде социологияның, политология, психология мен гуманитарлық салалардың дамуы ғұламаларды құрандық заңдардың мұғжизалығын негіздеуге итермеледі.

³³⁸ Ибн Жарир әт-Табари, Жамиғу әл-баян ан тәуил әәи әл-Құран, 11/672-673-б.

б) Аллаһ тағаланың шариғатының мінсіздігі – ерте исламдық дәуірден бастау алады және олар құрандық тезистерге сүйенеді. Құран Кәрімде: **«Олар жаһилдік дәуірінің үкімін іздей ме? Анық нанған ел үшін Аллаһтан жақсы үкім беруші кім? («Мәида» сүресі, 50)»**,– делінген. Алайда, шариғаттың иғжазбен байланысына қатысты толыққанды теориялар тек өткен ғасырдың орта шенінде пайда бола бастады. Мысалы, әз-Зурқани Құран заңдарының мұғжизалығын оның рухани және материалдық үйлесімділікті қамтамасыз ете отырып, жеке тұлғаның да, қоғамның да қажеттіліктерін қанағаттандыратындығымен түсіндіреді. Негізінен Құран; идеология мәселесіне, діни тәжірибеге, рухани тәрбиеге, қоғамдық қатынастардың жақсаруына және халықаралық тәртіпті қамтамасыз етуге, жеке тұлғалардың, оның ішінде халықтың әлсіз бөлігінің құқықтарын қорғауға, экологиялық жауапкершілікке баса назар аударады. Сондықтан ислам қағидаларының негізінде қалыптасқан қоғамдық, экономикалық және мемлекеттік қатынастар жүйесі асқан тұрақтылықпен ерекшеленіп тұрады. Мектеп, университет оқымаған, оқу-жазу білмейтін адамның еш кемшіліксіз жеке тұлғалық, отбасылық, қоғамдық, экономикалық және заңға байланысты ережелер бекітіп, жүйе құруы және бұл жүйенің ғасырлар бойы дос-дұшпан, сан-алуан ұлттар тарапынан іс жүзінде қолданылып, ескірмеуі, тіпті, заман ескірген сайын бұл иләһи ереже-қағидалардың жаңара түсуі – Құранның хақ екендігінің айғағы³³⁹.

Тарихта көптеген құнды кітаптар жазылған. Бірақ, жұмыр басты пенденің туындысы болғандықтан, заманның жаңалығына өз шешімін беріп, адамзаттың күн сайын дамыған ой-өрісін қанағаттандыра алмай, жаңа толқын тарапынан үкімдері жойылып, сөрелерден ығыстырылды. Ал, Құранға деген адамзаттың мұқтаждығы күннен-күнге артып отыр. Иә, заман ескірген сайын Құран жаңара түсуде. Өткен ғасырларда тәпсірленіп, сол ғасырлардағы аса көкейкесті мәселелерге дауа болған Құран аяттары, бүгінде басқа қырынан тәпсірленіп, құдды бір жаңа

³³⁹ Кулиев Э.Р., Муртазин М.Ф, Коранистика, 155-175-б.

түскендей, адамзат шешімін күткен небір заманауи, күрделі күрмеулі сансыз сауалдарына жауап беруде және қияметке дейін де берер жауабы түгесілмейді. Сөйтіп, өзінің сарқылмас қазынаға толы мәңгілік мұғжиза, ескіrmес иләһи кітап екенін дәлелдей бермек.

4. Құранның қияметке дейін сақталуы

Аллаһ тағала Құран Кәрімнің акиретке дейін бір әрпі де өзгерместен, өз қалпында сақталатындығы жайында: **«Расында да Құранды Біз түсірдік, әрі оны Біз сақтаймыз»** («Хижр» сүресі, 9),– дейді.

Әлемнің түкпір-түкпірінен Құран Кәрімнің нұсқаларын жинақтап, мәтіндерін салыстырар болсақ, Құран аяттарының бір де біреуінің, тіпті, әрпінің де өзгермегеніне, 14 ғасыр бұрын қандай болса, қазір де дәл сол күйінде сақталғанына көз жеткіземіз. Хикмет иесі Ұлы Аллаһ тағала қасиетті Құран Кәрімді кітап бетінде әрі қарилардың (Құранды толық жаттаған кісі) жадында сақтап келеді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) әу бастан-ақ Құранның жатталуын үгіттеп, насихаттаған. Хадисте: *«Сіздердің ең жақсыларыңыз – Құранды үйреніп әрі оны басқаларға үйреткендеріңіз»; «Құранды жаттап әрі онымен амал жасаған кісінің ата-анасына қиямет күні күн нұрынан да жарық тәж кигізіледі»*,– делінеді. Міне, осыған ұқсас хадистер әр мұсылманның Құранды жаттауға деген қызығушылығын тудырып, оған аса ұқыптылықпен қарауға жөн сілтейді. Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Менен бір аят болса да жеткізіңдер»*,– деген бұйрығына сай, Құран аяттарын түскен-түскені сайын жаттап, басқаларға жеткізіп отырған. Пайғамбарымыз (с.а.с.) көзі тірісінде Құранды жаттауға, оны түскен сайын жазып отыруға әмір еткен. Айталық, сахаба Омардың (р.а.) ұсынысымен терілер мен тақталарға жазылған Құран аяттары жинақталып, кітап халіне келтірілді. Ал, сахаба Османның (р.а.) дәуірінде реттеліп, белгілі бір жүйеге түсірілді әрі нұсқалары көбейтіліп, әкімшілік орталықтарға жіберілді.

Құран Кәрімнің арада сан ғасырлар өтсе де, мұсылман қауымы арасында ұрпақтан-ұрпаққа ешқандай өзгеріссіз жетуі, оның аса құнды да киелі дүние екендігінің айғағы.

Сондықтан, бұл аманатты (Құранды) еліміздің ертеңі – өскелең жас буынға жеткізу, ондағы имандылық пен ибалықты дәріптеу – әрбір мұсылманның парызы.

Әлемде миллиондаған адам жатқа білетін және күн сайын жалықпастан оқылатын Құран секілді бірде-бір кітап жоқ. Алты жүзден аса беттен тұратын Құран Кәрімнің араб тілін білмейтін миллиондаған адамдар тарапынан сөзбе-сөз толықтай оңай жатталуы және адамның жан дүниесіне ағыла құйылып, баурап алатын, тек өзіне ғана тән ерекше әуені мен әуезі, оның иләһи кітап екендігінің нақ белгісі.

Қорыта келе, Құранның мұғжизалығын зерттеу – Құран ғылымдарының басым көпшілігіне қатысты екендігін көреміз. Иғжаздың әртүрлі аспектілері Құранды түсіру мен жинақтау ерекшелігіне, оны оқу мен эвфоникалық құрылымына, оның мағынасы мен оны түсіндіруге қарай орын алады. Сондықтан Құран Кәрім – Аллаһ тағаланың сөзі екендігін біле отырып, біз оны әдеттегі сөз ретінде қабылдамауымыз қажет. Аллаһ тағала сөзінің мән-мағынасы тым тұңғиықта жатқандығы хақ, өйткені ол, Ұлы Аллаһтың шексіз ілімін қамтыған. Сол үшін де Аллаһ тағаланың кітабын тәпсірлеу кезінде, оған қанша күш салып, оның мұғжизалығы мен мазмұнын түсіндіруге тырысқан тәпсірші ғалым оның мағынасын, түпкілікті мақсат-мұратын толық аша білді деп еш уақытта айта алмаймыз. Сол себептен де, Құранның мағынасын түсіндіруші әрбір адам, қалыптасқан әдепке сәйкес, өзінің пікірін «Аллаһ тағала жақсырақ біледі» деген сөздермен аяқтайды.

☑ *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:*

- ✓ *Мұғжиза дегеніміз не? «Құран мұғжизалығы» терминінің қалыптасу тарихына қысқаша шолу жасаңыз.*
- ✓ *Иғжаз теориясы дегеніміз не? Құранның стилистикалық және композициялық ерекшеліктері қандай?*

- ✓ Иғжаздың негізгі мазмұндық аспектілерін атаңыз. Құранның ғылыми мұғжизалығына көзқарасыңыз қандай?
- ✓ Адамдардың аяттардың ұқсасын келтіруге қауқарсыз екендігінің Құран Кәрімде айтылу мақсаты неде? Құранға ұқсас жазуға тырысқан тұлғалардың тарихтағы мысалдарын айтып беріңіз.
- ✓ Құран тәсілі мен тілінің ерекшеліктерін сипаттап беріңіз.
- ✓ Иғжаздың стилистикалық аспектілері мен мазмұндық аспектілерін салыстыра отырып талдап беріңіз.
- ✓ Құран стилі дегеніміз не? Және оның ерекшелігі неде?

- ✍ Құран Кәрімнің қияметке дейін өзгермей сақталуы жайлы Құран мен сүннеттен мысал келтіре отырып эссе жазыңыз.
- ✍ Мұхитдин Исаұлының «Мәңгі мұғжиза» атты кітабындағы Құран мұғжизалығының түрлерін талдау.



IV ТАРАУ. ТӘПСІР ІЛІМІ

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

- 1. Тәпсір, тәуил және тәржіме дегеніміз не?*
- 2. Құранды басқа тілге тәржімалау шарттары қандай?*
- 3. Тәпсір мен мағыналық аударманың (тәржіме) айырмашылығы қандай?*
- 4. Құран Кәрімнің басқа тілдерге аударылу тарихы қандай?*
- 5. Құранның қазақ тіліне аударылу тарихы қандай?*

§ 14. Тәпсір, тәуил және тәржіме

1. Тәпсір және тәуил түсінігі

«Тәпсір» сөзінің тілдік мағынасы – «сөздің мағынасын ашу, түсіндіру, баяндау». Осы тұрғыда Құран Кәрімде: وَلَا يَأْتُونَكَ بِمَثَلٍ إِلَّا جِئْنَاكَ بِالْحَقِّ وَأَحْسَنَ تَفْسِيرًا «Олар саған бір мысал келтірсе, әрине, саған шындықты және көркем **түсінікті** әкелеміз» («Фурқан» сүресі, 33),– деп келеді.

Ал шариғаттағы мағынасы: Тәпсір іліміне көптеген ғалымдар бірнеше анықтамалар берген, алайда, бұл анықтамалардың мазмұны бір жерге келіп саяды.

Кейбір ғалымдардың берген анықтамалары мынадай:

Әбу Хайян: «Тәпсір деп – Құран сөздерінің айтылуын және олардың мағыналарын, жеке сөздер мен сөйлемдердің қағидаларын, сөздердің құрылымынан туындайтын мағыналарды әрі оны толықтыратын нәрселерді зерттейтін ғылымды айтады»,– дейді.

Имам әз-Заркаши: «Тәпсір – Мұхаммедке (с.а.с.) түсірілген Аллаһтың кітабын түсінуге және оның мағынасын ашып, үкімдері мен даналықтарын шығаруға көмектесетін ғылым. Ол қажетті мәліметтерді тіл білімі, грамматика, морфология, ри-

торика, фикһ негіздері мен қырағат ілімдерінен алады»,– деп айтқан³⁴⁰.

Қысқаша айтқанда, тәпсір ілімі – Құран Кәрім аяттарының мағыналарын түсіндіретін ғылым. Құран аяттарының, оның ішінде мағыналары анық келмеген аяттардың мағыналарын тәпсірсіз түсіну мүмкін емес.

«Тәуил» сөзінің тілдік мағынасы – «Қайту, оралу, жору».

«Тәуил» сөзі Құран Кәрімде бірнеше мағыналарда қолданылады:

«Тәпсір» мағынасында:

فَأَمَّا الَّذِينَ فِي قُلُوبِهِمْ زِينَةٌ فَيَتَّبِعُونَ مَا تَشَابَهَ مِنْهُ ابْتِغَاءَ
الْفِتْنَةِ وَابْتِغَاءَ تَأْوِيلِهِ وَمَا يَعْلَمُ تَأْوِيلَهُ إِلَّا اللَّهُ...

«Ал жүректерінде қыңырлық болғандар, бұзақылық іздеп, ұқсас мағыналы аяттардың тәпсірін (ұғымын) іздестіріп соңына түседі. Оның ұғымын Аллаһ ғана біледі...».

«Нәтиже, ақыры» мағынасында:

... فَإِن تَنَارَعْتُمْ فِي شَيْءٍ فُزُّدُوهُ إِلَى اللَّهِ وَالرَّسُولِ إِن كُنتُمْ
تُؤْمِنُونَ بِاللَّهِ وَالْيَوْمِ الْآخِرِ ذَلِكَ خَيْرٌ وَأَحْسَنُ تَأْوِيلًا

«... Сонда егер бір нәрсеге талассандар, оны Аллаһқа, пайғамбарға ұсынындар, егер сендер Аллаһқа, ақирет күніне иман келтірген болсандар. Міне, осы – қайырлы және жақсы нәтиже».

«Жору» мағынасында:

وَكَذَلِكَ يَجْتَبِيكَ رُبُّكَ وَيُعَلِّمُكَ مِنْ تَأْوِيلِ الْأَحَادِيثِ ...

«Міне, осылайша Раббың сені ұнатады. Саған түстердің жоруын үйретеді...»

Тәуилдің шарихаттағы мағынасы:

1. Тәуил – сәләф ғалымдары арасында екі мағынада қолданыс тапқан.

³⁴⁰ Өз-Заркаши, әл-Бурһан, 1/13-б.

а) Сөздің тәпсірі мен түсінігі, яғни тәпсір мен тәуил сөзі бір мағынада қолданылады. Мужаһид: «Құранның тәуилін ғалымдар біледі»,– десе, Ибн Жәрир әт-Табари тәпсірінде: «Аллаһ тағаланың мына сөзінің тәуилі былай...», «Мына аяттың мағынасында тәуил иелері бір пікірде емес»,– деп, Құранның тәпсірін айтқан болатын.

ә) Қандай да бір сөздің ұғымы мен мағынасына қолданылады.

Мысалы: «Күн шықты»,– дейтін болсақ, оның тәуилі – күннің шығуы. Бұл көзқарас бойынша, Құранда келген тәуил сөздері осы мағынада келген.

2. Кейін келген фикһ, хадис, кәләм ғалымдарының көзқарасындағы тәуил қолданысы.

Олардың пікірі бойынша, тәуил дегеніміз – сөздің нақты мағынасын алмай, жорамал түсінігін алу. Фикһ негіздерінде ортақ шешімі жоқ мәселелерде тәуил қолданылады. Мысалы, олар: «Мына хадистің немесе мәтіннің тәуилі, яғни жорамал мағынасы мынау...» және «Мынау тәуилі, ал бұл дәлелді қажет етеді»,– деген сөздерді қолданады. Бірақ тәуил қылушыға мына екі талап қойылады:

а) Дұрыс көрген жорамал мағына мен сол мағынаны білдіретін сөздің ара қатынасын айқындауы керек;

ә) Жасаған жорамалын дәлелдеуі керек. Дәлелдемеген жағдайда жорамалы дұрыс болмай, мәтінмен ойнаған болып табылады.

Алайда, олар Аллаһ тағаланың сипаттарына қатысты мәтіндерді жорамалдауда ортақ пікірді ұстанбайды. Өйткені, кейбірі бұл тақырыптарда жорамал қылуды қабылдамай, тыйым салса, кейбірі қолдап, құптайды.

Тәпсір мен тәуилдің айырмашылығы

1. Әбу Ұбайдә секілді бір топ ғалымдар: «Тәпсір мен тәуил бір мағынада қолданылады»,– дейді.

2. Әр-Рағиб әл-Исфәһәни: «Тәпсір тәуилге қарағанда ауқымдырақ және тәпсір көбіне, сөзде, ал тәуил болса, мағынада қолданылады. Мысалы: Түстің тәуилі, яғни жорамалы секілді. Тәуил көбіне, діни мәтіндерде қолданылса, тәпсір – діни және

діни емес мәтіндерде де қолданылады. Тәпсір көбіне, жекелеген сөздерде, тәуил сөйлемдерде қолданылады»,– дейді.

3. Әбу Талиб әс-Сағлаби: «Тәпсір – сөздің тура немесе жанама мағынасы, ал тәуил – сөздердің астарлы мағынасы. Мысалы:

إِنَّ رَبَّكَ لَبِالْمِرْصَادِ

«Негізінде Раббың әлбетте, бақылаушы» («Фәжр» сүресі, 14) бұл аяттың тәпсірі – Аллаһ тағаланың бақылаушы екендігін білдірсе, тәуили – Аллаһтың әміріне немқұрайлылық танытып, бейқам болудан сақтануды көрсетеді»,– дейді.

4. Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, тәпсір риуаятпен байланысты, тәуил дираятпен байланысты³⁴¹.

5. Әл-Бағауи: «Тәуил – аяттың Құран мен сүннеттің аясында алдыңғы және кейінгі келген аяттармен үйлесімді мағынасы. Ал, тәпсір – аяттардың түсу себептері және мән-мағынасы мен қиссалары»,– деген.³⁴²

6. Тәпсір сөйлемнің нақты мағынасы болса, тәуил – сөйлемнің ишарат еткен мағынасы. Екеуінің арасында айырмашылық бар. Бұл – кейін келген ғалымдардың пікірі. Бұны танымал ғалым әл-Улуси де тәпсірінің кіріспесінде айтып кеткен.

Бұл – тәпсір мен тәуилдің айырмашылығына қатысты келген негізгі пікірлер. Сол секілді аталған пікірлерден басқа көзқарастар бар.

Сөзімізді қорытатын болсақ, тәпсір дегеніміз – риуаят жолымен келген, тәуил – дираят жолымен келген түсінік. Өйткені, тәпсірдің мағынасы – айқындау, баяндау. Яғни, Аллаһ тағаланың сөзін – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) және уахидің түсуі кезіндегі оқиғалар мен жайттарға куә болған, Құран аяттарының мағынасын түсіне алмаған жағдайда пайғамбарға жүгінген сахабалардың сөзімен түсіндіру.

Ал, тәуил болса, дәлелге сүйене отырып, сөздің көп мағыналарының бірін таңдау. Әдетте, таңдау ижтиһадпен болады. Оған араб тіліндегі сөздің мағынасын, мәтіндегі қолданыс

³⁴¹ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 758-759-б.

³⁴² Әл-Бағауи, Тәфсиру әл-Бағауи, 1/18 б.

орайын және араб тілінің ерекшеліктерін білу арқылы қол жеткізуге болады.

2. Құранды басқа тілге тәржімелеу

Тілде тәржіме:

Сөзді немесе сөйлемді түпнұсқадағы мағынасын баяндамай, бір тілден екінші бір тілге аудару;

Түпнұсқадағы ойды, мағынаны басқа бір тілмен жеткізу сияқты екі мағынада қолданылады.

«Тәжу әл-арус» сөздігінде «Тәржумән (тәржіме қылушы) сөзін басқа бір сөзбен түсіндіруші» деп келсе, әл-Жәуһари: «Бір тілден екінші бір тілге аударушы»,– дейді.

Осылайша тәржіменің: «сөзбе-сөз аударма» және «мағыналық аударма» деген екі түрі болады.

Сөзбе-сөз аударма. Түпнұсқадағы барлық сөздердің сөздіктегі мағынасын тікелей беру және сөйлемдегі сөздердің реті мен тәртібін сақтай отырып, бір тілден екінші бір тілге аудару.

Мағыналық аударма. Түпнұсқадағы сөздердің мағынасын, сөйлемдегі сөздердің реттілік тәртібін сақтамай-ақ, басқа бір тілге неғұрлым анық, көркем жеткізу.

Ендеше, Құран Кәрім аудармасында қолданылатын тәржімеге келейік.

Құранды сөзбе-сөз аудару

Құранды сөзбе-сөз аудару деп – Құран аяттарындағы әрбір сөздің орналасу тәртібін өзгертпей, ондағы шариғат үкімдері мен риторикалық ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке-жеке сөздің мағынасын тікелей аударуды атаймыз. Бірақ, аударманың бұл тәсілін Құран Кәрімді тәржімелеуде қолдану мүмкін емес.

Себебі, Құран мына екі негізгі мақсат үшін түсірілген:

а) Құран аяттары мұғжизалығымен, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) Аллах тағаладан келген уахиді жеткізудегі шыншылдығын дәлелдейді. Өйткені адамзат баласы мен жындар біріксе де Құран сүресі секілді сүре келтіре алмады және келтіре де алмайды.

ә) Адамзатты тура жолға бастап, дүние мен ақиретте ізгілікке жетелейді.

Бірінші мақсатқа келетін болсақ, Құранның мұғжизалығын аударма арқылы жеткізу мүмкін емес. Құранның мінсіз шариғат заңдылықтары мен ғайыптан хабар беруі, аяттар мен сөздердің үйлесімділігі, орнымен келген риторикалық ерекшеліктері секілді мұғжизалық тұстарын, мейлі қандай бай тілге болса да сөзбе-сөз аударып жеткізу мүмкін емес. Солай болған жағдайда Құранның аталған құндылықтары мен риторикалық ерекшеліктері жойылып, адам баласының шамасы келетіндей деңгейге түсіп, Құранның ұлық мақсаты жоғалады.

Ал, екінші мақсатына келсек, шариғат үкімдері мен нұсқаулар арқылы екі дүние бақытына қол жеткізетін тура жолға бастайды. Бұл тұрғыда кейбір аяттардың негізгі мағыналарының түсінікті болуымен, басқа тілдерге аударуға болады. Алайда, бұл кейбір аяттарға қатысты болса, кейбір үкімдер мен нұсқаулар, аяттардың жанама, астарлы мағыналарынан алынады. Бұны мужтаһид ғалымдардың үкім шығаруларынан көруге болады. Осы жанама мағыналар міндетті түрде білінуі керек, онсыз Құранның өзіндік қасиеті жойылады. Сөзбе-сөз аударма барысында кейбір аяттардың мағынасы түсініксіз болып, Құранның негізгі мақсаттарының бірі айқындалмай қалады. Сондықтан Құранның негізгі бірінші мақсаты толықтай білінбей, екінші мақсатының бір бөлігі айқындалмағандықтан, Құранды сөзбе-сөз аудару мүмкін емес. Тіпті, Құраннан басқа мәтіндердің өзіне аударманың осы түрін қолдану көптеген кемшіліктерге әкеліп соғады. Өйткені әр тілдің өз заңдылықтары мен сөздерінің орналасу тәртібі бар. Жеке-жеке сөздің мағынасын тікелей аудару кезінде сөйлемнің мағынасы күңгірт қалып, ой тиянақты болмайды.

Құранды мағынамен аудару

Мағыналық аударма барысында аудармашы ойды, мағынаны бір тілден екінші тілге неғұрлым анық, көркем жеткізуді көздейді. Сол себепті түпнұсқа мен аударма арасында сөз реті, сөйлем түрлері өзгеше бола береді. Яғни аудармашы

түпнұсқадағы сөйлемнің мағынасын дұрыс түсініп, сол мағынаны аударып отырған тілдегі сөздермен жеткізеді. Сөзбе-сөз аударма мен мағыналық аударманың бірден-бір айырмашылығы осы. Түсінікті болу үшін мына мысалға назар аударайық: Егер, Аллаһ тағаланың: «وَلَا تَجْعَلْ يَدَكَ مَغْلُولَةً إِلَىٰ عُنُقِكَ وَلَا تَبْسُطْهَا كُلَّ الْبَسِطِ» («Исра» сүресі, 29) аятын сөзбе-сөз аударатын болсақ, «Қолыңды мүлде мойныңа байлаулы қылма да бүтіндей ашпа» деген мағына береді. Аятты қайбір тілге аударсақ та Құранның айтқысы келген мағынасын мүлдем бере алмайтындығы анық. Ал, мағыналық аударма жасайтын болсақ, аяттан Аллаһ тағаланың метафоралық теңеу арқылы сарандық пен ысырапшылдықтан тыйғандығын түсінеміз. Яғни мағыналық аударма тәсілін қолданған кезде ғана аяттың мағынасы айқындалады. Сондықтан, Құранды мағыналық аудармамен тәржімелеуге ешкім қарсылық білдірмейді. Өйткені, Құранның бұл аудармасын Құранның басқа тілдегі тәпсірі десек те болады.

Қорыта айтқанда, қандай да бір тәпсір немесе тәржіме болсын, Құранның толыққанды мағынасын қамти алмайды.

Тәпсір мен мағыналық аударманың (тәржіме) айырмашылығы

- Тәржіме түпнұсқадан бөлек, оған тәуелсіз, оның орнын басады, ал тәпсір олай емес.
- Тәржіме көп түсініктеме бермейді, ал тәпсір керісінше, кең түсініктеме береді.
- Тәржіме түпнұсқадағы мағынаны дұрыс әрі толық беруі керек, ал тәпсір көбіне, жалпылама баянадаумен шектеледі.
- Тәржімеде ой нақтырақ айтылса, тәпсірде ықтимал тұстар жиі кездеседі.

Мағыналық аударманың қажеттілігі мен шарттары

Құран Кәрім тәпсірі – барша мұсылман үмбетіне үйренуі парыз болған ілімдердің бірі. Ал, мағыналық аударма – Құранның басқа тілдегі тәпсірі. Сондықтан, бұны әрбір мұсылманның білуі керек. Өйткені, Құран араб тілінде түсті және бұл тілде сөйлемейтін мұсылмандар оның мағынасын түсіну үшін араб

тілін үйрену керек, ал көп жағдайда ондай мүмкіншілік бәріне беріле бермейді. Осыған орай, Құранның мағыналық аудармасын басқа тілдерде шығару қажеттілігі туындайды.

Мағыналық аударманың қателіктерсіз, дұрыс болуы үшін:

1. Мағыналық аударма тәпсірдің шарттарына сәйкес, дін негіздері, пайғамбар хадистері мен араб тілі білімдеріне сүйенуі керек. Сол секілді араб тіліндегі тәпсірлерге жүгінуі ләзім;
2. Аудармашы түпнұсқа тілі мен аударма тілін жетік біліп, қос тілдің табиғаты мен ерекшеліктерін ескеруі қажет;
3. Аудармашы ислам дінінің негіздеріне қайшы келетін батыл сенімнен аулақ болуы абзал;
4. Аударма түпнұсқадағы ойды дұрыс жеткізуі керек;
5. Құран аяттары бірінші жазылып, сосын мағынасы түпнұсқадан бөлек келуі керек. Оқушы мағыналық аударманы сөзбе-сөз аудармамен шатастырмауы тиіс³⁴³.

3. Құран Кәрімнің басқа тілдерге аударылу тарихы

Түрік ғалымы Исмайыл Жерраһоғлы «Le Saint Coran» атты заманымыздың заңғар ғалымы Мұхаммед Хамидуллаһтың³⁴⁴ француз тіліне аударған Құран Кәрім кіріспесіне сілтеме жасай отырып, сахаба Салман әл-Фарисидің «Фатиха» сүресін парсы тіліне аударғанын және хижраның 127 жылы Құранның бербер тіліне тәржімеленгенін, Жаһиздің (255/869 жылы дүние салған) айтуынша, Мұса ибн Сайяр әл-Әсуари шәкірттеріне Құранды араб және парсы тілдерінде тәпсірлеп бергендігін, сонымен қатар, Бузург ибн Шахриярдың жеткізуі бойынша, 270/883 жылдары Құранның үнді тіліне тәржімеленгендігін айтады. Сол секілді, Самани әулетінен болған Мансур ибн Нұх заманында (354/956) бір топтың Құранды парсы және түрік тілдеріне


³⁴³ Меңілбеков.М, Құран ілімдеріне кіріспе, 135-137-б.

³⁴⁴ Мұхаммед Хамидуллаһ әл-Ғинди, (1908-2002) – ислам ілімдері мен өркениетіне қатысты көптеген ғылыми зерттеулер жасаған үндістандық заманымыздың заңғар ғалымы. Араб, ағылшын, француз, неміс, урду, түрік тілдерінде жазған 175-ке жуық кітаптар мен жүздеген ғылыми мақалалардың авторы.

аударғандығы жайлы және одан кейінгі кезеңдерде, хижраның V және VI ғасырларында Сурабади, Исфирайини (471/1049), Заһиди (519/1125) және Абдуллаһ Ансаридің тәржімелері қазірге дейін жеткендігін келтірген³⁴⁵.

Құранды латын тіліне ең алғаш 1142-1143 жылдары Испанияда Кеттондық Роберт³⁴⁶ пен далматиялық³⁴⁷ Герман³⁴⁸ аударған. Алайда, бұл аударма 1543 жылы Теодор Библиандер³⁴⁹ тарапынан жарияланған. Бұдан бір ғасыр өткеннен кейін, Силезиялы³⁵⁰ христиан абызы Доминикус (Dominicus) түсіндірмелерімен бірге Құран аудармасын дайындағанымен, бұл тәржіме жарыққа шықпаған. Роберт Кеттонның қате аудармасы, 1547 жылы латын тілінен – италиян тіліне, 1616 жылы неміс тіліне, 1641 жылы голланд тіліне аударылған. Людовик Мараккиустың³⁵¹ (Maracci) 1698 жылы түсіндірмелерімен жарық көрген Құран аудармасы, аталған тәржімелердің ішіндегі жақсырағы болып табылады.

Көп ұзамай, Құран Кәрім бірте-бірте Еуропа халықтарының тілдеріне аударыла бастады. Ең алғаш француз тіліне аудару



³⁴⁵ Проф. Док. Исмайыл Жерраһоғлы, Тәпсір тарихы, 221-б.

³⁴⁶ Роберт Кеттон (лат. Robertus Kettenensis) (1110 -1160) – астроном, арабист, ортағасырлық ағылшын теологы.

³⁴⁷ Далматия (лат. Dalmatia) - Балқан жартылай аралының солтүстік-батысында, Адриат теңізінің жағлауында, қазіргі Хорватия (көп бөлігі) мен Черногория аумағындағы тарихи мекен.

³⁴⁸ Герман Далматин немесе Каринтиялық Герман (1100 - 1160) Латындық Sclavus Dalmata ретінде де танылған хорваттық философ, астроном, астролог, математик, аудармашы және жазушы.

³⁴⁹ Теодор Библиандер (1509-1564) швейцариялық шығыстанушы реформатор, теолог, лингвист.

³⁵⁰ Силезия - Орталық Еуропадағы тарихи мекен. Силезияның көп бөлігі Польшаның құрамына кірсе, біразы Чехия мен Германияға жатады.

³⁵¹ Людовик Мараккиус (Maracci) (1612-1700) – танымал итальяндық шығыстанушы, Римдегі Виздом колледжінің араб тілі профессоры. Ол Құранды латын тіліне тәржімалаған аудармашы, редактор ретінде белгілі.


ісі 1647 жылы, дипломат, шығыстанушы Андре Дю Риє (Andre du Ryer) тарапынан жүзеге асырылған. Бұдан кейін М. Savary, В. Kasimirski, R. Blachere, E. Montet және М. Хамидуллаһтың аудармаларын айтуға болады. Бұдан басқа француз тілінде 30-ға тарта Құран тәржімелері жасалған. Ал, ағылшын тіліне G.Sale, J.M.Rodwell, F.H.Palmer, A.J.Arberry, Muhammad Ali секілді тұлғалар аударма жасаса, бұлардан басқа 50-ден астам тәржімелерді көруге болады³⁵². Еуропада ағылшын тіліндегі үздік, әрі түпнұсқадан тәржімәланған аударма ретінде Джордж Сэйлдың (G.Sale) (1697-1736) аудармасы танылды. Сол секілді, бүгінгі күнімізге дейін неміс тілінде 36 Құранның мағыналық аудармасы жарық көрген.

Осылайша, Құран Кәрімнің еуропа тілдеріне аударылу тарихын келесі кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

1. Құран Кәрімнің латын тіліне аударылуы;
2. Латын тілінен – еуропа тілдеріне аударылуы;
3. Ориенталистер тарапынан араб тілінен – еуропа тілдеріне аударылуы;
4. Мұсылмандар тарапынан араб тілінен – еуропа тілдеріне тәржімәлануы. Бұл кезеңде мұсылмандар 45-тен астам Құран Кәрімнің мазмұндық аудармасын жарыққа шығарған.

Кейінгі ғасырларда басқа да көптеген Еуропа халықтарының тілдеріне аударылғаны секілді: түрік, парсы, қытай, урду, үнді, малай, бенгал, жапон секілді шығыс халықтарының тілдеріне де аударылды.

Халифа Алтай «Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі» атты мазмұндық аудармасының алғы сөзінде: «Таяуда мұсылман



³⁵² Бұл да сонда, 222-б.

елдерінің қатынасулары бойынша, Құран Кәрімнің басқа тілдерге аударылуына байланысты жүргізілген зерттеулерінің нәтижесінде Стамбулдағы «Ислам Тарих Және Мәдениет Зерттеу Орталығы» тарапынан 1515-1980 жылдар арасында басылған «Құран Кәрімнің Дүниежүзілік Аудармасының Библиографиясы» делінген атпен бір мың бет көлемінде ағылшынша (арабша түсінік беріліп) бір кітап басылып шықты. Бұл тұңғыш рет жарық көрген ғылыми жинақта, Құран Кәрімінің 60 тілге 2668 рет аударылып, басылғандығы жазылған. Әрине бұл жинаққа кірмей қалғандар да бар», – деген дерек келтірген³⁵³.

Ал, Құран Кәрімнің орыс тіліне аударылу тарихына қысқаша шолу жасайтын болсақ, Құран Кәрім орыс тіліне ең алғаш француз тілінен аударылған. Ол француз шығыстанушысы Андре Дю Риенің мәтінінен 1716 жылы I Петрдің бұйрығымен белгісіз аудармашының (кейбір деректерде аудармашыны Петр Васильевич Постников деп айтады) «Алкоран о Магомете или закон турецкий» («Құран Мұхаммед жайында немесе түрік заңнамасы») деген атпен шықса, 1787 жылы II Екатеринаның жарлығымен Петербургте ең алғаш рет Құранның араб тіліндегі толық мәтіні басылды. Осы мақсатта ең үздік каллиграфтардың бірінің жазуы негізінде арнайы араб шрифттері дайындалды. Ол сол кездегі Еуропадағы баспалардың барлығынан асып түскен болатын.

1790 жылы Ресей ғылым Академиясының танымал әдебиеттанушы М.И.Веревкиннің (1732-1795) аудармасы жарық көрді. Бұл аударма Андре дю Риенің негізінде жазылған болатын. Құран мағынасын нақты жеткізбеуі, француз аудармашысының қатесін қайта көшіруі орын алса да, шіркеулік славян сөздерінің қолданылуы себепті, әрі тілінің жеңілдігімен және жоғары әдеби құндылығымен ерекшеленді. Бұл еңбек А.С.Пушкинді «Құранға еліктеу» деген өлеңін жазуға шабыттандырған болатын. Пушкиннің туындысы орыс тілді оқырмандардың Құранға деген қызығушылығын оятып, П.Я.Чаадаев, Л.Н.Толстой, В.С.Соловьёв секілді тұлғалардың тереңірек Құранды зерттеуіне ықпал етті.

³⁵³ Халифа Алтай, Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі, II-б.

1792 жылы ақын аудармашы А.В.Колмаков ағылшын тіліндегі Джордж Сэйлдің аудармасын орыс тіліне тәржімалаған. Бұл аудармада өзіне дейін жүзеге асқан аудармалар секілді ағылшын аудармашысының қателіктерін көшірген.

1859 жылы, ұлты азербайжан орыс ориенталистерінің патриархы, Қазан шығыстану мектебінің негізін салушы – Мирза Мұхаммед Али Гаджи Касым оглы Казем-Бектің (1802-1870) «Мифтах кунуз әл-Құран» атты Құранның толық конкордансы жазылды.

1864 жылы К.Николаевтың «Коран Магомеда» аудармасы жарық көрді. Ол француз елшісі, әрі аудармашысы А.Б.Биберштейн-Казимирскидің француз тіліндегі аудармасын тәржімалаған болатын. Аударма өзіне дейін жарық көрген Құран аудармаларынан ерекшеленбеді. Алайда, орыс қоғамына 1865, 1876, 1880, 1901 жылдары қайта басылғандықтан кеңінен танылды.

1871 жылы бірнеше шығыс тілдерін меңгерген орыс шығыстанушысы, Стамбулдағы Ресей елшілігінде аудармашы қызметін атқарған Д.Н.Богуславский (1826-1893) өзіне дейінгі еуропа тілдерінен аударылған Құран аудармаларына жүтінбей, Құран Кәрімді ең алғаш араб тіліндегі түпнұсқадан аударған. Алайда, бұл еңбек 1878 жылы, Қазанда Г.С.Саблуковтың (1804-1880) аудармасы жарыққа шыққандығына байланысты басылмай, ұзақ уақыт бойы, нақтырақ айтсақ, 1995 жылға дейін қолжазба күйінде сақталып келді.

1878-1879 жылдары Қазан Рухани Академиясында арабтану мен исламтанудың өзіндік дәстүрін қалыптастырған Гордия Саблуковтың «Коран, законодательная книга мохаммеданского вероучения» атты аудармасы ең алғашқы баспада басылған, ғылыми тілмен аударылған Құран Кәрімнің мағыналық аудармасы деп саналды. Аударма тілі айқындығы мен асқан мәнерлілігімен ерекшеленгенімен, аудармашы аят мағыналарын дұрыс жеткізе алмаған. Сол секілді ол архаизм сөздер мен орыс, славян тілдеріне тән болмаған фразеологияларды қолданған. Бұл аударма Ресейде, Мысырда бірнеше мәрте басылған.

Кеңес билігі кезеңінде исламтануға байланысты ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі азайды. Сонда да, аз да болса Құран мәтінін зерттеу жұмыстары толастаған емес. Мысалы, академик И. Ю. Крачковский (1883-1951) 1921-1922 ж. бастап, өмірінің соңына дейін Ленинград университетінде қызмет етіп, Құранның орыс тіліне аудармасын шығаруға еңбек еткенімен, өз ойын толығымен жүзеге асыра алмады. Тек қана 1963 жылы шәкірттерінің еңбегі арқасында аударма жарық көрді. Бұл аударма толық аяқталған деп танылмаса да ресейлік ғылыми және мәдени өмірінде айтулы оқиға танылып, елдегі академиялық деңгейдегі исламтанушылық жұмыстардың жандануына негіз болды. Бүгінде Құран Кәрімнің орыс тілінде бірнеше мағыналық аудармалары бар. Олар – В.И.Порохованың, М.Н.Османовтың, Э.Кулиевтің және басқаларының мағыналық аудармалары және Б. Я. Шидфардың филологиялық, Т.А.Шумовскийдің ақындық аудармасы.

Олардың ішінде ХХІ ғасырдың басында, танымал Ресейлік ғалым, исламтанушы Эльмир Кулиевтің «Құран Кәрімнің мағыналық аудармасы» мен исламтанушы Ш. Р. Аляутдиновтың «Құран Кәрім, мағыналық аударма» еңбегі орыс тілді жұрттың арасында кеңінен танылды. Аталған екі аударма қазіргі таңдағы Ресейдегі танымал исламтанушылардың қолымен жүзеге асырылып, ислами көзқарастағы алғашқы аудармалар болып саналады.

4. Құранның қазақ тіліне аударылу тарихы

Мұсылмандар қалтқысыз бойұсынған, қасиетті қағидалардың шамшырағы болған Құран Кәрімді өз тіліне аударуда Қазақ елі де жүз жылдан бері табанды талпыныстар жасап келеді. Халифа Алтайдың мағыналық аудармасының алғы сөзінде Қазақ Совет Энциклопедиясынан: «Мұса Бегейұлы 1912 жылы Құранды қазақ тіліне аударды, бірақ ол жарыққа шықпай, қолжазба күйінде қалды», – деген мәлімет келтірілген. Ғылыми-библиографиялық айқындамаларға сенсек, ғұлама ғалым Мұса Бегейұлы өз еңбектерінің көбін татар, шағатай тілдерінде жазған. Аталған еңбегінің де татар тілінде жазылып, қазіргі уақытта Уфа қаласында сақтаулы екендігін дәлелдей отырып, Халифа Алтай

өз еңбегін қазақ тіліндегі тұңғыш аударма деп есептеген. Оны: «Ал, міне, тұңғыш рет: «Құран Шәриф. Қазақша мағына және түсінігі» деген атпен осы қысқаша еңбек жарық көріп отыр», – деген сөздерінен көруге болады.

Құран Кәрімді қазақ тіліне аударуға талпыныс жасаған екінші бір тұлға – Ақыт қажы Үлімжіұлы. Ол бірнеше кітабын Қазанда шығарып, өзінің қаламгерлігі әбден кемелденген шағында «Кәләм шәріпті» қазақшаға аударма бастайды. Алайда, Ақыт Үлімжіұлының бұл аудармалары



1939 жылдарда Өр Алтайдағы (қазіргі Шыңжаң Алтай аймағы) қытай отарлаушылары тарапынан жойылған. Бұл тұрғыда: «XX ғасырдың алғашқы жартысында Шығыс Түркістанда өмір сүрген ақын Ақыт қажы Үлімжіұлының, ғұлама діндар Әбдірахман қажы Бай-Юсуп ұлының аудармалары, 1940 жылдары өздерімен бірге өлімге үкім етіліп, өртеліп кетіпті», – деп жазады У.Қыдырханұлы³⁵⁴. Және де ол өзінің «Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі» атты аударма еңбегінде: «1989 жылы Түркияда Халифа Алтайдың, 1990 жылы Пекинде Ақыт қажының ұлы Ғазиздің аудармасы жарық көрді», – деген дерек келтіреді.

Құранның қазақша мағынасы мен түсінігін аударуда жемісті еңбек еткен бірегей тұлға, көп жылдар Түркияда тұрған Халифа Ғақыпұлы Алтай еді. Ол аударған Құран араб графикасымен 1989 жылы жарық көрді. Осы нұсқаны 1991 жылы Халифа Алтай Дәлелхан Жаналтаймен бірлесіп: «Құран кәрім, қазақша мағына және түсінігі» деген атпен, мол тиражбен Сауд Арабиясының баспасөз уәзірлігі тарапынан кирилл әріптерімен шығартып, Қазақ еліне жеткізді. Халифа Алтай аударып шығарған

³⁵⁴ Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Аударған. Уаһап қажы Қыдырханұлы, 670-б.

«Құранның» бұл нұсқасы Қазақстаннан сырт елдерде тұратын қандас бауырларымыздың да үлкен рухани байлығына айналды.

Қытайға қараған Шығыс Түркістан аймақтарындағы қазақ бауырлар Құран Кәрімнің қазақша нұсқасымен Ғазез Ақытұлы мен Мақаш Ақытұлы секілді ғалымдардың аударуымен 1990 жылы танысты. Құранның бұл нұсқасы Бейжиң қаласындағы «Ұлттар баспасынан» араб графикасымен жарық көрді.

Н. Өсерұлы өзінің «Құран және оның қазақша мағынасы» деген еңбегінің, V бөлімінің соңындағы арнау сөзінде, Құранды алғаш тәржімелегені жөнінде: «Аллаһ Тағала нәсіп етіп, Қасиетті Құранды өздеріңізге тәржімалап, алғаш рет жеткізуді бұйырыпты... Әуелі Аллаһ Тағала қолдап, қиын да, тылсым терең, мұхит мәнді Құранды 1988 жылы аяқтадым», – деп жазған. Н.Өсерұлы Құранды қазақ тіліне аударуға жиырма жылдай уақытының кеткенін де жасырмайды. Еңбектің алғашқы томдары жарық көрер кезде Ж.М.Истаев аудармашының қасында болып, аудармаға өз үлесін қосқан.

Ал, Құранды ана тілімізге аударуда үлкен талпыныс жасаған ғалым Сәдуақас Сәлменұлы Ғылмани еді. 1960-70 жылдары аралығында Сәдуақас Сәлменұлы Ғылмани бір жүз он сегіз мың сөзден тұратын «Қазақша-арабша» сөздікті жаза жүріп, Құранның алғашқы үш тарауын қазақшаға аударған. Ал ғұламаның мүбәрак қолынан шыққан Құранның үш тарауының қазақша аудармасы осы күнге дейін Алматыдағы Сәдуақас Ғылманидың мұрағатында сақтаулы.

1991 жылы «Жазушы» баспасынан Құран Кәрімнің Р.Нысанбайұлы, У.Қыдырханұлы жасаған қазақша аудармасы жарық көрді. Бұл еңбек У.Қыдырханұлының қайта өңдеуінен соң 2002 жылы «Дәуір» баспасынан қайта басылып шықты.

Соңғы жылдары Құран Кәрімді қазақ тіліне аудару жолындағы талпыныстар, Малайзияда басылып шыққан Құранның қазақ және ағылшын тілдеріне тәржімеленген тағы бір аудармамен толықты.

Әрине, мұның бәрі «Құран қазақшаға толық аударылып бітті» деген ұғымды білдірмейді. Құранды қазақ тіліне бұрынғы

аудармашылардан да гөрі түсінікті, ұғынықты етіп аудару ісі – болашақтың еншісінде.

☑ *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:*

- ✓ *Тәпсір және тәуил дегеніміз не? Олардың тілдік және шариғи мағынасын беріңіз. Бұл екі түсінік арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар? Осыған қатысты ғалымдардың қандай көзқарастарын білесіз?*
- ✓ *Құранды басқа тілге тәржімелеу үрдісінің тарихына шолу жасаңыз.*
- ✓ *Сөзбе-сөз аударма дегеніміз не? Оның мағыналық аудармадан қандай ерекшеліктері бар?*
- ✓ *Тәпсір мен мағыналық аударманың (тәржіме) айырмашылығы қандай?*
- ✓ *Құран Кәрім аудармашысына қандай талап- шарттар қойылады?*
- ✓ *Қазақ тіліне тәржімеленген қай аударманы жоғары бағалайсыз? Неліктен?*
- ✍ *«Құранның қазақ тіліне аударылу тарихы мен тәржімелену ерекшелігі» атты тақырыпқа реферат жазу.*

§ 15. Пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалардың дәуіріндегі тәпсір

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалардың дәуіріндегі тәпсірдің жағдайы қандай?
2. Сахабалар кезеңіндегі тәпсір негіздері қандай?
3. Пайғамбар (с.а.с.) Құран Кәрімнің барлығын тәпсірлеген бе?
4. Сүннеттің Құранды баяндау тәсілдері қандай?
5. Тәпсірші сахабалардан кімдерді білеміз?
6. Сахабалардан жеткен тәпсірдің маңыздылығы неде?
7. Осы кезеңдегі тәпсірдің қандай ерекшеліктері бар?

1. Пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалардың дәуіріндегі тәпсір

Құран Кәрім оқу-жазу білмеген пайғамбарға түскені белгілі. Бірақ пайғамбар қауымы ауыз әдебиет, сөз өнері мен ақындықта алдына жан салмаған. Құран арабтардың қолданысындағы араб тілінде түсті. Құран Кәрімнің: *وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ رَّسُولٍ إِلَّا بِلِسَانِ قَوْمِهِ* «Әр пайғамбарды өз қауымының тілінде ғана жібердік» («Ибраһим» сүресі, 4) аяты, әрбір пайғамбардың өз қауымының тілінде келгендігін көрсетуде. Құран Кәрім араб тілінде түскенімен, кейбір ескі тілдерден араб тіліне енген сөздерді де қамтығандығы жасырын емес. Бірақ, кейбір ғалымдардың пікірі бойынша,

Құранда өзге тілден енген сөздер жоқ. Қалай болғанда да Құран – араб тілінде барша адамзатқа түскен соңғы кітап.

Аллаһ тағаланың:

إِنَّ عَلَيْنَا جَمْعَهُ وَقُرْآنَهُ (۱۷) فَإِذَا قَرَأْنَاهُ فَاتَّبِعْ قُرْآنَهُ (۱۸) ثُمَّ إِنَّ عَلَيْنَا بَيَانَهُ (۱۹)

«Шын мәнінде оны (Құранды) жинау әрі оқыту Біздің міндетіміз. Ал оны (Құранды) оқыған кезімізде, оқылуына

мұқият ілесіп отыр, сосын оны түсіндіру Бізге міндет» («Қиямет» сүресі, 17-19),– сөзіне сай, пайғамбар (с.а.с.) Құран Кәрімді толық түсінгендігі белгілі. Сол секілді сахабалардың да Құран аяттарының жалпы мағыналары мен үкімдерін түсіне алғандығына күмән жоқ. Дегенмен, барлық сахабалардың Құран тілін білуі, теңіздей мағыналарды ұғындыратын Құран аяттарының сырларын егжей-тегжейлі түсінуге жеткіліксіз еді. Сондықтан да олар кейбір аяттардың мағыналарына терең үңіліп, түсініксіздік туындаған жағдайда пайғамбарға (с.а.с.) жүгініп отырған. Себебі, Құранда қысқа-нұсқа, мағынасы көмескі болып келетін және түсінігі өзге ғылым салаларын білуді талап ететін аяттар кездеседі.

Ибн Халдун «Муқаддимә» атты кітабында: «Құран араб тілінде және арабтардың шешендік өнерінің тәсілдеріне сәйкес түсті. Олардың барлығы Құранның сөздері мен аяттарының мағыналарын түсіне алды»,– дейді. Бұған кейбір ғалымдар келіспейді. Өйткені, кейбір Құран сөздерінің мағыналарын түсінуде, сахабалар арасында әртүрлі көзқарас болғандығы белгілі. Өйткені, сахабалардың түсінік, қабілет деңгейлері бірдей болмаған-ды. Кейбір сахабалар Құран аяттарының кейбірін түсіне алмаса, басқа бір сахаба түсіне алған. Әбу Ұбәйда Әнәстан (р.а.) жеткізген деректе: «Омар ибн әл-Хаттаб мінбеде тұрып: «وَفَاكِهَةٌ وَأَبًّا»³⁵⁵,– аятын оқып, мына сөздің: «فَاكِهَةٌ» – «жемістер» екенін түсіндік, ал «أَبًّا» – «әббә» дегеніміз не?– деп, өз-өзіне: «Ей, Омар, бұл – саған жүк (сынақ)»,– деген екен»³⁵⁶,– делінген. Сол секілді, бірде Омар (р.а.) мінберде: «أَوْ يَأْخُذْهُمْ عَلَى تَخَوُّفٍ» аятын оқып, адамдардан: «تَخَوُّفٍ» сөзінің мағынасын сұрайды. Һузайл тайпасының бір кісісі тұрып: «Оның мағынасы бізде «تَنْقِصٌ»,– деп, дәлел ретінде өлең жолдарын айтып береді.

Әбу Ұбәйда жеткізген деректе «Ибн Аббас: «Құдықтың жанында екі ағрабидің (бәдәуи арабтар) бірі «أَنَا فِطْرَتَهَا», екіншісі «أَنَا

³⁵⁵ «Абәсә» сүресі, 31.

³⁵⁶ Әс-Суюути, Әл-Итқан, 2/113 б.

«ابتدأها» деп сөзге келмегенге дейiн «فَاطِرَ السَّمَاوَاتِ» сөзiн түсiнбеген едiм»,– дейдi.

Егер, Омар ибн әл-Хаттабқа «әббә», «тахаууф» сөздерiнiң мағынасы, ал Құранның тәржiмешiсi болған Ибн Аббасқа «фатиру әс-сәмәуат» сөзiнiң мағынасы беймәлiм болса, басқа сахабаларға да кейбiр аяттардың мағыналары түсiнiксiз болары белгiлi.

Сол үшiн де көпшiлiк сахабалар аяттардың жалпылама мағынасын берумен шектелген. Мысалы: Олар «وَفَاكِهَةً وَأَبًّا» аятынан Аллаһ тағаланың сансыз нығметтерiн түсiнiп, аяттың егжей-тегжейлi мағынасына терең үнiлмеген.

Әл-Бұхаридiң хадис жинағында, Ади ибн Хатимнен (р.а.) келген хадисте, ол: «...كُلُّوا وَاشْرَبُوا حَتَّى يَسْبَيْنَ لَكُمْ الْحَنِيطُ الْأَبْيَضُ مِنَ الْحَنِيطِ...» «**...ақ жiп қара жiптен айрылғанға дейiн жеп iшiңдер...**» («Бақара» сүресi, 187),– деген аят түскенде, мен қара тұсау мен ақ тұсау³⁵⁷ алдым да, жастығымның астына қойып қойдым. Сөйтiп түнi бойы қарап шығып, ажырата алмаған соң, оны таңертең Аллаһ елшiсiне (с.а.с.) келiп айттым. Сонда ол: «*Шын мәнiнде, ол – түннiң қараңғылығы мен күндiздiң жарығы* дедi»,– делiнген³⁵⁸.

Ибн Қутәйба: «Расында арабтар Құранның көмескi аяттарының мағыналары мен сырларын түсiнуде бiрдей дәрежеде емес, бiрi екiншiсiнен өзгешеленетiн едi»,– дейдi.

Сахабалардың түсiнiк, бiлiмдерi бiрдей болмаса да, олар ерекше қабiлеттерi және тiлдерiнiң тазалығымен Құран мағыналарын түсiнуде ерекшелендi. Кейбiрi әрдайым пайғамбар (р.а.) жанында жүрiп, аяттардың түсу себебiне куәгер болса, кейбiрiне бұл нәсiп болмаған.

Масруқ³⁵⁹: «Мұхаммедтiң (с.а.с.) сахабаларымен бiрге болғанмын. Олар аққан бiр бұлақ секiлдi едi. Бұл бұлақ бiр кiсiнiң сусынын қандырғаны секiлдi, екi кiсiнi, он кiсiнi, жүз

³⁵⁷ Бұл жерде түйелердiң аяқтарын тұсайтын жiп туралы айтылған.

³⁵⁸ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 12/885.

³⁵⁹ Масруқ ибн әл-Әждағ – Әбу Бәкiр әс-Сыддик, Омар ибн әл-Хаттаб, Убәй ибн Кағыб секiлдi саңлақ сахабалардан хадис естiген танымал табиғин.

кісіні де сусындатады, тіпті, жер бетіндегі барша адам баласына да жеткілікті»,– деп айтқан.

Сахабалар Құран аяттарының мағыналарын түсіне алғанымен, олар көбіне, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) түсіндіруіне мұқтаж болатын. Сол үшін пайғамбар (с.а.с.) мағынасы көмескі аяттарды айқындап, насых және мансұх аяттарды ажыратып, аяттардың түсу себептерін баяндаған.

2. Сахабалар кезеңіндегі тәпсір негіздері

Сахабалар Құран Кәрімді тәпсірлеуде мына төрт негізге:

1. Құран Кәрімге;
2. Пайғамбарға (с.а.с.);
3. Ижтиһад, үкім шығарудағы ерекше қабілетке;
4. Яһудилер мен христиандардан болған кітап иелеріне сүйенген.

Бірінші негіз: Құран Кәрім

Құран Кәрімге назар аударған адам, оның кей жерде қысқа-нұсқа айтылғанды (ижаз), егжей-тегжейлі айқындап (итнаб), көмескі мағыналарды (ижмал) баяндайтын (тәбиин) аяттарды және кейбір жалпылама келген мәтіндерді (аамм) жалқылап (тахсис), шектеу қойылмаған (мутлақ) мазмұндағы аяттарды шектейтін (муқаййад) аяттарды қамтитынын көреді.

Сондықтан, Құран Кәрімге тәпсір жасауға кіріскен адам міндетті түрде әуелі Құран Кәрімнің өзіне жүгінуі керек. Бұл «Құранды Құранмен тәпсірлеу» деп аталады. Яғни, Аллаһ тағала сөзінің негізгі мән-мағынасын Өзінің сөзі арқылы түсіну. Өйткені сөз иесі өз сөзінің мағынасын өзгеден артық білетіндігі сөзсіз.

Құранды Құранмен тәпсірлеуге Құрандағы қысқа-нұсқа келген (ижаз) мағыналарды, Құранның басқа жерінде кеңінен баяндалып келген (итнаб) аяттармен түсіндіру жатады. Мысалы, Адам мен Ібілістің, Мұса мен Перғауынның киссалары секілді. Құранның кейбір жерлерінде қысқа-нұсқа, басқа бір жерлерінде егжей-тегжейлі баяндалып келеді.

Құранды Құранмен тәпсірлеуге – Құрандағы көмескі, анық келмеген (мужмәл) мағыналарды басқа бір жерде баяндап, мәнін

ашып келген (мубәййән) аяттармен тәпсірлеуді айтады. Бұл тұрғыда Құран Кәрімнен бірнеше мысалдар келтіруге болады.

«...وَإِنْ يَكُ صَادِقًا يُصِيبْكُمْ بَعْضَ الَّذِي يَعِدُكُمْ...» «..ал, егер шыншыл болса, сендерді қорқытқан апаттың кейбірі бастарыңа келер...» («Ғафыр» сүресі, 28), – аятындағы апаттың осы дүниеде берілетін азап екендігі, осы сүренің соңындағы:

«فَإِمَّا نُرِيَنَّكَ بَعْضَ الَّذِي نَعِدُهُمْ أَوْ نَتَوَفَّيَنَّكَ فَإِنَّا نُرْجِعُونَ» «Ал, енді, мейлі оларға еткен уәдеміздің кейбірін саған көрсетсек те (көзін тірісінде болса да) немесе саған өлім берсек те (бұрын қайтыс болсаң да) олар Біз жаққа қайтарылады» («Ғафыр» сүресі, 77), – аятымен баяндалған.

«وَأُرِيدُ الَّذِينَ يَتَّبِعُونَ الشَّهَوَاتِ أَنْ تَمِيلُوا مَيْلًا عَظِيمًا» «Сондай-ақ, әуестіктеріне ергендер (шәһуаттарына берілгендер) сендердің зор ауытқумен жолдан шығуларыңды қалайды» («Ниса» сүресі, 27), – аятының тәпсірі кітап иелеріне қатысты екендігін, мына аят:

«أَلَمْ تَرِ إِلَى الَّذِينَ أَوْتُوا نَصِيحًا مِنَ الْكِتَابِ يَسْتُرُونَ الضَّلَالََةَ وَيُرِيدُونَ أَنْ تَضِلُّوا السَّبِيلَ» «(Мұхаммед с.а.с.) өздеріне Кітаптан бір үлес берілгендерге қарамайсың ба? Олар адасуды сатып алды. Сендерді де жолдан тайдыруды қалайды» («Ниса» сүресі, 44), – деп түсіндіреді.

Сол секілді, Аллаһ тағаланың: «فَتَلَقَى آدَمَ مِنْ رَبِّهِ كَلِمَاتٍ فَتَابَ عَلَيْهِ إِنَّهُ: «Сонда Адам (а.с.) Раббысынан сөздер үйреніп алды да, жалбарынды. Раббы оның тәубесін қабылдады» («Бақара» сүресі, 37) аятын «فَالَا رَبَّنَا ظَلَمْنَا أَنفُسَنَا وَإِنْ لَمْ تَعْفُو لَنَا وَتَرْحَمْنَا» («Адам а.с.) «Раббымыз, біз өзімізге кесір істедік. Егер, Сен бізді жарылқап, мархабат етпесең, әлбетте, зиян етушілерден боламыз», – деді» («Ағраф» сүресі, 23), – деген аяты түсіндіруде.

«...سِنْدَرِغЕ АҒЛТ ЛКМ БӘЙМӘ АНӘАМ АЛА МА ИНАЙ АЛБКМ» «...сендерге түсіндірілетіндерден басқа хайуандар халал қылынды...» (Мәида сүресі, 1) аятын «حَزَمَتْ عَلَيْكُمْ الْمُؤْمِنَةُ وَالَّذِينَ وَلَّوْا مِنْ أَهْلِ...» («Сендерге: Өлексе, аққан қан, доңыз еті және Ал- (ЛӘГІР АЛЛА БӘ

ладан басқаның атымен бауыздалған мал арам қылынды...» («Мәида» сүресі, 3) аяты тәпсірлейді.

Құранды Құранмен тәпсірлеу – Құранда шектеу қойылмаған (мутлақ) мағынадағы аяттарды шектейтін (муқайяд) аяттармен түсіндіру. Оған таяммумға қатысты келген: فَاسْأَلُوا بِأُجُوهِكُمْ وَأَيْدِيكُمْ «...онымен беті-қолдарыңды сипандар» («Мужәдәлә» сүресі, 3),– деген аятта, мәсіх тарту үшін қол бөлігі шектелмеген болса, оны осы аяттағы дәретке қатысты келген: فَاعْسَلُوا وَأُجُوهَكُمْ «... жүздеріңді және шынтақтарға дейін қолдарыңды жуыңдар» үкімі таяммумда да қолдың шынтаққа дейін екендігін көрсетіп, алдыңғы аятты шектейді.

Сол секілді кейбір ғалымдар зиһар аятын, өлім жазасына қатысты келген аяттың шектейтіндігін айтады. Зиһарға қатысты келген аяттағы зиһардың кәффаратын: «أَوْ تَحْرِيرِ رَقَبَةٍ» «... немесе бір құл азат ету» («Мужәдәлә» сүресі, 3),– деп, қандай да бір құлды азат етуді білдірсе, оны «فَتَحْرِيرِ رَقَبَةٍ مُّؤْمِنَةٍ» «..ол бір мүмін құлды азат етуі..» («Ниса» сүресі, 92) аяты мүмін құлды азат етумен, алдыңғы аятты шектейді.

Құранды Құранмен тәпсірлеуде жалпылама келген мағыналарды (аамм) кейбір аяттардың нақтылап, жалқылап (тах-сис) келуі де ерекше орын алады. Мысалы, Құран Кәрімнің:

«يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا أَنْفِقُوا مِمَّا رَزَقْنَاكُمْ مِنْ قَبْلِ أَنْ يَأْتِيَكُمْ يَوْمٌ لَا

بَنْعَ فِيهِ وَلَا خُلَّةَ وَلَا شَفَاعَةَ وَالْكَافِرُونَ هُمُ الظَّالِمُونَ»

«Ей, мүміндер! Сендерге берген несібемізден саудаласу, достық, шапағат болмайтын бір күннің келуінен бұрын, Аллаһ жолында жұмсандар. Ал, қарсы болушылар, олар – залымдар» («Бақара» сүресі, 254) аятында ақиреттегі шапағат пен жанашырлық жалпылама жоққа шығарылады. Алайда, «الْأَحْلَاءُ يَوْمَئِذٍ بَعْضُهُمْ لِبَعْضٍ عَدُوٌّ إِلَّا الْمُتَّقِينَ» «Сол күні тақуалардан басқа достар, бір-біріне дұшпан болады» («Зухруф» сүресі, 67) аяты жоғарыдағы достықтың пайда бермейтіндігін айтқан аяттан кейін, тақуа жандардың достығын нақтылап келсе,

«وَكَم مِّن مَّلَكٍ فِي السَّمَاوَاتِ لَا تُغْنِي شَفَاعَتُهُمْ شَيْئًا
إِلَّا مَن بَعَدَ أَنْ يَأْذَنَ اللَّهُ لِمَن يَشَاءُ وَيَرْضَى»

«Көктерде қаншалық періште бар. Аллаһ қалап, разы болған кісісіне рұқсат бермейінше, олардың шапағаты еш нәрсеге жарамайды» («Нәжім» сүресі, 26) аяты Аллаһтың қалауымен шапағаттың болатындығын паш етеді.

«...Кім бір жаман іс қылса, сол себепті жазаланады...» («Ниса» сүресі, 123) аятын **«مَا أَصَابَكُمْ مِّنْ مُّصِيبَةٍ فِيمَا كَسَبْتُمْ أَيْدِيكُمْ وَيَعْلَمُ عَنْ كَثِيرٍ** **«Бастарыңа келген бір ауыртпашылық, өз қолдарыңмен істегендеріңнің салдарынан болады және де Аллаһ көбін кешіреді»** («Шура» сүресі, 30) аяты жалқылайды.

Құранның кейбір аяттарында Адамның (а.с.) жаратылуы топырақтан (Тин) десе, бір жерде қара балшықтан (хамаин мас-нун), басқа бір аятта сыңғырлаған құрғақ балшықтан (салсал) жаратылғандығын айтқаны секілді, аяттар бір-бірін түсіндіріп отырады. Бұл да Құран аяттарын Құран аяттарымен тәпсірлеу болып табылады.

Қырағаттарға байланысты да Құран аяттарын, Құран аяттары түсіндіріп отырады. Мысалы: **«أَوْ يَكُونُ لَكَ بَيْتٌ مِّنْ رُّحُوفٍ»** **«Не болмаса, алтыннан (зухруф) бір үйің болсын»** аятын, Ибн Масғұдтың қырағатындағы: **«أَوْ يَكُونُ لَكَ بَيْتٌ مِّنْ ذَهَبٍ»** **«Не болмаса, алтыннан бір үйің болсын»** аяты түсіндіреді.

«يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ، **мүміндер! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде, дереу Аллаһты еске алуға (намазға) асығыңдар»** аятын, басқа бір қырағаттағы: **«فَامْضُوا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ وَذَرُوا الْبَيْعَ»** сөзі тәпсірлейді. Өйткені: **«فَاسْعَوْا»** сөзі, «тез жүру» деген мағынаны білдіреді. Негізгі мағына намазға тез жүріп бару емес, асығуды ұғындырады.

Кейбір қырағаттарда артық сөздер болса, кейбірінде сөздер түсіп қалады. Сөздер қосылған қырағаттар, кейбір сөздері түсіп қалған қырағаттарды түсіндіріп келеді. Бірақ бұны кейбір ғалымдар Құран аяты десе, кейбірі Құран аяты деп есептемейді,

тәпсір ретінде қабылдайды. Өйткені, сахабалар кейбір аяттардың тәпсірін аяттардың жанына жазып жүретін, уақыт өте оны адамдар Құран аятынан санаған. Дегенмен, Құран аяттарын Құран аяттарымен тәпсірлеуде қырағаттың орны ерекше екендігін, Мужаһидтің: «Ибн Аббастан сұрамай тұрып, Ибн Масғудтың қырағатын оқығанда, сұраған нәрселерімнің көбісін сұрамаған болар едім»,– деген сөзінен көруге болады.

Бұл тұрғыда шығыстанушы Игнац Гольдциер³⁶⁰ «Тәпсіріндегі ислам мазһабтары» атты кітабында: «Құран тәпсірі алғашқы кезеңде Құранның өзіне негізделді, дұрысырақ айтатын болсақ, қырағатына...»,– деген³⁶¹.

Екінші негіз. Пайғамбар (с.а.с.)

Сахабалар пайғамбардың көзі тірісінде әрі дүние салғаннан кейін де пайғамбар сүннетін ұстанудың әрбір мұсылманның міндеті екенін көрсеткен. Әрі өздері де Құран мен сүннетті ұстануда үлгі болып кеткен болатын. Бұған Муаз ибн Жәбәлдің, пайғамбарымыз (с.а.с.) оны Йеменге жіберіп тұрып, Аллаһтың кітабынан таппаған жағдайда, немен қазылық ететінін сұрағанда, оның: «Аллаһ тағаланың кітабынан таппаған жағдайда, Аллаһ елшісінің сүннетімен үкім шығарамын»,– деп айтуы айқын дәлел. Сахабалардан кейін келген ғұламалар да қандай да бір үкімді Құраннан таппаған жағдайда, сүннетке сүйенгені белгілі.³⁶²

Сахабалар тәпсір саласында да Құран Кәрімнен кейін Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жүгінген. Қандай да бір аятты түсінбеген сахаба пайғамбарға келіп, қанағаттанарлық жауап алған. Пайғамбар да (с.а.с.) сахабаларына мағынасы түсініксіз аяттарды баяндауда жалықпаған. Өйткені, пайғамбардың міндеті сол, адамдарға Аллаһ тағаланың кітабын жеткізіп, баяндау тұғын. Бұл тұрғыда Құран Кәрімде: «وَأَنزَلْنَا إِلَيْكَ الذِّكْرَ لِتُبَيِّنَ لِلنَّاسِ مَا نُزِّلَ إِلَيْهِمْ وَلَعَلَّهُمْ يَتَفَكَّرُونَ», «Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп,

³⁶⁰ Игнац Гольдциер (Ицхак Йегуда Гольдциер) (1850 - 1921) – еврей текті, венгер шығыстанушысы. Араб тілі мен гебрайтану маманы, исламтанушы.

³⁶¹ Игнац Гольдциер, Тәпсіріндегі ислам мазһабтары, 6-б.

³⁶² Уаһбату эз-Зухайли, Усул әл-Фикһ әл-Ислами, 438-б.

Құранды түсірдік. Әрине олар түсінер» («Нахыл» сүресі, 44),– делінген.

Хадис жинақтарына назар аударсақ, онда көптеген тараулардың ішінен Құран Кәрім тәпсіріне арналған тарауды да көре аламыз.

Мысалы, Ахмед, әт-Термези және басқа да хадис ғалымдары Ади ибн Хиббанның: «Аллаһ елшісі: *«Ашуға ұшырағандар – яһудилер, ал адасқандар болса – христиандар»*,– деді»,– дегенін жеткізеді. Бұл, пайғамбарымыздың (с.а.с.) «Фатиха» сүресінің соңғы аятын түсіндіруі еді.

Әт-Термези, Ибн Хиббан сахих хадистер жинағындағы Ибн Масғудтан жеткен деректе, Аллаһ елшісінің (с.а.с.): *«Ортаңғы намаз – екінті намазы»*,– деп айтқаны берілген. Әрине, бұл – Құран Кәрімдегі *حَافِظُوا عَلَى الصَّلَوَاتِ وَالصَّلَاةِ الْوُسْطَىٰ وَقُومُوا*, «**Намаздарға сондай-ақ ортаңғы намазға сақтық танытыңдар. Аллаһқа бойсұнған күйде тұрыңдар**» («Бақара» сүресі, 238),– деген аяттың тәпсірі болатын.

Сахих әл-Бұхари мен Муслимде және өзге де хадис жинақтарындағы Ибн Масғудтан (р.а.) жеткен деректе:

«الَّذِينَ آمَنُوا وَلَمْ يَلْبِسُوا إِيمَانَهُمْ بِظُلْمٍ أُولَٰئِكَ لَهُمُ الْأَمْنُ وَهُمْ مُهْتَدُونَ» **«Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар, міне, соларда сенімділік бар және олар тура жолға түсірілгендер»** («Әнғам» сүресі, 82) аяты түскен кезде, адамдарға ауыр келіп, олар: *«Уа, Аллаһтың елшісі, кім өз-өзіне зұлымдық жасамайды?»* – дегенде, Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Бұл сендердің ойлағандарыңдай емес, салиқалы пенденің: إِنَّ الشِّرْكَ لَظُلْمٌ عَظِيمٌ»*, **«Күдіксіз, ортақ қосу – зор зұлымдық»** (Лұқман сүресі, 13),– деп оқығанын *естімедіңдер ме?»* – дейді»,– делінген.

Бұл жерде пайғамбарымыз (с.а.с.) аяттағы «зұлымдық» сөзін, Аллаһқа серік қосудың үлкен зұлымдық екендігін түсіндіретін басқа бір аятпен баяндаған.

Муслимнің сахихындағы Ұқба ибн Амирден жеткен риуаятта, ол: *«Аллаһ елшісінің мінберде тұрып: مَا اسْتَطَعْتُمْ مِنْ»* **«Сендер де шамаларың келгенше, қандай да бір күшпен**

дайын болындар»³⁶³, әрине, ол – найза күші», – дегенін естідім», – дейді.

Әт-Термези мен Ибн Жарир, Убәй ибн Кағыбтың (р.а.) Аллаһ елшісінің (с.а.с.):

«(وَأَلْزَمَهُمُ الْكَلِمَةَ التَّقْوَى) «..оларға тақуа сөзін жүктеді» (Фатх сүресі, 26) аятындағы «тақуа» сөзі – «اللَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا» «Аллаһтан басқа тәңір жоқ», – деп айтқанын естігендігін жеткізеді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Кәусар» сүресіне қатысты: «Кәусар – Раббымның маған берген жаннаттағы өзені», – деген.

Осы секілді, пайғамбардың Құран Кәрім аяттарын түсіндіргені жайлы деректерді көптеп келтіруге болады.

3. Пайғамбар (с.а.с.) Құран Кәрімнің барлығын тәпсірлеген бе?

Аллаһ тағала «Нахыл» сүресінің: «Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірдік. Әрине олар түсінер», – деген аятында, пайғамбардың Құран аяттарын баяндайтындығы айтылған. Осы тұста «пайғамбар Құран Кәрімнің барлық аяттарын тәпсірлеп, ондағы барлық үкімдерді баяндаған ба? Әлде, кейбір аяттардың ғана тәпсірі мен үкімдерін баяндаған ба?» – деген сұрақ туындайды. Ғалымдар бұл тұрғыда ортақ пікірге келмеген. Ибн Тәймия секілді ғалымдар, пайғамбардың (с.а.с.) сахабаларына Құран Кәрімнің барлық аяттары мен сөздерінің мағыналарын баяндап кеткендігін айтса, имам әс-Суюути сынды ғалымдар, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) сахабаларына Құран Кәрімнің аз ғана бөлігін баяндап кеткендігін алға тартады.

Пайғамбардың (с.а.с.) Құран Кәрімнің барлық аяттарын баяндап кеткендігін айтқан топтың дәлелдері:

1. Аллаһ тағала: «وَأَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الذِّكْرَ لِتُبَيِّنَ لِلنَّاسِ مَا نُزِّلَ إِلَيْهِمْ وَلَعَلَّهُمْ يَتَفَكَّرُونَ», «Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірдік. Әрине олар түсінер» («Нахыл» сүресі,

³⁶³ «Әнфәл» сүресі, 60.

44),– деген аятында, пайғамбарына «Құранның аяттары мен сөздерінің мағыналарын ашық баян етерсің» деп айтуда. Егер, олай жасамағанда, пайғамбар өз міндетін толық атқармаған болады.

2. Убәй Абдурахман әс-Саламиден³⁶⁴ жеткен деректе, ол: «Бізге Құран үйреткен Осман ибн Аффан, Абдуллаһ ибн Масғуд секілді тұлғалар пайғамбарымыздан Құранның он аятын үйренсе, соның ішіндегі ілім мен тағылымдарды көңілдеріне түймей әрі қарай жалғастырмайтын. Олар: «Құранды және ондағы ілім мен амалдың барлығын үйрендік дейтін»,– деген. Сол үшін де олар ұзақ уақыт Құран жаттаған. Имам Мәликтің «Муатта» еңбегінде, Ибн Омардың «Бақара» сүресін жаттау үшін сегіз жыл өмірін арнағандығы айтылған. Құран Кәрімде Аллаһ тағала: «كِتَابٌ أَنْزَلْنَاهُ» «(Мұхаммед с.а.с.) саған бір мұбарак кітап түсірдік; аяттарын түсінулерің үшін» («Сад» сүресі, 29),– дейді. Ал, Құран аяттарын түсіну – оның мағыналарын ұғыну арқылы болатыны сөзсіз. Сахабалардың Құран аяттарын түсінбей оқуы һәм түсінбей жаттауы мүмкін емес екендігі белгілі.

3. Әдетте, медицина, есеп-қисап секілді, қандай болмасын бір саланың кітабы толықтай түсіндірілмеуі мүмкін емес. Ал, оның қасында, адамзаттың дүние мен ақиреттегі бақыты қамтылған Аллаһтың сөзі қалай толық түсіндірілмейді?!

4. Имам Ахмед, Ибн Мәжә Омардың (р.а.): «Ең соңғы түскен өсімге қатысты аят болатын. Аллаһтың елшісі (с.а.с.) оны тәпсірлемей тұрып дүние салған еді»,– дегенін жеткізеді. Яғни, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) аят түскеннен кейін көп уақыт өтпей дүние салуы себепті, осы аяттың баяндалмай қалуы, пайғамбардың (с.а.с.) әрбір түскен аятты тәпсірлеп отыратындығына анық дәлел.

³⁶⁴ Абдуллаһ ибн Хабиб – табиғин, хижраның 72 жылы дүние салған.

Пайғамбардың (с.а.с.) Құран Кәрімнің аз ғана бөлігін баяндап кеткендігін алға тартқан топтың дәлелдері:

1. Айша анамыз (р.а.): «Аллаһ елшісі (с.а.с.) Құранның Жәбірейіл үйреткен санаулы аяттарын ғана тәпсірлеген болатын», – дейді³⁶⁵.

2. Аллаһ тағала, пенделері Құран аяттарына пікір жүгіртулері үшін пайғамбарына барлық аяттардың мағынасын баяндауды бұйырмаған.³⁶⁶

3. Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына Құран Кәрімнің барлығын баяндаған болса, Ибн Аббас үшін: «Иә, Аллаһ оған дінде терең түсінік бер және тәуілді (Құран тәпсірін) үйрет», – деп дұға қылмас еді³⁶⁷.

Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби³⁶⁸ аталған екі топтан әсірелеу байқалатындығын айтып, олардың сүйенген дәлелдерін былайша талқылайды:

«Пайғамбар Құранның барлық аяттары мен сөздерін түсіндіріп кетті», – деген пікірді ұстанған Ибн Тәймия секілді ғалымдар дәлел қылған: «لَتُبَيِّنَ لِلنَّاسِ مَا نُزِّلَ إِلَيْهِمْ» «**адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің**» аяты, олардың ұстанымына нақты айғақ бола алмайды. Өйткені, бұл аяттағы «пайғамбардың баяндауы» – Құран аяттарының барлығын қамтымай, тек түсініксіз, мағынасы анық болмаған тұстарын ғана түсіндіруін ұғындырады.

Ал, Осман ибн Аффан, Абдуллаһ ибн Масғуд секілді сахабалар Аллаһ елшісінен (с.а.с.) Құранның он аятын үйренсе, ондағы тағылымдарды көңілдеріне түймей, ары қарай жалғастырмағандығы, олардың, аяттардың жалпылама мағынасын пайғамбардан үйренгені секілді, басқа сахабалар мен өз түсініктеріне де сүйенген болуы мүмкін.

³⁶⁵ Әл-Қуртуби, Әл-Жамиғу лиахками әл-Құран, 1/66-б; Ибн Жарир әт-Табари, Жамиғу әл-баян ан тәуил әәи әл-Құран, 1/21-б.

³⁶⁶ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 2/173 б.

³⁶⁷ Әл-Қуртуби, Әл-Жамиғу лиахками әл-Құран, 1/68-б.

³⁶⁸ Проф. док. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби (1915-1977) – Құран ілімдері саласын зерттеген мысырлық ғалым. Өмірінің соңында уақыфтар министрлігін басқарған.

Үшінші дәлелдері – белгілі бір саланың кітаптары түсінікті болғанындай, Құранның да түсінікті болуы тек пайғамбардың түсіндіруімен шектелмейді. Өйткені, Құран аяттарының пайғамбар дәуірінен кейін де сахабалардың және пайғамбардың мұрагерлері болған ғұламалар тарапынан кейбір сырлары ашылғаны белгілі.

Ал, төртінші дәлелдеріне келсек, ең соңғы түскен өсімге қатысты аятты Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тәпсірлемей тұрып дүние салуы, оның әрбір түскен аятты тәпсірлеп отыратындығына анық дәлел емес. Өйткені, кейбір мағынасы түсініксіз болған аяттар секілді, осы аяттың да мағынасын түсіне алмаған сахабалардың, пайғамбарға жүгінулеріне тура келуі мүмкін.

Пайғамбардың (с.а.с.) Құран Кәрімнің аз ғана бөлігін баяндап кеткендігін алға тартқан екінші топтың дәлелдеріне келсек, олардың сүйенген бірінші дәлелі, яғни Айша анамыздан келген риуаят, көпшілік хадис ғалымдары тарапынан қабылданбаған. Бұл хадис «мункәр ғариб», себебі тізбегінде хадистанушылар тарапынан мін тағылған – Мұхаммед Жағфар әз-Зубәйри бар. Ол жайлы әл-Бұхари: «хадисіне жүгінілмейді»,– деген. Өзге ғалымдар да оның хадисі қабылданбайтындығын айтқан. Кейбір ғалымдар, егер бұл хадисті дұрыс деп қабылдайтын болсақ, онда ол Құрандағы ғайып мәселелеріне қатысты айтылған дейді. Сол секілді, басқа сүйенген дәлелдері де нақты дәлел бола алмайды.

Ендеше екі көзқарастың ортасын ұстанар болса, дұрыс хадистер жинағында келгені секілді, Аллаһтың елшісі (с.а.с.) Құран Кәрімнің көптеген аяттарын баяндаған. Алайда, барлық Құран аяттарын тәпсірледі деп айта алмаймыз. Өйткені Құранда Аллаһ тағаланың ілімімен жасырылған, тек Аллаһтың ғалым пенделерімен ғана мәлім болатын, араб тілділердің ғана түсіндіруімен айқындалатын және түсінігі ешкімге қиындық тудырмайтын мағыналар бар. Ибн Жарирдің риуаятында Ибн Аббас: «Тәпсірдің төрт жағы бар: Арабтардың өз тілдерімен ұғынуы (Құран араб тілінде болғандықтан арабтардың түсінуі), Түсінігі ешкімге қиыншылық тудырмайтын тұсы, Ғұламаларға ғана мәлім болған тарабы және Аллаһ тағаладан басқаға белгілі болмаған жағы»,– дейді.

Пайғамбар (с.а.с.) арабтарға ұғынықты болатын аяттар мен сөздерді тәпсірлеп жатпады, себебі Құран араб тілінде түскен еді. Сол секілді түсінігі ешкімге ауыр келмейтін, мағынасы анық аяттарды да түсіндірмегендігі белгілі. Сонымен қатар, қиямет, рух секілді Аллаһ тағаладан басқа ешкімге мәлім болмаған ғайып мәселелерін қамтыған аяттар жайлы да көп сөз қозғамаған. Ал, ғалымдардың түсінігіне қалдырылған немесе ғалымдардың ижтиһады және мағынасы көмескі аяттарды айқындау, жалпылама айтылған аяттарды жалқылау секілді жолдармен жүзеге асатын аяттарды баяндаған.

Пайғамбардың (с.а.с.) барлық Құран аяттарын тәпсірлемегендігіне, сахабалардың кейбір аяттардың тәпсірінде бір ауыздан келісе алмағандығы дәлел болады. Олар Аллаһ елшісі (с.а.с.) баяндап кеткенде, бұндай пікір қарама-қайшылығына түспес еді.

Пайғамбарымыздан (с.а.с.) кейін көптеген ғалымдар Құранға түсініктеме ретінде том-том кітаптар жазған. Алайда, ол ғалымдар да, қиямет күніне дейін келетін тәпсіршілерде өз еңбектерін пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеттерін негізге ала отырып жазары сөзсіз. Өйткені пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеті Құран сынды, оған Аллаһ тарапынан берілген уахи болып табылады. Яғни, Аллаһ тағала уахи жолымен түсірген кітабын тек сол уахи жолымен түсіндіреді. Аллаһ тағала Құран Кәрімде:

«**Ол өз ойынан сөйлемейді. Сөйлегені – көкейіне салынған уахи ғана**» («Нәжім» сүресі, 3-4), – дейді. Сондықтан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дінге, шариғатқа қатысты әр сөзі, әрбір іс-қимылы, оның жүрегіне түсірілген уахи болып табылады³⁶⁹.

Құран аяттарының басым бөлігі мағына жағынан жалпылама түрде берілген. Мысалы, Аллаһ тағала Құранда мұсылмандарға намаз оқуды, ораза ұстауды, зекет беруді және қажылыққа баруды бұйырған. Аталмыш құлшылықтар мұсылман адам үшін өте маңызды, өйткені олар исламның парыздарынан екені белгілі. Солай бола тұра, Құранда намаздың күніне неше мәрте,

³⁶⁹ Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби, Әт-Тафсир уә әл-муфассирун, 48-51-б.

қанша рақағат оқылатындығы, үкімдері, яғни оны бұзатын және бұзбайтын жағдайлары мен парыздары айтылмаған. Сондай-ақ, Құранда ораза, зекет және қажылыққа қатысты үкімдер де толығымен баяндалмаған. Осы секілді Құранда баяндалмаған көптеген маңызды үкімдерді сүннеттен ғана табамыз. Сондықтан, имам әл-Әузағи: «Сүннеттің Кітапқа (яғни Құранға) мұқтаждығына қарағанда, Кітап та сүннетке аса мұқтаж»,– деген.

4. Сүннеттің Құранды баяндау тәсілдері

1. *Құранға сай немесе оны қуаттап келуі*, мысалы: намаз оқу, зекет беруге бұйыру секілді. Құран мен сүннеттің бір үкіммен келуі – дәлелдердің көптігін білдіреді. Сөйтіп, үкім Құранмен бекітіліп, сүннет оны қуаттаушы болып келеді. Мысалы: **«Араларындағы малдарыңды бұзық жолмен жемендер»** аятын, пайғамбарымыздың (с.а.с.): *«Бір мұсылманның мүлкі басқасына теріс жолмен адал болмайды»* мағынасындағы хадисі қуаттайды.

2. *Құранды баяндап, түсіндіріп келуі*. Ал, баяндаудың мынадай кейіптері бар:

а) Құранда қысқа-нұсқа (мужмал) келген мәселені баяндауы. Мысалы: пайғамбарымыздың (с.а.с.) намаздың қалай оқылуын және намаз рақағаттарының санын, зекет пен қажылық мәселелерін баяндауы. Сол үшін де Пайғамбар (с.а.с.): *«Менің намаз оқығаным секілді намаз оқыңдар», «Менен қажылық рәсімдеріңді алыңдар»,–* деген.

ә) Құрандағы жалпы (аам) үкімді жалқы (тахсис) қылуы. Мысалы: Әбу Һурайрадан жеткен хадисте: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) кісі әйелмен ол әйелдің немере әпкесі арасын қосуды және әйелмен ол әйелдің нағашы әпкесі арасын қосуды тыйды, яғни екеуіне бірдей некелесуді тыйған».³⁷⁰ Бұл хадис Аллаһ тағаланың:

«Бұлардан басқалары сендерге халал қылынды» («Ниса» сүресі, 24),– деген жалпы келген аятты жалқы (тахсис) қылушы болып табылады.

³⁷⁰ Муслим, Әс-Сахих, 1028.

«الَّذِينَ آمَنُوا وَلَمْ يَلْبِسُوا إِيمَانَهُمْ بِظُلْمٍ» «Сондай иман келтіріп, сенімдерін зұлымдықпен былғамағандар» («Әнғам» сүресі, 82) аяты түскен кезде, сахабалар «зұлымдық» сөзін жалпылама түсініп: «Уа, Аллаһтың елшісі, қайсыбіріміз өз-өзіне зұлымдық жасамайды?» – деген кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Бұл сендердің ойлағандарыңдай емес, аяттағы «зұлымдық» сөзі – Аллаһқа ортақ қосу», – деп түсіндірген.

б) Құранда нақты шектелмей келген мәселені (мутлақты) шектеуі (такиид қылуы). Мысалы: وَالسَّارِقُ وَالسَّارِقَةُ فَاقْطَعُوا أَيْدِيَهُمَا جَزَاءً بِمَا كَسَبَا نَكَالًا مِنَ اللَّهِ وَاللَّهُ عَزِيزٌ حَكِيمٌ «Ер және әйел ұрының қылмыстарына жаза әрі Аллаһтан бір өнеге түрінде қолдарын кесіндер. Аллаһ аса үстем, хикмет иесі» («Мәида» сүресі, 38) аятын, пайғамбар (с.а.с.) ұрының қолы білезігінен кесілетіндігін айтып шектеген.

в) Мағынасы көмескі болып келген аятты түсіндіруі. Мысалы: пайғамбар (с.а.с.) «...لَكُمْ الْخَيْطُ الْأَبْيَضُ مِنَ الْخَيْطِ...» «ақ жіп қара жіптен айырылғанға дейін жеп ішіндер...» («Бақара» сүресі, 187) аятындағы ақ жіп пен қара жіпті күн мен түн екендігін түсіндірген болатын.

3. Сүннеттің Құранның белгілі бір сөздерін түсіндіруі. Мысалы: пайғамбарымыздың (с.а.с.): «الْمَعْضُوبِ عَلَيْهِمْ», «ашуға ұшырағандар» сөзін – яһудилер, «الضَّالِّينَ» «адасқандар» сөзін – христиандар», – деп түсіндіруі секілді.

4. Құранда келмеген жаңа бір үкіммен келуі мүмкін, яғни Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннетімен Құран Кәрімде келмеген үкімнің бекітілуі. Мысалы: бойдақ емес зинақордың, пітір садақасының үкімі секілді.

5. Құранда бекітілген үкімді насых қылуы. Мысалы: пайғамбарымыздың (с.а.с.) соңғы қоштасу қажылық құтпасында:

«إِنَّ اللَّهَ قَدْ أَعْطَى لِكُلِّ ذِي حَقٍّ حَقَّهُ فَلَا وَصِيَّةَ لِرِوَاثٍ أَقَىٰ» «Расында, Аллаһ әрбір ақы иесіне ақысын берген, ендеше мирас алушының өсиеті жоқ», – деген хадис, өсиетпен мирас мұрагерінің үкімін насых қылған, ол Аллаһ тағаланың:

كُتِبَ عَلَيْكُمْ إِذَا حَضَرَ أَحَدَكُمُ الْمَوْتُ إِنْ تَرَكَ خَيْرًا الْوَصِيَّةَ
لِلْوَالِدَيْنِ وَالْأَقْرَبِينَ بِالْمَعْرُوفِ حَقًّا عَلَى الْمُتَّقِينَ

«Біреулеріңе өлім келген шақта, артына мал қалдырса, әке-шешесіне, жақындарына дұрыстықпен өсиет парыз етілді. Өсиет – тақуаларға бір міндет» («Бақара» сүресі, 180),– деген аятында келеді.

Үшінші негіз: Ижтиһад, үкім шығарудағы ерекше қабілет

Сахабалар дәуіріндегі тәпсір негіздерінің үшіншісі: сахабалардың ижтиһады мен үкім шығарудағы ерекше қабілеттері. Сахабалар қандай да бір аяттардың тәпсірін Аллаһ тағаланың кітабы мен пайғамбар сүннетінен таба алмаса, өздерінің ерекше қабілеттеріне сүйену арқылы, ижтиһад жасап, өз көзқарастарын білдірген. Ал, кейбір аяттарды түсінуге араб тілінің қыр-сырын білу жеткілікті еді. Сахабалардың араб тілін жетік білгендігі белгілі.

Сахабалардың тәпсірдегі ижтиһад құралдары:

Көптеген сахабалар, Құран аяттарын өздерінің көзқарастары мен ижтиһадтары арқылы тәпсірлеген кезде:

- а) Араб тілін және оның ерекшеліктерін білу;
- ә) Арабтардың әдет-ғұрыптары;
- б) Құран аяттары түсіп жатқан кездегі Араб түбегіндегі яһудилер мен христиандардың жағдайын білу;
- в) Ерекше қабілеттері мен түсініктері сияқты көмекші құралдарға сүйенген.

Араб тілінің заңдылықтары мен қыр-сырын білу – басқа тілмен түсіну мүмкін болмаған аяттарды түсінуде көмекші құрал саналады. Сол секілді арабтардың әдет-ғұрыптарын білу – арабтардың әдет-ғұрыпымен байланысты келген аяттарды түсінуге жәрдемші болады. Мысалы: «إِنَّمَا النَّسِيءُ زِيَادَةٌ فِي الْكُفْرِ...» «Сөзсіз айды кешіктіру күпірлікті (қарсылықты) арттыру...» («Тәубе» сүресі, 37), «وَلَيْسَ الْبِرُّ بِأَنْ تَأْتُوا الْبُيُوتَ مِنْ ظُهُورِهَا» «Үйлеріңе артынан кірулерің бір жақсылық емес» («Бақара» сүресі, 189),– деген

секілді аяттарды, арабтардың исламға дейінгі әдет-ғұрыптарын білмей тәпсірлеу мүмкін емес.

Құран аяттары түсіп жатқан кезеңдердегі Араб түбегіндегі яһудилер мен христиандардың жағдайларын білу – олардың іс-әрекеттері мен сұрақтарына жауап ретінде түскен Құран аяттарын түсінуге көмектесетіндігі сөзсіз. Сондықтан, тәпсір барысында аяттардың түсу себептерін білу аса маңызды. Бұл тұрғыда әл-Уахиди: «Аяттардың түсу себептері мен оқиғаларын білмей, аяттардың тәпсірін түсіну мүмкін емес»,– десе, Ибн Дақиқ әл-Айд: «Аяттардың түсу себептерін білу – Құран мағыналарын түсінудің бірден-бір жолы»,– деген.

Ерекше қабілет пен түсінік – Аллаһ тағаланың адам баласына берген сыйы. Кейбір Құран аяттарының нәзік мағыналары ерекше қабілет пен түсінікті қажет етеді. Осындай түсінікке пайғамбардың дұғасына бөленген Абдуллаһ ибн Аббас қол жеткізген.

Сол секілді хадисте Алидың да (р.а.) ерекше қабілетке ие болғандығы белгілі. Әбу Жухайфа (р.а.): «Алиден (р.а.): «Сізде (Аллаһ тағаланың кітабынан басқа) кітап бар ма?» – деп сұрадым. Али (р.а.): «Жоқ, тек қана Аллаһ тағаланың Кітабы және мұсылманға берілетін түсінік пен парақтағы нәрсе ғана бар»,– деді. «Бұл парақтағы не?» – деп сұрадым. Али (р.а.): «Құн үкімі, құлды азат қылу және кәпір үшін мұсылманнан кек алудың харамдығы туралы»,– деп жауап берді»,– деген³⁷¹.

Алайда, сахабалардың қабілеттері мен түсініктерінің біркелкі болмауына байланысты, олар Құранның кейбір мағыналарын түсінуде бірдей болмаған. Мысалы, сахабалар: «**الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ**» «**Бүгін діндеріңді толықтастырдым**» аяты түскен кезде қуанса, Омар (р.а.) көзіне жас алып: «Қандай да бір кемелдіктен кейін, нұқсандық болады»,– деп, пайғамбардың дүние салатындығын түсінген болатын. Осы аят түскеннен кейін, пайғамбарымыз (с.а.с.) сексен бір күн ғана өмір сүрген.

Әл-Бұхариде келген деректе, Сағид ибн Жубәйр Абдуллаһ ибн Аббастың былай дегенін жеткізеді: «Омар (р.а.) мені Бәдірге

³⁷¹ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 111.

қатысқан үлкен сахабалармен бірге шақырды. Тіпті, кейбірі, өздерінің балаларымен жасты болған Ибн Аббасты не үшін кіргізгендігі жайлы ойлаған болса керек. Омар (р.а.) оларға: «Бұл өздерің білетін Ибн Аббас», – деді. Тағы бірде мені оларға көрсету үшін олармен бірге шақырып, бізге Аллаһ тағаланың: «إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ» **«Аллаһтың жәрдемі және жеңісі келген кезде»** сөзіне не айтасындар?» – деді. Кейбірі: «Егер жеңіске қол жеткізсек, Аллаһқа мадақ айтып, Одан жарылқау тілеуге бұйырылдык», – десе, кейбірі ойларын білдірмей, үнсіз қалды. Сосын маған: «Иә, Ибн Аббас, сен де солай дейсің бе?» – деді. Мен: «Жоқ», – деп жауап бердім. Ол: «Не айтасың?» – деді. Мен: «Бұл жерде Аллаһ тағала Өзінің елшісіне дүние салатындығын білдірген», – дедім. Омар (р.а.): «Мен де сенің айтқаныңнан басқа нәрсе білмеймін», – деді»³⁷².

Төртінші негіз: Кітап иелері: яһудилер мен христиандар

Құран Кәрімде келген кейбір мәселелердің Тәуратқа сәйкес келетін тұстарының бар екендігін көруге болады. Нақтырақ айтсақ, Тәуратта келген пайғамбарлар қиссалары мен өткен қауымдарға қатысты оқиғалар Құранда да келеді. Сол секілді, Інжілде келген Мариям ұлы Исаның дүниеге келу қиссасы мен мұғжизалары да Құран Кәрімде қамтылған. Бірақ, Құран Кәрімнің ұстанымы, Тәурат пен Інжілдің ұстанымынан мүлдем басқа. Құранда мәселелер егжей-тегжейлі талқыланбай, қиссалардың қыр-сыры жан-жақты айтылмай, тек ғибратты тұстары ғана айтылады.

Адам баласы болмысынан бір нәрсенің астарына үңілуге, мән-жайды толық түсінуге құмартатындығы белгілі. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) кейбір сахабалары да Құранда толыққанды баяндалмаған қиссалардың басқа тұстарын, жай-жапсарын білу үшін, ислам дінін қабылдаған Абдуллаһ ибн Сәләм, Кағыб әл-Әхбар секілді яһуди, христиан ғалымдарына жүгінген. Әрине, сахабалар пайғамбар тарапынан түсіндірілмеген

³⁷² Әл-Бұхари, әл-Жамиғу әс-Сахих, 4970.

жағдайда ғана оларға жүгініп отырған. Ал, Аллаһ елшісі (с.а.с.) баяндап кеткен жағдайда сахабалардың оларға сүйенбесі анық³⁷³.

Айта кететін жайт, Тәурат пен Інжілдің бұрмаланған кітап екендігі белгілі. Сондықтан да сахабалар Тәурат пен Інжілге ислам шарифаты мен сеніміне қайшы келмейтін тұстарында ғана сүйенген. Ал, ислам шарифатына, Құранға қайшы келген тұстары болса, мүлдем алынбаған. Сол секілді, сахабалар пайғамбарымыздың (с.а.с.): **«Кітап иелерін растамандар да, жалғанға да шығармандар»**, – деген сөзіне сай, кітап иелерінің кейбір мәселелерін растамаған да, жалғанға да шығармаған.

Тәпсірге яһудилер мен христиандар тарапынан енген деректерге «исраилият» сөзі қолданылады. Бұл тақырыпқа кеңірек тоқталатын боламыз.

5. Тәпсірші сахабалар

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) дана сахабалары оның (с.а.с.) қасында болып, аяттардың қалай түсіп жатқанын өз көздерімен көрді, түсініксіз жерлерді дер кезінде сұрап отырды, өздерінің сұрақтарына жауап алды. Пайғамбар дүниеден озғаннан кейін, Құранның аяттарын тәпсірлеу міндеті сахабалардың мойнына аманат боп қалды. Олар шарапатты аманатқа қиянат жасамай, үмбетке ілім-білімді мирас етіп кетті. Жер жүзінің шығысы мен батысына шашыраған сахабалар, барған жерлерінде білім ордаларын орнатып, жер-жаһанды нұрға толтырған болатын.

Дегенмен, тәпсір саласында танымал болған сахабалар көп емес. Олар Құран аяттарының тәпсірінде пайғамбардан (с.а.с.) тікелей естігенін, кейбірі аяттардың түсу барысында сол жерде болып, көргенін, кейбірі өздерінің көзқарастарын айтқан.

Имам әс-Суюти «әл-Итқан» кітабында, тәпсір саласында танымал болған сахабаларды: әділетті төрт халифа, Абдуллаһ ибн Масғуд, Абдуллаһ ибн Аббас, Убәй ибн Кағыб, Зәйд ибн Сәбит, Әбу Мұса әл-Әшғари, Абдуллаһ ибн Зубәйр (Аллаһ олардан разы болсын)³⁷⁴ деп атап өтеді.

³⁷³ Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби, Әт-Тафсир уә әл-муфассирун, 52-56-б.

³⁷⁴ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 783-б.

Кейбір ғалымдар: Әнәс ибн Мәлик, Әбу Һурайра, Абдуллаһ ибн Омар, Жәбир ибн Абдуллаһ, Абдуллаһ ибн Амр ибн әл-Ас, Айша (Аллаһ олардан разы болсын) секілді сахабаларды да мұфассир сахабалар қатарына қосады. Алайда, олардан тәпсірге қатысты алғашқы он сахабаға қарағанда, өте аз деректер жеткен. Аталған танымал он сахабаның арасында да Әбу Бәкір, Омар, Османнан (Аллаһ олардан разы болсын) тәпсірге қатысты көп риуаяттар жоқ. Өйткені, олардың ертерек дүниеден өткендігі, мемлекет істері мен соғыстарға көп көңіл бөлгендері белгілі. Сонымен қатар, олар Аллаһтың кітабын жетік түсіне алған ғалым сахабалардың ортасында өмір сүрген еді. Төрт халифаның ішінде Али ибн Әбу Талибтен тәпсірге қатысты көптеген риуаяттар жеткен. Себебі, Али (р.а.) Османның (р.а.) халифалығы аяқталғанға дейін мемлекет ісімен айналыспаған-ды, әрі Ислам мемлекеті кеңейіп, өзге ұлт, дін өкілдерінің ислам дінін қабылдауы себепті, адамдардың тәпсірге деген мұқтаждықтары арта бастаған кезде өмір сүрген-ді.

Абдуллаһ ибн Масғуд, Абдуллаһ ибн Аббас, Убәй ибн Кағыб пен Али ибн Әбу Талибтен (Аллаһ олардан разы болсын) тәпсірге қатысты көптеген деректер жеткен. Өйткені, олар қабілеттері және араб тілін жетік білулерімен ерекшеленді. Сонымен қатар, олар адамдар тарапынан Құран аяттарына байланысты көп сұралып, ибн Аббастан басқалары пайғамбармен (с.а.с.) көп уақыт бірге болған. Әрі олар көптеген аяттардың түсу себептерін де білген. Ибн Аббас Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүниеден өткен кезде, шамамен он үш жаста болатын. Дегенмен, ол үлкен сахабалармен әрдайым бірге болып, олардан тәлім алған. Осы төрт сахаба тәпсірге қатысты көп риуаят еткен болып есептеледі. Олардың ішінде де ең көп риуаят ету жағынан бірінші Абдуллаһ ибн Аббас болса, сосын Абдуллаһ ибн Масғуд, одан кейін Али ибн Әбу Талиб, сосын Убәй ибн Кағыб келеді.

Абдуллаһ ибн Аббас

Өмірі: Абдуллаһ ибн Аббас ибн әл-Мутталиб ибн Һашим ибн Абдуманаф – Аллаһ елшісінің (с.а.с.) немере інісі. Ол хижрадан үш жыл бұрын дүниеге келген болатын.

Ол кішкентайынан Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тәрбиесі мен өнегесін көріп өсті. Пайғамбар (с.а.с.) дүние салған кезде, ол он үш жаста болған. Кейбір пікірлерде он бес жаста болғандығы айтылады. Одан көптеген үлкен сахабалар хадис алған. Дұрыс көзқарастар бойынша, Абдуллаһ ибн Аббас жетпіс жасында, хижраның 68 жылы Тайф қаласында дүние салып, сол жерге жерленген. Оны қара жердің қойнауына беріп тұрып, Мұхаммед ибн әл-Ханафия: «Аллаһпен ант етемін, бүгін осы үмбеттің данышпаны дүние салды»,– деген.

Білімі мен дәрежесі: Абдуллаһ ибн Аббастың білімге деген құштарлығы бала кезінен-ақ ерекше болатын. Аллаһтың елшісі (с.а.с.) барда суы мөлдір, сарқылмас бұлақтан мейірі қанғанша ішетін. Ал кейін, пайғамбар бақилық болғаннан соң, сахабаларды жағалап, білім іздеуді үрдіске айналдырған. Нәтижесінде, шаршамай, талмай білім жиып, ақыры ғұлама атанғаны белгілі.

Атағы асқан сахабалардың бірі Масруқ ибн әл-Әждағ: «Ибн Аббасты көзіммен көрген сәтімде: «Адамдардың абзалы осы»,– десем, сөзін естігенде: «Ділмары осы», ал, тілдескеннен кейін: «Ғұламасы осы»,– дейтінмін»,– деген.

Өмірде мақсатына жеткеннен кейін, Абдуллаһ үйін білім ордасына, яғни мұсылман адам ойындағы кез келген сұрағына жауап табар орталыққа айналдырып, онда бір өзі ғана дәріс берген. Аптаның әр күнін әр тақырыпқа арнауды үрдіске айналдырған. Сондықтан бір күнді Құран тәпсіріне, екінші күнді фикһ сабақтарына, ал үшінші күнді Расулуллаһтың (с.а.с.) әскери жорықтарына арнаған. Ал, ғылыми пікірталасқа келер болсақ, мұнда да терең білім арқасында Абдуллаһ ибн Аббастың мерейі үстем болған. Әділетті халифалар оның осындай даналығын біліп, жастығына қарамай, одан ақыл-кеңес сұраған. Мәселен, Омар ибн әл-Хаттаб (р.а.) шешімі күрделі бір мәселені сахабалар арасындағы талқыға саларда, үнемі Абдуллаһ ибн Аббастың да пікірін ескеретін. Бірде оған, бозбаланы қарт сахабалармен қатар қоюдың әбес екендігін ескерткенде, Омар: «Бұл өзі ақылды, талабына сай әрі үлкендерге жарасар кесек мінезі бар бозбала»,– деген.

Ибн Масғуд: «Ибн Аббас неткен керемет Құранның тәржіманы»,– деп айтқан.

Ата ибн Әбу Рабах: «Ибн Аббастың білім алқасынан басқа керемет жер көрмедім, оның айналасынан фикһ, Құран ілімдері мамандары, әдебиетшілер де табылатын»,– деген.

Ұбайдуллаһ ибн Абдуллаһ: «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) хадисін, Әбу Бәкір, Омар мен Османның (р.а.) пәтуаларын одан артық білетін ешкімді көрмедім, қандай да бір ғалымның Ибн Аббастың алдында болып, оны мойындамағанын көрмедім, кез келген адам одан сұрағына жауап табатын»,– деп баға берген.

Тауыс ибн Кисан: «Көптеген үлкен сахабаларды тастап, Ибн Аббастан дәріс алдым. Өйткені, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) жетпістен астам сахабалары бір мәселеде келіспей қалса, олардың Ибн Аббастың сөзіне жүгінгендерін көрдім»,– деген.

Әл-Әғмаш болса, Әбу Уәйлдің: «Абдуллаһ ибн Аббас қажылық кезінде имам болып, хұтбада «Бақара» сүресін (бір риуаятта «Нұр» сүресін) оқып, тәпсірлеген болатын. Егер оны римдіктер, түріктер мен үнділер естір болса, иман келтірер еді»,– дегенін жеткізген.

Али ибн Әбу Талиб (р.а.) оның тәпсірін мадақтап: «Ол ғайыпқа бейне бір жұқа перденің артынан қарап тұрған секілді»,– деп айтқан.

Осы және басқа да сөздерден Абдуллаһ ибн Аббастың білімдегі, оның ішінде Құран Кәрімді түсініп, түсіндірудегі орнын мұсылман үмбеті бір ауыздан жоғары бағалағандығын түсінеміз.

Имам әз-Заркаши: «Егер тәпсірге қатысты сахабалардың бірнеше көзқарастары болса, Ибн Аббастың сөзі барлығынан жоғары тұрады»,– деген.

Ибн Аббастың білімде алда болуының себептері:

1. Пайғамбардың (с.а.с.) дұғасына бөленуі. Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: «Аллаһым, оған кітап пен даналықты үйрет», басқа риуаятта: «Аллаһым оны дінде тереңдегіп, оған тәуилді үйрет»,– деп дұға қылған. «Мәсур тәпсір» кітаптарын оқыған адам,

пайғамбар (с.а.с.) дұғасының әсерін Ибн Аббастан жеткен деректерден анық көре алады.

2. Пайғамбар отбасында өмір сүруі. Бала күнінен Аллаһ елшісінің (с.а.с.) тәрбиесінде болып, одан (с.а.с.) көп хадистер естіген. Кейбір Құран аяттарының түсу барысында сол жерде тұрып, түсу себептеріне куә болған.

3. Пайғамбар (с.а.с.) дүние салғаннан кейін, көптеген үлкен сахабалардың жанында жүрген. Олардан хадис естіп, хадис жеткізген. Ибн Аббас: «Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көптеген хадистерін ансарлардан алдым»,– деген.

4. Араб тілінің қыр-сырын, қағидалары мен әдебиетін жетік білуі. Кейбір Құран сөздерінің мағыналарын арабтардың өлең жолдарымен де түсіндірген.

5. Ижтиһад жасаудағы кемелдігі. Ақиқатты айтуда ешкімнен тайсалмағаны секілді, Құран аяттарының тәпсірінде де батылдық танытқан.

Бірде бір кісі Ибн Омарға келіп: «*أَوَلَمْ يَرَ الَّذِينَ كَفَرُوا أَنَّ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ كَانَتَا رَتْقًا فَفَتَقْنَاهُمَا*» **«Қарсы болғандар, негізінде көктер мен жер бір болған еді, екеуін ажыратқанымызды (жарғанымызды) көрмей ме?»** (Әнбия сүресі, 30) – аятының тәпсірін сұрайды. Ол оны Ибн Аббасқа жіберіп: «Жауабын алғаннан кейін, маған келіп айтып бер»,– дейді. Ол Ибн Аббасқа келіп жоғарыдағы аяттың тәпсірін сұрайды. Ибн Аббас: «Көктерден жаңбыр жаумай, жерден өсімдік шықпай бір болған еді. Көктер жаңбырмен, жер өсімдікпен ажырады (жарылды)»,– дейді. Ол Ибн Омарға қайтып келіп, Ибн Аббастың жауабын айтқан кезде, Ибн Омар: «Құран тәпсіріндегі Ибн Аббастың батылдығы мені таңғалдырмай қоймады, енді оған ілім берілгендігіне көзім жетті»,– деген.

Ибн Аббас және ираилияттар

Ибн Аббас басқа сахабалар секілді, Құран аяттарының тәпсірінде пайғамбарға (с.а.с.), өзінің ижтиһадына жүгінумен қатар, кітап иелеріне де сүйенетін. Бірақ жоғарыда айтып өткеніміздей, сахабалар Құран аяттарын түсінуде кітап иелеріне кез келген тақырыпта жүгінбеген еді. Егер ислам шариғатына,

Құран кәрімге сай келмейтін болса, Ибн Аббастың оларға жүгінбейтіні анық.

Шығыстанушы Гольдциер өзінің «Құран тәпсіріндегі ислами мәһабтар» кітабында, Ибн Аббастың, пайғамбардың (с.а.с.): «Кітап иелерін растамаңдар, жалғанға да шығармаңдар»,– деген сөзіне қарсы пікір ретінде, яһудилер мен христиандардан болған кітап иелеріне, олардың ішінде Ғайлан ибн Фаруа әл-Әздиге көп жүгінгендігін айтады. Бұл тұрғыда Ахмед Әмин «Фәжру әл-Ислам» атты кітабында, ислам дінін қабылдаған яһудилер арқылы мұсылмандардың арасына көптеген деректер енгендігін келтіріп: «Құран тәпсірінде танымал болған Ибн Аббас секілді сахабалар, пайғамбардың (с.а.с.): *«Егер сендерге кітап иелері бір нәрсе айтса, оларды растамаңдар, жалғанға да шығармаңдар»*,– деген сөзі бола тұра, кітап иелерінің сөздерін растап, олардан риуаят еткен»,– дейді.

Яғни, шығыстанушы Гольдциер мен Ахмед әл-Әминнің пікірлері бойынша сахабалар, оның ішінде Ибн Аббас кітап иелерін растап, олардан тәпсірге қатысты көп риуаят еткен.

Әрине, бұл – асыра сілтеушілік. Жоғарыда айтып өткендей, сахабалар ислам дінін қабылдаған яһуди ғалымдарына жүгінген. Бірақ, олар сенім, ғибадат мәселелерінде кітап иелерінен ешбір дерек алмай, тек Құранға, ислам шарифатына қайшы келмеген, кейбір қиссалар мен өткен қауымдарға қатысты мағлұматтарды ғана жеткізген.

6. Сахабалардан жеткен тәпсірдің маңыздылығы

Әл-Хаким «Мустадрак» кітабында: «Уахидің түсуіне куә болған сахабалардан жеткен тәпсір «марфуғ» үкімінде, яғни, олар оны бейне бір пайғамбардан (с.а.с.) жеткізген секілді»,– дейді. Ол, бұл сөзін әл-Бұхари мен Муслимнің: «Уахидің түсуіне куә болған сахабаның тәпсірі – муснад хадис»,– деген сөздерімен қуаттайды.

Алайда, Ибн әс-Салах, имам ән-Нәуәуи секілді ғалымдар, бұны аяттардың түсу себептеріне куә болған сахабамен шектейді. Ал, сахабалардың ижтиһадтары, яғни сахабалардың ой-пікірлері ондай дәрежеде емес екендігін айтады. Ибн әс-Салах кітабының

кіріспесінде: «Сахаба тәпсірінің пайғамбардан жеткен хадиспен теңестірілуі – сахабаның, аяттың түсуіне байланысты ғана айтқан сөздеріне қатысты. Сол секілді олардың пайғамбардан (с.а.с.) ғана алынуы мүмкін болған сөздерін қамтиды. Ал, олардың ой-пікірлері пайғамбардан жеткен хадиспен тең бола алмайды», – деген. Сахабаның сөзі, ісі ғылымда «маукуф хадис» деп танылған.

Сахаба тәпсіріне қатысты сөзімізді қорытатын болсақ:

1. Сахаба тәпсірі аяттардың түсу себебіне байланысты немесе өздерінің ой-пікірлерінен туындамаған болса, пайғамбардан жеткен хадис үкімін алады.

2. Егер марфуғ үкіміне жеткен болса, тәпсірде басқа сөздерден бұрын соған жүгініледі. Бұған ғалымдар бір ауыздан келіскен.

3. Егер маукуф, яғни сахабаның өз пікірі болса, ғалымдардың көзқарастары бар.

а) Кейбір ғалымдар маукуф хадиспен, яғни жеке пікірмен жүзеге асқан тәпсірдің қабылданбайтындығын айтқан. Өйткені мужтаһидтің қателесуі де мүмкін, сахабалар ижтиһадтарында өзге мужтаһидтер секілді дейді.

ә) Ал, кейбір ғалымдар маукуф хадиске жүгінуге болатындығын, тіпті, ұстану керек екендігін алға тартады. Олардың пікірі бойынша, олар пайғамбардан (с.а.с.) естіген болуы мүмкін. Әрі олардың пікірі өзгелердің көзқарасына қарағанда күштірек. Себебі олар пайғамбардың (с.а.с.) сұхбатында болып, тәрбиесін алған. Құран аяттары түскен кезеңде өмір сүріп, ерекше қабілеттерімен Аллаһтың кітабын кейін келгендерден артық түсіне алды. Сонымен қатар, Құран тілін де жетік білді. Олардың арасында төрт халифа, Ибн Масғуд, Ибн Аббас секілді кейбір танымал ғалымдары да болды.

Имам әз-Заркаши: «Құран бізге жеткен деректермен тәпсірленген және олай тәпсірленбеген болып екі бөлімнен тұрады. Біріншісі, пайғамбардан (с.а.с.) немесе сахаба мен алғашқы табиғиндерден жеткен деректермен жүзеге асып, жету тізбегі зерттеледі. Ал екіншісі, сахаба тілдік жағынан немесе куә болған аяттардың түсу себебімен тәпсірлеген болса, күмәнсіз қабылданады», – деп айтқан.

Әл-Хафиз ибн Кәсир: «Егер Құранның Құранмен және пайғамбар (с.а.с.) сүннетімен тәпсірленгенін таппасақ, сахабалардың сөздеріне жүгінеміз, өйткені олар тәпсірге қатысты қажетті мәліметтерге куә болып, білім мен ерекше түсініктері жағынан жоғары тұрады. Олардың ішінде төрт халифа, тәпсірде танымал болған төрт имамды ерекеше атап өтуге болады»,– деген.

Осы соңғы көзқарас дұрысырақ болып табылады.

7. Осы кезеңдегі тәпсір ерекшеліктері

Пайғамбар мен оның сахабалары дәуіріндегі тәпсірдің келесідей ерекшеліктері бар:

1. Құранның кейбір аяттары болмаса, толық тәпсірленбеген. Түсініксіз аяттар ғана тәпсірленген. Ал, аяттардың мағынасын түсінбеу пайғамбар (с.а.с.) мен сахабаларының дәуірі алыстап, уақыт өте арта берді. Аяттарды түсінбеу артқан сайын, тәпсір де артқан.

2. Құран аяттарының мағыналарын түсінуде қарама-қайшылық өте аз болды.

3. Аяттарды егжей-тегжейлі түсіндіру көрініс таппай, қысқа-нұсқа түсіндірумен шектелді.

4. Көбіне, сөздер синоним сөздермен ғана түсіндірген.

5. Құран аяттарынан шарифат үкімдерін алу көп көрініс таппаған. Сол секілді белгілі бір мәзһабқа сай үкім шығару болған жоқ. Өйткені мәзһабтар сахабалар дәуірінен кейін шыққан.

6. Тәпсір кітаптары жинақталмаған. Себебі жинақтау екінші ғасырда пайда болды. Кейбір сахабалар қолдарындағы Құран парақтарына кейбір аяттардың тәпсірлерін жазып жүргендігі белгілі.

7. Бұл кезеңде тәпсір тек хадис ретінде ғана жетіп, хадистің бір бөлігі ретінде саналған. Әрі ретке келтірілмеген-ді.

☑ **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

- ✓ *Пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалардың дәуіріндегі тәпсірдің ерекшелігі мен құндылығы неде?*
 - ✓ *Сахабалар кезеңіндегі тәпсір қандай негіздерді басшылыққа алды? Ол негіздердің артықшылығы неде?*
 - ✓ *Пайғамбардың (с.а.с.) Құранның барлық аяттарын баяндап кеткендігін айтушылар мен жекелеген аяттарды ғана тәпсірлеп кеткен деген топтың көзқарастарын түсіндіріп, олардың келтірген дәлелдерін талдаңыз.*
 - ✓ *Сүннеттің Құранды баяндау тәсілдері қандай?*
 - ✓ *Сахабалардың тәпсірдегі ижтиһад құралдары қандай еді? Олардың ерекшелігі неде?*
 - ✓ *Тәпсірші сахабалардан кімдерді білесіз? Сахабалардан жеткен тәпсірдің маңыздылығы қандай?*
- ✍ *«Тәпсірші сахабалар және олардың тәпсірдегі орны» атты тақырыпқа реферат жазыңыз.*

§ 16. Табиғиндер дәуіріндегі тәпсір

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Табиғиндер дәуіріндегі тәпсір негіздері қандай?
2. Табиғиндер дәуіріндегі қандай тәпсір мектептері қалыптасты?
3. Қандай танымал тәпсірші табиғиндерді білеміз?
4. Сахаба мен табиғиндердің тәпсір саласында түрлі көзқарасты ұстануларының мәні неде?
5. Тәпсірдегі иралияттардың орны қандай?

1. Табиғиндер дәуіріндегі тәпсір негіздері

Табиғиндер дәуірі сахабалар кезеңінің аяқталуымен басталады. Сахабалардан білім алған табиғиндерден бастау алатын табиғиндер дәуірі – тәпсір ілімінің екінші кезеңі деп танылады. Тәпсір саласында танымал сахабалар болғаны секілді, табиғиндер арасынан да танымал тәпсірші тұлғалар шықты.

Осы кезеңдегі тәпсір негіздері:

- а) Құран Кәрім;
- ә) Пайғамбар (с.а.с.) хадистері;
- б) Сахабалардың тәпсірі;
- в) Ижтиһадтары.

Табиғиндер тәпсірлеу кезінде Құран Кәрімге, пайғамбар (с.а.с.) сөздеріне және сахабалардың сөздері мен ижтиһадтарына жүгінді. Сол секілді, тәпсір кітаптарынан табиғиндердің Құран Кәрім аяттарын өз ой-пікірлерімен түсіндіргендерін көптеп көруге болады. Яғни олар өздерінің ижтиһадтарына да сүйенген.

Айтып өткеніміздей, пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалар дәуірінде Құран аяттарының барлығы тәпсірленбей, тек түсініксіз, мағыналары көмескі аяттар ғана тәпсірленген болатын. Пайғамбар (с.а.с.) заманынан ұзақтаған сайын, уақыт өте аяттардың түсініксіз тұстары арта түсті. Сондықтан тәпсірші табиғиндер түсініксіз аяттарды тәпсірлеп, келер ұрпаққа жеткізді. Солайша, уақыт өте Құран аяттары толық тәпсірленген еді.

2. Табиғиндер дәуіріндегі қалыптасқан тәпсір мектептері

Аллаһ елшісінің (с.а.с.) көзі тірісінде-ақ, одан кейін де әділетті төрт халифа тұсында, мұсылмандар әлемнің көптеген елдерін өздеріне қаратқан болатын. Көптеген сахабалар ислам дінін жаю мақсатында туған жерін тастап, өзге өлкелерге қоныс аударған. Олар исламды жеткізу барысында ғибадат пен білім ордасы болған мешіттерді тұрғызады. Мешіт салу ісі пайғамбар кезінен бастау алды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Меккеден Мәдинаға көшкен кезде Құбада тұрақтап, осы жерде ең алғашқы мешітті тұрғызады да, Мәдинаға қоныс аударған соң, сол жерде пайғамбар мешітін салады.

Хижраның 13 жылы Шамның қақпасы саналған Дамаск, Амр ибн әл-Ас, Шурахбил ибн Хасана, Қайыс ибн Хубәйра, Әбу Ұбәйда ибн әл-Жаррах және Халид ибн әл-Уәлид сынды сахабалар қолбасшылық еткен мұсылман әскерлері тарапынан алынып, сол жерге де бір мешіт салу ісі Әбу Ұбәйда ибн әл-Жаррах бастамасымен жоспарланды. Бірақ мешіттің салынуы хижраның 88-96 жылдары Умәуи халифасы әл-Уәлид ибн Абдулмалик тарапынан жүзеге асырылды. Бұл мешіт қазіргі кезде «Әмәуи мешіті» деген атпен танымал.

Мұсылмандар хижраның 16 жылы Ирақ жеріне кіріп, Басра қаласының негізін қалау барысында да мешіт тұрғызды. Басра қаласы өзен жанында орналасқандықтан, жері ылғалды болды. Сол себепті де мұсылмандар шөлейтті, құрғақ жерде басқа бір қаланың салынуын қалады. Көп ұзамай танымал сахаба Сағид ибн Әбу Уаққас, екі сахабаға бұл қаланың бой көтеретін жерін белгілеу жұмысын тапсырды. Сәлмән әл-Фариси мен Хузайфа ибн Йәмән Евфрат өзенінің батысында Хираға жақын бір жерді таңдады. Осы тұста Мәдайында болған Сағид ибн Әбу Уаққас хижраның 17 жылы 40 мыңға жуық әскерімен белгіленген жерге келіп тоқтады. Алғашқыда қамыс пен ағаштан жасалған үйлер тұрғызылса, кейін Омар ибн әл-Хаттабтың бұйрығына орай, кірпішпен қаланған үйлермен жаңа бір қала бой көтерді. Қысқа мерзім ішінде білім орталықтарының біріне айналған қала

«Куфа» деген атпен танылды. Бұл қаланың қақ ортасында, қалаға кірген жолдардың тоғысында мешіт бой түзеді.

Хижраның 16-17 жылдары мұсылмандар тарапынан орын тепкен Басра мен Куфа қалалары танымал білім орталықтарына айналды. Көп ұзамай Куфа қаласы Али ибн Әбу Талибтің тұсында халифат орталығы болғаны белгілі.

Хижраның 21 жылы Александрияның алынуынан кейін, Амр ибн әл-Ас тарапынан Мысырда «әл-Жамиғу әл-Атик» немесе «Амрдің мешіті» бой түзеді. Кейін әл-Уәлид ибн Абдулмәликтің тұсында кеңейтілді.

Хижраның 48 жылы Муғауия тарапынан Африкаға жіберілген сахаба Ұқба ибн Нафиғ мұсылман болған берберлермен біріге отырып, көптеген жеңістерге қол жеткізді. Осы өңірде, Тунистің Қайрауан қаласы халифаның бұйрығымен ғасырлар өте жаңаланып, сол жерде кеңейтілген «Қайрауан» мешіті тұрғызылды.

Ислам мемлекетінің кеңеюі барысында салынған, медресе қызметін де атқарған мешіттер, ғалым сахабалардың бастауымен кейбір білім орталықтарының құрылуына жол ашты. Бұл орталықтар келер ұрпаққа Құран Кәрім мен хадиске негізделген ілімдерді жеткізуде үлкен рөл атқарды.

Сол секілді, тәпсір саласында да танымал сахабалардың жетекшілігімен мектептер қалыптаса бастады. Кейбір мектептерде танымал тәпсірші табиғиндер жетілді. Оның ішінде, осы кезеңдегі Мекке, Мәдина және Ирак мектептерін ерекше атап өтуге болады.

Ибн Тәймия: «Тәпсір саласында ең білімді адамдар – меккеліктер. Өйткені, олар – Мужаһид, Ата ибн Әбу Рабах, Икримә, Тауыс, Әбу Шағсә, Сағид ибн Жубәйр сынды, Ибн Аббастың ізбасарлары. Сол секілді, Ибн Масғудтың ізбасарлары-куфалықтар және Зәйд ибн Әсләм секілді мадиналық ғалым тәпсіршілерді де ерекше атап өтуге болады»,– дейді.

Танымал тәпсір мектептері

а) Мекке

Алғашқы уахи мен исламға шақырудың бастауы құрметін иеленсе де, халқының пайғамбар мен оның сахабаларына көрсеткен зорлық-зомбылықтары кесірінен, олар көшіп кетуіге мәжбүр болған бұл қала, сегіз жылдан кейін мұсылмандардың қайта алуымен тарихта өз тұғырын тапты.

Мекке алынғаннан кейін, пайғамбарымыз (с.а.с.) Муаз ибн Жәбәлді (р.а.) Меккеде қалдырып, Мекке халқына Құран мен сүннет үкімдерін және қырағат үйретуді бұйырған. Муаз пайғамбарымыздың жас әрі ғалым сахабаларының бірі болатын, сонымен қатар, барлық соғыстарға да қатысқан еді.

Муаз ибн Жәбәлмен бірге Меккеде бірнеше сахаба өмір сүрді. Әл-Хақим ән-Нәйсабури олардың кейбірінің есімін: Әбу Рабиға әл-Махзумидің ұлдары – Айяш пен Абдуллаһ, әл-Харис ибн Хишам, Икримә ибн Әбу Жәһл, Абдуллаһ ибн әс-Саиб әл-Махзуми, Аттаб ибн Әсид, оның бауыры Халид ибн Әсид, әл-Хақим ибн Әбу әл-Ас, Осман ибн Талха, Ұқба ибн әл-Харис, Шәйба ибн Осман, Сафуан ибн Умәйя, Әбу Махзура, Сухәйл ибн Амр және басқалары деп атап өтеді³⁷⁵.

Мекке медресесі Абдуллаһ ибн Аббас Басрадан қайтып келгенінен кейін жандана бастады. Тәпсір саласында мәшһүр және сахабалардың арасында пәтуаларымен танымал Ибн Аббас 1700-ге жуық хадис риуаят етіп, ең көп хадис жеткізген сахабалардың (муқсирун) қатарынан орын алады. Әсіресе «Құран тәржімәні» деп танылған Ибн Аббас, Құран тәпсіріне қатысты риуаяттарымен басқа сахабалардан оқ бойы озық тұрды. Ол Харам мешітінде қызмет жасап, шәкірттеріне тәпсір, хадис, фикһ үйреткен ұстаздығымен, Мекке медресесінде білім шыңына жеткен көптеген түлектер шығарды. Олардың ішінде үшеуі өз алдына бір төбе болып, тәпсір саласында аса танылды. Олардың бірі – Ибн Аббастың тәпсірге байланысты сөздерін жеткізумен даңқы шыққан Мужаһид ибн Жәбир, екіншісі – Меккенің тақуа, фақих ғалымдарының бірі атанған, Харам мешітіне жиналғандарға

³⁷⁵ Әл-Хақим Әбу Абдуллаһ, Мағрифату улуми әл-Хадис. 192-б.

фиқһ және діннің өзге де мәселелерін жалықпай үйретіп, хадис риуаят еткен Ата ибн Әбу Рабах. Үшіншісі – көптеген сахабалардан дәріс алған, кейін Ибн Аббастың шәкіртіне айналған Меккенің танымал фақиһы, көрнекті мүфтилерінің бірі Тауыс ибн Кисан еді. Сонымен қатар Сағид ибн Жубәйр, Икримә, Әбу Шағсә сынды танымал тәпсірші табиғиндердің да орны ерекше.

Мекке мен Мәдина қажылық пен зиярат жері болғандықтан, бұл екі қаланың ислам әлемінде орны тым ерекше. Әр жылы бұл қасиетті екі мекенге түрлі өлкеден келгендердің арасында фақиһ, муфассир және мухаддистердің болуы, білім алу жиналыстарын жандандырып отырды әрі бұл бас қосулар хадистердің нақтылануы мен қуатталуы және таратылуы тұрғысынан ерекше мәнге ие болды.

ә) Мәдина

Ғалым сахабалардың бастамасымен құрылған білім орталықтарының басында «Дару әл-Хижра» деген атпен танымал болған Мәдина тұрды. Өйткені, бұл елді мекен – пайғамбар мен сахабаларының Меккеден көшіп келіп, ислам мемлекетінің іргетасын қалаған алғашқы қала. Ислам шарифатының көп бөлігі осы мекенде бекітіліп, пайғамбар (с.а.с.) хадистерінің де көбі осы жерде айтылды. Хадис және фиқһ саласының білгірлері саналған сахабалардың біразы Мәдинада өмір сүргендіктен, бұл шаһар пайғамбарымыздың өзін көрмесе де, сөзін алуды қалаған хадистанушылардың әрдайым зиярат ететін орынға айналды. Мәдинада өмір сүрген танымал сахабалардың басында Әбу Бәкір әс-Сыддиқты, Омар ибн әл-Хаттабты, кейін халифа сайланғанда Куфаға қоныс аударған Али ибн Әбу Талибты, Әбу Һурайраны, мүміндердің анасы Айшаны, Абдуллаһ ибн Омарды, Убәй ибн Кағбты, Әбу Сағид әл-Худри мен Зәйд ибн Сәбитті айта кеткен жөн. Осы сахабалардың ішінде Убәй ибн Кағб тәпсір саласында көш бастап, Мәдина мектебінің негізін салды.

Мешіттер құлшылық орнымен қатар, медресе, яки білім орталығы қызметін атқарғаны секілді, пайғамбар мешіті (Мәсжиду ән-Нәбәуй) де Аллаһ елшісі (с.а.с.) дүние салғаннан кейін, сахабалар дәуірінде білім ошағы болып жалғасын тапты.

Кейін тәпсір саласында Әбу Алия, Мұхаммед ибн Кағб әл-Қурзи, Зәйд ибн Әсләм секілді бірнеше табиғиндер осы медреседе танымал сахабалардың білім нәрінен сусындады. Одан кейінгі кезеңдерде де пайғамбар нұрына бөленген Мәдина, білім орталығы болып қала берді.

б) Ирак

Ирак өткен ғасырларда өркениет өзегі атанып, вавилондықтар, келдандықтар, парсылар мен римдіктер осы жерде түрлі мемлекеттер құрған. Мұсылмандар Омар ибн әл-Хаттабтың халифалығы тұсында осы өңірлерді алып, Басра, Куфа қалаларын тұрғызды әрі аз уақытта әлемнің ең ірі білім орталықтарына айналдыра білді. Али ибн Әбу Талибтің тұсында халифат орталығы Куфаға көшірілгеннен соң, шаһар күн сайын көркейіп, көптеген сахабалар осы жерге қоныстанды.

Куфада өмір сүрген сахабалардан білім дәрежесінен ең танымал болып Али ибн Әбу Талиб пен Абдуллаһ ибн Масғуд танылды.

Ирак мектебін Абдуллаһ ибн Масғудсыз елестету мүмкін емес. Ибн Масғуд – алғаш исламды қабылдаған алты кісінің соңғысы, алғашқыда Хабаш (Эфиопия) жеріне, кейін Мәдинаға көшкен сахаба. Көп уақыт пайғамбар жанында қызметте болып, Құран Кәрімді жаттап, мағынасын үйренді. Оған пайғамбармен бірге жүру, пайғамбарымыздың сөзін, іс-әректтерін жақыннан үйрену өз пайдасын тигізді. Сахабалардың тұңғыш ғұлама ғалымдарының бірі саналған Ибн Масғуд, халифа Омар ибн әл-Хаттаб тарапынан мұғалім ретінде Куфаға жіберілді. Оның келуімен Куфа медресесі құрылып, бұл білім ошағынан: Алқама ибн Қайыс, әл-Әсуад ибн Йәзид, Масрук ибн Әжда, Ұбайдә ибн Амр әс-Сәлмани, әл-Харис ибн Қайыс, Амр ибн Шәрахил әш-Шағби секілді танымал тәпсірші табиғин ғалымдар жетілді. Осы тұста Куфа қаласында өмір сүріп, Куфа медресесін қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан табиғин ғалымдардың барлығы тек Ибн Масғудтың ғана шәкірттері емес екендігін ескерген жөн. Олардың бір бөлігі Меккеде, Мәдинада білім нәрімен сусындап, кейін Куфаға келіп қоныстанған. Олардан

Омар ибн әл-Хаттаб тарапынан Куфа қазылығына тағайындалған және ұзақ уақыт осы міндетті мүлтіксіз атқарған Шурайх ибн әл-Харис, Ибраһим ибн Нахаи, Сағид ибн Жубәйір сынды тұлғаларды атап өтуге болады.

Сонымен қатар, Басрада ұзақ ғұмыр кешіп, сол жерде сахабалардан ең соңғы болып дүние салған танымал сахаба Әнәс ибн Мәликтің де Ирак мектебіндегі ерекше орнын айтуға болады. Басрада тәрбиеленген табиғиндер арасында әл-Хасан әл-Басри мен Мұхаммед ибн Сириннің орны бөлек саналады. Сол секілді, Әбу әл-Али Руфағи ибн Михран, Әбу әш-Шағша Жәбир ибн Зәйд, Қатада ибн Диғама және басқа да көптеген табиғиндер мен әтбағу табиғиндер, осы білім ордасының мақтан тұтар ғұламалары болды³⁷⁶.

3. Танымал тәпсірші табиғиндер

а) Сағид ибн Жубәйір

Әбу Мұхаммед немесе Әбу Абдуллаһ Сағид ибн Жубәйір ибн әл-Әсәди қара нәсілді эфиопиялық болатын. Ол Ибн Аббас, Ибн Масғуд секілді басқа да сахабалардан риуаят еткен. Сағид ибн Жубәйір тәпсір, хадис, фиқһ саласында танымал болған алғашқы үлкен табиғиндердің бірі болып саналады. Тәпсірге қатысты Ибн Аббастан көп риуаят еткен. Сол секілді Ибн Аббастан, өзге де сахабалардан қырағат алған. Исмайылдың Ибн Абдулмәликтен жеткізген дерегінде: «Рамазан айында Сағид ибн Жубәйір бізге имам болған еді. Бір түні Абдуллаһ ибн Масғудтың қырағатымен оқыса, екінші түні Зәйд ибн Сәбиттің қырағатымен, басқа түні басқа сахабаның қырағатымен оқитын», – деп келеді. Қырағаттарды білу Құран Кәрім мағыналарын терең түсінуге түрткі болатыны белгілі. Сағид ибн Жубәйір тәпсірмен қатар, басқа ілімдерді де білген. Бұл тұрғыда Хасиф: «Талаққа қатысты ең білімді табиғин – Сағид ибн әл-Мусаияб, қажылықта ең білімді Ата, халал мен харамда ең білімді – Тауыс, тәпсірде ең білімді – Әбу әл-Хажжәж Мужаһид ибн Жәбир болса, барлық салада ең білімдісі Сағид ибн Жубәйір», – деп айтқан.

³⁷⁶ Құрманбаев Қайрат, Хадис ілімі (тарихы және әдіснамасы), 80-81-б.

Ұстазы Ибн Аббастың өзі, оның білімдегі орны мен сенімділігін атап өткен.

Кейбір ғалымдар білімде Сағид ибн Жубәйрдің Мужаһид, Тауыс секілді табиғиндерден жоғары екендігін айтқан. Қатәдә оның тәпсірде ең білімді табиғин екендігін алға тартқан.

Хадис ғалымдары, оның ішінде танымал алты хадис кітабының авторлары да Сағид ибн Жубәйрдің сенімділігін бір ауыздан мойындаған. Әбу әл-Қасым: «Ол – сенімді, жүгінуге болатын, мұсылмандардың имамы», – деген.

Сағид ибн Жубәйр хижраның 95 жылы шағбан айында, 49 жасында дүние салған. Әбу әш-Шейх оның әл-Хажжажбен пікірталастырып, нәтижеде өлтірілгендігін айтады.

ә) Мужаһид ибн Жәбир

Әбу әл-Хажжаж Мужаһид ибн Жәбир әл-Мәкки хижраның 21 жылы, Омар ибн әл-Хаттабтың халифалығы тұсында дүниеге келген. Хижраның 104 жылы Меккеде 83 жасында, сәждеде көз жұмған.

Ол – Ибн Аббастың ең сенімді, ғалым шәкірттерінің бірі. Оған әш-Шафиғи, әл-Бұхари секілді имамдар жүгінген. Имам әл-Бұхари сахих жинағының тәпсір кітабында, Мужаһидтен көп риуаят етеді. Бұл Мужаһидтің адалдығы мен сенімділігіне өте күшті әрі айқын дәлел болады.

Әл-Фадл ибн Мәймун Мужаһидтің: «Мен Құранды отыз рет (бір деректе үш рет) Ибн Аббасқа қайта оқып бергенмін, оқу барысында әрбір аяттың қашан, қалай түскенін сұрап алатынымын», – дегенін жеткізеді.

Ибн Әбу Мәлика Мужаһидтің, қолында тақтайшалары бар Ибн Аббастан Құран тәпсірін сұрап отырғанын, Ибн Аббастың оған: «Жаз!» – дегенін, сөйтіп оның барлық Құран тәпсірін сұрап алғанын көргенін айтады.

Абдуссәләм ибн Харб, Мусғабтың: «Табиғиндердің ең білімдісі – Мужаһид», – дегенін жеткізген.

Ибн Сағид оны сенімді, фақиһ, ғалым, көп хадис жеткізген деп сипаттаса, Ибн Хиббан оның фақиһ, тақуа, өте сенімді екендігін айтады.

Ибн Жарир әт-Табари тәпсірінде, Әбу Бәкір әл-Ханафидің: «Суфиян әс-Сәуридің: «Егер саған Мужаһидтің тәпсірі жетсе жеткілікті»,– дегенін естідім»,– деген сөзін келтіреді.

Имам әз-Зәһәби, Мужаһидтің сенімділігі мен имамдығына мұсылман үмбеті бір ауыздан келіскендігін айтқан.

Дегенмен, кейбір тұлғалар Мужаһидті: «Кітап иелеріне көп жүгінген және Құран тәпсірінде ақылға сүйеніп, кейбір пікірлері муғтазилілердің көзқарасымен сай келіп отырған»,– деп айыптайды. Мысалы: Ибн Жарир әт-Табари тәпсірінде: «وَجُوهٌ يَوْمَئِذٍ نَّاصِرَةٌ» (۲۳) «**Қиямет күні, кейбір жүздер жарқылдап (22); Раббысына қарайды (23)**» аятын, Мужаһидтің: «Аллаһ тағаладан сауап күтіледі, Оны ешкім көре алмайды»,– деп тәпсірлегенін келтіреді.

Әрине, Ибн Аббастың шәкірті, танымал хадис кітаптарының авторлары бір ауыздан сенімділігін мойындаған Мужаһидтің кітап иелеріне қаншалықты жүгінгендігі белгілі.

б) Икрима

Әбу Абдуллаһ Икрима әл-Бәрбәри – танымал табиғин ғалымдардың бірі.

Әбу Абдуллаһ әл-Мақдами: «Ибн Аббастың қызметшісі Икрима – Әбу Абдуллаһ деген атпен аталатын. Икриманың шыққан тегі батыс араб елдерін мекен еткен Бербер тайпасына тиесілі»,– деген.

Икриманың үлкен ғалым болып қалыптасуына Ибн Аббас үлкен үлес қосқан. Ибн Аббас сынды ғалым сахабаның өнегесін көрген Икрима, білім іздеу және тарату жолында сапарға жиі шыққан. Әбу Сағид ибн Юнус: «Икрима Мәдина қаласында және Меккеде де тұрған. Кейін Мысыр еліне сапар шеккен. Ол саяхатқа көп шығатын еді»,– деп айтады.

Ибн Аббастың өзі Икриманы жоғары бағалаған. Бірде Ибн Аббас: «**Сол уақытта олардан бір тобы: «Аллаһ жоқ ететін немесе қатты азап қылатын елді не үшін үгіттейсіңдер?» - деді**»,– деген «Ағраф» сүресінің, 164-аятын оқиды да: «Білмей тұрмын, бұл ел құтылды ма, әлде жоқ болды ма?» – дейді. Сол кезде Икрима ол елдің жағдайы немен аяқталғанын Ибн Аббасқа

айшықтап тұрып түсіндіріп береді. Сонда Ибн Аббас оқушысына разы болған.

Икриманың табиғиндердің арасында да беделі мықты болған. Бірде Жәбир ибн Зәйд Амр ибн Динардан бір мәселелерді сұраған. Сол кезде Амр Икриманы нұсқап: «Ана кісі Ибн Аббастың қызметшісі – Икрима. Ол – білімнің теңізіне айналған ғалым, содан сұрандар», – дейді. Ал, өзге табиғин Сағид ибн Жубәйрге: «Өзіңнен де білімді біреуді білесің бе?» – деген сұрақ қойылғанда, ол: «Иә, ол – Икрима», – деп жауап берген.

Яхия ибн Аюб атты ғалым: «Бірде Ибн Журайж маған: «Сендерге Икрима келді ме?» – деді. Мен: «Иә», – деп жауап бердім. Ол болса: «Одан бір нәрсе жазып алып қалдыңдар ма?» – деді. «Жоқ», – деп жауап қаттым. Сонда Ибн Жүрейж: «Ілімнің үштен бірін жоғалтып алыпсыңдар ғой!» – деп қынжылды», – деп еске алған.

Икрима – Ибн Аббас, Айша, Әбу Һурайра, Ибн Омар, Абдуллаһ ибн Амр, Ұқба ибн Амир, Али ибн Әбу Талиб сынды сахабалардың (Аллаһ олардың барлығынан разы болсын) көзін көріп, олардан бірнеше хадис жеткізген.

Ал, Икримадан Ибраһим ән-Нахаи, әш-Шәғби, Амр ибн Динар, Қатәдә, Әбу әш-Шәғсә, Жәбир ибн Зәйд, Али ибн әл-Ақмар, Мұса ибн Уқба сынды атақты ғалымдар білім алған.

Хабиб ибн Әбу Сабит Икрима және бірнеше табиғиндердің оның үйінде қонақта болғанын мақтаныш етіп, басынан өткен қызықты оқиғаны: «Менің үйімде бес тұлға жиналып, бас қосты. Олар секілді тұлғалар екінші жиналмас. Олар: Ата, Тауыс, Мужаһид, Сағид ибн Жубәйр, Икрима. Сол кезде Мужаһид пен Сағид екеуі екі жақтап, Икримаға Құран аяттарының тәпсірі жөнінен сұрақтар қоя бастады. Ал Икрима олардың барлық сұрақтарына мүдірмей жауап қайтарып отырды. Ақыры Мужаһид пен Сағидтің сұрақтары таусылып қалады. Сонда Икрима сұрақтар тоқтап қалса да оларға қай аяттың қандай мәселе жөнінде түскендігін айтуды жалғастыра берді», – деп баяндаған.

Әбу Бәкр әл-Мәрузи атты ғалым Ахмедке келіп: «Икрима жеткізген хадис дәлелге алына ма?» – деп сұраған. Сонда Ахмед: «Иә», – деп жауап берген. Әрі атақты мухаддис ғалым әл-Бухаридің

өзі Икриманы сенімді деп бағалаған. Әл-Бухаридің: «Біздің асхабамыздан Икриманы дәлелге алмайтын адам жоқ»,– деп айтқан сөзі бар. Бұнымен қатар, Икриманың сенімділігіне кейбіреулер адамдар күмәнмен қараған. Олар: «Ол Ибн Аббастың атынан жалған сөйлейді, өзінің барлығын білетіндігіне тәкаппарланады және харижилік түсінікте болған»,– деп айыптайды.

Әрине, оның бұндай жалалардан таза екендігіне, жоғарыдағы ол туралы айтылған замандастары мен ғалымдардың сөздері айқын дәлел болады.

Икрима хижраның 104 жылы дүние салған.

в) Ата ибн Әбу Рабах

Мұхаммед Ата ибн Әбу Рабах әл-Мәкки хижраның 27 жылы дүниеге келіп, хижраның 124 жылы дүние салған. Ол қара нәсілді болатын. Өзінің екі жүз сахабамен кездескенін айтады. Өте сенімді, білімді, фақиһ, көп хадис жеткізген.

Ата құл болса да Аллаһтың үлкен нығметі – уақытты өте тиімді қолдана алуының нәтижесінде, ғылымдағы биік-биік белестерді бағындырды. Ол өз уақытын үшке бөлген. Уақытының бір бөлігін өзінің қожайынына қызмет етуге арнап, үй шаруасын тиянақты тындыратын. Екінші бөлігін Раббысына құлшылық етуге, ал үшінші бөлігін пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабаларынан білім алуға жұмсаған.

Ата ілім жолында Әбу Нурайра, Абдуллаһ ибн Омар, Ибн Аббас, Абдуллаһ ибн әз-Зубәйр сынды сахабалармен жүздесіп, ілім нәрімен сусындады.

Табиғиндердің арасындағы ең беделді әрі білгірі болған Ата ибн Әбу Рабахты сахабалардың өзі жоғары бағалаған. Кейбір дереккөздері бойынша, Абдуллаһ ибн Омар Меккеге келген кезінде адамдар оны қоршап алып, сұрақтарын қарша боратады. Сол кезде Ибн Омар: «Мекке тұрғындары! Мен сендерге қайран қаламын! Маған не үшін сұрақтарыңды үйіп-төгіп жатырсыздар? Араларыңызда Ата ибн Әбу Рабах бар емес пе?» – дейді. Яғни Абдуллаһ ибн Омар Атадан білім алуға нұсқайды.

Әбу Ханифа: «Кездескендерімнің ішінде Атадан абзал адам көрмедім»,– деген.

Ата ілімі арқасында баршаның құрметіне бөленген. Бірде халифа Сүлеймен өзінің екі баласын ертіп, қажылық жасап жүреді. Осы қажылығында халифа Ата ибн Әбу Рабахты арнайы іздеп, онымен кездескенде қажылыққа байланысты сұрақтарын қоя бастайды. Сол кезде әрбір сөзін дәйекті дәлелдермен түйіндеген Атаның сөзіне халифа разы болып, көкейін мазалаған сұрақтарға жауап тапқаннан кейін, екі баласын ертіп Сафа мен Маруа арасында «сағи» жасауға беттейді. Сол кезде олар бір жас жігіттің: «Ей, мұсылмандар! Бұл жерде адамдарға пәтуа беретін адам – тек қана Ата ибн Әбу Рабах. Егер ол адам болмаса, онда Абдуллаһ ибн Әбу Нажих»,– деп жар салғанын естиді. Сол кезде халифа ұлдарының бірі:

– «Бұл қалайша?! Мұсылмандар әміршісінің қарамағындағы адамдарға пәтуа беретін тек қана Ата ибн Әби Рабах пен оның досы ғана ма? Біз қазір ғана бір адамға барып, оның пәтуаларын тыңдадық емес пе? Ол адам халифаға лайықты құрмет көрсетпеді ме?»– деп кейіс білдіреді.

Сол кезде халифа Сүлеймен баласына:

– «Ей, балам! Жаңағы біздер алдында болған адам, ол – Ата ибн Әбу Рабах. Ол –Харам мешітінде пәтуа беруші адам. Бұл ірі мансапқа ол Абдуллаһ ибн Аббастан кейін қол жеткізген»,– дейді. Содан кейін халифа балаларына:

– «Ей, ұлым! Ілім алыңдар! Әлбетте, ілім төменді көтеріп, белгісізді атақты етіп, құлдарды патшалардың дәрежесіне дейін жеткізеді»,– деп өсиет айтады.

2) Тауыс ибн Кисан

Әбу Абдуррахман Тауыс ибн Кисан әл-Йәмәни – танымал тәпсірші табиғин.

Ол пайғамбарымыздың (с.а.с.) елу сахабасымен кездесіп, білім алған. Олардың ішінде Ибн Аббастың білім алқасына көп қатысып, одан көп риуаят еткен. Өте сенімді, ғалым әрі тақуа екендігін ұстазы Ибн Аббастың өзі мойындаған. Ол бір сөзінде: «Мен Тауысты жаннаттық деп ойлаймын»,– деген.

Амир ибн Динар: «Тауыс секілді ешкімді көрмедім»,– деп айтқан.

Тауыстан танымал алты хадис кітапбының авторлары хадис жеткізген. Ибн Мағин сенімді екендігін айтқан. Ибн Хиббан: «Йеменнің тақуа пенделерінен, табиғиндердің мырзасы, қырық мәрте қажылық жасаған», – деп баға берген.

Тауыс хижраның 106 жылы дүние салған.

ә) Әбу Алия

Әбу Алия Рафиғ ибн Миһран исламға дейінгі кезеңде де өмір сүріп, пайғамбар дүние салғаннан кейін исламды қабылдаған. Али ибн Әбу Талиб, Ибн Масғуд, Ибн Аббас, Ибн Омар, Убәй ибн Кағыб секілді саңлақ сахабалардан риуаят еткен. Тәпсір саласында танымал, үлкен табиғин. Барлық ғалымдар оның сенімділігіне бір ауыздан келіскен. Ибн Әбу Дәуіт: «Сахабалардан кейін Құран қырағатында Әбу Алиядан білгір адамды көргенім жоқ», – деген. Убәй ибн Кағыбтан тәпсірге қатысты көп риуаят еткен. Бұл риуаяттардың көпшілігі әл-Хаким мен имам Ахмедтің хадис жинақтарында және Ибн Жарир әт-Табари мен Әбу Хатимнің еңбектерінде орын алған. Әбу Алия дұрысырақ көзқарастарға қарағанда, хижраның 90 жылы дүние салған.

4. Сахаба мен табиғиндердің тәпсір саласында түрлі көзқарасты ұстануларының мәні

Өткен тақырыптарда сахабалардың Құран Кәрімді түсінулеріне аяттардың түсу себептеріне куә болулары мен кейбір түсінбеген аяттарда пайғамбарға (с.а.с.) жүгінулері әрі өз тілдерінде түсуі себеп болғандығы айтылған болатын. Сол секілді табиғиндер кейбір сахабалардан білім алып, өз ижтиһадтарына да жүгініп отырды. Бұл кезеңде ғылым салалары мен құқықтық, кәләмдық мәзһабтардың негіздері қаланып жатқаны болмаса, толық қалыптаспағанды. Сол үшін де сахабалар мен табиғиндердің дәуірінде Құран Кәрім аяттарын түсінуде айтарлықтай қарама-қайшы көзқарастардың болмауы заңды. Алайда сахабалар арасында кейбір орын алған көзқарастар, табиғиндер арасында сәл арта түсті. Бұндай көзқарастар, әсіресе, Құран аяттарын түсінуде көрініс тауып отырды.

Егер барлық мәсур тәпсірлердегі сәләфтардың тәпсірге қатысты деректерін жинақтап, зер салсақ, бір мәселеде сахабалардың түрлі көзқарас білдіргені секілді, табиғиндер арасында да бір мәселе төңірегінде түрлі пікірлер өрбіген. Тіпті, бір мәселеге қатысты бір сахаба немесе табиғин екі түрлі түсінік бергенін аңғаруға болады. Ендеше, бұл – сахаба немесе табиғинның бір мәселеде өз-өзіне қайшы келуі болып табылмай ма? Әрине, олар біз түсінгендей өз-өздеріне қайшы келген жоқ. Бұл қайшылық тек сырт көзге, тілдік тұрғыда немесе түрлі түсіндірмелер салдарынан ғана орын алған.

Зерделей отырып, олардың өз-өздеріне немесе бір-біріне қарама-қайшы секілденіп көрінген түрлі пікірлерде болу себептерін атап өтейік.

1. Әрқайсысының аят мағынасын әртүрлі сөздермен түсіндіруі. Мысалы: Аллаһ тағаланың есім-сипаттарында, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) есімдерінде және Құран Кәрім атауларында көрініс тапқаны секілді. Біреудің Аллаһ тағаланың бір есімімен, екінші бір кісінің Аллаһ тағаланың басқа бір есімімен дұға жасағаны сияқты. Бұл жерде екеуі екі түрлі сөз қолданғанымен, бір Аллаһқа дұға етеді.

Аллаһ тағала Құран аяттарының бірінде:

«قُلْ اذْعُوا لِلّٰهِ اَوْ اذْعُوا الرَّحْمٰنَ اَيًّا مَا تَدْعُوْنَ فَلَهُ الْاَسْمَاءُ الْحُسْنٰى» (Мұхаммед с.а.с.) **оларға: “Мейлі «Аллаһ» деп немесе «әр-Рахман» деп атаңдар. Қайсысымен атасандар да ең көркем атаулар Оған тән”– де** («Исра» сүресі, 110),– деген.

Аллаһ тағаланы «әл-Қуддус», «әр-Рахман», «әл-Ғафур» секілді Есімдерімен атау, сол секілді Құран Кәрімнің «әл-Фурқан», «әл-Һудә», «әш-Шифа» деп, әртүрлі атауларын қолдану қарама-қайшылық болып табылмайды.

Мысалы: «وَمَنْ اَعْرَضَ عَنْ ذِكْرِيْ» «**Ал кім зікірімнен бет бұрса**» аятындағы «зікір» сөзі – «үгіт», «Құран», «сөз», «тура жол» секілді сөздермен түсіндірілген.

Сондай-ақ, мына аяттағы: «الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيْمَ» «тура жолды» – Құран жолы, әһли әс-сунна уә әл-жамаға немесе Аллаһқа құлшылық ету жолы, Аллаһқа және Оның елшісіне (с.а.с.)

бойсұну деп түсіндіру секілді. Бұл түсіндірулер арасында сырт көзге тілдік тұрғыдан қайшылық секілді боп көрінгенімен, мағынада қарама-қайшылық жоқ.

Сәләфу әс-салих тәпсір барысында көбіне, сөздерді нақты берген.

2. Мысал ретінде жалпы түсініктен нақты шектелмеген мағынамен түсіндіру. Кейбірі:

ثُمَّ أَوْرَثْنَا الْكِتَابَ الَّذِينَ اصْطَفَيْنَا مِنْ عِبَادِنَا فَمِنْهُمْ ظَالِمٌ لِنَفْسِهِ وَمِنْهُمْ مُقْتَصِدٌ وَمِنْهُمْ سَابِقٌ بِالْخَيْرَاتِ إِذْنِ اللَّهِ ذَلِكَ هُوَ الْفَضْلُ الْكَبِيرُ

«Сосын ол Кітапты құлдарымыздан таңдағанымызға мұра қылдық және олардан әлде кім өзіне зұлымдық жасайды да кейбірі ортада болады. Ал, тағы біреулері, Аллаһтың рұқсатымен жақсылықтарда алда болады. Міне, осы – ұлы кеңшілік», – аятындағы: «سَابِقٌ بِالْخَيْرَاتِ» жақсылықтарда алда болғандар – намазды кірген уақытында оқығандар, «مُقْتَصِدٌ» ортада болғандар – намазды уақыттың ортасында оқығандар, «ظَالِمٌ لِنَفْسِهِ» өзіне зұлымдық жасағандар – намазды уақытында оқымағандар деп тәпсірлесе, басқа біреулері жақсылықтарда алда болғандарды – зекет пен садақаны қосып бергендер, ортада болғандар – тек зекет бергендер, өзіне зұлымдық жасағандар – зекет бермегендер деп тәпсірлеген. Әрбір тәпсірші мысал ретінде нақты шектемей, жалпылама берілген аяттан бір мағына берген. Бұлай тәпсірлеу нақты тәпсірлеуден жеңіл әрі дұрысырақ болса керек. Бұл жердегі қарама-қайшылық та мағына қайшылығы болып табылмайды. Аллаһ тағаланың әміріне бағынбау – өзіне зұлымдық жасау болып есептеледі.

3. Аяттағы сөздің екі немесе бірнеше ұғымының болуы. Мысалы: «فَسُورَةٌ» сөзі – «найза», «арыстан» деген екі мағынада қолданылады. Сол секілді: «عَسْعَسٌ» сөзі – «түннің келуі мен түннің кетуі» деген мағынада қолданылады.

Кейбір ғалымдар екі мағынасының да дұрыс екендігін айтқан.

4. Сөздің синоним мағынасын қолданбай, жақын мағынасын қолдану.

5. Аяттың екі қырағаты болу.

Мысалы: «لَقَالُوا إِنَّمَا سُكِّرَتْ أَبْصَارُنَا» «**Расында, көздеріміз байланды**»,– деседі» («Хижр» сүресі, 15) аятына қатысты Қатәдә: «سُكِّرَتْ» сөзі, шәддемен – «жабылу, байлану» мағынасында болса, «سُكِّرَتْ» сөзі, шәддесіз – «сиқырлану, айналу» мағыналарында келеді»,– дейді.

Сол секілді: «سَوَّابِلُهُمْ مِنْ قَطْرَانٍ» «**Олардың көйлектері қара майдан болады**»,– аятындағы: «قَطْرَانٍ» сөзі – «قَطْرَانٌ» деп оқылады. Ибн Жарир Хасаннан жеткізіп: «**түйені жабу**» деп түсіндіреді.

Сол секілді «أَوْ لَامِسْتُمْ» сөзі – «тию» және «қатынас» мағыналарында қолданылатыны жеткен.

5. Тәпсірдегі исаилияттар

«Исаилият» сөзі араб тілінде «исраил» сөзінің көпше түрі. Исраил – Жақып пайғамбардың лақап аты. Құран Кәрімде Жақып пайғамбардан тараған яһудилер – «исраил ұлдары» деп аталған. Әдетте, «исраил» яһуди дінін ұстанатын халықтың атауы ретінде белгілі. Алайда, әрбір исаилдік яһуди болғанымен, әрбір яһуди исаилдік болмауы мүмкін.

Құран Кәрім тәпсіріне қатысты исаилият сөзі қолданылған кезде, яһуди дінінің өкілдері тарапынан тәпсірге енген мағлұматтар мен яһуди мәдениетінің Құран тәпсіріне тигізген әсерін байқағанымызбен, жалпылама яһудилік, христиандық және басқа да мәдениеттерден ислам дініне енген риуаяттарды түсінеміз. Бірақ яһудилердің исламға дейін де, кейін де арабтармен бір географиялық аймақта етене араласып өмір сүруі, ислам дінінің өзге дін өкілдеріне төзімділік танытуы, басқа діндер мен мәдениеттерге қарағанда, ислам дініне яһудилерден енген деректердің санын арттырды. Тәпсірге кірген риуаяттарға яһудилікпен байланысты терминнің қолданылуы да сол себепті болса керек.

Әсілінде, Құран Кәрімнің, алғашқыда түрлі діндер және пәлсапалармен санасы уланбаған, мәдени тұрғыда айтарлықтай жетістікке жетпесе де ой-танымы таза болған араб қоғамына

түскендігі белгілі. Олар да таза болмыстарымен Құран Кәрімді алғаш күннен бастап тез қабылдаған-ды. Егер Құран Кәрім араб қоғамынан басқа философиялық ойлармен саналары шатасқан, мәдени жетілген бір қауымға түскен кезде, олардың кейбірі өздерінің ой-пікірлерін Құранға қосқан болар ма еді. Ал арабтар тарапынан ондай құбылыс көрініс таппады. Алайда, өзгертулер Құран Кәрімге ене алмағанымен, Құран тәпсіріне еніп, кейін зерттеу нәтижелерінде ақ-қарасы анықталды.

Жоғарыда байқағанымыздай, пайғамбар дүние салғаннан кейін, сахабалар дәуірінен бастап «исраилият» деп танылған кітап иелерінің деректері Құран Кәрімде қысқа-нұсқа баяндалған қиссалар төңірегінде өрбіді. Яғни, Құранда қысқа ғана айтылып кеткен қиссалардың егжей-тегжейі яһуди, христиан жазбаларынан іздестіріліп, кітап иелерінен сұрала бастаған. Құран Кәрімде келген кейбір тақырыптардың, Тәурат пен Інжілге сәйкес келетін тұстары бар екендігін көруге болады. Бірақ, Құранда оқиғалар егжей-тегжейлі баяндалмай, тек ғибратты тұстары ғана айтылып өтіледі. Ал Тәурат, Інжілде келген бұл қиссалар бастан-аяқ айтылып, бейне бір тарихи оқиға ретінде берілген. Мысалы, Тәураттағы Адам (а.с.) пайғамбардың қиссасы Құранда бірнеше жерлерде қозғалған. Олардың ішінде ең ауқымды айтылған жері «Бақара» мен «Ағраф» сүрелерінде келгені. Осы аталған екі сүреде қисса кеңірек баяндалса да онда жаннатты сипаттауға, Адам мен жұбайына тыйым салынған ағаштың түріне, оларды жолдан тайдырған хайуанға, екеуінің жаннаттан қуылғаннан кейінгі мекен еткен жерлеріне қатысты баяндауларды көре алмаймыз. Ал, Тәураттың «Жаратылыстың басталуы» жазбасындан Адамның қиссасын оқитын болсақ, жаннаттың – Адын жаннаты, тыйым салынған ағаш – өмір ағашы екендігі және оның жаннат ортасында орналасқандығы, Хауаны азғырған хайуанның жылан екендігі секілді егжей-тегжейлі мәліметтерді кезіктіреміз. Сол секілді, Құран Кәрімде Иса (а.с.) пайғамбардың ата-тегі, қай жерде, қалай дүниеге келгендігі, мұғжизаларының жай-жапсары Інжілде баяндалғандай толық қамтылмаған, тек ғибратты тұстары ғана айтылған. Мұсылмандар кейбір Құран аяттарының толық баяндалмауы себепті, аяттардың тәпсірінде өзге діндерде келген

түсіндірмелерге жүгінген. Бұл құбылыс көбіне, Құран тәпсірінде орын алғаны секілді, басқа ілім салаларында да кездеседі.

Исраилияттарға жүгіну мәселесіне қатысты ислам дінінің ұстанымын білу үшін діни мәтіндерге назар аударайық. Құран Кәрім аяттарында Исрайыл ұрпақтары жайлы бірнеше жерде келген. Олардың діндерін бұрмалап, кітаптарын өзгертіп, өздері жазып алғандығы анық сөз етілген. Сонымен қатар яһудилердің иман келтіргендерге қас дұшпан екендігі де айтылған. Ендеше діндері бұрмаланып, кітаптары ұзақ уақыт бойы адам ойларымен араласып, өсгеріске ұшыраған болса, әрі өздері мұсылмандардың қас жауы деп танылса, оларға және олардың кітаптарына жүгінудің қисынсыз екендігін ұғамыз. Оны дініміздің де құптамайтындығы белгілі.

Пайғамбар да Омар ибн әл-Хаттабтың қолынан Тәурат парағын көрген кезде, ашуланып: «Сендерге кіршіксіз ақты (нұрды) алып келмедім бе?! Аллаһпен ант етейін, егер Мұса тірі болса, оған менің соңыма еруге ешнәрсе кедергі болмас еді», – деп, олардың кітаптарына жүгінуден тыйған-ды. Ал, кейбір кітаптарда пайғамбардың (с.а.с.):

عَنْ عَبْدِ اللَّهِ بْنِ عَمْرٍو: أَنَّ النَّبِيَّ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: «بَلِّغُوا عَنِّي وَلَوْ آيَةً،

وَحَدِّثُوا عَنِّي بَنِي إِسْرَائِيلَ وَلَا حَرَجَ، وَمَنْ كَذَّبَ عَلَيَّ مُتَعَمِّدًا فَلْيَبْغِزْهُ مَقْعَدَهُ مِنَ النَّارِ»

«Исрайыл ұлдарынан жеткізіңдер, ешқандай кедергі жоқ»³⁷⁷, – деген хадисі «Исрайыл ұлдары жайлы айтыңдар», – деп түсіндірілген.

Алайда, Аллаһ елшісінің (с.а.с) Бұхаридің хадис жинағында келген мына сөздерінен – кітап иелерін теріске шығармауды, тіпті, оларға белгілі бір деңгейде жүгінуге болатындығын ұғынамыз:

عَنْ أَبِي هُرَيْرَةَ رَضِيَ اللهُ عَنْهُ قَالَ كَانَ أَهْلُ الْكِتَابِ يَقْرَأُونَ التَّوْرَةَ بِالْعِبْرَانِيَّةِ

وَيُقَسِّمُونَهَا بِالْعَرَبِيَّةِ لِأَهْلِ الْإِسْلَامِ فَقَالَ رَسُولُ اللهِ صَلَّى اللهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ لَا

تُصَدِّقُوا أَهْلَ الْكِتَابِ وَلَا تُكَذِّبُوهُمْ وَقُولُوا {آمَنَّا بِاللَّهِ وَمَا أُنزِلَ إِلَيْنَا} الْآيَةَ

³⁷⁷ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 3461.

Әбу Һурайра (р.а.): «Кітап иелері Тәуратты мұсылмандарға иврит тілінде оқып, иврит тілінде тәпсірлеп беретін»,– деген кезде, Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Кітап иелерін растамаңдар да, жалғанға да шығармаңдар, «Аллаһқа және өзімізге түсірілгенге иман келтірдік деп айтыңдар дейді»*,– деген³⁷⁸.

Ибн Хажар тыйым салынған хабарлар мен рұқсат етілген риуаяттардың арасында заман айырмашылығы бар екендігін айтқан. Яғни, ол: «Тыйым салынған деректер ислам үкімдері мен дін қағидалары толық орнығып, бекітілгенге дейінгі уақытта, бүліктен сақтандыру мақсатында айтылған. Ал, бұл себептер жойылғаннан бастап рұқсат етілген»,– дейді.

«Израилият» деп танылған деректерді үш түрге бөліп, қандай түріне тыйым салынғандығын байқауға болады.

1. Дұрыстығы анықталған. Мазмұны Құран мен сүннетке сәйкес келген хабарлар. Бұндай исраилият риуаяттары қабылданады. Мысалы: Мұса (а.с.) пайғамбардың жанында болған кісінің есімі Хидр екендігі олардың деректерінде келгені секілді, пайғамбардан жеткен сахих хадистердің бірінде де сол есіммен аталған³⁷⁹.

2. Жалғандығы анықталған, шарифатқа, ақыл мен қисынға қайшы келгендері. Бұндай риуаяттар мүлде қабылданбайды.

3. Дін негіздері мен ақылға қайшы тұстары жоқ, бірақ дұрыс не бұрыстығы нақты анықталмаған риуаяттар. Яғни, аталған бірінші не екінші түрге жатпайтын деректер. Тәпсірге енген исраилияттарға қатысты әртүрлі ойлар мен көзқарастар осы риуаяттарға қатысты туындап отыр.

Тәпсірдегі исраилият әрекеті сонау сахабалар дәуірінен бастау алғандығын жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Өйткені сахабалар, Құранда толыққанды баяндалмаған қиссалардың жай-жапсарын білу үшін, пайғамбардың: «*Кітап иелерін растамаңдар да, жалғанға да шығармаңдар*»,– деген хадисіне сай, кітап иелеріне, олардың ішінде: кейін ислам дінін қабылдаған яһуди, христиан ғалымдарына жүгінген. Тіпті, олар

³⁷⁸ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4485.

³⁷⁹ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 122.

сахабалар кезеңіндегі тәпсір негіздерінің бірі болғандығы да белгілі. Оған Құран тәпсірінде танымал сахаба Ибн Аббастың, оларға жүгінгендігі жайлы жеткен деректер куә. Мысалы: Ибн Аббас (р.а.) Кағыбтан пайғамбарымыз (с.а.с.) Тәуратта қалай сипатталғандығы жайлы сұраған. Сол секілді: لَا يَسْبِخُونَ اللَّيْلَ وَالنَّهَارَ لَا يَفْتُرُونَ **«Олар күндіз-түні Аллаһты дәріптеуден жалықпайды»** («Әнбия» сүресі, 20) деген аят пен: «المرجان», «أم الكتاب», – деген сөздердің мағыналарын да сұраған. Ибн Аббас кейбір білмеген мәселелерін Әбу Жалд Жайлан ибн Фаруадан сұрағандығы жайлы деректер бар. Одан найзағай (البرق) жайлы сұрағандығын Ибн Жарир әт-Табари тәпсірінде келтірген³⁸⁰.

Әрине, сахабалар пайғамбар тарапынан түсіндірілмеген жағдайда ғана оларға жүгініп отырған. Ал, Аллаһ елшісі (с.а.с.) баяндап кеткен жағдайда, сахабалардың оларға сүйенбесі анық. Сонымен қатар сахабалар олардан кез-келген мәліметті сұрамаған және сұрағанына берілген жауаптардың да барлығын қабылдай бермеген. Өйткені, яһудилердің барлығы бірдей Тәуратты түсіне бермеген. Себебі, олардың көпшілігі кітаптары жазылған иврит тілін де білмейтін. Олар араларындағы ғалымдары түсіндірген негізсіз нәрселермен ғана шектелген. Олардың түсініктері мен танымдарының төмен болғандығын Құран Кәрімнің: وَمِنْهُمْ أُمِّيُونَ **«Олардың ішінде надандары да бар. Кітапты білмейді. Олар тек қана үйретіндіні және бос ойларды ғана ойлайды»** («Бақара» сүресі, 78), – деген аятынан көруге болады. Яһудилер әлемнің жаратылысы, ақирет, есеп-қисап секілді тақырыптарға қатысты түсіндірмелері келмеген Тәурат жолдарын ойдан шығарылған, жалған сөздермен баяндады. Ал, бұлар кейін Тәурат түсіндірмелері ретінде жеткізілді.

Ибн Халдун: «Арабтар – иләһи кітаптары болмаған бір қауым. Олар көшпенділікпен жүріп, оқу-жазу білмейтін. Әлемнің жаратылыстардың бастауы мен сырлары секілді әрбір адам білгісі келген сұрақтардың жауабын білу үшін яһудилер мен христиандарға жүгінген. Сол кезеңде арабтардың арасында

³⁸⁰ Ибн Жарир әт-Табари, Жамиғу әл-баян ан тәуил әәи әл-Құран, 1/364-б.

өмір сүрген яһудилер де арабтар секілді көшіп қонып жүретін. Олардың таным-түсініктері жалпы халықтық деңгейде ғана болатын. Яғни арабтар жүгінген кітап иелерінің білім деңгейі қарабайыр халықтың деңгейінен асып кетпеген еді. Оның ішінде көбі, яһудилік дінді қабылдаған химияр арабтары болатын. Олар кейін ислам дінін қабылдаған соң, исламға мүлде қатысы жоқ, бұрынғы білгендерін сақтап қалған-ды»,– деген.

Сахабалардың шарифат пен сенім негіздеріне қайшы келген ираилият деректерін қабылдамай, кейбір сұрағандарына қатысты алған жауаптарында қателіктер болса, оларды теріске шығарғандығын келесі деректерден көруге болады. Әл-Бұхаридің Әбу Һурайрадан жеткізген: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) жұма күні туралы сөз сөйлеп: *فِيهِ سَاعَةٌ لَا يُؤَافِقُهَا عَبْدٌ مُسْلِمٌ وَ هُوَ قَائِمٌ يُصَلِّي يَسْأَلُ اللَّهَ تَعَالَى شَيْئًا إِلَّا أَعْطَاهُ إِثَاءَهُ وَ أَسْأَرَ بِيَدِهِ يَقْلَلُهَا* *«Онда бір сағат бар. Мұсылмандардан кімде-кім сол сағат ішінде намаз оқып, Аллаһтан қажетін сұрайтын болса, Аллаһ оған береді»*,– деді және қолымен оның (сағаттың) аздығына ишара етті»,– деген хадисінде, дұғаның қабыл болатын уақытына қатысты сахабалар арасында пікірлер айтылған. Яғни, «аталған уақыт әлі де болса сақталған ба? Әлде сол кезеңде ғана болып, кейін жойылған ба? Егер сақталып қалған болса, бір жұмаға ғана тән бе? Әлде әрбір жұмада қойылған ба?»,– деген секілді сұрақтар туындаған. Әбу Һурайра бұл мәселені Кағыб әл-Әхбардан сұраған. Ол, хадисте айтылған сағаттың, әр жылдың бір жұмасында ғана болатындығын айтқан. Әбу Һурайра оның бұл жауабын қабылдамаған. Сол бойда Кағыб Тәуратқа үңіліп, Әбу Һурайраның: «Бұл сағат әрбір жұмада болады»,– деген сөзін қуаттайтын дерек тауып, оның сөзін растаған. Көп ұзамай, Әбу Һурайра осы сұрақты Абдуллаһ ибн Сәләмға да қояды. Абдуллаһ бұл уақыттың жұма күнінің соңғы сағатында екендігін айтқан кезде, Әбу Һурайра: «Соңғы сағаты қалай болады? Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Намаз оқып тұрған мұсылманның сұраған нәрсесі соған сәйкес келсе»*,– деген, демек, ол уақыт намаз оқитын кезден басқа уақытта болуы мүмкін емес»,– деп жауап береді. Абдуллаһ ибн Сәләм оған: *«Бір мәжілісте намазды күтіп отырған адам, на-*

мазын оқығанша, намазда деп есептеледі»,– деген пайғамбар сөзімен жауап береді.

Сахабалар дәуірінен кейін, уақыт өте ираилият деректері өрши түсті. Бейқам тәпсіршілер түрлі негізсіз мәліметтермен кітаптарын толтырды. Сонымен қатар, бұндай риуаяттардың ислам ілімдеріне ену себебін, кейбір мұсылмандардың немқұрайдылық танытуларынан іздегеніміз сияқты, кейбір өзге дін не наным-сенім өкілдерінің исламға келуі жағдайларынан да іздестіруіміз қажет. Олардың ішінде белгілі бір мүдде, мақсаттарына қол жеткізу үшін мұсылман болғандары және исламға қарсы әрекеттер ұйымдастырып, дінді іштен жығу, мұсылмандарды тура жолдан тайдыру үшін сырттай мұсылман болғандар да бар. Арасында шынайы мұсылман болғанымен, бұрынғы ұстанған дінінен үйренген, өз білгендерінен толық арыла алмағандар да болған.

Табиғиндер дәуірінде кітап иелерінің риуаяттары көбейіп, ираилияттарға жүгіну арта түсуіне – кітап иелерінен исламды қабылдағандардың көбеюі және мұсылмандардың Құран қиссалары мен мағынасы анық келмеген аяттар жайында көбірек мәлімет алуға ден қоюы себеп болған. Сонымен қатар, осы кезеңде базбір тәпсіршілер Құран Кәрімді бастан-аяқ тәпсірлеуге кірісіп, түсіндірмелері берілмеген кейбір аяттардың тәпсірін яһуди, христиан деректерімен толтырып отырған. Мысалы, Муқатил ибн Сүлеймен (хижраның 150 жылы дүние салған), Құранның:

وَإِنْ مِنْ قَرْيَةٍ إِلَّا نَحْنُ مُهْلِكُوهَا قَبْلَ يَوْمِ الْقِيَامَةِ أَوْ مُعَذِّبُوهَا عَذَابًا شَدِيدًا كَانَ ذَلِكَ فِي الْكِتَابِ مَسْطُورًا «Біз қиямет күнінен бұрын жоқ етпеген немесе қатты азапқа ұшыратпаған ешбір кент болмас. Бұлар, Кітапта (Лауху әл-Махфузда) жазулы («Исра» сүресі, 58)»,– деген аятты тәпсірлеген кезде, Константинопольдың алынуы мен Әндалусияның құлауын айтып, болашақтан хабар бере отырып түсіндірген.

Табиғиндер дәуірінен кейін де ираилияттар арта түсті. Тіпті, ақылға сыймайтын дүниелер Құран тәпсіріне еніп, тасниф кезеңінде бұл деректер риуаят етіле бастады. Кейінгі тәпсіршілер ираили қиссалармен кітаптарын толтырды. Осылайша, қияли

ойдан шығарылған қиссалар, Құран аяттарының тәпсірі ретінде танылып жатты. Осындай деректерді жеткізіп, қиссалармен шұғылданған тұлғалар жалпы тәпсірші ғалымдардың жолына бөгет жасап, дұрыс деректерді жалған, дұрыс емес риуаяттармен шатастырды. Әрі олар дінде талап етілмеген және діни де, дүниелік те ешқандай пайда бермейтін түсіндірмелерге бой алдырып, бос әурешілікке түсті. Мысалы, олар «Кәһф» сүресінде келген үңгірді паналаған жастардың аты-жөндері, олардың жанында болған иттің түсі, Нұх пайғамбардың кемесі мен Мұса пайғамбардың таяғы қандай ағаштан жасалғандығы секілді бос түсіндірмелердің соңына түскен.

Ендеше, осындай қиын жағдайда тәпсірші, тәпсірге қатысты риуаяттарға мұқияттылық танытуы керек. Барлық ираилият риуаяттарға сын көзбен қарап, олардың Құранға ақыл мен нақылға қайшы келмейтіндігін барынша қатаң тексеруі қажет. Тіпті, мүмкіндік болса, ираилияттарға мүлдем жүгінбеген дұрысырақ болып табылады.

Ислам ілімдеріне енген риуаяттардың басым бөлігі Абдуллаһ ибн Сәләм, Кағыбу әл-Ахбар, Уәһб ибн Мунаббих, Абдулмалик ибн Журејжден жеткен.

☑ Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

- ✓ *Табиғин дегеніміз кім? Және олардың ислам дініндегі орны қандай?*
- ✓ *Табиғиндер дәуіріндегі тәпсір ерекшеліктері қандай?*
- ✓ *Табиғиндер дәуірінде қалыптасқан тәпсір мектептері жайлы не білесіз?*
- ✓ *Меккеде жетілген танымал тәпсірші табиғиндарды ата.*
- ✓ *Ирак мектебінің танымал тәпсірші табиғиндері туралы не білесіз?*
- ✓ *Сахаба мен табиғиндердің тәпсірдегі айырмашылықтары мен ұқсастықтарын баянда.*
- ✓ *Сахаба мен табиғиндердің тәпсір саласында түрлі көзқарасты ұстануларының мәні неде?*

- ✓ *«Израиляттар» дегеніміз кімдер? Неліктен бұл термин яһудилікпен байланысты?*

- ✎ *«Табиғиндердің тәпсірдегі орны» атты тақырыпты эссе түрінде жазу.*

- ✎ *«Құран тәпсіріндегі исраилят деректерінің орны мен танымал исраилят өкілдері» атты тақырыпқа реферат дайындау.*

§ 17. Тәпсір түрлері

Бұл тақырыпта келесі сұрақтарға жауап таба аласыздар:

1. Тәпсірдің қандай түрлері бар?
2. Риуаят тәпсірі дегеніміз не және қандай танымал мәсур тәпсірлер бар?
3. Рай тәпсірі туралы не білеміз?
4. Қандай тәпсірлер мақұлданған және мақұлданбаған деп танылады?
5. Муфассирге қойылатын шарттар қандай? Тәпсіршінің әдеби туралы не білесіз?
6. Сопылық ишари тәпсірлер мен фикһи тәпсір дегеніміз не?

1. Тәпсір түрлері

Ибн Аббас (р.а.) тәпсірдің келесі төрт түрін айтқан:

а) Әрбір адам түсіне алатын адал мен арамға қатысты Құран тәпсірі;

ә) Араб тілін білген әрбір адамның шамасы жететін тәпсір;

б) Ғалымдар ғана ұғына алатын тәпсір;

в) Аллаһтан басқа ешкім білмейтін тәпсір³⁸¹

Әрбір адамның түсінуі мүмкін болған тәпсірге – Құранда анық әрі нақты, бір мағынаны ғана ұғындыратын, яғни жорамал мағыналары болмаған аяттарды жатқызуға болады. Мысалы: **«Аллаһтан басқа тәңір жоқ екендігін**

біл»,– деген аяттан Аллаһ тағаланың бірлігін түсіну ешкімге қиындық туындатпайтыны секілді, **«Намазға тұрындар және зекет беріндер»**,– деген аятта намаз бен зекеттің парыз екендігі анық келген. Өйткені, діни мәтінде бұйырылған амалдың міндеттілікті білдіретіндігі белгілі.

Ал, араб тілін білгендердің ғана шамасы келетін тәпсірге – Құранның тілдік және грамматикалық заңдылықтарымен байланысты болған мағыналар мен үкімдерді қамтыған аяттардың тәпсірін айтуға болады. Араб тілінің заңдылықтары мен

³⁸¹ Ибн Жарир әт-Табари, Жамиғу әл-баян ан тәуил әәи әл-Құран, 1/34-б.

грамматикалық ерекшеліктерін білмеген адам, кейбір аяттардың мағынасын түсіне алмағаны секілді, кейбір аяттардан шариғи үкімдерді де ала алмасы хақ.

Ғалымдар ғана ұғына алатын тәпсір түріне – кейбір Құран аяттарының жорамал мағыналар мен метафора, метонимиялық ұғымдары және кейбір аяттардың жалпылама немесе қысқанұсқа келуі мен олардан шариғат үкімдерін шығару секілді, Құран түсіндірмелерін айтуға болады.

Ал, қиямет қайым, рух секілді трансценденталды сипаттағы метафизикалық мәселелер, кейбір муташабиһ сөздер, сүрелердің басында келген әріптер мен әріп жиынтықтары (хуруфу муқаттаға) секілді аяттардың тәпсірі Бір Аллахқа ғана мәлім. Бұндай аяттардың тәпсірін нақты келген діни мәтіндермен ғана түсіне аламыз. Яғни, ақыл-ой жүгірту арқылы мән-мағынасын білу мүмкін емес³⁸².

Алайда, кейін келген мұсылман экзегетиктері Құран тәпсірін:

- а) Эт-Тафсиру әл-мәсур, яғни риуаят тәпсірі
- ә) Эт-Тафсир би әр-рай, яғни ақыл-ой тәпсірі
- б) Эт-Тафсир әл-ишари, яғни ишарат тәпсірі деп бөліп қарастырған.

2. Риуаят тәпсірі (Эт-Тафсиру әл-мәсур)

Риуаят тәпсірі «мәсур тәпсір» деп те аталады. Риуаят тәпсірі – Құран Кәрім аяттарын басқа аяттармен және пайғамбар мен сахаба, табиғиндерден жеткен деректермен тәпсірлеу. Кейбір ғалымдар табиғиндерден жеткен деректерді риуаят тәпсіріне енгізбеген. Алайда, Ибн Жарир эт-Табари секілді муфассирлердің, мәсур тәпсірлерінде табиғиндерден жеткен риуаяттарды қамтығандығын ескерсек, тәпсірші табиғинның Құран аяттарына қатысты айтқан ойы мен түсінігін мәсур тәпсір ретінде санауға болады.

³⁸² Әс-Суюти, Әл-Итқан, 273-274-б.

Риуаят (мәсур) тәпсірдің дамуын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші – риуаят кезеңі, екінші – жинақталу (тәдуин) кезеңі.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) сахабаларына Құран аяттарынан түсінбеген жерлерін баяндап берген болатын. Пайғамбардан (с.а.с.) түйгендерін сахабалар өзара және кейін келген табиғиндерге жеткізіп отырған. Сонымен қатар, сахабалардың арасында Исламдағы ақыл, ой еркіндігін пайдаланып, Аллаһ елшісінен (с.а.с.) естіген деректерімен қатар, өздерінің аяттан түсінгендерін айтқандар да болды. Кейін келген табиғиндер де тәпсірге қатысты Аллаһ елшісінен (с.а.с.), сахабалардан жеткен риуаяттарды жинақтай отырып, өздерінің де ойлары мен ижтиһадтарын білдірді. Пайғамбар мен сахабалар заманынан ұзақтаған сайын, тәпсірдегі түсініксіздіктер арта түсті.

Хижраның бірінші ғасырының соңы мен екінші ғасырының басында хадистер жинақтала бастаса, екінші ғасырдың алғашқы жартысынан кейін, хадистер мен сахабалардың сөздері тақырыптар бойынша тарауларға бөлініп, әрбір хадис мазмұнына қарай сол тарауларда топтастырылып, ретке келтірілді. Осы тұста Құран тәпсіріне қатысты риуаяттар да хадистанушылар тарапынан жеткізіліп, жинақталған. Бұл кезде тәпсір толыққанды жинақталып ретке келтірілмей, хадис жинақтарының бір бөлімі ретінде сақталды.

Одан кейінгі кезеңде тәпсір хадистен ажырап, жеке дара жазыла бастады. Ең алғашқылардан болып, Али ибн Әбу Талханың (х. 143 ж.д.с.) Ибн Аббастан жеткізген сахифасын³⁸³ (жазбасын) және Шуғба ибн әл-Хажжаж (х. 160 ж.д.с.), Уакиф ибн Жаррах (х. 197 ж.д.с.), Суфиян ибн Ұяйна (х. 198 ж.д.с.), Абдурраззақ ибн Һумам (х. 211 ж.д.с.) секілді әтбағу табиғиндердің тәпсір жинақтарын айтуға болады.

Көп ұзамай, тәпсірге қатысты пайғамбардан және сахабалар мен табиғиндерден жеткен риуаяттарды жинақтап, барлық Құран аяттарын риуаят жолымен түсіндірген Ибн Жарир әт-

³⁸³ Әс-Суюти, Әл-Итқан, 2/88-б.

Табаридың (224-310) тәпсірі жазылды. Ол осы уақытқа дейін ең құнды тәпсірлердің бірі саналады.

Осы кезеңнен кейін, әт-Табаридің тәпсірі секілді риуаяттарды жеткізушілер тізбегімен бірге келтірген бірқатар тәпсірлер пайда болды. Айта кетер болсақ: Ибн Әбу Хатим (х. 327 ж.д.с.), Ибн Мәжә (х. 273 ж.д.с.), Әл-Хақим (х. 405 ж.д.с.), Ибн Мардауий (х. 410 ж.д.с.), Ибн Хиббан (х. 369 ж.д.с.) және т.б.

Одан кейінгі кезеңде де риуаят жолын негізге алған мәсур тәпсірлер жазылды. Алайда олардың көпшілігі дұрыс риуаяттармен қатар, көптеген әлсіз деректерді де тізбексіз келтіре отырып, жинақтады. Тіпті олардың ішінен негізсіз, жалған деректерді де кездестіруге болады. Келесі кезеңдерде, сол дәуірдегі өзгерістердің нәтижесінде әрі қоғамның талаптарына сай тәпсір риуаят жолынан ақыл-ойға көбірек ойысты. Өйткені, тәпсіршіге өмір сүріп отырған ортасы мен ғасыры әсер ететіндігі сөзсіз. Алғашқы кезеңдегі тәпсіршілер риуаятқа ғана сүйенсе, кейінгілер ақыл-оймен тәпсірлеуге жүгінген. Сонымен қатар, ғылым салалары қалыптасып дамыған тұста, әрбір ғылым саласын негізге алған тәпсірлер жарық көрсе, мәзһабтар мен бағыттар туындаған уақытта, әрбір мәзһаб пен бағыттың діни ұстанымын басшылыққа алған тәпсіршілер де болды.

Мәсур тәпсірге енген әлсіздік

Жоғарыда айтып өткеніміздей, мәсур тәпсір дегеніміз – Құран аяттарын өзге аяттармен және пайғамбардан жеткен хадистермен, сондай-ақ сахаба, табиғиндерден жеткен деректермен түсіндіру. Құран Кәрім аяттары мен пайғамбардан жеткен дұрыс хадистерге жүгінумен жүзеге асқан тәпсірдің сенімділігіне күмән жоқ. Ал, пайғамбардан жеткенімен, тізбегінде немесе мәтінде әлсіздік болған хадистер, сол секілді сахаба, табиғиндердің сөзімен тәпсірлеу әлсіз болып табылады³⁸⁴.

³⁸⁴ Док. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби, Әт-Тәфсир уә әл-муфассирун, 1/108-б.

Риуаят жолымен жүзеге асқан мәсур тәпсірдегі әлсіздік келесі жолдар арқылы болады:

а) Жалған хадистердің пайда болуы.

Хижраның бірінші ғасырының екінші жартысынан бастау алған хадистегі жалғандық, уақыт өте түрлі діни, саяси, жеке тұлғалық себептермен өрши түсті. Оның ішінде түрлі діни, саяси мазһабтар мен дін дұшпандарының көксеген мүдделеріне жету үшін пайғамбар атынан жалған сөйлеулері аса үлкен қауіп төндірді.

ә) Кітап иелерінен жеткен деректердің тәпсірге енуі. (Исраилияттар)

«Исраилияттар» деп танылған яһудилер мен христиан діні өкілдерінің мәдениеті мен діни түсініктері, сонау сахабалар дәуірінен-ақ, Құран тәпсіріне ене бастады. Оған бірден-бір себеп – Құран Кәрім мен пайғамбар хадистерінде оларға жүгінудің қатаң тыйым салынбауы және мұсылмандардың кітап иелерімен етене араласып, бір қоғамда өмір сүруі мен ислам дінінің өзге дін өкілдеріне қатысты төзімділігі. Сахабалардың және кейінгі тәпсірші ғалымдардың кітап иелеріне қаншалықты жүгінгендігі жайлы айтып өткен болатынбыз.

б) Деректердің тізбексіз жеткізілуі.

Ислам дінінде: «Егер бір деректі жеткізсең, дұрыстап жеткіз, егер бір нәрсені даулайтын болсаң, дәлелде»,– деген қағидаға сай, қандай да бір деректің сенімділігіне көз жеткізу үшін, оның жеткізушілеріне және олардың сенімділігіне көз жеткізуіміз керек. Ал, жеткізушілері беймәлім болған деректердің қабылданбағаны секілді, Құран тәпсіріне қатысты тізбексіз деректер де қабылданбайды.

➤ **Танымал мәсур тәпсірлер**

Ислам тарихының алғашқы кезеңінде мәсур тәпсірлер тарихта көптеп жазылғанымен, көпшілігі қазіргі күнімізге дейін жетпеген. Сол себепті барлық мәсур тәпсірлерді жіпке тізгендей айту мүмкін емес. Алайда, мұсылмандар арасында кеңінен танылған мәсур тәпсірлерге тоқтала кетейік.

<i>Кітап</i>	<i>Автор</i>	<i>Қосымша мәлімет</i>
<p>Жамиғу әл-баян ан тәуили әәи әл-Құран</p> <p>جامع البيان عن تأويل آي القرآن</p>	<p>Әбу Жағфар Мұхаммед Ибн Жарир Язид әт-Табари</p> <p>ابن جرير الطبري</p>	<p><i>Автор:</i> Тәпсір, фикһ, хадис, тарих ғылымдарын жетік меңгерген, ислам тарихы мен тәпсірдің атасы ретінде танылған аса танымал, мутлақ мужтаһид дәрежесіне жеткен ғалым. Бірқатар еңбектердің авторы. Алайда, танымал тәпсірі мен тарихынан басқа еңбектері бізге жетпеген. Ол 224/839 жылы Табаристанда дүниеге келіп, 310/923 жылы Бағдатта дүние салған.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Әт-Табаридың тәпсірі – өзінен кейін жазылған тәпсірлерге қайнар көз болып табылған құнды, танымал еңбек. - Құран Кәрімді бастан-аяқ толық тәпсірлеген алғашқы кітаптардың бірі. - Өте ауқымды тәпсір (жиырма алты көлемінде жарық көрген) - Тәпсір кітаптарының ішіндегі ең сенімдісі. - Үкімі бар аяттардың тәпсірінде фикһ ғалымдарының көзқарастары дәлелдермен келтіріліп, нәтижеде өзінің көзқарасын білдірген. - Тәпсір риуаяттарға негізделгенімен, онда деректер салыстырыла отырып, дұрысырағы таңдалған. - Қажетті жерінде грамматикалық талдауларға орын берілген. - Тәпсірші риуаяттарды жеткізушілер тізбегімен келтіргенімен, көп жағдайда деректің дұрыс не әлсіз екендігін білдірмеген. Кейбір жерлер

		<p>де ғана жеткізушілердің сенімділігі мен сенімсіздігіне тоқтаған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қырағат түрлері келтірілген. - Тәпсірде Кәғыб әл-Әхбар, Уәһб ибн Мунаббих, Ибн Жүрейж секілді исраилият өкілдерінен бірнеше деректер келтірілген. - Барлық ғалымдар Ибн Жарир тәпсірінің аса құнды, сенімді тәпсір кітабы екендігіне бір ауыздан келіскен. Мысалы, Әбу Хамид әл-Ифрайини: «Егер кісі Мұхаммед ибн Жарирдің тәпсіріне қол жеткізу үшін Қытайға барса да артық етпейді»,– десе, Неміс шығыстанушысы Нольдке 1860 жылы Ибн Жарир тәпсірінің кейбір жолдарын оқып: «Егер осы кітап қолымызда болғанда, кейін жазылған тәпсір кітаптарына қажеттілік қалмайтын еді»,– деген*.
<p>Бахру әл-улум بحر العلوم</p>	<p>Әбу әл-Ләйс Насыр ибн Мұхаммед әс-Самарқанди أبو الليث، نصر بن محمد السمرقندي</p>	<p><i>Автор:</i> Ханафи мәзһабының танымал фикһ ғалымы. «Тәнбиһу әл-ғафилин уә әл-бустан» секілді бірқатар танымал еңбектердің авторы. 373/984 жылы дүние салған.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Тәпсір ауқымды үш том көлемінде. - Мәсур тәпсірге тән сәләфу әс-салихтан жеткен деректерге жүгінген. - Тәпсірші риуаяттардың бірін екіншісінен жоғары санап, дұрысырағын таңдамаған.

* Док. Мұхаммед Хусейн әз-Заһаби, Эт-Тафсир уә әл-муфассирун, 1/183-б.

		<ul style="list-style-type: none"> - Жеткізушілері нақтыланбаған. - Ираилият деректерге орын берілген. - Кейбір жерлерде тізбегінде әлсіз рауилері бар деректері пайдаланылған. - Тәпсір риуаят жолымен қатар, дираят жолымен де тәпсірленген. Бірақ риуаят жолы басым болғандықтан, мәсур тәпсір қатарынан саналған.
<p>Мағалиму әт-танзил معالم التنزيل</p>	<p>Әбу Мұхаммед әл-Хасан ибн Масғуд әл-Бағауи أبو محمد الحسن بن مسعود البغوي</p>	<p><i>Автор:</i> Хафиз әл-Бағауи шафиғи мәзһабының көрнекті фикһ, хадис, тәпсірғалымы. «Мухиссунна» (сүннетті жандандырушы), «Рукнуддин» (діннің тірегі) деген лақап аттармен танылған. Ол 433/1042 жылы Хорасан аймағында дүниеге келіп, 516/1122 жылы қайтыс болған.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Әс-Сағлабидің тәпсірін ықшамдаған. - Кейбір әлсіз рауилер арқылы жеткен деректерді айтпағанда, әлсіз, негізсіз риуаяттарға жүгінілмеген. - Шариғат үкімдері, қиссалар қамтылған. - Сәләфу әс-салихтан жеткен деректердің тізбегі көрсетілмеген. Алайда, тәпсір кіріспесінде «сәләфу әс-салих» кезеңіндегі тәпсірші тұлғалардан кімдер риуаят еткендігі баяндалған. - Кейбір тәпсір кітаптары секілді аяттардың грамматикалық, риторикалық тұстарына және тәпсірмен байланысы болмаған ғылым салаларына көп кірмеген.

		<ul style="list-style-type: none"> - Исраилият деректері өте аз. - Риуаяттардың бірін екіншісінен жоғары қойып, әлсіз не дұрыс деп бағаламаған.
<p>Әл-Мухарриу әл-уәжиз фи тафсири әл-Китаби әл-Азиз</p> <p>المحرر الوجيز في تفسير الكتاب العزيز</p>	<p>Әбу Мұхаммед Абдулхаққ ибн Ғалиб ибн Атия</p> <p>أبو محمد عبد الحق بن غالب بن عطية</p>	<p><i>Автор:</i> 481/1088 жылы Эндалусияда (Ортағасырлық Испания) дүниеге келген Хафиз, Қазы Ибн Атия мәлики мәзһабының фикһ ғалымы. Тәпсір, хадис әрі араб тілі мен әдебиеті саласында да танымал тұлға. 546/1152 жылы дүние салған.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - 10 том көлемінде басылған ауқымды тәпсір. - Тілі жеңіл, шұрайлы. - Ибн Жарир әт-Табаридің тәпсірі секілді, мәсур тәпсірлерден кейбір деректер жеткізген. - Сөздерін араб өлендерімен қуаттаған. - Аяттардың тілдік және қырағат ерекшеліктеріне көбірек көңіл бөлген. - Кейбір тәпсір кітаптарына қарағанда, деректерінің нақтылығы мен жан-жақтылығы жағынан ерекшеленеді.
<p>Тәфсир әл-Құран әл-Азим</p> <p>تفسير القرآن العظيم</p>	<p>Әбу әл-Фидәә Исмаиыл ибн Омар ибн Касир әд-Димашқи</p> <p>أبو الفداء إسماعيل بن عمر بن كثير</p>	<p><i>Автор:</i> Хадис, тәпсір, тарих салаларында ерекше танылған шафиғи мәзһабының ғалымы. Хафиз Ибн Касир 700/1301 жылы Сирияда дүниеге келіп, 774/1373 жылы қайтыс болған.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Құндылығы мен нақтылығы жағынан Ибн Жарир әт-Табаридің тәпсірінен кейінгі, екінші дәрежедегі тәпсір.

		<p>Кейбір деректерде нақтылығы жағынан одан да асып түсетіндігі айтылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тәпсірдегі деректер жеткізушілер тізбегімен және тізбектегі жеткізушілердің сенімділігі мен сенімсіздігі тілге тиек етілген. - Деректердің дұрысы мен әлсізі анықталып, дұрысырағы таңдалған. - Бірінші кезекте Құран аяттарын екінші бір Құран аяттарымен тәпсірлеуге ерекше көңіл бөлінген. - Тәпсір кітаптары ішіндегі мағыналас аяттарды келтіруде бірегейі болып табылады. - Ибн Жарир әт-Табаридің, Ибн Әбу Хатимнің, Ибн Атияның тәпсірлерінен алған. - Ираилият деректерді мысалға келтіре отырып, ондай деректерге жүгінуге болмайтындығын айтып, сақтандырған. - Фикһ мәселелері талқыланды. - Теңдессіз тәпсір кітабы екендігіне ғалымдар бір ауыздан келіскен.
<p>Әл-Кашфу уә әл-баян фи тафсири әл-Құран الكشف والبيان في تفسير القرآن</p>	<p>Әбу Исхақ Ахмед ибн Мұхаммед ибн Ибраһим әс-Сағлаби ән-Нисабури</p>	<p><i>Автор:</i> Әс-Сағлаби 427/1035 жылы дүниесі салған. Ол – Нисабурлық танымал қари және тәпсір ғалымы.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Тәпсірдегі риуаяттардың жеткізушілеріне кітаптың кіріспесінде тоқталғандықтан, тәпсір барысында жеткізушілер тізбегі қысқартылған.

	<p>أبو إسحاق أحمد بن محمد بن إبراهيم الثعلبي النيسابوري</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Аяттарға морфологиялық, грамматикалық талдаулар жасалған. - Шариғат үкімдері қамтылған аяттарға фикһ ғалымдарының көзқарастары мен дәлелдерін келтіре отырып, ауқымды түсіндірмелер берілген. - Кейбір аяттар жан-жақты тәпсірленген. - Исламият деректері көп кездеседі. - Сәләфу әс-салихтан жеткізген риуаяттарының дұрыстығы мен әлсіздігіне аса көңіл бөлінбеген. Яғни, тізбегінде әлсіз рауилері бар деректер көп кездеседі. - Көпшілік тәпсір кітаптарында кездесетін Құран сүрелерінің әрқайсысының артықшылығына қатысты негізсіз деректер қамтылған.
<p>Әд-Дурру әл-мәнсур фи тәфсири әл-мәсур الدر المنتور في التفسير بالمأثور</p>	<p>Әл-Хафиз Жәләлуд-дин ибн Әбу Бәкір Абдуррахман әс-Суюти الحافظ جلال الدين بن أبي بكر عبد الرحمن السيوطي</p>	<p><i>Автор:</i> Имам әс-Суюти (849/1445-911/1505) – заманының теңдесіз ғалымы, хадис ілімдерін терең меңгерген хафиз, әш-Шафиғи мәзһабының өкілі. Бірқатар ислам ілімдері мен тіл біліміне қатысты 500-ден астам құнды еңбектердің авторы.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Имам әс-Суюти өзінің «әл-Итқан» еңбегінің соңында тәпсірге қатысты пайғамбардан және сахабалардан жеткен он мыңнан астам деректерді бір жерге жинақтап, оны «Тәржумәнү әл-Құран» деп атағандығын айтқан. Ал, біз сөз қылып отырған «әд-Дурру әл-мәнсур фи тәфсири әл-

		<p>мәсур» тәпсірі – аталған еңбектің қысқартылған нұсқасы.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кейбір риуаяттар тізбегі жалықтырмас үшін қысқартылған. - Риуаяттардың дұрыстығы мен әлсіздігіне аса көңіл бөлінбеген. - Тек қана риуаят жолымен тәпсірленген. - Алты том көлемінде жарық көрген.
<p>Әл-Жауаһиру әл-хисан фи тафсири әл-Құран الجواهر الحسان في تفسير القرآن</p>	<p>Әбу Зәйд Абдуррахман ибн Мұхаммед әс-Сағалаби әл-Жазаири أبو زيد عبد الرحمن بن محمد الثعالبي</p>	<p><i>Автор:</i> Имам әс-Сағалаби – асқан тақуалығымен танылған, жазайырлық (Алжир) мәлики мәзһабының ғалымы. Ол тәпсір, ақида, фикһ, сопылық сияқты ислам ілімдерін зерттеп, бірқатар еңбектер жазған. 786 1384-875 1471 жылдар аралығында өмір сүрген.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Кітаптың кіріспесінде айтылғандай, имам әс-Сағалабидің бұл еңбегі – Ибн Атия тәпсірінің ықшамдалған нұсқасы. Сонымен қатар, басқа да тәпсіршілерден пайдаланылған. - Бұрын келген муфассирлердің тәпсірлерін жинақтап, ретке келтірген. - Тәпсірде рәміздер қойылған. Олардың мәнісі кітап кіріспесінде баяндалған. - Кітаптың соңында кейбір сөздердің түсіндірмелері берілген. - Риуаяттардың толық тізбегі көрсетілмеген. - Аз болса да исраилият деректер кездеседі. - Төрт том көлемінде жарық көрген пайдалы жинақ.

3. Рай тәпсірі

Рай тәпсірі дегеніміз – Құран аяттарын тәпсірлеуге құқылы мұсылман ғалымының, ижтиһад жасай отырып, өз ойымен тәпсірлеуі.

Жекелеген ғалымның Құран аяттарын өз ижтиһадымен тәпсірлеуіне қатысты ғалымдар екі түрлі пікір білдірген. Бір топ ғалымдар Құран аяттарының пайғамбар мен сахаба, табиғиндерден жеткен деректермен тәпсірленуін ғана қабылдап, қандай тәпсірші болмасын, Құран Кәрімді өз ойымен тәпсірлеуге құқылы емес екендігін айтса, басқа ғалымдар тәпсіршінің білуі міндетті болған ілімдерге ие ғалымның, Құран Кәрімді өз ижтиһадымен тәпсірлеуіне тыйым салмаған.

Екі топтың жүгінген дәлелдеріне тоқталсақ, бірінші топтың, яғни: «Құран аяттарын тәпсірлеуде пайғамбардан, сахабалар мен табиғиндерден жеткен риуаяттармен ғана шектелу қажет»,– деген, басым бөлігі алдыңғы буын өкілдерінен тұратын ғалымдардың дәлелдері:

а) Құран Кәрімді өз ойымен тәпсірлеу – Аллаһ атынан сөз айтқанмен тең. Бұған түбегейлі тыйым салынады. Өйткені, өз ижтиһадымен тәпсірлеген адамның райы Аллаһтың іліміндегі аяттың негізгі мағынасына сай келмеуі әбден мүмкін. Бұл тұрғыда Құран Кәрімде: **قُلْ إِنَّمَا حَرَّمَ رَبِّي الْفَوَاحِشَ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَمَا بَطَنَ** «**Күдіксіз Раббым, арсыздықтарды, Оның көрнеу, көмесін арам етті де...**»,– деген аяттың соңында: **وَأَنْ تَقُولُوا عَلَى اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ** «**және білмейтін нәрселерінді Аллаһқа қарсы сөйлеулерінді**» («Ағраф» сүресі, 33),– деп Аллаһ тағаланың атынан білімсіз сөз айтудан тыйған. Сол секілді: **أَتَقُولُونَ عَلَى اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ** «**Аллаһқа білмеген нәрселерінді айтасындар ма?**» («Ағраф» сүресі, 28) және: **وَلَا تَقُفْ مَا لَيْسَ لَكَ بِهِ عِلْمٌ** «**Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе**» («Йсра» сүресі, 36),– деген аяттарды келтіруге болады.

Ал, рай тәпсіріне тыйым салмаған топ, оларға ой-пікір жүгіртудің де ілім екендігін және күмәнсіз, нақты мәтін келмеген жағдайда, ақыл-ой таразысына салудан шарифатымыздың тыймағандығын айтқан. Сонымен қатар, Аллаһ елшісінің (с.а.с.)

дұрыс ижтиһад жасаған адамның екі сауап, ал ижтиһад жасап қателескен адамның бір сауап алатындығын, пайғамбарымыздың (с.а.с.) Муғаз есімді сахабасын Йеменге жіберген кезде, сахабаның жауапты Құран мен сүннеттен таппаған жағдайда өз ижтиһадына сүйенетіндігін айтқанын Аллаһ елшісінің (с.а.с.) құптағандығын алға тартқан.

ә) Олар өз көзқарастарына Құранның: وَأَنْزَلْنَا إِلَيْكَ الذِّكْرَ لِتُبَيِّنَ لِلنَّاسِ مَا نُزِّلَ إِلَيْهِمْ «Саған да адамдар үшін түсірілгенді ашық баян етерсің деп, Құранды түсірдік»,– деген аятын дәлел ретінде келтірген. Яғни, Құран аяттарын баяндау ісі пайғамбарға ғана жүктелген.

Ал, бұл көзқарасқа қарсы топ, Құран аяттарын түсіндірудің Аллаһ елшісіне (с.а.с.) жүктелгендігін жоққа шығармаған. Алайда, олар, пайғамбардың барлық Құран аяттарын баяндамағандығын, олардың кейін келетін ғалымдарға қалғандығын айтқан. Бұған дәлел ретінде олар, аталған аяттың соңындағы: **«бәлкім олар ой жүгіртер»**,– деген жалғасын келтірген.

б) Құран Кәрімді раймен тәпсірлеуден тыйған мына хадистерді келтіреді:

Имам әт-Термезидің «әс-Сунанында», Ибн Аббастан жеткен деректе, пайғамбар (с.а.с.): *«Менен естігендеріңнен басқасын айтудан сақ болыңдар. Кімде-кім менің атымнан әдейі жалған сөйлейтін болса өз орнын оттан дайындай берсін. Кімде-кім Құранға қатысты да өз ойынан айтатын болса, өз орнын оттан дайындай берсін»*,– деген³⁸⁵.

Әт-Термези, Әбу Дәуіттің хадис жинақтарында, Жундубтан³⁸⁶ жеткен хадисте, ол: *«Аллаһ елшісі: «Кімде-кім Құранға қатысты өз ойымен бір нәрсе айтып, (онысы) дұрыс болса да қателескені»*,– деді»³⁸⁷

³⁸⁵ Әт-Термези, әс-Сунан, 2951 Хасан хадис. Сол секілді имам Ахмед, ән-Насаи, әт-Табарани де жеткізген.

³⁸⁶ Әбу Абдуллаһ Жундуб ибн Абдуллаһ әл-Бәжәли – танымал сахаба, хижраның 60 жылы дүние салған.

³⁸⁷ Әт-Термези, әс-Сунан 2896, 2952; Әбу Дәуіт әс-Сунан, 3170, 3652; Ән-Нәсәи, Әс-Сунан, 8085.

Рай тәпсірін қолдайтын ғалымдар хадистегі тыйымның, Құрандағы мушкил (түсінігі қиын), муташабиһ (мағынасы көмескі) аяттарға қатысты айтылғандығын түсінген. Сонымен қатар, көпшілік ғалымдар да сахаба Жундубтан жеткен хадисті «тәпсірші сахаба табиғиндер секілді алдыңғы буын өкілдерінің сөздеріне жүгінбей, жеке әуестігіне сай айтқан сөзіне қатысты» деп түсіндірген. Яғни, ешқандай ғылыми негізге сүйенбей, Құран аяттары мағыналарының мәнісін түсінбей, көзқарасын айтып, үкім шығаруы деген.

Оған: **اُدْهَبْ إِلَى فِرْعَوْنَ إِنَّهُ طَغَى** «**Перғауынға бар. Өйткені ол, шектен шықты**» («Таһа» сүресі, 24), – деген аяттағы Перғауынды «адамның нәпсісі» деп өз ойымен тәпсірлеу секілді аяттың негізгі мағынасынан ауытқуды мысал ретінде айтуға болады.

Сонымен қатар, Жундубтан жеткен хадистің әлсіздігін айтқан ғалымдар да бар. Хадис тізбегіндегі Суһайл ибн Әбу Хазымның сенімділігіне хадис ғалымдарының көбі сын айтқан. Хадисті жеткізуші имам әт-Термезидің өзі Суһайлға кейбір хадистанушылардың сын таққандығын ескерткен³⁸⁸.

в) Сахаба мен табиғиндерден жеткен деректерге назар аударсақ, олардың Құран тәпсіріне қатысты өз ойларын айтудан сақтанғандығын көреміз. Әбу Бәкір (р.а.) Құран тәпсіріне қатысты сұралған кезде: «Құранға қатысты Аллаһ Тағаланың қалағанынан басқа бір нарсе айтып қойсам, жағдайым не болмақ?» – деп, өз ойын айтудан қорықса, танымал табиғин Сағид ибн әл-Мусайябта арам мен адалға қатысты сұрақ қойылса, жауап беріп, Құран аятының тәпсірі сұралған кезде, естімеген секілді үнсіз қалатын. Яғни, олар Құран Кәрім аяттарын өз ойларымен түсіндіруден сақтанған. Сол секілді осы тұрғыда алғашқы буынның ізгі өкілдерінен жеткен деректер жеткілікті.

Ал, «тәпсірде әрбір ғалым өз райын айтуға құқылы» деп тапқан зерттеушілер, жоғарыда аталған деректерге қатысты келесідей уәж айтқан. Сахабалар мен табиғиндер аяттың дұрыс мағынасына көз жеткізе алмаған жағдайда ғана раймен тәпсірлеуден тыйылған. Ал, мағынасын ұғынған аяттарды өз ой-

³⁸⁸ Док. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби, Эт-Тафсир уа әл-муфассирун, 1/173-б.

пікірлерімен түсіндірген. Мысалы: Әбу Бәкір (р.а.) «Кәләлә»³⁸⁹ аяты жайлы сұралған кезде: «Мен бұл тұрғыда өз ойымды айтамын, егер дұрыс болса – Аллаһтан, ал қателескен болсам – өзімнен және шайтаннан», – деп, «кәләлә» мағынасын түсіндірген³⁹⁰.

Сонымен қатар, ол кезеңде Құран Кәрім аяттарын ақыл-ойдың көмегімен кеңірек баяндауға қажеттілік туындамаған болса керек.

Мәсур тәпсірді ғана дұрыс деп санаған топ өкілдерінің дәлелдеріне жауап бере келе, рай тәпсірін рұқсат деген топ, өз көзқарастарын келесі дәлелдермен қуаттайды:

а) **أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْفُرَّانَ أَمْ عَلَى قُلُوبِ أَفْقَالِهَا** «Олар Құранды түсінбей ме? Немесе олардың жүректері құлыптаулы ма?» («Мұхаммед» сүресі, 24), **كِتَابٌ أَنْزَلْنَاهُ إِلَيْكَ مُبَارَكٌ لِيَدَّبَّرُوا آيَاتِهِ وَلِيَتَذَكَّرَ أُولُو الْأَلْبَابِ** «Саған бір мұбарак Кітап түсірдік, аяттарына ой жүгіртіп, ақыл иелері үгіт алуы үшін» («Сад» сүресі, 29).

Осы аяттарда Аллаһ тағала Құран аяттарына ой жүгіртіп, түсінуге, мән-мағыналарын ұғынуға шақырады.

ә) Егер дініміз рай тәпсірін тыятын болса, шарифатта ижтиһад қылу неліктен рұқсат етілген? Пайғамбар (с.а.с.) Құранның барлық аяттарын баяндап кетпеген әрі барлық шарифат үкімдерін де нақты бекітпеген болатын. Сондықтан дініміз діни мәтіндерді түсінуде және олардан үкімдер алуда ижтиһад жасаудан тыймаған.

б) Сахабалар арасында Құран аяттарын түсінуде әртүрлі көзқарастардың орын алғандығы – олардың аяттарды түсінуде ижтиһад жасағандығын білдіреді. Олардың барлығы бірдей, барлық аяттың тәпсірін пайғамбардан естімегені белгілі. Яғни, пайғамбар оларға барлық аяттарды тәпсірлемей, кейбірін өздерінің түсініктері мен ижтиһадтарына қалдырған-ды.

в) Пайғамбар (с.а.с.) Ибн Аббасқа: *«Аллаһым, оны дінде терең түсінікке ие ет, оған тәуилді (Құран тәпсірін) үйрет»*, – деп дұға еткен. Егер Құран тек риуаят жолымен ғана тәпсірленуі

³⁸⁹ Кәләлә – арғында мұрасы да, мұрагері де қалмаған адамға қатысты келген «Ниса» сүресінің, 176-аяты.

³⁹⁰ Док. Мұхаммед Хусейн эз-Зәһәби, Эт-Тафсир уа әл-муфассирун, 1/174-б.

қажет болса, пайғамбардың Ибн Аббасқа терең түсінік пен Құран тәпсірінің білгірі болуын тілеуінің мәнісі болмас еді.

Кейбір ғалымдар екі топтың да әсірелегенін айтқанымен, екі топтың да дұрыс екендігін теріске шығара алмаймыз. Сондықтан, сөзімізді түйіндейтін болсақ, муфассирден талап етілген негізгі ғылым салаларын жетік меңгерген тәпсірші, Құран Кәрім аяттарын риуаят жолымен жеткен деректердің негізінде өз ойы, көзқарасымен тәпсірлеуіне болады. Бірақ, тәпсіршінің пайымы Құран аятының нақты кесімді мағынасын білдіреді деп айта алмаймыз.

Алайда, рай тәпсіріне рұқсат еткен ғұламалар муфассирге бірқатар шарттар қойған. Оның ішінде Имам әс-Суюти тәпсіршінің тіл, грамматика, морфология, «әл-баян», «әл-бадиғ», «қирағат», «усулу әд-дин» мен «усулу әл-фиқһ», «әсбәбу ән-нузул», яғни аяттардың түсу себептері мен қиссалар мазмұнын және үкімі бар аяттарды білуі шарт деп білген. Сондай-ақ: «Насих пен мансұх, мубһам мен мужмәл аяттарды айқындап, хадис және фиқһ ілімдерін міндетті түрде білуі керек»,– деген ғалымдардың дерегін жеткізген.

4. Муфассирге (тәпсіршіге) қойылатын шарттар

Тәпсір ілімі пайғамбарымыздан бастау алғандықтан, алғашқы тәпсіршілер сахабалардың арасынан жетіліп шықты. Пайғамбар дұғасына бөленген Ибн Аббас секілді Құран тәпсірінің білгір сахабалары, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) мектебінен нәр алған болатын. Алайда, Құран Кәрім тікелей Аллаһтың сөзі болғандықтан, адамзаттың ақыл-парасаты пайымдай алмайтын тұстары бар. Сахабалар кейбір аяттардың мағыналарын түсіне алмаса, пайғамбарымызға жүгіну арқылы түсініп алатын. Кейінгі буын өкілдері сахабалардан жеткен деректерге сүйенген. Осылайша, тәпсір ілімі – нақты деректер мен ғылыми негіздерден бастау алатын ілім саналғандықтан, кез келген адамға аяттардың мағынасына қатысты дәйексіз, өз ойымен сөйлеуге рұқсат етілмеген. Ал, ғалымдар өз ойы мен көзқарасына иек артқан тәпсіршілерге, келесі ғылым салаларын білуді шарт деп санаған:

Бірінші: Араб тілі. Тәпсірші араб тілін жетік білуі керек. Мужаһид: «Аллаһқа және ақирет күніне иман келтірген адам, егер араб тілін білмесе, оған Аллаһтың кітабына қатысты сөз айтуға тыйым салынады»,– деген. Әрине, тіл білмеген адамның араб тілінде түскен кітапты түсіндіре алмасы хақ.

Екінші: Наху ілімі (грамматика). Яғни, араб тілінің грамматикалық заңдылықтарын меңгерген болуы.

Үшінші: Сарф ілімі (араб тілі морфологиясы). Сөздердің құрылымдарын біліп, қалыбын анықтау – дұрыс мағынаға қол жеткізуге жетелейтіні сөзсіз. Имам әз-Замахшари: «Тәпсірдегі ауытқаулардың бірі: *نَدْعُوا كُلَّ أُنثَىٰ بِإِسْمِهَا* аятындағы «*إِمام*» сөзі – «*أم*» сөзінің көпше түрі деп білу. Бұл – морфологиялық сауатсыздықтан туындаған үлкен қателік. Өйткені «*أم*» сөзінің көпше түрі «*أمهات*»,– деген³⁹¹.

Төртінші: Этимология. Мағыналары әртүрлі түбірден туындаған бір сөздің, шығу төркінін анықтау арқылы, негізгі мағынасын түсіну.

Бесінші, алтыншы, жетінші: Бәләға ілімдері. Олар: Мағани ілімі (риторика), Баян ілімі (стилистика), Бадиғ ілімі (поэтика). Яғни, араб тілінің шешендік өнері мен әдеби көркемдігін білу. Сонда тәпсірші Жаратушының Сөзі мен жаратылғандардың сөзі арасындағы парықты қажетті деңгейде ажырата біледі. Риторика арқылы сөздердің құрылымдарынан туындаған мағыналардың ерекшеліктері ұғынылса, стилистика арқылы семантикалық айқындық пен астарлылық, поэтикамен сөз көркемдігі білінеді.

Тәпсіршіге Құранның тілдік тұрғыдағы мұғжизалығын баяндап, аяттардың нәзік тұстарын түсіну үшін осы ілімдерді білу өте маңызды.

Сегізінші: Қырағат ілімі. Қырағаттарды білу, олардың аражігін ажырату – Құран аяттарының оқылуы жолдары мен мағыналарын дұрыс түсінуге септігін тигізеді.

Тоғызыншы: Дін негіздері. Яғни «ақида ілімі» деп танылған ислам дінінің сенімге қатысты негіздерін білу. Сол арқылы

³⁹¹ Әз-Замахшари, әл-Кашшаф, «Исра» сүресінің тәпсірі, 3/536-б.

тәпсірші Құран Кәрімдегі сенімге қатысты, оның ішінде Аллаһ тағаланың сипаттарына қатысты аяттарды дұрыс түсіне алады.

Оныншы Фикһ негіздері ілімі (Усул әл-фикһ). Құран Кәрім шариғат заңдылықтары мен нормаларын қамтығандықтан, тәпсір ғалымы үкім аяттарын дұрыс түсіну үшін ислам дінінің құқықтық қайнар көздері мен шариғи нормалардың алыну тәсілдерін білуі тиіс.

Он бірінші: Құран Кәрім аяттарының түсу себептері мен Құран қиссаларын білу. Аяттың түсуіне себеп болған оқиғаны білмей, аят тәпсірін түсіну мүмкін болмайды. Сондықтан, тәпсіршіге аяттардың түсу себепін білу аса маңызды. Сол секілді Құран Кәрімде қысқа-нұсқа келген қиссаларды білу де аяттарды толық түсінуге септігін тигізеді.

Он екінші: Насих және мансух аяттарды білу. Үкімі жойылған аят (мансух) пен сол үкімнің жойылуына себеп болған, яғни өзінен ілгеріде түсірілген аяттың үкімін жоюшы аяттарды (насих) жақсы білуі. Сонымен бірге мансух аяттардың үкімінің жойылу себептерін нақты дәлелдерге сүйене отырып, түсіндіре алуы қажет.

Он үшінші: Фикһ ілімі.

Он төртінші: Құран тәпсіріне қатысты келген хадистерді білу. Яғни тәпсіршінің мағыналары көмескі немесе қысқа-нұсқа, яки жалпылама келген аяттарды баяндап келген хадистерді білуі.

Он бесінші: Аллаһтың пендесіне берген сыйы – ерекше түсінікке ие болу. Ерекше қабілет пен түсінік – білгенін іс жүзінде амалға асыра білген адамға берілетін сый. Құран Кәрімнің: **وَاتَّقُوا اللَّهَ وَيَعْلَمَكُمُ اللَّهُ** «Аллаһтан қорқындар, Аллаһ сендерді үйретеді» («Бақара» сүресі, 282),– деген аяты мен пайғамбардың: «Кімдекім білгеніне амал етсе, Аллаһ оған білмеген ілімдерді үйретеді»,– деген хадисіне сай, Аллаһ тағала Өзі қалаған тақуа пенделеріне ерекше түсіну қабілетін дарытады³⁹².

Әз-Заркаши «Бурһан фи улуми әл-Құран» атты кітабында: «Жүрегінде ауытқу не тәкәппарлық, дүниеқұмарлық пен нәпсіге еру секілді жағымсыз сипаттары бар және күнәға жиі бой алды-

³⁹² Әс-Суюти, Әл-Итқан, 772-б.

ратын, иманы әлсіз, білімі таяз тәпсіршінің сөздеріне жүгінген адам, уахи мағыналары мен сырларын түсіне алмайды. Бұл кемшіліктердің барлығы өз кезегінде Құран Кәрімді түсінуге кедергі болатындығы белгілі», – деген.

Міне, осы аталған он бес ілім салаларын рай тәпсірінің шарттары ретінде, имам әс-Суюти кітабында ғалымдардан жеткізген. Бұл ілімдер – Құран Кәрімді дұрыс түсінудегі негізгі құралдар. Алайда, оларды нақты он бес ілім ғана деп шектей алмаймыз. Өйткені, кейбір ғалымдар аталған ілімдердің кейбірін кіріктіріп, аз ілім салаларын көрсетсе, кейбірі Құран Кәрімде бұрын өткен қауымдардың жағдайлары қамтылғандықтан, тәпсіршінің тарих ілімін де білуі қажет деп таныған. Сондай-ақ, Меккелік, Мәдиналық аяттар секілді, кейбір Құран ілімдерінің тақырыптарын, Ислам тарихы мен муфассирлердің дәрежелерін білуі секілді қосымша ілімдердің де тәпсіршіге мақсатына жетуде септігін тигізеді.

5. Муфассирдің әдеби

Муфассирдің бірінші кезекте діни сенімі мен көзқарасы «әһлу әс-сунна уә әл-жамаға» сеніміне сай және сүннетке берік, дінге қайшы келетін істерден ұзақ болуы қажет. Сүйенетін мәліметтері пайғамбарымыздан (с.а.с.), болмаса сахабалардан немесе олардың ғасырында өмір сүрген тұлғалардан бастау алуы керек.

Құран оқитын адамға қойылатын шарттардың бәрін муфассирдің әдебінен санауға болады.

Сонымен қатар, тәпсірші мына аталғандардан:

– Құран Кәрім аяттарының Аллаһ тағалаға ғана мәлім тұстарында көп сөз қозғаудан;

– Кейбір мағынасы екі ұшты аяттарды бұрмалаудан;

– Дәлелсіз өз ойын аяттың нақты мағынасы деп білуден;

– Шектен шыққан діни, саяси, философиялық бағыттардың мүдделерін көздеуден.

– Құран мәтініне қатысы жоқ, басқа бір мағынаны Құран мәтінінің мағынасы ретінде ұсыну немесе әдейі, саналы түрде

Құран мәтініне тән мағынаны ескерусіз қалдырудан **бойын аулақ ұстауы керек**.

Ғалымдар қойған шарттарына қарай, рай тәпсірлерін: **мақұлданған** және **мақұлданбаған** рай тәпсірлері деп бөліп қарастырған.

➤ **Танымал мақұлданған рай тәпсірлері:**

<i>Кітап</i>	<i>Автор</i>	<i>Қосымша мәлімет</i>
Мафатиху әл-ғайыб مَفَاتِيحُ الْعَيْبِ	Фахруддин әр-Рази , Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Омар әт-Табаристани فَحْرُ الدِّينِ الرَّازِي، أَبُو عَبْدِ اللَّهِ مُحَمَّدِ بْنِ عَمْرِو الطَّبْرِسْتَانِي	<i>Автор:</i> Фахру әр-Рази 543/1148 жылы Рей қаласында дүниеге келген. Ол – «Фахруддин әр-Рази» деген атпен танымал, шафиғи мәзһабының тәпсірші әрі энциклопедист ғалымы. Ол «Әл-Махсул» усул әл-фикһ, «Әл-Маталибу әл-Алия» кәләм саласында және логика, лингвистика, физика, математика, медицина секілді көптеген салаларда жазылған еңбектердің авторы. Ол хижраның 606 жылы Гератта дүние салған. еге келіп, 516/1122 жылы қайтыс болған. <i>Кітап:</i> - «Мафатиху әл-ғайыб» тәпсірі – сегіз том көлеміндегі ауқымды еңбек. - Көптеген ғылым салалары қамтылған. Сонымен қатар, философтардың сөздері сынға алынып, оларға тұшымды жауаптар берілген. - Ибн Хажар әл-Әсқалани, Хажи Халифа секілді ғалымдардың ай туы бойынша, Фахри әр-Рази бұл еңбегін толық аяқтамаған. Оны Шиһабуддин ибн Халил әл-Хауи әд-Димашқи

		<p>(639 1242 ж.д.с.) мен мысырлық ғалым Нәжмуддин әл-Махзуми әл-Қумули (727/1327 ж.д.с.) толықтырып тәмәмдаған. Алайда, кітапты бастан-аяқ оқыған адам, бұл өзгешелікті байқай алмайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тәпсірде сүрелер мен аяттар арасындағы өзара сабақтастық көрсетілген. - Жаратылыстану, математика, астрономия секілді уақытында жаңа көрініс тапқан ғылым салаларына қатысты мәліметтерге көбірек жүгінген. - Философиялық ойларды негізге алып, философиялық көзқарастарды көп сынға алған.
<p>Әнуару әт-танзил уа Әсрару әт-тәуил أنوارُ التَّنْزِيلِ و أسرارُ التَّأْوِيلِ</p>	<p>Абдуллаһ ибн Омар әл-Байдауи әш-Ширази әш-Шафиғи عبد الله بن عمر البَيْضَاوِي الشِّيرَازِي الشَّافِعِي</p>	<p><i>Автор:</i> Имам әл-Байдауи – шафиғи мәзһабының фикһ және фикһ негіздері, хадис, тәпсір саласында танылған көрнекті ғалымы. Бірқатар құнды еңбектердің авторы. Шираз (қазіргі Иранның оңтүстігіндегі қала) жерінде бас қазылық қызметін атқарған. Ол хижраның VII ғасырының басында, Ширазға жақын Байда қаласында дүниеге келіп, 685/1292, кейбір деректер бойынша 691/1292 жылы Тибриз қаласында дүние салған.</p> <p><i>Kiman:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Автор бұл еңбегінде араб тілінің заңдылықтары мен «әһлу әс-сунна» негіздеріне сай тәпсір мен тәуилді жинақтаған.

		<ul style="list-style-type: none"> - Өл-Байдауи Имам эз-Замахшаридің «әл-Кашшаф» атты тәпсірін муғтазилік көзқарастардан арылта отырып, ықшамдаған. - Фахруддин әр-Рази мен әр-Рағиб әл-Исфәһанидің тәпсірлеріне де жүгіне отырып, сахаба, табиғиндерден жеткен риуаяттармен қуаттаған. - Мутауатир деректермен қатар, шәз риуаяттарға да иек артқан. - Тәпсір кітаптары ішіндегі ерекше маңызға ие, құнды еңбек. Кейін келген тәпсір ғалымдарының негізгі қайнар көзіне айналып, қырықтан астам (хауаши) сілтеме кітаптар жазылған.
<p>Мадарикү әт-танзил уа хақайқу әт-тәуил</p> <p>مَدَارِكُ التَّنْزِيلِ وَحَقَائِقُ التَّأْوِيلِ</p>	<p>Әбу әл-Барақат ән-Насафи أبو البركات، عبدالله بن أحمد بن محمود النَّسْفِي</p>	<p><i>Автор:</i> Ән-Насафи – ханафи мәзһабының фикһ және фикһ негіздері, хадис, тәпсір салалары бойынша, заманының біртуар ғалымы. Хафизуддин деген лақаб атымен танылған. Ол 620 1223 жылдар шамасында, қазіргі Өзбекстанның оңтүстігіндегі Насаф қалашығында дүниеге келіп, 710 1310 жылы қайтыс болған.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Ән-Насафидің «Мадарикү әт-танзил уа хақайқу әт-тәуил» тәпсірін, имам әл-Байдауи мен эз-Замахшаридің тәпсірлерінің ықшамдалған нұсқасы десек болады. Бірақ әл-Замахшаридің муғтазилік көзқарастарын алмай, «әһлу әс-сунна» ұстанымына негізделген.

		<ul style="list-style-type: none"> - Грамматикалық, риторикалық мәселелер мен қырағат жолдарына тоқталған. - Үкімі бар аяттардың тәпсірінде Ханафи мәзһабымен қатар, басқа да фикһи мәзһабтардың көзқарастары келтірілген. - Ираилият деректері өте аз. - Төрт том көлемінде жарық көріп, кең таралған.
<p>Әл-Бахру әл-мухит الْبَحْرُ الْمَحِيْطُ</p>	<p>Әбу Хайян әл-Әндалуси, Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Юусуф әл-Әндалуси أبو حيان الأندلسي، أبو عبدالله محمد بن يوسف الأندلسي</p>	<p><i>Автор:</i> Әбу Хайян 654/1256 жылы Әндалусияның (Ортағасырлық Испания) Гренада қаласында дүниеге келген. Ол – қырағат пен араб тілінің көрнекті ғалымы және тәпсір, хадис салаларының білгірі. Кейбір деректерде Әбу Хайяның алғашқыда заһири мазһабында болып, кейін әһлу әс-сунна жолын, шафиғи мәзһабын ұстанғандығы айтылған. Ол 745/1344 жылы Мысырда дүние салған.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - «Әл-Бахру әл-мухит» – Құран аяттарының грамматикалық жақтарына ерекше көңіл бөлген, маңызды әрі ауқымды (сегіз том) тәпсір кітабы. - Құран сөздерінің мағыналарын, аяттардың түсу себептері мен насих және мансұх аяттар баяндалған. - Үкімі бар аяттар мен қырағат ерекшеліктері де назардан тыс қалмаған.

		<p>- Әбу Хайян имам әз-Замахшари мен Ибн Атияның тәпсірлерінен пайдалана отырып олардың кейбір көзқарастарын сынға алған.</p>
<p>Ғарайбу әл-Құран уәрағайыбу әл-Фурқан عَرَائِبُ الْقُرْآنِ وَرَعَائِبُ الْقُرْآنِ</p>	<p>Низамддин, Ибн әл-Хасан ибн Мұхаммед ибн әл-Хусейн ән-Нисабури نِظَامُ الدِّينِ ابن الحسن بن محمد بن الحسين الخراساني النيسابوري</p>	<p><i>Автор:</i> Низамддин ән-Нисабури VIII ғасырдың аяғы мен IX ғасырдың басында Нисабурда өмір сүрген (850/1446 ж.д.с.). «Низаму әл-Ағраж» деген лақап атымен танылған ғалым, заманының тәпсір мен тіл білімінің білгірі болған.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Низамддин ән-Нисабури бұл еңбегінде Фахру әр-Разидің тәпсірін ықшамдай отырып, басқа да «Әл-Кашшаф» секілді бірқатар тәпсірлерге жүгінген. - Әз-Замахшари мен Фахри әр-Разидің қарама-қайшы көзқарастарын келтіре отырып, сол мәселеге қатысты өз ойын білдірген. - Тәпсірде өзіндік әдіс қолданылған. Бірінші Құран аяттары келтіріліп, сосын танымал қырағаттар имамдарымен бірге келтірілген. Кейін аяттардың арасындағы сабақтастықтар баяндалған. Сосын аят мағынасы берілген. - Үкімі бар аяттар фикһи мәзһабтардың көзқарастарымен тәпсірленген. - Теологиялық мәселелер тереңірек баяндалған. Әһлу әс-сунна және басқа да мәзһабтардың көзқарастарымен келтіріліп, әһлу әс-сунна негізге алынып, дәлелдермен қуатталған.

		<p>- Автор кейбір аяттардың тәпсіріне қатысты жорамал мағыналарын айтып, философиялық ойларын білдірген.</p> <p>- Автор сопылық мектеп өкілі болғандықтан, тәпсірде сопылық сарын байқалады. Яғни, кейбір аяттардың «ишари» мағыналары келтірілген.</p>
<p>Тафси- ру әл- Жалалайн تَفْسِيرُ الْجَلَالَيْنِ</p>	<p>Жәләлуд- дин Мұхаммед ибн Ах- мед ибн Мұхаммед ибн Ибраһим әл- Махалли, جلال الدين محمد بن أحمد بن محمد بن إبراهيم المحلي Жәләлуд- дин ибн Әбу Бәкір Абдур- рахман әс-Суюти</p>	<p><i>Автор: «Тафсиру әл-Жалалайн» – екі ұлық имамның еңбегі. Жәләлуддин әл-Махалли (791/1389-864/1459) – заманының білгір ғалымы, әш-Шафиғи мәзһабының өкілі. Ол – фикһ және фикһ негіздері, кәләм, лингвистика, логика секілді бірқатар ғылым салаларының білгірі. Көптеген еңбектердің авторы. Жәләлуддин әс-Суюти (849/1445-911/1505) заманының теңдессіз ғалымы. Көптеген ғылым салаларын жетік меңгеріп, хадис ілімдерін терең зерттеп, хафиз дәрежесін алған. Әш-Шафиғи мәзһабының өкілі.</i></p> <p><i>Кітап:</i></p> <p>- Бұл еңбекті алғаш Жәләлуддин әл-Махалли «Кәһф» сүресінен бастап, «Нас» сүресінің тәпсірімен аяқтаған, сосын «Фатиха» сүресінен бастап, оны аяқтаған соң дүниеден өткен. Одан кейін келген Жәләлуддин әс-Суюти «Бақара» сүресінен бастап, «Исра» сүресінің соңына дейін тәпсірлеп осы еңбекті аяқтаған*.</p>

* Док. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби, Әт-Тәфсир уә әл-муфассирун, 1/219-220-б..

<p>جلال الدين بن أبي بكر عبد الرحمن السيوطي</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Имам әс-Суюти имам әл-Махаллидің әдісімен тәпсірлеген. - Дұрысырақ деректерге жүгінілген. - Қажетті жерлерде грамматикалық талдаулар жасалған. - Мәшһүр қырағаттар келтірілген. - Кейбір аяттардың нәзік тұстары қысқа-нұсқа келген. - Екі тәпсіршінің кейбір жерлердегі айырмашылықтарын айтпағанда, бастан-аяқ оқыған адам, екі тәпсіршіден қарама-қайшылықтарды байқай алмайды. - Қысқа-нұсқа тәпсірленген. - Кейін келген ғалымдар тарапынан көптеген түсіндірмелер мен қосымшалар жазылып, кең таралған
<p>Руху әл-мағани фи тафсири әл-Құрани әл-азим уә әс-сабғи әл-мәсәни</p> <p>روح المعاني في تفسير القرآن العظيم و السبع المثاني</p>	<p>Әбу әл-Сәнә, Шиһабуддин әс-Сейд Махмуд Әфанди Әл-Алуси</p> <p>أبو الثناء، شهاب الدين السيد محمود أفندي الألويسي</p> <p><i>Автор:</i> Имам әл-Алуси 1217/1803 жылы Бағдатта дүниеге келіп, 1270/1854 жылы дүние салған. Ол хадис, тәпсір және де басқа ғылым салаларын меңгеріп, Ирак өңірінде ғұламалардың ұстазы саналған. Ханафи мәзһабы бойынша пәтуа беру ісімен де шұғылданған.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Бұрынғы және кейінгі келген ғалымдардың сөздерін келтірген. - Ибн Атия, Әбу Хайян, әз-Замахшари, әл-Байдауи, Фахри әр-Рази секілді тәпсір ғалымдарының кітаптарынан көп пайдаланған. - Әртүрлі деректер сын елегінен өткізіліп, мұқият зерделеніп алынған. - Өзінің көзқарастарын білдірген.

		<ul style="list-style-type: none"> - Үкім аяттарындағы фикһ мәселелерінде Әбу Ханифа мәзһабының көзқарастарын дұрыс деп тауып, дәлелдеген. - Тәпсір барысында тура жолдан ауытқыған топтарды теріске шығарып, сынға алған. - Кейбір аяттарға ғылыми тұрғыда да түсіндірмелер берілген. - Исраилият деректерді қатты сынға алған. - Қырағаттарға, аяттардың түсу себептеріне және сүре мен сүре, аят пен аят араларындағы сабақтастыққа тоқталған. - Дәлел ретінде араб өлең жолдары пайдаланылған. - Кейбір аяттардың негізгі мағыналары баяндалғаннан кейін, ишари мағыналары берілген. <p>Қорыта айтқанда, имам әл-Алусидің тәпсірін көптеген еңбектерден жинақталған «тәпсір энциклопедиясы» деп айтуға болады.</p>
--	--	---

➤ **Кейбір мақұлданбаған рай тәпсірлері:**

1. Муғтазила ғалымдарының тәпсірлері

Кітап	Автор	Қосымша мәлімет
Танзиһу әл-Құран анил-матағин	әл-Қадый Абдул-жаббар, Әбу әл-Хасан	<i>Автор:</i> Әл-Қадый Абдулжаббар (359/969-415/1025). Бас қазы деп танылған муғтазила мәзһабының белді өкілі, мәзһаб басшылығына ие муғтазила ғалымы.

تَنْزِيهِ الْقُرْآنِ عَنِ الْمَطَاعِنِ	Абдул-жаббар ибн Ахмед ибн Абдулжаббар әлҒамадани الْقَاضِي عَبْدُ الْجَبَّارِ أَبُو الْحَسَنِ عَبْدِ الْجَبَّارِ بْنِ أَحْمَدَ بْنَ عَبْدِ الْجَبَّارِ الْهَمْدَانِي	<p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Мухкам муташабиһ аяттардың аражігін ажыратқан. - Кейбір топтармен қатар, әһлу әс-сунна ғалымдарының муташабиһ аяттарға қатысты ұстанымын қателікке балаған. - Құран Кәрімді бастан аяқ түсіндірген тәпсір болғанымен барлық аяттарды тәпсірлей бермеген. - Муғтазилілік ұстаным негізінде тәпсірленген.
Әл-Кашшаф الكَشَّافُ	Әбу әл-Қасым Махмуд ибн Омар әз-Замахшари أَبُو الْقَاسِمِ مُحَمَّدُ بْنُ عَبْدِ الرَّحْمَنِ الْخُوَارِزْمِيُّ الرَّمَّحُشَرِيُّ	<p><i>Автор:</i> Имам әз-Замахшари (467/1074–538/1143) – Хорезмнің ең танымал ғалымдарының бірі. Ол – араб тілі мен әдебиеті және риторикасының терең білгірі, тәпсір, хадис саласының муғтазилік ұстанымдағы ғалымы. Өзінің муғтазили көзқарасында екендігін жариялаған.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Құран Кәрімнің риторикалық, тілдік тұрғыда муғжизалығын баяндауда теңдессіз тәпсір. - Құранның риторикалық сырларын керемет баяндаған ең алғашқы тәпсір. - Муғтазилік ұстанымда жазылған. Кейбір аяттарды өз сеніміне сай бұрмалаған.

		<ul style="list-style-type: none"> - Тілдік тұрғыда кейінгі тәпсір кітаптарына қайнар көз болған. - Шариғи үкімі бар аяттарға терең кірмеген.
--	--	---

2. Шииттік *имамия* бағыттағы тәпсір

<i>Кітап</i>	<i>Автор</i>	<i>Қосымша мәлімет</i>
<p>Мирату әл-әнуар уә мишкату әл-әсрар</p> <p>مِرَاةُ الْأَنْوَارِ وَ مِشْكَاةُ الْأَسْرَارِ</p>	<p>Әбу әл-Хасан әл-Амили әл-Исфahanи</p> <p>أبو الحسن العاملي الاصفهانى</p>	<p><i>Автор:</i> Әбу әл-Хасан әл-Амили – шииттік имамия мәзһабының үлкен фикһ ғалымы. 1138/1726 жылы дүниеден өткен. Док. Мұхаммед әз-Зәһәби кітап бірінші баспасында Мулла Абдуллатиф әл-Казираниге телінгендігін, дұрысы әл-Амилидікі екендігін айтқан.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Шииттік имамия мәзһабындағы ең танымал маңызды тәпсір кітабы. - Әһлу әл-бәйт имамдарынан жеткен риуаяттарға негізделген.
<p>Әт-Тибян</p> <p>التَّبْيَانُ</p>	<p>Шейху әт-Тайфа, Әбу Жағфар Мұхаммед ибн әл-Хасан ибн Али әт-Туси</p>	<p><i>Автор:</i> Әт-Туси (385/995-460/1068) – шииттік имамия бағытының танымал фикһ және фикһ негіздері, кәләм, тәпсір, лингвист ғалымы.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Он том көлемінде жарық көрген үлкен тәпсір. - Ақыл-оймен қатар, риуаят жолымен де тәпсірленген. - Әрбір сүредегі аяттардың саны мен санына қатысты көзқарастар келтірілген. - Танымал тәпсіршілердің көзқарастарымен сүрелердің меккелік не

	أبو جعفر محمد بن الحسن بن علي الطوسي	<p>мәдиналық екендігі айқындалған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Құран аяттарын басқа Құран аяттары арқылы тәпсірлеуге тырысқан. - Фикһи мәзһабтардың көзқарастары талқыланған. - Тілдік тұрғыда баяндалып, лингвист ғалымдардың көзқарастары келтірілген. - Қырағаттар, аяттардың түсу себептері баяндалған
Мажмағу әл-баян مجمع البيان	Әбу Али әл-Фадл ибн әл- Хасан әл- Фадл әт- Табариси أبو علي الفضل بن الحسن الطبرسي	<p><i>Автор:</i> Әт-Табариси – тәпсір, фикһ, хадис ғалымы. 835 1432 жылы дүние салған.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Сүрелердің меккелік және мәдиналық екендігі мен аяттар саны және аят, сүрелердің түсу себептері баяндалып, қырағаттарға тоқталған. - Аяттарға грамматикалық талдаулар жасалған. - Аяттар жорамал мағыналар мен киссалар арқылы да түсіндірілген. - Шариғат үкімдерін қамтыған аяттарды ғалымдардың көзқарастарымен түсіндіре отырып, өзінің шииттік ұстанымын алға тартқан. - Негізсіз, ойдан шығарылған хадистер келтірілген. - Шииттік көзқараста тәпсірленген.
Әс-Сафи фи таф- сири әл- Құрани әл-Карим	Мұхаммед ибн Шах Муртаза ибн Шах Махмуд,	<p><i>Автор:</i> Әл-Файдәл-Кашани (1007 1599-1091 1680) – шииттік имамия бағыты ғалымдарының бірі. Кәләм, фикһ, хадис салаларында қалам тартқан.</p>

<p>الصَّافِي فِي تفسير القرآن الكريم</p>	<p>Мулла Хасан, Әл-Файд әл- Кашани محمد بن مرتضى ملا حسن الكاشاني</p>	<p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Шииттік Имамия иснааш-рия бағытының негіздеріне сай тәпсірленген. - Аяттар қысқа-нұсқа түсіндірілген. - Құран қиссалары кеңірек баяндалған - Әһлу әл-бәйт имамдарының сөздеріне негізделген. - Шииттік көзқарастарды дұрысқа шығару мақсатында аяттар бұрмаланған. - Сахабалар хақында қате түсініктер орын алған. - Негізсіз деректерге жүгінілген.
<p>Тафсиру әл-Құран تفسير القرآن</p>	<p>Сейд Абдуллаһ ибн Мұхаммед Рида әл- Алауи السيد عبد الله بن محمد رضا العلوي</p>	<p><i>Автор:</i> Сейд Абдуллаһ әл-Алауи (1188 1774-1242 1827) – шииттік има-мия бағытының фикһ, хадис, тәпсір секілді бірқатар ғылым салаларының ғалымы. Бірнеше еңбектердің авторы.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Шиттік көзқарасқа негізделген. - Деректердің басым бөлігі әһлу әл-бәйт имамдарынан жеткізілген. - Құран аяттарының нәзік мағына-ларын баяндаған. - Кейбір аяттардың тәпсірлерінде кәләм мәселелеріне кіріп, арасында муғтазилілік көзқарасты ұстанған. - Әһлу әс-сунна ұстанымына сай түсіндірмелер де орын алған. - Кейбір жерлерде тілдік, грамматикалық мәселелерге кірген.

3. Шииттік зәйдия бағыттағы тәпсірлер:

<i>Кітап</i>	<i>Автор</i>	<i>Қосымша мәлімет</i>
<p>Фатху әл-қадир</p> <p>فَتْحُ الْقَدِيرِ</p>	<p>Мұхаммед ибн Али Абдуллаһ әш-Шәукани</p> <p>محمد بن علي عبد الله الشُّوكاني</p>	<p><i>Автор:</i> Әш-Шаукани (1173/1760-1250/1835). Шииттік Зәйдия бағытының фикһ ғалымы. Сонымен қатар, хадис, тәпсір саласында құнды еңбектерімен танылған.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Бес том көлемінде жарық көрген тәпсір. - Ақыл-оймен қатар, риуаят жолына да жүгінілген. - Бұрынғы тәпсір кітаптарынан пайдаланылған. - Аяттар арасындағы сабақтастық баяндалған. - Құқықтық мәселелерде фикһ ғалымдарының көзқарастары және жеке ижтиһадтары орын алған. - Тілдік мәселелер лингвист ғалымдардың көзқарастарымен талданған. - Шииттік түсініктер мен әлсіз және жалған деректерге жүгінілген.
<p>Әт-Тәйсиру фи әт-тафсир</p> <p>التيسير في التفسير</p>	<p>Әл-Хасан ибн Мұхаммед ән-Нахуи әз-Зәйди әс-Санғани</p> <p>الحسن بن محمد النحوي الزيدي الصنعاني</p>	<p><i>Автор:</i> Зәйдия бағытының танымал муфтиі, фикһ және хадис салаларының ғалымы. 791/1389 жылы қайтыс болған.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Шииттік зәйдия бағытының түсініктеріне сай жазылған рай тәпсірі.

6. Сопылық ишари тәпсірлер

Исламдағы сопылық бағытының ақиқаты, хақ діннің қайнарларынан бастау алатындығы белгілі. Шынайы сопылық әрдайым Жаратушыны жадыдан жырақтатпай, жан-тәнімен Оған берілумен болады. Тарихта сопылық бағыт өкілдерінің қолымен жазылған бірнеше тәпсір кітаптары жарық көрген. Қазіргі таңдағы кейбір шынайы сопылықтың парқына жетпеген адамдардың түсінігінде, жағымсыз көрініс тауып отырған сопылық бағыттың тәпсірі қаншалықты дұрыс екендігі жайлы сұрақ туындауы заңды. Сопылық бағытты ұстанушы ғалым тәпсіршілер Құран аяттарын баяндауда риуаят жолдарына жүгінумен қатар, аяттардың астарлы, ишари мағыналарына көп үңілген. Тәпсір тарихында бұндай тәпсірлер «ишари тәпсір» деп танылды. Ишари тәпсір дегеніміз – терең түсінікке ие тұлғаларға анықталатын, Құран Кәрім аяттарының астыртын, жорамал мағынасының баяндалуы.

Құран Кәрім аяттарының ишари мағыналарын, Құран Кәрімнің өзі білдіргені секілді, пайғамбар мен сахабалар да айтқан болатын.

Құран Кәрімнің: **فَمَالِ هَؤُلَاءِ الْقَوْمِ لَا يَكَادُونَ يَفْقَهُونَ حَدِيثًا** «Сөзді түсінуге жанаспайтын сол елге не болды?» («Ниса» сүресі, 78), **أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْقُرْآنَ وَلَوْ كَانَ مِنْ عِنْدِ غَيْرِ اللَّهِ لَوَجَدُوا فِيهِ اخْتِلَافًا كَثِيرًا** «Ал, сонда олар Құранды түсінбей ме? Егер Аллаһтан басқаның қасынан болса еді, әрине онда олар көптеген қайшылықтар табар еді» («Ниса» сүресі, 82), **أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْقُرْآنَ أَمْ عَلَى قُلُوبٍ أَقْفَالُهَا** «Әйтпесе олар, Құранды түсінбей ме? Немесе олардың жүректері құлыптаулы ма?» («Мұхаммед» сүресі, 24), – деген аяттары Құран Кәрім аяттарының сыртқы мағыналарымен қатар, астарлы мағыналарының бар екендігін ұғындырады.

Өйткені Құран араб тілінде түскендіктен, арабтардың оны түсінуге шамасы жететін. Алайда, жоғарыдағы аяттарда, араб тілді қауымдардың да түсіне алмайтындығы айтылған. Әрине аяттардың сыртқы, тілдік мағыналарын ұғыну оларға қиындық тудыра қоймағанымен, олар аяттардың астарлы мәнін түсіне бермейтіндігі белгілі.

Ибн Масғудтан (р.а.) жеткен хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.):

«...أُنزِلَ الْقُرْآنُ عَلَى سَبْعَةِ أَحْرَفٍ لِكُلِّ آيَةٍ مِنْهَا ظَهْرٌ وَبَطْنٌ...» «Құран жеті қаріпте түсті, әрбір аяттың сыртқы және астарлы мағыналары бар...»³⁹³,– деген.

Осы секілді басқа хадистерден де Құран аяттарының сыртқы және астарлы мағыналарының бар екендігін аңғаруға болады. Бірақ ғалымдардың «Құранның сыртқы және астарлы мағыналары дегенміз не?» деген сұраққа қатысты көзқарастары бар.

Құран Кәрімде бұрынғы қауымдардың қиссалары мен олардың ақыры жайлы келген аяттардың астарлы мағынасы, басқа халықтарға сол қауымдардың істегендерінен сақтандырып ескертуді білдіреді.

Ибн Нақиб: «Құран аяттарының сыртқы мағынасы – білім иелерінің аяттан түсінген негізгі мағынасы болса, астарлы мағынасы – аяттың, Аллаһ тағаланың кейбір ақиқат жолындағы пенделеріне білдірген сырлары»,– деген.

Сахабалардың аяттардың астарлы мағыналарын білгендігін көрсететін деректер жетерлік. Мысалы, имам әл-Бұхаридің «сахих хадистер» жинағында келген деректе, Ибн Аббас (р.а.): «Омар (р.а.) мені Бәдірге қатысқан үлкен сахабалармен бірге шақырды. Тіпті кейбірі өздерінің балаларымен жасты болған ибн Аббасты не үшін кіргізгендігі жайлы ойлаған болса керек. Омар (р.а.) оларға: «Бұл өздерің білетін Ибн Аббас»,– дейді. Тағы бірде мені оларға көрсету үшін олармен бірге шақырып, бізге Аллаһ тағаланың: «إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ», «**Аллаһтың жәрдемі және жеңіс келген кезде**» аятына не айтасыздар?» – деді. Кейбірі: «Егер жеңіске қол жеткізсек, Аллаһқа мадақ айтып, Одан жарылқау тілеуге бұйырылды»,– десе, кейбірі ойларын білдірмей, үнсіз қалды. Сосын маған: «Йә, Ибн Аббас, сен де солай дейсің бе?» – деді. Мен: «Жок»,– деп жауап бердім. Ол: «Не айтасың?» – деді. Мен: «Бұл жерде Аллаһ тағала Өзінің елшісіне дүние салатындығын білдірген»,– дедім. Омар (р.а.): «Мен де

³⁹³ Ибн Хиббан, Әс-Сахих, 1/276; Әт-Табарани, Муғжам, 10/105.

сенің айтқаныңнан басқа нәрсе білмеймін»,–деді»³⁹⁴ Бұл хади-стен кейбір сахабалардың, Құран аятының сыртқы мағынасын ғана түсінгенін, Ибн Аббас пен Омардың (р.а.) аяттың астарлы мағынасын ұғынғанын көреміз.

Сол секілді: *الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ وَأَتْمَمْتُ عَلَيْكُمْ نِعْمَتِي وَرَضِيْتُ لَكُمُ الْإِسْلَامَ دِينًا* «**Бүгін діндерінді толықтастырдым және нығметімді тәмамдадым. Сондай-ақ, сендерге ислам дінін қоштап ұнаттым**» аяты түскен уақытта, сахабалар қуанып жатқан кезде, Омардың (р.а.) аяттың астарлы, ишари мағынасынан пайғамбардың көз жұматындығын түсініп, жылағандығы жайлы келген дерек те сөзімізді қуаттайды.

Осындай деректерден Құран Кәрімнің араб тілін білген әрбір адамның түсіне алатын сыртқы мағынасы болғаны секілді, ерекше түсінік пен қабілетке ие адамдар ғана ұғына алатын астарлы мағыналары бар екендігін білдік.

Көпшілік тәпсіршілер аяттардың ішкі мәні мен ишари мағыналарына тоқтала бермеген. Мән берген тәпсіршілердің кейбірі дұрыс мағына берсе, кейбірі қателікке ұрынған. Батыни-лер секілді сенім мәселелерінде адасқан кейбір топтар, аяттардың сыртқы мағыналарын тастап, тек астарлы мағыналарына ғана жүгініп, шектен шыққан.

Сопылық бағыттағы тәпсіршілер аяттардың сыртқы мағынасымен қатар ишари мағыналарын алған. Дегенмен, олардың еңбектерінен негізгі мағынадан ауытқыған, шарифатқа, тіпті ақылға қайшы келетін түсініктерді көп кездестіруге болады. Сондықтан, ишари тәпсірдің шарифатқа сай болуы үшін мына шарттар болуы керек:

Бірінші: Аяттың сыртқы, негізгі мағынасына қайшы келмеу.

Екінші: Оның дұрыстығын қуаттайтын басқа бір мәтіннің болуы.

Үшінші: Шарифатқа, ақылға қайшы келмеу.

Төртінші: Ишари тәпсірді аяттың негізгі, бірінші кезекте ұғынылатын мағынасы деп түсінбеу.

³⁹⁴ Әл-Бұхари, Әл-Жамиғу әс-Сахих, 4970.

Бесінші: Жорамал, ишари мағына араб тілінің заңдылықтарына қайшы келмеу.

Аталған шарттарға сай келмейтін, сопылық ишари тәпсірге мысал келтіретін болсақ, сол бағыттағы тәпсірлерде: *أَذْهَبَ إِلَىٰ* «Перғауынға бар. Өйткені ол, шектен шыққан» («Таһа» сүресі, 24) және: *يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا قَاتِلُوا الَّذِينَ يَلُونَكُمْ مِنَ الْكُفَّارِ* «Әй, мүміндер! Маңайларындағы кәпірлермен соғысындар» («Тәубе» сүресі, 123) аяттарындағы «перғауын» мен «кәпірлер» – «адамның нәпсісі» деп түсіндірілген. Сол секілді кейбірі: *وَإِنَّ لِلَّهِ لَمَعًا الْمُحْسِنِينَ* «Шын мәнінде, Аллаһ жақсылық жасаушылармен бірге» («Анкабут» сүресі, 69) аятындағы «*لَمَعًا*» сөзін өткен шақтағы етістік ретінде оқып, түсіндірген.

► *Кейбір ишари тәпсірлер:*

<i>Кітап</i>	<i>Автор</i>	<i>Қосымша мәлімет</i>
Тафсиру әл-Құран әл-Азим تفسير القرآن العظيم	Әбу Мұхаммед Сәһл ибн Абдуллаһ ибн Юу-нус әт-Тустари أبو محمد سهل بن عبد الله بن يونس التستري	<i>Автор:</i> Әбу Мұхаммед әт-Тустари (200/816-273/887) – сопылық ілімін меңгерген, ерекше тақуалығымен танылған ғалым. <i>Кітап:</i> - Шағын тәпсір кітабы. - Барлық аят жеке-жеке тәпсірленбеген. - Бұл тәпсір әт-Тустаридің кейбір аяттарға қатысты айтқан сөздері, Әбу Бәкір Мұхаммед ибн Ахмед әл-Бәләди тарапынан жинақталған секілді. - Кейбір аяттардың негізгі мағынасына сай келмейтін, түсініксіз ишари мағыналар берілген. - Қиссалар мен хикаялар орын алған.

<p>Хақайықу эт-тафсир حَقَائِقُ التَّفْسِيرِ</p>	<p>Әбу Абдур- рахман Мұхаммед ибн әл- Хусейн ибн Мұса әс- Салами أبو عبد الرحمن محمد بن الحسين بن موسى السلمي</p>	<p><i>Автор:</i> Әбу Абдуррахман әс-Салами (330/942-412/1022) – Хорасан аймағының сопылық ілімінің ұстазы, хадис ғалымы. Одан кейбір танымал хадистанушылар хадис алған. Жүзге жуық еңбектердің авторы.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Үлкен бір томдық тәпсір. - Барлық Құран аяттарының тәпсірі қамтылмаған. - Аяттардың сыртқы негізгі мағыналары берілмей, ишари мағыналары келтірілген. - Тәпсір Жағфар ибн Мұхаммед әс-Садик, Жунейд, әл-Фудайл ибн Ғияд, Ибн Атауллаһи әс-Сакандари секілді ғалымдардың деректерін жинақтап ретке келтірген. - Имам әс-Суюти, әл-Хафиз әз-Зәһәби, сынды ғалымдар әс-Сәләмиді бидғатшыл, шектен шығушы деп қатты сынға алған.
<p>Араису әл-Баян фи хақайқи әл-Құран عَرَائِصُ الْبَيَانِ فِي حَقَائِقِ الْقُرْآنِ</p>	<p>Әбу Мұхаммед Рузбаһан ибн Әбу Насыр әш- Ширази أبو محمد الشيرازي</p>	<p><i>Автор:</i> Әш-Ширази 666/1268 жылы дүние салған.</p> <p><i>Кітап:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Екі том көлемінде жарық көрген тәпсір. - Толық сопылық ишари тәпсір. - Сопылығымен танылған тұлғалардың көзқарастары мен деректеріне жүгінілген.

<p>Тафсир Ибн Араби</p> <p>تفسير ابن عربي</p>	<p>Мухиддин Мұхаммед ибн Али ибн Мұхаммед ибн Ара- би әл- Әндалуси</p> <p>محي الدين محمد بن علي بن محمد بن عربي الأندلسي</p>	<p><i>Автор:</i> Мухиддин ибн Араби (558/1164- 638/1240) – үлкен мұсылман философ ойшылы, сопылық ілімінің әйгілі ұстазы. Көптеген ғылым салаларын меңгерген танымал ғалым. 150-ден астам еңбек жазған. Әндалусияда (Испания) дүниеге келген.</p> <p><i>Кіман:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Екі том көлемінде жарық көрген. - Әбу Мұхаммед әш-Ширазидің «Араису әл-Баян» атты тәпсірімен бірге жарық көрген. - Кейбір зерттеушілер бұл тәпсірді Ибн Арабиге тиесілі деп санамай, оны Абдурразақ әл-Кашанидің туындысы деп біледі. Бұл көзқарасты Мұхаммед Абдуһ, Мұхаммед Рашид Рида алға тартқан. Оны док. Мұхаммед әз-Зәһәби қолдаған. - Тәпсірде көбіне «уахдату әл-ужуд» теориясына негізделген теориялық сопылық пен ишари тәпсірлер қамтылған. - Әл-Кашани Батыйни мәзһабының өкілі болғандықтан, тәпсірде батыйнилік сарын басым. Яғни түсініксіз ишари түсіндірмелер орын алған*.
---	---	---

* Док. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби, Эт-Тафсир уә әл-муфассирун, 2/350-354-б.

7. Танымал фикһи тәпсірлер


<i>Кітап</i>	<i>Автор</i>	<i>Қосымша мәлімет</i>
Ахкаму әл-Құран أحكام القرآن	Әбу Бәкір Ахмед ибн Али әр-Рази әл-Жассас әл-Ханафи أبو بكر أحمد بن علي الرازي الجصاص الحنفي	<i>Автор:</i> Әл-Жассас (305/918-370/981) жылдар аралығында Бағдат қаласында өмір сүрген, ханафи мәзһабының атақты ғалымы. Бірнеше еңбектердің авторы. <i>Кітап:</i> - Фикһи тәпсірлердің, әсіресе ханафи мәзһабындағы фикһи тәпсірлердің ең маңыздысы. - Тәпсірде барлық Құран аяттары келтірілгенімен, фикһ үкімдері қамтылған аяттар ғана баяндалған. - Фикһ кітаптарындағы секілді тақырыптарға сай ретке келтірілген. - Фикһ ғалымдарының көзқарастары жан жақты беріліп, бейне бір салыстырмалы фикһ кітабы іспеттес. - Ханафи мәзһабының көзқарасын жақтап, дәлелдеген.
Ахкаму әл-Құран أحكام القرآن	Әбу әл-Хасан Али ибн Мұхаммед ибн Али әт-Табари, Има-дуддин Әл-Киия әл-Һараси әш-Шафиғи	<i>Автор:</i> «Әл-Киия әл-Һараси» (450/1059-504/1111) деген атпен танылған, шафиғи мәзһабының фикһ ғалымы. Табаристанда дүниеге келіп, Бағдатта дәріс берген. <i>Кітап:</i> - Шафиғи мәзһабы бойынша тәпсірленген, осы мәзһабтың танымал тәпсір кітабы. - Фикһи үкімі бар аяттар ғана баяндалған.

	أبو الحسن علي بن محمد بن علي الطبري، عماد الدين كيا الهراسي الشافعي	- Шафиғи мәзһабын жақтап, дәлелдеген.
Әл-Жамиғу лиахками әл-Құран الجامع لأحكام القرآن	Әбу Абдуллаһ, Мұхаммед ибн Ахмед әл-Қуртуби әл-Мәлики أبو عبد الله، محمد بن أحمد القرطبي المالكي	<i>Автор:</i> Имам әл-Қуртуби (671 1273) жылы дүние салған. Ол – мәлики мәзһабының атақты фикһ, тәпсір, хадис ғалымы. Ерекше тақуалығымен де танылған тұлға. <i>Кіман:</i> - Фикһи тәпсірлердің арасындағы ең танымалы әрі пайдалысы. - Фикһ мәселелері дәлелдермен жан-жақты талқыланған. - 6500-ден астам хадистер келтірілген. Өте әлсіз және ираилияттардан жеткен риуаяттар да кездеседі. - Ибн Жарир әт-Табари, Ибн Атия секілді мәсур тәпсірлерден деректер келтіргені секілді, Әл-Жассас пен әл-Киия әл-Һарасиден де пайдаланылған. - Мәзһаб бірбеткейлігіне бой алдырмаған. - Жиырма том көлемінде жарық көрген ауқымды тәпсір кітабы.

Сол секілді, «әс-Сунан» кітабының авторы, хадис ғалымы, имам әл-Бәйһақидың, шафиғи мәзһабының негізінде жазған «Ах-каму әл-Құран», мәлики мәзһабының ғалымы Ибн Арабидің (543

жылы дүние салған) «Ахкаму әл-Құран» атты фикһи тәпсірлерін айтуға болады. Сонымен қатар, тарихта шииттік имаamia, Зәйдия бағытының фикһ ғалымдарының да тәпсірлері жазылған. Мысалы: Имаamia мәзһабының өкілі Микдад әс-Суюридiң «Кәнзу әл-ирфан фи фикһи әл-Құран», Зәйдия мәзһабының фикһ ғалымы – Юусуф әс-Сулайдiң «әс-Сәмәрату әл-яниға уә әл-ахкаму әл-уадиха әл-қатиға» атты тәпсірлерін келтіруге болады.

☑ *Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:*

- ✓ *Қандай тәпсір түрлерін білесіз?*
 - ✓ *Риуаят тәпсірі (Әт-Тафсиру әл-мәсур) дегеніміз не? Қандай мәсур тәпсірлерді білесіз?*
 - ✓ *Рай тәпсіріне анықтама беріңіз және оның тәпсірдің басқа түрлерінен ерекшелегі қандай?*
 - ✓ *Құран Кәрімді раймен тәпсірлеуге қатысты ғалымдардың көзқарасын баянда.*
 - ✓ *Муфассирге қойылатын талап-шарттар қандай? Тәпсіршінің әдеби туралы не білесіз?*
 - ✓ *Мақұлданған және мақұлданбаған рай тәпсірлері деп бөлінуінің себебі неде? Танымал мақұлданған рай тәпсірлерін атап беріңіз.*
 - ✓ *Қандай мақұлданбаған рай тәпсірлері бар?*
 - ✓ *Мұғтазила ғалымдарының тәпсірлерінің ерекшелігі қандай?*
 - ✓ *Шииттік бағыттағы қандай тәпсірлерді білесіз? Олардың тәпсірдегі ұстанымдарын баянда.*
 - ✓ *Сопылық ишари тәпсір дегеніміз не? Ол тәпсірдің қай түріне жатады?*
 - ✓ *Қандай танымал фикһи тәпсірлер бар?*
-  *«Құран Кәрімді тәпсірлеудің Құран ілімдерінде алатын орны» атты тақырыпқа баяндама жазыңыз*

Терминдер түсінігі

А

Азиз – ардақты.

Аллаһ елшісі – Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) қатысты айтылатын құрметті атау. Яғни Аллаһтың адамзатты тура жолға шақыру үшін жіберген елшісі. Жалпы Аллаһ елші етіп жіберген пайғамбарлар көп. Бірақ мұсылмандардың еңбектерінде «Аллаһ елшісі» деген атау көп жағдайда Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) қатысты қолданылады.

Аллаһтың кітабы – Құранның атауы. Ислами еңбектерде «Аллаһтың кітабы» деген тіркес Құран Кәрім кітабына қатысты қолданылады.

Али – жоғары, ұлық.

Аамм (ғаамм, умум) – жалпы. Жалпылама келген мәтіндер.

Ахад – жалғыздың риуаяты немесе мутауатир дәрежесіне жетпеген хадис. Бұл хадис тізбегіндегі жеткізушілердің санына қарай: машһур (танымал), азиз (сирек, күшті), ғариб (танымал емес) деп үшке бөлінеді.

Ә

Әһлу сунна уәл-жамаға – Құран мен Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сүннетін басшылыққа алған мұсылман жамағаты.

Әһлу әл-китаб – кітап иелері. Яһудилер мен христиандардың Құрандағы атауы.

Б

Бәдір – Мәдина қаласының оңтүстік-батысында 150 шақырым қашықтықта орналасқан жердің аты. Ол жерде хижраның екінші жылы мұсылмандар мен меккелік мүшріктер арасындағы алғашқы үлкен қақтығыс болған. Сол соғыс – «Бәдір соғысы» деп аталды.

Бәйт – үй, баспана. Діни кітаптарда қағба атауы.

Әл-Бәйту әл-Изза – «әл-Бәйту»: үй, мекен; «әл-Изза»: ұлық, абыройлы. Дүние аспанындағы, жеті қат көктің әрбірінің Кағба тұсындағы арнайы мекен.

Әл-Бәйту әл-Мағмур – жетінші қат көктегі періштелер тауап жасап, құлдық ұратын орын.

Бәйт әл-Мақдис – мұсылмандар үшін қасиетті үш мешіттің үшіншісі. Ол – Құдыс қаласындағы әл-Ақса мешіті.

Бәну Исраил – Исраил ұрпақтары, яһудилер.

Бидғат – дінде негізі жоқ жаңа құлшылық пен діни жоралғы. Яғни Құран мен сүннетте негізі жоқ, шарифат амалы деп енгізілген жаңалық.

Г

Галлюцинация – елес.

Ғ

Ғайып – көмескі, жасырын, көзбен көру мүмкін емес жаратылыстар. Шарифатта Аллаһ тағалаға ғана аян және Өзі қалаған құлына ол туралы білдіретін, басқалардан жасырын, көмескі жаратылыстар «ғайып» деп аталады.

Д

Дәжжал – қияметтің алдында пайда болатын, адамдарды тура жолдан тайдырып, өзін құдаймын деп жариялайтын жалғаншы. Оны «Мәсіх Дәжжал» деп те атайды. Оның пайда болуы қияметтің үлкен белгілерінен келеді.

Дүние аспаны – жеті қат аспанның жер бетін көмкеріп тұрған ең төменгі қабаты.

Е

Елші (расул) – жаңа шарифат уахи етіліп, соны халыққа жеткізу міндеті тапсырылған Аллаһтың таңдаулы құлы, пайғамбар.

Ж

ж.д.с. – жылы дүние салды.

Әл-Жамиғ әс-Сахих – сахих хадистер жинағы.

Жамиғ (жауамиғ) – жинаушы, жинақ. Бұл Ислам дінінің ақида, фикһ, сира сияқты барлық салаларын қамтыған хадис жинағы. Мысалы: Имам әл-Бұхаридің «әл-Жамиғ әс-сахих» кітабы.

Жаннат – Аллаһтың мұсылман құлдарына ақиретте дайындаған құтты әрі мәңгілік мекені.

Жәһилия (жәһилдік) – қараңғылық, надандық. Жәһилия заманы – Ислам діні келгенге дейінгі кезең.

Жәбірейіл – пайғамбарларға Аллаһтан уахи жеткізуші ең ұлы періште. Оның «Рух» және «Әр-Рух әл-әмин» деген де аты бар.

З

Зинар – талақ берудің бір түрі. Арабтарда әйеліне, өзі өмір бойы үйленуіне болмайтын анасы, қызы, әпкесі секілді әйелдің бір мүшесіне теңеу талақпен бірдей болған.

Зикр – еске түсіру, еске алу.

И

Ибдәл – ауысу, алмастыру. Аяттағы әріптердің немесе сөздердің ауысып келуі.

Ибн – ұл, бала. Мысалы: Абдуллаһ ибн Омар – Абдуллаһ Омардың ұлы немесе Омарұлы Абдуллаһ.

Идғам – ассимиляция, кірігу.

Ижаз (мужаз) – қысқа-нұсқа.

Ижмағ – бір ғасырда өмір сүрген барлық ғалымдардың бір мәселеге қатысты бір ауыздан келіскен үкімдері. Яғни ижмағ болу үшін бір ғасырда өмір сүрген барлық ғұламалар арасында пікір қайшылығы болмауы қажет. Ижмағ шарифатта Құран мен сүннеттен кейінгі үшінші дәлел ретінде жүреді.

Ижмал – жинақы, қысқа-нұсқа.

Ижтиһад – Тырысу, талпыну, әрекет ету. Көзқарасын білдіруге құқылы мұсылман ғалымының діни мәтіндерде нақты келмеген қандай да бір мәселеге қатысты, шарифат негіздеріне жүгіне отырып ізденуі, шешім шығаруы.

Изхар – анық.

Иләһи – Аллаһ тағала тарапынан келген.

Илһам – аян. Аллаһ тағаланың әулие, тақуа құлдарына беретін аяны.

Имәлә – фатхалы әріпті фатха мен касраның ортасындағы дыбыспен оқу жолы.

Ислам – Аллаһ тағаланың Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түсірген барша адамзатқа соңғы дін ретінде таңдаған діні.

Исра – Аллаһ тағаланың Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с.) пырақпен (бурақ) Меккеден Қудусқа бір түнде алып баруы. Бұл жайлы «Исра» сүресінің 1-аятында және «Нәжм» сүресінің 12-17-аяттарында баян етілген. Бұл оқиға пайғамбарлықтың 11-жылы, яғни хижрадан бір жарым жыл бұрын шамасында болған. «Исра» сөзі араб тілінде түнде жол жүру деген мағынаны береді.

Исраил ұрпақтары, исраилдіктер – «Иср» иврит тілінде «кұл», «ил» сөзі «иләһ» мағыналарын береді. Яғни, «Құдайдың құлы» деген мағынаны білдіреді. Кейбір деректерден «Исраил» сөзінің еврей халқының түп атасы саналған Жақып пайғамбардың лақаб аты екендігінде көруге болады.

Исраилият – «исраил» сөзінің көпше түрі. Яһудилік, христиандық және басқа да мәдениеттерден ислам дініне әсіресе Құран Кәрім тәпсіріне қатысты енген риуаяттар.

Итнаб – кеңірек, егжей-тегжейлі баяндау.

Ифк – жала жабу

К

Кәрім – құрметті, сыйлы, қадірлі. Құран Кәрім – құрметті Құран.

Кәпір – теріске шығарушы, мойындамаушы. Жаратушының жалғыздығын растайтын толып жатқан дәлелдерді теріске шығарып, Аллаһқа сенбеген адам. Немесе Аллаһқа сенбейтін, Оның дініне қарсы шығатын, ақиқатты мойындамайтын имансыз адам.

Кітап иелері – яһудилер мен христиандардың Құрандағы атауы.

Қуния – баласының есіміне немесе басқа нәрселерге байланысты «пәленшенің әкесі», не «пәленшенің анасы» деп айтылатын құрмет мағынасындағы лақап ат. Мысалы: Әбу Абдуллаһ – Абдуллаһтың әкесі; Умму әл-мәсәкин – міскіндердің анасы.

Күпірлік – Аллаһқа сенбеу, күнә жасау. Күпірлік – араб тіліндегі «куфр» деген сөздің баламасы. Ол «имансыздық», «кәпір болу» дегенмен қатар «нәшүкірлік», «жақсылықты білмеу» деген мағыналарды да білдіреді.

Қ

Қағба – Мекке қаласында орналасқан қасиетті мешіт.

Қажылық – ай күнтізбесі бойынша, зул-хижжа айында Аллаһ тағалаға құлшылық ету үшін Меккеге барып, бекітілген амалдарды орындау. Немесе Аллаһ тағала үйіне, белгілі уақытта діннің бір тірегін орындау үшін зиярат ету.

Қасыр – қысқа.

Қисса – Құран Кәрімде және Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистерінде келген бізге дейінгі өмір сүрген үмбеттердің өмірінен сыр шертетін әңгіме.

Қари (қары) – Құранды жатқа білетін адамға берілетін атақ.

Қиран – қажылықты өтеудің бір түрі. Онда алдымен умра жасап, одан кейін ихрам халінен шықпай, ихрам киімін шешпестен қажылық уақытын күтеді. Қажылық уақыты басталғанда алғашқы ихрамымен қажылығын жалғастырады. Яғни қажылыққа умраны қосу арқылы екі ғибадатты бір ихраммен өтеу.

Қиямет – жер бетіндегі тіршілік жойылып, адамдар есеп беру үшін қайта тірілетін мезгіл.

Құбыла – Қағба орналасқан тарап.

Қурра – қари сөзінің көпше түрі. Құранды жатқа білетін адамдар. Ислам тарихында Құран Кәрімді жаттап, келер ұрпаққа жеткізген қырағат ғалымдары.

Құран – «Құран Кәрім – Араб тілінде «Фатиха» сүресімен басталып, «Нәс» сүресімен аяқталатын, жадыларда жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша және жазбаша түрде мутауа-

тир жолмен бір әріпі де өзгеріске ұшырамай жалғасатын, әрі оқылуы ғибадат саналатын, Ұлы жаратушы Аллаһ тағаланың пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.а.с.) түсірген қасиетті сөзі.

Қырағат – «Қырағат» араб тілінде «оқу» деген мағына береді. Діни ғылымдарда бұл термин бірнеше мағынада қолданылады. Мысалы, фикһ ілімінде «қырағат» сөзінің мағынасы намаздың ішінде Құран оқу. Құран ілімдері ғылымында «Құран оқу мәнері» және «әртүрлі араб тілі диалектілерінде Құран оқу тәсілі» деген мағынада қолданылады.

Л

Ләйләту әл-кадр (ләйләтул-кадр) – қадір түні.

Ләуху әл-Махфуз («әл-Ләуху»: тақта; «әл-Махфуз»: сақталған) – Сақтаулы Тақта. Аллаһтың құзырында болмыс атаулының жаратылмай тұрып, өткені мен болашағы сақталған жер.

М

Мәһаб – ұстанатын жол, ағым, мектеп. Белгілі бір ғылыми пікірлер мен көзқарастар негізінде құрылған жол, ағым.

Мақам Ибраһим – Қағбаның қара тас бұрышынан өткеннен кейін, Қағбадан шамамен 10 метрдей жерде диаметрі 1 метрге жақын домалақ күмбез орналасқан. Сол жерді «Мақаму Ибраһим» деп атайды. Ол жерде Қағбаны тұрғызу кезінде Ибраһимнің (а.с.) ізі түскен тас бар. Мүмкіндігі болған адамға Қағбаны тауап еткеннен кейін осы тастың артында екі ракағат намаз оқығаны абзал.

Мансұх – үкімі, күші жойылу. Алғаш келіп, кейін келген мәтінмен күші жойылған үкім.

Маруа – Қағба маңындағы төбенің аты. Қажылық және умра кезінде Сафа төбесі мен Маруа төбесінің арасында жүру «сағи» деп аталады.

- Марфуғ** – көтерілген, жоғарылатылған, тізбегі пайғамбарға жеткен хадис. Яғни, әдеттегі пайғамбардан жеткен қандай да бір хадис.
- Мауғизә** – ашық түсінік, Аллаһтың уағызы.
- Маукуф** – тізбегі сахабадан аяқталған хадис. Яғни, сахабаның сөзі, ісі және құптағандары.
- Масих тарту** – дәрет алған кезде сулы қолмен басты және мәсінің үстінен сипау. Масихті таңғыштың үстінен де тартуға болады.
- Маудуғ** – қойылған. Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) айтпаған сөзді не істі ол (с.а.с.) айтты не істеді деп жалған айтылған сөз.
- Мәдд** – созу.
- Мәсі** – жұқа былғарыдан тігілген, тобықты жауып тұратын қонышты аяқкиім.
- Мәсіх** – ұстау, сипау. Шарифатта дәрет алған кезде ылғалды қолмен басты, мәсіні және таңғыштың сыртынан сипау.
- Әл-Мәсжид әл-Харам** – Мекке қаласында орналасқан Ислам әлеміндегі қасиетті мешіт.
- Мәшһүр** – танымал, атақты. Хадис ілімінде екеуден көп адам риуаят еткен хадис «мәшһүр» деп аталады. Оны кейде «мустафид» деп те атайды.
- Мәжид** – ұлық, даңқты
- Мәсәни** – Қайталанған. Аят саны көп, бірақ жүзге жетпеген сүрелер.
- Мәсур** – нақыл сөз, жеткен естелік.
- Мәсур тәпсір** – риуаят жолымен жеткен тәпсір.
- Миграж** – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) Исра түні көке көтерілуі. Бұл туралы «Исра» және «Нәжм» сүрелерінде айтылған. Бұл оқиға һижрадан бір жарым жыл бұрын Мекке қаласында болған.
- Мииун** – Жүздік. Аят саны жүз шақты, әлде жүзден сәл асатын сүрелер.
- Минбар** (мінбер) – мешітте имам үстіне шығып құтпа оқитын биік орын.

- Муғжиза** – Аллаһ тағала тарапынан пайғамбарларының қолындағы пайғамбарлығына дәлел ретінде көрініс тапқан, әдеттен тыс әрі адамдар ұқсасын келтіруде дәрменсіз, таңғажайып, табиғат заңына бағынбайтын керемет істер.
- Мужтаһид** – діни мәтіндерде нақты келмеген қандай да бір мәселеге қатысты, шариғат негіздеріне жүгіне отырып, өз көзқарасын білдіруге құқылы мұсылман ғалымы.
- Муқаййад** – шектелген. Шектеу қойылмаған діни мәтін мағынасының екінші бір мәтінмен шектелуі.
- Мункәр** – шариғат пен ақыл-парасат теріске шығарған нәрселер.
- Мусхаф** – Құран Кәрім кітабы немесе Құран аяттары жазылған парақтардың жинағы.
- Мутауатир** – үзілмей бірінен кейін бірі, жалғаспалы түрде келген. Өзара жалған айтуға келісіп алулары мүмкін болмаған бір топ адамдардың өздері секілді көпшілік адамдардан жеткізген күмәнсіз хабар.
- Муташабиһ** – ұқсас, біркелкі, бірыңғай, бірнеше ықтимал мағыналарды ұғындырған мәтін. Баяндауды қажет ететін, кейде бір мағынаны, басқа уақытта екінші бір мағынаны беріп, түсінігінде әртүрлі көзқарастар туындатқан мәтін.
- Муәлләфәту әл-қулуб** – жүректері Исламмен татуласуы көзделгендер.
- Мубһәм** – белгісіз, екіұшты, көмескі.
- Муғаттила** – пәктеу мақсатында Аллаһтың сипаттарын жоққа шығарушылар.
- Муснәд** – Пайғамбарға (с.а.с.) дейін тізбегі үзілмей жеткен хадис.
- Мусхаф** – Құран Кәрім кітабы немесе Құран аяттары жазылған парақтардың жинағы.
- Мутлақ** – шектеу қойылмаған.
- Муфассал** – Бөлінген, баяндалған. Аяттар саны аз, қысқа сүрелер.
- Мухаддис** – Хадситанушы, хадис ғалымы. Хадистерді жинақтаумен, оларды жеткізумен және сұрыптаумен айналысатын хадис білгірі. Сонымен қатар хадистің мәтіні мен сәнәдін жатқа білетін және сол сәнәдта келген

рауилердің сенімділігі мен айыптарын (жарх пен тағдил) білетін хадис ілімінің ғалымы.

Мухадрам – жаһілдік дәуірде өмір сүріп, кейін ислам дінін қабылдаған, бірақ пайғамбармен (с.а.с.) жүздесу нәсіп болмаған тұлғалар.

Мухкам – анық, нақты, бекем. Баяндауды қажет етпейтін, өздігінен ұғынықты, нақты түсінігі бар мәтін.

Мушаббиха – ұқсатушы. Сөздің тура мағынасын негізге алып, Аллаһқа антропоморфтық сипаттар беруші адасқан топ.

Мүшірік – Аллаһқа серік қосып, Онымен қатар бір нәрсеге табынатын көпкүдайшыл адам.

Н

Насих – күшін жоюшы, көшіруші. Кейін келіп, алдыңғы шариғат үкімінің күшін жоюшы мәтін.

Насых – шариғат үкімінің, кейін келген екінші бір шариғат үкімімен жойылуы.

Нәзіл болу – түсу

О

Ориенталист – шығыстанушы. Шығыс елдерін, нақтырақ ислам әлемін зерттеуші батыс ғалымы.

П

Пайғамбар – өзінен алдыңғы елшінің шариғатын жалғастырып, халықты ақиқатқа үндейтін Аллаһтың тандаулы құлы.

Полемист – дауласуды, сөз жарыстыруды жақсы көруші.

Р

Рай – пікір, ақыл ой.

Рай тәпсірі – Құран аяттарын тәпсірлеуге құқылы мұсылман ғалымының, ижтиһад жасай отырып, өз ойымен тәпсірлеуі.

Рақағат – белгілі бір іс-қимылдар жиынтығы мен Құран аяттарын оқудан тұратын намаздың бір бөлігі.

Рауи – хадисті риуаят еткен адам, риуаятшы.

Ретроспекция – өткенге көз жүгірту, артта қалған оқиғаларға үңілу; ретроспективті көзқарас – өткенге қарау.

Риуаят – хадистердің жету жолы немесе хадисті бір адамнан екінші адамға жеткізу.

Риуаят ету – жеткізу.

С

Сағи – умра мен қажылықтың міндетті жоралғыларының бірі болып табылатын Қағбаға жақын орналасқан екі төбенің, яғни Сафа мен Маруаның арасында жүгіру.

Сарфа – кері бұру, қайтару. «Құран өздігінен кәміл, теңдесі жоқ болып табылмайды, тек тәңірлік тараптан араласу болғандықтан адамдар оған тең келетін нәрсе жаза алмайды» деген қате пікір.

Сафа – Қажылық кезінде Қағбаға жақын орналасқан төбе. Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүру – қажылық рәсімдерінің бірі.

Сахаба – Мұхаммед пайғамбармен (с.а.с.) жүздескен, ислам дінін қабылдап, мұсылман болып дүниеден өткен адам.

Сахих – дұрыс, рас. Ол «кемшіліктер мен айып-нұқсандардан аман» деген мағынаны білдіретін араб тіліндегі сөз. Бұл сөз термин ретінде Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) келіп жеткен сахих хадистерге және мухаддистердің сахих саналған хадистер жинағына қолданылады.

Сахих хадис – Адал, нақты рауилермен соңына дейін тізбегі жалғасқан, әрі қайшылығы (шәз) мен хадистің дұрыстығын жоятын бүркеме олқылығы (ылласы) жоқ хадис.

Әс-Сәбғ әл-мәсәни (әс-сәбғұл-мәсәни) – екі рет түскен жеті аят. «Фатиха» сүресі атауларының бірі.

Сәләф – Исламның алғашқы үш буын өкілдері. Олар: сахабалар, табиғиндер және табиғиндердің шәкірттері. «Сәләф» сөзі араб тілінде «бұрынғы», «алдыңғы өткен» деген мағыналарды береді.

Сәнәд – хадисті өзінен кейінгілерге жеткізген рауилердің тізбегі, шежіресі, мәтінге жететін жол.

- Сунән** – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистерін фикһ ілімінің тақырыптарына сай жинақтаған хадис кітабы.
- Сүннет** – жол, ұстаным. Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сөзі, ісі және құптағандары. Фикһ ғылымындағы анықтамасы: «Жүзеге асырылуымен сауап таптырып, орындалмауымен күнә мен азапқа душар етпейтін шариғат үкімі».
- Суффа** – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) заманында Мәдина шаһарындағы Пайғамбар мешітінің жанында баспанасы жоқ мұсылмандар тұрған үй.
- Әс-Сыддық** (әс-Сиддик) – шыншыл. Әбу Бәкірдің (Аллаһ оған разы болсын) құрметті лақап аты.

Т

- Табиғин** – сахабаның көзін көріп, тәлім алған, мұсылман болып дүниеден өткен адам.
- Табиғу табиғин** – табиғиндердің көзін көрген буын өкілдері.
- Табақа** – жастары шамалас және бір-бірінің ұстаздары бір немесе ұстаздары бір-біріне жақын ғалымдар тобы. Хадис ілімінде қолданылатын термин. «Табақа» араб тілінде «саты», «қабат», «тап» және «дәреже» деген мағыналарды береді.
- Тәбиин** – баяндау.
- Тағала** – жоғары мәртебелі. Бұл сөз «Аллаһ», «Құдай», «Хақ» сөздерімен қосарланып қолданылады.
- Таухид** – Аллаһ тағаланы бүкіл әлемді жалғыз Жаратушы, Одан басқа құдай жоқ екендігіне және Оның есім-сипаттарында Дара екендігіне сену. Таухид, сонымен қатар осы аталғандарда Аллаһқа ешкімді серік етпеуді, Одан басқа құлшылық етуге лайық тәңір жоқ екендігін де қамтиды.
- Таукифи** – сүрелердің Аллаһ тағаланың білдіруі арқылы, пайғамбардың бұйрығымен орналасуы.
- Тафхим** – жуан.
- Тарқиқ** – жіңішке.
- Тартил** – Құранды ережелеріне сай, мәнерлеп оқу.
- Тахсис** – жалқылау.

Тахфиф – жеңіл.

Тәлиин – жұмсақ.

Әт-Тәнзил – Құран Аллаһтан Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) Жәбірейіл періште арқылы түскендіктен, Құран Кәрім осылай аталған.

Тәпсір – Құран Кәрім сүрелері мен аяттарының мағынасын ашу, түсіндіру.

Тәпсірлеу – түсіндіру. Құран Кәрім аяттарының мағыналарын ашып, тарқатып түсіндіру.

Тәпсірші – тәпсір ғылымымен айналысушы адам.

Тәуил – қайту, оралу, жору. Дәлелге сүйене отырып, сөздің көп мағыналарының бірін таңдау.

Тәшдид – қосарлану.

Таяммум – су жоқ немесе сумен дәрет алуға шамасы келмеген кезде тазалану ниетімен екі алақанмен жерді ұрып, бетті және екі қолды сүрту.

Тиуал – Ұзын. Аяттар саны жүзден асатын ұзын сүрелер Олар: «Бақара», «Әли Имран», «Ниса», «Мәида», «Әнғам», «Ағраф» және «Әнфал» мен «Тәубе» сүрелері, кейбірі «Юнус» сүресін де жатқызған.

Трансценденталды – тәжірибеден тыс, ақыл-санамен түсініп, білуге болмайтын дүние.

У

Уарш – Қырағат ғалымы Әбу Сағид Осман ибн Сағид әл-Мысридің лақап аты. Оның осы есімімен Құран қырағаты белгілі.

Уахи – араб тілінде «сыбырлау, құпия түрде жылдам хабар беру, жасырын белгі беру, ишара ету, ымдау» деген мағыналарды береді. Ал, шарифаттағы мағынасы – Жаратушының адамзат баласына тура жол көрсету үшін, пайғамбарларына берген нұсқаулығы дегенді білдіреді.

Уәжіп – шарифатта істеуге міндетті, істемесе күнә, істесе сауап алатын істер.

Умму әл-Қуран – Құранның анасы. «Фатиха» сүресінің бір атауы. «Фатиха» сүресінде Құранның бүкіл мағынасы қамтылғандықтан осылай аталады.

Умму әл-Китаб – Кітаптың анасы. «Фатиха» сүресінің бір атауы.

Ү

Үмбет – қауым, жамағат, бір дінді ұстанатын ел.

Ф

Фатха – «а, ә» дыбыстарын білдіретін қысқа дауысты дыбыс.

Фақиһ – ислам құқығын жетік меңгерген, дәлелдер негізінде шариғи мәселелерге үкім бере алатын үлкен ғалым.

Фиқһ – түсіну, терең ұғыну. Нақты дәлелдерге жүгіне отырып практикалық шариғи нормаларды зерттейтін ғылым.

Фурқан – ажыратушы.

Х

Хадис – Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сөзі, ісі және құптағандары.

Хабар – сахаба мен табиғиндерден жеткен дерек, хабар. Пайғамбар хадисінің баламасы ретінде де қолданылады.

Халифа – Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) кейін мұсылман дініндегі елдердің діні мен үкіметін қатар басқарған мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы.

Халифат – халифалардың қол астында болған ел аумағы.

Халәф – Исламның алғашқы үш буын өкілдерінен кейін өмір сүрген ғалымдар.

Харф – Әріп, кез келген нәрсенің шегі, белгілі бір тарап, судың арнасы, тіл (диалект). Жеті харф – Мұсылман үмбетіне жеңілдік мақсатында, Құран Кәрімнің оқылуындағы ерекшеліктерімен түсуі.

Халифа – Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) кейін мұсылман дініндегі елдердің діні мен үкіметін қатар басқарған мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы.

Халифат – халифалардың қол астында болған ел аумағы, мемлекет.

Хафс – қырағат түрі.

Хикмет – даналық, құпия сыр.

Хауари – ілесуші, шәкірт. Иса пайғамбардың соңынан ерген серіктері.

Хижра – қоныс аудару, көшу. Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) Меккеден Мәдинаға қоныс аударуы. Мұсылман елдерінде жыл санау осы күннен басталады. Сондықтан ол «хижра жыл санауы бойынша» деп аталады.

Хира үңгірі – Мекке қаласының маңындағы тау. Бұл жерде Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) алғаш уахи түскен.

Хуруфу муқаттаға – тәпсірі Бір Аллаһқа ғана мәлім болған, кейбір сүрелердің басында келген әріптер мен әріп жиынтықтары.

Һ

Һудә – тура жолға бастаушы.

Ш

Шағбан – ай күнтізбесіндегі 8-айдың аты.

Шарифат – Исламның Құран мен сүннетте бекітілген заңдары.

Шәз – бөтен, дөрекі, ерсі. Сенімді адамның өзінен сенімдірек рауилерге қайшы мағынадағы хадисті жеткізуі.

Шейх – мұсылман ғалымдардың құрметті атағы.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Абдулкәрим Татан, Мұхаммед Әдиб әл-Кәйлани, Ауну әл-мурид ли шархи жәуһари әт-таухид. – Каир: «Дару әл-башайр», 1999.
2. Ахмад ибн Ханбал, Муснәд. – Бейрут, «Дәру Садир», 8 том.
3. Әбу Ахмад әл-Хасан ибн Абдуллаһ ибн Сағид әл-Аскарри, Тасхифату әл-мухаддисин. – Каир: «әл-Матбағу әл-арабия әл-хадисә», 1982. – 2 том.
4. Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Йәзид әл-Қазуини, Сунән Ибн Мәжә. – Каир: «Дәру әт-турас», 2 том.
5. Әбу Абдуллаһ Мұхаммед ибн Ахмад әл-Ансари әл-Қуртуби, Әл-Жамиғу лиахками әл-Құран. – Бейрут: Дару әл-китаби әл-араби, 1999. – 20 том.
6. Әбу әл-Бақа Аюб ибн Мұса әл-Хусейни әл-Кәфауи, Әл-Куллият. – Бейрут: «Муассасату әр-Рисәла», 1993. – 703 б.
7. Әбу әл-Хусейн Муслим ибн әл-Хажжаж әл-Қушайри, Сахих Муслим. – Бейрут: «Дәру әл-кутуби әл-илмия», 1992. – 5 том.
8. Әбу Дәуит Сүлеймен ибн әл-Әшғас әс-Сижистани, Әс-Сунән. – Каир: «Дәру әл-хадис», 4 том.
9. Әбу Жағфар Мұхаммед ибн Жарир әт-Табари, Тариху әл-умәм уә-мулук. – Каир: «Дәру әл-мағариф би мысыр», 11 том.
10. Әл-Қадый Әбу Мұхаммед Абдулхакқ ибн Ғалиб ибн Атия Әл-Әндалуси, Әл-Мухарриру әл-уәжиз фи тафсири әл-Китаби әл-азиз. – Бейрут: «Дару әл-кутуби әл-илмия», 2001. – 6 том.
11. Әбу Бәкір Ахмад әл-Хусейн әл-Бәйһақи, Дәләйл ән-Нубуа. – Бейрут: «Дару әл-Кутуби әл-илмия, Дару әд-Дайян литтурас», 1988. – 7 том.
12. Әбу әл-Қасым Хусейн ибн Мұхаммед ибн Муфаддал Рағиб әл-Исфәһани, Муфрадату әлфази әл-Құран. – Дамаск: «Дару әл-Қалам», 1992.

13. Әбу Бәкір Ахмад әл-Хусейн әл-Бәйһақи, Әл-Жамиғу лишуғаби әл-иман. – Әр-Рияд: «Мактабату әр-рушд», 2003. – 14 том.
14. Әбулхайыр Исамуддин Ташкәпірзада, Мифтаху әс-сағада. – Каир «Дару әл-кутуб әл-хадиса, 1968, 3 том.
15. Әбулхайыр Шамсуддин Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн әл-Жазари, Мунтиду әл-муқриин уа муршиду әт-талибиин. – Бейрут, 1980.
16. Әл-Хақим Әбу Абдуллаһ ән-Нисабури, Мағрифату улуми әл-хадис. – Каир, 1937.
17. Әл-Хафиз Әбу әл-Фида Исмайыл ибн Кәсир, әл-Бидәя уә ән-ниһәя. – Бейрут: «Дәру әл-кутуби әл-илмия». – 8 том.
18. Әс-Сайх Али Хусейн. Мәдхал әд-дирасати әл-Күрания. – Триполи: «Жамғиату әд-дағуа әл-исламия әл-аламия», 2000. – 637 б.
19. Бадруддин Мұхаммед ибн Абдуллаһ әз-Заркаши, Әл-Бурһан фи улуми әл-Күран. – Каир: «Мактабату дәру әт-турас». – 4 том.
20. Бадруддин Мұхаммед ибн Абдуллаһ әз-Заркаши, Әл-Бурһан фи улуми әл-Күран. – Каир: «Мактабату дәру әт-турас». – 4 том.
21. Ғаним Қаддури әл-Хақам, Расму әл-Мусхаф. – Бағдат: «Әл-Ләжна әл-Уатания», 1982. – 822 б.
22. Док. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһәби, Әт-Тәфсир уә әл-муфассирун. – Каир: «Дару әл-хадис», 2005. – 3 том.
23. Жәләлуддин әс-Суюти, Әл-Итқан фи улуми әл-Күран. – Бейрут: «Муәссасату әр-рисала наширун», 2008. – 832 б.
24. Жолдыбайұлы Қ. Дін мен дiл. – Алматы, 2010. – 288 б.
25. Ибн Атия әл-Әндалуси, Әл-Мухаррару әл-уажиз. – Бейрут: «Дару әл-кутуби әл-илмия», 2001. – 6 том.
26. Ибн Атия әл-Әндалуси, Муқаддиматан фи улуми әл-Күран уа һума муқаддимату китабу әл-мабани, уа муқаддимату Ибн Атия. – Бағдад: «Мактабату әл-Мусанна», 1954. – 334 б.
27. Ибн әл-Әсир, Әл-Кәмил фи әт-тарих. – Бейрут: «Әл-Мактабату әл-асрия», 2008. – 10 том.

28. Ибн Әбу Дәуіт, Әл-Масахиф. – Бейрут: «Дару әл-башайр әл-исламия», 2002. – 948 б.
29. Ибн Жарир әт-Табари, Жамиғу әл-әбьян ан тәуил әәи әл-Құран. – Каир «Дару Нажар». – 25 том.
30. Ибн Кәсир, Тафсиру әл-Құрани әл-Азим. – Бейрут: «Дару әл-кутуби әл-илмия», 1997. – 15 том.
31. Ибн Сағьд, Китабу әт-Табақат әл-кабир, – Каир: «Мактабату әл-ханжи», 11 том.
32. Ибн Хажар әл-Асқалани, Фатху әл-Бәри бишарх сахих әл-Бұхари. – әр-Рияд: «Дәру әт-Тайба», 2006. – 17 том
33. Кулиев Э.Р., Муртазин М.Ф., Корановедение : учебное пособие / Под общей ред. М. Ф. Муртазина. Баку: Изд-во «Шерг-Герб», 2011. – 524 с.
34. Құрманбаев Қ. Хадис ілімі (тарихы және әдістемесі). – Алматы: Нұр Мұбарак, 2010. – 300 б.
35. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. Құраст.: С.Бизақов, Ә.Болғанбаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005. – 720 б.
36. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы: Арыс. 2006. – 15 том.
37. Маннағ әл-Қаттан, Мабахису фи улуми әл-Құран. – Каир: «Мактабату Уәһба», 2000. – 384 б.
38. Мәлик ибн Әнәс, әл-Муатта. – Бейрут: «Дәру ихия әл-улум», 1990
39. Меңілбеков М, Құран ілімдеріне кіріспе. – Алматы: «Әлбаракат» ҚҚ, 2005. – 144 б.
40. Мулла Кәтиб Чәләби Хажи Халифа, Кәшфу әз-зунун. – Мекке, «Дәру әл-фикр», 6 том.
41. Мұхаммед Әбу Закария Яхия ибн Шараф ән-Нәуәуи, Сахих Муслим бишархи ән-Науауи. – Каир: «Дәру әл-хадис», 2001. – 9 том. – 4 басылым.
42. Мұхаммед ибн Али ибн Мұхаммед әш-Шаукани, Фатхул-қадир. – Бейрут: «Дару әл-фикр», 1999. – 5 том.
43. Мұхаммед Нағим Мұхамед, Әл-Қанун фи ақайди әл-фирақи уә әл-мәзаһиби әл-исламия. – Каир: «Дәру әс-салам», 2007. – 417-б.

44. Мұхаммед ибн Мұхаммед Әбу Шәһба, Әл-Мәдхалу лиди-расати әл-Күран әл-Карим. – Каир: «Мактабату әс-сунна», 2003. – 478 б.
45. Мұхаммед Хударибек, Тариху әт-ташриғ әл-ислами. – Триполи: «Куллия әд-дағуа әл-исламия», 264 б.
46. Мұхаммед Абдулазим әз-Зуркани, Мәнәһил әл-ирфан. – Каир: «Дару Қутайба», 2001. – 2 том.
47. Нуруддин Итр, Улуми әл-Күрани әл-Карим. – Дамаск: «Мактабату әс-сабах», 1993. – 271 б.
48. Сахих әл-Бұхари,/Ауд. Ү.Шойбек, Қ.Қыдырханұлы. – Алматы: «Кәусар-саяхат», 2007. – 927 б.
49. Сахих Мұслим. Перевод с арабского: Попов С. – Казань, Академия познания, 2005. – 857 с.
50. Субхи әс-Салих, Мабахису фи фи улуми әл-Күран. – Бейрут: «Дәру әл-илми лилмәләин», 1990. – 382 б.
51. Сайф ибн Али әл-Асри, әл-Қаулу әт-тәмаму би исбати әт-тафуид мәзнабан ли әс-сәлафи әл-кирам. – Әбу Даби: «Дәру әл-фақиһ», 2009.
52. Уаһбату әз-Зухайли, Усул әл-Фикһ әл-Ислами. – Дамаск: «Дәру әл-фикр», 2005. – 2 том.
53. Уаһбату әз-Зухайли, Усул әл-Фикһ әл-Ислами. – Дамаск: «Дәру әл-фикр», 2005. – 2 том.
54. Теодор Нельдеке, Тариху әл-Күран. – Бейрут: «Муассасату Конрад», 2004. – 3 том.
55. Күран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Уаһап қажы Қыдырханұлы. – Алматы: «Дәуір», 2002. – 675 б.
56. Күран Кәрим қазақша мағына және түсінігі. Аударған: Халифа Алтай. – Сауд Арабиясы, 1991.
57. Мұхаммед Абдуллаһ Драз, Ән-Нәбәу әл-Азим. – ӘрРияд: «Дару әт-Тайба», 1997. – 283 б.
58. Әбу Али Мұхаммед ибн Абдуррахман ибн Абдуррахим Мубаракфури, Тухфату әл-Әхуази. – Дамаск: «Дару әл-Фикр», 10 том.
59. Әз-Замахшари, әл-Кашшаф. – Әр-Рияд: «Мактабату Аби-кан», 1998. – 6 том.

60. Уаһбату әз-Зухайли, Усул әл-Фиқһ әл-Ислами. – Дамаск: «Дару әл-Фикр», 2005. – 2 том.
61. Игнац Гольдциер, Тәпсірдегі ислам мазһабтары. – Мысыр: «Мактабату әл-Ханжи», 1955. – 418 б.
62. Проф. Док. Исмайыл Жерраһоғлы, Тәпсір усулы. Анкара «Түркия дианет уақы», 2012. – 352 б.
63. Әбу Мұхаммед әл-Хусейн ибн Масғуд әл-Бағауи, Тәфсиру әл-Бағауи (Мағалиму әт-танзил). – Әр-Рияд: «Дару әт-Тайба», 1409/1988. – 8 том.
64. Исмайыл Жаррахоғлу, Құран тәпсірінің доушы ве буна хыз верен амиллер. – Анкара: «Анкара университетінің», 1968. – 201 б.
65. Мұхаммед әл-Ғазали, Кайфа натағаамал маға әл-Құран. – Каир: «Шарикату наһдату Мысыр», 2005. – 230 б.
66. Шах Уәлиуллах әд-Дәһләуи, Әл-Фәузу әл-кабир фи усули әт-тафсир. – Дамаск: «Дару әл-Ғауасани лиддирасати әл-Құрания», 2008. – 158 б.
67. Нуруддин Али Жұма, Ән-Нибрасу фи тафсири әл-Құрани әл-Карим. – Каир: «Әл-Уабил әс-саиб», 2009. – 406 б.

Мазмұны

Кіріспе	3
---------------	---

I ТАРАУ. ҚҰРАН КӘРІМ ЖӘНЕ УАХИ

§ 1. Құран Кәрімнің тілдік және терминдік мағыналары мен атаулары	9
1. Құран Кәрімнің тілдік және терминдік мағынасы	9
2. Құранның атаулары мен сипаттары	13
§ 2. Уахи және оның түрлері	17
1. «Уахи» түсінігі мен түрлері	17
2. Құран Кәрімдегі «уахи» сөзінің мағыналары мен уахи түрлері	20
3. Пайғамбарларға келген уахи түрлері мен келу жолдары	23
4. Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен уахи сипаттары	25
5. Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) түскен уахидің басталуы	28
6. Уахи тақырыбына қатысты туындаған күмәндарға жауап	30

II ТАРАУ. ҚҰРАН ТАРИХЫ

§ 3. Құранның түсу тарихы мен ерекшеліктері	45
1. Құранның сақталуы мен түсуі	45
2. Құран аяттарының бөлек-бөлек түсуінің сырлары	52
3. Алғашқы және соңғы түскен аяттар	54
§ 4. Құранның жазылуы мен жинақталу тарихы	63
1. Құранның жазылуы мен жинақталу тарихы	63
2. Құранның пайғамбар (с.а.с.) кезінде сақталуы және жазылуы	65
3. Құранның Әбу Бәкір (р.а.) кезінде жинақталуы	70
4. Құранның Осман (р.а.) кезеңінде жинақталуы мен көбейтілуі	73
5. Құран Кәрімнің нүктеленуі мен харекеленуі	78

III ТАРАУ. ҚҰРАН ІЛІМДЕРІ

§ 5. Құран ілімдерінің тарихы	85
§ 6. Аят, сүрелердің түсу себептері	95
1. Аяттардың түсу себептерінің түрлері	95
2. Құран аяттары мен сүрелерінің түсу себептерін білудің пайдалары	98
3. Аят, сүрелердің түсу себептерін анықтау жолдары	102

4. Аят немесе сүренің бірнеше түсу себептерінің болуы	103
5. Бір себепке байланысты бірнеше аяттардың түсуі.....	109
6. Бір адамға қатысты бірнеше аяттың түсуі.....	111
7. Аяттардың белгілі бір себепке байланысты түскенімен мағынасы жалпыға қатысты болуы.....	112
8. Аяттардың түсу себептеріне қатысты жазылған маңызды еңбектер	114
§ 7. Меккелік және мәдиналық аяттар	116
1. Меккелік және мәдиналық аяттар түсінігі	116
2. Меккелік және мәдиналық аяттарды ажырату жолдары	126
3. Меккелік және мәдиналық сүрелердің ерекшеліктері.....	127
4. Меккелік және мәдиналық аяттарды білудің пайдалары	129
§ 8. Құран Кәрім аяттары мен сүрелері.....	131
1. Аят сөзінің мағыналары.....	131
2. Аяттарды анықтау жолдары.....	132
3. Аяттардың саны.....	134
4. Аяттардың орналасу тәртібі.....	136
5. Құран Кәрімдегі сөздер мен әріптердің саны	139
6. Құран Кәрім сүрелері.....	143
7. Сүрелердің орналасу тәртібі	146
§ 9. Құранның жеті қаріппен түсу мәселесі.....	151
1. Жеті қаріп түсінігі мен мәнісі.....	151
2. Құранның жеті қаріппен түсуінің дәлелдері.....	152
3. Құран Кәрімнің бірнеше қаріптерде түсу сыры мен пайдалары	154
4. Жеті қаріпке қатысты көзқарастар	156
5. Жеті қаріп Османның (р.а.) кезінде жинақталған мұсхафтарда қамтылған ба?	162
§ 10. Қырағат ілімі	167
1. Қырағат түсінігі.....	167
2. Қырағат ілімінің тарихы.....	168
3. Қырағат түрлері.....	174
4. Қырағат шарттары.....	179
5. Танымал қарилар	181
§ 11. Насих және мансұх.....	189
1. Насых түсінігі мен оны білудің маңыздылығы	189
2. Насыхтың шарттары мен анықтау жолдары	191
3. Насыхқа қатысты көзқарастар	194

4. Насыхтың ақылға қонымды екендігі және бұрынғы шариғаттарда орын алуы	200
5. Насыхтың түрлері.....	201
6. Құран Кәрімдегі насых түрлері	204
7. Құран Кәрімдегі мансұхталған аяттардың мысалдары.....	207
§ 12. Мухкам және муташабиһ аяттар	216
1. Құрандағы «мухкам» және «муташабиһ» сөздерінің түсінігі..	216
2. Мухкам мен муташабиһ түсінігіне қатысты ғалымдардың көзқарастары	217
3. Діни мәтіндердегі муташабиһ хабарлардың келу сыры	219
4. Муташабиһ сипаттар.....	220
§ 13. Құран Кәрімнің мұғжизалығы	230
1. Мұғжиза түсінігі мен Құран мұғжизалығы.....	230
2. Иғжаз теориясы	234
3. Құран мұғжизалығының түрлері	239
3. Иғжаздың мазмұндық аспектілері	244
4. Құранның қияметке дейін сақталуы.....	249
IV ТАРАУ. ТӘПСІР ІЛІМІ	
§ 14. Тәпсір, тәуил және тәржіме	253
1. Тәпсір және тәуил түсінігі	253
2. Құранды басқа тілге тәржімелеу.....	257
3. Құран Кәрімнің басқа тілдерге аударылу тарихы	260
4. Құранның қазақ тіліне аударылу тарихы.....	265
§ 15. Пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалардың дәуіріндегі тәпсір	269
1. Пайғамбар (с.а.с.) мен сахабалардың дәуіріндегі тәпсір	269
2. Сахабалар кезеңіндегі тәпсір негіздері	272
3. Пайғамбар (с.а.с.) Құран Кәрімнің барлығын тәпсірлеген бе? ..	278
4. Сүннеттің Құранды баяндау тәсілдері	283
5. Тәпсірші сахабалар	288
6. Сахабалардан жеткен тәпсірдің маңыздылығы	293
7. Осы кезеңдегі тәпсір ерекшеліктері	295
§ 16. Табиғиндер дәуіріндегі тәпсір.....	297
1. Табиғиндер дәуіріндегі тәпсір негіздері	297
2. Табиғиндер дәуіріндегі қалыптасқан тәпсір мектептері	298
3. Танымал тәпсірші табиғиндер	303
4. Сахаба мен табиғиндердің тәпсір саласында түрлі көзқарасты ұстануларының мәні.....	309
5. Тәпсірдегі ираилияттар	312

§ 17. Тәпсір түрлері	321
1. Тәпсір түрлері.....	321
2. Риуаят тәпсірі (Әт-Тафсиру әл-мәсур).....	322
3. Рай тәпсірі	333
4. Муфассирге (тәпсіршіге) қойылатын шарттар	337
5. Муфассирдің әдебі.....	340
6. Сопылық ишари тәпсірлер	354
7. Танымал фикһи тәпсірлер	360
Терминдер түсінігі	363
Пайдаланылған әдебиеттер	377

ҚҰРМАНБАЕВ ҚАЙРАТ

ҚҰРАН ІЛІМДЕРІНЕ КІРІСПЕ

Редакциялағандар:
Самат Қалуов, Индира Әлімқұл

Корректоры: Дариға Мұратбек

Дизайнері: Бек Асанов